Том 28

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

28
ТОМ

ИМПЕРИАЛИЗМ ЖӨНІНДЕГІ ДӘПТЕРЛЕР

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1979

3К 2
Л 40

0101020000 Л $\frac{10102-254}{401(07)-79}$ 4—78

© Политиздат, 1977 г.
© Қазақша аудармасы, «Қазақстан» баспасы, 1979.

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының жиырма сегізінші томына «Империализм жөніндегі дәптерлер» еніп отыр, бұларда 1916 жылдың бірінші жартысында жазылған және осының алдындағы 27-томға кірген «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген шығармаға арналған дайындық материалдар негізгі орын алады. Бұл еңбегінде Ленин дүние жүзілік капитализмнің Маркстің «Капиталы» жарыққа шыққаннан кейінгі жарты ғасыр ішіндегі дамуын қорытты. Маркс пен Энгельс ашқан капитализмнің пайда болу, даму және құлдырау заңдарына сүйене отырып, Ленин капитализмнің жоғары және соңғы сатысы — империализмнің экономикалық, саяси мәні жөнінде тұңғыш рет терең ғылыми талдау жасады. Дүние жүзілік капитализмнің экономикасындағы жаңа құбылыстарды жинақтай келіп, Ленин империализм тұсында капиталистік қоғамға тән барлық қайшылықтардың шиеленіспей қоймайтынын атап көрсетеді; империализмді іріп-шіріген, құрып бітуге айналған, паразиттік капитализм деп сипаттайды да, оның құритын шарттарын, капитализмнің орнын революциялық жолмен жаңа, прогрестік қоғамдық құрылыстың,— социализмнің басатыны шүбәсыз да қажетті нәрсе екенін ашып көрсетеді.

Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабы—аса зор, қажырлы еңбектің нәтижесі. Мұны Лениннің осы томда жарияланып отырған «Империализм жөніндегі дәптерлері» айдан анық дәлелдейді. Жаңа тарихи замандағы капитализмді зерттегенде, Ленин империализмнің экономикасы мен саясатының сан қилы мәселелері жөнінде толып жатқан материалдарды зерттеп,

қорытты, түрлі елдерде көптеген тілде басылып шыққан жүздеген кітаптардан, диссертациялардан, кітапшалардан, журнал, газет мақалаларынан, статистикалық жинақтардан алынған деректерді сын көзімен електен өткізді. Лениннің «Империализм жөніндегі дәптерлерінде» 148 кітаптан (оның ішінде неміс тілінде 106, француз тілінде 23, ағылшын тілінде 17 және орысшаға аударылған 2 кітап), 232 мақаладан (оның ішінде неміс тілінде 206, француз тілінде 13 және ағылшын тілінде 13 мақала) алынған көшірмелер бар, бұл мақалалар 49 түрлі мерзімді баспасөзде басылған (оның ішінде немісшесі 34, французшасы 7 және ағылшыншасы 8).

Аяқталған туынды болмағанмен, «Империализм жөніндегі дәптерлердің» ғылыми құндылығы ересен, бұл дәптерлер маркстік теорияны дамытуға қосылған маңызды үлес болып табылады. Бұлар «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген лениндік еңбектің негізгі қағидаларын кеңінен толықтырып, түсіндіріп береді. «Империализм жөніндегі дәптерлерде» империализм мен социалистік революция, империализмнің экономикалық және саяси мәні, империализм заманында капиталистік елдердің әркелкі дамуы, мемлекеттік-монополистік капитализм, пролетариаттың жаңа жағдайлардағы революциялық күресінің стратегиясы мен тактикасы жайындағы лениндік теорияның проблемаларын қамтитын аса мол материал бар.

«Империализм жөніндегі дәптерлердің» асқан ғылыми және танымдық маңызы мынада: бұлар лениндік зерттеу лабораториясын ашып көрсетеді, Лениннің ғылыми жұмыс әдісін, зерттеліп отырған материалға оның қалай қарайтынын сипаттайды, экономикалық және тарихи фактілерді, статистикалық деректерді талдаудың лениндік методологиясын көрсетеді.

«Империализм —капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабының жоспарын Лениннің қалай жасағанын көрсетеtіп, кітаптың алғашқы нобайынан (тақырып бағдарынан), проблемалардың үлгі тізбесінен бастап көлемді зерттеу программасына, кітаптың нақты құрылымына, әрбір тараудың толық мазмұнына дейінгі дайындық материалдары аса қызғылықты (қараңыз: осы том, 94, 176, 181—183, 213—227-беттер).

Монополистік капитализм жөніндегі лениндік талдау толып жатқан деректер мен фактілерге негізделген. Жеке

фактілерді үзіп-жұлып алушылықты, мысалдар келтіруге әуестенушілікті Ленин ғылымға жат, тиянақсыз тәсіл деп есептеді. Ғылыми зерттеу, деп үйретті Ленин, тұтас, әрі өзара байланысты күйінде алынған дәлме-дәл, даусыз фактілер негізіне сүйенуге тиіс. «Бұл өзі нағыз ірге тас болу үшін, жеке фактілерді емес, қайта осы қарастырылып отырған мәселеге байланысты фактілердің *бірде-бірін* шетке шығарып тастамастан, *барлық жиынтығын* алу керек...» (Шығармалар, 23-том, 291—292-беттер).

«Империализм жөніндегі дәптерлер» Лениннің империализмді жан-жақты зерттеу үшін қажетті дәлме-дәл деректер (фактілер мен цифрлар) жиынтығынан берік негізді қалай әзірлегенін көрсетеді. Ленин монополистік капитализм заманындағы экономика мен техника, ең жаңа тарих пен география, саясат пен дипломатия, жұмысшы қозғалысы мен ұлт-азаттық қозғалысы жайында жазылған дүние жүзілік әдебиеттің барлық аса маңызды деректемелерін пайдаланады.

Ленин библиографияға ерекше зор мән берді — ол көптеген кітапханалардың каталогтарын құнттап зерттеді, библиографиялық көрсеткіштерді қарап шықты, әдебиет жаңалықтарын мұқият қадағалап отырды. Белгілі бір кітапты зерттегенде Ленин бұған дейін пайдаланылған деректемелерді көрсетіп отырды, кейін осы деректемелерді зерттеді. «Империализм жөніндегі дәптерлердің» көптеген беттері түрлі деректемелер тізбесімен толтырылған.

«Империализм жөніндегі дәптерлерден» деректемелер бойынша жүргізілген (алдын ала қарап шығып, іріктеп алудан бастап қосымшалар мен ескертпелерге қоса толық талдау жасауға дейінгі) түрліше жұмыс кезеңдері анық көрінеді. «Дәптерлер» Лениннің көптеген деректемелердің көлемді материалдарынан монополистік капитализмге тән негізгі және типтік құбылыстарды сипаттайтын анық деректерді қалай екшеп алғанын көрсетеді. «...Керексіз, көңілсіз жайттар көп-ақ; оларға соқпай отырмын»,— деп жазады Ленин бір кітап туралы (осы том, 75-бет). Екінші бір деректеме жайында ол былай деп ескертеді: бұл — «ұшан-теңіз деректердің ең бір байыпты жиынтығы ((негізгі цифрлар тақырыбы дегенің көп-ақ))... Аса маңыздыларын іріктеп алып отырмын» (470-бет). Көп реттерде деректемедегі бытыраңқы деректерден жиынтық ақпарлар мен кестелерді Лениннің өзі жасайды.

Авторлары буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық экономистер мен тарихшылар, финанс кәсіпкерлері мен саясатшылар, реформистер мен ревизионистер болған әр түрлі деректемелерді зерттегенде Ленин буржуазиялық ғалымдардың деректерін барынша қатаң тексеріп, сын көзімен електен өткізіп отыру керек деген маркстік принципті әрдайым, бұлжытпай қолданады. «Жалпы және тұтас алғанда, экономист-профессорлар капиталистер табының оқымысты приказчиктерінен басқа ешкім де емес»; олардың «саяси экономияның жалпы теориясы туралы сөз болғанда... *ешбір сөзіне...* «сенуге болмайды»; бірақ олар нақты, арнаулы зерттеулер саласында еңбектер бергенде марксистердің міндеті — «бұл «приказчиктердің» қолы жеткен табыстарын игере және қайта өңдей білу (мәселен, сіз бұл приказчиктердің еңбектерін пайдаланбайынша, жаңа экономикалық құбылыстарды зерттеу саласында бір адым да ілгері баса алмайсыз),— сөйтіп олардың реакциялық тенденциясын жоя *білу*, өз бағытымызды жүргізе және бізге дұшпан күштер мен таптардың *бүкіл бағытымен* күресе білу болып табылады» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 18-том, 391-бет).

«Империализм жөніндегі дәптерлер» буржуазиялық және реформистік әдебиетке осындай тұрғыдан қараудың үлгілерін корсетеді. Деректемелерді зерттеген кезде жазған ескертпелерінде Ленин буржуазиялық идеологтар мен империализмнің реформистік апологеттерінің реакциялық тенденцияларын әшкерелейді. Сонымен қатар Ленин көрсетілген деректемелердегі нақты деректерге мұқият талдау жасайды. Профессор Роберт Лифманның «Қатысу және қаржыландыру қоғамдары» деген «жарты мың бет» қалың кітабын оқып шыққаннан кейін Ленин дәптеріне былай деп жазады: «Авторы — барып тұрған ақымақ, ылғи дефинацияларды — ең бір жексұрын нәрселерді — әулиедей көріп қасиеттеп, «субституция» деген сөзсымақты бетке ұстап жүреді де қояды. Нақты деректері бағалы, бірақ көбінесе мүлде дүмбілез» (осы том, 361-бет). Бұл кітаптағы статистикалық деректерді, басқа деректемелер бойынша тексеріп, толықтырғаннан кейін, Ленин «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегінде өндірістің үдере шоғырлануын және аса ірі монополиялар табыстарының молаюын сипаттау үшін пайдаланады. Герман империализмінің аты шулы апологеті Шульце-Геверниц-

тің «Британ империализмі» деген кітабын конспектілей келіп, Ленин бұл автор жайында былай деп жазды: «Асқан малғұн, сұмпайы, кантшыл, дінді жақтаушы, шовинист,— ағылшын империализмі туралы біраз өте қызғылықты фактілер жинап, кісіні жалықтырмайтын, шырақ кітап жазған. Англияны аралай жүріп, көп материал жинаған, көп нәрсені байқаған. Ағылшын мырзалар, тонаудай-ақ тонапсыңдар, енді біздің де тонауымызға ерік беріңдер, бұл тонауды Канттың, тәңірінің, патриотизмнің, ғылымның атымен «ардақтайық»=осынау «ғалымның» позициясының мәні, міне, осындай!! (Орынсыз мылжыңы да көп)» (440-бет). Ағылшын империализмі жайындағы бұл деректемеден алынған нақты материалды Ленин өз кітабында пайдаланады.

Ленин монополистік капитализмге тән жеке құбылыстарды дұрыс бағалаған зерттеушілердің сіңірген еңбегін атап көрсетеді. «Империализм жөніндегі дәптерлерде» түрлі елдердің буржуазиялық ғалымдары мен қайраткерлерінің ең жаңа капитализм заманындағы экономикалық және саяси тіршіліктің белгілі бір құбылыстары туралы айтқан көптеген пікірлері келтірілген. Алайда олар капитализм дамуының белгілі сатысы ретіндегі империализмге ғылыми сипаттама беруге дәрменсіз еді. Ал империализмнің жаратылысын осылайша бағалап, анықтап алмайынша, монополистік капитализмнің жеке сипаттары мен белгілерін дұрыс түсіну мүмкін емес-ті.

Анық деректер мен фактілер жиынтығын олардың өзара байланысы тұрғысынан зерттей келіп, Ленин империализм құбылыстарының объективті тенденциялары мен заңдылықтарын ашып көрсетеді. «Империализм жөніндегі дәптерлерінде» Ленин монополистік капитализмнің мынадай негізгі сипаттары мен белгілерінің пайда болуы мен дамуын барынша мұқият зерттеп өтеді: өндіріс пен капиталдың шоғырлануы дами келе аса жоғары дәрежеге жеткені соншалық, мұның өзі шаруашылық өмірде шешуші роль атқаратын монополияларды туғызды; банк капиталы өнеркәсіп капиталымен ұштасып, финанс олигархиясы құрылды; шетке капитал шығарудың өзі, товар шығарудан өзгеше, ерекше зор маңыз алды; капиталистердің халықаралық монополистік одақтары құрылды; ірі-ірі капиталистік державалар жер жүзіндегі территорияны бөлісіп болды да, енді олардың арасында дүниені қайта бөліске

салу үшін күрес жүргізілуде; капитализмнің паразитизмі мен ірін-шіруі өсуде.

Толып жатқан нақты материал негізінде империализмнің терең қайшылықтары әйгіленген. Ленин финанс капиталы мен монополиялардың емін-еркін өктемдік орнатып, билеп-төстеуі — империализмге тән сипат, реакцияның барлық бағытта асқынуы — империализмнің саяси ерекшелігі екендігін көрсетеді. «Империализм жөніндегі дәптерлерде» империализмнің саяси жағы «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітаптағыдан анағұрлым кең суреттелген, өйткені бұл кітап цензуралық тосқауылдарды ескере отырып, жария түрде басып шығару үшін жазылған болатын.

Лениннің «Империализм жөніндегі дәптерлерінде» отар мәселесіне көп орын берілген; империалистік державалардың отарлар үшін жүргізген шиеленіскен күресі бейнеленген, империалистердің Азия, Африка және Латын Америкасы халықтарын тонап, кіріптар ету әдістері ашып көрсетілген. Ленин түрлі елдер оппортунистерінің өздерінің империалистік буржуазиясына малайлық қызмет көрсетіп, империализмнің отарлардағы «цивилизацияшылдық» ролі жайындағы, отарлар мен нашар дамыған елдерді империалистердің басып алуының «бүкіл дүние жүзілік-экономикалық тиімділігі» жайындағы жалған мылжың арқылы басқыншылық отаршылдық соғыстарды ақтап, отаршылдардың айуандық тәртібін дәріптеп жүргенін әшкерелейді (қараңыз: 80, 83, 224, 416, 521 және басқа беттер). Империалистік басқыншылар мен отарлар халықтарының арасындағы қайшылықтар шиеленіспей қоймайды, халықтардың отарлық құлдыққа қарсы азаттық күресі күшеймей қоймайды деп Лениннің болжап айтқаны өмір жүзінде толық расталып отыр. Ұлт-азаттық революциялар отарлық системаны жер бетінен аластап, империализмнің іргесін шайқалтуда.

Капитализмнің жоғары сатысындағы барлық империалистік елдерге тән негізгі белгілерді ашып көрсете келіп, Ленин сонымен бірге жеке елдердегі — Англиядағы, Франциядағы, Америка Құрама Штаттарындағы, Германиядағы, Жапониядағы және басқалардағы — империализмнің ерекшеліктерін де сипаттайды. «Империализм жөніндегі дәптерлерде» Россиядағы монополистік капитализмді сипаттайтын едәуір материал бар. «Империализм — капи-

тализмнің жоғары сатысы» деген кітап жария түрде бастыруға арналғандықтан, мұнда Ленин жалпы орыс империализмі жөнінде, жеке алғанда патшалық Россияның басқыншылық саясаты жөнінде өз ескертпелерін лажсыздан «аса зор сақтықпен, ишарамен, революционерлердің бәрі «жария» шығарма жазу үшін қолына қалам алған кезде қолдануға оларды патша өкіметі мәжбүр еткен эзоп тілімен — қарғыс атқан эзоп тілімен — тұжырымдауға» тиісті болып отырды (Шығармалар толық жинағы, 27-том, 333-бет). «Империализм жөніндегі дәптерлерінде» Ленин орыс империализмінің әр түрлі жақтары жайында біртalaй фактілер келтіреді, бұларға баға береді.

Лениннің «Империализм жөніндегі дәптерлері» ғылымдағы қатаң объективтілік пен партиялылықтың біте қайнасқан бірлігінің айқын үлгісі болып табылады; бұлардың негізгі бір ерекшелігі — империализмді дәріптеп жүрген буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық идеологтарға, реформистер мен ревизионистерге қарсы жауынгерлік, алғырлық шабытпен жазылуында. Ленин әсіресе «каутскийшілдікті» әшкерелеуге айрықша назар аударады, марксистердің тонын жамылған империализм малайларын қатты сынайды. Каутскийшілдер империализмді «сынауды» сылтауратып, капитализмді «ақтауға» тырысты, «тап-таза, мұнтаздай, баяу да ұқыпты капитализмді *жақтайды»* (осы том, 94-бет). Империализмге жасалған, осы заманғы капитализмнің шынайы өмірінде расталған ғылыми талдау арқылы Ленин Каутскийдің әсіре империализм теориясының негізсіздігі мен реакцияшылдығын дәлелдеп берді. «Империализм жөніндегі дәптерлерде» корсетілгеніндей, оппортунистер мен ревизионистер империализмді құлату жолында революциялық күрес жүргізудің орнына, капиталмен бітімге келуді жақтайды; олар капитализм дамуындағы жоғары, ақырғы саты болып отырған, дүние жүзілік капитализмнің өшу дәуірі болып отырған империализмнің мәнін бұрмалайды. «Оппортунизммен күреспейінше және онымен ажыраспайынша империализммен күресу алдау болады»,— деп жазады Ленин «Империализм—капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегі жөніндегі жоспардың нобайында (225-бет).

Лениннің «Империализм жөніндегі дәптерлері» қазіргі уақытта да революцияшыл марксизмнің айбынды қаруы болып табылады. Бұлар империалистік реакцияның идео-

логиясына қарсы, осы заманғы реформизм мен ревизионизмге қарсы күрес жүргізуде коммунистік және жұмысшы партияларына көмектеседі.

Капитализмнің жоғары сатысын талдау үшін Ленин өзінің «Дәптерлерінде» және империализм жайындағы кітабында негізінен бірінші дүние жүзілік соғысқа дейінгі дәуірге жататын нақты материалдар мен статистикалық деректерді пайдаланады. Капиталистік экономиканың жаңа деректері Лениннің империализм жөніндегі талдауын түгелдей растап отыр. Партияның XXII съезі қабылдаған КПСС Программасында атап көрсетілгеніндей, капитализмнің соңғы сатысындағы негізгі заңдылықтары жайындағы лениндік талдау мен қорытындылар осы заманғы капитализмнің шынайы өмірінде расталуда. Империализмнің дамуындағы жаңа құбылыстар — соның өзіне тән қайшылықтардың тереңдей түсуі, империализмнің Ленин көрсеткен негізгі белгілерінің жалғасы мен дамуы. Осы заманғы монополистік капитализм финанс олигархиясының қолындағы өндіріс пен айналыстың шоғырлануы күшейе түсуімен сипатталады; саяси реакция барлық бағытта асқынуда, ал мұны Ленин империализмнің аса маңызды белгісі деп есептеген болатын; монополистік капитализм қоғамға өз диктатурасын орнатқан. Капитализмнің паразитизмі мен іріп-шіруі күшеюде, ал мұның өзі экономиканың милитарландырылуынан өте-мөте айқын көрініп отыр.

Империализмді капитализмнің ақырғы сатысы деп атаған лениндік сипаттаманы өмірдің өзі толық растауда. Империализмнің іргесін қопарып, қиратушы терең де өткір қайшылықтар оны әлсіретіп, құртпай тынбақшы емес. Россияда, Қытайда, Европа мен Азияның басқа да бірқатар елдерінде капитализм құлатылғаннан кейін, отаршылдық система күйрегеннен кейін империализм өшіп бітетін дәуірге аяқ басты, ол адамзаттың көпшілігіне жүргізген билігінен енді біржолата айрылды. Қазірде адамзаттың тарихи дамуының басты бағытын капитализммен екі арадағы жарыста барған сайын жаңа табыстарға жетіп отырған дүние жүзілік социалистік система белгілеп отыр.

* *
*

Бұл томға Лениннің империализм жөніндегі 20 дәптері еніп отыр, бұлар бірінші рет 1933—1938 жылдары Ленин-

нің XXII, XXVII, XXVIII, XXIX, XXX, XXXI жинақтарында жарияланған. «δ» («дельта») дәптерінің орысша аудармасы бірінші рет 1938 жылы «Пролетарская Революция» журналының 9-номерінде, 171-184-беттерінде жарияланды, өйткені бұл дәптер кейінірек табылған болатын. 1939 жылы бұл материалдардың бәрі «Империализм жөніндегі дәптерлер» деген атпен жеке кітап болып басылды (баспаға әзірлеген Н. А. Подвойская).

Грек әліппесінің әріптерімен белгіленген алғашқы 15 дәптер бұл кітапта Лениннің көрсеткеніндей әріптік сан ретімен берілді. Владимир Ильич бұл дәптерлерді «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген жұмыс жоспарында және еңбектің өзінде пайдаланды. Соңғы 5 дәптердің Ленин көрсеткен рет саны жоқ, сондықтан бұлар кітапта номерлі дәптерлерден кейін хронологиялық тәртіппен берілді. Дәптерлермен қатар кітапқа Лениннің 1912—1916 жылдар ішіндегі жеке жазбалары кірді, бұлар мазмұны жағынан тікелей «Дәптерлермен» сабақтас және империализм мен социалистік революция жөніндегі теорияны ғылыми талдап жасаудың жалғасы болып табылады; бұлар Лениннің XXIX жинағында және ішінара XXX жинақта жарияланған болатын.

Дәптерлердің аттарының бәрін Лениннің өзі қойған. Жеке кітаптардан, мақалалардан жасалған көшірмелерге, нұсқаларға, әдебиет көрсеткіштеріне ерекше тақырыптар беріліп отырды, бұлар дәптерлердің Ленин жасаған мазмұндарынан немесе көшірмелер текстінен алынды.

«Империализм жөніндегі дәптерлер» құрастырылған көшірмелерді Ленин түпнұсқа тілінде жасаған. Кітапта көшірмелердің бәрі аударылып берілді.

Кітапта Ленин дәптерлеріндегі оның жазу ерекшеліктері: материалды орналастыруы, тексттің жанынан жүргізген сызықтары, тексттің ішіндегі сөздердің астын сызуы сақталып отырды. Ал асты сызылған сөздер мынадай шрифтер арқылы берілді: жалғыз түзу сызықпен сызылғаны *курсивпен,* қос сызықпен сызылғаны *с е л д і р к у р с и в п е н,* үш сызықпен сызылғаны **тік қара әріппен,** төрт сызықпен сызылғаны **т і к с е л д і р қ а р а ә р і п п е н** терілді; асты жалғыз ирек сызықпен сызылған сөз ***қара курсивпен,*** қос сызықпен сызылғаны ***с е л д і р қ а р а к у р с и в п е н*** басылды.

«Империализм жөніндегі дәптерлер» аздаған қосымшалар мен өзгерістер енгізіліп, В. И. Ленин Шығармалары төртінші басылуының 39-томында қайта басылды, ал бұл том 1960 жылы жарыққа шықты. Бұл басылудың тексті түгелінен В. И. Лениннің қолжазбалары мен түпнұсқаларға сәйкес қайтадан тексеріліп өтті.

Беттер соңындағы ескертулерде Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабы мен басқа да еңбектері көрсетіліп отырды. Ал мұның өзі «дәптерлердің» кітаппен тығыз байланысты екенін дәлелдейді және империализм жөніндегі өзінің ғылыми еңбегін жазғанда дайындық материалдарын Лениннің қалай пайдаланғанын анық байқауға мүмкіндік береді.

Бұл кітапта Лениннің тексті В. И. Ленин Шығармалары төртінші басылуының 39-томының матрицасына енгізілген кейбір түзетулермен басылып отыр.

Бұл томға Шығармалардың 4-басылуының 39-томына кірмеген екі көшірме енгізілді, бұлар: капитализм тұсындағы тұтыну «теңдігі» туралы ертегіні әшкерелейтін «Халықтық тамақтандыру. Қоғамдық тамақтандыру» деген көшірме және шетелдегі швейцар капиталы жайында «Basler Vorwärts» газетінен алынған көшірме.

Шығармалар толық жинағының 26, 27 және 30-томдарына дайындық материалдар ретінде кірген «Империалистік соғыста өз елінің жеңілуі туралы заметка», ««Империализм және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген реферат жөнінде» материал, «Империализм және социализмнің жікке бөлінуі», «Империализм және оған көзқарас» деген мақалаларға материалдар бұл томға енгізілген жоқ.

Томның ғылыми-анықтама аппараты кеңейтіліп, жаңа материалдармен толықтырылды.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Маркгизм-ленинизм институты

ИМПЕРИАЛИЗМ ЖӨНІНДЕГІ ДӘПТЕРЛЕР[1]

1915—1916 жж. орыс, неміс, француз, ағылшын және басқа тілдерде жазылған

Бірінші рет 1933—1938 жж. Лениннің XXII, XXVII, XXVIII, XXIX, XXX, XXXI жинақтарында басылған
Дәптер «δ» бірінші рет 1938 ж. «Пролетарская Революция» журналының 9-номерінде жарияланған

Қолжазбалар бойынша басылып отыр

Шет тілде жасалған көшірмелер мен жазбалар орыс тілінен аударылып беріліп отыр

ДӘПТЕР

«α»

(«АЛЬФА»)

Мазмұны

Дәптер *α* **1—48-беттер**

Ең жаңа экономикалық әдебиет

Мазмұны:

*1—3**. *Шульце-Геверництің* соңы (*«Әлеуметтік экономикадан»*) *+31—35* (Фогельштейн).
4. «Батпақпен» күресу туралы мақаланың нобайы. ((Каутскийшілдік туралы заметкалар.))
5. Әдебиет көрсеткіштерінен.
6. Равестейн Балқан проблемасы туралы («Die Neue Zeit», 1913).
7—8. *Вернер* Рур кен өнеркәсібіндегі шоғырлану туралы («Die Neue Zeit», 1913).
9. Мейер (капитал орналастыру) және әдебиет көрсеткіштері.
10. —
11—12. *Лифман* Франкфурт металл саудасы туралы.
13—14. Буржуазиялық ғалымдар империализммен күрес туралы. («Бағыныштты нәсілдер».)
15. Морид —«Фирмалар және олардың бөлімшелері».
16. Әдебиет көрсеткіштері.
17. Idem.

---

* Ленин дәптерінің қолжазба беттері. *Ред.*

18. *Шильдер.* «Weltwirtschaftliches Archiv», 5-том (оның шығармасы емес).
19. «Наше Слободан» алынған деректер...
20. —
21. Әдебиет көрсеткіштері.
22. Акционерлік қоғамдардағы капитал сомалары.
23—28. *Кестнер.* «Ұйымдасуға мәжбүр ету».
29. Веналық «Arbeiter-Zeitung» веналық банктер туралы.
30. «The Annals of the American Academy».
31—35. *«Әлеуметтік экономикадан»* алынған көшірмелердің соңы.
36. —
37. Әдебиет көрсеткіштері.
38. *Штиллих.* «Ақша және банк ісі».
+*41—42.*
39—40. *Лифман.* «Картельдер мен трестер».
43—48. «Әлеуметтік экономикадан»... *(Шульце-Геверниц).*

{ +1—3 және 31—35 }

Әдебиет көрсеткіштері:

5 б.	21+*32* б. ‖	44 б.
9 б.	*37* б. ‖ NB	46 б.
17+*16* б.	38 б.	48 б.

«БАТПАҚПЕН» КҮРЕСУ ТУРАЛЫ МАҚАЛАНЫҢ НОБАЙЫ
(КАУТСКИЙШІЛДІК ТУРАЛЫ ЗАМЕТКАЛАР)[2]

«Батпаққа» қарсы біздің күресіміз.

Батпақ=К. Каутский, Гюисманс etc.

Плеханов, Гайндман, Гейне және К. Каутский, Вандервельде etc. арасындағы айырмашылықтың маңызы. 2 *«сарын».* Диалектика орнына эклектика. «Аралығы»: ұшқарылықтарды «ымыраластыру», айқын, анық, қатаң қорытындының жоқтығы, бұлталақтық.

Тап қайшылықтары *іс жүзінде* шиеленісіп отырғанда, оларды *сөз жүзінде* ымыраластырып, бәсеңдету.

Оппортунизммен ымыраласу.

Оппортунизммен арадағы теориялық және практикалық-саяси түңғиықты бүркеу.

«Өкімет билігіне жеткізетін жолдағы» көзқарасынан және Базель манифесінің *революциялық* мәнінен (және революциялық тактикасынан) безу (ренегаттық)³...

«Маркстік центр» (=*дербес* саясат, дербес идеялар, дербес теория) және «батпақ» (=бұлталақтық, принципсіздік, «ұшқалақ» («Drehscheibe»), флюгер) деген ұғымдардың айырмашылығы.

Құпия ұйым.
Әскер арасындағы жұмыс.
Бұқаралық қимылдарды қолдап, дамыту.

Төрешілдік оптимизм:
оқиғалардың объективті барысы... бәрі де жақсылыққа бастауға *тиіс*.
«Пролетариат» және «жалпы алғанда» «тап күресі»

NB «Процесс»

NB Салыстырыңыз: Мартов *егер...* оппортунизм оңалмайтын болса, социализм де оңалмайды» дейді!!!

«Батпақпен күрестің» мәні жария жұмысты және **реформалар** жолындағы *күресті* **теріске шығару** емес, **революциялық** жұмысты жоғарыдағыдай қабыл алу болмақ.

Жақаша, негұрлым терең бағытта жіктелген кезде социализм мен синдикализмнің бірігу мумкіндігі.

Парламентаризм және ол жайындағы өзге ұйым. «Құпия парламентаризм».

ӘДЕБИЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕН

Цюрихтің *кантондық* кітапханасының *философиялық* кітаптарынан:

Гидеон Спикер. «Жаратылыс танудың философияға қатынасы туралы» (әсіресе versus Кант және Лангенің «Материализм тарихы»). 8°. Берлин, 1874.

Гегель. «Феноменология» (Болланд баспасы. 1907).

Эрих Кауфман. «Құрама Штаттардың сыртқы қуаты мен отарлық күші». Лейпциг, 1908 («Мемлекеттік

жәпе халықаралық право жөніпдегі еңбектерде», I кітап). *Юридикалық* зерттеу.
Империалистік саясат Америкадағы отарлар туралы мәселені туғызды.

Кантондық кітапхана (Цюрих).
«Journal asiatique» (Париж, 1857—*1913* жылға дейін және *10-серия кестесі.* +11-серия, 1, 2-томдар).
«Giornale della società asiatica italiana». 1-том, (1887)—
—26-том (1913/4).
Кузнецов. «Орталық Азиядағы цивилизациялар мен тілдердің күресі». (Диссертация.) 8°. Париж, 1912.
Леман-Гаупт. «Армения». 8°. Берлин, 1910.
Бюхлер. «Конго — Леопольд мемлекеті». Цюрих, 1912. 1914.
Фресс. «Конго алабындағы тәуелді елдердің халықаралық жағдайы, олардың бөліске түсуі». 1907.

КэтБруссо. «Құрама Штаттарда негрлерді тәрбиелеу». Диссертация. Париж, 1904. (*«Тәрбие* жөніндегі американ шығармалары мен есептері».)

«Индия санағы». (1911. Бомбей, 1911.)
Моффет. «Канаданың американдануы». Диссертация. Нью-Йорк, 1907.
Патуйе. «Американ империализмі». (Диссертация. Дижон, 1904.
Эд. Деттман. «Бразилияның гүлденуі герман жазуы бойынша», 1908.
Исида. «Ұлы держава ретінде Жапонияның халықаралық жағдайы». Нью-Йорк, 1905.
Лефевр. «Темір жолдар — Оңтүстік Қытайға ену жолы». Диссертация. Париж, 1902.
Рюссье. «Океанияны бөлісу». Диссертация. Париж, 1905.

РАВЕСТЕЙН БАЛҚАН ПРОБЛЕМАСЫ ТУРАЛЫ

В. ван Равестейн. «Балқан проблемалары». «Die Neue Zeit», 1913 (шыға бастағанына 31-жыл, 1-том), 15. XI. 1912.

«Мұндай федерация» (Балқан елдерінің федерациясы, оның ішінде Түркия да бар) «осы географиялық біртұтас аймақтың мәдени тілектерін қанағаттандыра алар еді, европалық империализмнің, сондай-ақ дүние жүзілік орыс державасының да, ілгері өтуіне қарсы мықты бөгет қоя алар еді. Балқан проблемасын басқаша шешудің қандайының болса да тек уақытша ғана сипаты болады да, оны мекендеуші барлық нәсілдер мен ұлттардың мүдделерін ұзақ уақыт бойы қанағаттандыра алмайды» (228-бет). NB

«Европалық империализмнің, патша өкіметі сияқты, барлық Балқан елдері федерациясына барынша қарсы болатыны анық. Бұлардың ортақ мүддесі осы халықтар мен Түркия арасындағы дұшпандық пен бақастықты шиеленістіре түсуге бағытталған және солай болып қалып та отыр; бұлар осы территорияларды отар аймақтар ретінде қанаудың оңай болуын көздейді. Түркия мен Балқан мемлекеттерінің мемлекет қайраткерлері өздерінің ортақ мүдделерін түсінер ме екен және бірімен бірі жақындасып, осынау қырғын соғысты тоқтата алар ма екен? Егер олар бұлай етпесе, онда өз халықтарының мүдделерін европалық капитализмге және балқан әулеттерінің мүдделеріне құрбан еткен болады» (229-бет). NB NB

ВЕРНЕР РУР КЕН ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНУ ТУРАЛЫ

Г. Вернер. «Рур кен өнеркәсібінде капиталдың шоғырлануы». «Die Neue Zeit», 1913, 138-бет (25. X. 1912).

Р у р ауданы:

1) «Дейче банк» тобы

4 адам 4 банкте директорлардың және совет мүшелерінің орындарында отыр:

(α)	«Дейче банк»	түгел 4
(β)	«Эссенер кредитанштальт»	оның 2
(γ)	«Эссенер банкферейн»	» 2
(δ)	«Бергиш-Меркише банк»	2

Бұл банктің «ықпал өрісіне» кіретін рудниктер:

20 рудник — *6 6 2 3 3* жұмысшы; 18.6 млн. тонна (1907)
7 2 5 9 4 жұмысшы; 19.3 млн. тонна (1910)

2) «Дрезднер банк» және «Шафхаузеншер банкферейн» тобы бұл *банктердің* екеуінде де 9 адам директорлардың және совет мүшелерінің орындарында отыр.

Бұл топтың ықпалында:

7 рудник:... *23269* жұмысшы—5.98 млн. тонна (1907)
27963 жұмысшы—7.2 млн. тонна (1910)

Рудниктер? «Werke» немесе «Zechen»

Капитал алпауыттары	Басты банктер	Фирма, рудниктер саны және басқалар			1910 Жұмысшы (мың)	Тонна (млн.)
4 адам— 4 банктің «жеке униясы»	«Дейче банк» +басқа 3 банк	(«Дейчер банк-концерн») (*20* рудник)	α		72.6	19.3
Ганиэль		Жеке меншік және «Гуте Хофнунгсхютте» руднигі (*2* рудник)	γ		35.1	9.9
Кирдорф	«Дисконто-гезельшафт»	«Гельзенкирхенер банк акциенгезельшафт»	δ	(*1*)	34.4	8.5
Стиннес	«Дисконто-гезельшафт»	Жеке меншік және «Дейч-Люксембургер»	δ	(*2*)	34.6	9.1
·	«Берлинер хандельсгезельшафт»	«Гарпенер банк акциенгезельшафт»	ε	(*1*)	25.9	7.1
9 адам «дербес уния»	«Дрезднер банк», «Шафхаузеншер банкферейн»	«Дрезднер-Шафхаузенер банкен»	β	(*7*)	28.0	7.2
	«Берлинер хандельсгезельшафт»	«Гиберниа акциенгезельшафт»	ε	(*1*)	18.3	5.4
		Тиссен γ		(1)	16.2	3.9
		Крупп γ		(1)	12.2	3.1
		Фиск		(1)	11.1	2.3
		Σ* =			288.5	75.9

* — Жиынтығы. *Ред.*

Рур ауданында барлығы осы	$354._{2}$	$89._{3}$
фирмалар %	$81._{5}$	85

	Рудниктер саны	Жұмысшы (мың)	Млн. тонна	
α)	20	$72._{6}$	$19._{3}$	«Дейче банк»
β)	7	$28._{0}$	$7._{2}$	«Дрезднер банк» + «Шафхаузеннер банкферейн»
γ)	4	$63._{5}$	$16._{9}$	3 алпауыт
δ)	3	$69._{0}$	$17._{6}$	«Дисконтогезельшафт»
ε)	2	$44._{2}$	$12._{5}$	«Берлинер хандельсгезельшафт»
Фиск)	1	$11._{1}$	$2._{3}$	

«Рур кен өнеркәсібінде бүкіл халықтың мүдделері жүзеге жетер-жетпес мүлде азғана капиталистердің мүдделеріне қиғаш келіп отыр» (144-бет).

Былайша айтқанда, бұл мақалада әңгіме синдикаттың жаңғыратын-жаңғырмайтыны жайында болып отыр. Конрадтың сол уақыттағы хроникасынан қарау керек (X—XII. 1912 және т. т.).

МЕЙЕР (КАПИТАЛ ОРНАЛАСТЫРУ) ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Әдебиеттен

Д-р **А. Мейер.** «Neue Zürcher Zeitung»-тің коммерция бөлімінің редакторы. *«Капиталды орналастыру».* (Цюрих, 1912).

«Практиктің» кітапшасы: капиталистерге кеңес.

Акционерлік қоғамдар пайдасының статистикасы 130—132-беттер.

Англияда 1893/1902 *38928* қоғам құрылған. Оның ішінде 14 538 қоғам = 37% жұмысын тоқтатуға тиіс болды!! Францияда күйреген қоғамдар саны — 10% шамасы (Леруа-Больё).

Әдебиеттен мыналарды көрсету керек:

Вильгельм Герден. «Биржа табысының сыры». Берлин. (с. д.?)

немістің приват-жалдабы «өз тәжірибесін» айтқан.
139-бет: биржада «мүлде болмашы» адамдар ұтып шығады.
149-бет: айырмасына жасалған келісімдердегі ұтыстың 50-ден 1-і. ((Қулық-сұмдықтың толып жатқан мысалдары etc. etc.))

Африканус. «Алтын кендерінің акциялары капиталдың орналасуы ретінде». Лейпциг. 2-басылуы. 1911.

В. Руппель. «Кен өнеркәсібінің бағалы заттарымен айналысу». Иена, 1909.

Рене Нуэль. «Акционерлік қоғамдар». Париж, 1911.

? И. Штейгер. «Шетелдердегі және Швейцариядағы трестер мен картельдер». Цюрих.

Г. Альберт. «Германияда процент мөлшерінің тарихи дамуы. 1895—1908».

Кэрл. «Дүние жүзінің алтын кендері». Лондон, 1902.

Гумпель. «Алтын кендерінің бағалы қағаздарымен жалдаптық жасау» (Фрейбург, 1903).

Т. Губер. «Балансты қалай оқу керек?» (Штутгарт, 1910).

Роберт Штерн. «Коммерциялық баланс» (Лейпциг, 1907).

Г. Брозиус. «Баланс» (Лейпциг, 1906).

ЛИФМАН ФРАНКФУРТ МЕТАЛЛ САУДАСЫ ТУРАЛЫ

Роберт Лифман. «Франкфурт металл саудасының халықаралық ұйымы». «Weltwirtschaftliches Archiv», I том, Иена, 1913, 108 және келесі беттер.

Мертон кәсіпорындарынан (ағылшын-неміс семьясы) Мертон концерні өсіп шықты.

«Мертон концерніне жалпы алғанда ***200 миллион маркадан астам*** қаржы жұмсалған болуы керек; оған телінген капиталистерге тиісті жеке меншікті мүлік, әрине, бұл есепке кірмейді» (121-бет).

«Сонымен, Франкфурт металл саудасының кәсіпорындары, әсіресе Мертон концернінің кәсіпорындары іс жү-

зінде бүкіл дүние жүзін қамтиды; бұған, атап айтқанда, маңызы жағынан кем соқпайтын басқа да бірнеше фирмалар кіреді» (122-бет).

Схема (120-бет): [12-бетті қараңыз. *Ред.*]

Қалалардың аттарын мен жаздым.

Мұнда сауда капиталы (Мертонның) өндіргіш капиталға айналған.

«Қазіргі көтерме сауданың өзгеше бір белгісі оның барлық салаларының түгелдей дерлік *өндіріске енуінде* болып отыр» (111-бет).

Электр өнеркәсібінен кейін (Германияда «Альгемейне электрицитетс гезельшафт», Америкада «Дженерал электрик компани» etc.) бәлкім, «Германиядағы ең бір интернационалдық кәсіпкерлік сала» (109) металл саудасы (әсіресе мыс, мырыш, қорғасын, асыл металл саудасы — басты орталығы Франкфурт) болуы керек.

Қазіргі басшысы д-р *Вильгельм Мертон* (көптеген қоғамдардың басқарма мүшесі) Франкфуртта. Оның әкесі *Генри Р. Мертон* — Лондонда.

Барлық бұл қоғамдардың басқа осындай қоғамдардан басты айырмашылығы — іс басқарушы капиталистер қазірде де барлық сауда және өндіруші кәсіпорындарға *тікелей* (119-бет) қатысып отыр. Олар өз капиталын жұртшылықтың капиталымен «толықтыруда».

Әрине, олар «қатысып» отырған «қоғамдардың» саны схемада көрсетілгеннен өлшеусіз көп.

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ҒАЛЫМДАР ИМПЕРИАЛИЗММЕН КҮРЕСУ ТУРАЛЫ

NB Буржуазиялық ғалымдар *империализммен* күресу туралы.

«Ұлттар және бағынышты нәсілдер».

Кэкстон-Холлда болған конференция туралы есеп, Вестминстер, 28—30 июнь, 1910. Лондон, 1911 (XII+178 бет).

«*Weltwirtschaftliches Archiv*»-тегі рецензия, II том, 193-бет, *Х. Я. Нибур* қол қойған (Гаага). Рецензия авторының айтуынша, бұл есепте «шетел үстемдік етіп отырған түрлі халықтардың: египеттіктердің, үнділердің, марокколықтардың, грузиндердің, Африканың негр

Стрелкалар бақылау бағытын көрсетеді.



тайпаларының, Оңтүстік Америка үндістерінің, сондай-ақ ирландықтар мен поляктар сияқты европалық ұлттардың» өкілдерінің қысқаша сөздері басылған (194-бет).

«Бізге империализмге қарсы күресу керек деседі; үстемдік етуші мемлекеттер бағынышты халықтардың дербес болуға праволы екендігін мойындауға тиіс; халықаралық трибунал ұлы державалар мен әлсіз халықтар арасында жасалған шарттардың орындалуын бақылап отыруға тиіс. Конференция осындай бейкүнә тілектерден әрі бармайды. Империализм — капитализмнің қазіргі формадағы қалпымен тығыз байланысты екендігін, сондықтан егер жеке, ерекше жиіркенішті экцесстерге қарсы шығумен ғана шектеліп отыратын болмасақ, империализмге қарсы тікелей күрестің үмітсіз екендігін — міне, осы ақиқатты түсінудің жұрнағын да көріп отырғанымыз жоқ» (195-бет)*. NB NB !! NB !!

Бір айта қаларлық нәрсе, *«Weltwirtschaftliches Archiv»*-тегі буржуазиялық «империалистер» отарлардағы (қалай болғанда да неміс отарларындағы емес) ұлт-азаттық қозғалысын қадағалап отырады**.

Мәселен, III том, 2

Индиядағы қобалжу мен наразылықтар (230-бет)

idem Наталда (Африка) үнділердің иммиграциясына шек қою себепті (230—1).

IV том, 1, 130-бет — *Голландия Индиясында* өзін өзі басқаруға бағытталған қозғалыс***.

МОРИД. «ФИРМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІ»

Пьер Морид. «Франция мен шетелдердегі фирмалар және олардың көптеген бөлімшелері». Париж, 1913 (Алькан). («Weltwirtschaftliches Archiv»-тегі рецензия, IV, 1, 286-бет). [14-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

— — — «фабрикалық өнеркәсіптегі сияқты, саудада байқалып отырған шоғырлану процесінің көрінісі» (286-бет).

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 446—447-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 446-бет. *Ред.*

*** Бұл да сонда. *Ред.*

			Бөлімшелер	
Англия	497	фирма,	20 644	
Германия	14 453	»	34 464	(оның ішінде *31 799* —дүкендер немесе магазиндер)
	↓	↓	↓	
Қызметшілер саны	926 369	— — —	473 077	
Франция	?		12 000	
			50 000	қызметші мен жұмысшы
			125	млн. франк жалақысы бар.

ӘДЕБИЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Музей қоғамында

NB: «The Edinburgh Review»
1915, октябрь:
«Заводтар және соғыс».
[Жұмысшы табының соғысқа және оның экономикалық зардаптарына көзқарасы туралы өте қызғылықты мақала (жұмысшылардың жағдайын жақсарту; жұмыссыздықты азайту etc.)] «The Atlantic monthly», 1915, жаңылмасам, июнь. *Уайт*.
«Соғыстан кейінгі өзгеше дүние».

NB: «*Schmoller's* Jahrbuch», шыға бастағанына 37-жыл. Маркс Германия мен шетелдердегі *эмиссиялық статистика* туралы.
? Альбин **Гейер**. «Jahrbuch der Weltgeschichte». 1913— —шыға бастағанына 14 жыл. Лейпциг, 1914. («Karl Prochaska's Illustierte Jahrbücher».)
[Мұның өзі документтер жинағы да, анықтама да емес, бір жыл ішіндегі мәнді очерктер көрінеді.]
[*Ч. К.*] *Гобсон*. «Капитал экспорты». Лондон, 1914.
[*Д. А.* Гобсон] «Империализм».
» «Оңтүстік-Африка соғысы».
Баллод. «Статистика негіздері». Берлин, 1913.
Ишханиан. «Кавказ халықтарының ұлттық құрамы etc.». 1914 (81 бет).
Тэйлор (немісше басылуы, 1914).
Дитрих. «Кәсіпорынның ұйымдастырылуы».
Эли. «Монополиялар мен трестер».

Дженкс. *«Schmoller's Jahrbuch»*-та немесе басқа бір экономикалық журналда басылған. Конрадтың «Jahrbücher für Nationalökonomie und Statistik» журналында ((Үшінші серия, I том.))

Гармс.

Лэад. «Ірі банктер жəне бүкіл дүние жүзілік рынок». 1914.

Риссер. «Ірі банктер». 1906.

Макрости. «Трестер». 1910.

Шадуэлл. «Англия, Германия жəне Америка». Берлин, 1908.

Ейдэльс. «Ірі банктердің өнеркəсіпке қатынасы». «Schmoller's Forschungen». 24-том, Лейпциг, 1905.

Шильдер.

Леви. «Монополиялар мен трестер».

Чиршки.

Лифман. «Картельдер мен трестер».

Фогельштейн. «Капиталистік ұйымдық формалар».

ШИЛЬДЕР. «БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ АРХИВІНІҢ» 5-ТОМЫ

Зигмунд *Шильдер.* «Бүкіл дүние жүзілік соғыстың дүние жүзілік шаруашылықтағы алғы шарттары». «Weltwirtschaftliches Archiv». 5(I)-том (1—22-беттер).

Өте жақсы очерк (өрине, немісшіл).

Басқа елдердің протекционизмге көшуі 19—20-ғасырдағы *Англияны* соғыс жоспарларына көшуге мəжбүр етті.

Австрия. Оның Балқанға ұмтылуы.

Қызғылықты жай: *Сербияда* 1908/9 (Босния мен Герцеговинаны аннексиялаған кезде) Австро-Венгриямен соғысуды *жақтаған* үндер шықты, оның себептері мынадай. Егер біз жеңіп шықсақ, сербтерді Австро-Венгриядан тартып аламыз. Егер жеңіліп қалсақ, *Сербияны* Австро-Венгрияның *таможнялық шекарасына енгізеді. Бұл да жақсы.* Біз дəнеңе жоғалтпаймыз (11-бет). !! NB

Россияда «ең алдымен» «əскери-бюрократиялық үстем таптың жеке меншікті шаруашылық тиімділігі» > екен (12). Бір ерекшелік: Дарданеллыға ұмтылу.

Францияда Марокко — Конго жайындағы 4. XI. 1911 келісімге наразылық.

Бельгия өз Конгосын Англияның көмегі арқасында ғана сақтап қалды, Франция *5. II. 1895* шарт бойынша Конгода зат «сатып алу жөнінде артықша правоға» ие болды (16-бет). NB

Жапония Қытайға *үстемдік етуге* ұмтылуда.

Түркия 1913 жылға дейін «дүние жүзілік саясаттың субъектісі болудан гөрі, көбінесе объектісі» болып келді (19).

Португалия Англияға тәуелді.

Испания (Франциямен 27. XI. 1912 жасалған шарт бойынша) Марокконың солтүстік бөлегін алды (Франция *қарсы* болды, Англия *жақтады).* Испания 1898—1914 жылдар арасындағы 16 жыл ішінде көп алға басты.

«НАШЕ СЛОВОДАН» АЛЫНҒАН ДЕРЕКТЕР

«Наше Слово» № 11 (10. II. 19*15*).

NB Залевскийдің «Ұлт мәселесіне» деген мақаласы. 9-параграфты[4] *жақтайды.* «Искраның» *44*-номерінен цитат келтіреді:

...«Бірақ өзін өзі билеу бостандығы жолындағы күресті сөзсіз мойындау бізді ұлттардың өзін өзі билеуі жөніндегі кез келген талаптарын қуаттауға тіпті де міндетті ете алмайды. Социал-демократия, пролетариат партиясы ретінде, халықтар мен ұлттардың өзін өзі билеуіне жәрдемдесуді емес, әрбір ұлттың ішіндегі пролетариаттың өзін өзі билеуіне жәрдемдесуді өзінің басты және игілікті міндеті етіп қояды»*. № 82 (6. V. 1915). Бас мақала: «Империализм және ұлттық идея».

(Эрвеге қарсы. «Жалаң ұлттық идея *реакцияшыл».* XX ғасыр = империализм ғасыры; XIX ғасыр ұлтшылдық ғасыры.)

№ 116 (17. VI. 1915) «К. Каутский Плеханов туралы»
және № 117 (18. VI. 15) (болгар журналынан).
және № 118 (19. VI.) № 130 (3. VII. 1915)
Н. Троцкийдің «Ұлт және шаруашылық» + № 135 (9. VII.)

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 7-том, 258-бет. *Ред.*

№ 170 (21. VIII. 1915) Л. Мартов *«Социал-демократқа»* қарсы (жеңіліс
және 171 (22.
172 (24...) туралы).

№ 192 (16. IX. 1915) Мартынов *«Европа Құрама Штаттары»* туралы.

№ 209 (8. X. 1915) Н. Троцкий Циммервальд туралы.

ӘДЕБИЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Кантондық кітапханадан (Цюрих).

NB: *Атлантикус*. «Әлеуметтік мемлекеттегі өндіріс пен тұтыну». 1898. ***Каутскийдің алғы сөзі.***

Генри *Демарест Ллойд*. «Байлық қоғамдық әл-ауқатқа қарсы». Нью Йорк, 1901.

? *«Statistisches Jahrbuch für das Deutsche Reich»* (1915).

Штиллих. «Ірі өнеркәсіп орны жайындағы саяси-экономикалық зерттеулер». I және II том. 1904 және 1906.

«*Bulletin* de l'institut international de statistique» (1—19-томдар).

Кларк. «Австралазиядағы жұмысшы қозғалысы». 1906.

Андре Льесс. «Әлеуметтік мәселе». Париж, 1895.

Грунцель. «Картельдер туралы». 1902.

Баумгартен және *Месслени*. «Картельдер». 1906.

Юрашек. «Бүкіл дүние жүзілік шаруашылыққа шолулар».

Нейман Спалларт. «Шолулар». Басылып шыққан жылы 1879/80... 1883/4.

Кейнтенс. «Ауыл шаруашылық машиналарының өндіріс пен еңбекке ететін әсері». 1904. (Диссертация).

Н. Ленге. «Есеп саясатынан ақша рыногында үстемдік етуге көшу». 1913.

Шульце-Геверниц. «Британ империализмі». 1906.

? *Эмиль Брецигар*. «Германиядағы экономикалық дағдарыстың алғашқы белгілері». Берлин, 1913 (1.80 марка).

1913/4 ж. дағдарысты болжап айту.

Бернгард *Меренс*. «Француздың ірі кредит мекемелерінің туып, дамуы». 1911.

Лизис. «Франциядағы финанс олигархиясына қарсы». 1908.

Андре Льесс. «Финансистердің портреттері». 1909.
Тестис. «Лизистің жазғандары жайындағы ақиқат». 1908.

Эдм. Тэри. «Франциядағы экономикалық прогресс».
Пьер Бодэн. «Серпін».
Морис Швоб. «Айқас алдында. (Сауда соғысы)». Париж, 1904.
Р. Клаус. «Орыс банктері». 1908 («Schmoller's Forschungen». *131*-кітап).
Д-р Ментор Бунятян. «Шаруашылық дағдарыстары және қайта капиталдандыру». Мюнхен, 1908.
Эдм. Тэри. «Европа мен Құрама Штаттар. Жалпы статистика». Париж, 1899.
Кельти. «Африканы бөлісу». 1895.

NB: *О. Шварц.* «Ұлы державалардың финанс системалары». (Гёшен бастырған серия). 2 том. Лейпциг, 1909.

NB| [70-жылдардағы даму жайындағы қызғылықты кестелер.—1900. NB]

«Әлеуметтік экономиканың негіздері». Тюбинген, 1914 және келесі жылдар.

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАРДАҒЫ КАПИТАЛ СОМАЛАРЫ

«Олардың» қармауындағы сомалар қанша?

«Bank-Archiv», шыға бастағанына XIII жыл, 15. VI. 1914.

«Герман акционерлік қоғамдарының 1907/8—1911/12 жылдар ішіндегі жұмыс қорытындылары»...

1911/2	акционерлік қоғамдар саны	— 4 712
	олардың акционерлік капиталы	14 830 млн. марка
	нақты резерв	3 515 » »
	табыс	1 470 » »
	Дивиденд берген қоғамдар саны	3 481 » »
	Дивиденд сомасы	1 220 млн. марка = 8.30%

Капитал өсімінің мөлшері:
1907 жылдан 1912 жылға дейін (5 жыл)

= +2 766 млн. марка номинал
+3 346 » » курс бойынша

!! ||| номиналдан жоғары + 579 » » (!!)

КЕСТНЕР. «ҰЙЫМДАСУҒА МӘЖБҮР ЕТУ»

Д-р Фриц *Кестнер*. «Ұйымдасуға мәжбүр ету». «Картельдер мен бөгделер арасындағы күрес туралы зерттеу». Берлин, 1912.

Автор картельдер мен «бөгделер» арасындағы жанжалдарды және картельдер ішіндегі жанжалдарды — және «күрес» шараларын үнемі талдап қарап отырады:

1) Шикі материалдардан құр алақан қалдыру...
2) Альянстар арқылы... жұмысшы күшінен құр алақан қалдыру...
3) Жүк тасудан құр алақан қалдыру...
4) Өнімді өткіздірмей қою...
5) Ерекше шарттар арқылы сатып алушыларды теліп қою.
6) Бағаны жоспарлы түрде төмендетіп отыру
7) Кредиттен айыру...
8) Бойкот жариялау*

[«Картельдер туралы анкетадан» (1903—06 жылдардың 5-томы) және басқалар.]

Топ-топ мысалдар. Мемлекеттік және праволық маңызы туралы егжей-тегжейлі пікірлер...

««Рейнин-Вестфалияне колесиндикат» өзі құрылған 1893 жылы Рейн Вестфалия тас көмір өндірісінің 86.7 процентін шоғырландырды... 1910 жылы—95.4 процентін шоғырландырды. (11 бет)...** Американ Болат тресі 1911 жылы шойын өнімінің 45 процентін шоғырландырды»... (Басқа мысалдар: 98%—85%— т. с.)

«Картельге кіру жайындағы мәселе жеке кәсіпорын үшін рентабельділік жөніндегі есептерге байланысты кәсіпкерлік акт болып табылады. Жалпы картельдердің әрекеті, сондай-ақ бұл актінің маңызы да көбінесе депрессия кездерінде анықталады. Картельдер мен бөгделер арасындағы жанжалдың туатын себебі көбінесе картельдер әрекетінің сөзсіз нәтижесі ретіндегі өнім өткізуді тежеудің жеке кәсіпорындар үшін түрліше маңыз алатындығына байланысты. Өнім өткізуді бұлайша тежеудің өзі әсіресе дамуға қабілетті кәсіпорындарға ауыр тиеді, сондық-

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 354—355-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 351-бет. *Ред.*

тан олар бұған аса қатты қарсылық корсетеді» (25—26-бет)...

... «Екі ұғымның» (картель мен трестің) «айырмашылығы меншік қатынастарында жатыр ғой: картельдегілер— түрлі меншікшілер, ал тресте бір ғана меншікші» (53-бет және Лифманға сілтеу).

«Талай байқалып жүрген нәрсе,— және мұны жалпы құбылыс деп қарауға болады,— картельдендіру нәтижесінде туатын рентабельділік өнеркәсіптің сол саласына жаңа кәсіпкерлер мен жаңа капиталды тартады» (57). Мәселен, Калий синдикаты бағаны арттырды. Қорытындысы:

1879 ж.	4 кәсіпорын болды	
1898 »	13	
1909 »	52	(57-бет)

Бөгделер үшін бағаны *арттыру* шарттары кейде оларға деген жеңілдікті *кеміту* ретінде тұжырымдалады (73-бет)...

«Буххендлер бёрзенферейн» — «төмен бағамен зат сататын саудагерлерге» кітап сатуға тыйым салуды енгізді (84).

«Сатып алушыларды ерекше шарттар арқылы шырмаумен қатар материалдан айыру ісін, бұл туралы кейінірек әлі де әңгіме болады, картельге күштеп кіргізудің аса маңызды тәсілдерінің бірі деп қарау керек» (91)...

... Шетке шығару сыйлықтары... (107).

«саудагерлердің тәуелді ұйымдары» құрылады (109)...

(көмір — керосин...)

Бағаны төмендету... Бензин өнеркәсібінде баға 40 маркадан 20—22 маркаға дейін арзандатылып отырған (118)— Жоғарғы Силезияда спирт 49.5 маркаға дейін төмендетілген (Бреславльде баға —62.2 марка)...

Кредит бермей қою: «Фёникс» Болат заводтары бірлестігіне қосылудан бас тартқан. Бұл фирманың директоры қосылуға қарсы болған. Банктер акцияларын сатып алған — шетке шығару сыйлықтарын алып қойған — сөйтіп акционерлер жиналысында қосқызған!! (124—5-бет).

Картель *ішінде* картель мүшелерімен шарт жасасу... (штрафтар; жалпы соттардың орнына аралық соттар)...

Бақылаудың ең тәуір амалы — «Бірыңғай сату бюросы» (153)...

«Ейдэльстің (шығармасының 87-беті) Германияда жаңадан тәуелсіз ірі банк құру мүмкін болмас еді деген пікірі сөзсіз дұрыс» (168-бет).

«Тіпті таза шаруашылық қызмет саласында да бұрынғы мағынадағы сауда қызметінен ұйымдық-жалдаптық қызметке қарай белгілі бір ауысушылық болып отыр. Өзінің техника және сауда жөніндегі тәжірибесіне сүйеніп, сатып алушылардың қажеттерін өзгелерден жақсы анықтай алатын, жасырын күйде қалып отыратын сұранымды таба білетін және, былайша айтқанда, «аша» білетін көпестің ісі аса жемісті болмай, қайта ұйымдастырушылық дамуды, жеке кәсіпорындармен және банктермен белгілі бір байланыстардың мүмкіндігін алдын ала есептеп қоя білетін немесе сезе білетін жалдап дананың ісі анағұрлым жемісті болып отырады» (241-бет)*.

«Ірі кәсіпорындардың басшылары қалаған уақытында ең ақылды да шебер юристерді өзіне қызметке тарта алады, ал егер олардың өздері таза коммерция істерін шала білетін болса, аса үздік коммерсанттарды өздеріне жәрдемге тарта алады. Барша жұртқа мәлім, ірі кәсіпорындардың орталық конторларында кәсіпорын атаулыға ешқандай қатысы жоқ, тіпті фирма үшін экономикалық насихат жүргізуші саяси экономия докторына дейін бірталай адам жұмыс істейді» (242-бет). !!

«Әдетте кездесіп отыратын бір жағдай, картельдердің осы уақытқа дейін құрыла беруі бағаның, сонымен бірге табыстың да өңдеуші өнеркәсіпке зиян келтіре отырып, ауыр өнеркәсіптің, не *шикізат өнеркәсібінің пайдасына* өзгеруіне себеп болып отыр. Картельдер құрылуының нәтижесі ретінде бағаның ұзақ уақыт бойы өсіп отыруы бұл күнге дейін тек аса маңызды өндіріс құрал-жабдықтары жөнінде ғана, әсіресе тас көмір, темір, кали жөнінде болып келді; ал даяр өнімдер жөнінде, мұның керісінше, ешқашан олай болып көрген емес. Осыған байланысты табыстың артуы да өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруші NB

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 355-бет. *Ред.*

индустриямен шектеліп келді. Осы зерттеуге тағы да бір жағдайды қосу керек, ол — шикі материалдарды (жартылай фабрикаттарды емес) өңдейтін өнеркәсіп картельдердің құрылуы арқылы пайданы өте көп тауып қана қоймай, жартылай фабрикаттарды әрі қарай өңдеумен айналысатын өнеркәсіпке зиянын тигізді, оның үстіне осы өнеркәсіпке белгілі дәрежеде үстемдік ететін болып алды, еркін бәсеке тұсында бұлай болмаған еді» (254-бет)*.

Картельдер ылғи шоғырландыруға бастай бермейді-міс (олар картельге кіретін ұсақ кәсіп орындарды «сақтай» алады), бірақ картельдер әрқашан да «капиталдарды интенсивтендіруге» бастайды (274)... капиталы мол, бай кәсіпорындардың ролін күшейтеді (272 және 274).

Картельдердің маңызы жөніндегі мәселеде, айталық, консументтер (бұл — социализм, 282-бет) немесе дайын товар өндіретін өнеркәсіп ұйымы мен шикізат өнеркәсібі ұйымының арасындағы айырманы ұмытуға болмайды-мыс: «Қазіргі жағдай, индустрияның едәуір бөлектерінің шикізат өндірісіне тәуелділігі, оған» (тұтынушылар одағына, т. с.) «сырт жағынан біраз ұқсайды, ал ішкі жағынан оған мүлде қарама-қарсы» (282-бет). ((Лифман бұл айырманы үнемі ұмытып кетеді-міс — *ескерту, 282-бет*)).

«Картельдер жұмысшылардың жағдайын жақсартты ма, мұны біреулер құптап, екінші біреулер бекерге шығарады, олар кооперативтік-демократиялық принципті бейнелей ме» ((Чиршки!! Автор бұған қарсы: ескерту, 285-бет)) «әлде олар, салмақтың денін кәсіптік бірлестіктерге жат ауыр өнеркәсіп жағына салуы себепті, нақ Германия үшін антидемократиялық позицияны көрсетіп отыр ма деп таласушылар бар» (285)...

ВЕНАЛЫҚ «ЖҰМЫСШЫ ГАЗЕТІ» ВЕНА БАНКТЕРІ ТУРАЛЫ

Веналық *«Arbeiter-Zeitung»*. 1916 (11. IV. 1916), № 101.

Банктер жөніндегі цифрлар (8 ірі банк: «Кредитанштальт»; «Унионбанк»; «Феркерсбанк»; «Эсконтгезель-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 355—356-беттер. *Ред.*

шафт»; «Банкферейн»; «Боденкредитанштальт»; «Меркур»+«Альгемейне депозитенбанк»).

Капитал—	657.4	млн.	крона
Резервтер—	383.2	»	»
	1 040.6		
Өзгелердің қаржысы	4 833.8	»	»
Таза пайда	81.4	»	»
1914 жылғымен салыстырғанда вкладтардың көбеюі	1 067.9		

«АМЕРИКАН АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ШЕЖІРЕЛЕРІ»

«The Annals of the American Academy of Political & Social Science». LVII—LIX том *(1915)*

Қайта оралу керек

(жеке кітапшалардан құралған+библиография etc. LIX том (1915. *Май*): *«Американ өнеркәсібінің мүмкіндіктері».* Мақалалар жинағы).

Құрама *Штаттардағы* жалақының қорытындысы[5]

1/10—1000 доллар және > (115-бет)

2/10—750—1000 доллар

7/10—<750 «

Оның бер жағында, *Вильям С. Кайздың* мақаласы. «Банк бөлімшелері және біздің сыртқы сауда» (301-бет).

«Ағылшынның өзге елдерде түрліше операциялар жүргізетін 40 банкінің 1325 бөлімі бар; Оңтүстік Америкада 5 герман банкінің 40 бөлімі, 5 ағылшын банкінің 70 бөлімі бар... Англия мен Германия соңғы 25 жылдың ішінде Аргентинада, Бразилияда, Уругвайда шамамен 4000 миллион доллар орналастырды, ал осының нәтижесінде олар осы үш елдегі барлық сауданың 46 процентін пайдаланып отыр»*.

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 398—399-беттер. *Ред.*

((одан әрі Нью-Йорктің осы орынды алуға талпынып, әрекет жасап отырғаны айтылған...))

NB	Соғыстың болуы себепті Құрама Штаттардың *Оңтүстік Америкамен* екі арадағы сауданы etc. арттыру «мүмкіндіктері» жайындағы мәселені арнайы талдау.

200 млрд. франк
40 *млрд. доллар*
= 160 млрд. марка

мұнда 2-бетті салыстырыңыз**

331-бет (басқа бір мақалада)... «Сэр Джордж Пэйш *«The Statist»* журналының ең соңғы әржылдық шолуында дүние жүзінің бес кредитор ұлтының — Великобританияның, Германияның, Францияның, Бельгияның және Голландияның — нашар дамыған елдерге шығарған капиталының сомасын 40 млрд. доллардан астам деп белгілеген»...*

NB

«Оңтүстік Америка рыноктары» жайындағы басқа бір мақаладан: «Екінші бір негізгі фактор — Оңтүстік Америкамен екі арадағы сауданың өсуіне қажетті шарттардың ең маңыздысы — Құрама Штаттардың қарызға, құрылысқа және сондай істерге арнап капитал орналастыруы болып отыр. Оңтүстік Америка елдерінің біріне капитал шығаратын ел құрылыста, темір жол салғанда, т. с. пайдаланылатын материалдарға өте-мөте көп заказ алады, сондай-ақ үкімет тарапынан салынатын қоғамдық құрылыстарды жүргізу ісін міндетіне алады. Аргентина темір жолдарына, банктер мен қарызға орналастырылған ағылшын вкладтары бұл фактіні айдан анық дәлелдейді» (314)...

110 корпорацияның капиталы = 7.3 биллион доллар, акционерлері = 626 984.

1910 жылы да сондай, айтпақшы, «Фондылар мен фонд биржасы». Американ фондыларының сомасы = 34.5

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 399-бет. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 41—42-беттер. *Ред.*

биллион доллар, (ал қайталаусыз алғанда шамамен) = =24.4 биллион доллар, ал бүкіл байлық=107.1 биллион доллар.

ӘДЕБИЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Лозанна каталогынан (Лозанна кантондық кітапханасы). 1902 жылдың жалғасы.

Дешанель. «Халық және буржуазия». Париж, 1881.

Годен. «Еңбек республикасы және парламенттік реформа». Париж, 1889.

Л. Ляллеман. «Революция және кедейлер». Париж, 1898.

Ш. Рено. «Ереуілдер тарихы». Париж, 1887.

Евг. Скайлер. «Американ дипломатиясы». Нью-Йорк, 1886.

Иоори. «Нидерланды отарлары жайындағы очерктер». Льеж, 1883.

Т. Роджерс. «Бағалар тарихы». 6 том.

Мэлхолл. «1850 жылдан бергі бағалар тарихы». Лондон, 1885. «Соғысқа соғыс». (Жинақ.)

Инагаки. «Жапония және Тынық мұхит». 1890.

Свифт. «Империализм және бостандық». Лос-Анжелес, 1899.

Виаллат. «Ескі дүние мен Жаңа дүниенің саяси өмірі». VII (1912/3) және одан бұрынғы жылдар.

Поль Фейель. «19 ғасырдың саяси тарихы». Париж, 1914. 2 том.

Камилл Валло. «Жер және мемлекет. (Әлеуметтік география)». Париж, 1911.

Лекарпантье. «Халықаралық сауда». Париж, 1908.

» «Теңіз саудасы мен сауда флоты». Париж, 1910.

Мартен Сен-Леон. «Картельдер мен трестер». Париж, 1909.

Чизхольм. «Коммерциялық география жөніндегі нұсқау». Лондон, 1911.

Экерт. «Коммерциялық география очеркі». 2 том. Лейпциг, 1905.

Рейхлен. «Швейцариядағы француз-герман бақталастығы». 1908 [Бернде де осылай болар?].

Рафалович. «Ақша рыногы». 1911/2 ((21-жыл)).

Ван дер Лёв. «Жаппай бейбітшілікке талпыну». 1916. Роттердам, 1915.

Комиссия. *«Индиядағы оба* (1899—1900)». 4 және 5-томдар. Қорытынды.

Авенель. «Шаруалар мен жұмысшылар соңғы 700 жыл ішінде». Париж, 1907.

Авенель. «Байлар соңғы 700 жыл ішінде». Париж, 1909.

Фабр. «Азия бәсекесі» (және Европа жұмысшылары). Париж, Ним, 1896.

Лангхард. «Швейцариядағы анархистік қозғалыс». Берлин, 1903.

Ең жаңа әдебиеттен:

Эрганг. «Машинаның жұмысшыны ығыстырып шығаруы». *«Technik und Wirtschaft».* Шыға бастағанына 4 жыл, 10-кітап.

Каммерер. «Техниканың даму жолдары». *Ibidem.* Шыға бастағанына *3* жыл.+«Schriften des Vereins für Sozialpolitik». *1 3 2*-том.

Грунцель. «Индустриализмнің жеңісі». 1911.

Ратенау. *3 2*-бетті қараңыз*.

Эрганг. «Халық шаруашылығы жайындағы ілімде машиналар проблемасы жөніндегі зерттеулер». 1911.

Манштэдт. «Машиналардың капиталистік жолмен қолданылуы». 1905.

А. Ридлер. «Техниканың тарихи маңызы мен болашақ маңызы туралы». Берлин, 1910.

Эхельхойзер. «Бұрынғы кездегі мен қазіргі техникалық жұмыс». Берлин, 1906.

Э. Рейер. «Күш энергиясы. Мемлекет қуатының өсуін экономикалық, техникалық etc. тұрғыдан зерттеу». Лейпциг, 1908.

Нейгауз. «Жаппай өндірістің техникалық алғы шарттары». *«Technik und Wirtschaft».* 1910 (шыға бастағанына 3-жыл).

М. Гра. «Машинизм туралы». Париж, 1911.

Ван Мите. «20-ғасырдағы техника». 1911/12.

Ф. Матарэ. «Еңбек құралдары: машиналар etc». 1913.

Левассер. «Қол еңбегін машиналы еңбекпен салыстыру». 1900.

---

* Қараңыз: осы том, 46-бет. *Ред.*

ШТИЛЛИХ. «АҚША ЖӘНЕ БАНК ІСІ»

Д-р **Оскар Штиллих** «Ақша және банк ісі». Берлин, 1907. **Ең бір әйгілі нәрсе.**

прудонист ақымақ, банкир ақшаға қарсы ‖ 95-бет. Банкир *Юлиус Гуке*. «Ақша проблемасы және әлеуметтік мәселе» (5-басылуы). 1903.

143-бет: «Эмиссиялық іс сияқты *көп пайда* берерлік ешбір банк операциясы жоқ*. Эмиссия тұсындағы лаж қай жердегіден болса да жоғары... Индустриялық акцияларды эмиссия жасағанда тусетін лажды әрі эмиссияның шығындарына, әрі пайда процентінің ықтимал котерілуіне байланысты нәрсе деп түсіндіруге әрекеттенушілер бар, бірақ негізінде мұның өзі экономика жағынан еңбексіз түскен пайда болып табылады; міне осы лаж, «Der Deutsche Oekonomist» деректеріне қарағанда, жылына орта есеппен мынадай болып отырған:

NB ‖ 1895—38.6 %
1896—36.1
1897—66.7
1898—67.7
1899—66.9
1900—55.2 %

NB ‖ idem Зомбарт толығырақ. «19-ғасырдағы неміс халық шаруашылығы» *(2-басылуы,* 1909), *526*-бет, 8 қосымша

10 жыл ішінде, 1891—1900 жылдары, неміс өнеркәсіп қорларын шығарудан түскен «табыс» бір миллиардтан астам болды»**. ‖ NB

138-бет: *«Сауықтыру»...* «Акциялар бір жерге жиналғандықтан, олардың номинальдық құны төмендейді. Акционерлік капиталдың осылайша төмендеуінің асқан үлгісі «Дисконтогезельшафт» құрған «Дортмундер Унион» болып отыр. Мен «Ірі өнеркәсіп орны жөніндегі саяси-экономикалық зерттеулерімнің» бірінші томында бұл банктің бақытсыз перзентінің финанстық тарихын толық талдап өткенмін (Лейпциг, 1904). ‖ NB

* Қараңыз: В. И. Ленин Шығармалар толық жинағы, 27-том, 386-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 387-бет. *Ред.*

жақсы мысал !!! Акциялардың құнын төмендету жөніндегі бірқатар операцияның нәтижесінде бұл қоғамның кітаптарынан 30 жылдың ішінде 73 миллионнан аса марка жоқ болып шыққан. Қазіргі уақытта бұл қоғамның бастапқы акционерлерінің қолында өз акцияларының номиналдық бағасының тек 5 проценті ғана бар»!! (138)*. !!!

Ағымдағы есеп — өнеркәсіпке ықпал жүргізу құралы.

«Бұл ретте банктердің олардың контокорренттік байланыстарына ықпалының қаншама зор екендігі, мысалы, *«Дрезднер банк»* 19. XI. 1901 Солтүстік-батыс-орта неміс цемент синдикатының басқармасына жолдаған «Kuxenzeitung»-тен алынған мына хаттан көрінеді. Хатта былай делінген: «Сіздің «Reichsanzeiger» газетінде үстіміздегі айдың 18-інде жариялаған хабарларыңызға қарағанда, сіздің синдикатыңыздың осы айдың 30-ында болатын жалпы жиналысында сіздің кәсіпорныңызда бізге қолайсыз өзгерістер жасай алатын шешім қабылдануы мүмкін екендігімен біз санасуға тиіс көрінеміз. Сондықтан біз, қатты қынжылсақ та, сіздердің пайдаланып келген кредиттеріңізді тоқтатуға мәжбүр болып отырмыз. Сондықтан біздің банктен ақша сұрауды тоқтатуыңызды өтінеміз, сонымен қатар осы айдың аяғынан қалдырмай бізге тиесілі соманы қайтаруыңызды өтініп сұраймыз. Ал егер осы жалпы жиналыста бізге қолайсыз шешімдер қабылданбаса және келешекте ондайлардың болмайтындығы жөнінде бізге тиісті кепілдік берілетін болса, онда біз сіздерге жаңадан кредит ашу туралы келіс сөз жүргізе бастауға әзір екенімізді білдіреміз»** (146—147).

жақсы мысал! !! !!!

...«Біздің ірі банктерде қызметшілердің бірталайы күннен күнге контокорренттік !!!

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 388-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 375-бет. *Ред.*

счеттар бойынша проценттерді шығарумен ғана айналысады. Бұл жөнінде олар жүре келе асқан зор шапшаңдыққа жетеді... Олар капиталдың кісіні қалай жаныштап, жеке адамды машинаға қалай айналдыратынын көрсететін үлгі болып табылады» (148)... !! жақсы мысал

««*Банк атаулының бәрі — биржа*» деген қазіргі нақыл сөз банк неғұрлым ірі болған сайын, шоғырланудың банк ісіндегі табыстары неғұрлым көбірек болған сайын, соғұрлым шындыққа көбірек ұқсайды» (160)*. NB

«*Перейраның* қыз банктері арқылы» («Креди Мобильенің» негізін салушылар) «түрлі халықтарды финанс жағынан шырмап алып, осы жолмен жаппай бейбітшілік ісіне көмектеспек... болған» (180)... ха-ха!! (салыстыр: К. Каутский)

«Банк капиталы үшін» «операция салалары»

70-жылдар — Германия *темір жолдары* (70-жылдардың аяғында национализацияланған)

80-жылдар — Рейн-Вестфалия *ауыр* индустриясы

90-жылдар — *электр* (және машина жасау) индустриясы.

«1908 жылы Берлиннің 4 бірдей Д-банкі («Дейче банк», «Дисконтогезельшафт», «Дреспер банк», «Дармштедтер банк») шарт жасасқан, сол шартқа сәйкес осы мекемелердің бірінде жұмыс істейтін және қызметінен босатылмаған қызметшілерді қызметке алмау жөнінде бір-біріне міндеттенген!» (203). Қызметшілердің оппозициясы бұл шартты «мықтап (??) өзгертуге» (??) мәжбүр еткен ((қай жерін? қалай????)). қызметшілерге көзқарас

Соңы

NB: *Г. Визерс.* «Англиядағы ақша мен кредит». 1911.
Филиппович
Зомбарт

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 368-бет. *Ред.*

«Әлеуметтік экономика негіздері» (Бюхер, Шульце-Геверниц және басқалар, тағы басқалар).

ЛИФМАН. «КАРТЕЛЬДЕР МЕН ТРЕСТЕР»

Проф. д-р Р. Лифман. «Картельдер мен трестер және халық шаруашылығы ұйымдарының одан әрі дамуы». 2-басылуы. Штутгарт, 1910. Правотану және мемлекеттану кітапханасы.

Материалды жақсы сипаттайтын жеңіл кітапша. Топас, тоқмейіл, өзіне өзі риза буржуа апологетінің көзқарасы.

Фактілері тәуір іріктелген, әрине, апологеттік бағытта. NB: *161-бет:*

«Германияда монополистік сипаттан тыс (???) қосылу деген өте көп болды... ...Әрірек уақыттағы көптеген мысалдың орнына бұған қонымды мысал оқ-дәрі өнеркәсібі болады. 70-жылдардың өзінде-ақ 19 оқ-дәрі заводы бір акционерлік қоғам болып бірікті. Бұл қоғам да, өз тарапынан, 1890 жылы өзінің ең ірі бәсекелесі — «Ферейнигте Кёльн-Ротвейлер пульверфабрикенмен» акционерлік қоғам болып қосылды. Бұл ірі акционерлік қоғам сонан соң басқа оқ-дәрі заводтарымен ғана емес, жоғарыда аталған динамит заводтарының тресімен де картельдер құрды. Қопарғыш заттар жасап шығаратын барлық неміс фабрикаларының қазіргі мейлінше тығыз одағы осылай құрылды, сонан соң ол дәл осылай ұйымдастырылған француз және американ динамит фабрикаларымен бірге бүкіл дүние жүзін өзара бөлісіп алды деуге болады» (161-бет)*.

дүние жүзін бөлісу

Германиядағы өнеркәсіп картельдерінің саны — (1905) *385* (іс жүзінде көп: 25-**бет**)**.

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 407-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда, 350-бет. *Ред.*

NB |||| **Риссер** *(137*-бет), осы статистиканы келтіре отырып, былай деп сөз қосады: «бұл картельдерге *12 000 шамасында* кәсіпорын «тікелей» қатысқан». *Риссер.* «Немістің ірі банктері және олардың шоғырлануы». 3-басылуы. Иена, 1910.

Интернационалдық картельдердің (Германия қатысқан) саны *100 шамалы* (30-*бет:* 1897 жылы 40 шамалы)*

Калий өнеркәсібі.

Бірінші картель	1879: 4 кәсіпорын
Бага өсуде	1898: 10 кәсіпорын
«Калий жанталасы»:	1901—*21* кәсіпорын
	1909—*52*

(«Кейбіреулері күйреген»).

Американдағы *болат тресі* (1908: 165 211 жұмысшы) 1907 210 180 жұмысшы (161 миллион доллар жалақы), 170 миллион доллар таза пайда, капиталы 1100 миллион доллар (124-бет).

Неміс кен өнеркәсібінің ең үлкен кәсіпорны «Гельзенкирхнер бергверксгезельшафт»—1908— 1705 қызметші +44 343 жұмысшы (70.6 миллион марка жалақы).

(135-бет). *Шваб* 1902 ж. (17. VI. 1902) *«Шипбилдинг компаниді»* құрған, капиталы 70.9 миллион доллар — оның 20 миллионы Швабтікі. Сонан соң бұл компания *күйреп қалған,* жұртты топаған!

(173 және басқалар) «Ұштасу», «қатысу» (passim), «оқшаулықты жою» (155-бет) — Маркстің «қоғамдастыру»[6] деген ұғымын ұмыт қалдыру үшін (және көмескілеу үшін) Лифманның қолданып отырған *«сөз сымақтары»* міне осылар.

((Лифманнан алынған көшірмелердің соңы))

«ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКА НЕГІЗДЕРІНЕН»

С. Альтманның... К. Бюхердің және басқа көптеген адамдардың **«Әлеуметтік экономика негіздері».**

---

* Қараңыз: **В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 407-бет.** *Ред.*

V бөлім, II тарау: *«Банктер»* (Шульце-Геверниц және Яффе). Тюбинген, 1915.

I. Шульце-*Геверниц*. «Неміс кредит банкі» (1—190).

II. Эдгар *Яффе*. «Ағылшын-американ және француз банк ісі» (191—231).

(Оқулық сияқты, параграфтары бар, тек мылжың сөзі мен «систематикасы» көптеу.)

Қызықтысы да бар. *Бастан аяқ «империализм»* рухы.

53-бет. 1914 жылы Берлиннің 8 ірі банкіндегі

акционерлік капитал—	1 245 млн. марка
оның ішінде «Дейче банк»	250
«Дисконтогезельшафт»	300
«Дреэднер банк»	200
резервтері	432
	1 677
бөгде ақша	5 328
(«барлық капитал»)	7 005

140-бет: қызмет категориясы: «Ақша және кредит саудасы».

	1882	1907
Кәсіп орындар	5 879	13 971
жұмыс істеушілер	21 633	66 275
(оның ішінде әйелдер)	244	3 089

1907 ж. 3 кәсіп орында *1 000*> қызметші болды
«Дейче банк» 1912 ж. *6 137* » »
«Дрездиер банк» » » *4 638* » »

11-бетті салыстыр: 1907 ж. Германияда 14 000 «банк кәсіп орыны» болды, оның ішінде 4000 — қосалқы кәсіп орын...

145-бет: ... «Ірі банктер Герман империясын *экономикалық* жағынан біріктірудің аса маңызды құралы болды»...

«бір топ адам» «Егер сайып келгенде неміс банктерін бір топ адам басқарып отырса, онда олардың қызметі халық игілігі үшін мемлекет ми-

министрлерінің копшілігінің қызметінен гөрі қазірдің өзінде-ақ маңызды» (145—146)*.

«Алайда, егер бұл осылай болса, онда біздің ұлттық болмысымыздың мүддесі банк өміршісінің жаңа руханы типін жасауды керек етеді, ал оның пайдаға ұмтылған абстрактылық» (ха-ха!) «талабы ұлттық-саяси және осы арқылы *халық*-шаруашылық мақсаттарды көздейді...

ха-ха!!

Егер өзіміз көрген тенденциялардың дамуын ақырына дейін ойластырып қарасақ, онда былай болып шығады: ұлттың ақша капиталы банктерде біріктірілген; банктер өзара картель болып байланысқан; ұлттың орналастырылуы керек капиталы бағалы қағаздар формасына түскен. Сонда *Сен-Симонның* мынадай данышпандық сөздері жүзеге асады: «Экономикалық қатынастардың бірыңғай реттелмей-ақ өрістеп отырған фактісіне сай келетін қазіргі өндірістегі анархия өндірістің ұйымдастырылуына орын беруге тиіс. Өндіріске бір-біріне тәуелсіз, адамдардың экономикалық қажеттерін білмейтін оқшауланған кәсіпкерлер бағыт беріп отырмайды; бұл іс белгілі бір әлеуметтік мекеменің қолында болады. Әлеуметтік экономияның кең саласын неғұрлым жоғары көзқарас тұрғысынан бақылап отыруға мүмкіндігі болатын басқарушы орталық комитет оны бүкіл қоғамға пайдалы етіп реттеп отыратын болады, өндіріс құрал-жабдықтарын осыған ыңғайлы деген қолға беріп, әсіресе өндіріс пен тұтынудың арасында үнемі үйлесім болуына қамқорлық жасап отырады. Шаруашылық еңбектің белгілі бір ұйымдастырылуын өз міндеттері шеңберіне қосып алып отырған мекемелер бар, бұлар—*банктер*». Біз Сен-Симонның бұл сөздерін жүзеге асырудан әлі алыс жатырмыз, бірақ біз қазірдің өзінде бұл сөздерді жүзеге асыру жолында тұрмыз: мұның

Сен-Симон

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 466-бет. *Ред.*

бұл да маркс-изм!!!

өзі Маркстің өзі ойлағаннан гөрі басқа марксизм, бірақ тек формасы жағынан ғапа басқа!» (146)*.

жақсы мысал! (қызығарлық) *4* және *3 0*

«Әлбетте, өзінің саяси қуатының негізінде Англияның, мысалы, Суэц каналына жұмсағаны сияқты қаражатқа — акциялар 1876 жылы *4* миллион фунт стерлингке сатып алынды, ал бүгін *3 0* миллион фунт тұрады — Германияның әлі күнге дейін қолы жете алмай отыр»... (159—160).

164-бетте *И. И. Левиннен* цитат алынған. «Россиядагы неміс капиталдары». СПБ., 1914.

NB

«Банктердің халық шаруашылық қызметі көптен бері талқыланып жүрген *халық мүлкін басқару* болып табылады» (1908 жылгы «Die Bank» журналындағы Лансбургтің мақаласына сілтеме). «Қазіргі уақытта кредит шаруашылығы неғұрлым көп енгізілсе, банк таңдап алған кәсіпкерге келіп құйылатын барлық капиталдың үлесі де соғұрлым көп болады. Қазір банктер салған арналар бойынша жыл сайынғы жинақтар былай тұрсын, сонымен қатар (үнемі жаңару процесінде болып отыратын) капиталдың бұрынғы жиналған сомасы да ағып кетіп жатады. Ең алдымен, «бөгделер қаржысының» керемет өскенін ескертейік. Германияда 1891 жылдың аягында біздің акционерлік банктердегі бұл қаржы 1280 миллион маркаға жетті; 1906 жылдың аягында 6305 миллион маркаға жетті; қазіргі уақытта мұндай қаржы шамамен *1 0* миллиард болады.

NB

10 млрд.

5 млрд.

1913 жылдың аяғында Берлиндегі тек 9 ірі банктің қолында 5.1 миллиардтай марка болған**. Бірақ сонымен қатар банктер фонд ісінде одан да мол жылжымалы капитал өте-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 466—467-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 360-бет. *Ред.*

тін арналар болып табылады.— Сөйтіп, банктер тіпті жақсы ниет көздегеннің өзінде *қателесуі* мүмкін; олар миллиардтаған қаржыны жалған бағытта жұмсап, белгілі жағдайларда ұтылып та қалуы мүмкін. Қазіргі уақытта бірнеше ірі банк біздің экономикалық дамуымызға белгілі дәрежеде бағыт беріп отыра алады. Сойтіп, олардың жауапкершілігі акционерлер жөнінде жеке меншікті шаруашылық жауапкершілігінен тұтас мемлекет жөнінде халық шаруашылық жауапкершілігіне айналады. Іс жүзінде олар капиталдарын сауда мен өнеркәсіп саласына, ең алдымен ауыр индустрияның алып кәсіпорындарына, сонымен қатар тұрақты жер иелігіне,— бұрын дворян поместьелеріне, ал қазіргі уақытта үлкен қалалардағы жалға берілетін үйлерге жұмсап отырды. Сондықтан да Германияның темір индустриясы қауырт өркендеп, тек Америкадан ғана қалып отыр, Германияның үлкен қалалары да қауырт өркендеп, өздері тектес американ қалаларын да қуып жете бастап отыр» (12-бет)... NB NB

27-бет: «1908 жылдың аяғындағы бөгде қаржылар (кредиторлардың қаржылары мен депозиттер): кредиттік банктерде $8^1/_4$ млрд. марка, жинақ кассаларында *15* млрд. марка, кредит серіктіктерінде *3* миллиард марка. $\Sigma = 26^1/_4$ миллиард марка. NB

«Жеке меншікті банкирлік конторлар» сан жағынан өсуде (1892: 2180; 1902: 2564; 1912 жылы 3500-ге жетеді), ал маңызы жағынан құлдырауда (16-бет). NB

Барлық жерде (passim), әрдайым Шульце-Геверництен масайраған герман империализмінің, лепірген шошқаның үні естіледі!!!!

дағдарыстың сипаттамасы!!	35-бет: 1870—31 банк, капиталы	376 млн. марка
	1872—139 » »	1 112 » »
	‖ (1873)—73	432 дағдарыста жойылған

Жиро және Мемлекеттік банктің есеп-қисап айналымы (*миллиард* марка)

NB

1891	1901	1913
98.7	195.6	452.8
оның ішінде қолма-қол төлем айналымы		
24.3 (=24.7%)	29.7 (=15.1%)	43.4 (=9.6%)

...«1909 жылы Француз банкі есепке алған 100 франктен төмен вексель 7.5 миллион, ал Герман мемлекеттік банкі есепке алған 100 маркадан төмен вексель тек 700 000» (54-бет).

Банк ісінің «демократиялануы»!![7] Салыстыр: Англияда бір фунт стерлинг тұратын және Германияда minimum 1000 маркалық акциялар (111-бет)*. Германияда есепке алынған вексельдің орташа сомасы = *2 0 6 6* марка (Мемлекеттік банк); Францияда *6 8 3* франк («Банк де Франс»).

NB «Фон Сименс мырза 1900 жылы 7 июньде рейхстагта бір фунт стерлинг акция британ империализмінің негізі деп мәлімдеді» (110-бет)**.

«Ағылшын индустриялық мемлекеті Герман мемлекетінен гөрі кредитке кемірек негізделген, ол өз капиталына көбірек сүйенеді» (55).

«Англия, халықаралық төлем делдалы ретінде, акцептер жөніндегі комиссия түрінде әлі күнге дейін жылына 80 миллион маркаға жуық табыс табатын көрінеді. Европаның мұхиттан арғы саудасы бойынша Англия арқылы жыл сайын *6 миллиард* марка төленеді деседі» (83).

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 380-бет, *Ред.*

** Бұл да сонда. *Ред.*

100-бет: § аты: «Банктердің биржаға үстемдігі?» — бұл асыра айтқандық болады-мыс, бірақ «олардың (банктердің) ықпалы кең»...

«Егер бұрын, 70-жылдарда, жастық экспестері бар биржа акцияның ұтымды жақтарын пайдалана отырып, Германияның индустриялануы дәуірін ашқан болса, ал қазіргі уақытта банктер мен өнеркәсіп «дербес жұмыс істей» алады. Біздің ірі банктердің биржаға үстемдік жүргізуі,— мұның өзі репорттық істерге байланысты, бірақ бұлармен ғана тынбайды — немістің толық ұйымдастырылған өнеркәсіпті мемлекетінің көрінісінен басқа ештеңе де емес. Егер өздігінен әрекет ететін экономикалық заңдардың қимыл өрісі осылайша тарылып, банктер арқылы саналы түрде реттеу саласы тым кеңейіп келген болса, онда осыған байланысты азын-аулақ басшы адамдардың *халық* шаруашылығына жауапкершілігі де орасан зор артады» (101)*.

«толық ұйымдастырылған»[8]

(Цитатка алынып отырған) *А. Левенштейн.* «Кредиттік банктердің вюртембергтік системасы мен мұның ірі индустрияға қатынасының тарихы»... *«Archiv für Sozialwissenschaft».* Қосымша 5-кітабы. Тюбинген, *1912.*

NB

Эмиссиялар (104-бет):

	Ішкі байлықтар 1909	1910	1911	Менің есебім $\sum : 3 =$
Германия отарларымен	3.2	2.5	2.2	7.9 : 3 = 2.6
Англия »	1.9	3.1	1.8	6.8 : 3 = 2.3
Франция	1.4	0.7	0.6	2.7 : 3 = 0.9

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 368—369-беттер. *Ред.*

	Шетел байлықтары			Менің есебім	
	1909	1910	1911	$\Sigma : 3 =$	$\Sigma\Sigma$
Германия отарларымен	0.3	0.5	0.6	1.3 : 3 = 0.4	3.0 *млрд.* марка
Англия »	1.8	2.3	2.0	6.1 : 3 = 2.0	4.3 »
Франция »	2.0	3.8	3.1	8.9 : 3 = 2.9	3.8 »

Германиядағы эмиссиялар (курс құны бойынша)

Миллиард марка

	Қоғамдық кредит (мемлекеттік және коммуналдық заемдар)	Жер кредиті (кепілдеме)	Өнеркәсіп және сауда кредиті	Жалпы ішкі байлықтар	Жалпы шетелдік байлықтар
[1886—1890]	1.8	1.2	1.3	4.3	2.3
[1891—1895]	1.8	2.2	0.8	4.8	1.5
[1896—1900]	1.7	1.9	4.3	8.2	2.4
[1901—1905]	3.3	2.3	2.6	8.3	2.1
[1906—1910]	6.0	2.6	4.9	12.6	1.5

Автор былай деп қорытады:

«Эмиссиялық статистика герман халық шаруашылығының мемлекеттік-социалистік және индустриялық сыр-сипатын айдан анық көрсетіп отыр» (104).

Германиядағы «пруссиялық темір жол жүйесі» — «дүние жүзіндегі аса зор шаруашылық кәсіпорны» екен (104)...

1911 жылғы Пруссиядағы акционерлік қоғамдар:

(Миллион марка)

	Қоғам саны	Енгізілген капитал: номинал құны	Енгізілген капитал: курс бойынша құны	% (курс)	Жылдық пайда: миллион марка	Жылдық пайда: номинал құнға %	Жылдық пайда: курс құнына %	
177.9% ‖‖	890	8 821	15 696	177.9	952	10.8%	6.1%	‖‖ 15.7 −8.8 = 6.9 млрд

NB ‖ ...«Ұсақ акцияны жақтаушылар ең алдымен мынаны атап көрсетеді: мұның өзі жұмысшылардың өнеркәсіпке қатысуына мүмкіндік береді, мұның өзі әлеуметтік-саяси

тұрғыдан алып қарағанда жұмысшының мүдделерін кәсіпкерлердің мүдделерімен дұрыс үйлестіру, жұмысшыларды қазіргі формада пайдаға қатыстыру болып табылады» (110 -111-беттер) — (бір фунт стерлинг тұратын акция жөнінде).

«Бағалы қағаздармен жалдаптық жасау жөніндегі» параграфта (111 және келесі беттер) банктердің жалдаптығын *әшкерелеудің* орнына ((салыстыр: «Die Bank» журналы, Эшвеге және басқалар)), малғұн Шульце Геверниц мынадай жел сөздермен жалтарады: «Егерде біздің банктер жалдаптық қоғамдар болған болса... мұның өзі... герман халық шаруашылығының күйрегендігі болар еді» (112)... ((«Егерде»))... біздің «кәсіпшіл дүниенің» «сыпайылығын» аман сақтайды, ал біздің банк чиновниктерінің *бөтен* банктерде жалдаптық жасауына тыйым салынып отыр (әрине, бұдан аттап өту оңай ғой!! үлкен қалаларда)... ал *банктердің директорлары ше?* Олар «хабардар» жандар ғой («Wissenden»)!! Мұнда заңмен түк бітпейді дейді, мұнда «копестердің ар-намыс сезімін және өз жағдайын түсіне білуді күшейту» керек (113)...

бәрі жел сөз, бәрі жалған!!

!!

«1909 жылдың аяғында Берлиндегі 9 ірі банк, өздеріне қарасты банктермен бірге, 11,3 миллиард марканы, яғни неміс банк капиталының бүкіл сомасының 83 процентіне жуығын биледі. Өзіне қарасты банктермен бірге *3 миллиардқа* жуық марканы билеп отырған «Дейче банк» мемлекеттік темір жолдардың пруссиялық басқармасымен қатар ескі дүниедегі капиталдың ең ірі, оның бер жағында мейлінше орталықтанбаған, жинақталуы болып табылады» (137)...*

9 банк бәрінен 83%!!

Банктер арасындағы келісімдер: «Дармштедтер банк» Темпельгоф даласын «тиімді

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 360—361-беттер. *Ред.*

пайдалану» туралы, пайданың 10 процентін беретін болып, Берлин қаласымен шарт жасаспақ болған. Кейін, бұл келісімді «Дейче банк» жасаған кезде,—«Дармштедтер банк» оның консорциумында болып шыққан!! (139-бет)... «Банктердің бұл тәрізді консорциумдары баға конвенцияларына бейім тұрады»...

банктер картеліне

«Дегенмен 1913 жылдың жазында аяқталған «жалпы келісімдердің» әріге кеткені соншалық, бұларды жүзеге асырған күнде банк ісінде еркін бәсеке болады деу екіталай»... (139)...

(1913)

---

25 адам бақылау...

«Мысалы, «Дисконтогезельшафт» жанында операциялардың есеп-қисап жағы мен формальдық жағын бақылайтын 25 адамнан құрылған штаб тұрақты жұмыс істейді» (143).

«Тәртіпке негізделген бұқаралық еңбекке үйретуші прусс-герман әскери қызметі ірі кәсіпорын үшін, әсіресе банк ісінде, елеулі әзірлік жұмысын жүргізеді. Егер мұның өзі саясат тұрғысынан қажет болмағандай болса, онда мұны капиталистік ірі кәсіпорынның әзірлік мектебі ретінде және шаруашылықтың интенсивтілігін арттыру үшін енгізу керек болар еді» (144—145)...

банктер мен әскер!!

NB NB NB

«Еркін бәсекелесуші кәсіпкерлер бұдан отыз жыл бұрын «жұмысшылардың» дене еңбегінің саласына жатпайтын экономикалық жұмыстың $^{9}/_{10}$ бөлігін атқарып отырды. Қазіргі уақытта осы экономикалық ой жұмысының $^{9}/_{10}$ бөлігін *чиновниктер* атқарып отыр. Банк ісі осы дамуды басқарады (151)*. Оның аса зор кәсіпорындарында чиновник бәрін атқарады, тіпті директор да — мекеме «жалшысы»»...

...«Frankfurter Zeitung» (2. V. 1914) «Дисконтогезельшафттың» «Шафхаузеншер банкферейнмен» бірігуіп мынадай сөздермен қостады:

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы. 27-том, 370-бет. *Ред.*

«Банктер шоғырлануының өсуіне байланысты мекемелердің жалпы кредит сұрауға болатын тобы шағындалып келеді, сол себепті ірі өнеркәсіптің санаулы ғана банктер тобына тәуелділігі күшейе түсіп отыр. Өнеркәсіп пен финансистер дүниесінің арасындағы байланыс тығыз болып отырғанда, банк капиталына мұқтаж өнеркәсіп қоғамдары қозғалысының еркіндігі тарылып қала береді. Сондықтан банктердің трестенуі (бірлесуі немесе трестерге айналуы) күшеюіне ірі өнеркәсіп әрі-сәрі сезіммен қарайды; шынында да ірі банктердің жеке концерндері арасындағы белгілі келісімдердің, бәсекеге шек қоятын келісімдердің бастамаларын бұған дейін де талай рет аңғаруға тура келген еді (155-бет)*. NB

154—5: кімге кім көбірек тәуелді, банктер индустрияға ма әлде керісінше ме деген мәселе...

Вевьеровский. «Неміс банктерін шоғырландырудың дағдарыс құбылыстарына тигізетін әсері» («Фрейбург диссертациясы»). Берлин, 1911.

Фёлькер. «Неміс ірі өнеркәсібіндегі бірігу және пайдаға қатысу формалары». Лейпциг, 1909 ((«*Schmoller's* Jahrbuch», 33-том, 4-кітап)). NB

X тарау. «Шетелге шығарылатын қаржылар».

«Біздің банктер өздеріне құйылып жатқан капиталдарды шетелдік инвестициялардың арнасына бағыттауы үшін олардың клиенттері тарапынан жеке меншікті шаруашылыққа тән тиісті алғы шарттар жасалуы қажет. NB Мұның негізгі стимулы — ел ішінде жұмсалатын қаржыдан түсетін пайда процентіне қарағанда неғұрлым жоғары процентті көксеу болады, мұның себебі: ел ішіндегі капи- NB

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 370-бет. *Ред.*

NB тал байлығы арта түседі де, процент мөлшері кеми береді...

...Мұнда банктер ең алдымен эмиссиялық пайдаға ұмтылады, өйткені капиталы аз, шикізаты мол бөтен елдерден түсетін пайда — NB әдетте ел ішіндегі пайдадан жоғары келеді» (158)...

NB [салыстыр: жоғарыда *44*-бетте, цитат: 159—160-беттерден*] NB

«Цифрлы мәліметке қарағанда, шетелге шығарылатын капитал мөлшері мынадай: 70 Англиянікі *70* миллиард, Францияныкі 35 35 миллиард (1910), ал Германиянікі 1913 жы- 20 лы *20* миллиард маркаға әрең жеткен» (160).

«Экспорттық шарттар» мен шетке шығарылатын қаржының өнеркәсіпке тиімділігін растайтын фактілер келтіре отырып, Шульце-Геверниц, сөз арасында, Франция да осыны пайдаланады дейді:

«Француз рантье-мемлекетінің өнеркәсібі осылайша екінші рет гүлденіп отыр» — **1910** жылы Түркияға заем бергенде Франция мынадай шарт қойған: Түркия басқа *бірде-бір* ерекше нәрсе!!! мемлекетке Франциядан *көп* заказ бермеуі керек... (163-бет).

«Қазіргі уақытта Германия — «шетелде істейтін» кәдімгі «кәсіпкер», ал Франция, аздап Англия да рантье ретінде тоқырай бастап отыр... Егер қазіргі уақытта дүниенің бейнесі ағылшын-саксон тектес болса, біздің банктер темір жолдар, рудниктер, плантациялар, каналдар, суландыру құрылыстары, т. т. NB арқылы бұл бейнеге неміс рухының сипатын берумен шұғылдануда» (164)...

(NB: 1-бет, ескерту: «Соғысқа **дейін** жазылған».)

X тарауда.

NB С. «Шетке шығарылатын қаржылардың саяси бағдары».

---

* Қараңыз: осы том, 34-бет. *Ред.*

«Шетке капитал шығару сыртқы саясат мақсаттарының құралы болып табылады, ал оның табысқа жету-жетпеуінің өзі сыртқы саясатқа байланысты.

а) *Кредитор мемлекеттер: Франция, Англия, Германия.* Англия мен Франция, екеуі де дүние жүзіндегі аса зор кредитор державалар, *саяси* банкирлер болып табылады. Мұнда мемлекет пен банктер қауымы *бірігіп* қимылдайды. Мәселен, француз үкіметі мен «Креди Лионе» осылай етеді. VII Эдуардтың сэр Э. Кассельмен достығы осындай. Саяси лотереядан басты ұтысқа үміттенген Франция миллиардтаған ақшасын *бір ғана* орыс картасына тікті. Франциядан ақша алған Россия тіпті Қиыр Шығыста — Қытайда, Персияда — саяси заем беруші болуға жарады. Франция, заем беруші ретінде, Испания мен Италияны өзіне шырмап алды, бұлар Альхесираста клиенттер ретінде Францияға қызмет көрсетті. Франция граф Куэнге бермей қойған заемды Кошуттың министрлігіне беруге дайын тұрды: «мұның қарымтасы Үш жақты одақ болған болар еді». Саяси кредитор ретінде, Англия дүние жүзілік британ империясын қайтадан топтастырып, біріктірді, мұнда оз консолилерінің курсына қысым жасалуынан қорықпады. Метрополияда отарларға берілетін мемлекеттік заемдарды толық қамқорлыққа алудың өзі мынаған себепкер болды: мәселен, жартылай игерілген Наталь сияқты жаңа ел тоқсан тарау темір жолы мен қыруар мемлекеттік жер мүлкі бар, әлдеқашан буыны қатқан, аса көрнекті Пруссияға қарағанда неғұрлым арзан кредит алып отырады. Осынау кредиттік байланыстың өзі «мүдделер түйіні» болып отыр, мұның күші Чемберленнің артықша баждарының қай кездегі болса да ықтимал күшінен, бәлкім, басымырақ. Империя ішіндегі байланыстардан тысқары да құлаш жайған британ кредиторы

Жапонияны өзінің саяси вассалы етіп, Аргентинаны отарлық тәуелді қалпында, Португалияны көрінеу борышқор кіріптарлығында ұстап отыр. Португалия Африкасындағы алтып зерлі алқа таққан губернаторлар — британ қолжаулықтары» (165)...

...«Жалпы сомасы» (Россиядағы неміс капиталдарының сомасы) «3 миллиардқа жетеді. Нақ орыстың құнды заттарынан банктерге пайданың көп түсетінін ескеретін болсақ, дүние жүзі тарихындағы бүкіл борышқорлардың ішіндегі осынау ең зорына біздің банктердің артықша ілтипат көрсетуі түсінікті болады» (166).

NB

«Күмән жоқ, отарлар ретінде әзірге бөліске түспеген шала мәдениетті дүниенің елдері саяси және экономикалық тәуелсіздікке талпынғанда, Германиядан басқа европалық державалардың ешқайсысынан да мұндай қалтқысыз көмек ала алмайды. Қытай, Персия, Түркия Германияның ешқандай территориялық талабы жоқ екенін біледі» (167).

сөз-ақ!!!

сөз-ақ!!

...«Ел ішіндегі бостандық идеяларына қас жағдайлар дүние жүзілік-саяси пікірдің халықтың жан дүниесінің терең түкпіріне енуіне де кедергі болады. Біз «imperium *et* libertas»* деген ұраннан қаншама алшақ жатырмыз десеңізші, ал Кромвельден бастап Родсқа дейінгі ағылшын-саксондар аса зор табыстарға жеткені үшін осы ұранға қарыздар!» (168)

{империализм және демократия[9]} сөз-ақ! (және NB)

ұсақ буржуазияның *қалың* топтары мен пролетариаттың бетке шығарларын параға сатып алу сондай зымияндықпен, сондай айлакерлікпен жасалады

«Шетелдерде неміс банктері қай жерде болса да бұрыннан орнығып қалған ағылшын «шетелдік банктерінің» бәсекесіне душар болып жүрді; бұлар күні бүгінге дейін өз опе-

* — «империя *және* бостандық». *Ред.*

рацияларының аумағы жағынан да, өзінің акционерлік капиталы жағынан да неміс банктерінен әлдеқайда басым жатыр» (173)...

...«Біз майданға өзіміздің кеш шыққандығымызды соғұрлым зор парасатпен анықтагымыз келеді. Германияның шетелдегі банктерінің іс-әрекетін басқан қадамынан көп үміт күттіретін талапкер жас ұланның, әлемнің бақытты иесі оның көпшілігін қол жетпес етіп жаратқан деп білетін жастың іс-әрекетімен салыстыруға болады. Британияның дүние жүзілік империясында — Франция мен Россияны мүлде айтпағанның өзінде немістің *жалғыз* банк мекемесі әрең табылады, ал оның бер жағында британдық дүние жүзін билегенде *баршаның* мүдделерін көздейді десіп жүрді ғой. **Шетелдердегі неміс банк системасының болашағы мынадай *саяси міндеттің:* дүние жүзінің әлі ешкім басып алмаған елдерін ашық ұстау, мұсылмандар дүниесін қайта көркейту, Африкада герман отарлық империясын құру міндетінің шешілуіне өте-мөте қатты байланысты»... (174).**

сөз-ақ!!!

NB

Кітаптың 2 бөлімі, *Яффенің* еңбегі, ағылшын-американ және француз банк ісі жөніндегі жалаң очерк. Nil.

«Әлеуметтік экономика негіздерінің» VI бөлімі. *«Индустрия, кен ісі, құрылыс».* Тюбинген, 1914.

Әдебиет көрсеткіштері көп-ақ (салыстыр:37-бет*).

Ірі өнеркәсіп жөніндегі кейбір статистикалық деректерді сызықты дәптерден қараңыз.**

кітаптан көшіріп алу керек: *3 4* және *1 4 3*-беттер. 1882 және 1907 жылдардағы өнеркәсіп

---

* Қараңыз: осы том, 25—26-беттер. *Ред.*

** Мұнда «μ» дәптері жайында айтылып отыр. Қараңыз: осы том, 460—461-беттер. *Ред.*

М. Р. Вейерманның «Қазіргі өнеркәсіп техникасы» деген мақаласынан

К. Ратенаудың кітабынан цитат. «Капитал мен өнім молаюының неміс машина жасау өнеркәсібінің өндіріс шығындарына өтетін ықпалы». 1906. — NB

Мынадай мысалдар:

	(насостар) Насос үлгілері			
Өнім шамамен 50%	*A*	*B*	*C*	
көбейгенде	197	880	1 593	марка
	162	738	1 345	

Жазба машиналар (157-бет)

100	дана	өндірілгенде.	Бағасы=200	марка
500	»	»	» 160	
1 000	»	»	» 140	
2 000	»	»	» 125	

Неміс өнеркәсіп акцияларының эмиссиялары {«Frankfurter Zeitung» және «Мемлекеттік ғылымдар сөздігі» бойынша} ((«Эмиссиялық іс»))

орлеу versus дағдарыс

1903—195.3	млн.	Өрлеудің басы
1904—267.6	»	» »
1905—492.5	»	өрлеу
1906—624.3	»	шырқап өрлеу
1907—240.2	»	дағдарыс
1908—326.7		(жақсарудың басы)

Бердің деректері бойынша, Құрама Штаттарда аяқ киім тұтыну мынадай (175-бет):

NB

1880 әр адамға 2.5 пар
1905 — » » 3.12 »

Т. Фогельштейннің мақаласынан. «Капиталистік индустрияның финанс жағынан ұйымдасуы және монополиялардың құрылуы».

«1873 жылғы 9 майдан кейін, *Шенланктың* бейнелі сөзімен айтқанда, картельдер дүниеге келіп, шаруашылық өрлеудің ақтық сағаты соққан күннен кейін он жыл өткенде, Фр. Клейнвехтер картельдер туралы жазған кітабын жарыққа шығарды» (216). — NB

Картельдер тарихынан:

«1860 жылдан бұрынғы заманнан капиталистік монополиялардың жекелеген мысалдарын келтіруге болады; солардан осы күні үйреншікті болып кеткен формалардың өркенін табуға болады; бірақ мұның бәрі — картельдер үшін тарихтан бұрынғы уақыттар екендігі сөзсіз. Осы заманғы монополиялардың шын басталуы, ең ерте дегенде, 1860-жылдарға қатысты. Монополиялар дамуының бірінші ірі дәуірі 1870-жылдардағы өнеркәсіптің халықаралық көлемде езілуінен басталып, 1890-жылдардың басына дейін келеді» (222). NB

«Егер істі европалық көлемде алып қарасақ, онда еркін бәсеке дамуының ең жеткен шегі 60-және 70-жылдар болды. Бұл кезде Англия өзінің ескі сарындағы капиталистік ұйымын орнатып болды. Германияда бұл ұйым қолөнерге және үй өнеркәсібіне қарсы үзілді-кесілді күреске шығып, өз тіршілігінің өзіне лайықты формаларын құра бастады» (ibidem). NB

«Үлкен төңкеріс 1873-жылғы күйреуден немесе, дұрысырақ айтқанда, содан кейін болған депрессиядан басталды, бұл депрессияның өзі — 80-жылдардың басында сәл ғана тоқтап, 1889 жылдың шамасында қалыптан тыс күшті, бірақ аз уақыт өрлеп Европаның экономикалық тарихының 22 жылын алды» (222)...

...«1889/1890 жылдардағы өрлеудің қысқа дәуірі уақытында конъюнктураны пайдаланып қалу үшін картельдерді пайдалану күшті болды. Ойланбай жүргізілген саясат бағаны картельсіз болатындығы мүмкін шамадан анағұрлым тез, анағұрлым жоғары көтерді, сөйтіп сол картельдердің бәрі дерлік «күйреу моласында» абырой-атақсыз қаза тапты. Бағалар төмендеп, істің жайы нашарланған тағы да бес жыл өтті, бірақ өнеркәсіптің шабыты бұрынғыдай бола коймады. Енді депрессияны өзінен-өзі түсінікті нәрсе деп есептемейтін болды, оны жұрт тек қолайлы жаңа конъюнктураның алдындағы кідіріс деп қана таныды.

Сонымен картельдік қозғалыс өзінің екінші дәуіріне аяқ басты. Картельдер өткінші құбылыс болудың орнына бүкіл шаруашылық өмір негіздерінің біріне айнала бастады. Картельдер өнеркәсіп салаларының бірінен

картельдердің II дәуірі

NB соң біріне, ең алдымен шикі материалдарды өңдеп шығаруға ие бола бастады. 1890-жылдардың басында-ақ картельдер кокс синдикатын құру арқылы өзіне картельдік техника жасап алды, соның үлгісімен көмір синдикаты құрылды, бұл қозғалыс шын мәнінде одан әрі барған жоқ. 19-ғасырдың аяғындағы үлкен өрлеу мен 1900—1903 жылдардағы дағдарыс — ең болмағанда кен және темір өнеркәсібінде — тұңғыш рет түгелдей картельдер негізінде болды. Егер мұның өзі сол кезде бір түрлі жаңалық тәрізді болып көрінсе, қазір шаруашылық өмірдің ірі бөлектерінің, әдеттегідей, еркін бәсекеден алынып тасталғаны қалың жұртшылық санасында өзінен-өзі түсінікті ақиқатқа айналып отыр» (224)*...

Картельдер формалары:

a/ Товар босату шарттарын (сату, мерзім, төлем, etc... шарттарын) белгілейтін картельдер
b/ Өнім өткізу салаларын белгілейтін картельдер
c/ Өнім мөлшерін белгілейтін картельдер
d/ Баға белгілейтін картельдер
e/ Пайда бөлетін картельдер

Синдикаттар — өнім сататын бірыңғай бюро (Verkaufsstelle)

Трест — барлық кәсіпорындарга *меншіктілік*

біртұтас және абсолюттік өкімет

Зер салатындар *Кондт*
Линденберг
Сайу
Штеллер
Штиллих
Варшауэр
Вебер

---

* Қараңыз: В. И. **Ленин**. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 349-бет. *Ред.*

ДЭПТЕР

«β»

(«БЕТА»)

Мазмұны

Дэптер β. 1—106 (108-*беттер*

1. Дитцель, Шумпетер, Фогельштейн (бір-екі сөз)
2. — — —
3—16. «Die Bank» журналынан көшірмелер, 3—16; 92—103.
17. Бағалы қағаздар статистикасы...
18—30. **Ш и л ь д е р.** «Бүкіл дүние жүзілік шаруашылықтың даму тенденцияларының» 1-томы.
31—33. **Пленге.** «Маркс жэне Гегель»*.
34—36. *Гергард Гильдебранд.* «Өнеркэсіп etc.».
37—39. *П. Т а ф е л ь.* «Солтүстік Америка трестері etc.».

× | 40. | К. Каутский туралы ескертпе versus империализм |

41—62. **Е. Агад.** «Ірі банктер мен бүкіл дүние жүзілік рынок».
62. *Баллод.* Статистика.
63. *Отто.* Мұхиттың ар жағындағы неміс банктері.
63—65. *Диурич.* Неміс банктерінің шетелдегі экспансиясы.
66. *Кауфман.* Француз банктері.
66. *Гегеман.* Француз банктері.

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 38-том, 409—412-беттер. *Ред.*

67. *Гульфтеггер.* «Ағылшын банкі».
Яффе. Ағылшын банктері.
Меренс. Француз банктері.
Валлих. Неміс банктерінің шоғырлануы.
68—69. Цоллингер (халықаралық баланс) және *Неймарк.*
70—74. *Тэйлор* («Кәсіпорынды басқару»).
74—75. *Зейберт.* «Тэйлор системасының практикасынан».
||| 76—77. *Джилбрет.* «Қозғалысты зерттеу».
||| 78—90. *Ейдэльс.* «Ірі банктердің өнеркәсіпке қатынасы».
91. *Штиллих* және *«Бүкіл дүние жүзілік шаруашылық».* (Галле). Заметка.
92—103. «Die Bank» журналы, *1 9 0 8* және 1915 жылды *қ о с п а ғ а н д а,* түгел қаралып өтті.

× NB *1 0 3* ескертпелер
NB ((жалпы алғанда финанс капиталы туралы))

104. *Чиршки.*
105—106 + 0 айналым+*1 0 8* (NB) *Г е й м а н*

× 0 *а й н а л ы м*
NB империализм туралы мәселе жөнінде

Ә д е б и е т к ө р с е т к і ш т е р і: 1. 10. 16. 17. 40. 91. 98. (французша).

ДИТЦЕЛЬ, ШУМПЕТЕР, ФОГЕЛЬШТЕЙН

Цюрихтің кантондық кітапханасы.

Д-р Генрих Дитцель. *«Бүкіл дүние жүзілік шаруашылық және халық шаруашылығы».* Дрезден, 1900 (=«Jahrbuch der Gehe-Stiftung». V том.)

((Қызығарлық дәнеңесі жоқ. Қарап шыққанда көрінгені автаркияға қарсы бүкіл дүние жүзілік шаруашылықты *ж а қ т а ғ а н* айтыс қана. Nil. («Национализациялау»)))

Д-р И о с и ф Ш у м п е т е р. «Шаруашылық даму теориясы». Лейпциг, 1912.

«ς» («дзета») дәптердің
3-беті

(3)

[illegible]	([illegible])	([illegible])
[illegible]	1350	–(?)
(α) [illegible]	1.125	2685,7
[illegible]	400	–(?)
(β) [illegible]	3350	1431,7
(γ) [illegible]	3000	5098,7
Σ =	9225	

(α+β+γ) = (7475) (9155,7)

[illegible]

[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	Σ
[illegible]	37	4	10	51
[illegible]	11	1	4	16
[illegible]	10	7	2	19
[illegible]	8	–	1	9
[illegible]	4	23	18	45
[illegible]	70	35	35	140

(Rows 2–4 bracketed: 29, 8, 7, 44)

[illegible]	[illegible]		[illegible]	[illegible]	[illegible]
37	[illegible]	65	10	37	4
11	[illegible]	25	4	11	1
4	[illegible]	12,5	18	4	23
10	[illegible]	–	2	10	7
8	[illegible]		1	8	–
70		37,5	35	70	35
	[illegible]		2	1(?)	2
	[illegible]		4	1	5
	[illegible]		2	2(?)	4
	[illegible]		5	1	10
	[illegible]		1	[illegible]	2
	[illegible]		18	6	23

(Kamig, S. 118) (Ibid.)

[illegible]:

1868	106.886 km
1870	211.000
[illegible]	284.000
1895	617.821
1909	1.005.748

(km)	1895	1909
Europa	225.353	323.691
Amerika	315.415	543.884
Asien	38.734	93.436
Afrika	9.305	33.481
Australien	18.889	30.316
(Gesamt) Σ =	599.285	1.005.748

Weltkabelnetz (km)

(Kamig, S. 119)	1898	1908
England	208.747	251.898
[illegible]	50.545	92.818
Frankreich	26.157	43.115
Deutschland	6.136	30.167
Dänemark	13.888	17.118
Niederlande	1.786	5.781
Japan	2.797	8.884
Spanien	3.237	3.565
Italien	1.368	1.339
[illegible]	3.933	7.784

(S. 193) [illegible]

	1889		1910		[illegible]	
	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]
1 Europa	3238,2	2980,3	5996,8	5881,2	+601	+1901
2 Afrika	30,4	81,3	412,4	1313		
3 Asien	128,3	81	888,3	355,8		
4 Amerika	615,4	618,4	2180,3	882,4		
5 Austr.	16,2	21,5	222,4	3,9		
2–5 Σ =	248,3	798	3700,4	1840,4	+3957	+1837

(S. 203) Der Spezialhandel [illegible]

	1870 Mill. M.	[illegible]	1882 Mill. M.	[illegible]	1908 Mill. M.	[illegible]	1910 Mill. M.	[illegible]
[illegible]	3180	318	12.608	315	14.977,0	360	20.507,7	453
[illegible]	4590	134	7.326	135	6.705,3	170,3	10.212,5	260
[illegible]	4290	106	6.409	161	9.252,5	172,7	16.405,8	257
[illegible]	2000	85	2.190	80	2.956,8	81,1	5.087,5	78
[illegible]	1660	47	3.015	75	3.002,7	65,7	4.950,1	88
[illegible]	1430	61	2.000	58	2.950,0	78,1	5.170,1	123
[illegible]	820	57	840	53	1.366,8	74	2.561,7	80
[illegible]			280		356,9	71,8	334,1	72
[illegible]	1480	188	2.520	482	6.381,0	1229	9.441,3	1657
[illegible]	1280	352	9.388	491	3.219,0	476	6.137,4	841
[illegible]	840	115	1.080	131	1.485,3	190,0	1.871,5	232
[illegible]	3420	98	6.150	120	9.126,5	122,7	13.578,7	150

((Бұл да *nil*. Тақырыбы алдамшы. Қарап шыққанда көрінгені — «социологиялық» бляга сияқты бірдеңе. Бұған қайта оралуға тура келуі де мүмкін, бірақ даму жөніндегі тақырыпқа nil)).

Теодор Фогельштейн. «Англия мен Америкадағы темір жасайтын және тоқыма өнеркәсібінің ұйымдық формалары». Лейпциг, 1910.

Бұл — *бірінші* том, мұнда қызығы шамалы тарихи бөлім және фактілер *тізбесі* басым болып отыр.

Фогельштейннен жасалған шағын көшірмелерді басқа дәптерден қараңыз*.

Франк. «Вюртемберг ауыл шаруашылығындағы өзгерістер». Диссертация. 1902.

ӘДЕБИЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Әдебиет:

Йоган Губер. «Жұмысшылардың капитал арқылы британ өндіріс серіктіктеріне және оларды басқаруға қатысуы». 1912, Штутгарт. («Базель халық шаруашылық зерттеулерінің» 4-кітабы.)

Георг Брюс. «Спирт картелі». Карлсруэ, 1912. («Баден жоғары мектептерінің халық шаруашылық зерттеулерінің» 7-кітабы.)

Курт Гольдшмидт. «Герман тас комір өнеркәсібіндегі шоғырлану туралы». Карлсруэ, 1912.

Юлиус Вольф. «Қазіргі және болашақтағы халық шаруашылығы». Лейпциг, 1912. Nil.

И. Левин. «Россиядағы акционерлік сауда банктерінің қазіргі кездегі жағдайы (1900—1910)». Брейсгаудағы Фрейбург, 1912. (Диссертация.)

К. Дове. «Экономикалық география». Лейпциг, 1911. («Табиғат пен рухани дүние саласынан».)

» » «Герман отарларының экономикалық географиясы». 1902.

Курт Швабе. «Немістің алмасқа бай елінде». Берлин, 1910. (Оңтүстік Африка және отарлардағы неміс шаруашылығы.)

---

* Қараңыз: осы том, 46—48-беттер. *Ред.*

Руд. Ленц. «Синдикаттар мен трестер ықпалындағы мыс рыногы». Берлин, 1910.

Леон Барети. «Франциядағы провинциялық банктердің шоғырлануы». Париж, 1910. (Мақалалар *«A n n a l e s d e s s c i e n c e s p o l i t i q u e s»*-те басылды.) NB

Густав Руланд. «Таңдамалы мақалалар». 1910 (бастырған «Село қожайындарының одағы». Германиядағы плутократияға қарсы!!).

А. Г. Рауниг. «Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасындағы тепе-теңдік». Вена, 1910.

Д-р Вальтер *Кундт.* «Біздің мұхит ар жағындағы саудамыздың болашағы». Берлин, 1904. Nil. Бос мылжың.

«БАНК» ЖУРНАЛЫНАН КӨШІРМЕЛЕР

«Die Bank». «Финанс және банк ісінің орайлығы». (Бастырған: Альфред *Лансбург)* 1914, 2-(жарты жылдық), 1042-бет.

Сауда департаментінің (Лондондағы) деректері бойынша әкелінген және шетке шығарылған заттар миллион фунт стерлинг есебімен:

(*7 ай 1/I—1/VIII)	*Жарты жылдықтар* (бірінші)					
	Әкелінгені			*Шығарылғаны*		
	1912	1913	1914	1912	1913	1914
Англия	295.1	319.7	375.9	225.3	257.1	255.4
Германия	250.6	257.0	259.3	205.4	243.1	249.2
Құрама Штаттар*	215.3	212.2	237.7	255.6	271.8	245.7
Франция*	192.2	195.4	198.6	149.0	156.4	153.8

банктер мен почта

(Ibidem, 713-бет). *«Банктер мен почта ведомствосы»* деген заметка. Банктердің және, мысалы, жинақ кассаларының арасындағы шекара «барган сайын жоғалып» барады-мыс. Банктердің *ш а ғ ы м а й т у ы* осыдан. *Эрфурт* сауда палатасы банктерді *жақтап,* «почтаның ақша айналысына («почта аккредитивтерін беру» арқылы) жаңадан өк-

---

* Тұсына жұлдызша қойылған елдер жайындағы мәліметтер январь—июль, ал басқалары жайындағы мәліметтер январь — июнь айларын қамтиды. *Ред.*

тем енуіне» *қарсы* шығып отыр. Редакция былайша ескертеді: почта аккредитивтері Герман империясының ішінде ғана жүреді, ал банк аккредитивтері көбінесе шетелге сапар шегушілерге қажет, «түптеп келгенде, жұртшылық тек қана банк үшін жаралған емес қой» (714).

(осы «тек қана» дегені тамаша!!!)

«Миллиардтаған заем туралы пікірлер» деген мақалада, 932-бет: «Заемға жазылатын адамда басы артық қаражат болады, бірақ көбінесе қолдағы ақша түрінде емес, банктегі ағымдағы счет түрінде немесе жинақ кассасындағы, серіктіктегі, т. с. вклад түрінде болады. Германияда бұл мекемелердің қарамағында шамамен алғанда 35 миллиард марка осындай өтімді қаржы бар, мұның жартысына жуығы дереу өз иелерінің еркін жұмсауына беріліп, екінші жартысы алдын ала хабарлағаннан кейін — көбінесе бір айдың ішінде қайтып оралады» (933).

Әңгіме мүлікті жеке адамдардың есебінен мемлекет есебіне *көшіріп жазуда* (және зат жеткізушілерге төлегенде еге, мұның керісінше істеуде) болып отыр.

Біздің кредит институттарының «½ миллиардтан асатын ақшасы бар, бұған «олардың қолдағы ақшасы мен Мемлекеттік банктегі вкладтарының жалпы сомасы» кірмейді (933).

Франция 1871 жылы 5 миллиардты төлегенде оның 742.$_3$ миллионын ғана алтынмен, күміспен және банкноттармен төледі, ал қалғанын (4 248.$_3$ миллионын) *вексельдермен* төледі. (Францияның 1870/71 жылы сондай тез айығып кеткен себебі — ол өз валютасына тиген жоқ, «өтеусіз банкноттарды» шектен тыс шығарған жоқ.)

903 және келесі беттер: *Альфред Лансбургтің «Дүние жүзіндегі есеп-қисап палатасы ретінде Лондонның ығыстырылуы»* деген мақаласы.

Англияның қуатты болу *себептерін* түсіндіретін өте жақсы мақала. Басты себеп: «ағылшын сауда және ақша айналысының барлық басқа елдердің саудасынан мүлде басымдығы» (909). Герман саудасына қарағанда «шамамен алғанда 50%» көп (ibidem). Содан соң отарлармен екі арадағы сауда тағы бар!!

NB || *«Дүние жүзілік сауданың төрттен үші Англиянікі»* (910)

«бұл — барлық халықаралық төлемдердің төрттен үші тікелей немесе жанамалап Англия арқылы жүргізіледі деген сөз» (910)

«Фунт стерлингпен есеп жасасу» әлі *Жапонияда*, одан соң Қытайда, Чилиде, Перуде, Оңтүстік Персияда, «Түркияның көп жерінде» «басым» (910) — «сауда топтарында ағылшын тілін білу кең өріс алған» (910).

Ал онан кейін Англия бүкіл дүние жүзінің осы саудасын *қаржыландырып отырады* (ең арзан %; ең тұрақты алтын валюта; 1 фунт стерлинг$=7^1/_3$ грамм *а л т ы н* etc. etc.).

Англияның «қыруар» ақша қаражаты, оның отарлық *6 0* банкі (911) etc. etc.

Банктің (Бразилия банкінің) директоры *Кеммерердің* (неміс) нақыл сөзі:

|| NB! || (913) «Мұхиттың ар жағында банк мекемесін ашу үшін бірінші қажет нәрсе — кредит, Лондондағы акцептант банкир».

912-бет, ескерту: «Мұхиттың ар жағындағы неміс банктері Оңтүстік Америкада марка есебімен вексель енгізерде кездесетін қиыншылықтар жөнінде, салыстырыңыз: Яффе, «Ағылшын банк ісі», 2-басылуы, 98—101, «Frankfurter Zeitung», 29. VIII. 1914; «Hamburger Nachrichten», 15. IX. 1914» (басқа цитаттарды тастап кетіп отырмын).

«Алтын валютаға көшетін және, барлық жерде бірдей дерлік кездесіп отырғанындай, алтынның төлеуі ретінде ағылшын вексельдері толған зор портфелі бар әрбір ел өзінің халықаралық төлем айналысының денін Лондонның есеп-қисап палатасына бағындырып қана қоймай, ағылшынның дүние жүзілік ақша қуатының мықтап нығаюына осы арқылы тікелей көмектесіп те отырады ғой; ағылшын вексельдеріне толы зор портфель үнемі қолда болса, мұның мәнісі іс жүзінде дәл былай болып шығады: белгілі бір ел өзінің едәуір көп қаржысын Лондонның қарамағына береді, ал Лондон өз тарапынан мұны өзге елдердің сыртқы саудасын мұнан былай да қаржыландыру үшін, сөйтіп өз валютасы мен өзінің есеп-қисап қызметін

нығайту үшін пайдалана алады және іс жүзінде пайдаланады да. Сонымен, фунт стерлингтің алтындық құны арқасында Англияның өзінің меншікті ірі капиталдарымен қатар өзгелердің бірнеше миллиард марка ақшасы арқылы да өзінің кредиттік системасына қызмет көрсетуге үнемі мүмкіндігі бола алады» (913—914).

Англияны өз ролінен ығыстырып шығару үшін «қыруар ақша қаржысы және төмен процент» керек (916). ...«Сөйтіп қыруар ақша қаржысын бере аларлықтай болып қана қоймай, ағылшын валютасының орнына жүретін валютаны сөзсіз тұрақты етуге кепілдік берерліктей болу керек, яғни алтынмен төлеуге әрдайым дайын тұру керек».

Сондықтан «халықаралық есеп-қисапты немесе оның едәуір бөлегін Лондоннан тартып алу үшін аздап жақсы ықылас білдірсе әбден жеткілікті деген пікірді жақтайтын «Нэшнел сити бэнк» (Морганның банкі)[10] немесе швейцар банктерінің жоспары «утопия» болады-мыс;— рас, бұл мақсат мейлінше көңілге қонымды-ақ, бірақ бұған мынадай жағдайда ғана жетуге болады: басқадай бір ел Англияның ең болмағанда соғысқа дейін дүние жүзілік айналымының қарамағына беріп келгенін — нақ сол мөлшердегі кредитті, нақ сол сауда, банк, процент жеңілдіктері комплексін, нақ сондай сенімді валюта негізін дүние жүзілік сауда мүдделеріне жұмсай алатын болуы керек» (920)...

(1914, *ноябрь және декабрь*). «Соғыс шығындарын өтеу және оның көздері», *Альфред Лансбургтің* мақаласы.

Автор Ллойд Джорджден цитат келтіреді (IX. 1914): «Менің ойымша, соғыстың тағдырын ең соңғы жүз миллион фунт стерлинг шешеді. Біз сияқты, алғашқы 100 миллионды дұшпандарымыз да оп-оңай таба алады; бірақ ең соңғы 100 миллионды олар, құдайға шүкір, таба алмайды» (998-бет).

Ллойд Джордж қателесті деп жауап береді автор. Шығынды өтеудің төрт көзі бар: 1) «бірінші дәрежелі» резервтер=қолдағы ақша (Германияға қарағанда Франция мен Россияда мұндай ақша көп; Англияда аздау. Бұл жағынан Германия әлсіздеу). 2) «екінші дәрежелі» резервтер: дүние жүзілік саудадағы қысқа мерзімді борыш талаптары. (Англия анағұрлым күшті: «Егер Англия өз ақшасын өтімді күйінде сақтайтын дүние жүзілік *банкир*

болса, Франция өз қаржысын жұмсаушы дүние жүзілік *«финансист»)* (1001). 3) Елдің өндірісінен түсетін таза табыс +4) жалпы табыстың амортизацияға (немесе қор жинауға) жұмсалатын бөлегі. Міне бұл жағынан біз осал емеспіз.

Бұл арада автор астыртын («жасырын жолдармен»), бірақ жоғалып кетпейтін *шетке шығаруға* үміт артады.

Бізде (Германияда) вексель курсының төмен болуы шетке шығарудың жеткіліксіз екенін, «біздің шетелдегі шығындарымызға» сәйкес келмейтінін дәлелдейді (XII. 1914!!!)-міс» (1103).

NB || 1112-бетті салыстыр: «Шетке шығару шеттен келтірілетін мен шетелдегі соғыс шығындарын толық өтеуге жеткілікті болған күнде ғана, халық шаруашылығы шын мәнісінде соғысқа сақадай сайланған болып шығады».

1914, 1 (май). **«300 миллионы бар банк»**, А. Лансбургтің мақаласы.

«Дисконтогезельшафт» *«Шафхаузеншер банкферейнді»* жалмап, өзінің *акционерлік капиталын 300 миллион* маркаға жеткізе арттырды (415-бет)*.

«Осы арқылы немістің шын мәнісіндегі ірі банкі тұңғыш рет шоғырлану процесінің құрбандығына айналуда» (415).

«Дейче банк» өз капиталын *250* миллион маркаға дейін көтерді. Бұған жауап ретінде *«Дисконтогезельшафт»* «Шафхаузеншер банкферейнмен» «жымдасып», *300*-ге дейін көтерді**.

«Қолында 300 миллион марка акционерлік капиталы бар ол Германияда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде де әзірше ең ірі банк бола бастап отыр» (422).

«Гегемон болу жолындағы күрес» *«Дейче банктің»* пайдасына шешілген сияқты көрінсе де, енді қайтадан былай болды:

NB || «Өзге банктер де осы жолға түседі... және қазір Германияны экономика жағынан билеп-төстеп отырған 300 адамнан бір кезде 50, 25 немесе одан да аз қалады. Ең жаңа шоғырлану қозғалысы бір ғана банк ісімен шектеледі деп күтуге болмайды. Жеке банк- ||

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 365-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда. *Ред.*

тердің арасындағы тығыз байланыстар осы банктер қамқорлық етіп отырған өнеркәсіпшілер синдикаттарының да жақындасуына әкеліп соғатыны табиғи нәрсе. Синдикаттар, сондай-ақ конъюнктура құбылыстары бұдан былай да бірігуге себепкер болады, сөйтіп таңғажайып бір күні біз ұйқыдан оянамыз да, көз алдымызда тұрған кілең ғана трестерді көріп, аңтаң боламыз; біздің алдымызда жеке монополияларды мемлекеттік монополиялармен алмастыру қажеттігі тұратын болады. Солай бола тұрса да, біз өзімізді, шындап келгенде, *акция* арқылы істің біраз тез дамуына еркіндік беріп қойғанымыздан басқа ештеңемен де кінәлай алмаймыз» (426)*. (Мақаланың соңы.) NB

«ҚЫЗ ҚОҒАМДАР», *Людвиг Эшвегенің* мақаласы, 544 және келесі беттер (май, 1914).

1912 жылдың басында *ірі банктер* (Мемлекеттік банктің қысымына көніп) баланстардың *жаңа* схемасын енгізді. Бірақ мыңдаған *акционерлік қоғамдар* заң талаптарының шегінен шықпай бұрынғыша қысқаша («knappe») баланстар басуда,— баланстың қысқалығы жалдаптықтан аман сақтайды мыс!!! Ал іс жүзінде ше:

«Шындығында бұдан» («есептердің қысқалығынан») өзгеретін нәтиже мынау ғана: жете хабардар болып отыратын адамдар *акционерлер тобының есебінен байитын* болады, әсіресе қысқаша есептерге сілтемелерге болудің жетілдірілген системасы келіп қосылса, осылай болмақ, ал мұның нәтижесінде маңызды деректер жай акционердің көзіне түспей қалады. Бұл ретте басқармалар мен олардың ізгі достары екі есе артықшы жағдайда болады: істің бет алысы жақсы болса, курстың қалай көтеріліп отырғаны жайындағы барлық мәліметтерге өздері ғана ие болады, ал істің жайы нашарлай бастаса, акцияларын дер кезінде сату арқылы болашақ зияннан жалтарып кетеді.

Мысалы, *Кассельдегі «Акциенгезельшафт фюр федерштальиндустри»* бұдан бірнеше жыл бұрын Германияның ең табысты кәсіпорындарының бірі болып есептелетін. Кәсіп-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 365—366 беттер. *Ред.*

жақсы мысал!

орынды басқарудың нашарлығынан бірнеше жылдың ішінде дивидендтер 15%-тен 0%-ке түсіп қалды. Істің мәнісі мынадай екен: басқарма акционерлердің рұқсатынсыз өзінің «қыз қоғамдарының» бірі *«Хассияға»*, номиналдық капиталы бірнеше жүз мың ғана марка, жауапкершілігі шамалы қоғамға 6 миллион марка қарыз берген. «Ана-қоғамның» акциялық капиталынан үш есе дерлік артық бұл қарыз туралы оның балансында еш нәрсе көрсетілмеген; заң жағынан қарағанда, мұндай үндемей қою әбден орынды және бүтіндей екі жылға созыла аларлық та нәрсе, өйткені мұнымен сауда заңының ешбір параграфы бұзылған жоқ. Жауапты адам ретінде жалған балансқа қол қойған бақылау советінің председателі Кассель сауда палатасының председателі еді, әлі де сол орнында. Акционерлер «Хассия» қоғамына берілген бұл қарыздардың жайын көптен соң, сол қарыздардың өзі қате болып шыққан соң және істің жайын білген адамдар «федершталь» акцияларын қолдан сата бастағандықтан, оның акцияларының құны шамамен 100% төмендеген соң ғана білген. Тек сонда ғана баланс әдісін өзгерту арқылы тиісті статья ашылған. Акционерлік қоғамдарда мейлінше қалыпты нәрсе болып отырған баланстар жөніндегі айла-шарғының бұл көп таралған мысалы және кәсіпкерлерге қарағанда қатерлі істерге акционерлік қоғамдар басқармаларының соншама іркілмей кірісетін себебін бізге айқын көрсетеді. Баланстар жасаудың ең жаңа техникасы орташа акционерлерден қатерлі істерді жасырып қоюға оларға мүмкіндік беріп қана қоймайды, оның үстіне эксперимент сәтсіз болып шыққан жағдайда, ең мүдделі адамдардың өз акцияларын дер кезінде сатып жіберу арқылы жауаптылықтан құтылып кетуіне де мүмкіндік береді, ал жеке кәсіпкер болса, істеген ісінің бәріне де өз басы жауап береді». (545).

!!!

NB

«Көптеген акционерлік қоғамдардың балансторы орта ғасырлар заманынан белгілі палимпсесттерге» (пергамент) «ұқсайды», «олардағы қолжазбаның шын мазмұнын білдіретін әріптерді көру үшін әуелі үстіндегі жазуларын өшіріп тастау керек болатын» (545)... ⌗

Бастапқы негізгі қолжазба өшіріліп, сол өшірілгеннің үстіне басқа жазу жазылған пергамент.

⌗

...«Баланстар құпиясын ешкімге ашпаудың ең оңай, сондықтан да бәрінен жиі қолданылатын құралы — қыз-қоғамдар құру немесе ондайларды қосып алу арқылы тұтас кәсіпорынды бірнеше бөлімге бөліп жіберу. Заңдысы бар, заңсызы бар,— әр түрлі мақсаттар тұрғысынан қарағанда бұл системаның анық тиімді екендігі соншалық, қазіргі уақытта бұл системаны қабыл алмаған ірі қоғамдар ілуде біреу ғана деуге болады»* (545—546).

Сонымен, «белгілі дәрежеде олардың операцияларының құпиялығы» сақталатын болады (ibidem)...

Айрықша көрнекті мысал — *«Альгемейне электрицитетс гезельшафт»* (миллиардтар — қыз қоғамдарда)...

(Салыстыр: 1908, 8 кітап: «Ратенау системасы». *«Die Bank» АЭГ* тәсілдері туралы)

((...Салық көбірек, өйткені оларға (қыз қоғамдарға) айрықша салық салынады, бірақ оның есесіне пайдасы көп, *құпиясы* да сақтаулы!!...))

курсив автордікі: «Қыз қоғамдар — сауда туралы заңдар кодексінің ережелеріне қайшы келмей-ақ шын мәнінде жалған баланстар жасауға мүмкіндік беретін ғажап құрал» (549).

...«Шешуші нәрсе сол, статьяларға бөліп көрсетудің ең жаңа системасы арқасында бүркеніш жасауға мүмкіндік туады» (ibidem)...

Тағы бір мысал:

«Обершлезише эйзениндустри акциенгезельшафт» (550—551-беттер) «қатысу» балансында $=5._2$ миллион марка.

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том 381—382-беттер. *Ред.*

Қандай? автордың астыртын білгені: «Глейвитцер штейнколенгрубендікі» — акциялардың 60%
(ал бұл қоғамның борышы — 20 миллион марка!!)

((Соцы))

Ibidem 340-бет (апрель) (Берлиннің ірі банктері 28. II. 1914).

Балансстар: 28. II. 1914 — *Берлиннің* ірі банктерінің балансстары. 8 банк («Дейче банк», «Дисконтогезельшафт», «Дрезднер банк», «Дармштедтер банк», «Шафхаузеншер банкферейн», «Национальбанк фюр Дейчланд» «Коммерц-унд дисконтобанк» +. «Миттельдейче кредитбанк»).

		Миллион марка	
акционерлік капитал	=1 140.$_{0}$ млн.	Резервтер	=350.$_{82}$
Вексельдер, т. с.	= 1 958.$_{16}$	Консорциялық қатысу	=278.$_{29}$
Дебиторлар	=3 036.$_{63}$	Ұзақ мерзімді қатысу	=285.$_{8}$
балансстар Σ	= 8 103.$_{71}$		

Жинақ кассалары (1910) (бұған почтаның жинақ кассалары да кіреді)[11] (446-бет)

	Миллион марка		Миллион марка
Германия	16 780	Дания	603
Австрия	5 333	Люксембург	49
Венгрия	1 876	Швеция	961
Италия	3 378	Норвегия	570
Франция	4 488	Испания	340
Великобритания	4 518	Румыния	50
Россия	3 019	Болгария	36
Финляндия	190	Америка Құрама Штаттары	17 087
Швейцария	1 272	Австралия	1 213
Голландия	464	Жаңа Зеландия	319
Бельгия	830	Жапония	662

NB — *496*-бет: «Эмиссиялар статистикасын» сынау: көбінесе бұл статистика («Frankfurter Zeitung» пен «Der Deutsche Oekonomist» статистикасында асыра көрсетушілік бар) тіпті дәл емес, шындықты емес, maximum-ын көрсетеді. Акциялар шығару=борыштың *басқа* формаға көшірілуі шығар.

Салыстыр: *д-р Герман Клейнер*. «Германиядағы эмиссиялар статистикасы». Берлин, *1914*, және *М. Маркс (диссертация)*. «Германиядағы және кейбір шет мемлекеттердегі эмиссиялар статистикасы». Альтенбург, *1913*.

1914. 1, 316-бет (Лансбургтің мақаласы). *Биржа versus банктер:*

...«Биржа бұрын банктер өздері шығарған фондалық бағалы қағаздардың көпшілігін өз клиенттері арасында тарата алмаған кезде, айналыстың қажетті делдалы болса, биржа ондай делдал болудан әлдеқашан қалды»*. ||| NB

(Март, 1914) 298—9-беттер *«шоғырланудың жаңа заманы»* (банк ісінде) —конъюнктураның нашарлауына байланысты etc. |||

(«Бергиш-Меркише банк», осынау 80 миллионды Рейн кәсіпорны өзінің 35 бөлімшесімен бірге ұзамай «Дейче банкке» келіп қосылады: 298.)

«Өйткені бірігудің өзі ылғи күшті етпеген күнде де, әйтеуір көптеген осалдық пен кеселді сырттай бүркеп тұрады» (299) — қосылудың маңызы туралы мәселе жөнінде...

---

94 бет. *«Конкурстық статистика»*[12] — конъюнктураны бағалау үшін оның маңызы.

(«Герман империясының статистикасы жөніндегі тоқсандық шолудан») әсіресе «өте-мөте ауыр шаруашылық күйреулер, яғни конкурс массасының жеткіліксіздігінен конкурс процедурасы не мүлде бастала алмайды, не тоқтатылып қалдырылуға тиіс болады» (94-бет). || NB

[62-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл уақыттың ішінде үлкен қалалардың саны 28-ден 48-ге дейін артты (ал олардың халқының саны одан да көп өсті), бірақ аса қатты күйреулердің (конкурс массасының жеткіліксіздігі салдарынан аяқталған) проценті бұрын орташадан *төмен* болса, қазір *жоғары*.

1-бет (1. 1914), Лансбургтің мақаласында («Дағдарыстарды қоздырушылар»): (NB: Конъюнктура).

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 368-бет. *Ред.*

Менің қосымшаларым / Риссер бойынша		Герман империясында барлығы мәлімденген конкурстар			аяқталған			Үлкен қалаларда мәлімденген конкурстар			аяқталған		
		Барлығы	оның ішінде алынбағаны	%	Барлығы	Конкурс массасының жеткіліксіздігінен	%	Барлығы	оның ішінде алынбағаны	%	Барлығы	конкурс массасының жеткіліксіздігінен	%
Өрлеудің басы	1895	7 111	680	9.6	6 362	395	6.2	1 823	243	13.3	1 724	104	6.0
	1897	6 997	639	9.1	6 077	381	6.3	1 777	251	14.1	1 436	92	6.3
Жоғары конъюнктура	1899	7 742		8.8									
Дағдарыс	1901	10 569		10.9									
	1903	9 627		15.1									
Жандану	1905	9 357		17.6									
Американ дағдарысы	1907	9 855		17.8									
	1908	11 571		19.0									
	1909	11 005		21.6									
«Гүлдену»[1]	1910	10 783		22.2									
	1911	11 031	2 351	21.3	8 092	682	8.4	3 603	1 238	34.3	2 325	229	9.5
	1912	12 094	2 885	23.9	8 356	784	9.4	4 060	1 563	38.5	2 395	241	10.1

[1] «Die Bank», 1914, 5-бет, (I, 1914).

«Бір жылдай уақыттан бері Германияда конъюнктура көрінеу *нашарлауда*».

ergo *1913* ж. бастап

«Басымыздан кешіріп отырған уақыт дағдарыстың сипатты белгілерін түгел көрсетпегенімен, көбін танытады»...

1914 ж. дағдарыс

«Дағдарыстардың ең сойқанды қоздырғышы... прогресс»... (11)

Қарсы амал? «Неғұрлым іргелісі (картельдерден гөрі) — *трест;* мұның өзі не өнертабыстар мен жақсартулардың бәрін көре-біле таптап тастайды, не бұларды сатып алады; мысалы, немістің ірі шыны фабрикалары өздеріне тым қауіпті көрінген патентті сатып алу үшін мүдделес трест сияқты нәрсеге біріккенде Оуэнстің шөлмек патенті жөнінде осылай еткен» (15)*.

NB жақсы мысал!!

«Die Bank» журналындағы *«Транспорт тресі»* деген заметка, 1914, 1, 89-бет.

Алдағы уақытта (мүмкін жақын арада) Берлинде «Транспорт тресі құрылады, яғни Берлиндегі транспорттық үш кәсіпорынның: жер үстіндегі темір жол, қалалық трамвай және омнибустар қоғамының ортақ мүдделілігін құруға тура келеді. Мұндай ниеттің бар екенін біз омнибустар қоғамы акцияларының көбі басқа екі транспорт қоғамының қолына көшкендігі мәлім болған уақыттан бері білетінбіз... Транспорт ісін бірыңғай реттеп отыру арқылы түптеп келгенде біразы жұртқа қаларлықтай қаржы табамыз деген мақсатқа ұмтылатын адамдарға әбден сенуге болады. Бірақ осы құрылғалы отырған транспорт тресінің сыртында, егер қаласа, өздері монополияландырған қатынас жолдарын өздерінің жер учаскелері арқылы сауда жасау мүдделеріне бағындыра алатын банктер тұрғандықтан мәселе қиындай түседі. Мұндай жорамалдың қаншалықты табиғи екендігіне көз

жақсы мысал!

!!

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 434-бет. *Ред.*

жеткізу үшін қалалық электр темір жолы қоғамын құрған уақыттың өзінде-ақ мұнда соны құруды қолдаған ірі банктің мүдделері араласқанын еске түсірудің өзі жеткілікті. Атап айтқанда: осы транспорт кәсіпорнының мүдделері жер учаскелерімен сауда жасау мүдделерімен араласып жатқан болатын және тіпті осы транспорт кәсіпорнының пайда болуына елеулі алғышарт та жасаған болатын. Әңгіме мынада: бұл жолдың шығыс тармағы, кейін жол салынуы қамтамасыз етілген кезде, бұл банк өзіне және Шенхаузер-Аллея станциясының маңындағы жер қоғамына қатысушы бірнеше адамға орасан көп пайда алып сатып жіберген жер учаскелерін қамтуға тиіс еді...* Жаңа жер учаскелерін игеруге, сөйтіп олардың бағалылығын арттыруға да ең дұрысы жаңа қатынас жолдары арқылы қол жететіні баршаға мәлім ғой». (Тағы бір мысал келтірілген: қазірдің өзінде Темпельгоф даласы дейтін жерге апаратын кем дегенде *11 жол бар.* Көп емес пе? Себебі: онда тұратын бақылау советтерінің директорлары мен мүшелері көп!!! 90-бет)... «Қатынас жолдарының монополиясы қоныстандыру монополиясын туғызады...»

NB

!!

NB

«Керосин комедиясы». «Die Bank», 1913, № 4 (388-бет). Германияда керосин монополиясы үшін күрестің *мәнін* ашып көрсететін тамаша заметка.

1907 жылға дейін. «1907 жылға дейін «Дейче банк» керосин концерні «Стандард ойл компанимен» қатты жанжалдасып келді» (389). Ақтық нәтижесі — «Дейче банктің» жеңілетіні — айқын еді. 1907 жылы ол екінің бірін таңдауға: не миллиондаған шығынмен өзінің «керосиндік мүдделерін» жоюға, не бағынуға тиіс болды. Соңғысын таңдап, «Стандард ойл компанимен» *шарт* жасасты (бұл «Дейче банк» үшін онша «тиімді емес»

NB: «Дейче банк» пен «Стандард

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы. 27-том, 389-бет. *Ред.*

еді). Бұл шарт бойынша «Дейче банк» «американ мүдделеріне тиімсіз еш нәрсе істемеуге» міндеттенді, бірақ ...неміс керосин монополиясы туралы заң шықса, шарт жайына қалатын болды.

Сол екі арада *фон Гвиннер мырза* («Дейче банк» директорларының бірі) *өзінің* (жеке) *секретары* (Штаус) арқылы («Die Bank», 1912, 2, 1034-бет) монополияны *жақтап* үгіт жүргізді!! Ірі банктің бүкіл аппаратын іске қосты... бірақ шатасып қалды. Үкімет (жобаны әзірлеп, парламентке ұсынғаннан кейінгі жерде) *Германия* «Стандард ойл компаниге» соқпай *керосин ала алар ма екен* деп қорықты.

Қараңыз: 1913, 736 және келесі беттер.

Бұдан әскери заң жобасы (3. VII. 1913) құтқарып, мәселені кейінге қалдырды. «Стандард ойл компани» *ұтып шықты,* өйткені монополия (әзірше) өтпей қалды*.

ойл компани»[13] күресі

«Дейче банк» пен Германияның «Стандард ойл компаниге» қарсы күресі.

NB

«Die Bank», 1913, № 8 (август).

Альфред *Лансбург.* **«Неміс банктері қызметінің бес жылы».**

Шоғырланудың өсуі:

Вкладтар (акционерлік капиталы 1 млн. маркадан > барлық банктер) мынадай болды:

1907/8—6 988 млн. марка
1912/3—9 806

+2.8 миллиард+40%

Берлиндегі ірі банк	9
капиталы 10 млн. маркадан>болатын банк	48
	57
+капиталы 1 млн. > болатын банк	115.

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 402—404-беттер. *Ред.*

57 ірі банк өз вкладтарын 2.75 миллиардқа арттырған 5 жылдың ішінде көбейгені (млн. марка)

	вкладтар	акционерлік капитал	резервтер
капиталы *1* млн.>барлық банктер	+2818	+390	+148
» *10* » > 57 банк	+2750	+435	+153

{ұсақ банктерде мүлде кеміген: қосылу etc.}

Барлық вкладтар проценті (728-бет)

NB

	Берлиндегі ірі банктер (9)	капиталы 10 млн. маркадан< қалған банктер (48)	1—10 млн. маркалы банктер (115)	капиталы 1 млн. маркадан > банктер	
1907/8	47	32.5	16.5	4	‖100
1910/11	49	33.5	14	3½	‖100
1912/13	49	36	12	3	‖100*

1913, № 7, 628 және келесі беттер.

«Мемлекет және шетел заемдары» (Альфред Лансбургтікі).

Неміс үкіметі шетел заемдарына тыйым салды ма? Банктерді бұл жаққа итермелейтін не? Қазірдің өзінде олардың *«малтығып қалғандығы»* (Мексика, Қытай, Түркия etc. банкрот болу қаупін төндіріп отыр).

Мұндай мемлекеттерге алғаш заем беруге банктерді итермелеген не? Пайдакүнемдік!

NB маңызды ...«Ел ішінде тым болмағанда шетел заемдарын шығаруға делдалдық жасаудың беретін пайдасындай мол пайда берерлік ешқандай табысты іс жоқ» (630)...**

империализм туралы мәселе жөнінде!! — жазылу курсы мен банк курсының арасындағы айырмашылық 7—8 процентке жетеді; түрлі шарттар, мысалы, залог — жарты жыл бұрын «кепілдік» ретінде берілетін % т. т., т. с.

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 360-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 386-бет. *Ред.*

Сонан соң «биік саясат» (әсіресе Франция мен Германия — қарыз бергенде одақтастар тарту үшін береді, т. с.)

Францияның Россияға тәуелділігі («орыстың құнды заттарының курсы төмендегенде оның әрбір проценті Францияға 100 миллионға түседі. Россияның процент төлеуді тежеймін деп жай ғана қорқытқанының өзі оның негізгі кредиторы үшін тұтас бір армия корпусын жоғалтқаннан да асып түседі» — 633-бет).

жақсы айтылған!

Мұндай заемдар барда, «кімнің айтқанын істеп, кімнің айдағанына жүретіні белгісіз» ibidem.

жақсы айтылған!

Мексика (628-бет) өз міндеттемелерін (толық банкрот болмай-ақ) әлденеше рет бұзған; бірақ оған беруден танбайды, әйтпесе бұдан да бетер қауіп төнеді!!

«*Шетел заемдарына бола бақталастық*» (1913, № 10, 1024 және келесі беттер. Редакцияның заметкасы).

«Капиталдың халықаралық рыногында біраздан бері Аристофанның суреттеу шеберлігіне тұрарлық комедия ойналып келеді. Бірсыпыра бөтен ел мемлекеттері, Испаниядан Балқанға дейін, Россиядан Аргентинаға, Бразилия мен Қытайға дейін, ірі ақша рыноктары алдына заем алу жөнінде ашық немесе жасырын талаптар, кейде мейлінше табанды талаптар қойып жүр. Ақша рыноктарының жағдайы қазір онша жақсы емес, саяси перспективалары да сүйсінтпейді. Бірақ ақша рыноктарының еңқайсысы да заем беруден бас тартуға бата алмай отыр, көршісі заем беретін болып, сонымен бірге белгілі сыйға сый алу жағын да қамтамасыз етіп қояр деп қорқады. Осындай халықаралық келісімдердің тұсында кредиторға әрқашан дерлік олжа түсіп отырады: сауда шартында жеңілдік беру, көмір станциясы, гавань салу, пайдалы концессия, зеңбірекке заказ беру»... (1025)*.

«пайда» NB

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 397-бет. *Ред.*

монополиялар мен финанс капиталы жөніндегі мәселеге қажет; империализмнің «пайдасы»

1913, август, 811-бет, «Жинақ кассалары мен банктер» деген заметка...

...«Бұдан бірнеше жыл бұрып жинақ кассалары мен банктер арасында тұтанған қатты бәсекелік күреске, бірбірінен соншалықты өзгеше осы екі мекеменің қайсысы болсын өзінің төл қызметінің шеңберінен шығып, екіншісінің қызмет өрісіне баса-көктеп енуге ұмтылуы себепті тұтанған бұл күреске біздің сауда палаталары зер салумен келеді». *Бохумдағы* сауда палатасы, мысалы, жинақ кассаларына қарсы шаралар қолдануды, соның ішінде олардың вексельдерді есепке алуына, ағымдағы есептерді жүргізуіне, т. с. тыйым салуды (оларға тек «сейфтерді», чектер мен жироны ғана беріп қоюды) талап етуде*.

Нақ сол тақырып: «Жинақ кассаларының банктік қызметі» (1022 және келесі беттер) .

!! «кейін» карай, кішкентай капитализмге қарай (социализмге қарай емес) жүргісі келеді.

Жинақ кассалары байлардың мекемелеріне айналуда: Пруссияда 1909 жылы 10.3 миллиард марка вкладтың 4.78 миллиарды $=46^{1}/_{3}\%$ 3000 маркадан < вкладтардан құралған (15% 10 000 маркадан < вкладтардан құралған). Екінің бірінде байлардың 1-ден < кітапшасы бар. Жинақ кассалары бәсекенің желігімен қауіпті операцияларға (вексельдік, ипотекалық, т. б.) ұрынуда (4 және $4^{1}/_{4}\%$ төлеу керек!!). «Тыйым салу» ұсынылады...

«Батпақ» деген мақала (Л. Эшвеге) (1913, 952 және келесі беттер) — жер учаскелерін саудаға салушы жалдаптардың қулық-сұмдықтары туралы (учаскелерді асқынған бағамен сату, құрылысшылардың жұтап қалуы, ақы алмаған жұмысшылардың күйзелуі, etc. etc.). Бандасының бастығы Габерландтың «анықтама бюроларын» монопо-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 368-бет. *Ред.*

лияландыруға, яғни құрылыс ісін бүтіндей монополияландыруға талпынуы. Қорытынды сөздері көңіл аударарлық:

«Амал не, осы заманғы мәдениет дамуының сөзсіз барысы, сірә, өндіргіш күштер жекелеген әлуетті адамдардың қолына барған сайын көбірек жиналып, бұлар оларды монополистік жолмен пайдаланатын жағдайға себепкер болатын тәрізді. Герман конституциясы қамтамасыз еткен экономикалық бостандық шаруашылық өмірдің көптеген салаларында мазмұнынан айрылған бос сөз болып қалды. Мұндай жағдайларда арын сатпайтын, өз жауапкершілігін сезінетін чиновниктер қоғам игілігін пайдакүнемдіктің тегеурінінен сақтап қала алатын гранит жартас болып табылады. Егерде бұл жартасты тасқын қиратып кеткен болса, тіпті ең кең саяси бостандық та бізді еркі жоқ адамдар халқына айналудан құтқарып қала алмайды*, онда тіпті монархияның да тек жалаң декорациялық маңызы болар еді» (962-бет).

ха-ха!

тек қана «болар еді» ме???

NB Автордың: «Жер мен ипотека проблемалары» деген кітабы бар. 1913 (2 том). NB

ӘДЕБИЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

??*Евгений Швидланд*. «Халық шаруашылығына сыртқы дүниенің әсері» (1913) (1 крона). Тақырыптары мен тарауларынан: «Отарлар және мемлекеттер одағы».

«Фон дер *Гейдттің* отарлық анықтамасы». (Бастырған: Фр. Менш пен Ю. Гельман.) 1913 (шыға бастағанына 7-жыл) (16 марка). Отарлардағы барлық банктер мен акционерлік қоғамдар туралы деректер (финанс жайында).

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 390—391-беттер. *Ред.*

? Леопольд *Джозеф*. «Неміс банктерінің эволюциясы». Лондон, 1913. Мүмкін Риссерді қайталау болар? әлде олай емес пе?

Эрх. *Гюбенер*. «Германияның темір жасау өнеркәсібі». 1913. (5.60 марка) («Жоғары сауда мектебі кітапханасының 14-томы).

Пауль *Хаусмейстер*. «Немістің банк ісіндегі ірі кәсіпорын мен монополия» (1912). (2 марка).

Артур Рафалович. «Ақша рыногы». 1911/2, Париж, 22-том, 1912/3.

«Compass». Шыға бастағанына *46*-жыл. 1913 (Австрияның финанс әржылдығы; II томында халықаралық статистика). Бастырған *Р. Ганель*.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР СТАТИСТИКАСЫ

«*Бағалы қағаздардың және бағалы қағаз шығарудың* халықаралық *статистикасы*». Д-р Циммерманның» «*Bank Archiv*»-і, 1912, 1. VII.

«Халықаралық статистика институтының» (Альфред Неймарк) бастыруы бойынша, «жылжымалы құнды заттардың» статистикасы.

Франк есебімен (мд. = миллиард франк).

1. I. 1897—446.3 миллиард.

1897— *дәл емес* (301-б.) *1901*— түзетілген

	1/I 1897		1/I 1901		1/I 1907
Великобритания	182.6	— —	215	— — —	125—130
Голландия — —	13.0	— —	15		
Бельгия	6.1	— —	8		
Германия	92.0	— —	80	— — —	60 - 75
Австро-Венгрия	24.8	— —	30	— — —	20—22
Италия	17.8	— —	17	— — —	10 - 12
Румыния —	1.2	— —	1.5		
Норвегия	0.7	— —	1.0		
Дания — —	2.7	— —	2.2		
Франция —	80.0	— —	135	— — —	95—100
Россия	25.1	— —	35	— — —	20— 25
Испания		— —	10		
Швейцария ——	——	— —	8		
Швеция *және б.*	——	— —	5		
	Σ=446.		Σ=562.7		

(302-б.) (*нақты* қолда бар бағалы зат)

Америка Құрама Штаттары ————	110—115
Жапония ————————	—— 5
Өзге мемлекеттер ————————	30—35

Миллиардтар:

1897—446.3
1899—460
1901—562.7 (342.4)
1907—732 (475—514)
1911—815 (570—*600*)[14]

Жақша ішіндегі цифрлар = екі еселенген және қайталанған сандарды (бұрынғының $^2/_3$ мөлшерінде) алып тастау әрекеті (301-бет) («жеке мемлекеттердің саудасында және қарамағында нақты болып отырған құнды заттар»).

Осы *дәптердің 68*-бетін қараңыз*.

	Тұтас бесжылдықтар ішіндегі *сомалар:*		(317-бет) Эмиссиялар миллиард франк есебімен
Неймарк, XIX том, II кітап, 206-бет	1871/5	— —	45.0
	1876/80	— —	31.1
	1881/85	— —	24.1
	1886/90	— —	40.4
	1891/5	— —	40.4
	1896/900	— —	60.0
	1901/5	— —	83.7
	1906/1910	— —	114.1***

осының *68—69* беттерін қараңыз**

ГРУНЦЕЛЬ. «САУДА, ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ БАЛАНСЫ»

Проф. д-р Иосиф *Грунцель. «Сауда, төлем және шаруашылық балансы».*
Вена, 1914.

NB *26—29-беттер:* Шетке *капитал* шығару туралы etc. деректердің қысқаша жиынтығы (бұлар көбінесе барша жұртқа белгілі деректер). Шетел капиталы

Австро-Венгрияда: 9 809 млн. крона (оның ішінде
Германиянікі 4 653,
Францияныкі 3 270)

Аргентинада 9 миллиард марка
Қытайда 3 737 млн. марка (мемлекеттік борыш:
темір жолдарда *50* млн. *фунт стерлингтен* >банктерде *34)*

* Қараңыз: осы том, 124-бет. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 124—127-беттер. *Ред.*
*** Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 392-бет. *Ред.*

Жапонияда	1 765	млн. иена (бұл мемлекеттік борыш; ал кәсіпорындарда 33 млн. иена)
Канадада	1 750	млн. доллар (оның ішінде Англиянікі 1050; Американікі 500)
Мексикада	1 000	» » Американікі+700 Англиянікі

ШИЛЬДЕР. «БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫНЫҢ» 1-ТОМЫ

Д-р Зигмунд Шильдер. *«Бүкіл дүние жүзілік шаруашылықтың даму тенденциялары».* I том. Берлин, 1912. (I том: «Бүкіл дүние жүзілік шаруашылыққа жоспарлы түрде?! ықпал ету»).

Тақырыбы тым шұбалаңқы, ал тақырыпшасы нағыз алаяқтық, өйткені автор таможнялық саясатқа маманданған=жоспарлы түрде ықпал ету деген міне осы!!

Автор — сауда музейінің секретары.

4-бет — Зомбартпен (оның «экспорт квотасы» кеміп барады деген теориясымен) келіспейді. Бұл «квота» *көбеюде* дейді.

6-бет. Протекционизм әлсірей бастаған сияқты («мұның белгілері») 1910—1911 ж.

6-бет — Францияда «қымбатшылыққа байланысты толқулар», VIII. және IX. 1911. *Даталар (NB):* Венада 17. IX. 1911.

27—28. Егіншіліктің **өзі де дамуда** дейді (тек индустрия ғана емес), «тіпті» «sogar» (28-бет, төменнен 8-жол): «Европаның индустриялы елдерінде де солай» (Осы бір «тіпті» дегені тамаша!).

(NB: сәйкестік мәселесі *жөніндегі* көзқарасы — «жер шарындағы ауыл шаруашылығының сатып алу қабілеті» жетерлік пе, 27-бет.)

28—29. Ауыл шаруашылық серіктіктерінің дамуы (тіпті *Индияда:* 3 498, мүшесі 231 000, «The Times», 27. VII. 1911).

Ауыл шаруашылығы *Құрама Штаттарда* өте-мөте шапшаң дамуда.

20-ғасырда мұндайды *Родезиядан* күтуге болады дейді.

30: Канадада, Суданда (египеттік), Месопотамияда

31 — үкіметтер отарларда егіншілікті дамытқанда, «өнеркәсіп өнімдерін сатып алушыларды табу үшін» дамытады. (Ал Индияда (таяудағы уақытқа дейін) және Египетте Англия осы мақсаттармен өнеркәсіптің дамуына *қасақана* «бөгет жасауда».)

35—6— ауыл шаруашылық өнімдері жетпейді деп қорқуға негіз жоқ. Тропиктер мен подтропиктер NB. *Филиппины.* 74 миллион акр жердің 3—5 миллионы ғана өңделеді. (Халқы бір шаршы километрге 27 адамнан келеді.)

38: «Кейбіреулерге мүмкін оғаш болып көрінетін бір пікір айтуға болады, ол пікір, атап айтқанда, мынадай: қала мен өнеркәсіп халқының өсуіне азды-көпті таяу уақыттың ішінде азық-түлік заттарының жеткіліксіздігінен гөрі өнеркәсіпке керекті шикізаттардың жеткіліксіздігі анағұрлым тезірек кедергі болуы мүмкін». NB

Ағаштың жеткіліксіздігі: ылғи қымбаттап барады; idem *тері;* idem тоқыма өнеркәсібіне керекті шикізат (39).

«Өнеркәсіпшілердің одақтары бүкіл *дүние жүзі шаруашылығының* көлемінде ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасында теңбе-теңдік жасауға тырысады; мысал ретінде аса маңызды өнеркәсібі бар бірнеше мемлекеттерде мақта-мата фабриканттары одақтарының 1904 жылдан бері өмір сүріп келе жатқан халықаралық одағын атап өтуге болады; одан соң, соның үлгісімен 1910 жылы құрылған *кендір-кенеп тоқымашылары* европалық одақтарының одағын атап өтуге болады». (42)* NB уақыты! NB

мемлекеттер ішінде — *қант қызылшасын* өндірушілердің фабриканттармен келісімі.

Ауыл шаруашылық дағдарысы, 19-ғасырдың *70*-жылдарынан *90*-жылдарына

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 416-бет. *Ред.*

«Шығыс Европа» (экономикалық және саяси ұғым...) || дейін бағаның төмендеуі. Себеп — Американың бәсекеге түсуі ме? + «*Шығыс Европадағы*» егіншілердің қысылыңқы жағдайы және Индия (салыстыр: Энгельс).

жақсы айтылған! || (43—4) «Деревняда ауыл шаруашылық кооперациясы мен халық ағарту ісінің жақсаруы арқасында ғана шаруаларды азат ету жөніндегі заңның әрпі нақты фактіге айналды».

47: Румынияда шаруалардың 1907 жылғы (көктемдегі) көтерілісі олардың жағдайын жақсартуда Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция сияқты роль атқарды.

NB || 51: «Генри Джорджың Британияда жерді национализациялау ілімі» «**практика жүзінде**» тек *Жаңа Зеландияда* ғана (19-ғасырдың 90- жылдарының басынан бастап) қолданылды (халқының көпшілігі ұсақ жер меншікшілері әулетінен құралған)... Австралияда *1910* жылдан бастап «нақ сондай жолдар»...

картельдер 1882—1912 |||| 63: *Картельдердің* ролі (демпинг және фритредерлік елдермен күрес) «шамамен алғанда отыз шақты жыл бойы»...

Ағылшын протекционистерінің дәлелі. NB

[NB: *Англиядағы, Бельгиядағы* және *Голландиядағы* протекционистік ағым осыдан туған: 67.]

66: *Брюссель* қант конвенциясы (5. III. 1902; жаңғыртылған кезі 28. VIII. 1907) мемлекеттердің (қантқа деген) шетке шығару сыйлықтарының *картельдердің* осындай сыйлықтарымен біріктірілуіне тыйым салды.

NB || *72:* Нағыз протекционизмнің еркін саудамен жақындасатыны *сол*, мұның өзі ел ішінде өнім өткізуді қиындатады (қымбатшылық), *сыртқы* саудаға түрткі салады (сырттан (α) арзан шикізат әкелу, т. с.) (шетелдерде (β) өнім өткізу, өйткені өз халқы кедейлене түсуде).

87 — «Сауда шарттары» «банкрот» болды деу дұрыс емес екен....

таможнялық саясат мәселелері жөнінде жазып отырған авторда керексіз, көңілсіз жайттар көп-ақ; оларға соқпай отырмын

98 — Сауда шарттарының мысалдары: аграрлық ел арзан машиналарға мұқтаж (ал оның контрагенті арзан астыққа мұқтаж): болгар тарифы 6/19. III. 1911— Австрияның Германиямен жасасқан шарты (1905 ж.) (химия өнімі; жасанды индиго. т. с.)

(99) — өзара кеңшіліктер (Германияның Португалиямен жасасқан сауда шарты 30. XI. 1908) etc.

IV тараудың тақырыпшасы, «Таможнялық соғыстар»:

118 — «халықаралық товар айналымын дамыту мағынасында жекелеген таможнялық соғыстардың едәуір пайдалы әсер еткен мысалдары»... 1893/4 ж. орыс-неміс соғысы, 1893/5 ж. француз-швейцар соғысы.

1906 ж. Швейцария мен Испанияның (1906 ж. июньнен 1. IX. дейін) (ставкалардың *төмендеуіне* әкеліп соқты).

		Шарттармен тынған кезі
Австрияның Румыниямен	(1886—1894)	: 1909
» Сербиямен	(1906 1910)	: 1910

127. {Таможнялық соғыстар сиреп барады, бірақ бұлардың ролін қоқан-лоқылар, келіс сөздер etc. атқаруда.

145. Англияда еркін сауда *әрі* оның *әскери* қуатына (флот) және отарларына сүйенді.

Рас, 1860-жылдарға дейін Англияда отарларды түгел сақтап, ұлғайтуға селқос қараушылық үстем болып келді (1864 жылы Англия саяси және *экономикалық* өтеуін сұрамай-ақ *Ион аралдарын* Грецияға тіпті *тегін* берді).

146 — 8; 1880-жылдардан бастап Англияның отарлар иемденуі күшейе түсті. ((Салыстыр *Гобсон.*)) Англияның барлық шетке шығарылатын затының $^1/_3$ бөлігіне жуығы оның отарларына апарылады; бұл аз емес және *NB: бұл* шетке шығару «өте-мөте пайдалы»

NB (149) себебі: (1) отарларда *капитал* орналастырылады
(2) онда *«өнім апарылады»* («қоғамдық өнім апару») (*өте* маңызды!!)
(3) «Отарларда британ бұйымдары баж салығы жағынан артықша жағдайда болады»: (отарлардың көпшілігінде)

151: капитал орналастыру үшін мемлекеттік өкімет те (концессиялар, қалалық және мемлекеттік мекемелер etc.) және *сенім* де қажет: бұл жөнінде

(«Империализм» факторларынан)

NB 151... «қай кезде және қай жерде болса да ағылшын тәртібіне тән дерлік ерекше *либерализм* мен *адамгершілік* бар деген аңыз,— Ирландияға, сондай-ақ Индиядағы, Египеттегі, т. т. кейбір шараларға қарамастан, Британ империясының билеуші топтары да, сол сияқты ағылшын баспасөзі де барынша қолдап отырған аңыз» — «ағылшындарға қызмет етуде» (инвестициялауды оңайлатуда). (1912 жылы жазылған.)

154: Ағылшын отарларында «отар аралық тиімді баж салығы» да кең өріс алған.

(((NB: бүкіл империяның таможнялық одағына қарай қадам басу. *Менің қосымшам.*)))

Іс жүзінде Англияның протекторатында *Португалия,* ішінара Испания (1901—1910),... *Норвегия* (1905 жылдан)... *Сиам* (1860-жылдардан 1904 жылға дейін; 1904 жылы Франциямен шарт; олардың *ортақ* протектораты)...

«Субтропиктік немесе тропиктік шала мәдениетті елдердің, шамамен бірнеше ондаған жылдарға созылатын, біршама қысқа мерзімді өтпелі сатылардан кейін нағыз ағылшын отарларына айналғаны немесе көрінеу айнала бастағаны сияқты» (Египет, Занзибар...) «бұған дейін келтірілген мысалдардан гөрі қызғылықты, бәлкім, бұлардан да маңызды бірқатар басқа жағдайлар бар. Мұнда айтылып отырған жағдайлар мынадай: *европалық мәдениеттегі мемлекет* ең арғысы ресми түрде толық суверенитетінің ешқандай сыртқы белгісін жоғалтпаған болса да, оның ұзақ уақыт, ондаған, тіпті жүздеген жылдар бойы іс жүзінде британ протекторатында болуы мүмкін.

Мұның ең белгілі де маңызды мысалы — *Португалия.* Испан мұрагерлігі үшін болған соғыстан (1700—1714) бергі жерде Великобритания Португалияның Европадағы

немесе мұхиттың арғы жағындағы иеліктерін испандардың, француздардың және т. т. шабуылдары мен көз алартуларынан қорғау үшін әрдайым дерлік өзінің теңіз күштерін, кейде құрғақтағы армиясын да жұмсап келді. Қамқоршы Британия мен қамқорлықтағы Португалияның арасындағы кездейсоқ жанжалдар белгілі дәрежеде от басыныңараздығы сияқты болып отырды... мәселен, Африканың батысы мен шығысындағы өзінің отарлық иеліктері арасында меншікті территориялық байланыс орнатпақ болған Португалияның сол кездегі әрекетіне қарсы Британияның 11. I. 1890 ультиматумы осындай.

Қалай дегенмен де, Португалия, нақ оңтүстік және шығыс Азияда соншалықты жандана түскен дүние жүзіліксаяси бақталастыққа қарамастан, Индияның батыс жағалауындағы, оңтүстік Қытайдағы (Макао) және Тимордағы өзінің иеліктерін, рас, шағын да болса, әйтеуір Португалия сияқты кішкене мемлекет үшін маңызы бар иеліктерді, Великобританияның қолдауы арқасында ғана сақтап қала алады. Португалияның Шығыс Африкасында Англияның Португалия жөніндегі саяси протекторатының үстіне Британияның Оңтүстік Африкасымен тіпті таможнялық одақ жасасу деген де келіп қосылды»... (18. XII. 1901 жылғы шарт)... «Бұл таможнялық одақ, тегінде, осы күнге дейін жоғарыда аталған Португалияның отары үшін экономикалық жағынан өте тиімді болып шықты, оған қоса мұның өзі қазіргі уақытта болсын, болашақта болсын Британияның Оңтүстік Африкасы үшін де, сол арқылы Великобритания үшін де бағалы олжа.

Великобританияның Португалия жөніндегі осынау іс жүзіндегі протектораты 200 жылдан астам уақыт өмір сүрген кезінде ағылшынның саудасы мен теңіз қатынасы үшін мейлінше пайдалы болды»... (1703 ж. Португалиямен жасасқан шарт)...

«Алайда, Великобритания бейбіт еркін саудаға көшкеннен бері дипломатиялық әрекет арқылы Португалияның таможнялық тарифіне ықпал көрсете алады, ал басқа елдердің тіпті коммерциялық жеңілдік беру немесе таможнялық соғыс қаупін төндіру сияқты шаралар қолданған күнде де мұны істей алуы неғайбыл. Оның үстіне, үстемдік етуші держава жағдайында болғандықтан, Великобритания шетке капитал шығару мен инвестициялау мүмкіндіктерінің бәрін өте-мөте кең пайдалана алады, бұл үшін Порту-

галия үкіметінің концессиялары қажет»... (Португалия Африкасындағы темір жолдар, т. т.)...

«Жанама түрде, тағы да сол өзінің Португалия жөніндегі протектораты арқасында Великобритания Оңтүстік Африкадағы өз жағдайын және Конго мемлекетіндегі өз ықпалын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар теңіздегі үстемдігін, өзінің отарлық, бүкіл дүние жүзілік-саяси және экономикалық қуатының осы мықты тірегін де нығайта түседі. Мысалы, Португалия соғыс уақыты мен бейбітшілік уақытында өзінің порттары мен аралдарын жаттығу пункттері және теңіз қатынасына, кабельдерге, т. т. арналған аралық станциялар ретінде британ флотының қарамағына беріп қояды» (159—161)...*

Бисмарктың нақыл сөзі ||| 169 — Англия соғыста европалық мемлекеттерді *«тамаша жаяу әскер»* ретінде пайдаланды. («Бисмарктың мінездемесі бойынша, дүние жүзілік саясаттың «әйдік есерсоғы» ретінде пайдаланды»).

170 — Англия Лондонға таяу жерде күшті мемлекетті болғызбау үшін Бельгияның Голландиядан бөлініп шығуын қолдады (өзінің бақталасы болған Голландияны «қақ бөлді»).

175—6. Персия үшін *(Англияның)* 9. VI. 1908 *келісімге* дейін (ұзақ уақыт) Россиямен күресі.

Сиам үшін *(Англияның)* 8. IV. 1904 *келісімге* дейін (ұзақ уақыт) Франциямен күрес жүргізуі.

178 және келесі беттер. «Британияның бүкіл дүние жүзілік саясатының *4* дәуірі» (бұлар 184-бетте көрсетілген):

1) азиялық бірінші дәуір (Россияға қарсы), шамамен 1870—1885 жылдар.
   { 1870— Россияның Қара теңіздегі праволарына қарсы.
   1885— Ауғанстанның шекаралары туралы келісім.
2) африкалық дәуір (Францияға қарсы, ішінара Португалия мен Германияға қарсы) шамамен 1885—1902 жылдар (1898 «Фашода»)
   { 1885 — Конго туралы келісім: «тәуелсіздік» (Англия жұтып қойғысы келді)
   1902 — бур соғысының ақыры

---

* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар толық жинағы, 27-том, 420-бет. *Ред.*

3) азиялық екінші дәуір (Россияға қарсы): шамамен 1902—1905.

{ Жапониямен шарт 1902. Жапон-орыс соғысы 1904/5

4) «европалық» дәуір (Германияға қарсы) шамамен 1903 — — — («германға қарсы»)*

1903: Бағдат темір жолы жөніндегі егестер.

194: Британ империясы (отарларымен қоса) «халықаралық сауда айналымының $^1/_4$-інен >» береді (II томға сілтеме, IX қосымша)

аз: салыстыр: Лансбург: $^3/_4$**

214. Бухариннің кестесі + Жапония? + Португалия (216) —2.18 шаршы километр — халқы 13 миллион.

220. Шеткері аймақтар екінің бірінде ерекше (таможнилық) жағдайда (тіпті осы заманғы техника үшін де тым алшақ) болады.

— Россияда Шығыс Сибирь

— Америкада Филиппины, т. с.

226. Россияда алты «ерекше шаруашылық аудан»: 1) Польша («Россияға зат шығару» деседі поляктар); 2) оңтүстік; 3) Архангельск; 4) Урал; 5) Москва; 6) Балтық (+Финляндия).

237... 1911 жылы Оңтүстік Американың солтүстік бөлігінде Құрама Штаттарға қарсы «Ұлы Колумбияны құруға талпынушылық «білінді». ||| NB

[illegible] *және басқалар.* Қазіргі дүние жүзілік алып мемлекеттердің біртұтас шаруашылық тұлға болып бірігуі *«жан-жақты еркін саудаға»* «жақындағандық» болады екен.

«18-ғасырдың өзінде-ақ, Солтүстік Америкадағы отарлардың Великобританиядан бөлініп кетуі себепті, неғұрлым көреген отарлық халықтарға тек қана метрополия фабрикаттарын шетке шығару жөніндегі нақты немесе жалған мүдделерді көздейтін мұндай зорлықшыл отарлық саясаттың» (отардағы индустрия атаулыны *жаныштаудың*) «онша ұзаққа бармайтыны айқын болды. Ең болмағанда, тіршілік жағдайлары Европа халықтарының тіршілік жағдайларынан онша өзгешелігі жоқ белсенді де саналы халқы бар қоңыр-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 458-бет. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 53-бет. *Ред.*

жай аймақ өңірлері жөнінде осыны айтуға болады. Ал тропиктік және субтропиктік өңірлерде халқы мәдени дамудың неғұрлым төмен сатысында тұрғандықтан және әскери-саяси күш-қуаты неғұрлым әлсіз болғандықтан, осынау ескі отаршылдық саясат, аздау мөлшерде болса да, әлі сақталып отыр. Рас, қазіргі уақытта бұл саясат тропиктерде де, субтропиктерде де туа бастаған өнеркәсіп ісін дөрекі түрде жаныштаудан жалпы алғанда алшақ жатыр; бірақ жергілікті отарлық үкіметтер қандай да болсын өнеркәсіптік-саяси мәселелерге қарағанда, ауыл шаруашылық және кен-завод шикізатын өндіруді дамытуға анағұрлым көңіл бөледі. Алайда, олар көп ретте мұны тиісті тропиктік және субтропиктік өңірлердің шаруашылық дамуына көп зиян келтірмей-ақ істей алады; бұл жағдайдың онан әрі зор маңыз алатын себебі: мұндай отаршылдық саясатты ұзақ мерзім ішінде қолдану осыған байланысты. Өйткені қазір, бүкіл дүние жүзілік саяси бақталастық шиеленісіп, мұхиттың арғы жағында ұлы державалар (Құрама Штаттар, Жапония) пайда болып отырғанда, өз шаруашылығын дамытуға зорлықпен, *зиянды* бөгет жасалуына қатты ызаланып отырған тропиктер мен субтропиктер
NB халқы дегенмен де өз езушілеріне қиындық жасайтын бірер амал тауып, олардың қатал әдістермен
NB үстемдік жүргізбек болған ниеттерін тойтара алар еді» (240—241).

Мәселен, Англия Египетті *тек қана* мақта өндіретін елге барған сайын> айналдыруда (1904
NB жылы Египетте 2.3 миллион гектар егістік жердің 0.6 миллион гектарына мақта егілген), сөйтіп өнеркәсіптің дамуын *қиындатуда* (мысалы, Египетте 1901 ж. салынған мақта өңдейтін 2 фабрика мақта *салығына* тап болған, яғни үкімет мақтаға «тұтыну салығын» салған!!!) (244—245).

«Біздің заманымыздағы отаршылдық саясат».

Отарлардағы «осы заманғы» саясат жалпы алғанда: шикізат өндіруді көтермелеу, ал өнеркәсіпті дамытуға «тіпті қастық жасамаған күнде селқос» қарау екен (247).

«Алайда қоңыржай климат өңіріндегі қайраты мен

парасаты жағынан неғұрлым мықты халықтар жөнінде мұндай отаршылдық саясат ендігі жерде, бәлкім, жүргізіле қоймас; бұл саясатты тропиктерде, ішінара субтропиктерде тұратын неғұрлым әлсіз халықтар жөнінде ғана жүргізуге болар, бірақ онда да мұны Великобритания, Франция, Германия сияқты неғұрлым күштірек европалық метрополиялар ғана жүргізе алады. Мұның керісінше, Нидерланды, Испания мен Португалия бір жағынан өздерінің бұрынғы отарлық иеліктерінен айрылып отыр, бір жағынан олардың сақталып қалғаны үшін неғұрлым қуатты отарлы державалардың ықтияры мен өзара бақталастығына ғана борышты. Әсіресе Бельгияның өз отарына жүргізіп отырған үстемдігі жөнінде осыны айтуға болады.

NB

NB

...Бірақ тіпті ең қуатты отарлы держава Великобритания да қазір іс жүзінде нашарлап кеткен жағдайын дұшпанның өтімді үгіті алдында одан бетер нашарлатып алмау үшін өзінің аса ірі де маңызды отары *Индияда* өзінің отарлық сауда және өнеркәсіп саясатының жоғарыда көрсетілген принципін қатаң сақтаудан едәуір шегінуге мәжбүр болып отыр» (247—248)...

NB

247, ескерту.

«Құрама Штаттар көтеріліс жасаған жергілікті халыққа қарсы көп жыл бойы қажырлы, қан төгіс күрес жүргізе тұрса да, ақырында Филиппиныға кең правосы бар *парламенттік өкілдік* (конгресс) берді, мұның өзі Солтүстік Америка мемлекет қайраткерлерінің отарлық-саяси қабілетін жақсы дәлелдейді. Алайда, солтүстік американдардың Филиппинидағы *жер саясаты*, латифундиялардың құрылуына әкеп соғатын саясат, бұл қабілеттің нашарлау айғағы болып отыр».

NB NB американдар Филиппиныда

NB

Отарлық қанаудың тәсілдері: *чиновниктерді* үстем ұлттан тағайындау;— оның алпауыттарының жерді басып алуы; көтеріңкі салық («еңбекке тәрбиелеу»)...

Білімді топтары европалық-американ цивилизациясымен біте қайнасып кеткен солтүстік Индия үнділері мен египеттіктер сияқ-

!!! ты... субтропиктік отар халықтар үшін шетел өктемдігі фактісінің өзі көрер көзге жәбір болып отыр, олар мұны мейлінше өшпенділікпен, әрең көтеруде» (249).

Египеттегі халық Индиядағыға қарағанда анағұрлым біртектес (тілі, ұлты жағынан etc.), «сондықтан бұл ел (Египет), мысалы, европалық Россияның кейбір өңірлеріне қарағанда европалық елге көбірек ұқсайды» (252).

(сол сияқты Цейлондағы, бұғаздар төңірегіндегі («Straits Settlements»), Алжирдегі, Тунистегі, т. б. халықтар «1/2 цивилизацияланған») (258).

NB Англия сияқты... *Голландия* да өз отарларында «фритредерлік саясат жүргізуде, сонымен бірге бұл саясат көбінесе ауыл шаруашылық өндірісі мен кен-завод шикізатын дамытуға бағытталған» (259).

Германия Англияның пайдасын көздейтін артықша баж салығы үшін Канадаға қарсы таможнялық соғыс жүргізді (1898 31. VII. ден 1910. 1. III. дейін). Осы артықша баж салығын сақтаумен және Канаданың Германиямен таможнялық шарт жасауымен тынды.

«Мүмкін қадерінше болжап қарағанда» Англия, Голландия, Германия отарларының дені *барлық* елдер үшін есікті ашық ұстау тәртібін сақтап қалады (271). Бұған *Трешер* қарсы дау айтты («Артықша баж салығы» 1908), ал Шильдер: өз қорытындымды *жұмсарттым* дейді.

Мемлекетке *өнім өткізу* жөнінде (269—270) барлық жердегі дағды: *«өз»* еліне іш тарту.

««**Есігі ашық» өлкелер**» болып табылатын (ескі типтегілер: Түркия (1908 жылға дейін), Румыния, Болгария, Египет, Марокко, Персия; жаңа типтегілер: Конго, Ауғанстан) «әрқашан дерлік тәуелсіз немесе, ең болмағанда, ресми мемлекеттік-тәуелсіз, бірақ көбінесе тек шала цивилизациялы елдер»... (274).

(1) Әдетте оларға *суверенитет* жетіспейді. Әдетте олар ұлы державалардың уысына түседі: бұл өлкелердің жеке бөлшектері *бөлініп алынады.*

(2) ««Есігі ашық» елдің жеке өлкелері бұрын өздеріне үстемдік жүргізген мемлекеттен бөлініп алы-

нады да, біршама ұзақ өтпелі дәуірден кейін саяси және шаруашылық жағынан толық суверенитетке ие болады; шағын және орташа Балқан мемлекеттері осындайлардың қатарына жатады. Мұның өзі жалпы және тұтасынан алғанда 1-пунктте көрсетілгендей онша жиі кездеспейді» (274). NB

(3) Толық дербестік алғандар *өте сирек* (Жапония).

Ad *2*. Дербестіктің өсуі:

Жапония 1890- жылдар.

Болгария 1897—19*09* (толық суверенді!).

Сиам *дәл қазір*.

VI параграфтың тақырыбы: «Есігі ашық» өлкелерді ұлы державалардың жұтып қоюы: Босния, Алжир,.. Формоза, Бельгия Конгосы, т. т. мысалы арқылы расталған осы тарихи процестің бүкіл дүние жүзілік-экономикалық тиімділігі...» аполо-гет!!

(Мұның тәуір жақтары (сондай-ақ бұрынғы «есігі ашық» өлкелердің дербестігінің тиімділігі: § VII— автордың ойынша сауданың өсуінде!! Бар болғаны сол!! Кітап *көбінесе* ***таможнялық саясатқа*** арналған).)

Сиам **әсіресе 1904/5 ж. орыс-жапон соғысынан кейін дербестікке қарай дамып келеді (318 және келесі беттер).**

Қытайда — Персияда — Арабияда — Египетте ұлттық қозғалыстың өсуі (329 бет), т. т. және т. т.

§ IX: «Есігі ашық» өлкелердің жоғалуы — тоқтаусыз, бірақ бүкіл дүние жүзілік шаруашылық үшін игілікті процесс» (337)... бұл өлкелер — «жартылай тағы», көбінесе шала цивилизациялы қалыпта... «Ұлы державалардың арасына от салатын тамызық» (337—8)...

NB IX тарау. *«Шетелдерде капитал орналастыру».*

(І бөлімнің тақырыпшасы. «Шетелдерде капитал орналастыру — *экспортқа көмектесу құралы».)* енді еркін бәсеке *емес*

Дағдылы шарт: заемның бір бөлегі кредит беруші елдің *өнімдеріне* жұмсалады («адам айтқысыз жиі», 342).

Мысалдар: Парижде XII. 1909 ж. Болгарияға; — IX. 1910 ж. Венгрияға заем бермей қойған.

...«Заемның нақ осы шарттары арқасында *бүкіл дүние жүзілік рыноктағы бәсекенің шегіне жеткен шиеленісі жойылады*. Халықаралық NB

«сыпайы» айтылған | бәсекенің орнын неғұрлым шектеулі бәсеке басады; мұның өзі кредит беруші мемлекеттің тиісті фабрика-завод кәсіпорындарын ғана қамтиды, соның ішінде тіпті *сатып алушылықпен шектес** әдістер қолданғанның өзінде белгілі бір себептермен өте-мөте тәуір делініп жүрген кейбір кәсіпорындарды ғана

«монополия» | қамтиды... мысалы, Германияда Крупп, Францияда Крезодағы «Шнейдер э К°», т. т. (346)... «Мұндай *монополия* арқылы тым көп қиянат жасауға болмайды деп ойлауға болар еді», ...өйткені басқа мемлекеттен өтінуге болады ғой, дегенмен іс жүзінде таңдау жасау оңай емес... (346).

Франция соңғы 20 шақты жылдың ішінде бұл әдісті *өте-мөте жиі* қолданып жүрді.

348, ескерту, жыл сайын... «жиналатын капитал»,

Францияда > 3-тен 4 млрд. франкке дейін
Германияда 5 млрд. франк
(Дельбрюк рейхстагта 12. II. 1911).

NB | Австрия мен Сербия арасында болған (7. VII. 1906 жылдан 24. I. 1911 жылға дейін; 1908/9 ж. *жеті ай* үзіліспен) «таможнялық соғыстың» *бір себебі* — Сербияға *соғыс* құралдарын беру ісінде Австрия мен Францияның (екеуі де артта қалған елдер) бәсекелесуі болды: Поль Дешанель 1912 жылғы январьда палатада: 1908—1911 жылдарда француз фирмалары Сербияға 45 миллион франк тұратын соғыс материалдарын жеткізіп берді деп мәлімдеді (350).**

Екінші тәсіл: заем берерде (немесе заем әңгіме болғанда) *сауда шартында* өзіне «пайда» түсіруді көздеу: Мысалы: Англия

Австрияны 16. XII. 1865 сауда шарты бойынша
Франция — Россияны 16. IX. 1905 » » »
(1917 дейін)
» — Жапонияны 19. VIII. 1911 » » »

осылай («тонады», «қысымға салды» т. т.— менің сөздерім).

Кейде қарызға капитал алушы елдердің өздері оны

*Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 397-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 398-бет. *Ред.*

басқаларға қарызға береді, сөйтіп «капиталмен сауда жасайды»: мысалы, Құрама Штаттар Англиядан алып, Оңтүстік Америкаға береді, т. т., т. т. (365 және келесі беттер).

Швейцария бөтен елдерге ықыласымен береді (% жоғары), *протекционистік* елдерде фабрикалар салғызады, т. с. (367-бет).

...«Австро-Венгрияның *Сан-Паулодағы* (Бразилия) консулатының 1909 жылғы есебінде былай делінген: «*Бразилия темір жолдары* көбінесе француз, Бельгия, британ және неміс капиталдарымен салынып жатыр; бұл елдер жолдар салуға байланысты финанс операцияларын жасағанда, темір жолға керекті құрылыс материалдарын өздері жеткізіп отыратын болып келіседі»» (371)...*

Австро-Венгрияның Буэнос-Айрестегі консулатының 1909 жылғы есебінде *Аргентинадағы* капиталдар мөлшері корсетілген (371-бет).

британдікі ....8 750 млн. франк (=350 млн. фунт стерлинг)**
француздікі .... 800 » »
немістікі ....1 000 » »

• *Канададағы* шетел капиталдары (1910)—12 687 млн. франк (373 бет)

оның ішінде 9 765 британдікі
2 190 Құрама Штаттардікі
372 француздікі

Мексикадағы шетел капиталдары (1886—1907) 3 343

оның ішінде 1 771 Құрама Штаттардікі
1 334 британдікі

(қалғандары) немістікі, француздікі, испандікі etc. [86-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Автор тек 381—2-беттерде ғана кесте берген (+және— корсетілмеген), басқа цифрлар (орналасқан капитал) «The Statist»-тен алынып, тек текстө ғана берілген, оның бер жағында (ғажап!) 1870—1911 жылдардағы шеттен

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 398-бет, *Ред.*

** Бұл да сонда, 419-бет. *Ред.*

	Миллион фунт стерлинг Великобританиянікі (381—2)					Млн. фунт стерлинг (386—387-б.) шетелде және отарларда орналасқан британ капиталы (Жетіжылдықтар)
Орташа	әкелгені *брутто*	әкелгені *нетто* кері шығарғанынан басқа	шығарғаны кері шығарғанынан басқа	сыртқы сауда әкелгенінің астамы нетто		
1855—59	169	146	116	33*		
			+			
1860—64	235	193	138	55		235 (1856—62)
			+		=	—
1865—69	286	237	181	56		196 (1863—1869)
			+		=	+
1870—74	346	291	235	56		288 (1870—76)
			—		+	—
1875—79	375	320	202	118		94 (1877—83)
			+			
1880—84	408	344	234	110		
			—		—	+
1885—89	379	318	226	92		430 (1884—1890)
			+			
1890—94	419	357	234	123		
			+		+	—
1895—99	453	393	239	154		223 (1891—1897)
			+		+	—
1900—04	533	436	290	176		107 (1898—1904)
			+		—	+
1905—09	607	522	377	143		792 (1905—1911)
			+			
1910	678	575	431	144		Менің қорытындым: Σ = (1856—1911) *2 3 6 5* млн. фунт стерлинг.
					—	
1911		578	454	124		

әкелінгендер жайында жыл сайынғы деректерді келтіре отырып, бұларды жетіжылдықтарға шағып есептемеген!

Автордың қорытындысы мынадай: орналасқан капитал статистикасы онша дәл болмай отырған жағдайда (капиталдың *жекеше* орналасуы жоқ), сәйкестік (шеттен әкелу көптігінің *азаюы* және орналасқан капиталдың *көбеюі* арасындағы сәйкестік) жеткілікті (392-бет).

392—3-бет: индустриялы *б е с* ел ***«нағыз айқын кредитор елдер»:*** Англия, Франция, Германия, Бельгия, Швейцария. ***Г о л л а н д и я*** **«индустриясы шамалы»** («industriell wenig ent-

* Шильдерде осылай. *Ред.*

wickelt» (393)); *Құрама Штаттар* Америкада ғана — кредитор ел*; ал Италия мен Австрия «кредитор елдерге айналу жолымен тек бірте-бірте алға басуда» екен (393).

|| I томның соңы ||

384-бет, ескерту. 1910 ж. аяғында шетелде орналасқан британ капиталының сомасы = 1 638 млн. фунт стерлинг (= 40 950 млн. франк), оның ішінде Құрама Штаттарда 709 млн. фунт стерлинг (= 17 725 млн. франк) = 43.3% + 1 554 млн. фунт стерлинг (= 38 850 млн. франк) британ отарларында; шетел + жеке капиталдар + 1 800 млн. фунт стерлинг (= 45 000 млн. франк). NB

ГИЛЬДЕБРАНД. «ӨНЕРКӘСІП etc.»

Герхард Гильдебранд. «Өнеркәсіп пен өнеркәсіп социализмі үстемдігінің шайқалуы». 1910 (Иена).

«Шаруалар елдерінің өнеркәсіп дербестігінің артуы» жайындағы цифрлар жиынтығы (көбінесе *тізбегі)* (88-бет) «осы уақытқа дейін шаруалар елі болып келген елдердің өнеркәсіп жағынан өзіндік дамуы» (138)...

§ 11 «Қытай қаупі»... 1920—1925 жылдарға дейін Қытай капиталы шырқап кетеді екен etc. etc.

...«Батыс европалық мәдениетті ортаның өнеркәсіптік монополиясы күйреп тынады»... (203)...

207-бет. Мәселе мынаған келіп тіреледі: өнеркәсіпті елдерде пролетариат «азық-түлікпен және киіммен қамтамасыз ететін шаруалар базасының орнын басуға немесе оны сақтап қалуға жарай ма?

«Осынау анық қойылған сұраққа: *Жоқ!* деп бұлтармастан, келтесінен, анық жауап қайыру керек» (207).

209: (Европада) 200 млн. қой
15—20 » тай мақта etc. табуға болмайды.

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 436-бет. *Ред.*

«Оның (пролетариаттың) ендігі жерде капиталистерді экспроприациялауға ұмтылатын жөні жоқ, өйткені өнеркәсіп өндіріс құрал-жабдықтары ендігі жерде пайдаланылмайды» (210), ал егіншілікке ол көше *алмайды* (211)...

«Сөйтіп, қолында дәнеңесі жоқ, барлығына үстемдік етуші бұқараның бүкіл өндірісті бірыңғай, тома-ға-тұйық реттеуі мағынасында алғанда демократиялық социализм мүмкін болмай шығады... Шаруалар өндірісіне өнеркәсіп демократиясының үстемдігінен гөрі шаруалар демократиясының өнеркәсіп өндірісіне үстемдік етуі анағұрлым көбірек ықтимал» (213).

! ! (margin)

«Алайда, өнеркәсіп демократиясы тарапынан демократиялық социализм жүзеге асырылады деп күту мүлде мүмкін болмай шықты, өйткені:

? 1. органикалық өндірістің аса маңызды салаларында шаруалар шаруашылығы әлі де алда келеді;

2. шаруалар бұқарасы жеке меншікті шаруашылық негіздерін ұнатады;

3. шаруалар елдерінің өнеркәсіп өндірісінің неғұрлым көбірегін өз жағына тартуға ұмтылуы заңды нәрсе;

4. халықаралық бәсеке үстем болып отырған жағдайларда, әсіресе жер шарындағы барлық халықтың төрттен бірі болып отырған Қытай дүние жүзілік шаруашылық системасына кірген-нен кейін және бұрын аграрлық болған өзге елдер өнеркәсіпті мемлекеттерге айналғаннан кейін, олар өз өнеркәсіп табыстарын әбден еміп-еркін басқара алады, ал өнеркәсіп табыстарын олардың өздері монополизацияламаған болатын (215); ?

5. мұның керісінше, өнеркәсіпті мемлекеттер тамақ заттары мен киім-кешек өндіруге керекті шикізат алуға келгенде шетелдік шаруалар базасына барған сайын көбірек тәуелді болып отыр» (216)...

!?! ...«Бақытсыздық мынада болып отыр: Батыстың техникалық мәдениеті енгеннен кейінгі жерде Шығысты индустрияландыру ісі өнеркәсібі қатты титықталып отырған және тіпті байсалды түрде айтқанда, өнеркәсібі тозғындап отырған Батысты аграрландыру ісінен анағұрлым шапшаң жүргізілуі мүмкін» (219)...

«Аграрлық тәрбие отарлары» (224) —
«ел ішінде шаруаларды отарландыру» (225) — автордың «амалдары» міне осылар.

Қорытындысы (яғни соңғы тарауы): «*Батыс Европаның Құрама Штаттары*» (229)...* !!!

Африка халықтары «алдағы көз жетпес уақыт-бойына» «басшылық пен тәрбиені» керек етеді (232)... «қытай-жапон одағына қарсы» 20—30 жылдан кейін тіпті Россияға + Англияға + Францияға қиын болады (231)...

Африкада «ұлы исламдық қозғалыстың» болуы мүмкін; мұның өзі «бір мезгілде әрі революциялық, әрі реакциялық қозғалыс» болмақ (233). !!

Мұндай қозғалысты «бөгеу» (233-б. in fine) — Батыс Европаның «көкейтесті мүддесі» !!!!

234 — «сондықтан» «Африкада барлық батыс европалық мемлекеттердің» «бірлесіп қимылдауы» *қажет.* sic!!

234 — Россияның (+ Жапонияның, Қытайдың, Құрама Штаттардың) келісімдерге (қарусыздану туралы және басқа келісімдерге) қосылуы *мүмкін емес,— батыс европалық* ұлттардың топтасуы керек. sic!!! NB

235: «Батыс Европада капиталдар құрастыру қарқынын баяулату» (verlangsamen) керек... «өнеркәсіп қарқынын» «тежеу» керек... «шаруалар білімін күшейту керек»... таможня одағы... үдемелі табыс салығы etc... !

236. — —астыққа баж салығы керек, бірақ «тежеулі» болсын.

238 — *жұмысшылар мен шаруалардың* демократиялық одағы керек («*коммунистік утопиялар*» жойылсын) (238).

239 — «әлбетте», «Батыс Европаның Құрама Штаттары» *күшті әскер мен флотты қажет етеді.*

240 — Англия «империалистік оқшаулықта» қалғаннан гөрі қосылуды мақұл көреді екен...

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 440-бет. *Ред.*

Социал-демократия *ішіндегі* оппортунизм мен империализмнің тенденцияларын түсіну үшін пайдалы нәрсе!

П. ТАФЕЛЬ. «СОЛТҮСТІК АМЕРИКАН ТРЕСТЕРІ etc.»

Д-р Пауль Тафель, дипломды инженер.

«Солтүстік американ трестері және олардың техникалық прогреске тигізетін әсері». Штутгарт, 1913.

(Автор 7 жыл Құрама Штаттарда істеген — алғы сөзден.)

трестердің құрылған уақыты || 1-бет — Трестердің басталуы (шамамен) 1880- жылдар. 1900—185 трест 1907—250; *7 миллиард* доллары бар {Лифманда «Картельдер мен трестер»}

2-бет — *Акционерлер* саны *(болат* акцияларынікі) > *100 000!!*

8—9-беттер — Американда *тіке* темір жолдарға көшті. «Жазы-қысы бірдей жүруге болатын тас жолдар Құрама Штаттарда әлі күнге дейін жоқ» (71, 9-ескерту)... ! |||

Трестердің экономикалық жағдайлары мен формалары туралы шұбалаңқы айтылған.

48-бет: «Болат тресінің ең басты бақталасы туралы, Джонс пен Лафлиннің Питтсбургтегі компаниясы туралы: мұның кәсіпорындары трестің кәсіпорындарына қарағанда ең жаңа жабдықпен жабдықталған деседі.— Былғары тресінің акционерлері басқармаға былай деп кінә таққан: істің нашар жүргізілуінің себебі—басқарма кәсіпорындарды техникамен жабдықтауды бетімен жіберген. Орақ машиналарын жасайтын американ тресін жұрт мына себептен мақтайды: бұл трест шығындарды азайту үшін, сөйтіп бәсекені басып тастау үшін өз фабрикаларын техниканың ең жаңа жетістіктерімен жабдықтауға қанша қаражат болса да жұмсаудан тайынбайды. (Цитат «Kartell-rundschau»-дан алынған, 1910, 53 және 902-беттер.)

Бұл жөнінде бәрінен де асып түскен, сірә, темекі тресі болар. Ресми есепте бұл туралы былай делінген: «Трестің бәсекелестерден басымдылығы кәсіпорындарының ірі болуына және техникасының

тамаша жұмыс істейтіндігіне негізделеді. Темекі тресі өзі құрылған күннен бастап жер-жердің бәрінде қол еңбегінің орнына машинаны мейлінше кеңінен қолдануға бар күшін салды. Ол осы мақсат үшін темекі өңдеуге белгілі бір қатысы бар патенттің бәрін сатып алып отырды, сөйтіп бұған орасан көп қаржы жұмсады. Көптеген патенттер алғашқыда жарамсыз болып шықты, сондықтан тресте қызмет істейтін инженерлерге оларды қайта өңдеуге тура келіп отырды. 1906 жылдың аяғында тек қана патент сатып алып отыратын филиалдық екі қоғам құрылды. Нақ осы мақсатқа арнап трест өзінің шойын құятын орындарын, машина фабрикаларын және жөндеу шеберханаларын құрды. Сол кәсіп орындарының Бруклиндегі біреуінде орта есеппен 300 жұмысшы бар; мұнда папирос, кішкене сигаралар, насыбай, орама қорғасын қағаз, папирос гильзаларын, қорап және басқаларын жасау үшін ұсынылған өнертабыстары байқаудан NB өтеді; қажет болған күнде, өнертабыстары нақ осы жерде жетілдіріліп отырады»*. («Темекі өнеркәсібіндегі бірлестіктер туралы комиссия мүшесінің есебі». Вашингтон, 1909, 266-бет.)

«Мұндай саясаттың техникалық прогреске қатты демберетіні айдан анық. Жоғарыда аталғандардан өзге трестер де developing engineers (техниканы өркендететін инженерлер) дейтіндерді ұстап отырады, бұлардың міндеттері — өндірістің жаңа тәсілдерін ойлап шығару және техника табыстарын сынақтан өткізіп отыру. Болат тресі техниканы жақсарта алатын немесе шығынды азайтатын өнертабыстар үшін өз инженерлері мен жұмысшыларына үлкен сыйлықтар беріп отырады».**

Бәсекені былай қойғанда, техникалық прогреске итермелейтін нәрсе — трестер көпшілігінің *(қайта капиталдандыру* салдарынан (NB)) финанс жағдайларының нашарлығы.

Болат тресінің капиталы = 1 миллиард долларға жуық («бүкіл ұлттық мүліктің $^1/_7$ бөлігі»). Акционерлер ескі 1

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 352-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда. *Ред.*

NB ||| акцияға 3 акциядан алған. (Сонымен қатар салыстыр: Глир «Conrad's Jahbücher»-де, 1908, 594-бет).

Осы *үш еселенген* капиталға % «табу» керек!!!

! ||| Темір жолдардың капиталы = 13.8 миллиард доллар. Мұның шамамен *8 миллиарды* жалған капитал!! (*52*-бет).

Сонан соң. Ал егер *толық* монополия болса ше?

(Қазір *көбінесе* (α) бөгделер
(β) бүкіл дүние жүзілік рынок)

Құрама Штаттарда мемлекет *тек қана* почта ісін жүргізеді. *Басқасының бәрін* (темір жолдар да, телеграф та etc.) — жеке меншікті қоғамдар.

1880—177 телеграф қоғамы және посылка жөнелтетін қоғам, капиталы $66^1/_2$ миллион доллар;
1907—25 қоғам, капиталы 155 млн. доллар.

NB || оның ішінде 6 ← → 97.7% жалпы табыстан бағасы бірдей және телеграммаға Европамен салыстырғанда «тым жоғары» (60-бет).

Темір жолдардың берекесі кеткен: *Михельсен* (зор беделді!) бұларды «анархиялық, ұқыпсыздық, икемсіздік, ғылыми емес, американ халқының даналығына лайықсыз» деп атайды (63-бет).

{NB {— вагон *көп ретте* жетіспейді; әрбір өрлеу тұсында (1902; 1906), бірсыпыра *жерлерде* etc. etc.}

NB ||| {салыстыр: «Conrad's Jahrbücher» (Блюм), 1908, 183-бет.}

Соңғы уақытта Америкада темір жолдардың техникалық жағдайы *нашарлап кетті:* Европадан қалып қойды (63-бет).

1899 жылы темір жол ісіндегі шоғырландыру қозғалысы аяқталды: 1904 жылға қарай бір тонна-миляның бағасы 0.724 центтен 0.780 центке дейін *көтерілді* (!! 62-бет).

Техниканың ролі. *Камфара:*

	Миллион қадақ	1 қадақтың бағасы	
1868 шетке шығару	= 0.6	16.4 доллар	(!!)
1907 » »	= 8.4	168.5 доллар	

(1905 ж. *жасанды әдіспен* өндірілді;
↓
баға төмендеді; бірақ шикізат (скипидар) қымбат)

Трестердің халі мүшкіл: «ши аяқ алыптар»... 67-бет (бір американ жазушысының сөздері)... болашақ қараңғы...

NB. Трестер мәселелері жөнінде мынадан жиі цитат келтіріледі: «*The North American Review*»... 1904; 1908; 1902, 779-бет; 1906; 1910, 486-бет; || және басқалар.

Э. А. Гебер. «Жапониядағы өнеркәсіп еңбегі». *Цюрих,* 1912. NB. Өте келелі еңбек.

Цитат алынған: *И. Грунцель.* «Өндіргіш күштер туралы мәселедегі қате».

«Zeitschrift für Volkswirtschaft, Sozialpolitik und Verwaltung». *20-том.* 3. және 4-кітаптар.

Цитат Тафельден келтірілген.

?? *И. Грунцель.* «Индустриализмнің жеңісі». 1911.

К. КАУТСКИЙ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТПЕ VERSUS ИМПЕРИАЛИЗМ

Каутский империализм туралы: NB

Гобсонның империализм туралы кітабы жалпы алғанда пайдалы, ал оның өте-мөте пайдалы жері — каутскийшілдіктің бұл мәселедегі негізгі жалғандығын әшкерелеуге көмектеседі.

Империализм *капитализмді* үнемі *қайтадан* туғызып отырады (отарлар мен артта қалған елдердің натуралды шаруашылығынан), ұсақ капитализмнен ірі капитализмге, осал товар айырбасынан дамыған товар айырбасына өтушілікті *қайтадан* туғызып отырады, т. т. және т. с.

Каутскийшілдер (К. Каутский, *Спектатор* және К°) «бейбіт қатынастарға» негізделген, «дені таза», «бейбіт» капитализмнің осы фактілерін цитатқа келтіреді де, оларды финанс жағынан тонаушылыққа, банк монополияларына, банктердің мемлекеттік өкіметпен жасасқан келісімдеріне, старшылдық езгіге etc. *қарсы қояды,* мұнда дұрыс пен терісті, ұнамды мен ұнамсызды, прогрестік пен реакциялықты, негізгі мен кездейсоқтықты etc. әңгіме еткендегідей *қарсы қояды.*

Мұның өзі жаңа прудонизм[15]. Жаңа негіздегі және жаңа формадағы ескі прудонизм.

Мещандық реформизм: тап-таза, мұнтаздай, баяу да ұқыпты капитализмді *жақтайды*.

NB NB || Империализм ұғымына+прогресті қасақана тоқтатып қою (трестердің патенттерді сатып алуы: мәселен, осы дәптердегі герман бөтелке фабриканттарының мысалы*).

Шамамен алғанда: NB

Империализм=

(1) банк капиталы

(2) монополиялар (трестер etc.)

{ (3) дүниені бөліске салу. [Отарлар]

(4) банк (финанс) капиталының мемлекеттік машинамен одағы (байланысы, *қосылуы*) }

(5) жоғары дәрежеде шоғырлану

Е. АГАД. «ІРІ БАНКТЕР ЖӘНЕ БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК РЫНОК»

Е. Агад — С.-Петербург. *«Ірі банктер және бүкіл дүние жүзілік рынок»*.

«Ірі банктердің Россия халық шаруашылығына және герман-орыс қатынастарына әсер ету тұрғысынан алып қарағанда, ірі банктердің бүкіл дүние жүзілік рыноктағы экономикалық және саяси маңызы». Берлин, 1914. Алғы сөз: май, 1914 деп белгіленген.

Спектатордың рецензиясы (екіпің біріпде аңғырт және «ірі банктердің маңызын асыра бағалайды» etc.), «Die Neue Zeit» 1915, 1 (шыға бастағанына 33-жыл), 61 және келесі беттер.

{ Автор Россияда Орыс-Қытай банкінің инспекторы болып 15 жыл қызмет істеген. Танылмаған финансистің ренішті өзімшілдігі басым, бос сөз де көп («дилетанттар» мен «әуесқойларға» etc. қарсы айтылған жел сөздер толып жатыр).

Агадтан цифрлар мен фактілерді алуға болады, алу керек те, бірақ ағылшын банк системасының артықтығы (қысқа мерзімді сауда-өнеркәсіп кредиті }

---

* Қараңыз: осы том, 63-бет. *Ред.*

бар депозиттік банктердің жалдаптық банктерден бөлініп шығуы) жайындағы пікірлері, протекционизмге қарсы айтылған пікірлері etc. etc. қабылдауға тұрмайды. Автор монополияларды жоқ, жалдаптығы жоқ, грюндерлігі жоқ, банктер үкіметпен «байланыс» жасамайтын etc. etc. «адал», баяу да ұқыпты капитализм болса екен деп тілейді.

α) «Сосьете женераль etc.»
β) «Банк де Пари э де Пэи-Ба» («Париба» тұрпайы)
γ) «Банк де л'Юнион паризьен»...

«Қарамағында миллиардтаған франкі бар және басты рыногы Россия болған Париждің атақты үш банкі орыстың мына банктерін бақылап отырады: 1) Орыс-Азия банкі, 2) Петербургтік жеке меншікті банк, 3) Құрама банк; сөйтіп бұл үш банк осы банктерге жақын тұрған кейбір өнеркәсіп концерндерінің акцияларын Париж биржасына енгізді» (55)...*

Мұнда да сан сапаға ауысып отыр: таза банк кәсіпкерлігі және жалаң банк мамандығы көлемді, жаппай, жалпы халықтық және *бүкіл дүние жүзілік* өзара қарым-қатынастар мен байланыстарды (Zusammenhänge) есепке алу әрекетіне *айналуда* — мұның жай бір себебі мынау: миллиардтаған сом (*мыңдардан* өзгеше) осыған әкеліп соғады, осыған келіп тіреледі. NB

«1905/6 жылдардың ішінде орыстың ірі капиталдары Европадағы, әсіресе Берлиндегі банктерге ауысты; бірақ еркіндікке жарып шыққан бұқараның сол кездегі қысқа мерзімді үстемдігі жеке меншікке қаншалық үрейлі әсер еткен болса, реакция қайтадан қайратына мініп, басшылықты өз қолына алған кезде мұның өзі қайтадан соншалық тез тыныштала қойды. NB

1907/8 жылдары біз енді орыс капиталының қайта оралғанын, өзімен бірге халықаралық жаңа капиталдарды ала келгенін көреміз» (59).

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 382—384-беттер. *Ред.*

	59-бет Депозиттер (млн. сом есебімен)		
×	1906	1908	×Сибирьдің сауда банкі; Орыс банкі; Халықаралық банк; Есеп-қисап банкі; Азов-Дон банкі; Жеке меншікті банк; «Петропари»?? (=Петербург-Париж банкі?); Волга-Кама банкі; *Солтүстік* банк және *Мемлекеттік* банк.
Орыстың 10 банкінде	614	875	

«Жоғарыда келтірілген цифрларда қалай дегенмен әңгіме 261 миллион сом айырма жайында, *іс толық тоқырап қалған екі жыл ішінде* тек қана Петербург банктерінің депозиттік есептерінде сақталған ақша жайында болып отыр. (Курсив Агадтікі.)

«Егерде бұған Москва банктері мен провинция банктерін, сонан соң — «Креди Лионе» мен жекеше банкирлерді және де жұрттың үйді-үйінде сақталатын ақшаны қосатын болсақ, онда бұл цифр екі есе артқан болар еді; сөйтіп *жарты миллиард сомдай «үріккен капитал»* (курсив Агадтікі) «қолдағы ақша түрінде шетел банктеріне және кейін қарай орыс банктеріне ағылды десек, мұнымыз асыра айтқандық болмайды»... (59)

«Бірақ *«үріккен капиталдардың»* жалпы сомасы анағұрлым артық болуға тиіс.

Орыстың 4% алтын рентасының курсы былайша бағаланды:

	1905	—65%
январь	1907	—73.5
октябрь	1907	—67
	1908/9	—88
	1910/11	—95
	1912/13	—92.5

ал Кредит кеңсесінің деректері бойынша купондарға төленетін ақы былайша өзгерді:

	Миллион сом Шетелде		Россияда
1908	202	—	195
1910	175	—	233

Бұл цифрлар, әрине, дұрыс қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді, өйткені ол кезде валютаның курсы едәуір ауытқыған болатын, сондықтан инкассо сом есебімен Россияда кейде тиімді болуы мүмкін еді.

Әйткенмен былай деп қорытынды жасауға болады: шетелге қолдағы ақша түрінде жіберілген сомалардың едәуірі Россияға орыс рентасы түрінде қайта оралды. Егер бұған тек 500 миллион сом ғана жатқызсақ, онда *«үріккен капиталдар»* сомасы шамамен алғанда бір миллиард сомға дейін өседі» (60). NB

...«Париждегі орыс синдикаты ағылшын ақша рыногының қатысуымен 5% заемды 1906 жылдың көктемінде өз мойнына алған кезде, сом курсының құлдырау қаупі жойылып, 1905 жылдың аяғында дағдарысқа ұшырауға жақындаған финанс жағдайы аман қалды. NB

Сөйтіп үкімет қазынасы тағы да 1 *миллиард* сом шамасы қолма-қол ақша алды. Келесі 1907—8 тыныштық жылдары банк ісі мен мемлекеттік қазына өте қолайлы жағдайда болды, яғни қолда басы артық ақша бар еді, фактілердің күшімен ой толғамына қатты қозғау салынып, енді тыңғылықты негізде жүйелі нәрсе жасауға мүмкіндік туды— тек қаласаң болғаны. NB

Бұл екі жыл сондай-ақ сауда мен өнеркәсіпке де игілікті әсеріп тигізді, жағдайды жақсартып, сауықтырды. Жеке меншікті өнеркәсіп, яғни мемлекеттік заказдардан (мұнай, қант, мата, қағаз, ағаш) тәуелсіз болған өнеркәсіп мүлде сау күйінде қалды, тек жұмысшы мәселесі ғана енді мүлде басқаша, яғни саяси сипат алды» (61)... «сондай-ақ» NB

«1905/8 өткінші жылдарда орыс капиталистерінің көбі өздерінің өтімді ақшаларын герман банктерінде біраз уақыт сақтауға мәжбүр болды»... (жоғарыдағы деректе қараңыз).

«Істің ақыры сонда мынаған дейін барды: ең кертартпа (және ең тәуелсіз) орыс банктерінің бірі әлдеқалай күн туғанда резерв болуы үшін пруссиялық консолилерді сатып алды. sic!!

Ол кезде (1906) орыс банктері қолдағы ақшаға онша бай болмайтын.— Шаруалардың күшті қозғалысы деревняларда көп зиян келтірді; ал жұмысшылар қалаларда сауда мен өнеркәсіпті біршама зардапсыз қалдырды. Белгілі болған бір факт мынау: стачкалардың көп болуына қарамастан NB

сауда мен өнеркәсіпке тиісті жеке меншік пен товар қоймаларына саботаж актілері аздап қана жасалды (Бакудегі саботаж армяндар мен татарлардың есебіне жатқызылуға тиіс) (бұдан өзге темір жолдарда тәртіпті өрескел бұзушылық болды, бірақ мұны еркін жұмысшыларға таңуға болмайды).

NB. Автор өзінің саяси ниеттері жағынан, әрине, архибуржуа және ұлтшыл!

Шындығында ол кезде вексельдер дауы аздап қана көбейді, мұның өзі сондағы (шаруалар) қозғалыстың мәнісін неғұрлым шала түсінген континенттің финанс топтарын кезінде соғұрлым қатты таңдандырды» (66).

1. XI. 1905 және келесі жылдардағы балланстар бойынша орыс банктері вексельдерінің дауы (66-бет):

			Миллион сом						
			1905	1906	1907	1908	1909	1910	1911
NB	Мемлек. банк	есептелген вексельдер	188.8	171.4	215.7	194.8	211.8	243.8	
		оның ішінде даулысы	3.0	1.5	1.6	2.1	2.6	1.1	
	Сибирьдің 8 сауда банкі	есептелген вексельдер		352.0	376.0	445.0	523.0	677.0	788.0
		оның ішінде даулысы		4.9	2.2	2.6	5.2	2.9	4.1

«Берлиннің финанс топтары орыстың жеке меншікті өнеркәсіп кәсіпкерлері тобымен қарым-қатынастарын әсіресе 1905/6 жылдары, яғни атап айтқанда өздеріне Россияның түс-түсынан қолдағы ақшаның қыруар сомасы ағылып келіп жатқан кезде нашарлатып жіберді. Лодзьдың тоқыма және жіп иіру фабрикалары (көпшілігі неміс кәсіпорындары) бұған дейін көбінесе немістің финанс рыногына тәуелді еді және әрқашан да тәуір клиенттер болып келді; солай бола тұрса да Берлин банктері нақ осы фирмаларға жөнді кредит беруден бас тартып, кейбір кәсіпорындарды өз өндірісін мықтап қысқарттырып қана қоймай, сонымен бірге Лодзьдың өте бай тоқыма өнеркәсіпшілері бірлестігі Кавказға аттанып, сонда кен-завод орындарына қатысуға және Лондонның

рыногымен, тіпті Нью-Йорк рыногымен байланыс жасауға әрекеттенетіндей халге жеткізді. Бұл байланысқа көбінесе сол кездегі ойрандар бөгет жасады» (67)... !!

...«Бір ескеретін жағдай, Россияның жапон соғысындағы шығыны, Порт-Артурды, Дальнийді және Қытай-Шығыс темір жолының оңтүстік жағын қоса есептегенде, шамамен алғанда, 4 500 миллион сом, яғни мемлекеттік борыштың тең жартысы болды, сөйтіп орыс шаруалары осы мөлшерге қарай қолдарына капитал алмай, процент пен өтеу ақшасын төлеуге міндетті» (72). NB

V тараудан: «Неміс ірі банктерінің Петербург банктеріне қатысуы, т. т.». NB

«Дейче банк» «Сибирьдің сауда банкінің» акцияларын Берлинде қалай енгізген?

««Дейче банк» шетел кәсіпорнының акцияларын бір жыл бойы портфелінде ұстап, бұларды 50% делдалдық пайдамен Берлин биржасында таратады. Жұртшылық 100-ге 193 төлейді»... (74)* NB !!!

өйткені «мұнда «немістің» ірі банкі жайбарақат отырып-ақ (курс арқылы) тез табыс табады»... (74).

...«Бірақ «Дейче банк» акцияларын Берлин жұртшылығына 195 проценттен, кейін мұнан да қымбат берді (қазіргі курсы 15% дивиденд болғанда 230-ға тең - демек, капитал пайдасы $6^1/_2$% болады), сондықтан банк басқармасы Петербургте ең алдымен дивидендті үнемі сол дәрежесінде сақтауға тиіс. *Шетел банкі мұны сөзсіз талап етеді. Мұның өзі — жалпы соларға қойылатын бірден-бір талап.* Мұның қалай істелетіндігінің оған ешбір келер-кетері жоқ, мұның нәтижесі асқынған биржалық жалдаптық және шіріген грюндерлік болып табылады; «қатысу жүйесінің» қысымымен Петербург банктері осылай етуге тікелей мәжбүр болып отырады» (77). NB

«Неміс көзқарасы тұрғысынан алғанда бұл операцияның есеп-қисап жағынан түрі мынадай:

1906/7 жылдан бастап капиталдың көбеюі:

16 000 000 сом — акционерлік номинал капитал, орташа курсы 200-ге жуық (Берлин биржасында енгізілуі)

---

* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар толық жинағы, 27-том 384-бет. *Ред.*

10 000 000 — эмиссиядан резервтер есебіне
26 000 000 — барлығы
32 000 000 — нақты капитал 200-ден

6 млн. сом ||| 6 000 000 сом — айырмасы — «Дейче банк» пен оның контрагенттерінің үлесіне тиген делдалдық пайда» (78)...*

...«Сонымен, «Дейче банк» бұл ретте неміс жұртшылығына акциялар түрінде 32 000 000 сомдай берді, мұндағы бір ғана мақсаты: арамзалық ақысы үшін курс айырмасының бірнеше миллионын өзінің, сол «Дейче банктің», қалтасына түсіру» (78).

Сибирь сауда банкі акционерлерінің 23. III. 1913 болған негізгі (жалпы) жиналысында адвокат *Бибиков* бастаған акционерлердің шағын тобы осы жалпы жиналыстың шешімдеріне қарсы шыққан. («Биржевые Ведомости» № 14 017, 21. II. 1914; «С.-Петербургская Газета», № 51, 22. II. 1914; «С.-Петербургская Газета» № 54, 23. II. 1914.) Қарсы шыққандар мынаны дәлелдепті... «Банктің бас директоры («Дейче банк» директорының бірімен туыстық қатынасы бар Соловейчик деген біреу) үкіметтің 7 миллион сомдық жәрдем ақшасын өзінің ағымдағы жеке счетына жазып, бұл соманы өз банкінің акцияларын сатып алу үшін, сөйтіп өзінің қайта сайлауына керекті көпшілік дауысқа ие болу үшін пайдаланған» (79)... «Егер мұнда нақ неміс капиталдарының жүріп тұрғанын және іс жүргізудің осы әдісін атақты «Дейче банктің» қолдап отырғанын ескеретін болсақ, онда осы кітапта мен өзім дәлелдемекші болып отырған қорытынды үлкен маңыз алады, атап айтқанда, «қатысу жүйесі» тіпті байсалды орыс жағының Россия үшін сондай қажетті кредит мекемелерінің ісіне байыптылық пен тәртіп енгізуіне бөгет жасайды. Өзіне көпшілік дауысты қаратып алуға «Дейче банктің», әрине, мүмкіндігі бар, алайда осы банкке бірдей қатысып отырған орыс акционерлері өздерінің әбден әділ тілектері мен орынды пікірлерін жүзеге асыру үшін жеткілікті көпшілік дауысты ешқашан да ала алмайды» (80).

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 384-бет. *Ред.*

...«1906 жылдан бастап «Сыртқы саудаға арналған орыс банкіне» өз атымен айтсақ *Орыс банкіне*, жәпе «С.-Петербургтің халықаралық сауда банкіне», өз атымен атасақ *Халықаралық* банкке немістің финанс жағынан мол қатысуы онан әрі өріс алып, күшейе түседі; біріншісі «Дейче банк» концернімен, екіншісі Берлиндегі «Дисконтогезельшафтпен» сыбайлас. Бұл орыс банктерінің екеуі де $^3/_4$ мөлшерде неміс ақшасымен жұмыс істейді (акционерлік капитал)*. «Орыс банкі» мен «Халықаралық банк» — жалпы орыстың ең көрнекті екі банкі. Екеуі де барып тұрған жалдап»... (82). || ||| NB ||||

Капиталдың көбеюі миллион сом есебімен (84-бет).

	Капиталдар 1906 1912	Резервтер 1906 1912
Орыс банкі	20—50 (+30)	3—15 (+12)
Халықаралық	24—48 (+24)	12—24 (+12)
	44 98 +54	15 39 +24**

ΣΣ=78+32 (Сибирь банкі)=110.

Бұл банктердің тапқаны «жалпы алғанда 1906 жылдан бастап 110 миллион сом акционерлік капитал, оның бер жағында бірнеше миллион сомдық делдалдық пайда контрагенттердің кассасына көшті» (84)... || NB

97-бет... «бұл үшін («The Times Russian Supplement») қайткенмен де орыстың финанс министрлігінен субсидия төлепіп отырады»... || NB

8-ші тарау: «Шетелдердің қатысуымен жұмыс істеуші С.-Петербург банктерінің жалпы сомасы және цифрлар жөніндегі кейбір ескертулер».

Миллиард сом

а 1) $0._4+0._8=1._2$ $1._3+1._7=3._0$

а 2) $0._2+0._2=0._4$ б) $\underline{0._5}+\underline{0._4}=\underline{0._9}$

а 3) $\underline{0._7}+\underline{0._7}=\underline{1._4}$ $1._8$ $2._1=3._9$

«Сонда (1911) орыстың Кредит кеңсесі [NB: басқа жерлерде: оның директоры *Давыдов*] орыс банктеріне Париж бен Петербургте биржа операциясын жасау үшін әуе-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 384-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда. *Ред.*

116-бет. **Кестені** *қысқартып алдым:* (октябрь/ноябрь, 1913) *	Сыртқа орналасқаны (баланс активі)	Қарындашпен қоршаған бағаналар *менікі* және менің қорытындыларым		*Миллион сом* Міндеттемелер (баланс пассиві)			
	Өнімді түрде (сауда және өнеркәсіп)	Жалдаптық түрде (биржа және финанс)	Миллион сом	Капитал және резервтер	Депозиттер	Басқа банктегі борыш және қайта есеп	Акцептер
С.-Петербург депозит банктері							
а) «Қатысу жүйесінде»							
‖ *1) Немістің қатысуы* (4 банк: Сибирь сауда банкі; Орыс банкі; Халықаралық; Есеп-қисап банкі)	413.7	859.1	1 272.8	207.1	658.8	429.0	48.6
‖ *2) Ағылшынның қатысуы* (2 банк: Орыс сауда-өнеркәсіп банкі; Орыс-Ағылшын банкі)	239.3	169.1	408.4	55.2	204.8	111.5	16.2
‖ *3) Француздың қатысуы* (5 банк: Орыс-Азия банкі; Петербург жеке меншік банкі; Азов-Дон; «Унион» (басқармасы Москвада); Орыс-Француз сауда банкі)	711.8	661.2	1 373.0	234.9	736.4	308.0	29.5
	1 364.8	1 689.4	3 054.2	497.2	1 600.0	848.5	94.3
b) Тәуелсіз орыс банктері (СПБ. және Москва) (8 банк: Москва көпестер банкі; Волга-Кама банкі; Юнкер және К^с банкі; С.-Петербург сауда банкі (бұрынғы Вавельберг); Москва (бұрынғы Рябушинский) банкі; Москва есеп-қисап банкі; Москва сауда банкі; Москваның жеке меншік банкі)	504.2	391.1	895.3	169.0	599.6	127.0	—
Барлығы	1 869.0	2 080.5	3 949.5	666.2	2 199.6	975.5	94.3
	3 949.5 (1 869.0 + 2 080.5)			3 935.6 (666.2 + 2 199.6 + 975.5 + 94.3)			

* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар толық жинағы, 27-том, 383-бет. *Ред.*

лі 120 миллион франк, тұйыққа тірелген өрескел банк жалдаптығына жәрдем ретінде (ресми түрде мұны: орыстың мемлекеттік қағаздарының курсын тұрақтандыру үшін деп атаған) кейін тағы да қарыз ақша, барлығы 100 миллион сомдай қаржы берген»... (86)...

121-бет:.. *1912* ж. орыстың барлық сауда банктерінде *548* филиал болған...

«Өзара кредит қоғамдарының» өсуі (122-бет).

(Кредит кеңсесінің цифрлары бойынша):
миллион сом

	Саны	Мүшелері	Капиталы	Бүкіл баланс	Вкладтар	Есебі
1907	261	158 000	39	319	203	246
1912	776	502 000	99	899	487	687

(136 және басқалар) Орыстың финанс министрлері банк директорларын (көбінесе чиновниктерден) тағайындап отырады,— «Кредит кеңсесі» арқылы банктерге миллиондаған сом субсидия беріп отырады, т. т.

NB
NB

«Мұның өзі сырт көрінісі жағынан «орыстық», қаражат көздері жағынан «шетелдік», іс жүргізу тәсілі жағынан — «дилетанттық», ал тәуекелшілдігі жағынан — «министрлік» болумен қатар, орыстың шаруашылық тіршілігіндегі паразиттерге айналған Петербург банктерінің іс-әрекетін түсіндіріп береді.— *Сөйтіп бұл ғажап жағдай»* (әңгіме Сибирь банкі etc. туралы болған-ды) *«қазірде Петербург банктерін ұйымдастыру принципі болып отыр.* Ірі банктердің берліндік және париждік директорлары өз мүдделерін қорғаулы деп есептейді, өйткені сүйенетін мынадай кепілдіктері бар:

жақсы айтылған!

1) Кредит кеңсесінің Петербург банктерінің пайдасына бөлетін тікелей субсидиясы,

2) орыс финанс министрлігінің активі (оның 60 проценттейі Парижде және 40 проценттейі Берлинде)» (137)...

!!
NB

«Финанс министрлігі Орыс-Қытай банкіне» [автор сонда қызмет еткен!!] «мемлекет кепілдігі бар бірқатар эмиссиялар берген; мұндағы мақсаты: қалай пайдаланылатынын ойламай-ақ

банкке қажетті қолма-қол қаржы жеткізу болған. Мәселен, ол Европалық Россияда үкімет кепілдігі бар темір жол облигацияларының эмиссиясын банкке берген, сөйтіп табыс алғашында банктің кассаларына түсіп отырған. Өйткені темір жолдар ақшаны тек 4—5 жыл ішінде (сол жолдар салынып жатқан кезде) біртіндеп жұмсап отырды, ал бұл екі арада банктің дербес өз қарамағында басы артық ақша болды, оның үстіне банк эмиссиядан табыс тауып отырды. Бұл операция әбден орын тепті, өйткені жыл сайын бірнеше рет қайталанып отырды» (149).

NB

!!

(4 темір жолдың облигациялары 12.8 млн. фунт стерлинг = 120 миллион сом шамасы.)

«Банктің директоры (сонымен бірге председателі) мұның үстіне бірқатар ірі-ірі темір жол және өнеркәсіп қоғамдарына (қазірде шамамен алғанда 20 болады) басқарма мүшесі ретінде кірген, бұл қоғамдар да, финанс министрлігінің банкке мүдделі екенін, соны қолдайтынын білетіндіктен, өздерінің қолдағы басы артық ақшасын банктің ағымдағы счетында сақтауға тиіс болған» (149).

20 қоғамда!!

NB !!

«Істер» осылай істеледі....

Бұл 11-тарауда: «Орыс-Қытай банкі мен Солтүстік банктің (Орыс-Азия банкі) бірігуі және 1910 жылғы жалпы жиналыста бұған наразылық білдіру» (147-бет):

(бұл наразылықты енгізген автордың өзі)

NB !! «Бірігуді бекітуге тиіс болған Орыс-Қытай қоғамының жалпы жиналысына көбінесе Мемлекеттік банк пен Кредит кеңсесінің чиновниктері қатысқан, дауыс беру правосы осыларға берілгенді»... (153).

Автордың білдірген **«ерекше пікірі»** 30. III. 1910 жиналыстың протоколына енгізілген (154-бет).

«Қатысу жүйесі — мағынасыздық» деген пікірді автор өз наразылығында мәлімдеп, дәлелдеп баққан... (154-бет)

француз банктері («Банк де Пари э де Пэи-Ба» + + «Сосьете женераль») «фузия» жүргізген, бұлар Орыс-

Қытай банкіне «мүдделі» болды, оның істерінің нашар екенін көрді, «сытылып шығуға» әрекеттенді, сөйтіп «біріктіру арқылы» (екі банкті «Орыс-Азия» деген атпен бір банк етіп біріктіру арқылы) «аса
ірі «орыс» мекемесін құруға *үміттенді,* сонда орыс NB
үкіметі бірігу арқылы құрылған банкті қандай !!
жағдайда болса да лажсыз «қолдап» отырады деп *үміттенді»* (151-бет).

«Біріккен кезде акционерлік капитал 33% төмендеді де, бұл сомалар резервтердің есебіне жазылды; сөйтіп банк резерв капиталды істі жақсы !!
жүргізгендіктен жасаған сияқты болып көрсетілді, сонымен бірге жаңа басқарманың келешекте бүкіл пайданы толығынан (!) азайтылған капиталға неғұрлым жоғары процентпен бөлуіне мүмкіндік берілді, өйткені резерв капитал бірден заңда көрсетілген ең көп мөлшеріне жетті, ал мұндай мөл-
шерде процент есептеудің қажеті жоқ болатын. NB
Тіпті осы айла-шарғыға қарсы акционерлердің өздері де дәрменсіз болды, өйткені олар Францияда отырғанда, жалпы жиналыстар Петербургте өткізіліп жатты»... (152)...

...«Мәселен, қазір Орыс-Азия банкінің: Акционерлік капитал—45 миллион сом, резерв капитал—23,3 миллион сом деген мәлімдемесін оқыған әрбір тосын оқушы резерв табыс ақшадан, яғни істі жақсы жүргізу арқасында құралған екен деп ойлайды. Ал шындығында мұның өзі акционерлік капиталдың есебінен, істі нашар жүргізудің салдарынан туған. Екі банктің екеуі де біріккен кез-
де резервсіз болатын» (153)... !!

Ал бұл банктің 120 филиалы (!!) бола тұрса да, іс жүзінде капиталы тым *аз* (1. X. 1913—капиталы 73½млн.+резерві болғанда, балансы *785* млн.
сом)—«бұл артық салмақтың тәуекелі Кредит кең- !!
сесінің мойнына жүктелген» (153).

...«Содан соң «қатысу жүйесінің» салдарынан кәсіпорындардың дирекциясы қалай болса солай, жеке мүдделерге сәйкес құрастырылады да, ақыр аяғында кез келген дилетанттың банк директоры болып шыға келетіні әбден айқын емес пе; осы «қатысу жүйесі» арқылы акционерлер өз басқар-

маларының істі қалай жүргізіп отырғанын бағалау
NB || атаулыдан шет тұрады, өйткені олар мен кәсіп-
орынның арасында азды-көпті «бүркемелі комби-
нациялар» арқылы екі жақты бірдей тонаушы құ-
ха-ха! діретті (шетелдік) ірі банктер бар» (156—157).

Орыс-Азия банкі басқармасының құрамында «бұрынғы бір орыс бюрократы (банктің бас директоры әрі председателі), бұрынғы бір орыс губернаторы, бұрынғы бір француз дипломаты, бұрынғы бір француз юрисі» бар (158)
sic!!

бұл сын түгелдей 1913 жылдың күзінде жазылған екен де, 30. I. 1914 ұлы мәртебелі рескрипт шыққаннан кейін «ескіріп қалыпты».
?

| дипломатия? |

Депозиттік банктер мен жалдаптық банктерді қосу зиянды, өйткені мұның өзі

(1) елдің өндірістік қаржыларын «шырмап-матайды»

(2) бағаның өсуіне, синдикаттарға, т. т. апарып соғады.

«Егерде банк қатынастарында айқындық пен тәртіп орнаған болса, онда трестердің, монополиялар мен синдикаттардың қалай өмір сүре алатынын көрер едім мен» (179)...
ха-ха! айтқан-ақ екен!!

«Бәсекені (арамзалық бәсекені) жою арқылы тұтынушыларға нұқсан келтіретін келісімдерді өзара жасасушы фирмалар ресми түрде банк кредитімен пайдалана алмайды, яғни жаңа эмиссиялар шығару правосы да болмайды деп заң жүзінде анықталсыншы, сонда монополиялар мен синдикаттар тез арада ыдырап кететін болады» (180).
ха-ха!! оңай-ақ!!

Кредит кеңсесінің С.-Петербург банктеріне берген *субсидиялары* (202 және 204-беттер) *800—1000* миллион сомға жетеді*.
!!

Кредит кеңсесі... «империядағы бүкіл кредит ісінің тетігін өз қолында ұстап отыр». «Мұның өзі уставты және қоғамдық бақылау дегенді білмейтін бюрократиялық аппарат» (200).

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 391-бет. *Ред.*

...«1910 жылы мұның өзі ...қайта құрылды да, содан бері оның міндеті мемлекеттің барлық кредит мекемелерінің қызметін «біріктіріп отыру» болып келеді*, және *«мұның өзі солар мен биржалар арасындағы дәнекер буын болып табылады»*... С.-Петербург банктері оған әрбір 8—14 күнде есеп беріп отырады және 3 айда бір рет толық есеп береді (201).

Бұл субсидиялардың** 4 «түрі»:

	Млн. сом
(1) Қосымша қордан (банктерге) тікелей төленетін нақты төлемдер мөлшері	150
(2) Шетелдік банктердегі вкладтар (бүркемелі қаражат ретінде)	450
(3) «Мемлекет кепілдігі бар эмиссиялар беру»	150
(4) «Финанс вексельдерін (екі жақты және көптірме вексельдерді) шетелдік банктің жиросымен немесе онсыз есепке алу» шамамен	50
	Σ = 800

«Депозиттер—1648 млн. сом, оған қоса 800 млн. субсидия —2448 млн. сом болады, ал Давыдов мырзаның (Кредит кеңсесінің) деректері бойынша елдің айналымдағы басы артық нақты қаражатының жалпы сомасы 5000 млн., яғни... Россия империясының айналымдағы басы артық нақты ақшасының жартысы қатысу жүйесінің салдарынан халықаралық жалдаптық банктерге қатты шырмалып қалды. Бұл ақша қайта жиналғанша (және айналысқа қайта оралғанша) талай жылдар өтуі мүмкін»... (204). NB

15-тарау (210-бет): *«Халықаралық банк трестері күштерінің* орыс рыногындағы *арасалмағы»*... NB

«С.-Петербург банктері қуатының балансы (қатысу жүйесі)» (211-бет).

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 391-бет. *Ред.*

** Кредит кеңсесі субсидияларының. *Ред.*

Миллион сом

Актив *Сауда мен транспортты бақылау*		Пассив *Банктердің айналым капиталы*	
a) Өнеркәсіп кредиттері сом есебімен	1 350	a) Меншікті фондылары	497
b) Кеме қатынасы және жеке меншікті темір жолдар	1 509	b) Депозиттері (Россия)	1 600
c) Орыстың жеке клиенттерінің қатысуын бақылау	1 689	c) Кредиттер	942
	4 548		3 039

Өндіріс пен өнеркәсіпті бақылау		
a) Көмір синдикаттары	(Продуголь)	
b) Темір »	(Продамет)	
c) Мұнай »	(«Дженерал ойл» etc.)	
d) Металлургия »	(әр алуан)	
e) Цемент, құрылыс »	(әр алуан)	3 687
		8 235

1908—1912 жж. эмиссиялар (мемлекеттік рентасыз)	
a) Россияда	3 687
b) шетелдерде	1 509
	5 196
	8 235

{211—212-беттердегі кесте толығынан.}

«Шетелдік үш топ банктердің арасында бұл қуаттың бөлінуі шамамен алғанда мынадай:

NB (212-бет)

(1) Француздың үш банкі, мұның үстіне Петербургтің 5 банкі ... 55%
(2) Неміс-Берлин «Д» банктері, мұның үстіне Петербургтің 4 банкі ... 35%
(3) Ағылшын-Лондон синдикаттары, мұның үстіне Петербургтің 2 синдикаты ... 10%»*

...«Материалдық міндеттемелердің бөлінуі (бәрі де номинал бағасымен), керісінше, мынадай:

a) *Шетелдер*	(млн. сом)
Эмиссиялар	1 509
Банк талаптары (Кредит кеңсесінің қарсы талаптары бұған кірмейді) шамамен алғанда	300
Банктердің акционерлік капиталына қатысу	295
Басқа акцияларға қатысу (қатысу жүйесі)	500
	2 604 ‖

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 384-бет. *Ред.*

b) *Россия*

Эмиссиялар, депозиттер және басқалар	4 831
Кредит кеңсесі (соңғы темір жол заемын қоспағанда)	800
	5 631
	Σ=8 235»

«Бұл пропорциялар статистикасының айқын мағынасы мынау: шетке капитал шығаратын елдердің $^1/_3$ азшылығы капитал әкелуші ел ретіндегі Россияда $^2/_3$ көпшілікке (—213-бет—) үстемдік жүргізеді, оның бер жағында әкелу формасы сондай (субсидиялар, синдикаттар, картельдер etc.), бұл копшілік озінің де, өзгенің де мүдделерін қорғай алмай отыр. Соның салдарынан ірі банктердің бірнеше дирекцияларының last not least* жеке мүдделері ресми түрде емес, астыртын үстем болып отыр, үстем болғанда сондай, бұдан қатысушылардың бәрі зардап шегуде».

{Автор бағаның өсуін осыдан деп біледі, тіпті (213-бетте) 1908—1913 жылдардағы бағаның шамамен алғандағы өсу процентін келтірген, бірақ көрінеу долбарлап алады, мұнысы байсалдылыққа жатпайды, яғни керексіз мысал, дәлел емес...}

214 бетте ол *«Сауда-Өнеркәсіп Газетінің»* мынадай *ресми статистикасын* береді:

	Мил. сом.	
Акционерлік капиталдың жалпы сомасы (1914 жылдың басы)	3 600	
мұның үстіне өнеркәсіптікі (облигациялар)	400	
» » темір жол акциялары	140	
	4 140	
Мұның үстіне Россиядағы мемлекеттік заемдар мен кепілдік берілген темір жол облигациялары	6 072	NB
» жеке меншікті ипотекалық бағалы заттар (кепілдіктер)	2 956	
	13 168	

* — маңызы жағынан емес, рет саны жағынан соңғы. *Ред.*

С.-Петербург банктері «жасанды түрде (?) құрылған халықаралық ақша трестері»-міс (215)

«егері» қызық-ақ («халықшыл»!)

...«ірі банктің қазіргі кездегі директорының программасы әбден айқын да анық; ол былай дейді:

Егер біздер, ірі банктер, өндірушілер мен тұтынушыларға үстемдік жүргізе алатын болсақ (эмиссиялар, кредит және баж салығы арқылы), онда пайда қалтамызға келіп құйылып жатады, сонда бәріне де біз қожамыз» (курсив Агадтікі) (218).

Агад бір ұсақ нәрсені: капитализм мен капиталистер табын «ұмытып кеткен»!!

«тіпті» соғысқа

соғысты жақтайтын дәлелдердің бірі

Мұның нәтижесінде «баж салығы тым рабайсыз көбейіп», соның салдарынан «дүние жүзілік рынокта ашық өшпенділік тууы мүмкін ғой, ал мұның өзі тіпті соғысқа душар етер еді, сонымен қатар мұның өзі ірі банк монополистеріне тиімді болар еді, өйткені соғыстың force majeure арқасында олар өз балансатарын тазарта алар еді, оның бер жағында зиянға ешкімнің де жеке басы жауапты бола алмас еді» (220)...

234-бетте автор **С. Прокоповичтен** цитат келтіреді (Россия өнеркәсібінің даму жағдайлары туралы) —

орыстық капитал...
447.2 млн. сом = 21.1%,
шетелдік капитал...
762.4 млн. сом = 35.9%,
«фондыларды сатудан» түскен капитал
...915.6 млн. сом = 43.1%

$\Sigma = 100.1\%$.

Мұнда — дейді Агад — ең үлкен роль атқаратын «банк мәселесі, мұны автор (Прокопович) білмей отыр».

Россияның *сауда балансы* туралы мәселе жөнінде автор активтің пассивтен басымдығы мынадай болды деп жазады:

1909—570 млн. сом (238-бет)
1910—511
1911—430
— 1371*
600— бұдан шетелдерде жыл сайын купондар бойынша төленетін 200 млн. сом алынып тасталады.
771—«3 жылғы жалпы артығы».

«Демек, бұл сома жөнінде мынаны айтуға болады: мұның өзі егін түсімінің ерекше жақсы болуы арқасында елді ішінара (мен 500 млн. сом деп білемін) қолма-қол ақшамен байытты. Россияның көрер көзге мұншалық өрлеуінің себебі эсте өте жақсы шыққан егіннен ғана емес екенін бұл цифр қалай болғанда да мүлде айқын көрсетіп отыр.

Бұған кепілдік берілген және жеке эмиссиялар бойынша 1509 млн. сомға жуық шетелден әкелінген капиталды да қосу керек, алайда бұл қаржы қолдағы ақша ретінде бүкіл рыноктың қарамағына мардымсыз мөлшерде ғана берілді (көбінесе арнаулы кәсіпорындарға тарап кетіп отырды).

Кредит кеңсесінің директоры (Давыдов) елдің басы артық айналым капиталының өсімі (директордың былай деп отырғаны: барлық банктердегі жеке депозиттер, жинақ кассаларында сақтаулы вкладтардың өсімі (бұл өсім 576 миллион қолдағы ақша және бағалы қағаз түрінде), мемлекеттік кассалардың мемлекеттік банктегі ағымдағы счеттары, алайда, бұған мемлекеттік кассалардың (Кредит кеңсесі) шетел банкирлерінде сақтаулы вкладтары және орыс банктерінің шетелдегі борыштары кірмейді) былайша болды дейді:

1906—2592 млн. сом — NB
1912—5000 млн. сом» (238-бет).

Өсім=2500 млн. сомдай-мыс, ал шетелден әкелінген капитал шамамен 1600+771 (егін шығымы арқасында келгені)=2 371 млн. сом (239-бет) — «шамамен алғанда тең түседі»...

* Ағалта осылай. *Ред.*

«Орыстың финанс министрлігі мұнда» (орыс мемлекетінің тым жоғары мөлшердегі алтын қоры жөнінде) «Берлин мен Париждегі континенттік ірі банктер көпшілігінің өз депозиттерін пайдаланатыны сияқты, өзінің қолдағы қаржыларын ғылыми емес жолмен, саяси экономиямен жөнді үйлеспейтін жолмен, ұлттық мүдделерге қарсы пайдаланады. Мұнда орыстың мемлекеттік ақшасы кейбір берлиндік және париждік банктердің Петербург банктеріне (және олардың орыс депозиттеріне) ықпалын қамтамасыз ету қызметін атқарады, ал сонда мұнымен бірге елдің өндіргіш шаруашылық тіршілігі нақ нығайтуды керек ететін жерінен әлсіреп барады» (247).

керісінше емес пе? париждік және берлиндік банктердің «ықпалы» *мәжбүр етпей ме??*

Халық табысы («халықтық бюджет=ауыл шаруашылық өндірісі, яғни астық өнімі және барлық басқа өнімдер») Россияда (1913) тек *9 миллиард сом* болып отыр (249).

NB

«халықшыл»

...«Әлі де болса мейлінше ең тиімді іс — өнімділікті және бұқараның тұтынуын арттыру» (265) (курсив автордікі).

Автор Виттенің финанс саясатын қалай сынайды:

«Сол кезде де» (Витте), «жалдаптықпен, айла-шарғымен шұғылданды да, істі ұйымдастырудың орнына, барлық тәуекелді қазынаға арта салды» (275)...

Жалдаптық versus ұйымдастыру: !!Халықшыл!! idem 281—2 және басқа көптеген беттерде.

кім кімді!

«адал» саудагер

Орыстың финанс басқармасына автордың қоятын кінәсы: «Әрі халықаралық жалдаптарға шек көрсетілмеді, әрі өнімді түрде қызмет істесіп жүрген адал ниетті шетелдіктерге олардың табыстарын танытатын тиісті жағдай жасалмады» (276)...

... «жақсы» банктер ...

...«Сонымен қатар мен жалдаптық істеп жүрген Петербург банктері (фискалдық операциялар) және өнімді жұмыс істеп жүрген орыс банктері (халық шаруашылығы) арасында айырма бар екенін тағы да көрсетемін.

Депозиттік банктерде жалдаптықты мүлде жою үшін банк ісін осындай жолға салатын тиісті үлгілер ретінде Волга-Кама банкін, Москваның көпестер банкін, Кнооп пен Вогау банктерін ұсынбасқа болмайды»... (280).

««Цивилизациялы дүниенің ақша айналымына» Россияның да тартыла бастағаны жөнінде мен өз *өкінішімді* білдірдім де» (283).

ха-ха!

«Ақша шаруашылығына көшетін әрбір ел еврейлердің халықаралық ұйымының құдіретімен санасуға тиіс болады», бірақ та дейді, еврейлердің талапттары «ой мен этика» шеңберінде қолданылып жүрген Германиядағы сияқты, біртұтас тұлғаның мүдделеріне бағынған жерде сол еврейлер пайдалы» (284).

!!

...«Қазіргі жағдайларда кейбір ірі банктердің дивидендтері төленгенде бұл дивидендтер үндемеудің заңсыз ақысы сияқты көрінеді деуге болады»... (286).

жақсы айтылған!

«Менің» (Агадтың) «программам» «ұлттыққа жат» болсын ба?? құдай сақтасын!! мен космополит емеспін, мен ұлтшылмын (*287* және *288*-беттер), мен әр ұлттың дербестігін жақтаймын, банктердің жақсы істерін жақтаймын, «отечествоның» табысты болуын жақтаймын.

«Егер мұндай программа «ұлттық» болмаса, онда маған мынаны түсіндіріп беруді сұраймын: анығында «ұлттық» деп нені түсінуге болады? Әлде, бәлкім, көптен бері рентабельді болып келе жатқан істердің ұйыстырылып, ойдағыдай жүргізілуі бұл ұғымға жатпайды дейтін шығар?» (288).

керемет (ұлтшыл)

Автордың курсиві:

«Сөйтіп континенттік ірі банк ісін өзгертудің өзі жалпы алғанда Европадағы шаруашылық-саяси келісімнің бірінші шарты болып табылады, ал мұның өзі халықтардың мүдделеріне әбден сәйкес келеді» (290)

«бейбітшілік» үшін және («Европаның Құрама Штаттары») үшін

және кітаптың соңғы сөйлемі:

«Ал менің қорытынды қағидаларым *былай* дейді: Егер европалық (континенттік) ұлы державалар өздерінің «сыналған систе-

«бүкіл дүние жүзілік соғыспен» қорқыту

масын» бұлжытпай жүргізе беретін болса, онда олар мұны бүкіл дүние жүзілік соғыс арқылы өзгертуге мәжбүр болады. Ақша рыногының еркіндігі мен бүкіл дүние жүзілік рыноктың еркіндігі — соғыс арқылы немесе ақылға келу арқылы — бірін таңдасын және Европаның басқарушы таптары бар жауапкершілікті көтеретінін есте сақтасын».

Соңы

БАЛЛОД. СТАТИСТИКА

Баллод

Проф. д-р *Карл Баллод.* «Статистика негіздері». Берлин, 1913.

Сірә, цифрлы деректердің ең тәуір жиынтығы болуы керек, оның бер жағында автор *өндіріс* статистикасына (өнімдер *саны)* бәрінен> көңіл бөледі—салыстыр: Атлантикус!!—

Баллод Германияда 1 қызметкерге *2 темір құлдан* (машинадан) келеді деп есептейді

§ *«Техникалық өндіріс күші».*

Толық емес.

(бу) *машиналар*

	бу су электр
Германия (1907) өнеркәсіпте 8.8 млн. аттың күші	(7.3 + 0.9 + 1.6)
Америка (Құрама Штаттар) өнеркәсіпте 16.0 млн. аттың күші	(14.7 + 1.6 + ?)
Англия (*) (1907) өнеркәсіпте 10.7 млн. аттың күші	
Барлығы+локомотивтер 13 млн. аттың күші (1895)	

Англия

(*) *Англия* жөніндегі цифрлар «Die Bank» журналынан, 1913, 190-бет.— «сауда министрлігінің» деректері бойынша. *Өнеркәсіп* үшін (түгелдей) «өндіріс цензінің» жиынтығы. Жалпы сату бағасы = 1765 млн. фунт стерлинг; шикізат құны = 1028 млн. фунт стерлинг; тапсырылған жұмыстар = 25 млн. фунт стерлинг. Таза құны [1— (2+3)] = 712 млн. фунт стерлинг. *Жұмысшы-*

лар саны=*6 985* мың. Машиналар=*10 755* мың *аттың күші*. [+Егіншіліктегі құны=196 млн. фунт стерлинг; жұмысшылар 2.8 миллион.] Бүкіл капитал (өнеркәсіпте) =*1500* млн. фунт стерлинг.

Су күштерінің мөлшері:

	Млн. аттың күші
Швейцария	1½—3
Швеция + Норвегия	8 (28 млн. шамасы)
Финляндия	4 —6 (255-бет)
Ниагара	4 —5 (тек 1/10 пайдаланылған)
Конго сарқырамалары (Африка)	—28
Оңтүстік Америка (??)	1 —2

ОТТО. МҰХИТТЫҢ АР ЖАҒЫНДАҒЫ НЕМІС БАНКТЕРІ

Д-р Вальтер *Отто*. *«Заемдарды қайтадан орналастыру, немістің ірі банктерінің мұхиттың ар жағындағы ұйымдастыру мен қатысу жөніндегі операциялары»*. Берлин, 1911.

(Әрбір кәсіпорынның тізбесі және ірі банктердің «қатысуы» көрсетілген кестелер; I бөлім континенттер мен елдер жөнінде; II бөлім банктер жөнінде. **Шикізат.**)

Жеке кәсіпорындарда кейде *ағылшын* және *француз, Солтүстік-америка* топтарының қатысу %% көрсетілген, бірақ *ақпар* жоқ.

245-бетте кесте: «Германияның мұхиттың ар жағындағы банктерінің іске қосылған бүкіл капиталы» (10 банк) (жылма-жылғы деректерден қысқартып алып отырмын):

1889— 45.6	млн.	марка
1890— 41.3	»	»
1900—206.5	»	»
1905—329.3	»	»
1908—607.1	»	»

ДИУРИЧ. НЕМІС БАНКТЕРІНІҢ ШЕТЕЛДЕГІ ЭКСПАНСИЯСЫ

Жорж Диурич. «Неміс банктерінің шетелдегі экспансиясы, оның Германияның экономикалық дамуымен байланысы». Париж (және Берлин), 1909 (798 бет).

Қалың томда толып жатқан деректер бар; бірсыпырасы Риссерде кездеседі; тағы да бірер нәрсені сұрыптап алдым:

37-бет: «Der Deutsche Oekonomist»-тің статистикасы бойынша (1906, 452-бет), герман банктерінің қарамағында *11 394* млн. капитал бар (өзінің және өзгелердің ақшасы).

Мұның ішінде	3 335	«Дейче банк» тобы	17 банк
	2 145	«Дрезднер банк» + «Шафхаузеншер банкферейн» тобы	13 »
	1 843	«Дисконтогезельшафт» тобы	8 »
	908	«Дармштедтер банк» тобы	6 »
	Σ8 231	4 топ +4 әлсіздеу топ	44 »

ΣΣ=9 566=барлығы 80% шамасында { «Коммерц-унд дисконтобанк» «Миттельдейче кредитбанк» «Национальбанк фюр Дейчланд» «Берлинер хандельсгезельшафт»

84-бет... Шетелдерде орналастырылған француз капиталдары:

«Journal» officiel» бойынша 25. IX. 1902

Европа	21 012 млн. марка (sic! жаңылыс емес пе?). Қазір *40 миллиардтай* деседі
Азия	1 121
Африка	3 693
Америка	3 972
Австралия мен Океания	57
	29 855

126—7-беттер: «Өнеркәсіп қоғамдарының бақылау советтеріне қатысу арқылы ірі неміс банктерінің осы өнер-

кэсіп қоғамдарымен жасаған байланыстары» («Акционерлік қоғамдар бақылау советтерінің директорлары мен мүшелерінің адрес кітабы», Берлин, 1903, деректері бойынша Ганс Арендс пен Курт Восснер құрастырған кесте): автор индустриялар бойынша берген, мен жиынтығын ғана алып отырмын:

Қатысу жүйелері	«Дейче банк»	«Дисконтогезельшафт»	«Дармштедтер банк»	«Дрезднер банк»	«Шафхаузеншер банкферейн»	«Берлинер хандельсгезельшафт»
Әкімдер арқылы	101	31	51	53	68	40
Өзінің меншікті бақылау советінің мүшелері арқылы	120	61	50	80	62	34
Осы екі әдістің не анасы, не мынасы арқылы	221	92	101	133	130	74
Советте председательдік ету арқылы немесе 2 мүшеден астам адамдар арқылы	98	43	36	41	46	33

213-бет: Аса маңызды елдердің жер шарындағы теңіз телеграф линияларына қатысуы:

	1898	1903
Англия	68.33%	60.2
Құрама Штаттар	11.10	18.2
Франция	10.10	9.0
Германия	1.88	4.5
Россия	4.32	3.8
Жапония	0.90	0.8

239-бет.... Шетелдердегі электр өнеркэсібінің кэсіпорындары (*Фазольт* бойынша. «Жеті ірі электр қоғамы, олардың дамуы»... Дрезден, 1904); тек *Россия* туралы жэне жиынтығын алып отырмын (млн. марка):

Топ		
«Сименс унд Гальске»	33.10	104.39
А. Э. Г.	2.88	52.04
«Шукерт»	1.60	25.66
«Унион-электрицитетсгезельшафт»	2.89	17.53
«Гелиос»	21.60	27.70
«Леамейер»	—	5.12
«Куммер»	—	0.69
	Σ =62.06	233.13

245 жэне 246-беттер. Румынияда керосин өндіру

1886	53 000 тонна
1907	900 000 »

Бұл өнеркәсіптегі шетел капиталдары*;

{Жаман мысал емес }

Немістікі	74 млн. франк	
Француздікі	31	(54)
Голландиянікі	22	(54)
Румыниянікі	16	
Италиянікі	15	(54)
Американікі	12.5	
Бельгиянікі	5	(54)
Англиянікі	3	
Басқа елдердікі	6.5	
	Σ=185	

283 жэне келесі беттер.

Ағылшынның отарлық банктері:
32 банк... 2136 бөлімше ... 50.3 млн. фунт стерл. (акционерлік капитал)
× 25=1257.5 млн. франк

Француздың отарлық банктері:
20 банк 136 бөлімше** ... 326.8 млн. франк

Нидерланды отарлық банктері:
16 банк 67 бөлімше ... 98.0 млн. флорин
× 2(??)=196 млн. франк

((Германияның әрбір *ірі* банкі туралы жэне мұхиттың әр жағындағы кейбір банктері туралы нағыз монографиялық деректер дегеніц ұшан-теңіз))

Бір-екі мысал:
(6 3 1-бет) «Дейч-Азиатише банк» (Шанхайда) (12. II. 1889 құрылған) 5000 акцияның бөлінуі (1000 талерден)

743-бет: «Дейч-Остафриканише банк» 5. I. 1905 құрылған 4000 акция (=2 млн. марка)

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 402—403-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 398-бет. *Ред.*

1. «Дисконтогезельшафт» дирекциясы	805	акция	250
«Зееханддлунг» банкінің дирекциясы	175		
«Дейче банк»	555	—	250
Блейхредер	555	—	100
5. «Берлинер хандельсгезельшафт»	470		
«Банк фюр хандель унд индустрие»	310		
«Роберт Варшауэр және К°»	310	—	100
«Мендельсон және К°»	310	—	100
10. Яков Штерн (Майндағы Франкфурт)	470		
М. А. ф. Ротшильд (»)	310		
11. «Норддейче банк» (Гамбург)	380		
12. «Сал. Оппенгейм және К°» (Кёльн)	175	—	100
13. «Байерише гипотекен — унд вексельбанк» (Мюнхен)	175		
	5 000		

«Дейч-Остафриканише гезельшафт»	2 800
Дельбрюк Лев	100
«Гансинг және К°»	100
фон дер Гейдт	100
	4 000

«Дисконтогезельшафт»	800
«Дейче банк»	555
«Берлинер хандельсгезельшафт»	470
«Дармштедтер банк»	310
	2 135

Блейхредер	555
Мендельсон	310
Я. Штерн	470
Ротшильд	310
	1 645

КАУФМАН. ФРАНЦУЗ БАНКТЕРІ

Д-р Евгений Кауфман. «Франциядағы банк ісі». Тюбинген, 1911 («Archiv für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik»-тің I қосымшасы) *.

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 363-бет. *Ред.*

362-бет (қысқартып отырмын): француз филиалдар желісінің 1870 жылдан бастап дамуы (3 ірі банк: «Креди Лионе»; «Контуар насьональ» және «Сосьете женераль»)				356-бет. Сол 3 банк		37-бет. Французның жинақ кассалары	
	Провинциядағы бөлімшелер	Париждегі депозиттік кассалар	Σ	Балансқа көрсетілген меншікті айналым қаржылары	Өзгелердің ақшасы	Вкладтар сомасы млн. франк	Вкладшылар саны миллион
1870..	47+	17=	64——	(1872) *200* млн. фр. +	*427*		
1880..	127+	68=	195——	253	953		
1890..	192+	66=	258——	235	1 245	—3 325	7.3
1900..	505+	120=	625——	615	2 300	—4 274	10.7
1909..	1 033+	193=	1 229——	887	4 363	—4 773(1906)	12.5

|| Францияның ұлттық байлығын оның финанс министрі (мұралық салықтары бойынша) **200** *миллиард* франк деп анықтаған (1903/05) — шындық жағдайдағыдан төмен.

Олардың *55*-і (27%) *18 000* адамның қолында (37-бет)
75-і (37%) *45 000* » »

NB *85* - бет: Экскурс: «*Бағалы қағаздардағы француз капиталы*»

	Миллиард франк	жылына	
Тэридің есебі (1907)..	61.4	французздікі.....$1^1/_3$ *миллиард*	(87-бет)
NB ||||	38.5	шетелдікі 1	— дұрысы $1^1/_2$ миллиард франк дейді.
	99.9		

100 миллиард франкке дейін

Тэри бүкіл дүние жүзінде нелікте 730 *миллиард* бағалы қағаз бар деп есептейді (1907)

оның ішінде 115—130 (Великобритания)
110—115 (Құрама Штаттар)
100—100 (Франция)
60—75 (Германия)
385—420

{ бұл цифрлар Неймарктікі } (*)

(*) 287-бет, ескерту (Е. Кауфман):.. «Сонымен «Дейче банк» баланс бойынша 72 миллион маркамен қатыса отырып, бір топ акционерлік банктерге үстемдік жүргізеді, бұл банктердің қарамағында жалпы алғанда шамамен $^1/_2$ *миллиард* капитал және $1^1/_3$ миллиард өзгенің ақшасы бар» (салыстыр *Лансбург*. «Немістің банк ісіндегі қатысу жүйесі». «Die Bank», 1910, июнь, 504-бет). NB

Тэридің есебі

орыстікі (қағаздар)	—10.9 миллиард франк
австро-венгрлік	— 3.65
египеттікі	— 3.05
түріктікі	— 2.5
голландтікі	— 1.45
швейцардікі	— 1.45
итальяндікі	— 1.4
португалдікі	— 1.35
ағылшындікі (отарларымен қоса)	— 1.3
бельгиялық (» »)	— 1.25
бразилиялық	— 1.20
аргентиналық	— 1.10
Балқан мемлекеттерінікі (Түркиядан басқасы)	— 1.050

ГЕГЕМАН. ФРАНЦУЗ БАНКТЕРІ

К. Гегеман. «Француз ірі банктерінің дамуы». Вестфалиядағы Мюнстер, 1908.

Соның *II кестесінен* (француздың нақ сол *үш* ірі банкі бөлімшелерінің — филиалдары мен депозиттік кассаларының саны) (47-бет).

	Шетелдегі бөлімшелер	Провинция	Париж	Σ
1870	62			62
1880	12 —	119 —	67	198
1890	24 —	194 —	66	284
1900	35 —	467 —	120	622
1906	44 —	660 —	179	883

!! 2 банк	2001—5000 қызметшісі бар;	14—101—200;	1635—1—4
2 —	1001—2000	25— 51—100	110 ?
1 —	501—1000	148— 21— 50	
3 —	201— 500	261— 11— 20	Σ=2945
		744— 5— 10	

ГУЛЬФТЕГГЕР. «АҒЫЛШЫН БАНКІ»

Отто Гульфтеггер. «Ағылшын банкі». Цюрих, 1915. (Диссертация.)

400-бет: Ағылшын банкінің (үкімет вкладтарын шығарып тастағанда) және кейбір жеке меншікті ірі банктер депозиттерінің өсуі:

	Депозиттер *(миллион ф. ст.)*			
	1890	1900	1912	1890 жс. 1912 жс. дейін өскені
Ағылшын банкі	32.99	36.96	52.93	60%
«Ллойдс бэнк лимитед»	19.28	51.02	89.39	364%
«Лондон сити энд мидленд бэнк»	—	37.84	83.66	—
«Лондон джойнт сток бэнк»	11.62	17.16	33.63	191%
«Нэшнел провиншел бэнк оф Ингленд»	39.50	51.08	65.66	66%
Паррдың банкі	6.21	24.23	41.68	571%
«Лондон каунти энд Вестминстер бэнк»	—	—	81.69	—

ЯФФЕ. АҒЫЛШЫН БАНКТЕРІ

Э. Яффе. «Ағылшын банк ісі». 1904 («Schmoller's Forschungen», 109-кітап).

(234/5-беттер)

Барлық банктердегі барлық депозиттер *(млн.. фунт стерлинг)*	Барлық банк бюросының саны	1 банк бюросына келетін тұрғындар
1858	2 008	
1872	2 924	10 767
1880 500—510	3 554 (1878)	
1881		9 461
1890 660—670		
1891		7 249
1900 840—850	6 512	
1901		6 238
1903 840—850	7 043	
1909 : 915	7 861 (1908)	5 280

«Статистикалық сөздік» бойынша

Вебб. «Мэлхоллға қосымша», 1911. Август Вебб.

Құрама Штаттарда 1907 жылы — 23 900 банк болды, 3 600 тұрғынға 1 банктен келді

МЕРЕНС. ФРАНЦУЗ БАНКТЕРІ

Бернгард *Меренс.* «Француздың ірі кредит мекемелерінің пайда болуы және дамуы». Берлин және Штутгарт, 1911. («Мюнхен халық шаруашылық зерттеулері». Брентано және Лотц; 107-кітап.)

311-бет: бағалы қағаздар түріндегі француз капиталы (Неймарктің цифрлары Кауфманның цифрларымен бірдей, осы дәптердің ілгергі бетін қараңыз)*.

Бағалы қағаздар түріндегі француз капиталы:

Миллиард франк	
1850— 9	Неймарктің есебі бойынша (311—2-беттер) (Неймарк) Францияда капиталдың жыл сайынғы қорлануы $1^1/_2$—2 миллиард франк шамасы,—ал Леруа Больёнің есебі бойынша (312-бет, ескерту) тіпті *$2^1/_2$—3 миллиард* франк. NB
1869— 33	
1880— 56	
1890— 74	
1902— 90	
1905 100	

Франциядағы *вексельдер сомасы*

«Банк де Франс»-те 1908 ж. 12.3 миллиард франктің 21.5 миллион векселі болды, *263*-бет	1881—27.2 миллиард франк
	1890—25.2 (211-бет)
	1900—28.9
	1907—35.9

Капитал Резервтер миллион франк	
1892—250+ 69.5	Бұл — *төрт* банктің: «Креди Лионе», «Контуар насьональ», «Сосьете женераль» + «Креди эндюстриель»-дің капиталы мен резервтері (240-бет).
1900—500+144.7	
1908—575+216.2	
4 банкте	

* Қараңыз: осы том, 119—121-беттер. *Ред.*

ВАЛЛИХ. НЕМІС БАНКТЕРІНІҢ ШОҒЫРЛАНУЫ

Пауль Валлих. «Неміс банкі ісіндегі шоғырлану». Берлин және Штутгарт, 1905. *(«Мюнхен халық шаруашылық зерттеулері».* 74-кітап (Брентано және Лотц)) (173-бет).

{ қарап шыққаннан кейін пікір айтсақ, Риссерден кейін *nil*, кішкентай еңбек, айқын еңбек сияқты, бірақ Риссердікіне қарағанда әлдеқайда солғындау. }

ЦОЛЛИНГЕР (ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАНС) ЖӘНЕ НЕЙМАРК

Д-р Вальтер Цоллингер. «Бағалы заттардың халықаралық ауысып орналасу балансы». Иена, 1914 («Бүкіл дүние жүзілік шаруашылық проблемалары» № 18, Лейпциг, бастырған Гармс).

{ осы *дәптердің* 17-бетін салыстырыңыз* } *106*-бет: *Неймарк* («Bulletin de l'institut international de statistique». XIX том, II кітап, 1912) эмиссиялардың мынадай цифрларын береді (бес жылдыңΣΣ)**:

Млрд. франк

NB	1871/5 —45	76.1	1891/5—40.4	100.4	4 —5% 570 млрд. франктен=22.8— —28 —25 мд. фр.
	1876/80 —31.1		1896/900—60		
	1881/85—24.1	64.5	1901/5—83.7	197.8	
	1886/90—40.4		1906/910—114.1		

206-бет

Бағалы қағаздарды иелену

(223-бет): {*А. Неймарк*}***

Миллиард франк

	1908 жылдың аяғы		1910 жылдың аяғы		
Великобритания	130—135		140—142	менің есебім: 479= 80% NB	{ Великобритания 142
Құрама Штаттар	115—120		130—132		Құрама Штаттар 132
Франция	103—105		106—110		Германия 95
Германия	80— 85		90— 95		369 =61% }
Россия	25— 27	NB	29 — 31		
Австро-Венгрия	21— 22		23— 24		
Италия	10— 12		13— 14		
Жапония	6— 7		9 — 12		
«Қалған елдер»	33— 38		35— 40		
Барлығы	523—551		575—600		

---

* Қараңыз: осы том, 70—71-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 392-бет. *Ред.*

*** Бұл да сонда. *Ред.*

Бұл Неймарктың деректері бойынша тексерілген, *223*-бет.

(*) Міне бұл «қалған елдер» тек 1902 жылдың өзінде ғана (32 миллиард)*:

Менің есебім 1910 Шамамен		
12.5	Голландия	10
7.5	Бельгия	6
7.5	Испания	6
6.25	Швейцария	5 ← қазір 6 деп ойлайды автор
3.75	Дания	3
2.5	Швеция, Норвегия Румыния және басқалар	2
40		32 миллиард франк

Бұл Цоллингердің деректері бойынша

В. Цоллингер. «Бағалы заттардың халықаралық көлемде ауысуы және капиталды шетелдерге орналастыру, олардың өндіріс пен конъюнктураға әсері» «Zeitschrift für die gesamte Staatswissenschaft»-та. Шыға бастағанына 69 жыл, 3-кітап. (*) NB

Салыстырыңыз: *Фердинанд Моос.* «Француз кредит мекемелері және француз бен ағылшынның шетелдерге капитал орналастыруы» «Jahrbuch für Nationalökonomie und Statistik». 3-серия, 39 -том, 1910. NB

Швейцарияның 2.6 миллиард франкке дейін «шетелдік бағалы қағаздары» бар (147-бет).

ал Францияның Швейцарияда (1903) *900 млн.* дейін франкі бар (148).

Швейцария *темір жолдары:* олардың бағалы қағаздары мыналардікі

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 393-бет. *Ред.*

(150-бет. Цоллингер)

	млн. франк
Францияныкі	—420
Германиянікі	— 67
Бельгиянікі	— 8
Англиянікі	— 3
Голландиянікі	— 2

Σ=500 млн. фр.

Швейцарияда шетел жұмысшылары өнеркәсіпте=барлық жұмысшылардың 24.4% (Σ=625 299), мұның ішінде 85 866=13.7% *итальяндар*

(108-бет. Цоллингер) Германиядағы эмиссиялар («Der Deutsche Oekonomist» бойынша)

Бағалы қағаздар

	отандық	шетелдік	Σ	
1886— 90	4.4	+2.3	= 6.7	миллиард марка
1891— 95	4.8	+1.5	= 6.3	
1896— 900	8.2	+2.4	=10.6	сол цифрлар Неймарк, *232*-бет
1901— 5	8.3	+2.1	=10.5	
1906—1910	12.6	+1.5	=14.1	

Франциядағы эмиссиялар (Цоллингер, III бет.)

	Француздікі		Шетелдердікі		Миллиард франк
1902 —	64	+	66	=	130
1906 —	65	+	68	=	133
1910 —	69	+	73	=	142

«1910 жылдың аягында дүние жүзінде әр түрлі ақша рыноктарында нарқы қойылып сатылатын 815 миллиардтық бағалы қағаз болды. Сатылатын бұл 815 миллиард бағалы қағаздың 570 миллиардынан 600 миллиардына дейіні түрлі елдер азаматтарының меншігі болып табылады» (223-бет: Неймарк).

...«Шынында да, бір немесе бірнеше рынокта сатылатын, нарқы қойылатын бағалы қағаздардың сомасын сол елдер капиталистерінің меншігі болып табылатын сомамен шатастырмау керек — біз осыны ескеруді үнемі талап етіп келеміз.— Белгілі бір бағалы қағаздар бір уақытта бірнеше рынокта нарқы қойылып, сатылуы мүмкін» (203-бет).

Автор 815 миллиардтың орнына 575—600 миллиардты алып, бұл қайталауларды шамалап азайтады*. ‖ NB

201 және келесі беттер. «Bulletin». Альфред *Неймарк.* «Бағалы қағаздардың халықаралық статистикасы».

«Bulletin de l'institut international de statistique», 201 және келесі беттер**.

Неймарктің бұл мақаласы оның осы тақырыпқа жазған 9-есебі (қалған 8 есебі мына *томдарда* басылған: IX; XI, 2; XII, 1; XIII, 3; XIV, 2; XV, 2; XVI, 1; XVII және XVIII, 2. ‖ NB

‖ *Осы* тақырыпқа жазылған оның басқа бірқатар мақалалары да сонда. XIX, 3 томдағы, барлық 19 томға жасалған *регистрді* қараңыз ‖ NB

19 том (көпшілігі 2—3 кітаптан)
1-том—1885
19-том—1911

Бұл мақалада *Неймарк* 1871 жылдан 1910 жылға дейінгі эмиссиялардың жыл сайынғы деректерін де келтіреді; ол деректер мынаалар:

39.1; 76.1—39.1=37.0 : 7=5.3

1871	15.6	12.6	10.9	4.2	1.7	3.7	7.9	4.6	9.4	5.5	(1880)
[1881]	7.2	4.5	4.2	4.9	3.3	6.7	5.0	7.9	12.7	8.1	
(1891)	7.6	2.5	6.0	17.8	6.5	16.7	9.6	10.5	11.3	11.9	
(1901)	9.9	21.9	18.3	14.4	19.1	26.5	15.3	21.2	24.6	26.5	

NB ‖ *Шетелдік* капиталдар

Великобританиянікі...	85 млрд. франк (1910) (216-бет)
Францияникі...	40
Германиянікі...	20—25

Барлық елдердің сыртқы саудасы
(шеттен әкелгені + шетке шығарғаны)
миллиард франк есебімен

1867/8— 55 млрд. франк
1876 — 70 » »
1889 — 93 » »
} Цифрлар Нейман-Спалларттікі (219-бет)

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 392-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда. 391—392-беттер. *Ред.*

1910 —132 —— } Цифр Неймарктікі (218-бет)

↑

миллиард франк			
Германия	—20	Құрама Штаттар	25
Великобритания	—25	Индия (британдық)	6
Франция	—13	Жапония	$2._3$
Бельгия	— $6._7$	Канада	$3._5$
Австро-Венгрия	— $5._4$	Оңтүстік Африка (британдық)	3
Италия	— $5._2$	Египет	$2._2$
Швейцария	— $2._8$		
Испания	— $2._0$		
	$80._1$		$42._0$

$80._1+42._0=122$, ал автор 132 деп есептеген!!?? және тек осы елдер!!!

Дүние жүзінің темір жолдары (1909 ж. 983 868 километр) 270 *миллиард* франк шамасы тұрады (223-бет).

	1885	1905	1909	
Европа	$195._2$	$305._4$	$325._2$	мың км.
Азия	$22._4$	$77._2$	$94._6$	
Америка	$246._1$	$450._6$	$504._2$	
Африка	$7._9$	$26._1$	$30._9$	
Океания	$12._9$	$27._0$	$28._9$	
	$484._5$	$886._3$	$983._8$	

салыстырыңыз: Каутский «әсіре империализм»[16] туралы

Бір қызығы сол, қорытынды сөздер: § IX «Халықаралық қоғамдық және жеке меншік байлық пен жалпыға бірдей бейбітшілік» деп аталған (225-бет) —...«Бейбітшілік бұзылады деп ойлау мүмкін бе?.. осындай орасан зор цифрлар тұрғанда... соғыс шығаруға тәуекел ету мүмкін бе..? ...Мұндай жауапкершілікті өзіне алуға кімнің батылы барады?»...*

«Француз капиталистеріне жататын француз және шетелдік мемлекеттік қорлар мен бағалы қағаздардың сомасы біздің бұрынғы статистикалық деректерімізге сәйкес мынадай цифрларға жетуге тиіс еді»:

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 448-бет. *Ред.*

		Млрд. франк	Мұның ішінен шетелдердікі	
	Жылдар: 1850 жылдың аяғы	— 9		Осы дәптердің 67-бетін салыстырыңыз.*
	1860	— 31	—	
NB ‖ {289-бет} ‖	1869	— 33	10	
	1880	— 56	15	
	1890	— 74	20	
	1902	— 87-ден 90-ға дейін	25-тен 27-ге дейін	
	1910	— 106-дан 110-ға дейін	38-ден 40-қа дейін	

Француз капиталының шетелдерде әр ел бойынша бөлінуі (290-бет):

	млрд. франк			
Россия	10—11**	‖ NB	Испания мен Португалия	3—4
Англия	$^1/_2$	‖	Құрама Штаттар мен Канада	2—3
Бельгия мен Голландия	$^1/_2$		Египет пен Суэц	3—4
Германия	$^1/_2$		Аргентина, Бразилия және Мексика	4—5
Түркия мен Сербия	2—2$^1/_2$		Қытай мен Жапония	1—2
Болгария, Румыния және Греция	2—3		Тунис пен француз отарлары	2—3
Австро-Венгрия	2—2$^1/_2$			
Италия	1—1$^1/_2$			
Швейцария	$^1/_2$		Σ (менікі)=34—43$^1/_2$	

ТЭЙЛОР. «КӘСІПОРЫНДЫ БАСҚАРУ»

Фредерик У. Тэйлор. «Кәсіпорынды басқару» («Shop menagement») (*Валлихстің* аудармасы мен **қосымшасы**). 2-басылуы. Берлин, 1912.

Валлихс Америкада 1911 жылы болды. «Вифлеем болат заводынан» мысал (17-бет):

	қазір	*бұрын*	
924 мың тоннаны тасуға жұмсалған жалпы шығын	130 000	280 000	марка
1 тоннаға	0.$_{139}$	0.$_{304}$	»
1 жұмысшының табысы	7.$_{80}$	4.$_{80}$	»
Бір жұмысшы тасыған тонна саны	57	16	тонна!!!

* Қараңыз: осы том, 123-бет. *Ред.*

** Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 396-бет. *Ред.*

Екінші мысал (марка есебімен) (32-бет):

	бурын		қазір
Күндік жалақы	10.0		14.50
Машинаға жұмсалған шығын	14.0		14.00
Күндік жалпы шығын	24.00		28.50
Шығындар	:5	күніне дана	:10
Бір данаға жұмсалған шығын	=4.80		=2.85

sic!! «Әуелі жұмысшылардың өте нашар бөлігінің, мерзімді жүйе бойынша жұмыс істейтін басқа адамдардың неғұрлым жоғары еңбек өнімділігіне жетуіне азғыру арқылы кедергі жасауға әрдайым тырысатын бөлігінің белгілі бір қарсылығымен санасуға тура келетінін естен шығармау керек» (28).

...«жұмыстың дағдылы әдісінің баяу қарқынынан цехқа жақсы басшылық етуді сипаттайтын шапшаң өндіріске өтудің қиын уақыты» (29)...

9-бет: «Жұмыстағы үнемі баяулықтың басты міндеті цехтың басшыларын машиналар мен жұмысшылардың мүмкін болатын өнімділігі жөнінде бейхабар етіп ұстауға тырысуда.

Жұмысты осылайша қасақана баяулату түрінің дағдыға айналып кеткені соншалық, мүмкіндігінше баяу істеудің, бірақ дегенмен жұмыс берушісіне өзінің жан аямай істейтініне сендірудің әдісін ойлап табуға уақытының едәуір бөлегін жұмсамайтын, ірі фабрикаларда жалақының дағдылы системалары бойынша жұмыс істейтін шебер қызметкер табыла қояр ма екен» (9)...

!! «Құрама Штаттар өнеркәсібінің алуан түрлі салаларына 1883 жылдан бастап өзінің әдісін енгізгенімен, автор адамдар ереуілін еш уақытта көрген емес, сондықтан ол: бұл әдісті енгізгенде жұмысшылардың көпшілігі бірлестікте болған жағдайда ғана ереуіл сөзсіз болады, өйткені бұл бірлестік нұсқауының қатаңдығы соншалық, тіпті өз мүшелерінің бірде-біріне бірлестік белгілеген негізден басқа негіздерде жұмыс істеуге рұқсат етпейді деп ойлайды» (25)...

Тағы бір мысал (33 және келесі беттер). Қыздар кішкене шарлардың (өңделіп, жылтыратылған болат шарлардың) кедір-бұдырын *қолдарымен* тауып, бракқа шығарады etc.

63-бет. **Валлихс т а м а ш а** «Тэбор мэнюфэкчуринг компанида» (100-ге жуық жұмысшы; аспаптар мен құю машиналарын жасайды) *3* жұмысшыға 1 қызметші келетінін анықтаған!!!

67-бет. «Реформа шарттары ((ол үшін бөлінген уақыт *2—4* жыл!!))... «тек қана жоғары өнімді, жоғары жалақы үшін күш салып еңбектенгісі келетін жұмысшы кадрлары тартылатын болсын»...

...«қадағалаушы шеберлер мен қызметшілердің саны ең болмағанда екі есе артатын болсын»... (67)...

((шеберлерді былай қойғанда!! *ә р б і р* жұмысшыдан *баспаға басылған* карточка-бланкалар түрінде болса да жазба есептер алынатын болсын!!))

...«алайда олар (адамдар) әрбір минутты пайдаланып істейтін қызу жұмысқа дағдыланғанша дегенмен әлі ұзақ уақыт керек, сондықтан қанша тырысқанмен тегі бұған үйрене алмайтын көп адамдар жұмыстан шығып қалуға тиіс» (69). NB

...«шебер немесе аға жұмысшы болу мүмкіндігі едәуір-ақ жиі кездесе бастады, өйткені жаңа жағдайларда бұл қызметті атқарушылар көп керек болып отыр» (75). NB

(жұмысшыларды шебершеге *к ө ш і р у м е н қ ы з ы қ т ы р ы п с а т ы п а л у)*

Хронометражды жүргізуге үйрену өте қиын. Мысалы, бір инженер (Сэндфорд Э. Томпсон) (81-бет) архитектуралық жұмыстар жөнінде хронометражды алты жыл жүргізген!!! Секундомер арқылы бақылауды оның өзі жүргізіп, 2 ассистентпен талдап қорытқан!! ((Құрылыс, тас қалаушылар, балташылар, «бетондау», жер қазу және тағы басқалар.))

! ...«жоғарыда көрсетілген мамандықтардың біреуіне ғана арналған кітап 250 бет болып шықты (кестелер мен текст)»...

Сонан соң секундтың *оннан бір үлесі* бойынша (84-бет) (ерекше сағаттар) — өте ұсақ операциялар бөлек-бөлек есептелді (күректі жерге қою; қол арбаны көтеру; қол арбаны сүйреу; қол арбаны қою; күректі көтеріп алу etc. etc. etc.), қол арбаның көлемін (текше м.) өлшеу, *idem* — күректер etc. etc.

Өлшеу жұмысына *таңдаулы* (91) жұмысшыларды іріктеп алып, оларға *жоғары* ақы төлеу керек (ақыны арттыруға уәде беру керек)...

Тағы бір мысал: қазандарды қарап шығып, тазалау. Автор ассистентке істі зерттеуді тапсырған. Ол жаңа келген адам болғандықтан *ештеңе* істемеген. Автор уақытты бақылай отырып, жұмысты өзі жүргізген. Көп уақыт босқа кететін болып шыққан, өйткені жұмысты «табиғи қалыптан тыс жағдайда» жүргізеді (99). «Шынтаққа, тізе мен санға байлайтын *қорғауыш жастықшалар»* жасалып, «жекелеген жұмыстар үшін арнаулы аспаптар ойластырылған», т. т., т. т. (100).

«Осы белгіленген шаралардың бәрі» (істі, яғни жұмысты қалай жүргізу керек екенін баяндайтын беттері көп-ақ) «тұңғыш рет қолданыла бастаған кезде, бұған жұрт талай рет күліп жүрді»... Қорытынды: 300 *аттық күші бар* бірнеше қазанды қарап, тазартуға төленетін ақы 250 маркадан 44 маркаға дейін төмендеді!!! 250 және 44

Автор Мидвәль болат құю заводында 10 жыл істегенде стачка дегенді білмеген. Таңдаулы жұмысшылар одаққа кірмеген, өйткені жақсы (жоғары) ақы алып келген.

«Фирма реті келгенде әрбір жұмысшының табысын көбейту және жоғарылауға лайық барлық жұмысшының өсуіне мүмкіндік беру саясатын көздеді. Әрбір жұмысшының жақсы және жаман жақтары туралы дәлме-дәл жазылып отырды, мұны жүргізу әсіресе аға жұмысшылардың міндеті болды, сөйтіп әрбір жұмысшы жөнінде әділеттілік жасай алатын болды. Белгілі бір кәсіпорында жұмысшыларға олардың жеке басының қасиетіне сәйкес ақы төленетін болса, онда ақыны аз алатын жұмысшылармен бірігу ақыны жақсы алатын жұмысшылардың мүдделеріне сай келмейді» (101)...

Жұмысшы табы мен қожайындар мүдделерінің бірдейлігі туралы блягалар көп etc. Автор тәртіп сақтаудың жақсы шарасы ретінде ақшалай штраф салуды *жақтайды*... Штрафтар бақытсыздыққа ұшыраған жағдайларда жәрдемдесетін кассалардың пайдасына беріледі ((5 пфенниггген 250 маркаға дейін — штрафтардың мөлшері, чиновниктерге *де қарсы,* өзіне *де қарсы*!!))...

NB
Капитализм тұсында *«азапқа»* немесе **кунстштюкке»** тек *60 000* жұмысшы ұшыраған

Валлихстың қосымша тарауы («Соңғы уақыттың жетістіктері») — Америкада не бары **60 000**-ға жуық жұмысшы қайта құрылған кәсіп орындардың (ойластырылған басшылық) принциптері бойынша жұмыс істейді дейді (109)...

Джилбрет тас қалаушылардың жұмысына бұл принципті енгізіп, 1 жұмысшыға келетін кірпіш санын сағатына 120-дан 350-ге жеткізді (109) (операциялар санын 18-ден 5-ке дейін азайтты)...

Конгресс *Тэйлор* системасын зерттеу үшін комиссия тағайындады (109)...

Өйтпегенде ше!

Өте ықпалды жұмысшы одақтары Тэйлордың системасына қарсы (110)...

(Валлихс): ...««Ойластырылған басшылық» деген тек жел сөз ғана, оның мазмұнын «интенсивті өндірістік еңбек» деген сөздер жақсы білдіреді» (111—112)...

дұрыс!!!

Қосымша. Дискуссия. Көп адамдар Тэйлор *«есепті қожайынсыз»* жүргізеді: жұмысшы ұйымдары жол бермейді деп көрсетеді (119, 116 және басқа беттер).

129-бет: Оберлин Смит Тэйлор системасын мектептерде оқытуды ұсынады...

Соңы

ЗЕЙБЕРТ. «ТЭЙЛОР СИСТЕМАСЫНЫҢ ПРАКТИКАСЫНАН»

Дипломды инженер *Рудольф Зейберт*. *«Тэйлор системасының практикасынан»*. Берлин, 1914.

Автор әсіресе «Тэбор мэнюфэкчуринг компаниді» (Филадельфия) зерттеумен 8 ай өткізген, сондықтан істің *практикалық жағын* толық баяндауға уәде етеді.

6-бет: «Германия мен Американың жағдайларын жақсы білетіндер турасынан былай деп мойындайды: материалды үнемдеп пайдалану жөнінде герман өнеркәсібі американ өнеркәсібімен са-

лыстырғанда көп алға кетті, бірақ, оның керісінше, адамның жұмыс күшін үнемді қолдану жөнінде Германияның Құрама Штаттардан әлі де көп нәрсені үйренуі керек» (7)... || айта қаларлық!

«Уақытты зерттеуді» өнімділікті зерттеу деп атаған дұрыс дейді: *уақыт* қана бақыланып қоймайды, сонымен қатар жұмыстың *жақсы тәсілі* зерттеліп, қорытынды шығарылады» (9—10)...

— «Еңбек туралы ғылым» (10) |||| NB

кинематограф арқылы қимылды зерттейді — қырындап тұру материалды (қарамастан) ала салуды жеңілдетеді etc. etc. «Ешқандай артық немесе пайдасыз қимыл жоқ» (15). ||| NB

Мұны «азаптаушылық» деп жүрмес үшін (22) істі Американың *демократиялық* әдет-ғұрпына сәйкес абайлап жүргізу керек (22-бет) ||| sic !!!! NB

әдетте табыс жұмысшының алатынынан $^1/_3$ мөлшерде артады

онда «ол өзінен-өзі-ақ (егер $+^1/_3$ болса) айтарлықтай жақсы ақы төленетін орта саудагердің немесе техниктің экономикалық дәрежесінде тұр ғой» (22)... |||| NB буржуаландыру!!

30-бет: Тэйлордың реформасы «орта есеппен» «**5 жылға**» созылады: «Тэбор мэнюфэкчуринг компани»-ге Тэйлордың системасын енгізуге шыққан шығындардың ауыртпалығынан «**күйреу** қаупі туды». !!

Тэбордың өнеркәсіп компаниясы 1890-жылдарда құрылды. 1904 жылы стачка болды ($^1/_2$-лай ұтып шыққан стачка). Іс нашар жүріп жатты. Тэйлор ұйымдастырушы болу үшін ақша беруді ұсынды (32). Келісті.

5 жылдан кейін: өндірістің артуы 80%
шығынның азаюы 30%
жалақының артуы 25%

1912 ж. 45 жұмысшы (33)
48 (!!sic!!!) *чиновник* пен *шебер* ((әдетте 1:3)) (clerks) (кеңсе қызметкерлері, қызметшілер мен шеберлер)

Бұдан әрі «кілттердің» (қысқартулар), формулярлардың, қағаздардың, тапсырмалардың көшірмелері бар —

толып жатқан жазбалар, мейлінше қиын... мұны қызметшілер «талмуд» деп атайды (35-бет)...

Бір қызметші *тек* өнімділікті зерттеумен шұғылданады (хронометраж), мұның өзі оған екі қолдың барлық қимылын etc., барлық операцияларды жақсы *зерттеп,* оларды *жақсартуға* мүмкіндік береді.

NB ...«Сонымен, «Тэбор мэнюфэкчуринг компани»-де өнімділікті зерттеудің арқасында қандай да болсын жұмыстың пайдалылығы жөнінен тексерілмейтін және жетілдірілмейтін бірде-бір күн болмайды деуге болады» (107).

153-бет: «Хронометраж және *қимылды* зерттеу» = Тэйлор системасындағы ең «қызықтысы», ең «атышулысы». NB

[Сағат — сағат және сағаттың жүзден бір үлесі (124-бет). Қолайлырақ.]

!! NB Германияға енгізудің қиындығы:.. «Германияда еңбекші таптардың әлеуметтік жіктелуі елемеуге болмайтын қиыншылық. Германияда академиялық білімді адам — жоғары дәрежелі білім алмаған адамға, инженер — шеберге, шебер — жұмысшыға көбінесе «бұйыру тұрғысынан» сөйлейді. Адамдарды өзара қызметтес жандармыз деп сезіндіретін Тэйлор системасы тұсында мұндай тұрғыдан сөйлеуге жол берілмекші емес» (152)... Жұмысшыларды «шеберлер мен қызметшілер қызметіне жоғарылатуға» *жылдар бойы* дағдылануға тура келеді...

Соңы

ДЖИЛБРЕТ. «ҚИМЫЛДЫ ЗЕРТТЕУ»

Франк Б. Джилбрет. «Ұлттық байлықтың өсімі тұрғысынан қимылды зерттеу». («Annals of the American Academy», 1915, май, 96 және келесі беттер.)

...«Жұмысының қандай екеніне қарамастан, әрбір индивидумның жасайтын қимылы зерттеліп, стандартқа келтірілген...

...Кірпіш қалағанда, бір кірпішті қалау үшін жасалатын қимыл 18-ден 5-ке дейін кемітіліп, өнім шыға-

ру сағатына 120 кірпіштен 350 кірпішке дейін арттырылды. Мақта-матаны тақталап жинағанда 20-дан 30-ға дейін жасалатын қимыл 10 немесе 12 қимылға кемітіліп, соның нәтижесінде 150 топ матаның орнына, бұрынғыдан қатты қажымай-ақ, 400 топ мата тақталанатын болды. ?

Аяқкиім майы бар құтыға этикетка жапсыратын қыздың қимылы зерттелді. Оның әдісі аз ғана өзгертілді, сонда ол бұрын 40 секундта 24 құты дайын ететін болса, енді күшті аз жұмсай отырып 20 секундта 24 құты беретін болды. Мұндай зерттеу басқа кәсіптерде істейтін еркектер мен әйелдердің жасайтын қимылын азайтуға мүмкіндік беріп қана коймай, сонымен қатар дәрігерлердің, күтушілердің, кеңсе қызметкерлерінің қимылдарын да, қысқасы, зерттелген жұмыстың әрбір түрінде істейтін қызметкерлердің қимылдарын да азайтуға мүмкіндік берді»... (96—97)

Шнур машиналарын жинау (assembly)... «бұрын бір адам күніне 18 шнур машинасын жинайтын болса, енді артық шаршап-шалдықпай-ақ бір адамның күніне 66 шнур машинасын жинауына мүмкін болды» (97)...

Ең жаңа тәсіл = 1) микроқимылдарды зерттеу...
2) «хроноциклографты» қолдану (97)...

I. «Микроқимылды есептейтін сағат» жұмысшының алдына қойылады, бұл сағат «қимылды бейнелейтін фильмнің әрбір кадрінде күн мерзімінің түрлі кезеңдерін» белгілеп отырады (сағат белгілейді) (98)...

II. «Қимылды зерттеудің хроноциклографиялық әдісі мынадай: оператордың саусақтарына немесе оператор денесінің немесе қимыл жолы зерттелуі керек материалдың белгілі бір бөлігіне кішкене электр шамдары бекітіледі»... (жарықтың қозғалысы, оның жолы фотоға түсіріледі) (98).

Бүкіл қоғамның назар аударатыны осы зерттеулер... «Мектеп пен фабриканың арасындағы олқылықты бірте-бірте толықтыру ерекше нәтиже болып табылады. Қимылдарды интенсивті зерттеу кәсіпшіліктерде және тіпті кәсіптерде механикалық жағынан болатын ұқсастық біздің қашан да болсын мүмкін деп ойлағанымыздан гөрі анағұрлым көп екенін дәлелдеп отыр. Өнеркәсіп әлемі саусақтарын ептілік- !! NB

ке үйреткен жас жұмысшыларды барған сайын көп керек ететін болады»... (101)...

халық мектептерін де осыған үйрету керек:

...««саусақтардың ептілігі», яғни бұлшық еттер мамандандырылған еңбектің талаптарына оңай және тез сай келетіндей болып, соншалық машықтануы керек»...

Бытыраңқы, қайталанған etc. «зерттеулерден»... қазір «орасан зор ысырап» болып отыр (102). «Механикалық кәсіпшіліктерді стандарттайтын осындай бюро құру Құрама Штаттар үкіметінің ісі болып табылады. Онда орнатылып, құрастырылған стандарттар қоғам меншігі болар еді, сөйтіп дербес зерттеушілер осы стандарттардың негізінде одан әрі стандарттар ойлап шығарған болар еді» (103)...

капитализм тұсында социализмге қарай ілгері басқан техникалық прогрестің тамаша үлгісі.

ЕЙДЭЛЬС. «НЕМІСТІҢ ІРІ БАНКТЕРІНІҢ ӨНЕРКӘСІПКЕ ҚАТЫНАСЫ»

Д-р Отто *Ейдэльс*. «Немістің ірі банктерінің өнеркәсіпке, әсіресе металлургия өнеркәсібіне қатынасы». Лейпциг, 1905 ((*24*-том, «Schmoller's Forschungen»-нің *2*-кітабы)).

Алғы сөз: июнь, 1905 деп белгіленген

Риссерден *кейін* оқып болмайды: қайталаулар, шикі, фактісымақтар, жаңалық nil
Мұның өзі кітаптың бас жағына ғана қатысты. Сірә, Риссер оны ұрлаған. Әңгіме **өнеркәсіпке** қатынас туралы болғанда, Ейдэльстің айтқаны молырақ, өтімдірек, ақылдырақ, ғылыми құндырақ.

дағдылы құбылыс — 18-бет: Мысал: *Тиссенді* «бақылау советіне» сайлау үшін (!!) «Гельзенкирхенер бергверксгезельшафт» фирмасының акцияларын сатып алу (1904 ж.).

57-бет: Өнеркәсіп қоғамдарының эмиссияларына қатысқан банктердің (акционерлік) және жеке меншікті банкирлердің саны

	банкирлер	1 банкирге келетін эмиссиялар	банктер	1 банкке келетін эмиссиялар
1871/2	90	$4._4$	31	$6._1$
1899	34	$2._7$	16	$12._4$

103-бет: Ағайынды Маннесмандар «жіксіз құбырға» деген өз патенттерін *16* миллион маркаға сатты (!)... 1890...

Дағдарыс атаулы (1857, 1873, 1900) шоғырлануға әкеліп соғады, ал 1900 жыл ерекше болды:

«1900 жылғы дағдарыс өнеркәсіптің басты-басты салаларындағы алып кәсіпорындармен қатар, қазіргі ұғымдар бойынша алғанда ұйымдастыру жағынан ескірген, өнеркәсіп өрлеуінің толқынымен жоғары көтерілген тағы да талай «таза»» (яғни құрама емес) «кәсіпорындар да болды. Бағаның арзандауы, сұранымның кемуі бұл «таза» кәсіпорындарды апатты жағдайға түсірді, мұндай жағдайға құрама алып кәсіпорындар не мүлдем ұшыраған жоқ, не тіпті аз уақытқа ғана ұшырады. Осының салдарынан, 1873 жылғы дағдарысқа қарағанда, 1900 жылғы дағдарыс өнеркәсіптің шоғырлануын адам айтқысыз дәрежеде күшейтті: 1873 жылғы дағдарыс та ең тәуір кәсіпорындарды белгілі түрде іріктеп шығарған еді, бірақ техниканың ол кездегі дәрежесінде бұл іріктеу дағдарыстан жеңіспен шыға алған кәсіпорындарды монополияға жеткізе алған жоқ. Аса күрделі техникалардың, ұйымдасу ісінің айтарлықтай жүргізілуінің, капиталдарының күшті болуы арқасында қазіргі темір жасаушы және электр өнеркәсіптерінің алып кәсіпорындары дәл осындай ұзаққа созылған монополияға, онда да жоғары дәрежедегі монополияға ие болып отыр, онан соң кемірек дәрежеде машина жасау өнеркәсібінің, металлургия өнеркәсібінің белгілі салаларының, қатынас жолдарының және басқаларының кәсіпорындары да ұзаққа созылған монополияға ие болып отыр» (108)...* NB монополия

111-бет:—*Фёникс* фирмасын *«Штальверксфербанд»*-қа қосу керек болғанда, «Шафхаузеншер банкферейн» оның акцияларының *көпшілігін* сатып алып, шешімді жүзеге асырды.

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 358—359-беттер. *Ред.*

Сондай-ақ *«Дрезднер банк»* «Кенигс — унд Лаурахютте» металлургия заводының «бақылау советінде» 2 орынды «жеңіп алды» (осыдан 4 жыл бұрын), сөйтіп өзіне керек нәрсесін жүзеге асырды...

Бақылау советтерінің ролі — ең кең роль (іс жүзінде = *басқару* болуы мүмкін)...

sic! (оп-оңай!) ...«Бақылау советтері мүшелерінің орындары атағы зор адамдарға, сондай-ақ өкіметпен қарым-қатынас жасағанда талай жеңілдік келтіре алатын, бұрын мемлекет қызметінде болған чиновниктерге ерікті түрде беріліп отырады»...* (149).

дағдылы жағдай!! «Ірі банктің «бақылау советінде» әдетте... парламент мүшесін немесе Берлиннің қалалық думасының мүшесін кездестіресіз» (152)...**

155 (in fine)... «Ал келтіріліп отырған жағдайлар» (бірқатар «е с і м д е р» келтірілген: Дернбург — «Дармштедтер банк» директоры, Гвиннер — «Дейче банк» директоры) «өнеркәсіп қайраткерлерінің көбінесе өнеркәсіптің дәл сол тараулары немесе дәл сол салалары қоғамдарының бақылау советтеріне жататындығын, ал ірі банктер директорларының, керісінше, алуан түрлі кәсіпорындардың басқармасында болып отырғандығын айқын көрсетеді»...

1. *«Шафхаузеншер банкферейн»*-нің директоры *3 3* қоғамның «бақылау советінде» мүше!! (155-бет).

150-бет: бақылау советі мүшелерінің *3 5* орнының мысалы бір қолда... (35).

156-бет: ...«Жеке ірі өнеркәсіпшілер қызметінің осылайша кеңеюімен қатар және провинциялық банктердің директорларының қарауына тек белгілі бір өнеркәсіптік округті ғана берумен қатар ірі банктер басшыларының арасында мамандану белгілі дәрежеде өсіп отырады. Жалпы алғанда мұндай мамандану бүкіл банк кәсіпорны көлемінің және әсіресе оның өнеркәсіптік байланысының ұлғаюы жағдайында ғана болуы мүмкін. Бұл еңбек бөлінісі екі түрлі бағытпен жүріп ке-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 372-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда. *Ред.*

леді: бір жағынан, өнеркәсіппен байланыс жасау түгелдей директорлардың біреуіне, оның арнаулы ісі ретінде, тапсырылады; екінші жағынан, әрбір директор жеке кәсіпорындардағы немесе кәсібі, немесе мүдделері жағынан біріне-бірі жақын кәсіпорындардың топтарын бақылауды өз міндетіне алады. Біреуінің мамандығы герман өнеркәсібі, кейде тіпті батыс герман өнеркәсібі ғана болады, екінші біреулерінің мамандығы — шетел мемлекеттері мен өнеркәсібіне көзқарас, өнеркәсіпшілердің және басқалардың қандай адам екендігі туралы мәліметтер, биржалық істер, т. т. болады. Мұның үстіне көбінесе банктің әрбір директоры ерекше жерді немесе өнеркәсіптің ерекше бір саласын өз жетекшілігіне алып отырады; біреуі көбінесе электр қоғамдарының бақылау советтерінде, екіншісі химия фабрикаларында, сыра заводтарында немесе қант қызылшасы заводтарында істейді, үшінші біреуі — оқшауланған азын-аулақ кәсіпорындарда, сонымен қатар — өнеркәсіптік емес қоғамдарда, мысалы, қауіпсіздендіру қоғамдарының бақылау советтерінде істейді. Берлиннің кейбір банктері директорларының мысалдарынан мұндай дәлелдер бізді жеке бастың мәселесіне қарай тым алыстатып әкеткен болар еді. Бір сөзбен айтқанда, ірі банктердің операция көлемі зорайып, түрлері көбеюіне қарай басшыларының арасында еңбек бөлінісінің барған сайын қалыптаса беретіні күмәнсыз,— мұндағы мақсат (көздеген нәтижесі де) оларды, былайша айтқанда, таза банк істерінен гөрі біраз көтеру, оларды ойлауға неғұрлым қабілетті ету, өнеркәсіптің жалпы мәселелерін және оның жеке салаларының арнаулы мәселелерін көбірек түсіне білетін ету, оларды банктің өнеркәсіпке ықпал ету сферасы саласында қызмет істеуге әзірлеу. Банктердің бұл жүйесі өздерінің бақылау советтеріне өнеркәсіпті жақсы білетін адамдарды, кәсіпкерлерді, бұрынғы чинов-

қоғамдық шаруашылықты «қадағалау»

NB

NB

«жүйе» || никтерді, әсіресе темір жолда, кен ведомствосында қызмет істеген чиновниктерді іріктеп алу мақсатын көздеп толықтырылады*; олар бұл адамдардан өнеркәсіп орындарымен байланыстан гөрі экспорттік кеңестерді,— академиялық білімге сүйенуден гөрі ұзақ жылғы техникалық, іскерлік тәжірибеге және адам тәжірибесіне көбірек сүйенетін кеңестерді талап етеді»... (157)...

...«Ал бақылау советінің мүшесі ретінде банк директоры алдындағы өзінің міндеті болғандықтан өз қызметін адал орындауға мүдделі, бірақ оның артықшылығы мұнымен шектеліп қоймайды; сонымен қатар ол рынок жағдайы туралы жұрттың бәрінен де жақсы хабардар, өз қызметшілерінің үлкен аппаратын бақылау советінің коммерциялық-техникалық тапсырмаларын орындауға мәжбүр ете алады; көптеген қоғамдар жөнінде хабардар болудың нақ өзі оның осы қоғамдардың кейбіреулеріне баға беруін оңайлататады, бұл хабардарлық жеке кәсіпорындарды тым асыра бағалаудан оны сақтандырады, ал мұндай асыра бағалаушылық жеке адам тек бір ғана қоғамның бақылау советінде отырған жерде жиі байқалады» (157—158).

NB (margin note)

«бүтінді» шолу (margin note)

1903 жылдың аяғында өнеркәсіптік қоғамдардың **БАҚЫЛАУ СОВЕТІНДЕ** ірі банктердің өкілдігі мынадай болды: (161—162-беттер)** [143-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Риссерден көшіріп алған емес пе? 170—171-беттерді салыстыр: *өнеркәсіптің салалары* бойынша бақылау советтерінің мүшелері... 137 және 139-беттер: индустриялық эмиссиялар

«универсалдық жаратылысы» ||| ...«Өнеркәсіптегі банк операцияларының осы уақытқа дейін сипатталып келгеніндей универсалдық жаратылысы, тұрақты

* Қараңыз: В. И. Ленин Шығармалар толық жинағы, 27-том, 372—373-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 371-бет. *Ред.*

	«Дейче банк»	«Дисконтогезельшафт»	«Дармштедтер банк»	«Дрезднер банк»	«Шафхаузенщер банкферейн»	«Берлинер хандельсгезельшафт»	6 ірі банктің жиынтығы (менікі)
Директорлар арқылы	101	31	51	53	68	40	344
Бақылау советінің өзінің меншікті мүшелері арқылы	120	61	50	80	62	34	407
Барлығы	221	92	101	133	130	74	751
Председательдік ету арқылы немесе екеуден артық адамдары болуы арқылы	98	43	36	41	38	33	289
							1040 (751 + 289)

іскерлік айчалымды ірі банк үшін үнемі пайдаланудың мүмкіндігі мен қажеттілігі, өнеркәсіптік кредит, эмиссия беру, өнеркәсіп орындарымен тығыз және ұзақ қарымқатынастар жасауға керекті құрал ретінде бақылау советі мүшелерінің орындарын алу,— осының бәрі банк пен өнеркәсіп орындарын айнала қалың желімен шырмайтыны соншалық, бұл кәсіпорындармен жеке операция үшін бәсекелік күрес көбінесе болмайды, ал кейбір қоғамдарда ұзақ уақыт болмайды» (163)...

«қалың желі»

«Өнеркәсіп байланыстарын жинақтап алып қарау нәтижесінде біз өнеркәсіпке жұмыс істейтін финанс институттарының универсалдық сипатта екенін көреміз. Банктердің өзге формаларына қарама-қарсы, табан тірер негізінен айрылмау үшін банктер істің белгілі бір саласына немесе өнеркәсіптің белгілі бір саласына мамандануы керек деп кейде әдебиетте қойылып жүретін талаптарға қарама-қарсы,—

«универсалдық сипат»

«қарама-қарсы» (ескіге)

ірі банктер өнеркәсіп орындарымен байланыстарын өндірістің орны жағынан да, түрі жағынан да неғұрлым әр түрлі етуге тырысады, капиталдың жеке жерлер арасында немесе өнеркәсіп салаларының арасында бөлінуіндегі жеке кәсіпорындардың тарихи себептерінің салдарынан болған әркелкіліктерді жоюға тырысады*. Мұнымен бірге өнеркәсіптік байланыстарды үнемі ұзақ іскерлік қатынастар негізінде орнатып, бақылау советі мүшелерінің орындарын алудың тармақты жүйесі арқылы бұларға ұлғайып, тереңдей түсерліктей сипат пен мүмкіндік беруге ұмтылушылық та қатар дамиды; осы екі түрлі ықпал ету сферасымен салыстырғанда, ірі банктердің өнеркәсіптік байланыстары үшін эмиссиялық қызмет өзінің маңызы жағынан біршама кейін шегінеді. Бір тенденция өнеркәсіппен байланысты жалпы құбылысқа айналдыруға тырысуда болып отыр; екіншісі — осы байланысты берік және интенсивті етуге тырысуда болып отыр; алты ірі банкте осы екі тенденцияның екеуі де толық жүзеге асырылмаған, бірақ қазірдің өзінде айтарлықтай мөлшерде және бірдей дәрежеде жүзеге асырылды» (180)...**

«тенденция»

«Өнеркәсіп орындарының жаңа мазмұны, жаңа формалары, жаңа органдары, атап айтқанда: бір мезгілде орталықтанып та, орталықтанбай да ұйымдастырылған ірі банктері бар өнеркәсіп орындарының арасындағы байланыстардың халық шаруашылығындағы өзгеше құбылыс болып құрылған кезі 90-жылдардан ерте бола қояр ма екен; бұл бастапқы пунктті белгілі мағынада тіпті 1897 жылға дейін жылжытуға болады, мұның өзі банктердің өнеркә-

банктерге өнеркәсіптік «жаңа» қатынас «90-жылдарға дейін бола қояр ма екен»

1897

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 374-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда. *Ред.*

сіп саясатын ойластырып, орталықтандырмай ұйымдастырудың жаңа формасын тұңғыш рет енгізген кәсіпорындардың ірі-ірі «қосылуларының» кезі болған еді. Бұл бастапқы пунктті, сірә, одан да кейінірек мерзімге ысыра түсуге болар, өйткені 1900 жылғы дағдарыс қана өнеркәсіпте де, банк ісінде де шоғырлану процесін орасан тездетіп, бұл процесті баянды етті, тұңғыш рет өнеркәсіппен қарым-қатынасты ірі банктердің нағыз монополиясына айналдырып, бұл қарым-қатынасты анағұрлым тығыз және интенсивті етті» (181)...*

дағдарыс (1900)

«...Рейн-Вестфалия кен ісіндегі кенеттен болған шоғырлану, болат қорытатын заводтар одағының құрылуы, ірі электр компанияларының қосылуы, т. т. банктер мен өнеркәсіп арасындағы байланыстар туралы мәселенің іс жүзінде шешілуін едәуір тездеткені күмәнсыз» (182)...

1900 жылғы дағдарыстан кейін (депрессия)

...«қазіргі өнеркәсіптегі кәсіпкерлік банктерді шаруашылық өмірдің мүлдем жаңа сфераларына ауыстырды... банк принцип жағынан тек делдалдық қызметтен өнеркәсіп өндірісінің сферасына белгілі бір дәрежеге дейін ауысып барады... ...Сөйтіп ірі банктер» (өнеркәсіппен байланыс жасау арқылы) «жеке кәсіпорындардың даму тенденцияларымен жанасып қана қоймайды, сонымен қатар өнеркәсіптің бір саласының түрлі кәсіпорындарының арасындағы және тұтас өнеркәсіп салаларының арасындағы байланыстармен де жанасады» (183)...

NB

«Кейінгі жылдардың ішінде ірі банктердің директорлары мен бақылау советтері мүшелерінің қызметтеріндегі адамдардың ауысқанын кімде-кім қадағалап отырса, ол адамның: ірі банктердің қажетті және барған сайын көкейтесті болып отырған

* Қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар толық жинағы, 27-том, 376—377-беттер. *Ред.*

NB міндеті — өнеркәсіптің жалпы өркендеуіне белсене араласып отыру деп есептейтін адамдардың қолына биліктің бірте-бірте көшіп бара жатқанын, оның бер жағында осы адамдар мен банктердің бұрынғы директорларының арасында іске байланысты, көбінесе өз бастарына да байланысты келіспеушіліктің орын алып отырғанын көрмеуі мүмкін емес. Шын мәніне келгенде, іс былай болып отыр: өндірістің өнеркәсіптік процесіне банктердің осы қол сұғуынан кредит мекемелері ретінде банктер зиян көрмес пе екен, байсалды принциптер мен сенімді пайданың өзі кредит берудегі делдалдықпен ешқандай жанасымы жоқ, банкті өнеркәсіп конъюнктурасының дүлей үстемдігіне бұрынғыдан да көбірек бағындырып қоятын салаға алып баратындай әрекетке құрбан етілмес пе екен. Банктердің байырғы басшыларының көбі осылай дейді, ал жастарының көпшілігі қазіргі ірі өнеркәсіппен бірге ірі банктерді де, ең жаңа өнеркәсіп банкі кәсіпорындарын да туғызған қажеттілік қандай болса, өнеркәсіп мәселелеріне белсене қатысу да сондай қажеттілік деп есептейді. Екі жақ ірі банктердің жаңа қызметі үшін ешқандай берік принциптер де, нақты мақсат та жоқ, дегенге келгенде ғана бір-бірімен келіседі»... (184)...*

неменеге... өту?

«Шетелмен және шетелде жасалатын банк операциялары үш бөлімге ажырайды, бұлардың әрқайсысы дамудың белгілі бір сатысына сай келеді: халықаралық төлемдер, шетел заемдарын қайтадан орналастыру және шетелдерде өнеркәсіп орындарына қатысу... әрқайсысы... неміс ірі банктерінің шетелдік саясатында белгілі бір дәуір бойына із қалдырды.

(margin: 1, 2, 3)

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 375—376-беттер. *Ред.*

....Шетелде жасалатын операцияларға ерекше көңіл бөлетін Есеп қоғамы басшыларының бірі отандық өнеркәсіп үшін заемдардың маңызы туралы биржалық анкета комиссиясының алдында осыдан он жыл бұрын мынадай пікір айтты («Биржалық анкет комиссиясының протоколдары», 371-бет, Руссельдің жауабы): «Егерде... шетел заемдарын Германияда орналастыру герман капиталы мен герман банктерінің қолына берілмей, шетелдердің қолына берілсе, мен мұны аса үлкен зиян деп санар едім. Нақ сондықтан, мұны болғызбау үшін, сыртқы істер министрлігі шетелде біздің сауда бөлімдеріміздің, банк бөлімдеріміз бен байланыстарымыздың болуына барынша мүдделі болды,— меніңше бұл өте-мөте дұрыс. Өйткені осы байланыстардың болып отырғандығының арқасында ғана герман өнеркәсібіне шетелдерден қалаған жұмысты табуға болады. NB NB

...Біздің экспорттық өнеркәсіптің жаппай наразы болатыны — Лондонмен салыстырғанда үлкен істердің рыногында нақ Германияның тым артта қалып отырғандығы. Заказдардың барлығы дерлік Лондонда, дүние жүзінің осы үлкен рыногында шоғырланған, ал біз кейбір шетел кәсіпорындарына жақын тұрғандығымыздың арқасында ғана өнеркәсіп үшін іскерлік қарым-қатынастар мен түпкілікті жұмыс табылып тұрады»» (186—187)... NB «заказдар»

...«Герман ірі банктері шетелдердің өнеркәсіп орындарымен тікелей шұғылданып отырғандықтан, тағы да сол дамудың принципті жағынан әр түрлі және жалпы алғанда уақыты жағынан да бір-бірінен өзгеше сатыларын ажырата білу керек. Біріншісі, тарихи жағынан қарайтын болсақ, шамамен шетел заемдарының гүлденген дәуіріне дөп келеді, сондықтан жеке елдерде әр түрлі жылдарға жатады: 70-жә- 2 саты

темір жолдар

не 80-жылдарды *шетел темір жол құрылысының* гүлденген уақыты деп қарауға болады»... (187)...

2 қосымша тип («қарама-қарсы полюстер»): *румын* темір жолдары және *американ* темір жолдарына қатысу.

«Бұл бірінші саты шетел өнеркәсібіндегі қызметтің заемдармен тығыз байланысы арқылы сипатталады, ал отандық өнеркәсіп бұл жағдайда, жабдықтаушы ретінде, біраз пайда көреді. Банктердің инициативасы күшті және шешуші инициатива, бірақ ол өнеркәсіппен жанамалап қана шұғылданады, ал банктердің негізгі назары капиталды шетелдердің бағалы заттарына тиімді орналастыруға аударылады. Бұл инициатива отандық өнеркәсіп әлі онша шоғырланбаған және экспансияға, 90-жылдардан бастап болып отырғанындай, әлі онша қабілетті емес жағдайда көрінеді.

1890 жылдардан бастап

Керісінше, екінші сатыда сыртқы заемдар банк қызметі үшін өзінің маңызы жағынан кейінгі қатарға шегінеді, ал ірі банктердің шетел өнеркәсібіне мүдделі болуы артады, бұл мүдделілік осы елмен арадағы басқа финанс байланыстарына онша тәуелді болмайды. Басқа елдерде өнеркәсіптік қоғамдарды ірі банктердің ұйымдастыруы, немесе сол банктердің көмегімен ұйымдастыру неғұрлым жиі кездесетін құбылысқа айналып барады, сонымен қатар шетелдік операцияларда ірі банктердің отандық өнеркәсіппен тығыз ынтымағы да байқалады» (188)...

2-саты

...«Егер олар (отандық кәсіпорындар) шетелге енген жағдайда өзінің отандық фабрикаларындағыдан гөрі банктерге анағұрлым күшті тәуелді болса... онда мұның керісінше» (өз еліндегіден өзгеше) «шетелде банктің өз үйіндегідей, өз бөлімдері болады, халықаралық төлем айналымында

үстемдік етеді, заемдар шығаруды ұйымдастырудың арқасында елдің үкіметімен, бәлкім, белгілі бір байланыста да тұратын болады» (189)...

«Шетел өнеркәсіп орындарына банктердің қатысуының төрт түрлі формасын көрсетуге болады: 1. Отандық өнеркәсіп үшін бөлімдер немесе қыз кәсіпорындар құру... — 4 форма

...2. Отандық өнеркәсіппен шамалы ғана байланысы бар немесе онымен мүлдем байланысы жоқ жекелеген шетелдік кәсіпорындар... құру... Ал «Дейч-Азиатише банк»-ке бірлесін қатысушы ірі банктердің ең жаңа *экзотикалық* темір жол бастамалары және шығыс азиялық кәсіпорындар айта қаларлық өзгеше бір жағдай болып табылады»... Ал мұның өзі *«шаруашылық саласын қаратып алудың нақ бір буны»* (190). — курсив менікі

(Бағдат,— Қытай etc. отарлар)

...«3. Ірі банктердің өз кәсіпорындарын құру арқылы, сондай-ақ көбінесе қазірде бар кәсіпорындарға қатысу арқылы ғана шетелде өнеркәсіптің қайсыбір саласында өзіне орын болуын қамтамасыз етуге жасаған әрекеттері үшінші топты құрайды»... (191) оңтүстік Африка *кен заводы қоғамдарына* қатысу («Дейче банк» 1894 жылдан бастап etc.).

4. ...«немістің банк әлемі сонымен қатар өзі үшін немесе оның тасасында тұрған герман капиталы үшін тек қана өзінің пайдалануын көздеп шетелде өнеркәсіптің қайсыбір саласын қамтамасыз етуге тырысты» (192)... мысалы, *«керосин* өнеркәсібінің бір бөлегін, румын керосин өнеркәсібін бас етіп, өз үстемдігіне бағындырып ұйымдастыруға» күш салу... — «өз» өнеркәсібін құру

...«Дүние жүзіндегі керосин рыногы қазірдің өзінде де ірі-ірі екі финанс тобының: Рокфеллердің америкап «Стандард ойл компани» мен орыстың Баку мұнайының — дүние жүзін бөлісу

қожайындары, Ротшильд пен Нобель арасында бөлісіп алынған. Бұл екі топ өзара тығыз байланысты, бірақ олардың монополиялық жағдайына бірнеше жылдан бері бес жау қауіп туғызып отыр» (193):

(1) американ мұнай көздерінің сарқылуы
(2) Бакудегі Манташев пен К° фирмасы
× (3) Австриядағы мұнай көздері
× (4) idem Румыниядағы мұнай көздері
× (5) мұхиттың ар жағындағы мұнай көздері, әсіресе *Голландия* отарларындағы мұнай көздері (бай *Самюэл* және *«Шелл* транспорт әнд трейдинг компани» фирмасы)*.

| ×=*«Дейче банк»* және басқа герман банктерінің қатысуы. |

қарапайым ақиқат

...«Банктерді шетелде әрекет жасауға талпындырып отырған ұлттық ынта-жігер емес, қайта қазіргі капиталистік дамудың белгілі сатысында отырған басы артық герман капиталын жұмсау үшін шетелде тиімді сала жасаудың барған сайын күшейіп отырған қажеттігі талпындырып отыр» (197)...

Ірі банктердің (финанс капиталының) техникалық ролі

«Мұндай рольді» (индустриялық кәсіпорындарға көмектесу) «техника жағынан зерттеулер жүргізетін қоғамдар құра отырып, банктер атқарады, бұл қоғамдардың нәтижелері дос-жар кәсіпорындардың пайдасына кетуге тиіс. Бұған, мысалы, шапшаң электрлі темір жолдарды зерттеу қоғамы, сондай-ақ Леве концерні құрған «Ғылыми-техникалық зерттеулердің орталық бюросы», және Кен ісінің Орталық бюросы, Майндағы Франкфурттағы жа-

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 402-бет. *Ред.*

уапкершілігі шағын қоғам жатады, бұл қоғамды ірі өнеркәсіпшілермен қатар маңдайалды банктер де қаржыландырып отырады» (210—211)*.

Кейде банктер түрлі өнеркәсіп орындарын (біресе картельге қарай бастап, біресе мамандану жөнінде қызмет етіп, т. с.) *жақындастырады...*

...«Банк мұнда белгілі бір түрде ішкі байланысты жүзеге асырады, ол байланыс ірі өнеркәсіптің өсуіне қарай көптеген кәсіпорындардың арасында жасалады, банк олардың арасында болып отырған мүдделердің ортақтығын көрсетеді» (215)...

банк = кәсіпорындар арасындағы «ішкі байланыс»

...«Бағдат темір жолы сияқты кәсіпорын «*Дейче банктің*» өзіне дос-жар заводтарға жұмыс беруіне қандай мол мүмкіндік жасайды десеңізші!» (217)...

NB «Әр түрлі кәсіпорындар мен өнеркәсіп салаларының жақындасу ісін банктер реті келгенде заказ беру арқылы осы күнге дейін «әлдеқалай» жүргізіп келгенімен, мұның өзі ірі өнеркәсіп өндірісінің өсуіне қарай байланыстардың барған сайын көбейе түсетіндігінің, сонымен қатар барған сайын күрделі және шексіз бола түсетіндігінің елеулі белгісі болып табылады. Өнеркәсіптің түрлі салалары мен кәсіпорындардың арасындағы байланыстар және өзара тәуелділік қарым-қатынастары ірі банктер түрінде орган тауып, сол арқылы бейнеленуде, ал жасырын байланыс барған сайын нағыз ынтымақтастыққа айнала түсуде» (219)...

NB байланыстардың өсуі

Банктердің *«терроризмі»* жөнінде шағымдар естілуде — (219—220) — (заказдар, т. с. үшін) белгілі бір фирмамен істес болуды *міндеттейді* (220). (((||

Электр өнеркәсібінде дағдарыс (сірә, 1900 жылғы) ерекше роль атқарды, ал

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 375-бет. *Ред.*

банктер біршама ұсақ кәсіпорындардың құрып кетуін, оларды ірі кәсіпорындардың жұтып қоюын күшейтіп, тездетті (230—232-беттер). ...«Банктер көмекке басқалардан гөрі көбірек ділгер кәсіпорындарға жәрдем беруден бас тартып отырды, сөйтіп өзімен онша тығыз байланысы болмаған қоғамдарды әуелі сұмдық қатты көтеріп, одан соң қайтып оңалмастай етіп күйретіп отырды» (232)*.

банктер және кәсіпорындардың күйреуі

NB

[электр өнеркәсібі жөніндегі егжей-тегжейлер қызық емес. «Die Neue Zeit»-тегі *неғұрлым жаңа нәрселерді* салыстыр.]

Леве тобы.

Леве тігін машиналары фабрикасы 1869 жылы құрылған, қару-жарақ өндірісі, сонан соң (70 және 80-жылдар) зеңбірек, қазан, т.т., т. с. өндірісі, сонан соң электр өнеркәсібі, қыз қоғамдар қосылды etc. [Ейдэльсте онша сәтті баяндалмаған].

Ірі банктердің картельдерге қатынасы туралы §-та (253—258) автор біраз «жайылып», шашырап кеткен. 4 форманы ажыратып қарайды: *1)* селқостық (мәз емес картельдер жөнінде); *2) тас көмір* картелі сияқты картельдерге (белгілі бір өнеркәсіп үшін *«өмір мәселесі»* болып табылатын картельдерге) «сөзсіз мүдделі» (254) болу;

3) картельге, мысалы, болат құю картеліне «қолғабыс жасау»;

4) таза «банктік-іскерлік қатынас» — мысалы, *«Шафхаузеншер банкферейн»* жанынан «синдикат конторын» құру (1899)...

№ 2-ден айырмасы неде? «сөзсіз мүдделі» болу емес пе?

258—265: *тас көмір* өнеркәсібіндегі шоғырлануды баяндау (Тиссен және басқалар). Қараңыз: Вернердің «Die Neue Zeit»-те, 1913, жазғаны жақсы және жаңарақ, басқа дәптерде**.

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 400-бет. *Ред.*

** Қараңыз: дәптер «α», осы том, 7—9-беттер. *Ред.*

265 және келесі беттер, *электр* өнеркәсібі («Die Neue Zeit»-тен қараңыз*).

«Бұл ретте банктердің жоғарғы принципі шоғырлануға ең алдымен *саналы түрде* жәрдемдесу, ал банктер өрге басқан кәсіпорындарды финанс жағынан қолдау арқылы шоғырлануға бұрын да жанамалап жәрдемдесіп келген-ді» (268)...

«Ірі банктердің өнеркәсіптік саясатының кредит мекемесі саясатынан өнеркәсіптік шоғырлану саясатына айналуы қазіргі банк ісінің дамуындағы үш бірдей қайшылықты айқын көрсетіп отыр» (268)... ||| «айналу»

1) ...«Ірі банктердің арасындағы бәсекені үдемелі түрде жою фактісі» (269)... ||

2) Банктердің «орталықсыздануы» (жергілікті бөлімдер және провинциялық банктермен байланыс) «банк пен өнеркәсіпті біртұтас етіп біріктіретін капиталдардың жедел топтасуына себепкер болуда»... ||

3) ...«жедел шоғырлану неғұрлым мақсатты ұйымдасу болып табылады»... (270)

«Өндірістік құрамдастыруды өрістету жолымен, ал оның түрлі бағыттары электр және ірі металлургия өнеркәсібінде байқалып отыр, бұл саналы басқарылып отырған, өндіріс саласы едәуір ұлғайтылуы мүмкін, сөйтіп бұл күмәнсыз ілгерілеуде ірі банктер маңызды фактор болып табылады» (270)...

Оның бер жағында өндірістің басқа салаларына нұқсан келтіре отырып, *ауыр* индустрияға (көмір мен темір) ерекше қамқорлық жасау тенденциясы бар...

«Ірі банктердің шоғырлануға және өнеркәсіпке мақсатқа сай басшылық етуге ұмтылуында қайшылық бар, өйткені бұл талап өнеркәсіптің белгілі бір салаларымен тынады да, осы арқылы өнеркәсіптің басқа салаларында жоспарлылықтың бұрынғыдан да бетер жойылуына әкеп соғады» (271)**. || NB

Соңы

* Қараңыз: осы том, 325-бет. *Ред.*

** Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 357-бет. *Ред.*

ШТИЛЛИХ ЖӘНЕ «БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ». ЗАМЕТКА

Д-р Оскар *Ш т и л л и х.* «Ірі өнеркәсіп орны туралы саяси-экономикалық зерттеулер». I том. «Темір және болат өнеркәсібі». Берлин, 1904.

II. «Тас көмір өнеркәсібі». Лейпциг, 1906.

Қарап шыққанда көргеніміздей, мұның өзі аса ірі *ж е к е* кәсіпорындардың *суреттемесі (техникалық,* **коммерциялық,** ішінара жұмысшылардың жағдайы).

{Тек жеке кәсіпорындар туралы. Ешқандай мәлімет, тіпті қорытындылар да жоқ...}}

NB | Аталған әдебиеттен мынадай сілтемені көрсете кету керек: *И. Г е р м а н. «Фабрика жұмысшыларының мамандығы»,* «Die Neue Zeit», шыға бастағанына *21*-жыл, II том, № 30

((жаттықпаған жұмысшыларды машиналардың ығыстырып шығаруы және машиналарда істеуші *ж а т т ы қ қ а н* жұмысшылар ролінің артуы туралы мәселе жөнінде))

«Б ү к і л д ү н и е ж ү з і л і к ш а р у а ш ы л ы қ» — «Әржылдық және оқу кітабы». Бастырған Эрнст фон *Г а л л е.*

Басылған жылдары I. 1906
II. 1907
III. 1908

Әрбір том 3 бөлімнен құралған: 1) Интернационалдық шолулар; 2) Германия; 3) Басқа елдер.

Шолулар Нейман-Спалларттікінен *нашар,* өйткені көбінесе қорытынды жасалмаған, тек қана елдер бойынша деректер бар.

Үзік-үзік, толық емес, жинақталмаған. Әр түрлі жылдар бойынша деректер жоқ *(к ө б і н е с е* жоқ). Жеке анықтамалар үшін ғана жарамды.

Тұтас алғанда бүкіл дүние жүзілік шаруашылықтың *б а й л а н ы с т а р ы н* талдау жөнінде ішінара Кальвердің «Кіріспесінде» байқалған ғылыми мүдделілік мұнда мүлде жоқ; тек статистикалық шикізат.

«БАНК» ЖУРНАЛЫНАН АЛЫНҒАН ҮЗІНДІЛЕР

«Die Bank», 1912, 2.

«Фон Гвиннер мырзаның керосин монополиясы» (1032—1) (д-р Феликс Пиннер).

1911 жылғы 15 мартта Рейхстаг керосин монополиясының тілегін бірауыздан дерлік қабылдады. Үкімет бұл «әйгілі» (1032) әрекетке жармаса кетті. Банктер... «олжа жөнінде келісімге келе алмаған» болып шықты (1033). Бір ғана **«Дейче банк»!!** *жақтап* шықты. Басқаларының (*«Дисконтогезельшафт»* бастағандардың) қарсы болған *бір* себебі: *«Дейче банк»*тің олжасы шексіз көп деп санады.**. — осында 13-бетті салыстыр*

Банктердің күресі іс үшін пайдалы: «Мүдделі жақтар бірін бірі әшкерелегенде ғана — ал олар мұны мықтап, шеберлікпен және бір-бірінің осал жақтарын терең біліп істеді — бұл мәселеде айқындық мүмкін болды» (1034)... — *s i c!*

Тұтынушылар асқынып кеткен («орасан зор», 1034) бағалардан қорқады. Тұтынушыға *«Стандард ойл компании» тамаша* қызмет көрсетті.

Су күшін арзан электрге айналдырып, *электр тогына монополия* жасау арқылы ғана Керосин тресімен күресуге болады. Бірақ біз *электр монополиясын* ол өндірушілерге тиімді болғанда ғана аламыз.

«Ал электр монополиясы *өндірушілерге* керек болған уақытта ғана орнайды; атап айтқанда электр өнеркәсібіндегі келесі үлкен күйреу есік қағып тұрған кезде, қазір электр өнеркәсібінің жеке «концерндері» жер-жерде салып жатқан орасан зор, қымбат электр станциялары, бұл «концерндер» соған арнап, қазірдің өзінде қалалардан, мемлекеттерден және басқалардан белгілі бір жеке монополиялар алып жатқан станциялары пайда түсірерліктей жұмыс істей алмайтын болған кезде орнайды. Сонда су күштерін іске қосуға тура келеді; бірақ бұл күштерді мемлекет есебінен арзан — NB — sic!

---

* Қараңыз: осы том, 64—65-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 403—404-беттер. *Ред.*

электрге айналдыруға болмайды, бұларды тағы да «мемлекет бақылауындағы жеке !! меншіктегі монополияға» беруге тура келеді, өйткені жеке меншіктегі өнеркәсіп қазірдің өзінде бірқатар келісімдер жасасып, өзінің бу күшімен жүретін қымбат кәсіпорындары үшін өзіне ірі олжа түсетін етті, мұның өзі мемлекеттің басқаруындағы және су күшінің көздерінен күш алатын электр монополиясы үшін жер рентасын тым қатты қиындатқан болар еді. !!

финанс капиталына «құрмет» көрсету

Кали монополиясы осындай болған, керосин монополиясы осындай, электр монополиясы да осындай болмақ. Германиядағы монополиялар *тұтынушыларға* пайда келтіруді немесе ең болмағанда кәсіпкерлік пайданың бір бөлегін *мемлекетке* беруді ешқашан мақсат еткен емес, ондай нәтижеге жеткізіп көрген емес, *тек банкрот болуға дейін жеткен жеке меншіктегі өнеркәсіпті мемлекет есебінен сауықтырып алу үшін* ғана қызмет етіп келді,— әсем принциппен алдарқанып жүрген біздің мемлекеттік социалистердің, ақыр-аяғында осыны ұғынатын кезі келді емес пе»* (1036. Курсив автордікі).

NB NB

«Дейче банк» «Стандард ойл компани»-дан жеңіліп қалып, 1907 ж. онымен (амалсыздан) өте тиімсіз шарт жасасты, ол шарт бойынша «Стандард ойл компани» 1912 ж. «Дейче банктің» керосин көздерін арзанға сатып ала алатын болды.

керосин «концерндеріндегі» «араласулардың» кестесі бар

Сөйтіп монополия жасау үшін «Дейче банк» «іске кірісті»!!

«Дейче банкке» «*Дисконтогезельшафт*» (өзінің «Дейче эрдэль акциенгезельшафтысымен» бірге) қарсы тұрды және «*Стандард ойл компанимен*» келісім жасау жолында өте сақтықпен жұмыс істеді.

{ Отарлық банктер }

«Die Bank», 1912, 2, 695-бет:

«Ағылшын акционерлік банктерінің статистикасы» (Англия және Уэльс)

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 404—405-беттер. *Ред.*

				Млн. ф. ст.
NB 1890—104	банк (акционерлік)	*2203*	филиалы бар. Депозиттер	*368*
1911— 44	»	*5417*	»	» *749*
		Шотландияда		
1890— 10	»	975	»	
1911— 9	»	1 227	»	
		Ирландияда		
1890— 9	»	456	»	
1911— 9	»	739	»	
		Отарлық банктер		
NB 1890— 30	»	*1742*	»	
1911— 38	»	*3645*	»	

«Die Bank», *1912*, 2 (629 және келесі беттер). Феликс *Пиннердің* «Керосин стратегиясы»:

бір жағынан, немістер («Дисконтогезельшафт» және *«Эрдэль* акциен гезельшафт») «Стандард ойл компани»-ге қарсы Румынияны (және Россияны) біріктіргісі келеді;

екінші жағынан, *«Стандард ойл компани»* Голландияның *өзінде* қоғам («Недерландсхо колониале петролеум матсханеї») құрды, құрғанда Голландия Индиясында керосин шығатын көздерді (және концессияларды) сатып алып құрды — бұл өзінің басты дұшпанына: *голланд-ағылшын тресі* «Шелл»-ге («Конинклийке Шелл») соққы болды, т. т.

NB керосин трестерінің дүние жүзін бөлісуі

Дүние жүзін бөлісу үшін күрес. «Дүние жүзін бөлісу», *630-бет*.

Голландия-Англия тресіне — Азия.

«Стандард ойл компани»-ге дүние жүзінің қалған жері.

«Стандард ойл компани» *бәрін* басып алғысы келеді.

Немістер өздерін (+Румыния+Голландия +Россия??) қорғап қалғысы келеді.

«Die Bank», 1912, 1.

Кино-трест!!

«Трестердің патриотизмі», Л. Эшвегенікі: Германияда фильм таратып берушілерді сатып алу үшін трест құрылған! (Патэ фирмасы (Париж) метрі 1 маркадан күніне *80 000* метр фильм шығарады. Дүние жүзінің барлық кинотеатрлары жылына 1 **миллиардтай** марка табыс береді!!) (216—7-беттер). Бұл өнеркәсіп Германияда артта қалған, әсіресе Францияда дамыған. Германияда 40 шамалы прокат конторы фильмдер сатып алып, оларды кино иелеріне «тапсырады». (Депутат национал-либерал Пааше бастаған «Дейче фильминдустри акциенгезельшафт» = «Фиаг» тресі құрылған. Капиталы = 5 миллион марка, оның «едәуір бөлігін», көрінеу, «құрылтайлық пайда» ретінде жұмсамақ болған)... Монополияны енгізуде. Сәті түсер ме екен??

«Die Bank», 1912, 1 (223 және келесі беттер), *А. Лансбургтің* кішкене мақаласы. *«Князьдық трестің финанс істері»* (князьдар Фюрстенберг пен Гогенлоэның, байлардың, финансистердің «ісін» биржада осылай атайды). Олар өздерінің және *«Дейче банктің»* миллиондарын Босвау және Кнауэр фирмасына (құрылыс фирмасы) салды. Бұл фирма *100 миллион* маркаға дейін ақшаны қағып алды (!! 229-бет), толып жатқан қауіпті әрекеттерге ұрынып, *күйреп түсті.* Күйреудің барлық мөлшерін *жауып, жасырып* (226-бет), *«Дейче банк»* 12 миллион шамасы, Фюрстенберг 8 миллион шамасы зиян шекті (226-бет). Қатты күйінген автор былай деп жазады: «Біздің бүкіл шаруашылық өркендеуімізге Кнауэр уынан бірдеме тән» (230)... «Олар (Босвау мен Кнауэр) келісіп жұмыс істеген принцип, мысалы, немістің ең ірі электр концерндерінің екеуі де өздерінің табыстары

«Дейче банктің» нағыз пішіні!!!

және sic!! «электр концерндері»

үшін қарыздар болып отырған принциптен басқаша бола қояр ма екен» (228)...* ‖

Егерде Босвау мен Кнауэр қатерлі істі басқаларға аударып тастап, құтылып кеткен болса, оларды жұрттың бәрі мақтаған болар еді де, жүздеген, талай жүздеген адамдар күйзелген болар еді!

«Die Bank», 1912, 1.

Л. Эшвеге. *«Капитализмді этикаландыру»* (12-бет—). Рейхстаг сайлауы. Консерваторлар мен демократтардың күресі. «Халық басқаруға тиіс пе әлде бюрократия басқаруға тиіс пе деп таласып жатқанда, шешім әлдеқашан-ақ үшінші бір күштің, атап айтқанда — плутократияның пайдасына шығарылды» (12)... «байлықтың шаруашылық көздері аздаған астам адамдардың монополиясына айналған мемлекетте саяси бостандық мазмұнсыз бос сөзге айналады» (12). Капитализмді этикаландыруда: бақылау советіне земстволардан мүшелер тағайындауда!! (қауым, округ, т. с.). Мысалы, «Темпельгофер фельд» акционерлік қоғамында —алаяқтық!! «ұсақ екіжүзділік» (15) — бұл делегаттар да тантьемалар алады etc. etc. «Ішкі арамдық жағдай» болып шығады (16)... чиновниктер «плутократиямен бірлесіп» әрекет жасауда (19)...

«**Канадада** шетел капиталының орналасуы», 32 және келесі беттер.

Англияның	>2 000 миллион доллар	
Американікі	420	
Францияныкі	80	80
Германияныкі	32	32
Бельгиянікі	11.5 (екеуіне)	11
Голландиянікі		123 (жиыны)

Л. Эшвеге. «Бір құрылтайдың тарихы» (420 және келесі беттер) — аэродром қоғамы.

Берлин түбіндегі «Флюгплац Иоганнисталь». Директоры Артур Мюллер князьдар мен принцтерді тартып олардан миллиондар (акционерлік капитал = $4^1/_2$ миллион марка), өзіне «тегін акциялар» алды, оларды қайта сатып отырды (сатқын бағалаушының қорытындысы мынадай:

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 388-бет, *Ред.*

бұл жерлер шамадан тыс көп пайда береді... 10—20 жыл ішінде!!), жалпы алғанда дөрекі алдау, бірақ барлығы да *мейлінше заң бойынша* істелген!!

---

2 банк — $2^3/_4$ миллиард доллар (=11 миллиард марка)*

А. Лансбург. «Ақша тресі» (432 және келесі беттер).

«Нэшнел сити бэнк» (Рокфеллер және *«Стандард ойл компани»)* *1 миллиард* долларга жуық капиталды билеп-төстеп отыр. «Бэнкерз траст компани» (Морган) $1^1/_2$—$1^3/_4$ *миллиард* долларға жуық капиталды билеп-төстеп отыр.

американ банк шонжарлары...

Автор былай деп атап көрсетеді: банктер ешбір жерде Америкадағыдай қатаң регламенттелмеген («депозиттік» және «фондалық» банктер аса қатаң түрде бөлінген; филиалдардың болуына тыйым салынған; бір адамға капиталдың 10% >қарыз беруге тыйым салынған, т. с.). Америкада *26 000* банк «тым ұсақ» (438) — бәрі де түкке тұрмайды!! Іс жүзінде *миллиардерлер* үстемдік етіп, билеп-төстеп отыр. Заңдардың өзгеруі олардың үстемдік *формаларын* ғана өзгертеді.

«Die Bank», 1912, 1, 523 және келесі беттер.

Л. Эшвеге. «Мәдени тыңайтқыш» = неміс қоныс аударушылары Бразилияда. Бразилия үкіметінің (сондай-ақ Канада үкіметінің де) арсыздық жарнамасы. Агенттерге қоныс аударушылардың жан басынан 10 маркаға дейін төлейді. Қоныс аударушылардың рахатқа батуы жөніндегі өтірік, олардың мұқтажы etc. etc. Оларға жерді *жалдаптықпен* сату etc. etc.

«Die Bank», 1911, 1, 1 және келесі беттер.

NB тақырыбы!

А. Лансбург. «Германия—рантье мемлекет».

Германияның *жинақ* кассаларына салынған вкладтары = $16^1/_2$ *миллиард* марка шамасы. Мұның өзі капиталды латенттік күйден

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том. 370-бет. *Ред.*

айқын күйге көшіру, *ірі капиталға жәрдем ету*, *рентаға* (көпшілігін ипотекаға) айналдыру. Өз ақшаларын өздері басқарудан бас тартып, вкладшылар «ірі капиталдың күш-қуатын нығайтады, сойтіп ұсақ өнеркәсіптің қарсылық жасауын әлсіретеді» (8).

«Францияда байқалып отырғандай рантьеге айналуға бейімділікті Германияда жұрт сүйсініп мазақ етеді. Бірақ мұнда, әңгіме буржуазия туралы болып отырғандықтан, герман жағдайларының француз жағдайларына барған сайын ұқсап келе жатқандығы ұмытылып жүр»* (10—11). NB

Жинақ кассаларындағы соманың 45-ке жуығы (45% болу керек) *3000 марка* және одан артық вкладтардан құралған!!

Ibidem, *218-бет:* герман банктері

	банктер	өз капиталы	бөтеннің капиталы
1883	160	890	+ 850 (млн. марка)
1907	440	4 450	+7 750 »
	+ 175%	+400%	+ 812% »

Австриянікі

	банктер	Миллион крона өзінің капиталы	Миллион крона бөтеннің капиталы
1883	38	500	620
1907	53	1 130	3 130
	+40%	+126%	+405%

«Die Bank», 1911, 2, 605 және келесі беттер. Альфред Лансбург, «Ағылшын банктерінің жиырма жылы».

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 437-бет. *Ред.*

Ағылшын банктерінің дамуы

	Банктер	Депозиттер мен ағымдағы счет	*Шотландия*	*Ирландия*		Капиталы (Англия+ Шотландия+ Ирландия)	Резервтер
1891*	110	408.5+	91.6+	38.5	млн.	69.8	36.4
1911	46	776.6	106.6	62.5	ф. ст.	78.7	49.0

Ағылшынның филиал (1910)	46 банкінің филиалдары—	5 218
Мэн аралдарынікі	2	9
Шотландиянікі	9	1 242
Ирландиянікі	9	693

813 және келесі беттер. Германия

Германияда банк ісінің дамуы	банк саны	өз капиталы (млрд. марка)	бөтеннің ақшасы	банктердің карамағындағы барлық капитал сомасы
1872	174	1	1	3 млрд. марка
1910	422	5	11	30 » »

1872... 174 банктің 23-інде 10 млн. және>капитал болды. Олар бөтеннің ақшасының 60% басқарды
1910/1... 422 банктің 53-інде 10 млн. және>капитал болды. Олар бөтеннің ақшасының 82.5% басқарды (818-бет)

Германия, темір өндірісі 1870: 1 346, 1910: 14 793 мың тонна[17].

Л. Эшвеге. «Плутократия және чиновниктер» (825 және келесі беттер) ұсақ буржуазияшыл реформиске тән нәрсе. Екі мысал:

«Осыдан бірнеше жыл бұрын, Рейн-Вестфалия көмір синдикатының табанды позициясының салдарынан, Германияда

* Бірінші бағанадағы цифрлар аталған жылдар бойынша, ал кейінгі бағаналардағы цифрлар 1890 және 1910 жылдар бойынша алынған. *Ред.*

картельдерге қарсы күшті дұшпандық қозғалыс етек алған кезде, империялық үкімет картельдер проблемаларын зерттеу үшін анкеталық комиссия шақырды. Жарыс сөздерде істің жайын тамаша білетіндігімен және картельдердің өкілдеріне қарсы іскер, өткір сөздер сөйлеуімен үкімет кеңесшісі Фелькер ерекше көзге түсті. Осыдан кейін көп ұзамай үкімет кеңесшісі Фелькер Германияның ең құдіретті және томаға-тұйық картель ұйымы — болат өнеркәсібі герман бірлестігінің жалақысы жоғары басшылық қызметін алды. Үкімет істің жайын жақсы білетін өз адамынан осылайша айырылып қалғаннан кейін іс тоқтап қалды» (827—8). Америкаға сілтейтін ештеңе жоқ деседі!

жақсы мысал!! (финанс капиталы және үкімет)[18]

«Жеке меншікті қауіпсіздендіру ісін қадағалайтын императорлық инспекция» бар — ол жеке меншікті қауіпсіздендіру қоғамдарын бақылау жөнінде көп жұмыс істеді. Міне енді қауіпсіздендіру қоғамдары «бақылаушыларға» тиімді орындар (директорлыққа дейін) ұсынып, оларды өз жағына тартуда. «Кем дегенде үш референт» (осы бақылаудың чиновниктері) «соңғы жылдарда императорлық инспекциядан қауіпсіздендіру қоғамының директорлық креслосына бір-ақ ырғыды» (831). !!

«Die Bank», 1911, 1, 94—5-беттер. Темір өнеркәсібінің ең жаңа статистикасы:

1000 тонна

	Германия	Англия	К. Штаттар	Франция	*Россия*	Дүние жүзінің *өндірeтіні*
1810	15	158	54	—	—	—
1820	—	—	20	198	—	1 650
1850	—	2 228	564	405	204	4 187
1870	1 346	6 059	1 665	1 178	360	12 021
1890	4 625	8 033	9 203	1 962	727	27 427
1910	14 793	9 664	27 250	3 500	2 870	60 000

темір шойын өндірісі

«Die Bank», 1910, 1 (401 және келесі беттер...), Альфред **Лансбург**. «Банк ұлттық шаруашылыққа қызмет етуде»— Риссердің кітабы жөнінде, автор Риссерді оптимизмі бар деп және неміс банктерінің кемшіліктерін елемейді деп кінәлайды.

қазіргі банктің «қатысуы»!!

Idem: Альфред Лансбург. «Немістің банк ісіне *қатысу жүйесі»* (497 және келесі беттер) және «Қатысу жүйесінің қауіптілігі». Бұл мақалалардың екеуінің де беретіні мардымсыз; жалпылама; белгілі нәрселер. Тек «қатысу» кестесі ғана жақсы (500-бет). [165-бетті қараңыз. *Ред.*]

«Die Bank», 1910, 1, 288-бет. Заметка: «Германияның шетелдегі концессиялары».

Бармендегі сауда палатасы сауда министріне жолдаған баяндамасында былай деп жазады:

финанс капиталының ролі, маңызы мен саясатының жақсы мысалы

«Трансваальдің алтын рудниктеріне неміс капиталының едәуір мөлшері қатысады, осыған қарамастан, немістің машина жасау заводтарының Трансвааль рудниктеріне беретіндері, амал нешік, мардымсыз ғана, өйткені рудниктерге техника жағынан басшылық ету көбінесе ағылшындардың қолында болып отыр. Осы тұрғыдан қарағанда, егер *Маннесман»* (Мароккодағы) «концессиялары француз кен синдикатына сіңіп кетсе, мейлінше өкінішті болар еді. Марокко рудниктеріне техника жағынан басшылық ету онда бүтіндей французлардың қолына тиер еді де, соның нәтижесінде неміс машиналары мен приборларының берілуінен үміт етуге мүлде болмай қалатындығын алдын ала күмәнсыз болжауға болады. Неміс капиталы Мароккодағы кен-завод кәсіпорындарына қатыса отырып, техника жағынан басшылық ету ісін французлардың қолына беріп қойса, мұның өзі Трансваальда ағылшындар жөнінде болғанындай, түзеуге келмейтін қателік болған болар еді. Немістің машина жасау өнеркә-

*«Дейче банк»**

(1) үнемі қатысатыны *17* банк. ***Олардың*** *9*-ы өз тарап. *34* банкке қатысады: *бұлардың 4*-і тағы *7* банк. қатысады
(2) белгісіз уақытқа *5* »
(3) оқтын-оқтын *8* » » $\frac{5}{14}$ » » $\frac{14}{48}$ » » » $\frac{2}{6}$ » $\frac{2}{9}$
((Жиынтығы менікі)) 30

NB | оның ішінде, яғни 8-дің *е к е у і* орыстікі: Сибирь сауда банкі және сыртқы саудаға арналған Орыс банкі және біреуі Австриянікі: «Винер банкферейн»

| банктер де, банкирлер де осының ішінде |

| «Қатысу» жүйесі NB |

шамамен мынадай:



(автордікінде шаршыларда банктердің аты бар)

! { не бары «концерн» $^1/_2$ миллиард марка шамасы өз ақшасы және $1^1/_3$ *м и л л и а р д* бөтендікі }

| сірә, «Дейче банк» туралы осы деректерді қатысуды көрсету үшін алуға болар |

| шамамен мынадай: орталықта банк («Дейче банк») шамадан тыс көп, өйткені тәуелділердің ішінде 70—80 миллион марка капиталы барлары бар!! |



* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 361—363-беттер. *Ред.*

сібі Маннесман рудниктерін бұлайша пайдаланудан ешқандай пайда көрмеген болар еді, ал неміс капиталының қатысуы француз машина жасау өнеркәсібіне өте тимді болар еді. Оның керісінше, Марокко рудниктерінің тым болмағанда біршама шағын бөлегі техника жағынан неміс басшылығымен пайдаланылса, мұның неміс өнеркәсібі үшін аса зор маңызы болған болар еді». (Цитат 288—289-беттерден.)

«Француз ірі банктеріне қарсы жорық», 236 және келесі беттер.

Лизистің мақалалары (әуелі «La Grande Revue»-де, 1906).

Оның жақтасы *Жюль Домергтің* кітабы. «Кредит қоғамдары туралы мәселе».

Лизиске қарсы пікірлер — *Тестис*. «Франциядағы кредит мекемелерінің ролі», 1907, *кітап* («Revue politique et parlementaire»-дегі мақалалар).

Үстірт баға: Лизисте асыра көрсетілген, бірақ негізгісі дұрыс дейді. Рантье-мемлекет = Франция. Капитал % төмен елден % жоғары елдерге ағылады. Лизис маман емес дейді etc. Лизистің айтуынша, шетелдік қағаздарды сатқанда банктер комиссия үшін 7%-ке дейін алады!!!

7%!!!

(1910, 2) 1200-бет: Американың «Ұлттық ақша комиссиясының» деректерінен. [167-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Сөйтіп редакция бұл «елестеген» халық байлығын жалпы халық байлығымен барабар деп қарауға болмайды деп ескертеді.

1910 жылғы ноябрьде қайтыс болған финансист Эдуард Энгель туралы заметкадан:

банк директорларының мансабы

«Берлиннің бірқатар директорларының қазіргі қызметтеріне қолдары жеткен себебі сол — олардың кредиторлары өз ақшаларын сақтап қалу үшін өз борышқорына мансап әперуден басқа ешқандай мүмкіндік таппады. Борышқордың ұшқалақтығына іштерінен

Депозиттер мен жинақ қаржыларының статистикасы.

Англия (млн. фунт ст.)

	Банк депозиттері		Жинақ кассаларындағы вкладтар	
1880	425	8.4	78	1.6
1888	624	12.4	105	2.0
1908	1 160	23.2	212	4.2

Франция (млн. франк)

	Банк депозиттері		Жинақ кассаларындағы вкладтар	
1880	?	?	1 280	0.9
1888	1 923	1.5	2 762	2.1
1908	4 703	3.7	5 226	4.2

Германия

	*Банк депозиттері	Кредит серіктіктеріндегі депозиттер	Жинақ кассаларындағы вкладтар
1880	529	364	2 614
1888	1 142	425	4 550
1908	7 067	2 207	13 889

Жиынтық (менікі)

миллиард марка

Англия	Франция	Германия
10.0	?	3.5
14.4	3.7	6.0
27.4	7.9	23.1

NB

күйіп-піссе де, олар өздерінің дұрыс түсінілген пайдакүнемдік мүдделеріне сәйкес жұрт көзінше оның іскерлігін мақтаумен болды» (1202—3).

«Die Bank», 1909, 1, 79-бет. Заметка: «Банкке ұмтылу» чиновниктердің банк директорлығына (Вальдемар Мюллер, ф. Клитцинг, Гельферих, Шёнфельд) және өнеркәсіпке (Фолькер, Будде) ауысуы...

«Іштей Бәренштрасседегі [«Дейче банк»] жылы орынды көздеген мемлекеттік чиновниктің сатылмайтындығы қалай болар екен?»* (79).

301 және келесі беттер. Альфред Лансбург. «Византинизмнің экономикалық маңызы»—плутократияның императормен байланыстарына қарсы уытты мақала (ұсақ буржуазиялық сентиментальдық) etc.

«Палестинаға барған сапарды және сол сапардың тікелей нәтижесін, Бағдат темір жолының салынуын, «неміс кәсіпқұмарлығының» осы қатерлі «ұлы ісін», мұның өзі «қоршауға» біздің бүкіл саяси күнәмыздың бәрінен де көбі-

жақсы айтылған!

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 390-бет. *Ред.*

рек айыпты болып отырған істі еске түсірейік»* (307).

Людвиг Эшвеге. *«Неміс темір өнеркәсібіндегі революцияландырушы тенденциялар».*

темір өнеркәсібіндегі техникалық революция

Руда мен темір өндірудің негізгі салмағы Германияда Рейн-Вестфалия ауданынан Лотарингияга—Люксембургке (оңтүстік-батысқа) ауысуда. Фосфорға бай руда (Люксембург пен Лотарингияның Minetteerz) бұрын бағалы болмайтын-ды. Оны тамаша еткен (1) Томастың әдісі; (2) **электр-болат** *(электршиндер:* бұрынғы 9 жылдың орнына 15 жылға кепілдік береді). Люксембург-Лотарингия ауданында руда *2 миллиард* тонна (немістің қазіргі тұтыну нормасы жағдайында 200 жылға жетеді) (316—317-беттер).

А. Лансбург. «Немістің халық мүлкі қаншалық көп?», 319 және келесі беттер.

немістің халық мүлкі (350?? миллиард)

Штейнман-Бухердің белгілі кітабын және оның есебін сынау: 350 миллиард марка (190—200 — Лексис пен Шмоллер; Англия — 250—300, Франция — 200—225). Штейнман-Бухердің басты құрамды цифры (а) = 180 миллиард «жылжымайтын және жылжымалы жеке меншік мүлік» — шындығындағыдан *2 немесе 3 есе* (324-бет) көп, өйткені ол (және *Баллод* (322-бет) мұны байқамай қалған!!) *қауіпсіздендіру полистерін* алған (162,6 миллиард, 180-ге дейін жинақтап алған!!), ал әрқашан да нағыз бағасы бойынша емес, *қалпына келтіруге* боларлық баға бойынша қауіпсіздендіріледі. «Олар құдды өзінің ескі мебель мен киім-кешек қоймасын жаңа күйіндегі бағасы бойынша инвентаризациялағысы келетін ескі-құсқышының қатесіндей қате жасады» (325). Штейнман-Бухерде тағы басқа біркатар қателер бар!!!

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 390-бет. *Ред.*

Людвиг *Эшвеге.* «Цемент». 115 және келесі беттер (1909,1).

Өте күшті картельденген өнеркәсіп. Монополиялық бағалар (вагонның *өзіндік құны 180* марка, сатылу бағасы 280 марка!! 230 марка!!). Жеткізіп бергендегі сатылу бағасы вагонына *400* марка!! Пайда 12—16% дивиденд. Бәсекені жою үшін барынша күш салу: істің жағдайы нашар деген жалған лақаптар, газеттердегі қол қойылмаған хабарландырулар (капиталистер! цемент фабрикаларына ақша жұмсаудан сақтаныңдар!!); *«богделсрдікін»* котере сатып алу (мысалдар: «жол бергені» үшін 60—80—150 мың марка: 125-бет). Аудан-аудандық картельдер: оңтүстік герман, жоғарғы Силезия, орталық герман, Ганновер, Рейн-Вестфалия, солтүстік герман және төменгі Эльба синдикаттары*.

синдикаттар қалай қожалық етеді?

«Die Bank», 1909,2. Евгений **Кауфманның** *француз банктері* туралы мақалалары. 3 ірі банк —*«Креди Лионе», «Контуар насьональ», «Сосьете женераль».*

Үшеуінікі: 1908—*749,1* миллион франк (капитал+резервтер) және *4058* миллион депозиттер (жалпы бөтеннің ақшасы).

NB

Басқарма мүшелерінің (әкімшілік советтерінің) саны 13—15—17. Олардың кірісі *500 000—750 000* (!!) франк («Креди Лионе») (851-бет).

директорлар мен басқарма мүшелерінің кірістері

«Креди Лионе» жанында — *«финанс мәліметтерін жинау бөлімі»* бар—>50 адам (инженерлер, экономистер, юристер, статистиктер etc.) — жылына *0,6—0,7 миллион франкке* түседі (түрлі елдердің өнеркәсіп орындарын, темір жолдарын және басқаларын зерттейді, мәліметтер жи-

«мәліметтер жинау бөлімі»

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 356—357-беттер. *Ред.*

пайды және басқалар). Бұл қызметтің 8 бөлімі бар: 1) индустрия; 2) темір жолдар мен пароход компаниялары; 3) жалпы статистика; 4) қорлар туралы мәліметтер; 5) финанс есептері, т. т. Бүкіл дүние жүзінің финанс газеттері мен журналдарынан қиындылар және басқалар*.

Филиал бөлімдерінің саны (Францияда) (1908) (857-бет):

		Париж және округ	провинция	барлығы	шетелде	
француздың ірі банктері	«Креди Лионе»	53	192	245	22	
	«Контуар насьональ»	51	140	191	23	(көпшілігі отарларда)
	«Сосьете женераль»	89	636	725	2	(954-бет)
		193	968	1 161	47	Σ менікі

«Сосьете женераль»-да мұның ішінде провинцияда 222 көпшелі агенттігі *бар* (базар күндерінде аптасына *1—2* рет ашық болады).

Қызметшілер: 13—16 жастағы балалар (грумдар) — айына 30—40 франк, 16 жастан бастап төменгі қызметші — айына 60 франк. Сонан соң жылына 2000—2400 франкке дейін алады. «Креди Лионеде» бөлім бастықтары жылына 40 000 франкке дейін алады.

Қызметшілер саны

«Креди Лионе»	— 5 000-ға дейін
«Контуар насьональ»	4 000
(мұның ішінде Парижде	2 500)
«Сосьете женераль»	7 000
(мұның ішінде Парижде	1 000)
мұның ішінде 300—400	әйел...

Бағдат жолы |||| 1101-бет (1909,2). *Бағдат темір жолы туралы* заметка Англиямен

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 373—374-беттер. *Ред.*

«егестік» etc., немістің $1/2$ миллиард ақшасын бейтаныс елде орналастыру, Англиямен және Франциямен егесу, бір гренадердің сүйегіне тұрмайды, «қатерлі авантюра» etc. etc. деген рухта.	отаршылдық саясатқа көзқарас

799-бет. Заметка: «Кәсіптік статистикадағы банк ісі».

(жақша ішінде әйелдер саны)

(Рубрикалар)	1882		1895		1907		
(1 және 2) банкирлер, банктердің директорлары etc.	6 896	(148)	7 719	(195)	11 070	(185)	банктер, олардың шаруашылық құрылысы
(3) банк (және жинақ кассаларының) қызметшілері	12 779	(95)	23 644	(444)	50 332	(2728)	
(4 және 5) шәкірттер, күзетшілер, жәрдемдесетін семья мүшелері, т. с.	6 207	(56)	5 268	(170)	9 275	(382)	
Σ =	25 882	(299)	36 631	(809)	70 677	(3 295)	
100-ге (1 және 2) келетіні (3) ...... [100 қожайынға келетін қызметшілер:]	182.6		304.8		471.4		

Альфред Лансбург. «Шетелдегі неміс капиталы», *819* және келесі беттер. «Die Bank», 1909, 2.

Автор Каутскийдің жақсы көретін тақырыбын дәлелдейді: тәуелсіз елдермен арадағы сауда жақсы дамуда*.

		1889	1908	артқаны % есебімен	
«Борышты елдер» (Германияға)	Румыния	48.2	70.8	+ 47	*NB* Каутский *NB*
	Португалия	19.0	32.8	+ 73	
	Аргентина	60.7	147.0	+ 143	
	Бразилия	48.7	84.5	+ 73	
	Чили	28.3	52.4	+ 85	
	Түркия	29.9	64.0	+ 114	

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 451—452-беттер. *Ред.*

автор бұл жиынтықтарды *бермейді*

		$\Sigma=234._{8}$	$451._{5}$	+ 92%
Финанс жағынан тәуелсіз елдер	Великобритания	$651._{8}$	$997._{4}$	53
	Франция	$210._{2}$	$437._{9}$	108
	Бельгия	$137._{2}$	$322._{8}$	135
	Швейцария	$177._{4}$	$401._{1}$	127
	Австралия	$21._{2}$	$64._{5}$	205
	Голландия Индиясы	$8._{8}$	$40._{7}$	363
		$\Sigma=1\,206._{6}$	$2\,234._{4}$	+ 87%

автор бұл жиынтықтарды *бермейді*

Сөйтіп автор мынадай қорытынды жасайды:

салыстыр: Каутский (және Спектатор)

«Шетелге, қандай формада болса да, капитал орналастыру ісіне неміс бұйымдарының пайдасы үшін ерекше әсер ететін күшті әкеліп телу, оны неміс саудасының пионері деп қарау аса өрескел қате болып табылатындығы айқын анықталды» (828).

бұл айрықша NB!!

(Автор өзін *теріске шығаратын* қорытындылар шығармаған!!)

Менің қосымшам:

Заемдар мен шетке шығарудың арасалмағы туралы автордың *өзі* хабарлап отырған нақты деректер оны одан бетер теріске шығарады (826 және 827-беттер)*:

Заемдар жылдары:

1890/1

«1890/1 жылы неміс банктері арқылы *Румынияға заем* беру туралы келісім жасалды, неміс банктері мұның алдындағы жылдардың өзінде-ақ сол заем есебіне қарыз берген болатын. Заем ең алдымен Германиядан алынатын темір жол материалын сатып алуға жұмсалды. 1901** жылы немістердің Румынияға шығарғаны 55 миллион марка болды. Келесі жылы ол азайып, $39._{4}$ миллионға түсті, арада үзілістер болып, 1900 жылы $25._{4}$ миллионға түсті. Тек ең соңғы жылдарда ғана — екі жаңа заемның арқасында 1891 жылғы заемның деңгейіне қайта жетті.

?
?

1888/9

1888/9 жылы заемдардың нәтижесінде немістердің *Португалияға* шығарғаны $21._{1}$

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 452—453-беттер. *Ред.*

** Лансбургте қате кеткен, 1891 ж. болуға тиіс, *Ред.*

миллион маркаға дейін өсті (1890), сонан соң келесі екі жылда 16.2 және 7.4 миллионға түсті де, бұрынғы деңгейіне тек 1903 жылы ғана жетті.

Неміс-*аргентин* саудасы туралы деректер бұдан да айқынырақ. 1888 және 1890 жылдардағы заемдардың нәтижесінде немістердің Аргентинаға шығарғаны 1889 жылы 60.7 миллион маркаға жетті. Екі жылдан кейін бұл шығарғаны не бары 18.6 миллион маркаға түсіп, бұрынғысының үштен бір бөлігінен де кем болып қалды. Тек 1901 жылы ғана 1889 жылғы деңгейіне жетіп, асып түсті, мұның өзі мемлекеттік және қалалық жаңа заемдарға, электр заводтарын салуға ақша беруге және басқа кредит операцияларына байланысты болды.

1888
1890

?

1889 жылғы заемның нәтижесінде *Чилиге* шығарғаны 45.2 миллион маркаға жетті (1892), сонан соң бір жылдан кейін 22.5 миллион маркаға түсті. Неміс банктері арқылы 1906 жылы жасалған жаңа заемнан кейін шетке шығару 84.7 миллион маркаға көтеріліп (1907), 1908 жылы тағы да 52.4 миллионға түсті».

1889

1906

бұл фактілер автордың *өзін* мүлде *теріске шығаратынын* оның көрмеуі ғажап: капитал шығарудың өсуі *нақ* заемдардан *кейін* және солардың *нәтижесінде* (infolge) болды

Лансбургтің мещандық көзқарасы:

«Герман өнеркәсіп жұмысы бұл жағдайда» (сыртқа шығарылатын капитал өзінде қалған күнде) «көлемі жағынан ғана емес, сонымен қатар бөлінісі жағынан да пайда көрген болар еді. Капитал өнеркәсіптің толып жатқан салаларына еркін тараған болар еді, толып жатқан арнаға құйылған болар еді, ал шетелден капитал, тәжірибеден белгілі болып отырғанындай, пұрсаттылығы бар азғана адамдардың заказ қабылдау кітаптарына ағылып !!

жатады, оның үстіне бұл адамдар өз пұрсаттылығына тағы да қымбат төлеуге тиіс. Немістің шетелдегі кредиттерінің әрекетін, біресе сыйлық деп, біресе басқаша бірдеме деп аталатын талай миллион қосымша шығындармен қолдауға тура келіп отырғандығы туралы Крупп біраз нәрсе айтып бере алар еді. Оның бер жағында капиталдың табиғи түрде бөлінуінің, өнеркәсіп жұмысының мүмкіндігінше көп салаларына пайда келтіруге тиіс бөлінуінің Германияның бүкіл өнеркәсіптік өркендеуі үшін орасан зор маңызы бар» (824—5).... «Өз күшімен үнемі осылайша жанданып отыратын өндіріс» (капиталды ел ішінде қолданғанда) «онан әрі *үйлесімді* дамудың кепілі болып табылады»* (825).

сөз-ақ!! Круппты «үгіттеді»!!!

«табиғи түрде»!! ха-ха

«үйлесімді»

Шетке капитал шығару *баянды* сауда байланыстарын *бермейді:* мұны автор жоғарыда мен көшіріп алған мысалдармен, 826—7-беттердегі, дәлелдегісі келеді: осы дәптердің 101—102-беттері**.

А. Лансбург: «Осы заманғы кәсіпорындағы тенденциялар» («Екі кітап»), *1043* және келесі беттер. Мақала *Левидің* («Монополиялар мен трестер») және *Лифманның* («Финанс қоғамдары мен өнеркәсіп қоғамдары») кітаптарына арналған. *А. Лансбург* екеуі де сыңаржақты деп өте дұрыс айтады: *Леви* шоғырланудың *техникалық* күшін, *Лифман* финанстық (олигархиялық) езгінің күшін алып қарайды.

Леви versus Лифман

«Өнеркәсіп өмірін барған сайын үдемелеп «фондылау» («Effektifizierung») өндіріс процесін бұрынғыдан да орасан зор бірлестікке күштеп әкеп тығады, дербес өндірушілердің санын азайтады және азғана адамдардың жаңадан пайда болып келе жатқан бақталастық атаулыны басып-жаншу мақсатымен

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 453—454-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 172—174-беттер. *Ред.*

бірігу мүмкіндігін жеңілдетеді, себебі олар өздерінің билеп-төстеу правосын қайдағы бір жалғыз ғана алып трестің сатып алуына көңгісі келмейді. Міне осы жайт Лифман мен Ловидің кітаптарында айтылмаған, бірақ дегенмен бұл оларда айқын сезіліп тұр. Бәлкім, біреу-міреу осының негізінде жуырда бізге кітап жазып берер, мұндай кітапты жазу, республика шаруашылық өмірін бағалы қағаздармен қулық-сұмдық жасап отырған олигархияның жеңіп отырғанын көрсететін кітап жазу социалық қажет» (1051—1052).

Кейде даму шоғырлану арқылы картельдерге бастайды (мұны Лови *әсіресе* айқын көрсеткен). Бірақ үнемі бұлай *емес*. Кейде «бағалы қағаздарды айырбастау» арқылы *бірден* треске бастайды, мысалы, «отарлық темір жол құрылысында»... Техника жағынан шоғырлану техникада прогресті; финанс жағынан шоғырлану ***артта қалған*** техника ***жағдайында*** монополиялық капиталдың құдіреттілігін нығайта алады және ***нығайтып отыр...***

ЕСКЕРТПЕЛЕР ((ЖАЛПЫ АЛҒАНДА ФИНАНС КАПИТАЛЫ ТУРАЛЫ))

Отарларға (және финанс жағынан тәуелді елдерге) капитал шығару versus тәуелсіз елдерге капитал шығару:

Екіншісі біріншіден *әрі* көбірек, *әрі* шапшаңырақ дамиды делік. Бұл отарлардың және *финанс жағынан* тәуелділік жүйелерінің «қажет еместігін» дәлелдей ме? (К. Каутский). Жоқ, дәлелдемейді, өйткені (1) тәуелсіз елдерге капитал шығаруда да (капитал шығарудың ішінде) картельдердің, трестердің, капитал шығару-демпингтің үлесі өседі...

(2) Финанс капитализмі капитализмнің төменгі (кенже дамыған, мешеу) формаларын жоймайды, қайта солардың ішінен, солардың үстінен өсіп шығады...

(3) «Қалыпты» сауда мен монополиялық сауданың арасында, ergo «қалыпты» капитал

NB: финанс капиталы және оның мацызы туралы

шығару мен монополиялық капитал шығарудың арасында белгілі арасалмақ бар. Капиталистер көпшілік қолды (staple) товарды миллиондаған жұмысшыларға сатпай тұра алмайды. Мұның мәнісі қазынаға, темір жолдарға etc. «өнім бергенде» олардың орасан үстеме пайда түсіруі «қажет емес» деген сөз болып шыға ма?

(4) Пұрсатты және монополиялық саудадан түсетін орасан үстеме пайда «қалыпты» саудадан түсетін кем пайданың олқысын толықтырады.

(5) Банктермен салыстыр: «қалыпты» кредит операцияларынан түсетін аз пайда (кейде ешқандай пайдасыздық) заемдар беру, грюндерлік және т. с. ету жағдайында делдалдықтан түсетін орасан үстеме пайдамен толықтырылады.

(6) Шоғырланған кәсіпорындардың жоғары техникасы және финанстық алаяқтықтың «жоғары техникасы», финанс капиталы езгісінің «жоғары техникасы» (іс жүзінде төмен техникасы) — бұлар капитализм тұсында ажырамас байланысты нәрселер. К. Каутскийдің осы байланысты үзгісі, капитализмді «ақтағысы», жақсысын алып, жаманын лақтырып тастағысы келеді, «осы заманғы прудонизм», «марксизммен бүркемеленген» ұсақ буржуазиялық реформизм.

ΣΣ = финанс капиталы (монополиялар, банктер, олигархия, сатып алушылық etc.) капитализмнің кездейсоқ бітеу жарасы емес, соның арылмас жалғасы мен нәтижесі... Отарлар ғана емес, сонымен қатар (a) шетке капитал шығару; (b) монополиялар; (c) байланыстар мен тәуелділіктердің финанстық желісі; (d) банктердің құдіреттілігі; (e) концессиялар және сатып алушылық etc. etc.

ЧИРШКИ. «КАРТЕЛЬ ЖӘНЕ ТРЕСТ»

Д-р З. *Чиршки.* «Картель және трест (Олардың мәні мен маңызы туралы салыстырмалы зерттеулер)». Геттинген, 1903 (129 бет).

(Құнды нәрсе аз. Немістік, өзіндік, шағын, тыныш! — картельді *жақтаған,* трестерге қарсы буржуазиялық мылжың)...

Бұл автор — өте пасық мещан. «Практик»=синдикаттар мен картельдерде қызмет еткен.

12-бет, 1-еск. Американың тазартылған спирт фабрикаларының тресі өзі сатып алған *80* фабриканың *68*-ін жапқан.

13 бет: «Юнайтед Стейтс стил корпорейшн»-нің «*1/3 миллион дерлік жұмысшысы*» бар.

|| 1/3 млн. жұмысшы

үлгі!! || Оның акцияларының (1902) капиталы=800 млн. доллар

	облигациялары	553	»	»
Өндірісі:	темір рудасы —	13.3	миллион	тонна
	кокс	9.1	»	»
	шойын etc.	7.1	»	»
	болат	9.0	»	»*
	шина	1.7	»	»
	т. т.			

19 бет — картельдер мен трестер «19-ғасырдың соңғы үштен бірінен немесе ширегінен бастап» дамыды

31-бет — *Қ. Штаттарда* бір тоқымашы *16* тоқыма станогында істейді (Нортроптың станоктары, 1895 жылы жетілдірілген).

||| 19-ғасырдың соңғы 1/3-і немесе 1/4-і

56-бет — ...«Картель идеясы дегеніміз шын мәнісінде кооперация идеясын осы заманғы өнеркәсіп өндірісіне қолданудың, бейімдеудің дәл өзі»...

||| ха-ха!

«Қорытындылар»

«Менің бұдан бұрынғы зерттеулеріме сәйкес мен үшін күмәнсыз нәрселер: трест алдыартына қарамай, тоқтаусыз ілгері ұмтылу мағынасында алғанда капиталистік ірі кәсіп-

| айрықша (қорқағырақ!)

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 351-бет. Ред.

орынның артықшылығын да, сондай-ақ — онан сайын үлкен мөлшерде — кемшіліктерін де баянды етеді, ал картельдің саясаты тежеп, бөліп отыруға анағұрлым көбірек ұмтылады. Егер бүкіл дүние жүзілік рынокта ірі ұлттық трестер үстемдік ететін болса, онда ол рынок баға үшін, зат өткізу үшін шегіне жете шиеленіскен кең көлемді күресті басынан кешірген болар еді... Бұл ретте картельдер техника мен экономиканың алға басуы туралы еркін бәсеке сияқты дәрежеде қамқорлық жасай алады және жасауға тиіс, бәлкім, картельдер оны трестердей тым жеделдете қоймас» (128)*.

!!! жеделдетілмесін!!!

ГЕЙМАН. «АРАЛАС КӘСІПОРЫНДАР»

Ганс Гидеон *Гейман*. «Немістің темір жасайтын ірі өнеркәсібіндегі аралас кәсіпорындар». Штутгарт, 1904 («Мюнхен халық-шаруашылық зерттеулерінің» 65-кітабы).

Ірі өндірістің, әсіресе «аралас», яғни өндірістің әр түрлі дәйектес сатыларын біріктіретін өндірістің артықшылықтары туралы деректер жиыны (көбінесе тым шала-шарпы деректер)...

«Крупп фирмасының өкілі темір жөніндегі анкет комиссиясына былай деп мәлімдеді (Протоколдар (1878), 82-бет): «Мен 20—30 мың тонна (жылына) шығаратын завод 100—150 мың тонна шығаратын заводқа қарсы тұра алады деп ойламаймын». 25 жыл өткеннен кейін *Карнеджи* 150 000 тоннадан 20 есе көп өндіру қажет деп есептеді («Іс патшалығы». Нью-Йорк, Даблдэй, Пэйдж және К°, 1902, 233-бет): «Күніне бір мың тонна болат шығаратын концерндердің он мың тонна шығаратын концернге қарсы тұрарлық мүмкіндіктері аз» (232-бет, ескерту).

жақсы мысал!!

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 366-бет. *Ред.*

Капиталдың өсуі және оны «иммобилизациялау» (NB) — монополия мен картельдердің аса маңызды шарттарының бірі. || картельдердің шарты...

«Фелькердің қызғылықты кестесінен көрініп отырғандай, аралас заводтар көбінесе бір дюжинадан да көп картельдердің иелігінде»... (249)...

— ? | ? Фелькер? Темір картельдері? *Декабрь, 1903* (қайда?) (256-бет)...

«Біз даяр бұйымдар өндірісінде барлық жерде баяғы бір жағдайды көреміз... Дайын өнімдердің бағасы арзан болып отырған жағдайда материалдар бағасының қымбаттығынан жанышталған таза кәсіпорындар құрып кетеді, ал аралас заводтар болса материалдар бағасының қымбаттығынан жеткілікті табыс табады және фабрикаттар бағасының арзандығы арқасында өнімдерін өткізе алады; өйткені үлкен заводтар бағалардың келешекте сөзсіз төмендеуінен қорқып, тым жоғары бағаларға жуымайды, ал кішкене заводтар болса, жақсы уақыттың өзінде ақылынан адасқан адамша, жоғары шарықтайды. Америкадағы үлкен Болат тресі дәл осындай саясатты көздейді» (258). || NB || NB

Енді бәсеке жойылды. Жиырма—отыз ірі завод қалды. Бас болып отырғандар — Тиссен, Луэг және Кирдорф (261): «2 алып одақ»; «Коленсиндикат» пен «Штальсиндикат» ((болат өндірісінің 87.5%)) «барлығына үстемдік етуге тиіс».

— — Өндіріс құрал-жабдықтарының монополиясы. Жер сатып алынған (көмір мен руда).

«Басшы негізгі қоғамды» (сөзбе-сөз айтқанда «ана-қоғамды») «бақылап отырады»; «бұл қоғам да өзіне тәуелді қоғамдарға» («қыз-қоғамдарға») «үстемдік етеді, бұл соңғылары — «немере-қоғамдарға» үстемдік етеді etc. Сонымен, онша көп капиталға ие болмайақ, өндірістің орасан зор салаларына үстемдік етуге болады. Шынында да, егер бүкіл акционерлік қоғамды бақылап отыру үшін капиталдың 50 процентін иеленудің өзі жет- || Лифмандағыдан жақсы және *бұрын*

кілікті болса, «немере-қоғамдардың» 8 миллион капиталын бақылап отыруға мүмкіндік алу үшін бастының 1 миллион капиталы болуы керек. Ал егер бұл «тамырласу» одан әрі кете берсе, онда 1 миллионның өзімен 16 миллионды, 32 миллионды, т. т. бақылап отыруға болады»* (268—9-беттер).

Қорытынды:

«Бір жағынан, бірнеше миллион тонна көмір шығаратын, өздерінің тас көмір синдикатына мықтап ұйымдасқан ірі-ірі тас көмір компаниялары қалды; ал сонан соң солармен тығыз байланысқан, өзінің болат синдикаты бар болат құятын ірі-ірі заводтар қалды. Жылына 400 000 тонна» (тонна=60 пұт) «болат өндіретін, орасан көп руда мен тас көмір шығаратын, болаттан дайын бұйым шығаратын, завод поселкелерінің казармаларында тұратын 10 000 жұмысшысы бар, кейде өз темір жолдары және гаваньдары бар осы алып кәсіпорындар неміс темір өнеркәсібінің типтік өкілдері болып табылады. Ал шоғырлану барған сайын алға басып отыр. Жекелеген кәсіпорындар барған сайын ірілене түсуде; өнеркәсіптің белгілі бір саласының немесе әр түрлі салаларының кәсіпорындары барған сайын алып кәсіпорындарға көптеп топтасуда, бұларға Берліндегі жарты дюжина ірі банк әрі сүйеу, әрі басшы болып отыр. Герман кен өнеркәсібі жөнінде Карл Маркстің шоғырлану жайындағы ілімінің дұрыстығы бұлжымай дәлелденіп отыр; рас, мұның өзі өнеркәсібі қорғаныш баж салықтарымен және тасымал тарифтерімен қорғалып отырған елге қатысты. Германияның кен өнеркәсібі экспроприацияға жарайтындай болып жетілді»** (278—9). (Кітаптың 5-тарауының қорытынды сөздері.)

NB

Қараңыз: 108-бет.

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 379-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда, 346-бет. *Ред.*

Гейманның статистикасы:

Аралас кәсіпорындар 24 (бұл 24-тің ішінде—Крупп, Штумм, «Дейчер Кайзер» (Тиссен), «Авметц Фриде», т. т., т. т., бәрі «көсемдер»)

		мың тонна	(1902) Германияда барлығы
олардың өндірісі:	Темір рудасы	6 934 (+?)	17 963
	Тас көмір	13 258=12.$_{6}$%	107 436
	Шойын	5 849 (+?)	8 523
	Болат	8 215	7 664(?)
(жұмыс істейтіндері)	Домна пештері	147=58.$_{8}$%	250
	Мартен пештері	130=38.$_{8}$	335
	Жұмысшылар саны	206 920 ?	?
	Капитал	581.$_{4}$ млн. марка	
+	резервтер	121.$_{9}$ » »	

Германияның темір өнеркәсібінде ірі өндірістің өсуі

	Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар	%	Өндіріс (млн. тонна)	%	*Жұмысшылар* (мың)	%	Әрбір жұмысшыға өндірілген өнім (тонна)	Әрбір кәсіп орынға келетін жұмысшы
Шойын	1869—203	100	1.$_{4}$	100	21.$_{5}$	100	65.$_{6}$	105.$_{8}$
	1880—140	69	2.$_{7}$	194	21.$_{1}$	98	129.$_{2}$	150.$_{8}$
	1900—108	53	8.$_{5}$	605	34.$_{7}$	162	245.$_{2}$	321.$_{7}$

Гейманнан алынған көшірмелердің соңы.

Соңы.

ИМПЕРИАЛИЗМ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

Империализм туралы мәселе жөнінде:

Тақырыптар: (шамамен)

5.1. Финанс капиталы.
4.2. Банктер.
2.3. Картельдер мен трестер.
3. Монополия.
1.4. Шоғырлану және ірі өндіріс.

6.5. Шетке капитал шығару.
7.6. Отарлар. Олардың маңызы.
8.7. Отарлар тарихы.
9.8. Дүние жүзін бөлісу.

Интернационалдық трестер
отарлар
Кальвер

10.9. Еркін бәсеке versus **империализм.**
11.10. Еркін бәсекеге қарай кейін шегіну керек пе, әлде империализм мен капитализмді жеңуге қарай ілгері басу керек пе?
12.11. Әсіре империализм бе, әлде интеримпериализм бе?
12 bis: **Өсудің әркелкілігі.**
13.12. Гобсон, Каутский, империализм.
14.13. Империализмнің апологеттері мен ұсақ буржуазиялық сыншылары.
15.14. Империалистік елдердегі паразитизм... («іріп-шіру») ((«рантье-мемлекет»)).
16.15. Жұмысшы қозғалысының біржола жікке бөлінуі... [«империализм және оппортунизм»].
{**17.16. 1871—1914 жылдардағы дипломатия мен сыртқы** саясат.
18.17. Империализм заманындағы ұлт мәселесі.
19.18. ***Араласу*** versus ***«қ о ғ а м д а с т ы р у»*** **(салыстырыңыз: Риссер).**
«Империализм» ұғымының құрамдас бөлімдері.

Ш а м а м е н:

1. I монополия шоғырланудың қорытындысы ретінде
2. II шетке капитал шығару (басты шарт ретінде)
4. III } дүние жүзін бөлісу { (α) интернационалдық капиталдың келісімдері
5. IV } { (β) отарлар
3. V банк капиталы және оның «дәнекерлері»
6. VI еркін сауда мен бейбіт айналымды күштеу саясатымен алмастыру (баж салықтары; басып алу etc. etc.).

Гильфердингтің кемшіліктері:

1) Ақша жөніндегі теориялық қатесі.

2) Дүние жүзін бөлісуді елемейді (дерлік).
3) Финанс капиталының паразитизммен арақатынасын елемейді.
4) Империализмнің оппортунизммен арақатынасын елемейді.

> «Империализм — капитализмнің жоғары (осы замангы) сатысы».

Шамамен:

I басты үш (толық дербес) ел

бұл 6:

- Англия, Германия, Қ. Штаттар
- II екінші дәрежелі (бірінші класты, бірақ толық дербес емес): Франция, Россия, Жапония
- III Италия, Австро-Венгрия

ДӘПТЕР

«γ»

(«ГАММА»)

Мазмұны

γ

1—52

Гёнигер	2 бет	Берар	[23—24]
Тәри	[3]	Лэр	[25]
Лескюр	[5—6]	Рюссье	[27]
Патуйе	[9—12]	Тоннела	[35]
Моос	[14—15]	Кольсон	[37]
Брюно	[17—18]	Редслоб	[39—41]
Лизис	[19—21]	*П. Луи*	[43—45]
Азия	44.45	871.2	526	19.6	9 278	10 162
Европа	9.97	452.4	273	45.4	56 655	44 224
Африка	29.89	136.2	82	4.5	3 149	3 584
Америка	39.98	189.5	114	4.7	15 738	18 286
Австралия	8.96	7.8	5	0.9	2 199	2 269
Поляр елдері	12.67	0.01	0	—	—	—
Барлығы	145.92	1 657.1	1 000	11.4	87 019	78 525

Отто Гюбнердің географиялық-статистикалық кестелері, 1914 жылғы басылуы (Шыға бастағанына 63 жыл)*.

Великобритания		***Темір жолдар*** км.
(1912)	Египет	4 241
(1912)	Египет Суданы	1 725
(1912)	Мальта	13
(1911/12)	Кипр	98
(1911/12)	Индия	55 875
(1911)	Цейлон	971
(1911)	Стрейтс Сеттльментс	34
	— —	16
(1912)	Малайя протектораты	1 180
(1912)	Гонконг	15
(1912)	Солтүстік Борнео	211
(1912)	Оңтүстік-Африка одағы	12 626
(1910)	Базуттар жері	26
(1912)	Родезия	3 872
(1912)	Ниас елі	182
(1912)	Шығыс Африка	943
(1912)	Занзибар	10
(1912)	Нигерия	1 467
(1912)	Сиерра Леоне	365
(1912)	Алтын жағалау	270
(1912)	Маврикий аралы	207
(1912)	Ньюфаундленд	1 238
(1912)	Канада	47 150
(1912)	Ямайка	313
(1912)	Жел жақ аралдар	45
(1912)	Тринидад	135
(1912)	Гондурас	40
(1912)	Гвиана	152
(1912/13)	Австралия федерациясы	30 141
(1912/13)	Жаңа Зеландия	4 588
		168 149

* Дәптердегі 10-беттің (осы томның 290—292-беттері) тексті Н. К. Крупскаяның қолымен жазылған; қара әріппен терілген жерлерін В. И. Ленин жазған. *Ред.*

		км.
	Франция	
(1910)	Алжир	3 491
(1912)	Тунис	1 656
(1913)	Батыс Африка	2 400
(1913)	Сомали жағалауы	130
(1913)	Мадагаскар	368
(1913)	Реюньон	125
(1913)	Индия	30
(1912)	Үнді-Қытай	1 374
(1908)	Мартиника	224
(1913)	Гвиана	16
(1913)	Жаңа Каледония	17
		9 832
(1912)	*Бельгия Конгосы*	1 235
	Италия	
(1912)	Ливия	87
(1912)	Эритрея	120
		207
	Герман империясы	
(1913)	Шығыс Африка	1 602
(1913)	Камерун	443
(1913)	Того	327
(1913)	Оңтүстік-Батыс Африка	2 104
		4 476
	Нидерланды	
(1912)	Ост-Индия	2 355
		2 683
	Басқа иеліктер	337
		5 375
	Россия	
(1913)	Кавказ Орта Азия Сибирь	17 036
(1911)	*Түркия*	6 660
	оның ішінде	
	1. Европада	1 994
	2. Кіші Азияда	2 372
	3. Сирияда және Арабияда	2 294
(1909)	Персия	54
	пайдаланудағысы	12

	Жалпы жер көлемі шаршы км. есебімен	Халқы	
Туркия, 1909 жылдан бастап конституциялық мемлекет	*1 794 980*	*21 600 000*	(1910)
Европалық Түркия	28 180	1 891 000	(1910)
Кіші Азия	501 400	10 940 765	(1910)
Армения мен Курдистан	186 500	2 357 436	(1900)
Сирия мен Месопотамия	637 800	5 361 203	(1910)
Арабия	441 100	1 050 000	(1910)
Қытай, 1912 жылдың мартынан бастап республика	*11 138 900*	*329 617 760*	
Қытайдың өзі	6 242 300	325 817 760	(1910)
Монғолия	2 787 600	1 800 000	
Тибет	2 109 000	2 000 000	
Жапония, конституциялық империя	*673 681*	*72 206 475*	
Жапонияның өзі	382 415	52 985 423	(1912)
Формоза	35 997	3 512 607	(1913)
Карафуто (жапон Сахалині)	34 069	42 612	(1913)
Квантун	3 374	501 767	(1913)
Корея	217 826	15 164 066	(1913)

NB мың шаршы километр есебімен (**жалпы жер көлемі**)
ПЕРСИЯ — шамамен 1 645 (**Персияның 1907 жылғы барлық халқы: $9^1/_2$ млн.**)
1907 жылғы келісім бойынша:
Британияның ықпал ету сферасы шамамен 355
Россияның » » » шамамен 790

ӨЗАРА АЙЫП ТАҒУ

Өзара айып тағу:

«La Revue de Paris», 1 март, 1915 ж. (№ 5, 1915)
мақала: **Г. Деморньи.** *«Персиядағы түрік-неміс әдістері»* (орыстар мен ағылшындардың Персиядағы ықпал ету сфераларының картасы бар).

NB ||| Немістердің табыстары жөнінде империалистің байбаламы. (Империализмді бейнелеу үшін ерекше сипатты нәрсе.)

Айтқандайын (217-бет):

NB || «Орыс, француз, бельгиялық, ағылшын кіші елшілерін өлтіруге арналған бомба 24 декабрьде (1914) Тегеранда жарылады, бірақ соққы нысанаға тимеген,

сөйтіп бомба герман-түрік бандасы ұйымдастырған заговорға қатысушылардың бірін өлтіреді»...

Автор *«Revue du monde musulman»* журналындағы 1913, №№ 22 және 23 (март және июнь, 1913) өз мақалаларынан және мына кітаптарынан цитат келтіреді: *«Дунай мәселелері»*. Париж, 1911 (Ляроз және Тенэн); *«Персия әкімшілігі»*. Париж, 1913 (Леру); соңғы: «Персияның финанс мекемелері». Париж, 1915 (Леру). NB

Сичкан-ил жылы (21. III. 1912—20. III. 1913).

1. Россияның Персиямен саудасы=*628 857 900 кран* (кран=0.4545 франк).

Персиядан Россияға товар шығару=Персияның сыртқа шығарылатын барлық товарының 69%

Россиядан Персияға әкелінетін товар=Персияға сырттан әкелінетін барлық товардың 58% (205-бет).

2. Англияның Персияға әкелетіні=Персияға сырттан әкелінетін барлық товардың 25%

Персияның Англияға шығаратыны=Персияның барлық сыртқа шығаратынының 13%.

3. Түркия

4. Германияның Персиямен саудасы=24 316 252 кран.

5. Франция

6. Италия

((Персиямен саудасының мөлшері бойынша елдердің рет тәртібі 1—6))

«Preussische Jahrbücher», 1915, 3-кітап (март), Ганс Дельбрюктің мақаласы (485-бет):

«Англияның Норвегиядағы кіші елшісі Финдлей ирланд Сэр Роджер Кэзменттің көзін жою үшін өз үкіметінің атынан кісі өлтірушіні параға сатып алуға тырысқан». (Дельбрюктің Англияға таққан қарсы айыптауларынан.) NB

«ТЕХНИКА ТУРАЛЫ ЗАМЕТКАЛАР»

«The Daily Telegraph», 15. III. 1915 жыл. «Техника туралы заметкалар». *«Соғыста мұнайдың орны.* Соғыс кораблі түгелдей мұнай пайдаланады».

«Казначейлік канцлерінің: «Бұл — техникалық соғыс» дегені дұрыс еді. Біз қазір бүкіл дүние жүзінде болып

жатқан орасан зор күрестің әрбір кезеңінен техниканың ізін көріп отырмыз. Техника ендігі жерде екінші дәрежелі роль атқармайды. Техниканың соғыстың басты ерекше белгісіне айналғаны соншалық, тіпті «көзімен көрген адам» жуырда механикалық күштің континентте атқарған ролін баяндай келіп, соғысты «бензин соғысы» деп атауға болады деп есептеді. Оны «мұнай соғысы» деп атау, бәлкім, дұрысырақ болған болар еді, өйткені әңгіме алып дредноуттар мен сүңгуір қайықтар түріндегі флоттың көптеген аса ірі және өте ұсақ кемелері туралы болып отырғандықтан бұл термин флотты да қамтыған болар еді».

«Королева Елизавета»—«тек қана мұнаймен жүретін» алғашқы кемелердің бірі. Арзандаушылық. Бастысы—отынмен жабдықтаудың тездігі etc. etc. Орасан зор техникалық прогресс.

«Соғыс кемелері іштен жанатын двигательдерге» көшкелі отыр. Сауда кемелері қазірдің өзінде осыған көшіп жатыр.

ЮНИУС. «СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ДАҒДАРЫСЫ»*

Юниус. *«Социал-демократияның дағдарысы».* Қосымша: «Халықаралық социал-демократияның міндеттері туралы тезистер». Цюрих, *1916. 109* бет (105—109, тезистер).

«Кіріспе» *2. I.* 1916 деп белгіленген: кітапша IV. 1915 жазылған дейді.

6-бет: «Халықаралық социал-демократияның тізе бүгуі... оны жасыру бәрінен де асып түсетін ақымақтық болар еді»...

24-бет: «Дамудың екі бағыты... осы соғысқа... әкеле жатты...» 1) 1870, NB, Эльзас пен Лотарингияны *аннексиялау* және 2) соңғы 25 жыл ішіндегі империалистік даму.

NB || 28-бет: Бюловтың сөзі 11. XII. 1899. Айқын империалистік программа: ағылшындарда «неғұрлым ұлы Британия», француздарда «жаңа Франция», орыстарда Азия, немістерде «неғұрлым ұлы Германия».

31—33-беттер: неміс финанс капиталының Кіші Азияда түрік шаруаларын тонауы туралы тамаша айтылған.

42-бет: ...«Қазіргі соғыста мәселе жалпы алғанда 2 мем-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 22-том, 321—337-беттер. *Ред.*

-лекеттің: Бельгия мен Сербияның ғана өмір сүруі туралы болып отыр»...

4 3-бет: Россияда империализм *«экономикалық экспансия»* деуден «гөрі» *«мемлекеттің саяси мүддесі»* деу керек.

4 8-бет: Австрияның ыдырауы «монархияның тап іргесінде дербес ұлт мемлекеттерінің пайда болуы нәтижесінде» тездеді...

...«Австрияның ішкі өмірге қабілетті *еместігі* салқынын тигізді»...

...«Габсбург монархиясы дегеніміз буржуазиялық мемлекеттің саяси ұйымы емес, қоғамдық паразиттердің бірнеше тобының нашар байланыстырылған синдикаты ғана» (49)...

|| ...«сөзсіз екінің бірін таңдау: не Габсбургтердің монархиясы, не Балқан мемлекеттерінің капиталистік дамуы болу керек» (49)... ||

...«Австро-Венгрияның жойылуы тарихи жағынан алғанда Түркияның ыдырауының жалғасы ғана және сонымен бірге дамудың тарихи процесінің талабы болып табылады» (49—50). ||| NB

«Іріп-шіріп бара жатқан екі өлексеге таңылған герман империализмі дүние жүзілік соғысқа төте жолмен тартты» (50).

«Дуала Манга Беллді Камерунде... жалған қастандық (мемлекетке қастандыққа)... үшін... соғыс даурықпасын пайдаланып, сот процесінің әбігерлік рәсімін сақтамай-ақ астыртын дарға аса салды.. Рейхстагтағы фракция көсем Дуаланың сүйегін сыпайы үнсіздікпен жаба салды» (56)

6 0-бет: 1905 жылғы жеңілістің 2 себебі:

(1) оның «зор» саяси программасы; «кейбіреулері (проблемалардың), аграрлық мәселе сияқтысы, қазіргі қоғамдық құрылыс шеңберінде мүлде шешілмейді»... ||| ?

(2) европалық реакцияның көмегі...

71: ««Германияның азаттық дамуына» төнетін қауіп, рейхстагтағы фракцияның ойлағанындай, Россияда емес, Германияның өзінде»... (ал оның бер жағында мынадай сөз бар: «Цаберн бағыты», 71-бет). ||

74: «Халықтардың өзін өзі билеу правосы, әрбір халықтың өз бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға праволы және міндетті екендігі социалистік принцип болып табылмай

ма?»... (75) «әрине, сыртқы жау алдында тізе бүгетін халыққа жирене қарау лэзім»...

75: *«Франциядағы азамат соғысынан»* келтірілген цитат: «Әлі де болса ескі қоғамның қолынан келетін асқан ерлік өнегесі — ұлттық соғыс, ал мұның өзі қазір үкіметтің нағыз қулық-сұмдығына айналып кетті»...

76: «Сонымен, шапқыншылық пен тап күресі буржуазия тарихында, ресми ақызда айтылғандай, қарама-қарсылық емес, қайта бірі екіншісінің құралы мен көрінісі болып табылады. Егер үстем таптар үшін шапқыншылық тап күресіне қарсы қолданылатын сыналған құрал болып табылса, көтеріліп келе жатқан таптар үшін барынша шиеленіскен тап күресі әлі де болса шапқыншылыққа қарсы ең жақсы құрал болып табылады»... *Орта ғасырлардағы* итальян қалаларының тарихы, әсіресе *1793* жыл.

77: өзін өзі билеу жөнінде де солай дейді: «Социализмнің әрбір халық үшін тәуелсіздік пен бостандық правосын, өз тағдырын өзі дербес билеуін мойындайтыны рас. Бірақ қазіргі капиталистік мемлекеттер халықтардың осынау өзін өзі билеу правосының бейнесі ретінде көрсетіліп отырған болса, мұның өзі социализмді барынша қорлағандық болады. Бұл мемлекеттердің қайсысында халық бұған дейін өзінің (sic!) ұлттық, саяси және әлеуметтік тіршілігінің формалары мен жағдайларын белгілеп еді?» Маркс, Энгельс, Лассаль «неміс халқының өзін өзі билеуі» деп «біртұтас ұлы неміс республикасын» түсінді. [Қазіргі Германия «неміс халқының ұлттық (NB) өзін өзі билеу (NB) правосының қираған орнында»... құрылды (NB) (77)]

77 ...«немесе, мысалы, әлемнің төрт бөлігінде отарлық иеліктері бар және екі бөлігінде отарлық айуандықтар жасап отырған Үшінші республика дегеніміз француз ұлтының «өзін өзі билеуінің» көрінісі ме?»...

78: «Егер ұлттың мемлекеттік өмір сүруі басқа халықтарды құл етуге негізделсе, әлгі ұғымды социалистік мағынада алғанда бірде-бір азат ұлт жоқ, өйткені NB отар халықтары да халықтар, мемлекеттің мүшелері болып саналады ғой. Халықаралық социализм азат, тәуелсіз, тең праволы ұлттардың правосын мойындайды, бірақ тек социализм ғана осындай ұлттарды құра алады, тек социализм ғана ұлттардың өзін өзі билеу правосын жүзеге асыра алады. Сөйтіп социа-

лизмнің осы ұраны, барлық басқа да ұрандары сияқты, бар нәрсені ақтауға емес, қайта жол көрсеткіш ретінде, пролетариаттың революцияшыл, жаңартқыш, белсенді саясатының стимулы ретінде қызмет етеді»...

...Қазіргі империалистік жағдайда енді «ұлттық қорғаныс соғыстар» мүлде бола алмайды (78)... бұл жағдайға көңіл аудармау *«осал негізге құру»* деген сөз. ?

Сондықтан «қорғаныс пен шабуыл жасау туралы мәселенің, «кінәлы» туралы мәселенің мүлде маңызы жоқ» (78), Францияныкі де, Англиянікі де «өзін қорғау» емес, олар «өздерінің ұлттық позициясын емес, өздерінің дүние жүзілік саяси позициясын»... қорғап отыр.

NB: ...««ұлттық соғыстың» қазіргі уақытта социал-демократиялық саясатқа үстемдік етіп отырған елесін жою үшін» (81).

Империалистік саясат дегеніміз интернационалдық құбылыс, «капиталдың бүкіл дүние жүзілік дамуының» нәтижесі (79)... «Тек осыған сүйене отырып, қазіргі соғыста «отан қорғау» туралы мәселені дұрыс қоюға болады» (80)... Одақтар жүйесі, соғыс мүдделері және т. т. *империалистік* мүдделер мен елдерді... бірден *тартады*. «Ақырында, қазір барлық капиталистік мемлекеттердің отарлық иеліктері бар, сондықтан соғыс кезінде, тіпті ол «ұлттық қорғаныс соғысы» болып басталса да, таза әскери стратегиялық тұрғыдан келіп, отарлар да соғысқа тартылады»... Түркиядағы «қасиетті соғыс», отарлардағы көтерілістерді көтермелеу...—«осы факті де қазіргі соғыс атаулының бәрін өз-өзінен бүкіл дүние жүзілік империалистік өртке айналдырады» (82)...

Сербияның (оның артында Россия тұр), Голландияның (оның отарлары, *т. т.*) мысалы... «Сонымен, тағы да сол қазіргі империализмнің тарихи жағдайы жеке елдердегі соғыстардың сипатын белгілейді, ал бұл жағдай қазіргі уақытта ұлттық қорғаныс соғыстар енді тегі мүмкін болмайтындай әсер етіп отыр» (84)...

К. Каутскийден цитат келтіреді: «Патриотизм және социал-демократия», 1907 ж., әсіресе 16-бет, «осындай жағдайда ұлттық бостандықты қорғау үшін соғыс болады деп... еш жерден күтуге болмайды» (Каутский, Юниусте

85-бетте цитатқа алынған). (К. Каутский, 12—14-беттер, «ұлттық проблемалар» туралы, бұл проблемалар *«тек* (NB) пролетариат жеңіп шыққаннан *кейін ғана* NB)» шешілуі мүмкін.) [К. Каутский, 23-бет. NB]

«Социал-демократияның міндеті қандай? «Енжар» болмау. Жоқ. «Сонымен, империалистік соғысты екіжүзділік жасап отан қорғау шекпенімен бүркемелеудің орнына халықтардың өзін өзі билеу правосын және отан қорғауды *шынымен* (курсив автордікі) қабылдап, оларды революциялық тұтқа ретінде империалистік соғысқа *қарсы* (курсив автордікі) бұру керек болды (85). Отан қорғаудың аса қарапайым талабы қорғаныс ісін халықтың өз қолына алуында болып отыр. Бұл жөнінде жасалатын бірінші адым: *милиция,* яғни ересек еркек халықтың бәрін дереу қаруландырып қана қоймай, оның үстіне ең алдымен халықтың соғыс пен бітім туралы мәселені шешуі де керек, сонсоң мұның мәнісі былай: саяси правосыздық атаулыны тезінен жою, өйткені аса ұлы саяси бостандық халықтық қорғанудың негізі ретінде қажет. Отан қорғаудың осы нағыз шараларын жариялау, бұларды жүзеге асыруды талап ету — социал-демократияның бірінші міндеті міне осы болды» (86). Ал социал-демократтар милицияны талап етуді соғыстан кейін қойыпты-мыс!!! ал біз болсақ, *«тек* милиция *ғана»* отан қорғауға қабілетті дедік!!!

? ??? NB

«Біздің ұстаздарымыз отан қорғауды басқаша түсінді»... (Маркс «Азамат соғысында» Коммунаның ұлттық соғысын жақтайды)... және... Фридрих Энгельс *1892* жылы 1793 жылдың қайталануын жақтады... Бірақ осының қатарында: *«Энгельс мұны жазғанда, ол қазіргі жағдайдан гөрі мүлде басқа жағдайды ескерген-ді»* (87) — орыс революциясына дейін. «Ол (Энгельс) шабуылға душар болған Германияның нағыз ұлттық қорғаныс соғысын ескерген-ді» (87)...

NB!

Ал содан соң: «Иә, социал-демократтар ұлы тарихи дағдарыс кезеңінде өз елін қорғауға міндетті» .Ал социал-демократиялық фракцияның «ауыр кінәсы да нақ осында». «Аса қысылтаяң сағатта ол Отанды қорғанышсыз *қалдырды.* Өйткені бұл

?? ??

сағатта отан алдындағы оның бірінші борышы: отанға осы империалистік соғыстың шын астарын көрсету, отан жөніндегі осы қастандықтың бүркеніші болған патриоттық және дипломатиялық өтірік өсектің шырмауын бұзу; неміс халқы үшін осы соғыста жеңіс те, жеңілу де бірдей қатерлі екенін батыл және айқын түрде мәлімдеу... халықты дереу қаруландырудың қажеттігін және соғыс пен бітім туралы мәселені шешуді халыққа берудің қажеттігін жариялау... ақырында, соғыстың империалистік программасына,—Австрия мен Түркияны сақтауға, яғни Европа мен Германияда реакцияны сақтауға бағытталған программаға,—1848 жылғы патриоттар мен демократтардың бұрынғы шын ұлттық программасын, Маркстің, Энгельстің және Лассальдің программасын: біртұтас ұлы неміс республикасы ұранын қарсы қою болатын. Ел алдында желбіретіп көтеретін ту, шынайы ұлттық, шынайы азаттық сипаты бар, Германияның және пролетариаттың халықаралық таптық саясатының таңдаулы дәстүрлеріне сай келетін ту міне осындай еді» (88). NB ??

...«Сонымен, отан мүдделері мен пролетариаттың халықаралық тілектестігінің арасында лажсыздан екінің бірін таңдау, біздің парламентарийлерді тек «жүрегі қалап тұрып» империалистік соғыс жағына шығуға мәжбүр еткен қайғылы жанжал — таза қиял, буржуазиялық ұлтшылдық елес. Қайта, керісінше, ел мүдделері мен пролетарлық Интернационалдың таптық мүдделері арасында соғыс кезінде де, бейбітшілік кезінде де толық үйлесім бар: соғыс та, бейбітшілік те тап күресінің барынша жігерлі дамытылуын, социал-демократиялық программаны барынша батыл қорғауды талап етеді» (89)... 100:

Ал партияның не істеуі керек еді? Жаппай стачка жариялауы керек пе? немесе солдаттардың бас тартуы керек пе? Бұған жауап беру ерсі болар еді. Революцияны «қолдан жасауға» болмайды. «Техникалық сипаттағы жарлықтар мен нұсқаулар беру» *«а ғ а т т ы қ»* болар еді (90), мәселе мұнда емес, айқын саяси ұранда. (Техникаға қарсы etc.

etc., «кіші-гірім заговорлық үйірмелерге» қарсы etc. аздап асыра сілтеп жіберген) (NB 101—102.)

VIII параграф (93—104) «жеңіс немесе жеңіліс» мәселесіне айрықша тоқтап, мұның екеуінің де жаман екенін дәлелдейді (күйзеліс, жаңа соғыстар etc.). «Халықаралық пролетариат өзінің революциялық араласуымен» (екі империализмнің) «барлық көздегенін болғызбай тастайтын бірден-бір жағдайдан басқа ретте» (98)... «екі дүркін дүренің бірін үмітсіздің күнінен» таңдағандық болар еді (98)... Status quo мүмкін емес (99). «кейін» емес, ілгері қарай пролетариат жеңісіне ұмтылу керек. Қарусыздану рухындағы жобақұмарлық емес, «утопиялар», «ішінара реформалар» емес (99), империализмге қарсы күресу керек.

ал Америка ше?? және Жапония ше??

102-бет—«европалық пролетариат жаппай құриды деп» қорқытады (102)... «Мезгілі жеткенде тек Европадан, тек ең байырғы капиталистік елдерден ғана адамзатты азат ететін әлеуметтік революцияның дабылы қағылуы мүмкін. Тек ағылшын, француз, бельгиялық, неміс, орыс, итальян жұмысшыларының бәрі бірлесе отырып, әлемнің бес бөлегіндегі қаналғандар мен құлдыққа түскендер армиясына басшылық ете алады» (103).

«СОЦИАЛИСТЕР ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК»

«Journal des débats», 11. XI. 1915.

«Социалистер және бейбітшілік»... «Сірә, бұл» (циммервальдтық) «бірлестікті неміс социалистері ұйымдастырған болу керек, ал бұлардың осы елдің үкіметімен әмпейлігі белгілі. Жауларымыздың тарапынан жасалған бұл айла-шарғы біздерді таңдандырмауға тиіс. Олар істің өздері үшін сәтсіз болғанын сезгеннен бері қарай мұны талай рет қайталады». !

...«Француз социалистік партиясы екіұштылық атаулыны жою үшін және қасиетті одақтың патриоттық шартына өзінің адал болып қала беретіндігін тағы бір растау үшін осыны» (Социалистік партияның конференцияға қарсы қарары) «айтуды қажет деп тапты». !!

«ТАН» ГАЗЕТІНДЕГІ ЗАМЕТКАЛАР ТУРАЛЫ

«Le Temps», 13. XI.

Ренодельдің сөзі туралы «Vorwärts»-тің мақаласы жөніндегі заметка (2-бет) және «L'Humanité»-нің Циммервальдқа *қарсы* мақаласы туралы *жылы лебізді* заметка.

Ibidem 12 XI.

«Социалистер және Эльзас-Лотарингия»

Компэр-Морельдің «L'Humanité»-дегі мақаласында тура былай делінген-міс: «біз Эльзас-Лотарингияға бұлайша қарамаймыз» (=біз «жеңіп алғымыз» келмейтін неміс территориясы деп қарамаймыз)...

БРАУЭР ГЕРМАНДЫҚ ETWA «ЖЕҢІЛІСТІ ЖАҚТАУШЫЛАР» ТУРАЛЫ

«Hochland». Мюнхен. 8-кітап, 1914/1915. Май, 1915.

австриялық-мюнхендік клерикалдардың католиктік, аристократтық органы

(бастырған Карл Мут)

Т. Брауэр. «Соғыс және социализм».

...«Социализм дамуындағы жай эпизодтан гөрі соғыстың мәні үлкен: ол осы дамудың белгілі дәрежеде аяқталуын (ең болмағанда потенция жағынан) бастап береді» (176)...

...(Маркс, Энгельс, Бебель туралы «әңгіме»...)

...«Теория жағынан «талқандалу» «оппортунизмнің» шынтылық өмір сүре беруіне және құрметке ие болуына кедергі жасамайды. Социалистік тудың төңірегіне жиналушы бұқараның көбеюіне қарай, бұқараның бүгінгіге бағытталған тілегі де бұрынғыдан орасан зор дәрежеде өсе түседі, сондықтан бұқараның өз назарын қазіргі мемлекетке де аудару арманына кедергі жасау мүлде мүмкін емес» (179—180)...

...Бернштейн қарсы күрескен нақ осы (революциялық) идеологияда—«нақ осы идеологияда европалық соғыс әлеуметтік революцияның табалдырығы ретінде үлкен роль атқарады» (180).

(Кәсіптік одақтарға ақыл кіре бастады)

...«тікелей соғыс алдында мәселе кәсіподақ социализмінің «буржуазиялық» әлеуметтік реформамен шындап жақындасуына дейін де барады» (181).

«Соғыс жарияланған кезде неміс социал-демократиясында болған төңкеріс, егер оны таза сырт жағынан алып қарайтын болсақ, ойламаған жерден үзілдікесілді ажырасу сияқты болды. Тіпті осының алдында ғана баспасөз бетінде ескі үгіттік жаргон тілінде ескертулер, сақтандырулар жасалып, жалынынштар айтылған-ды. Мәселе мынадай пікірлерге дейін барды: 1870 жылдан кейін Францияда болған оқиғаны мезгейтін бұл пікірлер жеңілісті бейнебір мақтау сияқты естіледі. Бірақ содан соң бір құтты күні батылдығын айтып жеткізуге болмайтын... бетбұрыс жасалды. Бұл жөнінде басып шығарылған ресми түсіндірулер тіпті алыстан болса да ол үшін дәлел бола алмайды. Бұл ресми түсіндірулерді бұрынғы ресми мәлімдемелердің негізінде ойнап отырып теріске шығаруға болатындығы әркімге белгілі — сондықтан да бұл арада ол жайында көп айтып жатудың керегі жоқ» (181).

NB

...(Социалистік бұқараның «толық» өмір шындығымен жанасуы дейді)...

...«Зерделі социалистер, әсіресе ревизионистер лагеріндегілер» (182)... халықты бұлай (ескі-социалистік жолмен) тәрбиелеудің қауіптілігін әлдеқашан көрсеткен-ді...

...(патриотизмді дәріптеу)...

...«Реформистер енді, ақырында келіп, өздері сондай қатты тілеген жаңа социалистік және социал-демократиялық программа үшін күшті, берік негізді табуға үміттене алатын болды» (183)...

...«Егерде ревизионистік әрекеттің іс жүзіндегі нәтижесін бір сөзбен анықтау керек бола қалса, онда шамамен мына тәрізді болар еді: ревизионистік әрекет көсемдердің және практик-ұйымдастырушылардың басшы тобының марксизмге деген сенімін босаңсытты, сондықтан енді олар оны жеткілікті дәрежеде немен, ауыстыруды таба алмай, тактиканы өздерінің «сенім символы» етті» (184).

NB

ал тегі (188) траншеядан оралатындардың не айтатынын күтейік деседі.

NB: «Швейцарияның фабрика және кен-завод инспекторларының өздерінің 1912 және 1913 жылдардағы қызмет әрекеті туралы баяндамасы»—*Аарау, 1914* (265 бет, 3 марка). NB

«ТАН» ГАЗЕТІНДЕГІ МАҚАЛАЛАР МЕН ЗАМЕТКАЛАР ТУРАЛЫ

«Le Temps», 6. XII. 1915.

«Шампиньи маңында болған шайқастың жылдығы» бүгін мейрамдалды.

Альбер *Том* мырзаның сөзі:

«Біздің Эльзасымыз бен Лотарингиямыз Францияның құрамына біржолата кірмейінше, бітім болуы мүмкін емес»...

...герман империализмін зиянсыз еткенге дейін etc. etc. (...«жеңіс»...) ...«ақырына дейін»...

Ibidem, 7. XII. 1915

мақала (редакциялық): «Жақсы сөздер».

«Бұл манифестацияның онан сайын көрнекі болатын себебі: Гед және Самба мырзалармен бірге Альбер Том мырза біріккен социалистік партияның үкіметтегі өкілі, ал ол партияның белгілі бір элементтері соғыс алдында өздерінде басым болған қауіпті тенденцияларды ұмыта алмайды, сөйтіп интернационализмнің күңгірт мұратының шеңгелінде болып кетеді, ол осы мұраттың салдарынан құрып кете жаздады»... NB

«Мұнда» (Томның сөзінде) «жай және сөзсіз, ешқандай шарттарсыз Эльзас-Лотарингияны Францияға қайтарып беру жөнінде анық және дәлме-дәл қойылған талап бар. Бұл сөздер кейде барып тұрған солшылдар ұсынып жүрген, күйінішті әбестіктерге себеп болып отырған тым сақ тұжырымдарға қарама-қарсы айтылған сәтті сөздер».

Ibidem (2-бет) «Социалистерде». Кеше, дейді, Сена федерациясының (партияның 25. XII. 1915 болатын конгресіне) әзірлік жиналысы болды. Бурдерон сөйлемек болып еді, «бірақ оның сөзін өрескел бөліп тастады» (оған мандатының жоқ деп айқайлаған) *(idem «Journal de débats»*, 7. XII. 1915. Бурдерон: мен азшылықтың өкілімін дегенде, «қатты наразылықтар болды» делінген...).

«Мергейм мырза кеше кешке Монтрейльдегі рю де Париде Циммервальдтағы халықаралық пацифистік бірлестік туралы баяндама жасауға тиіс еді. Мергейм мырзаның баяндамасына тыйым салынды».

«АМЕРИКАН СОҒЫС ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ» ДЕГЕН МАҚАЛА

«Neue Zürcher Zeitung», 1915, № 485, 1-таңертеңгі шығуы. 23. IV. 1915.

Американ соғыс жабдықтаушылары.

«Антанта мемлекеттеріне соғыс жабдығы заттарының жеткізіліп келе жатқаны туралы хабарларды американ газеттері көптен бері-ақ басып келеді. Калифорнияның бір газетінен төмендегіні келтірейік:

Американ өндірушілері одақтастарға арналған соғыс материалдарын бұдан былай теңізбен Канадаға жібереді, онда ол материалдар ағылшын кемелеріне тиеледі де, Англияға жөнелтіледі. Франция мен Россияға арналған товарлар да осы жолмен өтеді, ал сонан соң оларды Англиядан әрі қарай жібереді. Одақтастар өздерінің агенттері арқылы немесе тікелей Құрама Штаттардың қару-жарақ заводтарын және соғыс жабдықтары кәсіпорындарын түгелдей дерлік өздері үшін контрактациялап қойды. Әрине, бұл заводтар өздерінің жабдықтауларын тоқтатуына тура келетіндігінен қорқып, мұны жасыруға тырысады, өйткені бұл материал түгелдей—әскери контрабанда.

Құрама Штаттарда тек қана қару-жарақ немесе соғыс жабдықтары заттарын жасайтын 57 завод бар. Жайшылықта оларда 20 000-дай жұмысшы істейді, ал қазір, заводтар екі, үш сменада жұмыс істеп отырған кезде, олардағы жұмысшылар 50 000-дай адам болып отыр. Қару-жарақ заводтары мен соғыс жабдықтары кәсіпорындары жарылғыш заттарды жасамайды. Мұның өзі өнеркәсіптің дербес саласы, онда 103 завод бар, ал ол заводтардың өнімі соғыс басталғаннан бері екі есе өсті. Кейбір пироксилин заводтары 3 сменада жұмыс істейді. Әрине, осылай жаппай керексінудің салдарынан баға артты. Мысалы, француз үкіметі февральда қадағы 65 || центтен 24 миллион қадақ пироксилинге заказ берді, жай уақытта мұның қадағы 20—25 цент тұратын.

Сонан соң солдаттар мен аттар үшін керекті жабдық заттары: аяқ киім, ыдыс-аяқ, ер-тұрман, иленген қайыс

және т. б. жасалуда. Европа соғысының Америка үшін бірден-бір пайдалы іс екені күмәнсыз».

Ллойд Джордж парламентте.

«ДЕЙЛИ ТЕЛЕГРАФ», 22 және 23 АПРЕЛЬ, 1915

«The Daily Telegraph», 22. IV. 1915

«Ллойд Джордждың Палатада сөйлеген сөзі:

«Ол соңғы айдың екі аптасы ішінде ғана британ артиллериясы снарядтарды бүкіл бур соғысы кезіндегіден көп атты деп хабарлауымен Палатаны таңдандырды».

Егер сентябрьде (артиллерия снарядтарының) жасалғаны *2 0* болса, || NB

мартта *3 8 8* болды— 19 есе көп.

(Ал сентябрьде августағыдан көп болды, августа июльдегіден көп болды!)

Соғысқа дейін континентте 6 дивизия болады деп есептеген-ді. Қазір олар *3 6*=720 000 адам.

Мартта «мемлекетті қорғау туралы заң» қабылданды,— «ол кез келген қолайлы машина жасау заводтарын өз қолына алып, оларды снарядтар жасауға көшіру жөнінде» (үкіметке) «уәкілдік берді».

«Соғыс жабдығы ұшы-қиырсыз көп болсын — өмірді аман сақтап қалып, соғыстың тез аяқталуын қамтамасыз ету үшін керекті жақсы тұжырым осындай»... || NB

Ibidem, 23. IV.

«Кәсіпкерлердің патриоттық міндеттемесі»:

мен *соғыстан кейін жұмыс бергенде,* әскерде қызмет өткендерді артықша көретін боламын деп мәлімдеймін.

Қол қойған

(король мен министрлер

ж а қ т а й д ы).

Ibidem. *Р у з в е л ь т т і ң кітабы.* «Америка және бүкіл дүние жүзілік соғыс».

Автор «майдалап айту керек, бірақ өзіңмен бірге сойылыңды ала жүруің керек» деген ережені жақтайды (ол: менің нақыл сөзімнің бас жағын ұмытып кетіп, мені «big stick» («сойыл») деп атайды деп налиды). *(Бельгияның* мысалы.)

Ол Швейцарияның немесе Австралияның үлгісі бойынша Америка Құрама Штаттары халықтық *«әскери оқуды»* белгілеуін жақтайды...

ГУГО БЕТГЕРДІҢ «ТАГ» ГАЗЕТІНДЕГІ МАҚАЛАЛАРЫ

«Der Tag», 1915, № 93 (А кітабы). 22. IV. 1915.

Мақала: «Еркін кәсіподақтар және үкімет», рейхстаг мүшесі д-р *Гуго Бетгердікі.*

Автор кен қоғамының (Гельзенкирхендегі) генерал-директоры *Кирдорфтың* министр *Дельбрюкті* (ішкі істер министрі) «кәсіподақ лидерлерімен тығыз байланыс» жасайтындығы үшін кінәлаудан бастайды.

Мұның өзі қауіпті, өйткені жұмысшылар тым тынышсыз болады дейді.

Автор мұның зияны жоқ, траншеяларда да жұмысшылар мен қожайындар бірге тұрады деп қарсы болады, өйткені дейді, «егер олар (=еркін кәсіподақтар=социал-демократтар) белгілі бір жұмысшы мәселесі және жалпы ұлттық мәселелер жөнінде ішкі істер министрлігінде бірлескен жұмысқа тартылатын болса, онда мұның өзі бүкіл соғыстың өн бойында *социал-демократиялық бағдарламаның* Интернационал сферасына кіретін *белгілі пункттерінен бас тарту* және халықтың барлық басқа бөліктері сияқты өз борышын орындап, отанды қорғау олар үшін қаншалық парыз болса, соншалық жөн іс болмақ»...

NB

Осы автордың *82*-номерде (9. IV.) «Саясатымыздың дамуы» деген мақаласы бар, одан мұнымен қатар мынаны оқимыз:

«Таңданарлық нәрсе, социал-демократиялық айтыстарда да маркстік көзқарас негізінде мынадай пікір айқын көзге түседі: енді империализмнің бұдан былайғы дамуымен, үлкен, дербес, сырт қарағанда, мүмкіндігінше, тәуелсіз, дүние жүзілік державалардың дамуымен санасу қажет. Біреулер бұған қарсы шығады, екінші біреулер империализмді социализмнің даму барысына енгізуге тырысады, және де, әрине, бұл екі ағымның қайсысы неғұрлым дұрыс және табысқа жетуге неғұрлым қабілетті екендігі жөнінде ешқандай күмән болмауы керек»...

«ЭКОНОМИСТ» ГАЗЕТІНДЕГІ «СОҒЫС МАҚСАТТАРЫ» ДЕГЕН МАҚАЛА

«The Economist», 27. III. 1915 жыл. Сенбі.

Мақала: «Соғыс мақсаттары» (Грейдің дүйсенбіде (22. III. ??) Бехштейн-Холлда сөйлеген сөзі жөнінде).

Редакция бітім туралы жылап-сықтап, Грей «соғысты созуға немесе өршітуге» бағытталған ештеңе айтпады деп қуанады...

Мақаланың соңы:

«Мемлекет қайраткерлері соғыстың алдағы уақытта күйінішті нәтижемен: жаппай азалы күйде, жаппай дерлік банкрот болумен тынуына көне алмайды. Адамгершілік талаптарын еске алуға болатын және сонымен қатар сэр Эдуард Грей көрсеткен мақсаттарды» (ұлттар бостандығы etc.) «жүзеге асыруға болатын уақыт жақында туады»... «Егер мұндай жағдай пайдаланылмаса, соғыс мәңгі-бақи созыла бермейді. Соғыс революциялық аласапыранмен аяқталады, ал мұның қай жерде басталатынын және немен тынатынын ешкім білмекші емес. Тіпті соғыс ертең біте қалған күнде де, тіпті осы, біршама табысқа жетіп отырған елде соғыс туғызған ауыртпалықтардан жылдар бойы қатты азап шекпейтін бірде-бір семья табыла қоймас» (815 бет). (Соңы.) ||| NB

«ЖЕНЕВА ГАЗЕТІ», 7 АПРЕЛЬ, 1915

«Journal de Genève», 7. IV. 1915.

«Тым көп сөйлеу зиянды» деген атпен жазылған бас мақала: мына кітап жөнінде: «1914 жылғы Сары кітаптың сабақтары», Институттың мүшесі Анри *Вельшингерdiki*, бастырып шығарушылар Блу мен Гей, Париж.

13. VII. 1914 (күнін еске алып қойыңыз!) сенатта «әскери комиссияның баяндамашысы» Ш. Эмбер мырза Францияның әзір еместігін көрсеткісі келіп, сөзінде былай деді: Францияда ауыр артиллерия, тіпті 10—13—21 сантиметрлік артиллерия жоқ дерлік. 28 сантиметрлік мортира... бір жылдан кейін болады!!

Ал келесі күні, 14. VII. 1914, әскери министр, Мессими, сенатта былай деп мәлімдеді:

1915 жылдың аяғында (!!) Францияның 105 мм. 200 ұзын зеңбірегі және 1917 жылдың аяғында (!!!) 120 мм. 200 қысқа гаубицасы болады.

NB ||| «Германия: «Уақытты оздырмай, ілгері басайық» дегеннен басқа қорытынды жасай алатын ба еді?»

ЛЛОЙД ДЖОРДЖ ТӨРТ МИЛЛИАРД ФУНТ СТЕРЛИНГ ТУРАЛЫ

Ллойд Джордж *Қауымдар палатасында.* Сейсенбі, 4. V. 1915. («The Daily Telegraph», 5. V.)

...«Біздің елдің табысы қандай? Біздің елдің табысы бейбіт уақытта 2 400 000 000 фунт стерлинг болған.

Енді ол, сірә, жоғары болар. Неге? Біз мұнда қарызға алынған жүздеген миллион ақшаны жұмсап отырмыз. Бұл ақшаның көп бөлігі біздің елде жұмсалып отыр. Адамдар өзіне белгіленген уақытта және белгіленгеннен тыс уақытта да жұмыс істейді, олардың жалақысы өсті; кейбір салалардың пайдасы жоғары, әрине, едәуір жоғары болатын болды; осының нәтижесінде еліміздің табысы қазіргі кезеңде, сірә, бейбітшілік уақыттағыдан жоғары болар. Кейбіреулер, сірә, орасан зор пайда алып отырған болар—(тыңдаңыз, тыңдаңыз)—ал басқалары өзінің табысын дағдылы дәрежесінен анағұрлым көп арттырды.

NB

NB

Екі-үш жыл ішінде соғысқа төтеп беруге мүмкіндік болу үшін сіздер, егер мүмкін болса, қандай салықтарды арттыруға тиіссіздер немесе қандай жарналар алуға тиіссіздер,— міне осыны ойластырғанымыз сөзсіз нағыз әділдік болар еді,— бұл ретте соғыстан айрықша табыс түсіргендерге талап білдірген мүлде заңды болар еді (мақұлдау)...

NB

...Біздің елдің бейбіт уақыттағы әдеттегі жинақ қаржысы қандай? Әдетте ол жылына 300—400 (миллион) фунттай. Табыс жоғары, сондықтан әрбір европалық елде тұрмыс дәрежесі едәуір төмен десем,— қандай дәрежеде төмен екенін білмеймін,— мұным асырып айтқандық болмас деп ойлаймын.

NB

Алайда табыс жоғары болып отырғанда, біздің елдің жинақ қаржысы соғыс дәуірінде екі есе өсуге тиіс еді».

Ол тағы сонда былай деген.

«Біз асып-тасыған бай елміз—күмән жоқ, Европадағы ең бай елміз. Мен білмеймін, халқына шаққанда *біз дүние жүзіндегі ең бай ел емес пе екенбіз. Біз ең жақсы шетелдік және отарлық бағалы заттарға 4 000 000 000 ф. ст. жұмсадық»*... 4 млрд ф. ст.

«...Біз *одақтастарымыздың көпшілігінің керек затын сатып алуын қаржыландыра* бастадық»...

ДӘПТЕР
«γ»
(«ЭТА»)

Мазмұны

γ

Империализмге қатысты көшірмелер мен заметкалар.
К. Каутский («Ұлттық мемлекет etc.») [3—4]
Ленч [5—10]
«Россиядағы финанс капиталы» [13—14]
Бэрронның соғыс туралы кітабы (NB) [15]
Ленц қазіргі замандағы соғыс туралы [17—18]

К. КАУТСКИЙ. «ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ etc.»

К. Каутский. «Ұлттық мемлекет, империалистік мемлекет және мемлекеттердің одағы», Нюрнберг, 1915 (50 пфенниг) (80 бет).

1-параграфта—«Демократия мен ұлттық мемлекет туралы бірер сөз»—К. Каутский «әрбір халықтың ұлттық дербестікке праволы» (5-бет) болу принципі ескірді (5-бет) деп жүрген (4 августағы декларацияда) галлелік оңшылға (Виннигке) және солшылға (Галледегі «Volksblatt»-тан) ілік тағады. К. Каутский бұл мәселеде центрді жақтайды және демократияның ұлттық мемлекетпен байланысы туралы ескі пікірді күйсейді.

Бұл жөнінде, айта кету керек, «анайы демократияға» және «тура халықтың заң шығарушылығына» қарсы (8), оның бер жағында «анайы демократияға» «оның неғұрлым белсенді түрі, бұқаралық стачка» жатқызылған (8).

Біз status quo-ны жақтамаймыз (14), бірақ ұлттық шеңберден шығудың *басқа тәсілін жақтаймыз* дейді...

«Пролетариат белгілі бір кәсіптерде істейтін немесе белгілі бір облыстарда тұратын өзінің жекелеген топтарының қанау мен езгіден өз үлесін алуы арқылы азат бола алмайды. Бұл қайта пролетариат позициясын әлсірету болып табылады» (16)...

[Ал бұдан шығатын қорытынды туралы бір де сөз жоқ!! Софист!]

17-бетте солшылдардың позициясын жүліктік бұрмалау. *Олар да* (оңшылдар сияқты) империализм болмай қоймайды дегенге қосылады, бірақ мұның есесіне социализмді «дереу жүзеге асыруды» (17) талап етеді *дейді...*

«Мұның өзі батыл шара болып көрінуі мүмкін, бірақ социализмді дереу практика жүзінде іске асыруға сенбейтіндердің бәріп тек қана (!!!) империализм лагеріне итермелеуі мүмкін». || ұсақ жүлік!!

Бұдан кейін қоғам — механизм емес, организм деген сияқты барып тұрған пасықтық былшыл, баланың балдыр-батпағы айтылады (жұмысшылар арасында «ұлттық сезім» күшті (18) деген емеурін бар), сонымен қатар империализмнің болмай қоймайтындығынан «осы» (капиталистік) «өндіріс әдісі шеңберінде» оған қарсы күресу мағынасыздығы келіп шығады деген қорытынды жасалады (21). ||| NB

«Ұсақ буржуа мен ұсақ шаруалар, тіпті көптеген капиталистер мен интеллигенттер» империализмге қарсы, капиталды ұлғайтудың басқа құралдарын (отарлардан басқа) *жақтайды* (21)...

ЛЕНЧ. «НЕМІС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫ ЖӘНЕ БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫС»

Д-р Пауль Ленч. «Неміс социал-демократиясы және бүкіл дүние жүзілік соғыс». Берлин, 1915 (Форвертс). 64 бет (1,00 марка).

Жарты-шовинистік былшылдың үлгісі. Плехановпен салыстыру өте пайдалы болар еді!!

Соғыс = «империалистік саясаттың жемісі» (5). Бебель Иенада (1911) қарусызданудың орнына қарулану келді, сондықтан мәселе «зор апатқа» беттеп келеді деді (5)... || NB

20-ғасырдың бас кезіндегі соғыстар мен революцияларды көрсете келіп, Ленч: «біздің басымыздан кешіріп отырғанымыз—революция» (6) деп даурығады...

Біздер, неміс социал-демократтары, «Интернационалдағы өте күшті топпыз» (6), оз үкіметімізбен жұрттың бәрінен батылырақ күрестік etc. etc., әрқашан Англияны үлгі етіп қойдық дейді (бейнебір Англияны «капиталистік сұрқиялар тобы» емес, «адамгершіліктің 10 парызын және басқа да заңдарын жүзеге асыру комитеті» (6—7) басқарып отырғандай). Неміс тарихының және Либкнехттің дәстүрлері ескіріп қалыпты-мыс, ал Либкнехт «кейбір оңтүстік-неміс партикуляризмінен және пруссактарды жек көруден ешқашан толық арылмаған» көрінеді (7).

Іс мынаған дейін барыпты: Каутский Англия үшін (Германияға қарағанда, өмір сүру құралдары тұрғысынан алғанда) теңізде үстемдік ету «өте-мөте қажет» деп жазыпты-мыс (7: цитат қайдан?)...

! || «Бұл дәлелдеменің, тегінде, партиядағы жалпыға ортақ пікір дерлік көзқарасқа сай келген дәлелдеменің, қауіптілігі бүкіл дүние жүзілік соғыстың қазіргі күндерінде барынша толық әйгіленіп отыр» (7)...

...«шетел жөніндегі сынның бұл осалдығы» (8)... «партияның асқан ұлы күшінде»... «оның интернационалдылығында» болды.

«Күмән жоқ, ол (осы бүкіл дүние жүзілік соғыс) империалистік соғыс болып табылады» (9)... Шығыстағы саясат... Бағдат темір жолы... Англия және Египет etc., Түркияны бөлісу (болашақта), Марокко etc.

!! || «Дүниені осылай бөлісерде Германияның пікірін мүлде сұрамаған» (10), «сондықтан неміс саудасының Мароккодағы мардымсыздау материалдық мүдделерін қорғаудан гөрі көбінесе осы жәбірлі елемеушілікке қарсы наразылық білдіру үшін»—неміс үкіметі Марокко жөніндегі ағылшын-француз келісіміне қарсы наразылық жасады.

1908 жылы (Ревель кездесуі) Түркияны бөліспекші де болып еді (Россия+Англия+Франция), бірақ Түркияда болған революция кедергі жасады (11).

1914 жылы Африкада (13) және Шығыста etc. ықпал сферасын бөлісу туралы Англияның Германиямен келісімі әзір дерлік болып еді—*Россияның* кінәсынан соғыс басталып кетті.

Германия 1913 жылы Арменияға бола соғыс ашамын деп қорқытты (14)...

«Біз Герман империясы мен Австро-Венгрия мағынасында түсінетін Германия үшін капиталистік экспансия туралы мәселе ұлттық өмір сүру мәселесіне айналды» (15). !!

Әңгіме енді тіпті де отарлар мен ықпал сферасын etc. бөлісу туралы емес, мынау туралы болып отыр: «Неміс халқы ұлы және тәуелсіз ұлт ретінде өмір сүре беруге тиіс пе, әлде оның ұлттық территориясының үлкен бір бөлігі шығыста болсын, батыста болсын бөліп алынып, өзгелердің билеп-төстеуіне күшпен бағындырылуға тиіс пе?» (15). !!

«Әңгіме ағылшынның дүние жүзілік үстемдігіне төнген қауіп туралы болып отырғандықтан, бұл күресте жалпы алғанда интернационалдық социализмнің және әсіресе неміс жұмысшы қозғалысының мүдделері кімнің жағында болады?» (16).

Англияның теңіздегі үстемдігі—француз революциясына қарсы соғыстардың жалғасы. Англияның 19-ғасырдың орта шеніндегі монополиясы: Англия дүние жүзінің «шеберханасы» болуға тиіс.

«Атышулы ағылшын «бостандығы» дүние жүзін құл етуге негізделді» (20).

«Англия белгілі мағынада дүние жүзінің үстем табы болды» (20)...

Мен, дейді Ленч, Хемницте, 1912 (протоколдардың 417 және келесі беттері) Англия монополиясының құлауы туралы Энгельстен цитат келтіріп, былай дедім:

«Алайда, халықаралық социализмнің өз тарапынан бір капиталистік мемлекеттің барлық басқа мемлекеттерге жүргізіп отырған осынау ұзақ өктемдігін мәңгілік етуге жәрдемдесетін ешбір негізі жоқ. Осының салдарынан социализмнің жеңіп шығу шарттары тек қолдан қиындатылып, баяулатылар еді» (22—3). !

...«бүкіл дүние жүзі үшін және әсіресе халықаралық социализм үшін Англияның теңіздегі өктемдігінің әлсіреуі түріндегі үлкен тарихи жеңіс» (23—4) бейбітшілік неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым сөзсіз болған болар еді... Ағылшын буржуазиясына жұмысшы қозғалысы қауіп туғызды...

...«Егер мәселені осы тұрғыдан алып қарасақ, ағылшын буржуазиясы үшін бүкіл дүние жүзілік соғысқа қатысу

социализмнен қашудан басқа ештеңе болған жоқ» (24)...

...«Шындығына келгенде, егерде пролетариаттың капитализмге қарсы халықаралық азаттық күресін ондаған жылдарға кейін шегеріп тастайтын құрал болса, онда бұл құрал Англияға қарсы қазіргі соғыста Германияның күйреуі болып шығар еді» (25)...

«Интернационалдың негізгі ұйтқысы», неміс социал-демократтары талқандалар еді, ал жұмысшы табы капитализм лагеріне ығыстырылып тасталар еді etc. (25)...

«Германия — ғылыми социализмнің отаны мен бесігі» (26)... «Халықаралық пролетариаттың мүдделері немістер жағында» (27)...

Орыс патша өкіметі... *Маркс пен Энгельс* 1848 ж. *Бірақ қазір басқаша.* Энгельс 1891 ж. (цитат: 29-бет). *Бірақ қазір басқаша.*

Германия, *қалыптасып болған ұлттық тұлға* ретінде, «енді ғана» «осы соғыстан бастап» «туып келеді» (31)...

Неміс-орыс соғысы «империалистік соғыстың шеңберінен әлдеқайда асып кетті. Бұл соғыс неміс халқының ұлттық бірлікке қарай дамуының көп азапты жолындағы ақырғы адымы болып табылады» (33)...

Орыс *дипломатиясы* туралы Энгельстен келтірілген цитат (35): қазір жазылғандай...

Россияның ыдырауына қарсы (37) («ыдырау емес» (38)), шағын мемлекеттердің құрылуына қарсы,—«кейбір ұлт автономиясы» болса жеткілікті...

Патша өкіметінің құлауы (мұны орыс пролетариатынан күту керек) дамуды тездетеді...

Франция және соғыс (§ V)... Реванш

«Бостандық пен демократия мүдделері француз қаруының жеңуімен мүлде сыйыспайды» (42), өйткені Франция Англиямен, Россиямен одақтас.

Неміс социал-демократиясы *«қазір»* Эльзас-Лотарингияны алып қоюды «Германияны мерт ету деп» түсінер еді (43).

Француз республикасымен «адал бітім жасасу» (44) — міне керегі осы.

Германияның өткендегісі мен болашағы (§ VI):

Ұлттық мәдениет және оның маңызы (О. Бауэр бойынша, цитат, 53-бет). «Мәдениеттің ортақтығы» (50 және басқа беттер).

Капитализм «демократияға қарай» дамуға *тиіс* (55)...

«Соғыс қаупі» (56)—Германияда демократиялық прогрестің кідіру себебі міне осы.

Германиядағы «милитаризм» (58) ?? Мұның керісінше, жаппай әскери міндеткерлік=нағыз және «бірден-бір дерлік демократиялық мекеме» (Энгельс), ал сіздерде «жалдама әскер» (59)... !!

«Мемлекеттердің орта европалық одағы» (міне Лист осыны тілейді дейді)—(+Скандинавия елдері+Швейцария+Италия+Балқан елдері+Түркия)—«дүние жүзілік саяси дамудың жаңа заманы» (63)...—«дүние жүзі тарихының локомотиві» (62)=бұл соғыс... «демократия, бүкіл дүние жүзінің бейбітшілігі, халықтардың бостандығы және социализм мағынасында» (62) «бұрын-соңды болып көрмеген» «ілгері басқан адым». «Иә, социализмнің де!» (62)...

Патша өкіметін қирату,—Франциямен татуласу—«ағылшын буржуазиясының зорлық-зомбылық үстемдігін» қирату (63)...

Қазірде Интернационал талқандалды, бірақ ол 1870 жылдан кейінгі сияқты тағы қайта жанданады (64).

О. Б.-ның «МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЕВРОПАЛЫҚ ОДАҒЫ?» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫ

«Die Grenzboten», 1915, № 9 (3. III. 1915 жыл).

«Мемлекеттердің европалық одағы?» деген мақала—*О. Б.* деген біреудің Гронингендегі профессор *Г. Гейманска* жазған ашық хаты.

Бұл профессор 4 адаммен бірге «Мемлекеттердің европалық одағы» атты комитетті құрап отыр. Айта кету керек, бұл комитет «Соғысушы мемлекеттердің азаматтарына» деген атпен Гейманстың шығармасын басып шығарған. «Die Grenzboten»-де басылған ашық хат осыған жауап ретінде жазылған.

Айта кету керек, ашық хатта о т а р л а р туралы мәселе қойылады (270-бет). «Сондай-ақ олардың «ішкі дербестігі» де қажет нәрсе емес пе? Сондай-ақ үнділер, негрлер мен татарлар да ағылшындармен, француздармен, орыстармен толық «тең праволы» емес пе?»... (270).

комитеттің үндеу хатынан алынған цитат

...«Басқа да отарлаушы империялар сияқты, эсте де отар халықтардың «тең праволылығы мен ішкі дербестігі негізінде» құрылмаған ағылшын отарлаушы империясы жер шарының бестен бір бөлігіндейін алып отыр. Бәлкім, Англияның өзінде ағылшындар құрып біткенге дейін, Англия осы отарлаушы империяны сақтауға тиіс пе, ал оның бер жағында, сол уақытта Германияның халқы 200 миллионға дейін өскен жағдайда да Германияның ол жақтан бір шаршы метр де жер алуына рұқсат етілмейтін бола ма?» (271)...

вәрлі!

РОССИЯДАҒЫ ФИНАНС КАПИТАЛЫ

«Finanz-Archiv» (Бастырған Шанц). Берлин, 1915 (шыға бастағанына 32-жыл, I том):

Д-р Эрнст Шульце. «Россиядағы француз капиталы» (125—133-беттер).

«1899 жылдың аяғында Россияда капиталының жалпы сомасы *765* миллион сом немесе *2075* миллион франк *146* шетелдік концессиялық қоғам болды. Бұлардың ішінде Францияныкі *792*, Бельгияныкі *734*, Германияныкі *261*, Англияныкі *231* миллион франк еді» (125)...

	миллион франк
Франция — —	792
Бельгия — —	734
Германия — —	261
Англия — —	231
	$\sum$=2018

«Бүкіл дүние жүзі бойынша бағалы қағаздар түрінде, атап айтқанда: мемлекеттік және коммуналдық заемдар, вкладтық, өнеркәсіптік акциялар мен облигациялар түрінде таратылған жалпы сомасы 732 миллиард франктен Россияда орналастырылғаны тек 20—25 миллиард франк мөлшерінде деп көрсетілген. Бұл бағалы қағаздардың иелері көбінесе мыналар болды (127):

Σ	Σ
130	
100	
	75
25	
	22
+12	
5	
260	97
+12	
272	

Құрама Штаттар	110—115	млрд.	франк	42)
Англия	125—130	»	»	
Франция	95—100	»	»	
Германия	60— 75			
Россия	20— 25			
Австрия	20— 22			
Италия	10— 12			
Жапония	5	»	» т. т. »[1])	
(менікі Σ=)	440—484			

[1]) Аксель фон Боуштедт пен Давид Трич. «Россия империясы». Берлин, 1910. 227 бет.

Францияда бағалы қағаздар 1889—1908 жылдарда *2 4* млрд. франк шығарылған: 18 шетелде+6 (25%) Францияда.

Германияда бағалы қағаздар 1883—1907 жылдарда *4 2* млрд. марка шығарылған: 10 шетелде+32 (80%) Германияда. Француздың ұлттық байлығы

(1905) — *2 0 4* млрд. франк

1914 —шамамен *2 5 0* » » (алайда, Кайо табыс салығын белгілеу үшін *2 0 0* млрд. алған).

1912 жылы Франция Россияда орыс кәсіпорындарына 367.66 млн. сом=990 млн. франк шамасы жұмсаған (оның ішінде 115.5 млн. сом—темір жолдарға; 96.25—мемлекеттік кәсіпорындарға; 70.9—сауда банктеріне, т. т.).

Қазіргі уақытта Россиядағы шетел капиталдары шамамен мынадай:

Францияныкі...	шамасы 20 млрд.	*марка*	(миллиард)
Германиянікі...	4— 5.5	»	»
Англиянікі	— 0.25	»	»
Бельгиянікі	— 0.6	»	»
Σ (менікі)	24—26.35		

Автор=неміс шовинисі. Франция соғыстан орасан зор зиян тартады деп сәуегейленеді: 133-бет.

БЭРРОННЫҢ СОҒЫС ТУРАЛЫ КІТАБЫ

«Батыл соғыс». *Кл. У. Бэррондікі*—«соғыстың коммерциялық себептері, оның ақшамен, адаммен есептелетін құны». «The Economist»-тегі *хабарландыру* (рецензия емес), 20 март, 1915:

«The Wall Street Journal», «The Boston News Bureau» және «The Philadelphia News Bureau» газеттерін шығарушы ретінде мистер Бэррон соғыстың финанстық және дипломатиялық ішкі сыры туралы мәліметтер алу үшін шетелге барды, сөйтіп оларды алды».

Өзіңіздің кітап сатушыңызға немесе «The Wall Street Journal»-ға заказ жіберіңіз. 44. Брод Стрит, Нью-Йорк Сити. 4 шиллинг 6 пенс (почта шығындарын қосып есептегенде). (Хаутон Миффлин К°, бастырушылар.)

ЛЕНЦ ОСЫ ЗАМАНҒЫ СОҒЫС ТУРАЛЫ

Фридрих Ленц. «Осы заманғы соғыстың саяси алғы шарттары». «Deutsche Rundschau» XLI, 4. 1915, январь.

Миллион ағылшын шаршы милясы (81-бет):

	1862	1888	1912
Британияның дүние жүзілік империясы:	4 600	9 300	10 800
Россияның » » » :	7 600	8 600	10 200
Түркия империясы:	1 800	1 300	700
Солтүстік Америка Құрама Штаттары:	1 500	3 500	3 700
Франция отарларымен (долбарлап алғанда):	400	1 100	4 800
Герман империясы отарларымен (долбарлап алғанда):	240	600	1 200
Австро-Венгрия:	239	241	241
Жапония отарларымен:	150	150	260
Италия » :	100	110	700

1914 жылғы *октябрьдің басында* мынадай болды (102-бет):

?	Тұрғындар миллион есебімен	Территория ағылшын шаршы милясымен	Сыртқы сауда миллион марка есебімен
	(1910)	(1912)	(1912)
(Герман-австриялық)	130	1 440 000	26 750
(Ағылшын-француз-орыс)	670	26 090 000	76 750
(Бейтараптар) (долбарлап алғанда)	800	24 470 000	58 000
	1 600	52 000 000	161 500

Халқы (ibidem, 83-бет):

	Германия (1870 жылға дейін Эльзас-Лотарингиясыз)	Франция (1870 жылдан бастап, Эльзас-Лотарингиясыз)
1700	14	21 миллион
1788	16	25
1816	23	29
1860	36	37
1912	66	40
1925—30	80	40

ДӘПТЕР

«ϑ»

(«ТЭТА»)

Мазмұны

ϑ ϑ R	ϑ=1—10 ((+Риссер 1—16))[31]

Гильфердинг. «Финанс капиталы»	[3—6]
Электр тресі	[7—8]
Эмиссиялар статистикасы	[9—10]
Риссер	[1—15]

ГИЛЬФЕРДИНГ. «ФИНАНС КАПИТАЛЫ»[32]

Гильфердинг. «Финанс капиталы». («Капитализм дамуындағы ең жаңа кезең».) Москва, 1912.

> неміс тілінде 1910 жылы шыққан («Маркстік зерттеулердің» III томы).

ботқа...

дұрыс емес «сол сияқты» емес

13-бет—«Э. Мах бойынша» ««мен» өз ішінде түйсіктердің шексіз желілері тығызырақ түйісетін фокус қана... Дәл сол сияқты, ақша да қоғамдық байланыстар жүйесіндегі түйінді жер болып табылады»...

34-бет.—«Тук заманынан бері (ақшаның) сан теориясы қисынсыз теория деп мүлде әділетті түрде саналады»...

54-бет, ескерту және әсіресе *54—5.* Гильфердингтің қатесі, қараңыз: «Die Neue Zeit», 1912, шыға бастағанына 30-жыл, I том. (Гильфердингте ақша айналысқа құны белгісіз күйде түседі.)	дұрыс емес
71-бет, ескерту. «Тек біздің аңғаруымыз ғана заттарға кеңістік формасын береді» (кантшыл)[33].	дұрыс емес
90—91-беттер (және 91, ескерту). Маркс банктердің өнеркәсіпке үстемдік етуін қалай болжап айтып берді (NB) («Капитал», II, 79-бет).	NB

93, ескерту. Бір жылдағы вексельдердің Σ :

	миллиард марка	Бұлардан банктердің акцептегені
	1885—12.1	16%
	1905—25.5	31%

NB 102 (және ескерту). Халықаралық сауда келісімдерінің үлкен бөлігі банктердің «акцептеген» вексельдерінің көмегімен орындалады.

105—6. *Банктердің рөлі.*

108. Банктердің *үш* функциясы
   1) төлемдерде делдалдық жасау.
   2) пайдаланылмай жатқан капиталды пайдаланылатын капиталға айналдыру.
   3) *барлық* таптардың табысын ақша формасында жинау және оны капиталистерге қарызға беру.

110, ескерту. *Ейдэльстің* тамаша еңбегі және оның кемшілігі.

112. Елдер —«интернационалдық *банкирлер»*
   (1) Франция, Бельгия, Голландия
   (2) Англия
   (3) Құрама Штаттар және Германия.

116. *Банктердің өндірістегі рөлі* ((көбінесе Ейдэльс бойынша)). *1 2 0* idem

154—5, ескерту. Болат тресі және оның %-і	пұрсатты акцияларға 7% және жай акцияларға 2%: пайданы жылдар бойы ұстап отырады да, содан соң бір қолайлы кезеңде оны бірден бөледі.

157. 5 миллиондық капитал *39* миллионға үстемдік жасайды.
«Tochtergesellschaft» «қыз-қоғам», «қыз есепті қоғам» деп аударылған.

159. Бақылау советтері мүшелерінің орындары (бүкіл Германиядағы бұл орындардан 60 миллион—70 миллион табыс) — байланыстар мен таныстықтарды пайдалану.

162. *6* банк—бақылау советтерінде *751* орын (Ейдэльс)... 1909 жылы мұндай орындар 12 000 болды—197 адам *2918* орынға ие болды. (Салыстыр: ibidem *Американдағы Морган.)*

172. «Сауықтырулардың» мәні:
(1) пайдалы операция;
(2) мұқтаж қоғамдарды банктерге тәуелді етіп қояды.

NB: Д-р Макс Аугстин. «Құрама Штаттарда ауыл шаруашылығының дамуы». Мюнхен, 1914. (4 марка.)

В. Бикк. «Кішкене Меркурий». Цюрих, 1914. (416-бет.) («Коммерциялық анықтауыш»).

4-басылуында Риссер *шетелдік* (шетелде орналастырылатын) капиталдар туралы былай дейді (426 және келесі беттер):

Германия (1905 жылы) ең болмағанда 24—25 *миллиард* марка (қазір «көп ілгері кеткені» «күмәнсыз», in fine 436-бет), оның ішінде шетелдік бағалы қағаздар *16 миллиард* марка...

«**Францияның** бағалы қағаздарының Эдмонд *Тэри* («Францияның экономикалық прогресі»... 307-бет) 1908 жылдың аяғында *100 миллиард* франк деп белгілеген, *Неймарк* 1906 жылы—97—*100 миллиард* франк ($4^1/_2$ *миллиард* табысын қосқанда) деп белгілеген, барлық мөлшерінен Тэридің жасаған есебі бойынша 1908 жылдың аяғында $38^1/_2$ *миллиард франкқа* жуығы шетелдік бағалы қағаздар болды.

Әрине, жасалған есептер мейлінше әр түрлі, бірақ *ең болмағанда 1 миллиард* франк мөлшеріндегі жыл сайынғы өсімді жұрттың бәрі мойындайды. «Креди Лионенің» бұрынғы директоры Анри *Жермэн* осы жыл сайынғы өсімді (1905 жылдың тікелей алдында өткен жылдарда) $1^1/_2$

миллиард франк деп есептеді, Поль Леруа-Больё жақында тіпті $2^1/_2$ *миллиард* франк деп есептеді.

Ағылшынның белгілі финанс саясатшысы *сэр Эдгар Спейер* Банк ісі институтында 7. VI. 1900 жасаған баяндамасында («Ұлттық финанс жөніндегі кейбір пікірлер») шетелде орналастырылған *ағылшын* капиталдарының жалпы сомасын *2500* миллион фунт стерлинг деп бағалады, демек, жыл сайынғы 110 миллион фунт (×) табысты қосып, долбарлы есеппен алғанда *50 миллиард* марка, оның бер жағында ол Либералдық отарлық клубта жасаған баяндамасында осы жалпы соманы 1910 жылдың аяғында *3500* миллион фунт стерлинг немесе 70 миллиард маркаға жуық деп белгілейді.

Бұл баға *Джордж Пэйш* 1907/8 жылға арнап берген және сол уақыт үшін 2700 миллион фунт болған бағаға, демек 54 миллиард маркаға жуық, бір жағынан, Индия мен отарлар (1312 миллион фунт) және, екінші жағынан, шетел (1381 миллион) арасында теңдей дерлік бөлінетін сомаға біршама сәйкес келеді. Нақ сол автор 1910 жылдың аяғында 3192 миллион фунт немесе *64* миллиард маркаға жуық болды деп есептейді де, Корольдік статистикалық қоғамда жасаған баяндамасында 1911 жылы шетелдегі ағылшын инвестицияларынан түсетін табыстарды, ішкі мемлекеттік табыстар жөніндегі комиссарлардың жылдық есебі негізінде, шамамен 180 миллион фунт деп бағалайды; алайда сэр Феликс *Шустер* 27. V. 1911 *Спейердің* баяндамасы жөнінде болған дискуссия кезінде мұны асыра көрсетілген деп санады» (427-бет).

(×) «Айта кету керек, бұл баяндамада былай деп әбден заңды түрде көрсетіледі: күшейтілген экспорт,
NB шетелдік бағалы қағаздардың күшті эмиссиясы және үлкен іскерлік өрлеу нақ сол құбылыстың өз көрінуінің тек түрлі формалары болып табылады. Екінші баяндамада бір үзіндінің тақырыбы: Ағылшын капиталының экспорты—империяның гүлденуінің басты себебі деп аталған» (426-бет).

ДӘПТЕР

«ι»

(«ИОТА»)

Мазмұны

ι

Лифман. «Қатысу және қаржыландыру қоғамдары». [1—13]
«Die Neue Zeit», 1911 (соғыс туралы NB) және 1912 (айтқандай, *Европа Құрама Штаттары* туралы). [15—20]
«Finanz-Archiv»: 1915. [21]
Эмиссиялар статистикасы. [23]
Эггеншвилер.
Крон (Аргентина туралы NB).
Пэйш. [25—26]
Мюльгаупт. «Сүт картелі». [27—30]
Капиталистер одақтары соғыс туралы. [31—34]
Крэммонд. Англия және Германия. [35—36]
Сэйл. Жапония versus Англия. [37—38]

ЛИФМАН. «ҚАТЫСУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚОҒАМДАРЫ»

Профессор д-р Роберт Лифман. «Қатысу және қаржыландыру қоғамдары». Иена, *1909.* (Қазіргі заманғы капитализмді және бағалы қағаздардың мәнін зерттеу) (X+495).

[әсіресе үзіндінің *11*-бетін салыстыру керек]

((Авторы — барып тұрған ақымақ, ылғи дефиницияларды — ең бір жексұрын нәрселерді — әулиедей көріп қасиеттеп, «субституция» деген сөзсымақты бетке ұстап жүреді де қояды. Нақты деректері бағалы, бірақ көбінесе мүлде дүмбілез. Құн жөніндегі еңбек теориясының дұшпаны etc. etc.)).

104—449-беттер: «Баяндау бөлімі». Теориялық бөлімі = сандырақ

9-бет: — Рикардоның — Маркстің құн жөніндегі еңбек теориясы «жолымен айнымай» жүргендігі үшін Зомбартқа қарсы.

акция иелерінің саны

33-бет: «Пруссияда *акция* иелерінің саны халықтың тек 2%-і ғана». Англия мен Америкада көп. «1909 жылғы акционерлік қоғамдарға салық салу жөніндегі заң жобасында берілген баға бойынша Пруссияда акция иеленудің орташа сомасы тіпті 10 000 маркаға да жетпеген. Бұл иелік шамамен *700000 адамға* бөлінген. Бірақ мұндай бағалардың бәрі мүлде дәл емес» (34).

«Фондылық капитал дамуының көлемі жөніндегі жалпы *статистикалық* деректер қазіргі кезде жоқ... *Филипповичтің* айтуы бойынша («Негіздер», 7-басылуы, 164-бет) ағылшын ұлттық байлығының 40%-і «бағалы қағаздардағы капиталдар» (яғни фондылар мен ипотекалар). *Шмоллер* (1892/3 ж. биржалық анкет комиссиясының стенографиялық есебіне берілген статистикалық қосымшалар) Пруссияда 16—20 миллиардқа жуық марканың, яғни бүкіл Пруссия капиталының шамамен $^1/_4$ бөлігінің фондыға салынғанын 1892 жылы есептеп шығарған. *Зомбарт* («Неміс-тің халық шаруашылығы 19-ғасырда», 224-бет) 1900 жылы Германияның фондылық капиталының 31—32 миллиард марка болғанын анықтайды» (37). «Бұл сома қазіргі уақыт үшін сөз жоқ тым аз; Германияның фондыға салынған капиталын 45—50 миллиард марка деп есептеу керек, бұл дегенмен Германияның 250 миллиард марка деп бағаланған халық байлығының шамамен $^1/_5$ бөлігі ғана» (37).

Америкада (×) 1904 жылы—ұлттық мүлік 107 миллиард доллар. $^1/_3$ бөлігіне жуығы—фондылық капитал. «Ол (×) фондылық капитал Англияда 26 миллиард доллар, Францияда—19$^1/_2$ миллиард доллар деп көрсетеді. Жалпы европалық фондылық капитал 75 миллиард долларға жуық» (38).

(×) *Чарлз А. Конэнт.* «Нью-Йоркте капиталдың шоғырлануы және оны басқаратындар», «Bankers'Magazine». Ноябрь, 1907 ж. (38-беттен келтірілген цитат). ‖ NB

Сөйтіп:

Фондылық капитал.	Америка	35 млрд. доллар		
	Англия	26 » »	58.0	75
	Франция	19.5 » »		−58
	Германия	12.5 » »		
		93.0	*айырмасы*	17

×5=465 миллиард франк [ал Неймарк *600* деп есептейді]

44: ...«барлық экономикалық мүдделердің қат-қабат *ұштасуы»...*

51: «Унион» (*Дортмундтағы* кен өнеркәсіп etc. акционерлік қоғам) ((бұл туралы Штиллих те айтқан *а 38* және *41*-беттер*)). 1872 жылы құрылған. «Акционерлік капитал 40 миллион марка шамасында 1872 жылы шығарылды; мұнда қоғам 1 операциялық жылға 12% дивиденд төлегенде нарық 170%-ке жетті. Бірақ бұдан кейін дивиденд төлеу 1880 жылға дейін тоқталды, ал сол уақыттан бастап әрбір қолайсыз конъюнктура кезінде дерлік қайталанып келген сауықтыру шараларының бірі 1875 жылы-ақ алғаш рет қолданылуға тиіс еді... Әр уақытта да ең үлкен зиян шеккендер акцияларды үнемі ұстаушылар болды»**.

‖ 170%

(12%—0%)

‖‖ NB

«Акционерлік қоғамдар *құрылған* уақытта өздерінің алдына тіпті мұндай («фондылармен жалдаптық жасау») мақсатты қоймаса да, басқа мақсаттарды көздеген кәсіпорындар да дегенмен іс жүзінде азды-көпті дәрежеде тек фондылармен жалдаптық жасауға *көшеді.* Бұлай болуының бір себебі: акционерлер өз

‖ NB

* Қараңыз: осы том, 27—28-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27_том, 387—388-беттер. *Ред.*

NB ||| директорларының іс-әрекетіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмейді, мұның тағы бір себебі: директорлар бұл жөнінде акционерлерді адастырып отырады» (67).

71: Әр түрлі елдерде қоғамдардың әр түрлі *типтері* басым болады:

Америкада — басқа қоғамдарға *бақылау жасау.*

Германияда — *қайтадан орналастыру* (Übernahme-) қоғамдары.

Францияда — капиталды орналастыру қоғамдары.

Голландияда («рантье-мемлекет ретінде», 71-бет) — дәл сондай.

Бельгия — à la Германия.

Англия — капиталды орналастыру қоғамдары (investment trusts)...

Ейдэльс. «Немістің ірі банктерінің өнеркәсіпке қатынасы». Лейпциг, 1905.

Д-р Риссер. «Немістің ірі банктерінің даму тарихы жөнінде, шоғырлануға деген тенденцияны ерекше есепке алу». 1906.

117-бет—Бельгия «Сосьете женералінің» акцияларын иеленудің көп мысалдарының бірі (31. XII. 1906—акциялар мен облигациялар 198 миллион франк, толып жатқан қоғамдар).

136—7-беттер. Кішкене мысал:

жалдаптық жасау мысалы ||| «Лондон энд колониэл файнэнс корпорейшн» қоғамы, «бұл қоғам негізгі капиталы тек 21 745 ф. ст. бола тұрып, 1890 жылы 80 567 ф. с.т. таза пайда алды = капиталының 370% және 100% дивиденд төледі».

|| Капиталды орналастыру қоғамы (Kapitalan-lagegesellschaft) —
«Акциенгезельшафт фюр рейниш-вестфелише индустри». *1871* жылы *октябрьде* құрылды (156-бет).

Дивиденд: 1872—35% —35 !!
NB 1873—1883— 0 — 0 жақсы мысал
1884—1895— 3— 9%
NB 1896—1899—10—21%
1900 —60% 60
1901— 2 0 0 !!
1905— 6 —40% 40
1907— 8 — 6— 4%

Д-р Эмиль Вольф. «Қаржыландыру практикасы etc.». Берлин, 1905.

Френсис Купер. «Кәсіпорындарды қаржыландыру». 2 том. Нью-Йорк, 1906.

Эдуард Карроль. «Финанс принциптері мен практикасы». 1902 (Нью-Йорк).

В. Лотц. «Эмиссия ісінің техникасы». «Schmoller's Jahrbuch»-де. 1890, 393 және келесі беттер.

«Сөйтіп, «ұсақ иеліктерді ірі иеліктердей рентабельді ету» үшін (×) капиталды орналастыру жөніндегі қоғамдарды пайдаланудан еш нәрсе шықпады» (163).

6 4-бет: «Кёльн банкирі Луи Гаген 35 кәсіпорында бақылау советтерінің мүшесі болды; **Ейдэльстің** айтуынша (××) «Дейче банктің» 101 акционерлік қоғамда бақылау советтерінің мүшелері ретінде өзінің директорлары болды, оның үстіне 120 қоғамда өзінің бақылау советтері мүшелері болды» (64-бет). NB

(×) *Иоргенс*, 45—6-беттер.

(××) *Ейдэльс*. «Немістің ірі банктерінің өнеркәсіпке қатынасы». 1905.

Әр түрлі қоғамдар бір заттың өзіне сан рет эффект шығарады.

Мысал (американдар)... «олардың (бұл темір жол қоғамдарының) инвентарлық капиталы өздерінің тікелей немесе жанама бақылауында болатын қоғамдардың фондылық капиталында 5 рет қайталанады» (182). NB 5 рет қайталанған!!

Ч. А. Конэнт. «Қазіргі банктердің тенденциялары» («Bankers' Magazine», *1905)*.

«Нозерн пасифик рейлуэй компани» қоғамы. Капитал = құрылтайлық акцияларының 80 миллион доллары. Харриман мен *Хиллдің* күресі. *Хилл* 15 миллион құрылтайлық акцияларын алды. Осы «рейдтің» (шабуылдың) арқасында «Нозерн пасифик рейлуэй компани» қоғамы акцияларының нарқы 1000%-ке жуық шырқап көтерілді... 9. V. 1901 биржа дағдарысы бұрқ ете түсті, осының салдарынан ұсақ адамдардың көбі күйзеліске ұшырады, ал басты қатысушылары, Харриманның көрсетуі бойынша, бұл қулық-сұмдықтан (corner) ешқандай зиян шеккен жоқ» (184).

1000% және дағдарыс

«Фондылық капитализмнің осылайша мұнан әрі дамуына байланысты *жұрттан* едәуір *ақша сомасын жинап* алып, оны өз қалтасына түсіру тәсілі бұрынғыдан біраз *жымысқылана* түсті. *Көптеген жаңа қоғамдардың үздіксіз құрылып, бірінің үстіне бірінің үйіліп-төгілуі* қазір осының құралы болып отыр, белгілі бір инвентарлық мүлік сол қоғамдарға тағы да қайтадан сатылады немесе арендаға беріледі, бұл мүлік солардың арасында үнемі айналып жүреді де қояды» (186).

(курсив менікі) NB

курсив Лифмандікі

1900 жылы «Стандард ойл компани» құрылды.

«Оның уставтық капиталы 150 миллион доллар болды. 100 миллион долларға әдеттегі акция және 106 миллион долларға жеңілдік жасалған акция шығарылды. Жеңілдік жасалған акцияларға төленіп отырған дивиденд 1900—1907 жылдары былай болған: 48, 48, 45, 44, 36, 40, 40, 40%, барлығы 367 миллион доллар. 1882 жылдан 1907 жылға дейін 889 миллион доллар таза пайда алынған; мұның 606 миллион доллары дивидендке төленді, ал қалғаны резервтік капиталға айналды»* (212).

NB

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 350-бет. *Ред.*

«Қоғамның» (Болат тресі) «барлық кәсіпорындарында 1907 жылы кемінде *210180* жұмысшы мен қызметші болған... (1908—165211)... Герман кен өнеркәсібінің ішіндегі ең ірі кәсіпорын, «Гельзенкирхенер бергверкс гезельшафтыда» 1908 жылы — *46 048*, 1907 жылы—43 293 жұмысшы мен қызметші болған»* (218-бет). || NB

«Интернационале боргезельшафт» (Эркеленцте)... «Бұл қоғам инженер Антон Раки ойлап шығарған бұрғылау тәсілін қолдану мақсатымен құрылған еді... (235) ...қоғам 1905—6 және 1906—7 жылдары **500%**-теп дивиденд төледі» (236). || (жаңа техника) *500%* дивиденд...

«Жалпы алғанда, жай қалыпты кездерде акцияларға бақылау жасауды өз қолында ұстау үшін дауысқа ерік беретін кәсіпорын акцияларының 40%-ке жуығына ие болудың өзі-ақ жеткілікті болатындығын тәжірибе көрсетіп отыр»** (258). Ал сонан кейін тағы (әсіресе Америкада) «дауыс беру правосымен пайдаланбайтын акциялар бар» (259), облигациялар да бар etc.—ал егер бұл акциялар бірсыпыра басқа қоғамдарға бақылау жасайтын *қоғамдікі* болса, онда «ол (капиталист) өзінің 5 миллион доллар капиталы арқылы 40—50 есе көп капиталға билігін жүргізе алады» (259). || NB

...ал тіпті (оз капиталынан) «80—100 есе көп мол капиталға» билігін жүргізеді (260)...

«Германияда және басқа аса маңызды елдерде темірден басқа металдармен сауда жасау, әсіресе мыспен, мырышпен, сондай-ақ асыл металдармен де сауда жасау мүлде ерекше шоғырландырылған» (301)... «бірен-саран фирмалар» (көбінесе жеке адамдардың қолында)...

...«неғұрлым ерте кездегі неміс газ заводтарының басым көпшілігін ағылшын кәсіпорындары салды және ағылшын капиталына салынды»... (321)...

...«қазір тек біршама азшылығы ғана бұл салада асқан айлакерлікке жетті» (355)—финанс істерінде etc. || ха-ха!!

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 351-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда, 379-бет. *Ред.*

...«Швейцария кредит институты оны» (Цюрихтегі «электр кәсіпорындарына қызмет ететін банкті») «өзі басқарады, өйткені «банк» мекеме емес, институт емес, бірақ осындай қоғамдардың бәрі сияқты, былайша айтқанда, ішінде өзіне қарайтын фондылар мен бірнеше контор кітаптары сақталатын үлкен папка болып табылады» (376)...

«Альгемейне электрицитетс гезельшафт» (АЭГ)

— акциялары —100 миллион марка
облигациялары — 37 » »
«иеліктегі фондылар» — 23 » » etc.

Оңтүстік Африкадағы алтын кендері. «Әсіресе 80-жылдардың аяқ кезі мен 90-жылдардың бас кезінде алынған сұмдық көп пайда кендерде пай алуға тек ағылшын капиталына ғана емес, сонымен қатар ең алдымен француз, сондай-ақ неміс, бельгиялық және голланд капиталына да түрткі болды. ...Нарықтың
NB адам айтқысыз көтерілуі «бум» кезінде ең шыңына жетті, бұл кезең 1895 жылы аяқталды. Содан соң кен өнеркәсібі бағалы заттары нарқының төмендеуі кейіннен Трансвааль соғысына байланысты онан сайын күшейе түсті»... (414).

NB «Халық шаруашылығы неғұрлым **дамыған** болса,
NB ол **соғұрлым аса қатерлі** немесе шетелдік кәсіпорындарға, өзінің дамуы үшін ұзақ уақытты қажет ететін кәсіпорындарға немесе, ақырында, жергілікті ғана маңызы бар кәсіпорындарға соғұрлым көбірек жүгінетін болады*. Мұның өзі—қаржыландыруға арнайы
NB қоғамдар құрылған салалар: дамуы үшін ұзақ уақыт тілейтін кәсіпорындар, мысалы, темір жол кәсіпорындары мен кен өнеркәсіп орындары»... (etc.) (434).

[Неғұрлым дамыса, соғұрлым қатерлі... NB]

NB Мұны Шульце-Геверниц *«Банк ісі»* деген мақалада *сөзбе-сөз дерлік* қайталайды, *21*-бет. (III кітап. «Әлеуметтік экономика негіздері». V тарау, II бөлім).

«Нақ шаруашылық істердің тұтқасы бағынышты
NB қоғамдарда болып, ал негізгі қоғам олардың фондыларының иесі ғана болса, оның бер жағында, амери-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 357—358-беттер. *Ред.*

кан бақылаушы қоғамдарында болатынындай, акционерлер бағынышты қоғамдардың істері жөнінде мүлде бейхабар болса, онда бұл қоғам кәсіпорындарының жұмыс жүргізуіне мүмкін болғанынша көбірек қоғамдық бақылау жасауды қамтамасыз етуді көздеген заң қаулыларының бәрі дәрменсіз болатыны өзінен-өзі түсінікті. Бұл тәрізді қауіп басқа қоғамдардың фондыларын субституциялаумен (орнын басумен) құрылған қоғамдардың бәрі үшін де, тіпті бір кәсіпорынның басқа кәсіпорындарға едәуір дәрежеде қатысуының бәрінде де болуы мүмкін» (439). NB

«1904 жылдың аяқ кезінде жауапкершілігі тежеулі барлық қоғамдардың 3.8%-нің әрқайсысында 1 миллион маркадан астам капитал, 9.1%-нің әрқайсысында 500 000 маркадан астам капитал болды. Сонымен қатар қоғамдардың жоғарыда көрсетілген 3.8%-нің капиталы жауапкершілігі тежеулі барлық қоғамдардың жиынтық капиталының 45.2%-і болды, ал қоғамдардың 9.1%-інде бұл капиталдың 60.5%-і болды» (459).

(Германияда? Айқын нәрсе.)

460: Автордың жобасы: «салынған акционерлік капиталдың» $^1/_{20}$>фонд сомасын есепте «жариялау» қоғамдарға міндеттелсін.

((Есуастық кеңсешілдік!))

«Адамзаттың таяу болашақта техника саласында тағы да ірі төңкерістер жасауы мүмкін, ол төңкерістер халық шаруашылығын ұйымдастыруға өзінің әсерін тигізетін болады»... Электр, әуеде ұшу... «Әдетте және жалпы ереже бойынша мұндай түбегейлі экономикалық өзгерістердің уақыттарында жалдаптық қатты күшейеді*, сөйтіп бұрынғы тәжірибеге қарағанда фондыларды субституциялау (орнын басу) принципінің және қатысу мен қаржыландыру қоғамдарының қажет бола түсетін ірі капитал жұмсауды жүзеге асыруда маңызды роль атқаратындығында күмән жоқ» (465—466)... NB NB

Бірақ дейді... фондылық капитализмнің «жастық дәурені» әлдеқашан өтіп кетті. Жұртқа ақыл кірді... Үлкен техникалық өнертабыстар кезінде «Gründungsschwindel»

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 358-бет. *Ред.*

(«көптірме кәсіпорындар құрушылық») «мүмкін бола қоймас» etc... (466—7)... ((«гармонист»))

...*«сауданың* мәні тегінде — сұраным субституциясы»... (475)

((ха-ха! «Теоретик»!))

...«сауда дегеніміз игілікті жиып, соларды сақтап, соларды жұмсауға беруді көздегеп кәсіптік әрекет» (476). ((Курсив және қалың шрифт. Нақұрыс!))*

Теорияда Nil

Соңы

«НЕЙЕ ЦЕЙТ», 1911 (СОҒЫС ТУРАЛЫ NB) ЖӘНЕ 1912 (СӨЗ АРАСЫНДА ЕВРОПА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ ТУРАЛЫ)

«Die Neue Zeit», шыға бастағанына 30 жыл (1912)

[**NB.** Америкадағы жеке байлықтардың тарихы туралы мақала да **осында.**]

Шыға бастағанына 30 жыл, 1 (X. 1911—1912)

алтын, товар, ақша туралы Варганың (660-бет), Гильфердингтің (773-бет) және Каутскийдің (837 және келесі беттер) мақалалары.

|| *Отто Бауэр* де сол туралы, **шыға бастағанына 30-жыл, 2-томда.**

NB сондай-ақ, 1-бет, «Бандиттік саясат» (6. X. 1911) — Триполитан соғысы туралы Каутскийдің: «Ол (біздің сайлау күресіміз) бір түнде өкімет билігін алу жолындағы күреске айналуы мүмкін» (5-бет) деген сөздермен аяқталған мақаласы.

Шыға бастағанына 30 жыл, 2 (1912)

Паннекуктің мақаласы («Жаппай әрекет және революция») (541 және келесі беттер) және *Каутскийдің* мақаласы. «Жаңа тактика» (2. VIII. 1912 және онан кейін) министрліктер және басқалар туралы *оңбаған* сөздері бар мақала (барып тұрған оңбаған оппортунистік мақала). [NB Базель қарсаңында.] Радек «Империализмге қарсы біздің күресіміз жөнінде» (233-бет).

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 378-бет. *Ред.*

[Мұнда *Ленч* пен *Каутскийдің қарусыздану* туралы *айтысы* да бар. NB

[Мұнда *Экштейннің* мақалалары бар, бұл да Паннекукке қарсы.

[**Паннекуктің** мақаласы: «Біздің қазіргі кездегі талаптарымыздың мәні», 810-бет.

Талаптардың «жүзеге асырылу мүмкіндігі» туралы мәселе жөнінде арнайы айтылады.

«Шынында да, саяси демократия, халық милициясы, юстицияны демократияландыру, т. с. талаптар — бәрін қоса алғанда капитализм тұсында жүзеге асырылмайтын талаптар программаға кіріп отырғанда, капитализм тұсында нақ әлгіндей жүзеге асырылмайтын еңбекке праволы болу немесе қажетті жұмысшылар санын қысқартатын машиналарды енгізуге тыйым салу талабы программаға неге кірмейді?» Мүмкін еместіктің екі түрі бар: «экономика жағынан мүмкін емес» және «саясат жағынан мүмкін емес» (811). Қазіргі кезең талаптарының капитализм тұсында жүзеге асырылуының мүмкін еместігі «абсолют мағынада емес» (812).

«Die Neue Zeit», 1911, 2 (шыға бастағанына 29 жыл).

248 және *276*-беттер. Европа Құрама Штаттарына бола Карл Каутский мен «Leipziger Volkszeitung»-тің (Роза Люксембург) аз-кем «айтысы» — істің мәніне *соқпай* өтетін, бірақ «Leipziger Volkszeitung»-те *жүріп жатқан* айтысты көрсететін заметкалар.

«Leipziger Volkszeitung» Ледебурдің мына сөздері үшін оған да тиісті:

«Европаның өзінің капиталистік жолмен даму мүддесі үшін олар (мемлекет қайраткерлері) Европаның Европа Құрама Штаттарына бұл бірігуін әзірлесін деп, сөйтіп кейінде дүние жүзілік бәсекеде Европаның біржолата құрып кетуіне жол бермесін деп біз... капиталистік қоғамға... талап қоямыз» (276-бет).

Бұл Кальвердің Америкаға қарсы таможня одағын қорғап айтқанының дәл өзі ғой дейді.

Каутский: бұл оның дәл өзі *емес*, деп жауап береді, Ледебурде, дейді, таможня күресі туралы *бір де* сөз жоқ, *тек қана* Европа Құрама Штаттары туралы айтылған,

«мұнда пікір күшінің... Құрама Штаттарға қарсы бағытталуы міндетті емес» (277). ((Демек, бейбіт бәсеке идеясы ғой!))

Карл Каутский, 248-бет, былай дейді: Парвус та, Иоганн Филипп Беккер де Европа Құрама Штаттарын жақтайды (немесе жақтаған).

Ibidem, 943—4-беттер (29. IX. 1911), *Г. Квелчтің* мақаласы («The Social-Democrat»-тағы, 1911, август) туралы есеп; онда ол былай дейді: капиталистер де бейбітшілікті жақтайды-мыс (капитал *қазірдің өзінде* интернационалшыл дейді): капитал енді *«дүние жүзілік* Құрама Штаттарды» құра алады (NB: sic! «der Erde»), бірақ бұл бүкіл дүние жүзілік трест жұмысшыларды бұрынғыдан да қатты езетін болады. «Капиталистік жалпыға бірдей бейбітшілік... керемет күшті халықаралық полиция, саяси баспана правосының мүлдем болмауы... құлдардың бұл мемлекетінде бейбітшілік пен тыныштық салтанат құрар еді»... (944-бет).

Соғыстан Квелч (Карл Каутскийге *қарама-қарсы*) революцияны *емес,* экономикалық гүлденуді, «өнім қысымынан» құтылуды күтеді.

«Die Neue Zeit», 1911, 2 (шыға бастағанына 29 жыл, 2-том), № 30, 28. IV. 1911 (97—107-беттер).

Карл Каутский. *«Соғыс және бейбітшілік».*

Бұл мақаласында Карл Каутский бейбітшілікті насихаттауды және Европа Құрама Штаттарын *қолдауды* жақтаған пікір айтады (бұл мақаланың 3-параграфы дәл *осылайша:* «Европа Құрама Штаттары» деп *аталған).*

Карл Каутский соғысқа стачкамен *жауап* беруді күн ілгері шешу ұсынысына қарсы (бұл жерде 1915 жылы келтірген мынадай цитат бар—халық («die Bevölkerung»), «тобыр», шекараға қауіп төнді деп санаса, *басқыншылықтан* қорықса, соғысқа қарсыларды өзі өлтірген болар еді—104 бет. etc. etc.).

Бірақ, 1911 жылғы бұл мақаланың *осындай* жерлерін цитатқа келтіре отырып, *Каутский* 1915 жылы мына жерлерді цитатқа келтірген *жоқ:*

1) 1-параграфта: **«Династиялық соғыс және халықтық соғыс»**. NB ((астын сызған мен)).

...«18-ғасырда князьдар мемлекетті жай өздерінің вотчиналары деп есептеген...

...**Осылайша** енді Европаның (Құрама Штаттардың да) әр түрлі ұлттарының капиталистері европалық цивилизациядан тысқары тұрған әр түрлі халықтарды өздерінің вотчиналары деп қарайды, ал түрлі капиталистік үкіметтер арасындағы қайшылықтар осы вотчиналарды—отарларды, «ықпал ету сферасын» ұлғайтуға немесе молайтуға ұмтылудан *ғана* болады. *Нақ* 18-ғасырдағы династиялық қайшылықтар *сияқты*. Сөйтіп *қазіргі кезде* Европа халықтары игілігінің бұғап, екі ғасыр бұрынғы кездегі сияқты, қатысы *шамалы*»... (99-бет).

2) «Европадағы соғыс *табиғи сөзсіз түрде әлеуметтік революциямен* аяқталуға тиіс деген сенім өсуде. Мұның өзі үстем таптардың бейбітшілікті сақтауына және қарусыздануды талап етуіне күшті, тіпті, айта берсең, өте күшті стимул болады» (100-бет).

3) «Соғыстан кейін іле-шала социал-демократиялық жоспардың жемісі ретінде емес, *өмірдің қатаң* логикасы бойынша революцияның **сөзсіз** қажеттігі келіп шығады. Істің осындай нәтижемен тынуы мүмкін екенін қазіргі кездегі мемлекет қайраткерлерінің өздері де есепке алып отыр» (106-бет).

...«Революция қарулану жолындағы жарыстың нәтижесі бола ма, әлде соғыстың нәтижесі бола ма — қалай болғанда да ол *халықаралық құбылыс* болады» (106-бет)....

...«Ал егер тіпті революция қаруланудың езгісіне қарсы немесе соғыстың сұмдық азаптарына қарсы әрекеттің нәтижесі болмай, басқа себептердің салдарынан болған күнде де, егер ол алғашында халықаралық болмай, бір мемлекеттің шеңберімен шектелген күнде де, *қазіргі жағдайларда бұл қалып көпке ұзай алмайды*. Ол (революция) басқа мемлекеттерге ауысуға *тиіс*»... (107), міне осыдан келіп Карл Каутский Европа Құрама Штаттарын шығарады «және сайып келгенде олардың бүкіл цивилизациялы дүниенің Құрама Штаттарына айналуын» шығарады.

Ƨ ||| *105-бет.* Карл Каутский Европа Құрама Штаттарына *«жалпы сауда саясаты бар»* одақ (+бір парламент etc., бір әскер) деген анықтама береді.

S Бұл мақаланың 1-параграфында (97-бет) Карл Каутский «дүние жүзілік ситуацияның өзгеруін» («соңғы 2 онжылдықтағы») сипаттайды... «Өнеркәсіп капиталы финанс капиталына айналды, ол жер иеленуші-монополистермен бірігіп кетті»... ...«Әлеуметтік реформалар мүлде тоқтады»...

«Ал солай бола тұрса да» (Европа Құрама Штаттарын жүзеге асырудың барлық қиыншылықтарына қарамастан) «Европа мемлекеттерін біртұтас федерациялық тұлға етіп бейбіт жолмен біріктіруге ұмтылу тіпті де үмітсіз нәрсе емес. Оның перспективалары *революцияның* перспективаларымен байланысты» (курсив К. Каутскийдікі, 106-бет).

«Die Neue Zeit», 1911, 2, 96-бет: *Отто Бауэрдің «Күрес»* (1911, № 3) жинағындағы мақаласын қайталап баяндау: «Бүкіл дүние жүзілік соғыс оның» (капитализмнің) «соңғы сөзі... Егер түрік революциясы жалпы европалық соғысқа әкеліп соқтырса, онда мұның сөзсіз нәтижесі европалық революция болады».

«Die Neue Zeit», 1911, 2, 179-бет

Ротштейннің Ковентридегі съезд туралы (1911) мақаласы, мұнда Британ социалистік партиясы «ұлттың өзін өзі қорғауына көлемі жағынан жеткілікті болатын флот ұстауды» *қолдаған* карар қабылдады.

|| ...«Мұнысымен партия съезі халықаралық социал-демократия негізінен безіп қана қойған жоқ, сонымен қатар іс жүзінде ең оңбаған джингоистерге қосылды» (182-бет)...

Гайндманның үгітіне қарсы

|| «Германия қаншама агрессияшыл болса да, оның агрессияшылдығы ағылшын халқы үшін, Трансваальдағы алтын кені сияқты, маңызы соншалық аз заттарға бағытталған... Ал егер, екінші жағынан, ағылшын үстем таптарының Германияға қарсы бағытталған қоршау саясатында (etc.) көрініп отырған әрекеттерін мақұлдаса немесе оған жол берсе... онда тіпті пролетариат та амалсыз қолына қару алуға,

сөйтіп өз елін қорғай отырып, капиталистер табына қызмет етуге мәжбүр болатын кезеңнің шынында да тууы мүмкін»... (183-бет). || NB

«Die Neue Zeit», 1911, 1, *Аскьюдің* Англияның *Египеттегі* отаршылдық саясаты туралы мақаласы.

«ФИНАНС АРХИВІ»: 1915

«Finanz-Archiv», шыға бастағанына XXXII жыл, *1915*.

«Россиядағы француз капиталы» (125—133).

32-жылғы басылуына *көрсеткіш. (Nil дерлік.)*

«Finanz-Archiv». Шыға бастағанына XXXI жыл, 1914.
«Отарлық борыштар және отарлық заемдар».

1901 ж. Лондон биржаларында отарлық бағалы қағаздар Σ 600 *миллион* ф. ст. болды = 1 2 **миллиард** марка (8-бет). Көбінесе бұл отарлар Англиянікі.

Франция отарларға заемға 1897—1907 жылдары (16-бет) *400* миллион франктен < берген жоқ.

Бельгия > *250 миллион франк.*

Германия — (1911) — *137.4* миллион маркаға дейін (28-бет). 137.4 × 1.25 = 171.750 миллион франк.
Миллион франк: 15 000, 400, 250, 171.75.

ЭМИССИЯЛАР СТАТИСТИКАСЫ. ЭГГЕНШВИЛЕР. КРОН (АРГЕНТИНА ТУРАЛЫ)

Вальтер Эггеншвилер (Цюрих). «Соғыс, өндірістік прогресс және баға өзгерісі проблемасына статистикалық материал». *«Schmoller's Jahrbuch»*. 1915, № 4.

(Авторда тек жылма-жылғы деректер)

	Бүкіл дүние жүзіндегі ашық эмиссиялар (миллиард марка)		Жылына орта есеппен	Минимум— Максимум
1871—1880	76.1 : 10	=	7.61	1.7 — 15.6
1881—1890	64.5 : 10	=	6.45	3.3 — 12.7
1891—1900	98.0 : 10	=	9.8	2.5 — 17.8
1901—1909	136.1 : 9	=	15.1	7.9 — 21.5

Эмиссиялар мөлшері (барлығы):
(авторда тек жылма-жылғы деректер)

	Англия (миллион марка)	Франция (миллион франк)	=	(менің есебім) 80% миллион марка	Германия (миллион марка)
1903— 7	13 187 :5 = 2 637	18 469	=	14 775	16 630
1908—12	21 309 :5 = 4 262	23 122	=	18 497	19 783
Σ (10 жылда)	34 496 :10 = *3 449*	41 591		33 272	36 413 :10 = *3 641*

Ibidem (№ 2). *Г. Ф. Крон.* «Аргентина ағылшын-герман экономикалық күресінде» (Цоллингердің Аргентинаның типтілігі туралы 114-бетін салыстыр)...
империализмнің тамаша суреттемесі!!

ВАЛЬТЕР ЦОЛЛИНГЕР. «БАҒАЛЫ ЗАТТАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУЫСЫП ОРНАЛАСУ БАЛАНСЫ»

Вальтер *Цоллингер:* «Бағалы заттардың халықаралық ауысып орналасу балансы». 1914.

(106-бет). *Неймарк* бойынша береді «Bulletin de l'institut international de statistique». XIX том, II кітап. 1912).

цифрлар **франк** есебімен*

1871— 80	76.1	миллиард
1881— 90	64.5	»
1891—1900	100.4	»
1901—1910	197.8	»
	(Σ=438.8)	

(Ibidem) Бағалы қағаздар сомасы**

(1910 ж. максимум)				басқа елдер 1902 ж.: (32 миллиард)	
Великобритания	142	*миллиард*	франк		
Құрама Штаттар	132	»	»	Голландия	10
Франция	110	»	»	Бельгия	6
Германия	95	»	»	Испания	6
Россия	31	»	»	Швейцария	5
Австро-Венгрия	24	»	»	Дания	3
Италия	14	»	»	Швеция, Норвегия, Румыния, т. т.	2
Жапония	12	»	»		Σ=32
Басқа елдер	40	»	»		
	Σ=600				

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 392-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда. *Ред.*

КАЛЬМЕС. «КАПИТАЛ ОРНАЛАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕҢ ЖАҢА ӘДЕБИЕТ»

Альберт Кальмес (Майндағы Франкфуртте академияның профессоры). «Капитал орналастыру туралы ең жаңа әдебиет». «Jahrbücher für Nationalökonomie», III серия, 47-том (102-том), 1914, 522-бет.

Швейцариялықтың кітапшасын мақтайды.

А. Мейер. «Капитал орналастыру». Цюрих, 1912 (525-бет: жалпы бөлімі «тамаша» дейді).

Фр. Эреншпергер. «Қазіргі кездегі капитал орналастыру». Берн. 1911. || NB

Фр. Бетгер. «Ақша орналастыру және капиталды басқару». *Лейпциг?* (193 бет) (*«балансстарды оқуды»* «неғұрлым талдап қарайды», 525-бет).

Генри Лёвенфельд. «Капиталды орналастыру өнері». («Бәрі де капитал орналастыру жөнінде».) Берлин, 1911 («Негізгі желісі»: «капитал орналастыруды географиялық жағына қарай бөлу»).

Поль Леруа-Больё. «Өз дәулетін орналастырып, оны басқару өнері». Париж, 1912 (451 бет) — (өте мақтайды).

Сол *Кальмес 105*-томда (1915, 5-кітап) қаржыландыру жөніндегі жаңа әдебиетті талдайды.

Нақ сонда III сериясы, 39-том, 1910, *Моостың* Франция мен Англияда «капитал орналастыру» туралы мақаласын қарау керек. ||| *NB*

«КОРОЛЬДІК СТАТИСТИКАЛЫҚ ҚОҒАМ ЖУРНАЛЫНДАҒЫ» ПЭЙШТІҢ МАҚАЛАСЫ. ЯНВАРЬ, 1911 ЖЫЛ

Индиялық, отарлық және шетелдік заемдар мен компанияларға салынған британ капиталы және 1907—08 жылдары олардан алынған табыс (Пэйш, 168-бет):

3 ірі топқа: А, В, С-ға бөлінген менің ақпарым	Капитал (мың ф. ст.)	Табыс (idem)	%
А) Заемдар (үкіметтік және муниципалдық)	757 460	29 938	$3._9$
В) Темір жолдар	1 198 991	52 839	$4._4$
С) Банктер және басқалар	366 022	21 870	
С) Кен орындары	243 386	26 145	
С) Керосин және басқалар	127 879	8 999	
С)	737 287	57 014	$7._7$
Барлығы	2 693 738	139 791	$5._2$

Авторда бұл кесте 3 топ (А, В, С) бойынша емес, *өте көп* топ бойынша

А) % $= 3._2\% - 4._7\%$
В) $= 3._8 - 4._7\%$
С) $= 3._3 - 30._5\%$

1910 жылы (мың ф. ст.)

Англия отарлары:

	Канада және Ньюфаундленд	Австралия федерациясы	Жаңа Зеландия	Бүкіл Австралазия бойынша барлығы	Африка: Оңтүстік Африка	Африка: Батыс Африка	Индия және Цейлон	Стрейтс-Сетльментс және Малайя мемлекеттері	Әр түрлі британ иеліктері	Σ (менікі)
А)	92 948	198 365	64 721	263 086	115 080	8 541	182 517	7 943	6 969	677 084
В)	223 740	2 951	761	3 712	9 354	—	136 519	—	1 717	375 042
С)										503 028
Σ	(*) 373 541	301 521	78 529	380 050	351 368	29 498	365 399	22 037	33 259	(*) 1 555 152

(*) **Ескерту:** Пэйште жиынтығы = 1 554 152, өйткені Канада үшін жиынтық кестеде *372* 541 (186-бет) көрсетілген де, негізгі кестеде (180-бет) — 373 541 көрсетілген.

	Құрама Штаттар	Куба	Филиппины	Жапония	Қытай	Әр түрлі бөтен елдер
A)	7 893	2 282	—	42 784	22 477	818
B)	586 227	17 387	7 902	8 910	—	4 521
C)	93 955	3 031	300			
Σ	688 078	22 700	8 202	53 705	26 809	61 907

	Аргентина	Мексика	Бразилия	Чили	Уругвай	Перу	Американың әр түрлі елдері
A)	38 339	8 276	40 221	17 071	9 860	81	3 838
B)	186 126	54 306	29 961	12 646	21 194	6 476	11 681
C)							
Σ	269 808	87 335	94 440	46 375	35 255	31 987	22 517

	Россия	Түркия	Египет	Испания	Италия	Португалия	Франция	Германия	Басқа европалық елдер	Σ	ал Египетсіз:
A)	19 109	9 650	14 044	1 885	4 164	1 336	—	1 351	22 870	74 409	60 365
B)	2 013	6 146	1 916	5 473	3 284	4 432	—	—	495	23 759	21 843
C)			27 793				7 071			90 199	62 406
Σ	38 388	18 320	43 753	18 808	11 513	8 134	7 071	6 061	36 319	188 367	144 614

«Journal of the Royal Statistical Society», LXXIV том. Январь, 1911.

Пэйштің мақаласы (жәнө ол жөнінде Статистикалық қоғамда болған жарыс сөздер (мақала 167—187-беттер, дискуссия, 187—200-беттер)) автордың өз жұмысына *өте* сақтықпен, байыпты қарағанын көрсетеді.

Ол конверсияны шығарып тастайды,—қағаздардың номинал бағаларын алмай, шығарылған бағаларын алған,—қосарлапып кетуінен қашып, қағаздардан түсетін *табысты* алған etc. Сондықтан оның деректерінің құндылығы — Франция мен Германия туралы бет алды алына салынған «деректерден» *шексіз* жоғары.

Оның *1907 — 8*-жылдар туралы негізгі еңбегі

	Миллион ф.ст. 1907—8	1908—9 жәнс 1910	1910 жылға
отарлар:	1 312	+228	1 554
бөтен елдер	1 381	+288	1 637
Барлығы	2 693	+516	3 191

NB ‖ *NB. Альфред Неймарк. «Қазіргі кездегі финанстар». VI* жәнө *VII* томдар. «1872—1910 жж. *француздардың жинақ қаржысы* мен бағалы қағаздары». 2 *том*. 8^0. Париж, 1911.

МЮЛЬГАУПТ. «СҮТ КАРТЕЛІ»

Д-р Энгельберт Мюльгаупт. «Сүт картелі. Картельдер жэне сүт бағасы туралы мәселе жөнінде». Карлсруэ, *1912*.

«Баден жоғары мектептерінің халық шаруашылық зерттеулері». Жаңа серия. 9-кітап.

Аса қызықты құбылыстарды суреттейтін өте қызық жәнө мәнді кітапша.

Әдебиеттен NB: *Ф. Арнольд* «Conrad's Jahrbücher». 41-том, *1911*, жәнө «Бавар корольдігінің статистикасы жөнінде» деген мақалада. *41*-том (1910).

«Мемлекеттік ғылымдар жөніндегі сөздік». 6-том (3-басылуы) («Сүт шаруашылығы»).

Нахимсон. «Сүт соғысы». «Die Neue Zeit», 1911 (шыға бастағанына *29*-жыл), *2-том* (668 жәнө келесі беттер).

Шаруашылықтардың *монополиялық* жағдайы (үлкен қалалардың жанындағы 50—100 *километрлік* аудан) және *серіктіктердің өсуі* бұл картельдің *пайдалылығын* көрсетеді.

Центрифуганы ойлап шығарғаннан кейін сүт өнімдерін өңдеу кооперациялары, көктемгі жылы жаңбырдан кейін жер астынан қаулай шығатын саңырау құлақтай, қаптап өсті:

	Ауылшаруашылық серіктіктерінің саны (24-бет):
1870 — 1	1890 — 3 000
1903 — 2 245 олардың 181 325 мүшесі бар	1900 — 13 600
1909 — 3 039 » 270 692 » (5-бет)	1910 — 24 900

{*Петерсилие* бойынша. «Герман кооператив статистикасы бойынша хабарлар». Берлин, 1911.}

Құнарлы азық бағасының қымбаттауы etc. (+13—50%, 1896—1906, 7-бет) etc. және басқалар шамамен 1900 жылға дейін, күшті картель қозғалысына дейін бағаны қымбаттатқан *жоқ* (7-бет).

Ірі сүт өндірісінің (сақтауының etc.) орасан зор маңызы (арзандығы, гигиеналық жағынан etc. etc.) картельдің *пайдалылығын* көрсетеді

Берлин *күніне*	1 миллион литр сүт керек етеді
Гамбург айналасындағы атыраптарымен	0.5 » » » » »
Вена	0.9 » » » » »
Мюнхен	0.25 (16-бет)

т. т.

Сауылып алынған бойда *сүттің* 1 $см^3$-де *9000 бактерия* болады (сантиметр?? әлде миллиметр?); 2—3 сағаттан кейін — 12 000; 9 сағаттан кейін —120 000; 24 сағаттан кейін *миллиондап* болады (беті?).

Көбінесе темір жол арқылы жеткізіледі (қаладан *50—100 км*). Сүт шаруашылығымен шұғылданатын *төңіректегі* шаруалар іс жүзінде монополиялық жағдайда.

«Селолық қожайынды кооперация картель үшін тәрбиеледі» (25).

Бірнеше *сүт картелінің* тарихы.

«Берлинер мильхринг». *1900* жылғы *июньде* құрылған. Көтере сатып алатын саудагерлерге қарсы **кескілескен күрес** (жұрт саудагерлерді *жақтады).*

Болле (Берлиндегі сүт саудасының аса ірі фирмасы, айналымы жылына *45* миллион литр; капиталы 10 миллион марка; дивиденді 8%, *91-бет)* 1903 жылы сүт картелімен бітім жасасты. (Болле аз уақыттың ішінде миллионер болды; Дрездендегі *Пфунд* та солай, айналымы 21 миллион литр.)

Сүт синдикаттары гигиеналық жағдайларын әрқашан да жақсартуда.

Бірақ мұның *финанс* жағдайы нашар болды да, 27. II. 1907 жылы *күйреді.*

Гамбург. 1900 жылы VI-де құрылған. 10 жылдың ішінде өзінің мүшелеріне 10.3 миллион марка берді (53-бет), *олардың* бағасын (11.2 пфеннигтен 14.1 пфеннигке дейін) көтерді, ірі саудагерлермен шарт жасасты.

Майндағы Франкфурт. Қашан пайда болды?? 1911 жылы *өте күшті* болды.

Көпестермен шарт жасасты. Бұдан кейін *олардан* бағаны 16 пфеннигтен 17 пфеннигке дейін көтеруді талап етті.

«Осы пфеннигке бола селолық қожайындар мен саудагерлер арасында үш ай бойы кескілескен шайқас болды, социал-демократиялық одақ та, либералдық жұмысшы одағы мен кәсіподақтар бірлестігі де қожайындар жағында болды» (54-бет). Саудагерлер олардың дегенін істеді.

«Күрес сүт саудагерлерінің, тұтынушыларды қатты таңдандырып, «Ферейнигте ландвиртемен»» (картельдің аты) «келісім жасауымен аяқталды, бұл келісім бойынша соңғылар жоғарғы көрсетілген қосымшаны жасамайтын саудагерлердің бәріне де ендігі жерде сүт тапсырмауды міндетіне алды» (55-бет).

ірі өндіріс!!

Венада орасан зор синдикат бар. Өз шығындарын (сүт өткізу жөніндегі) ол 1900 жылы литріне 7.67 геллерден (сауда айналымы 0.56 миллион крона) 1910 жылы литріне 3.775 геллерге дейін (сауда айналымы 6.74 миллион) төмендетті (57-бет).

Картельдердің өндірушілерге ықпалы?

1900—1910 жылдардың ішінде орта есеппен *баға* (1890—1900 жылдарға қарағанда) 2 пфенниг *өсті* (61-бет).

Бұл өсуге себеп болған нақ *картельдер* (әйтпесе өндірістің қымбаттауы бағаны арттырмас еді).

«Бұлай болмаған күнде бағаның нақ сүт картелі жарыққа шыққан жылдары қымбаттауы сияқты адам таңданарлық фактіні қалайша түсіндіруге болады?» (63).

«Ақырында, бағаның нақ сүт жөнінде аса бай деп саналатын жерлерде: Швейцария мен Вюртембергте өте-мөте айтарлықтай көтерілуін картельдердің болуынан демей, басқаша қалай түсіндіруге болады?» (64).

Сүттің өтуінің күшеюі мал азығын да (66-бет) — *х а л ы қ а з ы ғ ы н д а нашарлатады* (67).

Швейцарияда сүттің тұтынылуы

	Күніне жан басына литр есебімен	
1903—1905	—1.01	(68-бет)
1906—1909	—0.98	

Г е р м а н и я д а д а с о н д а й.

Саудаға әсері? Оның табысы литріне 7—8 пфеннигтен 6—7 пфеннигке дейін азайған (72),— сауданың біртіндеп ығыстырылуы.

Тұтынушыларға әсері? Сапасының, гигиенаның және басқалардың жақсаруы.

Базельде бәрінен жақсы, мұнда тұтынушылар одағы мен сүт өндіретін шаруалар одағы бір-біріне *тікелей* қарама-қарсы тұр. *Сүт шаруашылығын* қала *ү л г і л і* жүргізеді, бірақ *баға* жөніндегі консум *ш а р у а л а р ғ а* байланысты!!

«Профессор Каздорфтың айтуынша, Австрияда бір сиыр орта есеппен күніне 5 литр, Германияда 8—10 литр, Данияда — 12 литр сүт береді» (83-бет).

Эрцгерцог Фридрихтің Вена түбіндегі ірі шаруашылығында сүт өнімі мынадай болды:

1 сиырдан	1853—3.00	литр	
	1880—4.67		
	1890—6.27		
	1900—6.86		(84-бет)
	1910—8.00		

Сүттің ұсақ саудасы әлі басым, жалпы алғанда (1910 жылы Мюнхенде 1609 арнаулы сүт дүкені болды, оның ішінде

250	50 литрге дейін
1310 (81.4%)	150 литрге дейін)

гигиена сақталмаған; ыдыстан ыдысқа құю кезінде тазалық нашар etc.

NB || және «уақыт, еңбек, капитал адам айтқысыз көп шығын болады» (87), сүтті тасу, сатылмай қалатын сүт, бір үйге 2—3 сатушы сүт апарады, т. т. және т. с.

«Сүт картелінің әлеуметтік әсері» (V тарау) —

!!! ||| алдағы уақытта қала мен деревня арасында *«қарулы бітім»* жасалмақ (95), тұтынушылар мен сатушылар арасында, Базельдегідей, тікелей соғыс болмақ.

Базельде консум толығынан (баға жөнінде) сүт өндіретін шаруалар картеліне *байланысты.*

{ Бүкіл Швейцария сүт сататын шаруалар картельдеріне *бәрінен жақсы* ұйымдасқан,— және сүттің бағасы бәрінен жоғары!! бұл картельдердің өктемдігі бәрінен күшті!! }

NB ||| «Өндірушілер картельдерінің баға саясаты алдында тұтынушылардың жалпы одағы (Базельде) мүлде дәрменсіз» (77-бет). ||

«Басқа елдерге қарағанда шаруалары мен жұмысшылары бір-бірімен тікелей көбірек қарым-қатынас жасайтын Швейцарияда да бағаға бола олардың арасында қатты шайқас, кескілескен күрес болып тұрады» (95-бет).

КАПИТАЛИСТЕР ОДАҚТАРЫ СОҒЫС ТУРАЛЫ

Капиталистер одақтары *соғыс туралы*

«Archiv für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik» (Эдгар Яффé) (41-том, 1-кітап), 1915, сентябрь.

NB 296—7-беттер — «Қожайындар ұйымдары соғыс туралы».

...«Демек» (қожайындар ұйымдарының көзқарасы бойынша) «арнаулы немістік типте даму немесе өсу жайында айтылып отыр, сол үшін

NB || соғыс жүріп жатыр-мыс. Мұндай көзқарас, шынын айтқанда, кәсіпкерлердің мүдделеріне де әбден сай келеді. Олар соғыстан кейін кәсіпкерлердің мынадай сөздерді есітуі белгілі дәрежеде қауіпті екенін түсінді: vestra res agitur (әңгіме сіздер жайлы), әңгіме *сіздердің* қамдарыңыз

...«Социализмнің мақсаты *өндіріс құрал-жабдықтарын* қоғамдастыру болып отырғанда, Германия үкіметінің бұдан былайғы шараларының да *тұтынуды реттеуге* бағытталғандығы орынды көрсетіледі. (Бұл да сонда, 28. II. 1915.) Сондықтан бұл шаралардың бәрі бейбітшіліктің тууына байланысты қайта жойылуға тиіс. Бұл көзқарастардың бәрі кәсіпкерлердің мүдделеріне сай келеді және кәсіпкерлер мен жұмысшылардың таптық мүдделерінің антагонистігін бұл екі таптың идеологиясындағы соғыстың да мүлде қарама-қарсы сипатта болу фактісіндей, сірә, еш нәрсе де көзбе-көз көрсете қоймас. Бірақ бұл қарама-қарсылықта әр түрлі сарындар бар. Оппортунистік, ревизионистік бағыттағы социалистер соғысты экономикалық соғыс деп біледі. *Олар* соғыс — империалистік соғыс деген көзқарасты ұстайды, олар тіпті әрбір ұлттың империализмге праволы болуын қорғайды, осыдан келіп бір ұлттың кәсіпкерлері мен жұмысшылары мүдделерінің ортақтығы туралы қорытынды жасайды, сондықтан олар реформалар жасайтын радикалдық буржуазиялық партияға айналу жолына дәйекті түрде түсуге тиісті еді. Ал, мұның керісінше, социалистік жұмысшы қозғалысының радикалдық бағыты соғысты (ең болмағанда ескертулермен) империалистік соғыс деп санаса да, нақ бұл дамудың өзін теріске шығарады,— соғыстың нәтижесінде тап күресінің шиеленісуін қажет деп тауып, соғыс кезінде-ақ пролетарлық көзқарасты баса көрсетуді талап етеді. Ал кәсіпкерлер, біздің көріп отырғанымыздай, соғыстың империалистік сипатын бекерге шығарады. Олар өздеріне: Tua res agitur (әңгіме сен жайлы) деген сөздердің айтылғанын естігілері келмейді. Олар империалистік соғысқа радикалдық социализмнің сын көзімен қарауын қаншалықты теріске шығарса, социалист-ревизионистердің ол соғысқа деген ұнату, мақұлдау көзқарастарын соншалықты дәрежеде теріске шығарады, сөйтіп соғыстың «мәдени маңызынан», ешқандай белгілі бір тапқа соғыс үшін жауапкершілікті жүктемейтін және тап-

жақсы айтылған!

тардың ешқайсысына да соғыстан айрықша пайда түседі демейтін пікірден қорғаныш іздейді. Сөйтіп, біз таң-тамаша жағдайды көріп отырмыз: барлық жерлерде де үкіметтер империалистік теория тұрғысында болып отырғанда, немесе, ең құрығанда» (пәлі!!), «жаудың экономикалық мүдделілікке шешуші маңыз беретінін атап көрсетіп отырғанда, экономикалық мүдделердің басты өкілдері соғыстың тек қана жалпы мәдени маңызын алға қойып отыр. Мұның нәтижесі мынау: олар радикалдық социализм лагеріндегі көзқарастармен де жанасады; олар соғысты экономикалық жағынан тек аралық фаза деп қана қарайды; соғыс кезіндегі құбылыстардың бәрі, мемлекеттік шаралардың бәрі сол кездегі жағдайдың туғызғаны, сондықтан соғыспен бірге тағы сөзсіз жойылуға тиіс. Сондай-ақ, кәсіпкерлердің соғысқа деген көзқарастары да, олар қандай да бір өзекті *идеясы* бар сияқты болып көрінсе де, тек (таптық) идеология ретінде ғана қаралуға тиіс» (295—297-беттер). (Мақаланың соңы.) пәлі! сөз-ақ!

Ескерту, *293—4*-беттер.

«Deutsche Arbeitgeberzeitung»-тегі (15. VIII. 1915) нұсқау беретін мақала ерекше сабақ аларлық; мұнда ішкі саясаттағы жаңа (демократиялық) бағытқа бейімдеу тенденциясы үзілді-кесілді теріске шығарылады... NB

...Ең алдымен социал-демократия онан әрі *«қайтадан үйрене беруге»* тиіс: ол «ең алдымен *қайта туу процесінің,* өзі дәлел етіп отырған процестің, өзінің *қаны мен сүйегіне* шынымен сіңгенін соғыстан кейін де көрсетуге тиіс. Бұл факт азды-көпті ұзақ уақыттың ішінде толық дәлелденген жағдайда ғана Германияның ішкі саясатында бұл өзгерістердің кейбіреулерінің мүмкін болатын-болмайтындығы туралы қажетті сақтықпен айтуға болады». ...Қалай болғанда да, қазір болашақ ішкі саясат үшін (солшыл партиялар рухында) әлі ешқандай алғы шарттар болмай ! NB

отыр... қайта керісінше, «соғыстың сұрапыл қатаң сабақтары біздің мемлекеттік құрылысымызды онан әрі демократияландыруға қарсы қоюға болатын ең күшті дәлелдер беріп отыр»... (294-бет).

КРЭММОНД. АНГЛИЯ ЖӘНЕ ГЕРМАНИЯ

«Journal of the Royal Statistical Society», 1914, июль (LXXVII том, VIII бөлім) (777—807-беттер).

Эдгар Крэммонд. *«Британ және Герман империяларының экономикалық қатынастары».*

Бұл империялар дүние жүзінің халықаралық саудасының 39 процентіне ие (1911: Англия $26._{9}$% + Германия $12._{5}$%);—дүние жүзі сауда флотының 53 процентіне ие.

		Германия		Великобритания
Халқы	1872	$41._{23}$ (млн.)		$31._{87}$ млн.
	1883	$48._{17}$ »		$36._{88}$ »
	1910	$64._{92}$ »	(1911)	$45._{22}$ »
(+1872—1910)		$+23._{69}$		$+13._{34}$
Туған 1000 адамға		$29._{5}$	(1911)	$24._{4}$
өлген » »		$18._{2}$		$14._{8}$
Қала халқының %-і		$57._{4}$%	(1905)	$71._{3}$% (1901)
Кен өнеркәсібі өндірісінің құны (1911)		102 ф. ст. (млн.)		$124._{5}$ »

		Құрама Штаттар	Германия	Великобритания
Тас комір өндіру	1911	$450._{2}$ млн. тонна	$234._{5}$	$276._{2}$
	1883	$103._{1}$	$73._{7}$	$160._{0}$
		$+347._{1}$	$+160._{8}$	$+116._{2}$
		$+336._{6}$%	$+218._{1}$%	$+ 72._{6}$%
өңделмеген болат өндіру	1910	$26._{5}$	$13._{7}$	$6._{1}$
	1886	$2._{6}$	$0._{9}$	$2._{4}$
		$+ 23._{9}$	$12._{7}$	$3._{7}$
		$+910.\%_{3}$	+1 335%	$+154._{3}$%

		Германия	Великобритания
Мақта-мата товарларын шетке шығару	1887:	$10._0$ млн. ф. ст.	$72._0$
	1912:	$24._3$ » » »	$122._2$
Банк депозиттеріне салған вкладтар:		$468._0$ » » »	$1\,053._0$
(1912—3) жинақ кассаларына:		$839._0$ » » »	$221._1$
Σ (менікі) =		$1\,307._0$	1 274
Сауда флотының нетто тоннажы	1880:	$1._2$ млн.	$6._6$ млн.
	1911:	$3._0$ »	$11._7$
		+ $1._8$ +156%	+ $5._1$ $+77._7$%
Кемелердің барлық тоннажы, сыртқы сауда бойынша шетке шығару және шеттен келтіру	1880:	$13._0$ млн. тонна (бұлардың ішінде герман кемелері $39._1$%)	$49._7$» (бұлардың ішінде британ кемелері $72._2$%)
	1911:	$49._5$ (герман кемелері $50._4$%) +	$138._9$ (британ кемелері 59%) —
Кеме жасау:			
жыл сайынғы өндірісі	1898 —1904:	$240._8$ мың тонна	$898._0$
	1913:	$618._8$	$2\,203._0$
Суэц каналы арқылы өткен кемелердің тоннажы	1892:	$809._0$ мың тонна	$8\,102._0$
	1912:	$4\,241._0$	$17\,611._0$
Суэц каналы арқылы өткен барлық кемелердің %:	1892:	$7._4$%	$74._5$%
	1912:	$15._1$%	$62._9$%
Темір жолдардың жалпы табысы	1888:	$58._4$ млн. ф. ст.	$72._9$
	1910:	$149._5$	$127._2$
		+156%	$+74._3$%
Сыртқы сауда (шығару+келтіру)	1888:	$323._6$ млн. ф. ст.	$558._1$
	1912:	$982._6$	$1\,120._1$
		+204% $+659._0$ млн. ф. ст.	$100._7$% $+562._0$ млн. ф. ст.
Әскер мен флотқа жұмсалған қаржы (1912)		$70._0$ млн. ф. ст.	$102._4$
ұлттық байлық:		15 000 » » »	25 000 (*)
ұлттық табыс (Гельферих Германия үшін):		2 000 » » »	3 400
капиталдың шетелдерге орналасуы		1 000 » » » $=6._6$% (ұлттық байлық)	3 800 (=23%)

(*)Бұл бүкіл *империя* бойынша. Ал отарларсыз бір Великобританияның өзінде=16 500.

		Германия	Великобритания
шетелге орналастырылған капиталдардан түскен табыс (1912)		50.0 млн. ф. ст.	185.0 »
кеме қатынасынан түскен табыс		30.0 » » »	100.0 »
ұлттық табыс (Гельферих бойынша Германия)	1896:	1 075 » » »	1 430
	1912:	2 000 » » »	2 140
ұлттық байлықтың бір жылдың ішінде өсімі (Германия үшін соңғы 18 жыл) (және Великобритания үшін соңғы 28 жыл)	=	272.0 » » »	230.0 »

соңғы бес жыл ішінде шамамен біркелкі.

СЭЙЛ. ЖАПОНИЯ VERSUS АНГЛИЯ

«Journal of the Royal Statistical Society»-де өте қызықты мақала бар, LXXIV том, *1911*, апрель.

Чарлз В. Сэйл. *«Жапония туралы кейбір статистикалық деректер»,* 467—534-беттер.

Біріккен Корольдікпен салыстыру ерекше тағлым аларлық:

	Жапония	Біріккен Корольдік
Жер көлемі (шаршы миля)	147 648	121 390
халқы (1910)	49 587 000	44 538 000
халқы бір шаршы миляға	335	367
тууы (1000 адамға)	31.30	27.95
өлуі (» »)	20.70	16.89
өсуі (» »)	+10.60	+11.06
дәнді астық, овощ, техникалық дақылдар etc.	12 894 000 (акр.) 13.6%	12 437 000=16%
шөп пен жайылым	3 006 000 3.2	34 565 000=44%
орман	55 083 000 =58.0	3 070 000= 4%
жер бағасы (+мал etc.)	1 299 (млн. ф. ст.) =бүкіл халық байлығының 57%	1 220=11%

	Жапония	Біріккен Корольдік
күріш, бидай, арпа, сұлы өндіру (1907)	=372.8 (млн. бушель)	307.3
картоп	3.9 (млн. тонна)	5.2
турнепс, швед брюквасы	өте аз	36.3 (млн. тонна)
репа	2.3 (млн. тонна)	—
пішен	өте аз	15.0 »
ішімдіктердің, азық-түлік өнімдерінің, темекінің таза (нетто) келтірілуі	3.46 (млн. ф. ст.)	212.4
ірі қара (1908)	1.3 (млн.)	11.7
жылқы (1908)	1.5 »	2.1
қой	87 000 (=0.08 млн.)	31.3
шошқа	0.28 (млн.)	4.0
жер астында істейтін көмір қазушылар саны (1908)	126 999	796 329
өндірілетін көмір (тонна есебімен)	14.8 (млн.)	261.5
бір көмір қазушының жылына өндіретін көмір тоннасы	117	328
құны ф. ст. есебімен	6.5 (млн.)	116.6
тонна құны	8 ш. 9 п.	8 ш. 11 п.
шетке шығарылатын көмір тоннасы	2.96 (млн.)	62.55
шетке шығарылған тонна құны	12 ш. 11 п.	12 ш. 8 п.
темір жолдың ұзындығы (1908) миля есебімен	5020	23 280
жолаушылар (млн.)	146.9	1 265.1
жүк тасымалы (млн. тонна)	25.4	499.9
жалпы табыс (темір жолдың бір милясына)	1 690 ф. ст.	4 854
шығын (—»—)	868	3 133
таза табыс (—»—)	+ 822	+1 721
пароходтар (100 тонна брутто және одан жоғары)	1 146 977	18 059 037
Қытай порттарына барған кемелер (1000 тонна) 1902:	7 350 (13.6%)	23 950 (49.9%)
Қытай порттарына барған кемелер (1000 тонна) 1909:	18 949 (21.8%)	34 027 (39.2%)

	Жапония	Біріккен Корольдік
тоқыма фабрикалары өнімдерінің барлық құны (1907)	$37._{77}$ (млн. ф. ст.)	$247._{27}$
жұмысшылары	355 000	808 398
бір жұмысшыға келетін құн	106 ф. ст.	306 ф. ст.
шеттен әкелу + шетке шығару (реэкспортты қоса есептегенде) 1889:	$20._{99}$ (млн ф. ст.)	$744._0$
1909:	$82._{35}$	$1\,094._0$
idem 1 жанға 1899:	10 ш. 6 п.	19 ф. ст. 19 ш. 10 п.
1909:	1 ф. ст. 12 ш. 10 п.	22 ф. ст. 5 ш. 8 п.
мемлекеттік шығындар (1909)	$64._9$ (млн. ф. ст.)	$152._3$
почта жинақ кассаларына салынған вкладтар (1909)		
вкладшылар саны	$8._{66}$ (млн.)	$11._1$
сомасы (вкладтардың) (млн. ф. ст.)	$10._8$ (млн. ф. ст.)	$160._6$
бір вкладшыға келетін сома	1 ф. ст. 5 ш. 1 п.	14 ф. ст. 11 ш. 7 п.
егіншілік өнімдерінің құны	126 (млн. ф. ст.)	$174._8$
фермалардағы қызметкерлердің саны (меншікті шаруаларды қоса есептегенде)	$11._{50}$ (млн.)	$2._{06}$

NB «жұмысшыларының саны бестің біріндей кем бола тұрса да, Біріккен Корольдікте өнім артық, ал оның құны 40 процент жоғары» (488-бет)...

Жапониядағы егіншілік ерекше. Халықтың 60%-і егіншілікте істейді (481-бет). Жапонияда барлық семья (housenholds) —9 250 000. Мұның ішінде тек қана егіншілікте істейтіні — 3 748 000; егіншілікпен басқа кәсіптерді қоса істейтіні — 1 662 000. Басқа фермерлер = 70 000. Жер иеленушілер = 43 000. Σ = 5 523 000.

Жерге түсетін салық өте ауыр. Егіншілік мүлде ұсақ:

	фермалардың %-і (482-бет)
Фермалардың жер көлемі: $1^1/_4$ акрдан (5 *тан*) кем	37.26
$1^1/_4$ акрдан $2^1/_2$ акрға (5 тан—1 *чо*) дейінгі	32.61
$2^1/_2$ » 5 » (1—2 ») »	19.62
5 » $12^1/_4$ » (2—5 ») »	9.37
$12^1/_4$ акрдан (5 *чо*) көбі	1.14
	100.00

Егіншіліктегі еңбек өнімділігі өте төмен, бұл көбінесе егіншіліктің ұсақтығы және машинаның жоқтығы салдарынан болады.

Жапонияда 1 *акр* жерде күріш өндіруге 110 жұмыс күні керек.

Техас пен Луизианада 1 акр жерден күріш өндіру үшін 2 күнге 1 адам + $1^1/_2$ күнге көлік керек етеді.

(«American Economic Association Journal», *1904*, ноябрь)

«ЕВРОПАНЫҢ ФИНАНС КЕЛІСІМДЕРІ МЕН СОҒЫС БОРЫШТАРЫ» ДЕГЕН МАҚАЛА

«The Economist», 13. II. 1915. «Европаның финанс келісімдері мен соғыс борыштары» деген мақала...

...«Сіз Европаның соғыстан кейінгі финанс және саяси болашағына неғұрлым көп көз салсаңыз, оның проблемалары соғұрлым қайғылы, қараңғы екенін көресіз. Бірақ білімді, зерек, көреген, тәуелсіз адамдарға бұл соғыстың саяси-экономикалық маңызы туралы ой жүгіртуіне соғұрлым негіз көп. Осыншалық аз уақыттың ішінде күштердің мұншалықты соқтығысуы, мұндай көлемдегі бүліншілік әлі ешқашан болып көрген емес. Адамзат қоғамына келген күйзелістің көлемін анықтау, шығындарды есептеп шығару, салдарын (соғыстың) алдын ала болжап, оларға қарсы шаралар қолдану осы уақытқа дейін ешқашан мұндай қиын немесе мұндай қажет болған емес. Филантроптар бітім жасасу барлық мемлекеттердің армиялары мен қаруларының мықтап қысқартылуына

себепкер болар, ал мұның өзі халықтардың өздерінің жаңа соғыс борыштарынан құтылуына, сөйтіп банкротқа ұшыраудан аман қалуына мүмкіндік берер деп үміттенуде. Банкротқа ұшыраудан қорқу біраз роль атқаратыны күмәнсыз, әйтпесе бітім жасасу тек бірқатар жаңа соғыстарға жаңадан әзірлік жасауға әкеп соқтырар еді. Бірақ европалық дипломатияны іс жүзінде қандай күштердің билейтініп түсінетін адамдар жалған үмітке салынбайды. Алда еңбек пен NB капитал арасында, яғни континенттік Европаның бұқарасы мен үстем таптарының арасында қан төгіс революция және кескілескен күрес болғалы тұр». (Мақаланың соңы.)

ДӘПТЕР

«κ»

(«КАППА»)

ДЖ. А. ГОБСОН. «ИМПЕРИАЛИЗМ»

«*И м п е р и а л и з м*». Дж. А. *Г о б с о н н ы ң* зерттеуі (Лондон, 1902)[37].

4-бет. Нағыз отарлау дегеніміздің мәнісі мынау: халық мекендемеген бос жатқан жері бар елге метрополияның тұрғындары көшіріледі, олар мұнда өздерінің мәдениетін ала келеді, ал өздеріне басқа халықтарды бағындыру шынайы ұлтшылдықтың шеңберін бұзу («debasement of this genuine nationalism») («spuriosus colonialism») болады, мұның өзі енді империалистік құбылыс болып табылады. Нағыз отардың үлгісі — Канада және өзін өзі билейтін Австралазия аралдары.

6-бет. «*Қазіргі заманғы* империализмдегі *жаңалық,* егер оны саяси жағынан алсақ, көбінесе мынада: оны *б і р н е ш е* халық қабылдаған. Бірсыпыра бақталас империялар туралы ұғым өзінің шын мәнісінде қазіргі заманғы ұғым». NB

9-бет. «Ұлтшылдық — *интернационализмге* апаратын тура кең жол, ал егер онда ауытқушылық болса, бұл ретте біз оның табиғаты мен оның міндеттері бұрмаланды деп күдіктенуге праволымыз. *Мұндай б ұ р м а л а н у ш ы л ы қ империализм болып табылады,* оның тұсында ұлттар ауыртпалықсыз ассимиляцияның шегінен шығып, әр түрлі ұлттық типтердің жақсы ынталандырушы жарысын бақталас империялардың қарақшылық күресіне айналдырады». !!

17—18-беттер. Британ империясының ұйтқысы — 120 мың шаршы миля жерде тұратын 40 миллион халық. Соңғы бір *ұрпақтың* өмірінде Британ империясы=4 754 000 шаршы миляға және 88 миллион халыққа өсті.

19-бет. *1900* жылы Британ отарлары мен тәуелді мемлекеттері = 366 793 919 халқы бар 13 142 708 шаршы миля болды (*).

NB: **Гобсон «протектораттарды» (Египет, Судан және басқаларды)** ***қосқан,*** **ал бұлар Морристе** ***жоқ!!***

(*) Гобсон бұл жерде Морристен, II, 87, және ***Р. Гиффеннен*** **цитат келтіреді: «Біздің Империямыздың құрамды бөліктерінің салыстырмалы өсуі», Отарлар институтында жасалған баяндама, январь, 1898.**
(Бұдан кейін «The Statesman's Year-Book» 1900.)

20-бет. 1884 жылдан 1900 жылға дейін Британ империясына 57 436 000 халқы бар 3 711 957 шаршы миля (**Суданды және басқаларды қоса есептегенде**) қосылды*.

21—22-беттер. Германияға отар иеліктерінің қажеттігі туралы әдебиет *Германияда* 70-жылдарда шыға бастайды. «Оңтүстік теңіздердің сауда және плантациялық герман қоғамына» алғашқы ресми көмек 1880 жылы көрсетіледі. «Германияның Самоамен байланысы» да осы кезде болды, бірақ нағыз империалистік саясат Германияда 1884 жылдан, Африкалық протектораттар пайда болып, Океания аралдары қосылған кезден басталады. Одан кейінгі 15 жылдың ішінде отарларда 14 000 000 халқы бар 1 000 000 шаршы миля жер Германияның ықпалына түсті. Территорияның көпшілігі тропиктерде еді, ақ нәсілділер бірнеше мың ғана болды.

• 80-жылдардың нақ бас кезінде *Францияда* ескі отаршылдық рух жандана бастайды. Оны уағыздаған ең ықпалды экономист — Леруа-Больё. 1880 жылы Сенегал мен Сахарадағы иеліктер кеңейтілді, бірнеше жылдан кейін Тунис қосылып алынды, 1884 жылы Франция Африка үшін болған күреске белсене қатысты және сонымен қатар Азиядағы Тонкин мен Лаоста өзінің билігін нығайтты. 1880 жылдан бастап Франция төменгі нәсілділер ме-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 410-бет. *Ред.*

кендеген, француздардың отарлауына шамасы келмей жүрген, түгелінен дерлік тропиктік және субтропиктік елдердегі 37 000 000 халқы бар $3^1/_2$ миллион шаршы миля жерді өзіне қаратты.

Италия 1880 жылы Абиссиния экспедициясында жеңіліп қалды, сөйтіп оның империалистік талпынысы жеңіліске ұшырады. Оның Шығыс Африкадағы иеліктері Эритреямен және Сомалидегі протекторатпен шектелді.

1884—6 жылдардағы африкалық келісім Анголаның кеңбайтақ аймағы мен Конго жағалауын *Португалияға* берді, ал 1891 жылы Шығыс Африканың едәуір бөлігі оның саяси бақылауына көшті.

1883 жылы *Бельгия* королінің меншігіне айналған және содан бері едәуір кеңейген Конго ерікті мемлекеті Африка үшін күресте Бельгияның қағып түскен бір кесек жері деп қаралуға тиіс.

Испания дүние жүзі үшін жүргізілген күрес майданынан тайдырылды.

Голландия қазіргі империалистік күреске қатыспайды; оның Шығыс және Батыс Индиядағы едәуір иеліктері көптен бері бар.

Солтүстік елдердің ішіндегі империалистік саясат жүргізуші бірден-бір ел *Россия* өз күшін көбінесе Азияны басып алуға жұмсауда, оның отарлауы анағұрлым табиғи секілді болғанымен, мемлекеттік шекараларды кеңейту жолымен жүріп келеді, бірақ ол Азияны бөлісу мәселесінде көп ұзамай-ақ басқа державалармен қақтығысады.

23-бет. 850 103 317 халқы бар 15 813 201 шаршы миля кеңістікті қамтитын барлық европалық мемлекеттерде + Түркия + Қытай + Америка Құрама Штаттарында — халқы 521 108 791, жері 22 273 858 шаршы миля 136 отар бар **(анық Морристен алынған, II, 318, мұны Гобсон да көрсетті).**

26—27-беттер. «Басты-басты европалық державалардың 1884 жылдан бергі экспансиясы»:*

Англия (20-беттен қараңыз).	**3 711 957**	**шаршы миля**	**57 436 000**	
Франция	3 583 580	»	» 36 553 000	(халық)
Германия	1 026 220	»	» 16 687 100	»

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 410—411-беттер. *Ред.*

Россия(?) 114 320 шаршы миля (?) 3 300 000 (халық)
(бұл Хиуа + Бұхара) (бұл = Хиуа + Бұхара)
Россия ((Хиуа (1873), Бұхара (1873*), Квантун (1898), Маньчжурия (1900)))

Тақырыпта «1884 жылдан» делінсе де, Гобсон Хиуаны да, Бұхараны да қосқан

Бельгия (Конго)	900 000	30 000 000
Португалия (**Ангола, 1886; Шығыс Африка, 1891,** *т. б.*)	800 760	9 111 757

NB NB: ***(Гобсон,*** **28—9-беттер, Африканың 2 картасын қосады, 1873 және 1902 жылдар, оны бөлісудің өсе түскендігін айқын көрсетеді).**

34-бет: ***Барлық құнға проценттік қатынас:***

37-бет

Орта есеппен бір жылда	Великобританияға әкелінгені: Шет мемлекеттерден	Британ иеліктерінен	Великобританиядан шығарылғаны: Шет мемлекеттерге	Британ иеліктеріне	Төрт жыл бойынша орта есеппен	Отарларға Великобританиядан әкелінгенінің проценттік қатынасы	etc. дан Великобританияға шығарылғанының проценттік қатынасы
					1856—59	46.5	57.1
1855—59	76.5	23.5	68.5	31.5	60—63	41.0	65.4
60—64	71.2		66.6		64—67	38.9	57.6
65—69	76.0		72.4		68—71	39.8	53.5
70—74	78.0		74.4		72—75	43.6	54.0
75—79	77.9		66.9		76—79	41.7	50.3
80—84	76.5		65.5		80—83	42.8	48.1
85—89	77.1		65.5		84—87	38.5	43.0
90—94	77.1		67.6		88—91	36.3	39.7
95—99	78.6		66.0		92—95	32.4	36.6
					96—99	32.5	34.9

38-бет. 1901 жылдікі, декабрьмен аяқталады:

(млн. фунт стерлинг)	Әкелу	%	Шығару	%
Шет мемлекеттер	417.615	= 80	178.450	= 63.5
Британ Индиясы	38.001	= 7	39.753	= 14
Австралазия	34.682	= 7	26.932	= 9.5
Канада	19.775	= 4	7.797	= 3
Британ Оңтүстік Африкасы	5.155	= 1	17.006	= 6
Басқа британ иеліктері	7.082	= 1	10.561	= 4
	522.310	= 100	280.490	= 100

* Гобсонда осылай. 1868 жыл болуға тиіс. *Ред.*

39-бет. Империяның Великобританиямен саудасы (мың есебімен):

Орта есеппен бір жылда		Барлық әкелінгені ф.стерл.	Британиядан әкелінгені	Британияға әкелу %	Барлық шығарылғаны ф.стерл.	Британияға шығарылғаны ф.стерл.	Британияға шығару %
1867—71	Индия	45 818	31 707	69.2	56 532	29 738	52.6
	Өзін өзі басқаратын отарлар	42 612	24 502	57.5	42 386	23 476	55.4
	Басқа отарлар	23 161	7 955	34.3	23 051	10 698	46.4
1892—96	Индия	52 577	37 811	71.9	68 250	22 656	33.2
	Өзін өзі басқаратын отарлар	74 572	44 133	59.2	83 528	58 714	70.3
	Басқа отарлар	39 835	10 443	26.2	36 626	10 987	29.3

Проф. Флакстен алынған: «Жалау және сауда», «Journal of the Royal Statistical Society», сентябрь, 1899, LXII том, 496—498-беттер.

48-бет. «Британиядан шыққан бүкіл эмиграция халықтың аз ғана бөлігі; бұл бөлік империалистік экспансияның соңғы жылдарында едәуір азайды. Британ иеліктеріне аз-ғана эмигранттар орналасады, ал жаңа империализм кезінде иеленген елдерде олардың проценті мүлде мардымсыз»...

1884 жылдан бастап эмиграция цифры кеми береді*:
1884... 242 179 (оның ішінде 155 280 Қ. Штаттарда) және оның үстіне иммиграцияны шығарып тастау керек!!
1900... 168 825 (оның ішінде 102 797 Қ. Штаттарда) ((49-бет)) (автор жылма-жылғы цифрларды толығырақ келтіреді).

58-бет. (М-р Мэлхоллдың есептеуі бойынша) 1862 жылдан бастап шетелдерге және отарларға орналастырған ағылшын капиталының мөлшері және оның өсуі:

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 442-бет. *Ред.*

Жыл	Сома ф. стерл.	Жыл сайын артуы %% есебімен	Англия (миллиард франк)	Франция	Германия
1862	144 000 000	...	3.6	—	—
1872	600 000 000	45.6	15	10 (1869)	—
1882	875 000 000	27.5	22	(1880) 15	?
1893	1 698 000 000	74.8	42	(1890) 20	
				27 (1902)	12.5 (1902)
				40 (1910)	35 (1910)
1914	4 000 000 000		(75—100 (1914))	60 (1914)	44 (1914)*

59-бет. «1893 жылы Британияның шетелдердс
15% ||| орналастырған капиталы Біріккен Корольдіктің барлық байлығының 15 процентіне жуық болды. Бұл капиталдың жартысына жуығы (770 млн. фунт стерлинг) шетелдердің және отарлардың үкіметтеріне берілген заем түрінде орналастырылды; қалған соманың көп бөлігі темір жолдарға, банктерге, телеграфтарға және үкіметтердің қарауындағы немесе олардың бақылауындағы, немесе күшті ықпалындағы басқа қоғамдық пайдалану кәсіпорындарына салынды, ал қалғанының ең көбі
(*) жерге, рудниктерге немесе жермен тікелей байланысы бар өнеркәсіпке орналастырылды»**.

Сэр Р. Гиффеннің есептеп шығаруы бойынша 1 698 000 000 цифры шындықтағысынан төмен деп саналуға тиіс.

(*) 59-бет. Орналастырылған капитал: шетелдік заемдар — 525 млн. ф. ст., отарлық заемдар — 225, муниципалдық — 20, ал барлық заемдар = 770 млн. фунт. Темір жолдар: Америка Құрама Штаттарынікі — 120 млн. фунт; отарлық — 140 және әр түрлі — 128; барлық темір жолдар — 388 млн. фунт. Басқа банктер = 50 млн. фунт; жер = 100 млн. фунт; рудниктер etc. = 390 млн. фунт.

$$\Sigma = \left.\begin{array}{r} 770 \\ 388 \\ 540 \end{array}\right\} 1698$$

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 395—396-беттер.. *Ред.*

** Бұл да сонда, 435-бет. *Ред.*

60-бет. «Великобританияның қазіргі кездегі сыртқы саясаты ең алдымен *капитал орналастыру үшін тиімді рыноктар табу жолындағы күрес* десек, асырып айтқандық болмайды». NB

62—63-беттер. «Борыштардың үлкен бөлігі демесек те, көбі «қоғамдық» борыштар, ал кредит әрқашан да дерлік жеке адамдікі...

Салық төлеушілерге соншалық қымбатқа түсетін және өнеркәсіпші мен саудагер үшін онша маңызды бола қоймайтын агрессиялық империализм,... *дегеніміз өз капиталын жұмсайтын жер іздеген капиталист үшін мол пайда табудың көзі болады*...

Сэр Р. Гиффен[1] Великобританияның бүкіл сыртқы және отарлық саудадан, шеттен әкелгені мен шетке шығарғанынан алатын барлық жылдық табысын 800 млн. фунт стерлингтік бүкіл айналымына $2^1/_2$ проценттен келеді деп есептеп, 1899 жылы 18 млн. фунт стерлинг болды деп белгілейді». Бұл сома қаншама зор болса да, Великобританияның агрессиялық империализмін түсіндіре алмайды. Оны «жұмсалған капиталдан түскен таза табыс болып отырған 90 не 100 млн. фунт стерлинг сома түсіндіреді»*.

18 млн.

versus

90 млн.

[1] «Journal of the Royal Statistical Society», LXII том, 9-бет.

Инвесторлар өз капиталын орналастыратын елдердің саяси жағдайларымен байланысты туатын қауіпті азайтуға мүдделі. *«Капиталистердің капитал орналастыратын және жалпы алғанда жалдаптық жасайтын категориялары* да Великобританияның капиталды тиімді орналастыру және жалдаптық жасау үшін жаңа аудандар болуын қамтамасыз ету мақсатында басқа бөтен территорияларды өз туының астына алғанын тілейді». NB

63-бет. «Егер инвестордың ерекше мүдделері

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 436-бет. *Ред.*

қоғамдық мүдделермен соқтығысып, қатерлі саясатқа әкеп ұрындыратын болса, опда капитал орналастыруда басты әрекет етуші ретіндегі финансистің айрықша мүдделері онан да бетер қауіпті болып табылады. Қатардағы инвесторлардың көпшілігі экономикалық жағынан да, саяси жағынан да ірі финанс фирмаларының қолындағы қолшоқпары болып қана қызмет етеді, ал финанс фирмалары фондылар мен акцияларды көбінесе өздеріне процент келтіретін қаржы ретінде пайдаланбай, *ақша* рыногында *жалдаптық* жасайтын зат ретінде пайдаланады».

NB

68-бет. «Империализмнің пайдасына әрекет жасайтын нақты экономикалық күштер осындай: саудамен, өнеркәсіппен және әр түрлі кәсіптермен шұғылданатын, әскери және азаматтық қызметтердің кеңеюінен, соғыс операцияларына жұмсалған қаржылардан, жаңа территорияларды игеріп, олармен сауда жасаудан, бұл операциялар керек ететін жаңа капиталдарды жұмылдырудан тиімді жұмыстар мен табысты лауазымдар іздейтін адамдардың өзара байланысы нашар үлкен тобы — міне бұлардың бәрі де өздерінің орталық басшы күші мен бағыт беретін күшін *өздерінің бәріне ортақ финансистің қуатынан табады.* («Финанс капиталы».)

72-бет. Франция мен Германия басып алған рыноктардың Англия үшін жабылуы нәтижесінде Англия өз рыноктарын олар үшін жауып тастайды. «Жас шағында еркін сауда доктринасымен тәрбиеленген саясатшылардың «ескі тобын» империализм сілкіп түсіргенде, ол империалистік саясатты жұмырлай түсу үшін керекті протекционизмді ашықтан-ашық игереді» (72—73)...

78-бет. Фабрикант пен саудагер басқа ұлттармен сауда жүргізгенін қанағат етеді, ал капитал вкладчиктері болса «өздерінің жалдаптық қаржысы өте-мөте көп жұмсалған елдерді саяси жағынан аннексиялап алуға» бар күшін салып ұмтылады.

Капиталды орналастыру елдің сауда жүргізуіне жаңа рыноктар ашып, «ағылшын кәсіпкерлігі үшін жұмыс» тауып беріп, оған пайда келтіреді. «Империялық экспансиядан» бас тарту дүние жүзін басқа ұлттарға беріп жі-

беру деген сөз. «Сөйтіп империализм дегеніміз ерікті түрде таңдап алынған жол емес, қажеттілік болып шығады» (=**империалистердің пайымдауы**)...

80—81-беттер (трестер). Еркін бәсеке әрқашан да «артық өндірумен» қатар жүріп отырды, мұның бағаны төмендетіп жібергені соншалық — бұл жағдай неғұрлым әлсіз бәсекелестерді бәсеке майданынан тайдырып отырды. Трест құрудағы бірінші қадам өте-мөте нашар жабдықталған және нашар орналасқан фабрикаларды жабу, ең жетілген машиналарды ғана пайдалану жолымен өндіріс шығындарын кеміту болды.

«Өнеркәсіптің «трестерге» шоғырлануы бір мезгілде әрі тиімді қолданылуы мүмкін капитал мөлшерін тежейді, әрі табыстардың жаңа қорлар мен жаңа капитал шығатын бөлігін арттырады». Трест артық өндіруге, өндірістің белгілі бір саласына капиталды тым көп жұмсауға қарсы құрал ретінде туады, сондықтан треске қатысушылар іске қосқысы келетін барлық капиталын трест шеңберінде түгел жұмсай алмайды. Капиталдың артығын трестер «өнеркәсіптің басқа салаларында нақ сондай ұйымдар құру үшін жұмсауға тырысады, сөйтіп капиталды бұрынғыдан да көп үнемдей түседі де, жай вкладшылардың өздерінің қаржыларына орын табуын барған сайын қиындата береді».

82—4-беттер. Американың ішкі рыногы толып болған, енді капиталдың жұмсалатын жері қалмай отыр.

«Өнеркәсіп бұйымдары үшін және инвестициялар үшін шетел рыноктарын нақ осылайша кенеттен керексінушілік *империализмді* республикалық партияның саяси принцип және саяси практика ретінде *қабылдауының* айқын себебі болды, өйткені өнеркәсіп пен финанс шонжарлары осы республикалық партияға жатады, ал партияның өзі солардың партиясы. Президент Рузвельттің және оның «айқын мақсат» пен «цивилизаторлық миссия» партиясының авантюристік энтузиазмы бізді адастырмауға тиіс. *Империализм Рокфеллер,* Пирпонт Морган, Ганна, Швоб *мистерлерге* және олардың сыбайластарына *керек,* міне солар оны Батыстың ұлы республикасының иығына артып отыр. Оларға империализм керек, өйткені олар капиталдарын тиімді орналастыру үшін өз елінің мемлекеттік ре- NB

сурстарын пайдаланғысы келеді, әйтпеген күнде капиталдары басы артық болып қалар еді.

Әрине, бір елмен сауда жасау үшін немесе оған өз капиталын орналастыру үшін ол елді иеленудің қажеті жоқ, сондықтан Құрама Штаттар өздерінің басы артық товарлары мен капиталдары үшін европалық мемлекеттерден, күмән жоқ, кейбір құтқарар амал таба алар еді. Бірақ бұл елдер көп реттерде өздерін өздері жабдықтай алады: бұлардың көпшілігі фабрикаттарды сырттан әкелуге қарсы тариф белгіледі, өзін өзі қорғау мақсатында тіпті Великобритания да протекционизмге қайта оралуға мәжбүр болды. Американың ірі өнеркәсіпшілері мен финансистері неғұрлым тиімді мүмкіншіліктерді іздестіруде өздерінің назарларын Қытайға, Тынық мұхитқа, Оңтүстік Америкаға аударуға мәжбүр болады. Сенімі жағынан да, практикада да протекционистер болған олар бұл рыноктарға мүмкін болғанынша неғұрлым толық монополия жасауға тырысады, ал Германияның, Англияның және сауда жүргізетін басқа елдердің бақталастығы оларды өздері үшін неғұрлым бағалы рыноктармен ерекше саяси қарым-қатынас жасауға итермелейді. Куба, Филиппины және Гавайя—бұлар неғұрлым мол асқа тәбетін қоздыру үшін тек «дәм тату» ғана ғой. Оның үстіне, өнеркәсіп пен финанс алпауыттарының саясатқа күшті ықпал жасауы айрықша стимул береді, ал мұның күші, біздің көрсеткеніміздей, Великобританияда және барлық жерде білініп отыр. Империалистік шараларды жүзеге асырудағы мемлекеттік шығындар заемдар беретін финансистер ретінде, субсидия алатын кеме жасаушылар мен кеме NB иелері ретінде, империализмге қару-жарақ пен басқа да жабдық жеткізіп беретін жабдықтаушылар мен фабриканттар ретінде әрекет жасайтын бұл адамдар үшін пайда табудың ұшан-теңіз көзі болмақ».

86-бет. Өндірістің жетілдірілген әдісін енгізуге, меншік пен бақылау ісінің шоғырлануына қарай, капиталистер «өздерінің экономикалық ресурстарын тиімді түрде пайдалану» ісінде барған сайын үлкен қиыншылықтарға кездеседі, «сондықтан олар алыстағы бір мешеу елді аннексиялау немесе протекторат NB ету жолымен өздерінің жеке иемденуін қамтамасыз

ету үшін өз үкіметтерін пайдалануға барған сайын көбірек бой ұра түседі».

Алғаш қарағанда өндіргіш күштер мен капитал тұтынудан асып түскен және өз елінде қолданыла алмайтын сияқты болып көрінеді. Империализмнің түп-тамыры осында деседі. Бірақ... «*егер* белгілі бір елдің *тұтынушылары* өндіргіш күштердің өсуіне сәйкес өздерінің тұтыну нормасын арттырса, онда рыноктар табу үшін империализмге бой ұру қажет деп шу көтеретін товардың немесе капиталдың артылып қалуы болмас еді».

ха-ха!! империализмді мещандық тұрғыдан сынаудың нақ өзі

89-бет. «Қазіргі замапгы машиналардың жетіле түсуінің арқасында өнім мөлшері үздіксіз өсіп отырды». Байлықты халық және байлардың аз тобы тұтына алады. Халық тұтынуының шегін жалақының дәрежесі белгілейді. Байлардың саны аз болғандықтан, олардың өздерінің тұтынуы өте көп өнімді сіңіре алмайды. «Байлар артық өндіруді болдырмауға жеткілікті болатындай мөлшерде шығын жұмсауға келгенде ешқашан да аңдағыш болмақшы емес». Өндірістің басты бөлігі «қорлануға» бағытталады. Өнімнің бұл аса зор бөлігін әкететін тасқынның «онан әрі кеңеюге күтпеген жерден қабілетсіз болып шығуы былай тұрсын, сонымен қатар бөгеле бастайтын тәрізді».

91-бет. «Сөйтіп, біз *империализм дегеніміз* өнеркәсіптің ірі билеп-төстеушілерінің өз жерінде сата алмайтын және пайдалана алмайтын товарлары мен капиталдарын орналастыру үшін шетел рыноктары мен *шетел инвестицияларын* іздестіру жолымен өздерінің басы артық байлықтары тасқынының арнасын кеңейтуге ұмтылуы деген қорытындыға келеміз.

Дамып келе жатқан өнеркәсіпке қажетті жол ретінде империалистік экспансияның *сөзсіз болатындығы туралы ұйғарындының қателігі* қазір айқын. Жаңа рыноктар мен капитал орналастырылатын жаңа сфералардың ашылуын *өнеркәсіптің дамуы* керек

империализмнің сөзсіз болатындығы

салыстыр: К. Каутский

етіп отырған жоқ, *қайта* өнімдер мен капиталдарды елдің өз ішінде сіңіруге кедергі жасайтын тұтыну қабілеттілігінің **н а ш а р б ө л і н у і** керек етіп отыр».

салыстыр: К. Каутский

94-бет. «Жаңадан шетел рыноктарын ашудың қажеті жоқ: ішкі рыноктар тежеусіз кеңейе беруге қабілетті».

96-бет. «Сөйтіп, тред-юнионизм мен социализм — империализмнің табиғи жаулары, өйткені олар империализмнің экономикалық демеуі болып отырған табыстардың басы артығын «империалистік» таптардан тартып алады».

100-бет. «Империализм дегеніміз, біздің көріп отырғанымыздай, өз елдерінен тыс жерлерде капиталистерге экономикалық тиімділіктерді қамтамасыз ету үшін үкіметтік аппаратты жеке, көбінесе капиталистік, мүдделерге пайдалану болып табылады».

«1870—75 жылдары *636* 000 000 фунт стерлинг болған біздің *с ы р т қ ы с а у д а н ы ң* орташа жылдық құны 1895—98 жылдардың ішінде *737* 000 000 фунт стерлингке дейін өсті. Ал бұл уақыттың ішінде мемлекеттік шығыпдар орта есеппен 63 160 000 фунттан 94 450 000 фунтқа дейін артты. Шығын бүкіл *ұ л т т ы қ т а б ы с т а н* гөрі тез өсті; статистиктердің шамамен бағалауына қарағанда, ұлттық табыс бұл уақыттың ішінде шамамен *1 2 0 0* 000 000-нан *1 7 0 0* 000 000 фунт стерлингке дейін артты».

101—2-беттер. «Ш и р е к ғасырдан аз ғана артық уақыттың ішінде армия мен флотқа жұмсалған шығындардың *25* млн. фунт стерлингтен *60* млн. фунт стерлингке дейін бұлай өсуі империалистік финанстың аса маңызды фактісі болып табылады. Өзіміз көрсеткендей, империализмнің экономикалық өзегі болып табылатын финанс, өнеркәсіп және кәсіптік топтары өздерінің саяси құдіреттілігін капиталдарын неғұрлым тиімді орналастыру, капитал жұмсайтын жаңа сфералар ашу мақсатымен және өздерінің товарларының басы артығын өткізу үшін пайдалы рыноктар табу мақсатымен бұл соманы халықтан қағып алуға пайдаланды. Сонымен қатар осы мақсаттарға жұмсалған мемлекеттік қаржылардан олар пайдалы *п о д р я д т а р*, табысты немесе құрметті *л а у а з ы м д а р* түрінде *ө з д е р і н е б а с қ а д а к ө п т е г е н п а й д а* түсіреді.

103-бет. «Осы *нағыз паразиттік саясатқа* бағыт беріп отырғандар — капиталистер; бірақ нақ сол себептер **жұмысшылардың арнаулы разрядтарына** да әсерін тигізіп отыр. Көптеген қалаларда өнеркәсіптің ең маңызды салалары үкімет заказдарына тәуелді; металлургия мен кеме жасау өнеркәсібі орталықтарындағы империализмнің осы фактілерге тәуелділігінің дәрежесі одан аз емес»*.

114-бет. «Империализм жолына қазірдің өзінде түскен немесе енді ғана түсіп келе жатқан, оның бер жағында *патриотизм, цивилизация, т. с. бет пердесімен бүркелген экономикалық мүдделері* мүлде қат-қабат келіп отырған басқа елдерде протекционизм дәстүрлі финанс саясаты болды; тек оның шеңберін кеңейтіп, керекті арнаға бағыттау ғана қалған-ды».

115-бет. «Екі ел де (*) *қарызға ақша беріп,* өздерін империалистер және патриоттар етіп көрсететін адамдар табының ықпалына барған сайын көбірек түсетін болады».

120-бет. «Британ аралдарынан тысқары жерлерде тұратын 367 млн. британ азаматтарының он миллиондайының ғана, ягни, басқа сөзбен айтқанда, не бары отыз жетіден бір бөлігінің ғана заң шығару және әкімшілік жөнінде азды-көпті *шын өзін өзі басқарушылығы* бар». !! 1/37

121-бет. «Біздің кейбір негүрлым ескі мемлекеттік отарларымыздың басқару ісінде *өкілдік бастама* бар. Әкімшілік өкімет түгелімен мемлекет тағайындаған губернатордың қолында тұрғанда, оның жанында ол тағайындайтын советі болады, отардың халқы заң шығару жиналысының бір *бөлегін* сайлайды...

Бұл отарларда өкілдік элемент өзінің көлемі және ықпалы жағынан едәуір өзгеше, бірақ *ол саны жағынан сайланбайтын элементтен еш жерде де артық болмайды.* Сөйтіп, ол көбінесе шын мәнісінде заң шығарушы фактор болуынан гөрі *кеңесші* фактор болып табылады. Сайланып қойылатын мүшелердің сайланбай қойылатын мүшелер-

---

NB||(*) ягни *Великобритания* мен *Құрама Штаттар.*||

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 437—438-беттер. *Ред.*

ден сан жағынан әрқашан да кем болатыны былай тұрсын, *сонымен қатар барлық реттерде де отарлар министрлігі* жиналыстар қабылдайтын шаралар жөнінде *вето правосымен еркін пайдаланады*. Бұған қосуға тура келетін тағы бір жағдай — барлық реттерде дерлік сайлау правосы *айтарлықтай үлкен мүлік цензісімен* байланысты, бұл ценз түсті халықтарға сайлау правосын елдегі өздерінің саны мен маңызына сәйкес келетін дәрежеде жүзеге асыруға кедергі жасайды».

131-бет. «Қысқасын айтқанда, *жаңа империализм британ деспотизмінің қол астындағы территорияны кеңейтті*, біздің азған демократиялық өтарларымыздың қолы жеткен халықтың өсуі мен шын бостандықтарды әлдеқайда басып озды.

Ол британ бостандығын және біздің басқару әдістерімізді таратуға көмектеспеді. Біз тегі өзіміз аннексиялаған елдер мен халықтарды басқаратын болғандықтан, біз оларды *ашықтан-ашық автократиялық әдістермен* басқарамыз, бұл әдістер көбінесе Даунинг-стриттен ұсынылып отырады, ал бірсыпырасы өзін өзі басқаратын отарлардың аннексиялауына рұқсат берілген реттерде отарлық басқару орталықтарынан ұсынылады».

133-бет. «Әрқашан да *арсыз өтірік* болып келген *британ бейбітшілігі* соңғы жылдары шектен шыққан екіжүзділікке айналды. Индиядағы, Батыс Африкадағы, Судандағы, Угандадағы, Родезиядағы біздің шекараларымызда *соғыс тоқтап көрген жоқ деуге болады*».

134-бет. «Біздің экономикалық талдауымыз мына фактіні көрсетіп отыр: *тек қана* өзара бәсекелесуші *пайдакүнем сұрқиялардың* — инвесторлардың, жабдықтаушылардың, *экспортқа жұмыс істейтін* өнеркәсіпшілердің және белгілі кәсіптік топтарының мүдделері бір-біріне қарама-қарсы; бұл сұрқиялар өкімет билігі мен халық дауысын *заңсыз иемденіп*, халық қаражатын өздерінің жеке бастарының істерін жөндеуге жұмсайды, сөйтіп шындығында ешқандай негізі жоқ *ұлттық* антагонизмдерді *ойдан*

шығарып осы зор жойқын соғыс ойранына халықтың қаны мен ақшасын судай шашады».

135—136-беттер. «Егер біз 1870 жылдан бері қарай басып алғандарымыздың *бәрін өзімізде ұстап қалғымыз* келсе және Африка мен Азияда территориялар мен ықпал жасау сферасын одан әрі бөлісу ісінде жас өнеркәсіптік ұлттармен жарысқа түскіміз келсе, онда *біз соғысуға әзір тұруға тиістіміз.* Бақталас империялардың Оңтүстік Африка соғысы кезінде ашық көрінген жаулығы бүкіл дүние жүзінде территориялар мен рыноктарды *аннексиялау ісінде* бұл бақталастарды біздің басып озуымызға көмектескен және әлі де *басып озуды* көздейтін саясаттан туғаны анық».

143—144-беттер. ««Цивилизациялы» қарумен қаруланған, «цивилизациялы» офицерлердің басшылығымен, «цивилизациялы» әдістермен қатаң үйретілген жергілікті халықтан үлкен армиялардың құрылуы *ұлы шығыс империяларының, ал содан соң Рим империясының да дамуының соңғы кезеңінің* сипатты белгілерінің бірі болды. Бұл армиялардың құрылуы *паразитизм* ойлап шығарған *аса қауіпті туындылардың* бірі еді, сонық арқасында метрополияның халқы өзінің өмірі мен мүліктеріп қорғау ісін атақ құмар проконсулдар басқаратын «бағындырылған тайпалардың» сенімсіз қолына беріп отыр.

Империализм *соқырлығының* негұрлым ғажап белгілерінің бірі — *Великобританияның, Францияның және басқа империалистік* ұлттардың осы жолға түсуіндегі бейқамдығы. Великобритания бәрінен де асып түсті. *Индиялық империямызды жеңіп алғандағы шайқастардың көбін жергілікті* халықтардан құрылған әскерлеріміз жүргізді; соңғы уақытта Египетте болғанындай, Индияда *үлкен-үлкен тұрақты армияларды* британдар басқарып отыр; Африканың *оңтүстік* бөлегінен *басқасын* тізе бүктірген соғыстың барлығын дерлік біз үшін жергілікті халықтар жүргізді»*.

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 438-бет. *Ред.*

151-бет. «*Либералдық* партия практика жүзіндегі саясат факторы ретінде Германияда, Францияда және Италияда *не жойылып кетті,* не дәрменсіздікке ұшырады. Англияда қазір бұл партияның бостандықтың негізгі принциптеріне ашықтан-ашық және өрескел опасыздық жасағаны әшкереленді және ол өзіне принциптердің орнына жүретін программаларды дәрменсіздікпен іздеуде. ...Империализм алдында бұлай тізе бүгу !! ха-ха!! олардың либерализм ісінен дәулетті және жалдап таптардың экономикалық мүдделерін артық санайтынын көрсетеді, ал олардың басшыларының көпшілігі осы таптардың адамдары».

157-бет. «Парламентаризмнің *осы жалпы құлдырауының* арасында «партиялық система» анық *күйреуде,* өйткені ол система ішкі саясат мәселелеріндегі алауыздықтардың негізінде өсті, ***империализмнің*** *талаптары мен күштеріне* қарағанда бұл алауыздықтардың маңызы ***шамалы***».

158—159-беттер. «*Реакцияның* болуы мүмкін ғана емес, сонымен қатар ***сөзсіз*** де. Өйткені біздің империяның деспоттық жолмен басқарылатын бөлегі территория жағынан біртіндеп ұлғая түсті, біздің ***мемлекеттің отарларымыздың,*** протектораттарымыздың және Индия империясының солдаттары мен азаматтық чиновниктері ретінде, *самодержавиенің салт-санасы мен әдістеріне* сәйкес тәрбие алған адамдардың Англияға қайтып келуі біртіндеп көбейе түсті; бұларға ол жақта әдеттегі европалық қоғамның жамандықтан сақтандыратын жақсы ережелерінің бәрінен махрұм жасанды тұрмыспен өмір сүрген адамдардың *жоғарғы кастасын* құраған толып жатқан *көпестер,* плантаторлар, инженерлер және ***бақылаушылар*** қосылды; бұл адамдардың бәрі *сол жат жағдайда тәрбиеленген салт-саналарын, ой-сезімдерін* өздерімен бірге ала келді».

II тарау (162—206) — бляга. **«Империализмді ғылыми жолмен қорғау» деп аталып, империализмді дарвиндік «биологиялық», т. с. «ғылыми тұрғыдан ақтаушылықты» «ғылыми жолмен» (іс жүзінде пасық-либералдық жолмен) теріске шығаруға арналған.**

204—205-беттер. «Егер *еуропалық ұлттар* мен олардың отарларының өзара ішкі жанжалдарын болдырмауға қабілетті *федерациялық мемлекеттік құрылыс* мүмкін деп ойласақ, онда христиан халықтарының бұл бейбітшілігіне *«төменгі нәсілдер»*—қара және сары нәсілділер үнемі *қауіп туғызатын* болады, бұлар «цивилизациялы халықтар» қалдырып кеткен қаруды иеленіп, соғыс техникасын меңгереді де, кезінде неғұрлым жабайы еуропалық және азиялық тайпалар Рим империясын қалай қиратқан болса, бұлар да өздерінің варварлық шапқыншылығымен христиан халықтарын дәл солай қирата алады». || бейбітшілік және отарлар

Ескі империялардың күшін әлсіреткен 2 себеп: (1) «экономикалық паразитизм»; (2) бөтен ел адамдарынан құралған әскерлерді пайдалану*.

205-бет. «Біріншісі экономикалық паразитизмнің салты, ол салт бойынша үстем мемлекет өзінің билеуші табын байыту үшін және *қобалжымасын деп өздерінің төменгі таптарын сатып алу үшін* өзінің провинцияларын, отарларын және тәуелді елдерді пайдаланады»**. || NB

205—206-беттер. «Ессіздік пен кемістіктің мұндай қатерлі ұштасуы өткен кезде әрқашан да империялардың құлауына себеп болып отырды. Бұл ұштасу еуропалық халықтардың федерациясы үшін де қатерлі болар ма екен?

Егер олардың коллективтік күші сол *паразиттік мақсаттарға* пайдаланылатын болса, егер ақ *нәсілділер өте-мөте ауыр түрдегі еңбектен өзін босатып,* «ТӨМЕНГІ НӘСІЛДІЛЕРДІ» ҚАНАУ АРҚЫЛЫ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК АРИСТОКРАТИЯ РЕТІНДЕ ӨМІР СҮРЕТІН БОЛСА, сонымен қатар дүние жүзінде тәртіп сақтауды *нақ осы нәсілдер өкілдерінің* қолдарына барған сайын бере түсетін болса, солай болатындығы айқын». || NB NB

207-бет. «Қазіргі заманғы (NB ұғым) империализмнің іс жүзіндегі тарихына талдау жасау империализмді туғызатын экономикалық және саяси

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 438-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда. *Ред.*

күштердің ұштасуын ашып берді. Бұл күштер империялық экспансия саясатынан өз бастарына тиімділік іздейтін және дәл осы саясатты өздерінің экономикалық, саяси және әлеуметтік пұрсаттылықтарын демократияның қысым жасауынан қорғау үшін пайдаланатын белгілі өнеркәсіптік, ***финанстық*** және кәсіптік топтардың ***өзімшілдік*** мүдделерінен келіп шығады».

!! (margin)

210—211-беттер (2-ескерту). «Дәлелдемелерді *айлакерлікпен пайдаланушылықтың* тәжірибелі саяси ойшылдың өзін қаншалық қатты адастырып жіберетінін профессор Гиддингстің *таңданарлық* дәлелінің мысалынан аңғаруға болады, ол басқарудың шарты ретінде *«басқарылатындардың келісімі»* туралы айта келіп, былай дейді: «егер тағы халық негұрлым цивилизациялы мемлекеттің өкімет билігін қабылдауға зорлықпен көндірілсе, онда бұл зорлықтың заңдылығына немесе әділетсіздігіне осы өкімет билігін орнатуда әлгі халықтың берген келісімі немесе оның көрсеткен қарсылығы тіпті де дәлел болмайды, қайта үкіметтің өз қол астындағы халықты негұрлым жоғары тұрмыс дәрежесіне көтеру үшін не істей алатындығымен тәжірибе жүзінде толық танысып, істелгендердің бәріне түсінетіндердің *еркін және ақылға сыйымды келісімін беруінің қаншалықты мүмкін екендігі* ғана дәлел болады» (*«Империя және демократия»*, 265-бет). Профессор Гиддингс, сірә, мыналарды ескермей отырған сияқты: кертартпа келісімнің осы *қызғылықты* доктринасының бүкіл *этикалық* күші *еркін және ақылға сыйымды келісімнің білдірілу мүмкіндігінің дәрежесі жайындағы пікір білдіру* әрекетіне негізделген, сондықтан оның доктринасы бұл пікірдің жүйелі және әділ болатындығы жөнінде ешқандай кепілдік бермейді және бұл доктрина іс жүзінде қайсыбір халықтың цивилизацияшылдық жұмыс жөнінен өзіне-өзі теліп жүрген артықшылық пен мамандықтың негізінде басқа бір КЕЗ КЕЛГЕН ХАЛЫҚТЫҢ ТЕРРИТОРИЯСЫН БАСЫП АЛЫП, БАСҚАРУЫНА ПРАВО БЕРЕДІ».

Margin notes: «өзін өзі билеу» туралы мәселе жөнінде; !!; !!; этикалық социалист[38]

212—213-беттер **(империализмді «христиандық» миссионерлік қызметпен қорғаушыларға жауап)**: «Нәтижелердің екі жиынтығын біз қандай әдіспен теңдестіре аламыз? *цивилизация мен христиандықтың салмағы қанша және өнеркәсіп пен сауданың салмағы қанша?* Сірә, жауап беруді керек ететін қызғылықты сұрақтар міне осындай».

жақсы айтылған!!

214-бет. «Ол» **(лорд Хью Сесиль 1900 жылғы 4 майда «Інжілді насихаттау қоғамында» сөйлеген сөзінде (!!!))** «миссионерлік істің маңыздылығын өз санамызда көтермелеу жолымен біз империализм рухын белгілі дәрежеде *қасиетті етеміз* деп ойлайды».

сөз-ақ!

224-бет. «Біздің көргеніміздей, елдің шағын, жігерлі және жақсы ұйымдасқан топтарының тікелей тура материалдық мүдделеріне дем беріп отырған *ф и н а н с т ы қ ж ә н е ө н е р к ә с і п т і к с ы л т а у л а р* қысымы *б ү к і л п р о ц е с т і ң бақылаушы және жетекші күші* болып табылады».

«финанс капиталы»

((Бур соғысы кезіндегідей, көлденеңнен, алыстан қарап, қоздыра түсеңі[39]))

227—228-беттер. «Джингоизм—көрерменнің әйтеуір бір өзіндік күш-жігерімен, тәуекелімен немесе құрбандыққа баруымен ардақталмаған сұқтанушылығы ғана, көрермен болғанда өз бауырларының қатерге ұшырауынан, азап шегуінен және қырылуынан ләззат алатын, өзі білмейтін бауырларын, бірақ жек көрушілік пен өшпенділіктің көзсіз, жасанды желікпе қызбалығымен әуейіленіп, оларды құртуды көксейтін көрерменнің сұқтанушылығы ғана. *Джингоист* күрестің қауіп-қатеріне, көзсіз ашу-ызасына түгелімен берілген. Жорықтың қиыншылығы, адамды жалықтыратын бір сарындылығы, аңысын аңдаудың ұзақ кезеңдері, арып-ашушылық, ұзақ науқанның жан күйзелтушілігі — осының бәрі оның қиялында ешқандай роль ат-

қармайды; соғысты ардақтайтын сэттер, жұрттың бэріне ортақ қатерден туған тамаша жолдастық сезім, тэртіп пен өз бас пайдасынан безушіліктің жемістері, ерлігін мойындауға тура келетін, өзі сияқты кісі екені бірте-бірте сезілетін жау адамның жеке басын құрметтеу—*шын соғыстың адамды жұмсартатын осындай жайттарының бэрі — джингоистің сезіміне мүлде түсініксіз нэрселер.* Нақ осы себептен бейбітшіліктің кейбір достары милитаризм мен соғысты тежеп отырған аса құдіретті екі фактор — эскери қызмет атқарудың барлық азаматтарға міндеттілігі мен басып кірудің бастан өткізген тэжірибесі дейді.

соны пікір!

...ДЖИНГОИЗМНІҢ КӨЗ ҚҰМАРЛЫҒЫ *империализмнің аса елеулі факторы* болып табылатындығы эбден айқын. Қалың бұқара арасында осы құмарлықты қоздыру мақсатымен соғысты, сол сияқты *империалистік экспансияның бүкіл саясатын* жалған бояумен эсірелеп көрсету империалистік сойқандардың *нағыз ұйымдастырушыларының — не істегісі келетінін және оған қалай жетуді білетін пайдакүнемдер мен саяси қайраткерлердің* шағын *топтарының* эдіс-айлаларында аз орын алмайды.

Соғыс ерлігінің шын немесе алдамшы даңқына, империялар құру жөніндегі тамаша талаптарға мастанған *джингоизм* ЕРЕКШЕ ТҮРДЕГІ ПАТРИОТИЗМНІҢ негізгі ұйтқысына айналады, оны *қандай ессіздікке болсын* немесе *қылмысқа болсын* арандатуға болады».

sic!

232—233-беттер. «Қауіп туғызатын сфера, эрине, империализмнен элдеқайда кең және *материалдық мүдделердің* барлық саласын қамтиды. Ал егер мұның алдындағы тарауларда берілген талдау дұрыс болса, онда *империализм осы мүдделердің алғы шебі болып табылады: финанс* жэне жалдап таптар үшін ол — өздерінің жеке істерін қоғамның есебінен

тындыру; *экспортқа* жұмыс істейтін өнер-кәсіпшілер мен көпестер үшін — *шетелдік* рыноктарды және осыған байланысты протекционизм саясатын күшпен кеңейту; *чиновниктер* мен *кәсіптік* топтар үшін — *құрметті және тиімді қызметке есіктің кең ашылуы; шіркеу* үшін — оның беделінің күшеюі және төменгі тайпалардың қалың бұқарасына рухани бақылау орнату; *саяси олигархия* үшін — *демократия күштерін басқа жаққа аударып жіберудің* бірден-бір шын құралы және империялар құру жөніндегі алдамшы істерде тамаша саяси мансапқа жету перспективасы».

«басқа жаққа аудару»

238-бет. М-р Кидд, профессор Гиддингс және *«фабийлық»* (NB) *империалистер* «тропиктерге «цивилизациялы» ұлттардың бақылау жасауы» қажеттігін *материалдық* қажеттілікпен дәлелдейді. Тропик елдері табиғат байлықтарының *«батыс цивилизациясының тіршілік етуі мен прогресі үшін өмірлік маңызы* бар... Бір жағынан, қоңыржай үйекте халықтың дағдылы өсуінің арқасында, екінші жағынан, материалдық тұрмыс дәрежесінің артуы арқасында қоңыржай климат елдерінің тропик елдеріне бұл тәуелділігі өсіп отыруға тиісті». Тропик елдерінің кең-байтақ жерлері бірден-бірге кен өңделуге тиіс. Оның бер жағында ыстық климаттың жергілікті тұрғындардың бойында дамытатын қасиеттердің арқасында олар прогреске қабілетті болмайды: олар бейқам келеді, олардың керексінуі өспейді. «Жергілікті халықтардың өздері өз еркімен тропиктердің табиғи байлықтарын іске қоспайды» (239). !!

239—240-беттер. «*Біз бұл жерлерді өңдеусіз қалдыра* алмаймыз; бұларды жалпы жұрттың игілігі үшін іске қосудың қамын ойлау біздің борышымыз деседі. Бірақ ақ нәсілді адамдар бұл аймақтарды «отарлай» алмайды және оған қоныстанып, ол жерлердің табиғи байлықтарын өз күштерімен іске қоса алмайды; *олар тек* жергілікті халықтардың еңбегін *ұйымдастырып,* оларға *бақылау жасай алады.* Бұлар осы жолмен жергілікті халықтарды әр түрлі кәсіпке *үйретеді,* сөйтіп оларды !!!

материалдық және моральдық прогреске ұмтылуға талаптандырады, әрбір қоғамда цивилизацияның негізі болған «кереңсінудің» жаңа түрлеріне дағдыландырады.

251-бет. «Қысқасын айтқанда, цивилизациялы ұлтты төменгі нәсілді тәрбиелеуге міндеттендіре алатын нағыз халықаралық совет болмай тұрған кезде, (*) «сенім» болуын талап ету *арсыздықпен жалған атаққа ие болудан* басқа еш нәрсе емес».

(*) !! сенім (отарлар өздерін үйретуге «сенім білдіреді», бұл «істі» метрополияларға сеніп тапсырады) !!

253—254-беттер: Басты-басты европалық державалардың төсі Европадан тыс елдерді қанаушылық болар еді. Европалықтардың Қытайды билеп-төстеуі «христиан дүниесінің немесе оның халықтарының сыртқы саясаты цивилизация туралы қамқорлық жасаумен рухтанады және сонымен белгіленеді дейтін пікірлердің мүлде қисынсыз екенін тарих фактілері негізінде жеткілікті дәрежеде әшкерелейді... *Егер төменгі* нәсілдер жөнінде *әйтеуір бір жалпы халықаралық саясат* жүргізілсе, онда бұл *моральдық сенімнен* тумайды, ***коммерциялық «келісімнен» туады».***

(((Европа Құрама Штаттары туралы мәселе жөнінде!!)))

259—260-беттер. «Оңтүстік Африкадағы ең елеулі және сайып келгенде аса маңызды күрес — Базутолэнд саясаты мен Иоганнесбург, Родезия саясаты арасындағы күрес, өйткені нақ осы күрестен біз «төменгі нәсілге» қамқорлық жасауға, оны тәрбиелеуге және оның өздігінен өркендеуіне өз өмірін арнаған *«дені сау» империализм* мен бұл нәсілдерді «жанды құрал» ретінде, ал олардың жерлерін руданың немесе басқа пайдалы қазыналардың қоймасы ретінде пайдаланатын ақ нәсілді отаршылдардың оларды экономика жағынан қанауға душар ететін *«дені сау емес» империализм* арасындағы айырмашылықты айқын көреміз».

262-бет (ескерту). «Британ протектораты Занзибар !! мен Пембада *құлдық,* алайда, *әлі де болса бар,* ал бұл жағдайды британ соттары да мойындайды»... Азат

ету ісі тым баяу жүргізілуде, бұған көп адамдар мүдделі болып отыр. «Шамамен алғанда Пембадағы 25 000 құлдың әзірге декрет бойынша азат етілгені 5 000-ға жетпейді».

Құлдарды азат ету туралы сұлтанның декреті 1897 жылы шығарылған, ал мына мәлімдеме 1902 жылғы 4 апрельде «Құлдыққа қарсы күрес қоғамы» митингісінде жасалған.	((1897—1902))

264-бет. «Империализмнің нақты тарихы, отаршылдық*тан өзгеше,* бұл тенденцияны» (**жергілікті халықтарға** ***олардың өз*** **жерлерін** ***біздің*** **пайдамыз үшін өңдету тенденциясын**) «айқын көрсетеді».

265-бет. «Дүние жүзі елдерінің көпшілігінде таза немесе айқын ***коммерциялық*** мүдде мен іс-әрекет салты ***империализм*** өсіп шыққан ұйтқыны жасады; алғашқы сауда мекендері өнеркәсіп поселкелеріне айналды; олардың төңірегінде жерге және ***минералдық байлықтарға*** жасалған ***концессиялар*** өсіп шықты; өнеркәсіп поселкесі өзін қорғау үшін, жаңа концессиялар құру үшін, келісімдерді, тәртіпті бұзушылықтың қандайына болса да жол бермеу және жазалау үшін қарулы ***күштерді*** талап етті; басқа мүдделер, саяси және діни мүдделер үлкен маңыз ала бастайды, сөйтіп бұрынғы сауда мекені ***неғұрлым айқын көзге түсетін саяси және әскери сипат*** алады, басқару билігі әдетте ***компанияның қолынан мемлекет қолына*** көшеді, сөйтіп айқын бейнеленбеген протекторат бірте-бірте отар формасына түседі».

270-бет. Жергілікті тұрғындарды өнеркәсіп компанияларының пайдасына зорлап жұмыс істеткізеді; кейде бұл жергілікті тұрғындардан «милиция» ұйымдастыру деген сылтаумен істеледі; бұл «милиция» елді қорғау үшін қызмет атқаратын сияқты көрінеді, бірақ іс жүзінде ол европалық өнеркәсіп компанияларының пайдасына қызмет етуге тиісті. **NB**

272-бет. Жағаға қайық келіп тоқтайды, моншақтармен, сылдырмақ ойыншықтармен көсемді қызықтырып өзіне тартады, ол осы сыйлықтар үшін өзі мағынасына түсінбейтін «шартқа» таңбасын салады. !!

Шартқа елге келген авантюрист, тілмаш қол қойды, сөйтіп бұл ел бұдан былай әлгі адам келген елдің, Францияның немесе Англияның, одақтасы (**отары**) болып есептеледі.

280-бет. Тікелей құлдық жойылған жерлерде, ***салық*** жергілікті адамдарды жұмысқа кіруге мәжбүр ететін құрал болып табылады. «Бұл салықтар кобінесе жергілікті халықтардың қарауындағы жерлерін тартып алу үшін, оларды өз жұмыс күшін сатуға мәжбүр ету үшін, тіпті оларды көтерілістер жасауға мәжбүр ету үшін қолданылады, сөйтіп бұл көтерілістерден кейін жаппай конфискелеу жүргізіледі».

293-бет. «Бірақ өздерінің тар көлемді коммерциялық мүдделерінен әрі еш нәрсені көрмейтін ақ нәсілді фермерлерге немесе рудниктердің ақ нәсілді иелеріне не өздері тәуекел жасап істеген, не отарлық немесе империялық үкіметке қысым жасау жолымен істелген әрекеттердің көмегімен «төменгі нәсілділер» мекендеген территорияларға басып кіріп, оздерінің жеке пайдалары үшін олардың жерін немесе еңбегін иемденуге мүмкіндік беріліп тұрған жағдайда,— ***«дені сау» империализмнің*** бірінші принципі бұзылады, ал *«і з г і е ң б е к к е» ү й р е т у* және «сәби» нәсілдерді ержетіп, есеюге даярлау жөніндегі құрғақ сөздер, мейлі оларды кен өнеркәсібі компанияларының директорлары айтсын, мейлі қауымдар палатасындағы мемлекет қайраткерлері айтсын, бұған қарамастан ол ***екіжүзділіктің*** *арсыздық ү л г і л е р і н е н аз-ақ артық* сөздер. Олар **ФАКТІЛЕРДІ БҰРМАЛАУҒА ЖӘНЕ** шын мәнісінде саясатты белгілейтін **ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ** бұрмалауға негізделген».

295-бет. «Осы төменгі нәсілділер арасындағы ***ақ нәсілділер поселкесінің*** қай-қайсысында болсын *«п а р а з и т и з м»* белгісі бар; басқа сөзбен айтқанда, ақ нәсілді адамдар мен түсті адамдардың арасындағы қарым-қатынас еш жерде де өзара дұрыс көмектесу сипатында болған емес. Батыс өмірінің жақсы формаларын жүзеге асыратын ақ нәсілділердің қалыпты, дұрыс қауымдарының үлгілерін көрсетуге тиісті ақ цивилизацияның ең жақсы қызметтері климат және басқа физикалық жағдайлардан келіп әрқашан дерлік мүмкін болмай шығады. Мұндағы халықты аз білетін және оның қоғамдық

құрылысына аз тілектес еркектердің қайдағы бір *үстем* кастасын құрайтын *ақ чиновниктердің, миссионерлердің, саудагерлердің, рудниктер мен плантациялардағы бақылаушылардың* азғана бытыраңқы тобының болуы төменгі нәсілділерге Батыс цивилизациясының бере алатын жетістіктерін беруге де мүлде жарамсыз». NB

301-бет. «Кафедралық собордың жетекші священнигі Дж. М. Бовилл пірәдар *«құдай мен дүниеқорларды бітістіруге* машықтанған адам». Ол өзінің «Трансвааль жалауы астындағы жергілікті халықтар» деген кітабында кен орындарында жергілікті халықтарға шатыр құруға қалай рұқсат етілетінін, мұның өзі оларға «өздерінің туған краалдарындағы жағдайларына азды-көпті ұқсас жағдайларда тұруларына» мүмкіндік беретінін суреттеп жазады. Мұның бәрі тек *екіжүзділік* құрғақ сөздер; жергілікті халықтардың тұрмысы «түгелінен егіншілік және малшылық сипатта», ал оларға ақы төлеп кен орындарында *жұмыс істеткізеді.*

304-бет. «Жергілікті халықтар өздеріне бөлінген территорияларда жерге бекітілген, сөйтіп толық құлдық жағдайда тұрады, олардың дауыс беруге де, өздерінің тілектерін білдіретін басқа саяси амалдары да, алға басу үшін экономикалық құралдары да жоқ».

309—310-беттер. «Алайда Индияда миллиондаған шаруалар небары *жарты акр* жермен тіршілік ету үшін күресуде. Олардың тіршілігі — *аштықпен үнемі арпалысқан күрес,* бұл күрес көбіне-көп сәтсіздікпен аяқталады. Оларға *адамша* өмір сүру — тым болмаса өздеріне дағдылы мүсәпірлік күнкөріс дәрежесінде өмір сүру ғана емес, тіпті өлмей тірі қалудың өзі қиынға түседі... Біз ақиқатын айтсақ, Индияның суармалы аймақтарынан басқа жерлерінде аштық — үйреншікті — эндемиялық құбылыс». NB

(**Индиядағы шаруа учаскелерінің мөлшері**)

323-бет. «Бұл адасушылықты» (**«Индияны біз цивилизацияландырудамыз» деген сөзді**) «империализмнің софизмі ғана қолдайды, империализм өзінің сұмпайылығын және кейбір мүдделі топтардың

империядан сүлікше соратын пайдасын жасыру үшін осы өтірікті қиыстырған».

324-бет. «*Жаңа* империализмнің ескі империализмнен айырмашылығы, біріншіден, ол өсіп келе жатқан бір империяның талаптарының орнына ***бәсекелес империялардың*** теориясы мен практикасын қояды, ол империялардың әрқайсысының бірдей көксегені — саяси өрісін ұлғайту және коммерциялық пайда табу; екіншіден, сауда мүдделерінен ***финанс*** мүдделері немесе *капитал орналастыру жөніндегі* мүдделер *басым болады»**.

NB: *жаңа* империализмнің ескі империализмнен айырмасы

329—330-беттер. «Қытай Батыстың өнеркәсіпші халықтарының істегенін алдына келтіре алады — олардың капиталын, ұйымдастырушылық күштерін пайдалана отырып, немесе, ең ықтималы, олардың орнына өз капиталы мен өз күштерін қолдана отырып, *олардың рыноктарына* өз өндірісінен шыққан неғұрлым арзан фабрикаттарды *қаптатып* жібере алады және бұлардың орнына шетелден әкелген товарды алудан бас тартып, өзіне тиісті болған алашағын олардың капиталына тыйым сала отырып, төленуін қамтамасыз ете алады, сөйтіп, ақырында, Қытай өзінің бұрынғы қамқоршылары мен цивилизацияландырушыларын финанс жағынан бақылайтын дәрежеге біртебірте қолы жеткенше, капитал орналастырудың бұрынғы процесі кері бағытта жүретін болады, ал бұлай болуы, қайткен күнде де, мүмкіндігі жоқ нәрсе емес. Бұл — әсте босқа айтыла салған қиял емес» (Қытай ояна алады)...

332—333-беттер. «Милитаризм әлі өте ұзақ өмір сүре алады, өйткені ол, бұдан бұрын дәлелденгеніндей, көп реттерде ***плутократияны қолдауға қызмет*** етеді. Милитаризмге байланысты шығындар белгілі бір қуатты финанс мүдделерін *тиімді түрде қолдауға* мүмкіндік береді, ол әлеуметтік өмірде *декорациялық* элемент болады, ***алаңбастысы*** —ол ішкі реформаларды талап

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 426-бет. *Ред.*

ететін әлеуметтік күштердің қысымын *төжеу* үшін қажет. Барлық жерлерде де негұрлым шоғырланған түрінде капитал күштері жұмысшылардың күштерінен гөрі жақсы ұйымдастырылған және негұрлым жоғары дамыған; ***жұмысшы табы еңбекшілердің халықаралық ынтымағы туралы әңгімемен жүргенде, капитал халықаралық ынтымағын орнатып та алды.*** Мәселе аса ірі финанстық және коммерциялық мүдделерге қатысты болғандықтан келесі ұрпақтың капиталдың сондай күшті халықаралық бірлестігін көзімен көруі әбден ықтимал нәрсе, сондықтан *батыс халықтарының арасында соғыс атаулы мүмкін емес дерлік нәрсеге айналады.* Қазір қиырдағы Шығыста европалық белсенділікті әлсіретіп отырған қазіргі заманғы саясаттың өзімшілдігі мен аңқарақтығына қарамастан, ***нағыз қайғылы хал*** өзін біріккен христиан дүниесінің мәдениетін таратушы деп есептейтін халықаралық капитализмнің күштері *Қытайды бейбіт игеруге пайдаланылған* кезде басталады. «Сары қатер» міне нақ *сол кезде* туады. Қытайдан батыс қанаушыларын *қуып шығуға* өзіне күш беретін ***ұлттық патриотизм*** пайда болады деп күту пайдасыз болса, онда Қытайдың іріп-шіруге *ұшырайтыны сөзсіз,* мұны оның «дамуы» деуден гөрі «бөлшектелуі» деп анықтаған дұрысырақ болар.

жақсы айтылған!!

«Европа Құрама Штаттары»

Адамзаттың бүкіл тарихындағы осынау ең ірі, ең *революциялық істің* бүкіл *қатерлілігін,* бүкіл *ессіздігін* біз сонда ғана түсінеміз. Бәлкім, тек сонда ғана Батыс халықтары өздерін ат төбеліндей жеке меншікші жалдаптардың *осындай империализмге тартуына* жол беріп қойғанын, бұл ретте осы авантюристік саясаттың барлық шығындары мен барлық қауіптері *жүз есе өсе түсетінін* және

бұдан *зиянсыз* құтылу *мүмкін емес екенін* түсінетін болар».

335-бет. ((**NB: паразитизмнің перспективасы**)). «*Батыс* Европаның *көп* жері *онда* сол елдердің қазіргі кейбір ***жеріндей*** түр мен сипат алар еді: *Англияның оңтүстігіндей*, ***Ривьерадай***, *Италия* мен ***Швейцарияның*** туристер көп баратын және байлар мекендеген жерлеріндей болар еді, атап айтқанда: алыс *жатқан Шығыстан* дивиденттер мен пенсиялар алып тұратын *ат төбеліндей азғана* бай ***аристократтар*** болар еді, кәсіби *қызметшілер* мен *саудагерлер* тобы әлгілерден біраз молырақ болар еді, *үй қызметіндегі күтушілер мен тасымал өнеркәсібіндегі және фабрикаттарды әбден өңдеп* шығарумен шұғылданатын өнеркәсіптегі ***жұмысшылар*** онан көбірек болар еді. Өнеркәсіптің басты салалары жоғалар еді, ал көпшілік қолды *азық-түлік өнімдері*, *көпшілік қолды жартылай фабрикаттар*, *алым ретінде, Азия мен Африкадан* ағылып келіп жатар еді»*.

337-бет. «Бірақ Қытайға енуге жол ашу ісінде империализмнің экономикалық міндеті, біздің көріп отырғанымыздай, әсте әдеттегі сауданы жүргізуде емес: оның міндеті — батыс европалық инвесторлар үшін жаңадан орасан зор рынок ашу; бұл рыноктан түсетін пайда бүкіл халық табысы емес, капиталистердің капитал орналастыратын категориясының ғана табысы болады. Халықтардың дүние жүзілік өскелең байлықты игеру процесінің қалыпты дұрыс жүруіне осы империализм жаратылысының өзі кедергі жасайды; *оның мәні сауда үшін емес, капиталдарды орналастыру үшін рыноктарды дамытуда*, шетелдің арзан өнімдерінің экономикалық артықшылығын өз елінің өнеркәсібін ығыстырып шығару үшін, белгілі бір таптың саяси және экономикалық үстемдігін қолдау үшін пайдалануда болып отыр».

империализм *мәні*

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 438—439-беттер. *Ред.*

346-бет. «Күш көрсетудің көмегімен және оңай пайда түсіру мақсатымен *Европаның Азияға* өктемдік етуі және бұл өктемдікті Европа Азияны цивилизациялап-дырып, рухани өмірдің неғұрлым жоғары дәрежесіне көтереді деген сылтаумен ақтау — мұны тарих, сірә, *империализмнің әділетсіздігі мен ақымақтығының барып тұрған шыңы* деп танитын болар. Азияның бізге беретіндерін — өзінің ғасырлар бойғы тәжірибеден жинаған данышпандықтың баға жетпес қазынасын,— қабылдаудан біз бас тартамыз; оған өзіміз бере алатын азды-көпті нәрселерімізді біз өзіміздің мұны істеудегі тағылығымызбен бүлдіріп аламыз. *Империализмнің Азия үшін* істегені және *істеп отырғаны* міне осы». |||

350-бет. «1886 жылғы гладстондық билль туралы, гомрул туралы айта келіп, м-р Чемберлен былай деді: «Мен *федерация принципіндегі* бағытта шешілуін іздестірер едім. Менің қадірлі досым үлгіні біздің еліміз бен оның өзін өзі басқаратын және іс жүзінде тәуелсіз отарлары арасындағы қарым-қатынастардан іздеді». Бірақ федерация жақсы, өйткені онда Ирландия Великобританияның интегралды бөлігі болып қалады, ал өзін өзі басқаратын отарлармен байланыс тек моральдық байланыс. Қазіргі кезде демократияның дамуы бөліну бағытында емес, федерация, бірігу бағытында жүріп келеді» **(мұның бәрі Чемберленнің сөйлеген сөзінен).**

[**Чемберлен бөлінуге қарсы, «орталықтан алшақтау» тенденциясына қарсы, федерацияны жақтайды**[40].]

351-бет. «Әрқайсысының цивилизациялы емес бірқатар отарлары мен тәуелді елдері бар азын-аулақ ірі федерациялық империяларда орныққан христиан діні жұрттың көбіне қазіргі тенденциялардың неғұрлым заңды өркендеуі сияқты болып көрінеді, онда да интеримпериализмнің берік негізінде баянды бейбітшілік болуы жөнінде бәрінен де көбірек үміт күттіретін өркендеу сияқты болып көрінеді»*. |||

NB салыстыр: Каутский «әсіре империализм» туралы

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 455-бет. *Ред.*

Пантевтонизм, панславизм, панлатинизм, панбританизм, т. с. идеясы, бірталай «мемлекеттер одақтары» өсіп шығады дейді («Unions of States»).

Каутскийдің капитализм *негізіндегі* «әсіре империализмі» және Европа Құрама Штаттары не болып шығар еді: «интеримпериализм» болып шығар еді!!

355—356-беттер. Қазіргі кездегі империалистік саясат тұсында «Біріккен Корольдік флотты ұлғайтудың қажеттігіне байланысты финанс ауыртпалықтарын отарлардың елеулі көмегінсіз көтере алмайды». Бұл отарлардың бөлініп шығуына әкеп соқтыруы мүмкін, өйткені отарлардың мүддесі империалистік саясатпен (Англияның) үйлеспейді, оны **(саясатты)** белгілеуде отарлардың ешқандай шешуші даусы болмайды, олардың әрқайсысы — федерациялық ел ретінде — көп жағдайларда бір-бірімен ұқсастығы өте аз толып жатқан ағылшын отарлары болып отырғанда, өз соңына болмашы азшылықты ғана ерте алады. «Империялық федерация» Великобританияға тиімді, отарларға тиімді емес.

373-бет. «Жаңа империализм *өзін өзі басқаратын ерікті мемлекеттердің федерациясын жояды;* отарлар, мүмкін, бұған көңіл аударар, бірақ өзінің бұрынғы жолымен жүреді».

финанс капиталының саясаты

378—379-беттер. «Капиталды бөтен елдерге орналастырудың таяу уақыттан бері қалыптасқан әдетінің қазір өрістегені сонша — Великобританияның дәулетті және саяси жағынан күшті таптары *енді* барған сайын өз *табыстарының көп бөлігін Британ империясынан сырт жерлерге орналастырған капиталдарынан алып отыр.* Біздің дәулетті таптарымыздың өздері саяси бақылау *жасамайтын* елдерге *мүдделілігінің* үсті-үстіне артуы қазіргі кездегі саясатта *революцияшылдандыратын* күш болып табылады; бұл сол мемлекеттің азаматтары есебіндегі өздерінің саяси күшін өнеркәсібіне өздері материал-

дық жағынан мүдделі болған мемлекеттердің саяси өміріне *араласуға* пайдалану тенденциясының үнемі өсіп отырғандығын көрсетеді.

Жеке инвестицияларды қорғау және оның пайдалылығын молайту үшін елдің мемлекеттік қаржыларын бұлай пайдаланудың шынына келгенде *заңсыздық* сипатын айқын мойындауға тура келеді».

380-бет. «Бұл күштерді әдетте капиталистік күштер деп атайды, бірақ ең елеулі қауіп бөтен елдердегі ***нағыз*** өнеркәсіптік инвестициялардан тумайды, қайта *осы орналастырылған капиталдарға негізделген фондылар мен акцияларды финансистердің билейтіндігінен* туады».

((мещандық утопия!!))

381—382-беттер. «***Империализмге*** және оның табиғи тіректеріне—милитаризмге, олигархияға, бюрократияға, протекционизмге, капиталдың шоғырлануына және шұғыл экономикалық ауытқуларға — жасалған талдау оны *қазіргі заманғы ұлттық мемлекеттер үшін үлкен қауіп ретінде* сипаттайды. Ел ішіндегі империалистік күштердің ұлттық ресурстарды мемлекеттік аппарат арқылы өз бастарының қамы үшін пайдалануына мүмкіндік беретін өкіметі***нен*** *нағыз демократияның орнауы арқылы* ***ғана****, халық мүддесі* ***үшін*** сол халықтың өзі басқаратын, өзі шын мәнісінде бақылау жасайтын өз өкілдері арқылы жүзеге асырылатын саясат арқылы ғана *құлатылуы* ***мүмкін.*** Біздің ел немесе басқа бір ел мұндай демократияны орнатуға қазір қабілетті ме, бұған *барынша күмәндануға* болады, бірақ елдің ***сыртқы саясаты*** «түгелдей халық еркіне негізделмей тұрған» кезде, бұған ем табылуына *үміт аз*».

ұсақ буржуазияшыл демократ!!

сыртқы саясатты демократияландыру

382—383-беттер. «*Империализм* өзінің барлық мүмкіндіктерін жаңа ғана біле бастап, халықты басқарудың шебер әдісіне жаңа ғана айналып келеді; білім дәрежесі тасқа басылып шыққандарды оқи бастаған, бірақ оқығандарына әлі сын көзімен қарауға жетпеген халыққа

дауыс беру правосы кеңінен берілуі батыл іскер саясатшылардың ниеттеріне өте қолайлы жағдай туғызуда; бұл саясатшылар баспасөзге, мектепке, ал керек болған жағдайда шіркеуге де бақылау жасау арқылы *империализмді патриоттық сезімдердің тартымды жарнамасымен бүркемелеп, оны бұқараға сіңіре береді.*

Империализмнің *басты* экономикалық негізі, өзіміздің анықтағанымыздай, экономикалық мүмкіндіктердің *тең еместігінде;* осының арқасында пұрсаттылығы бар бір тап басы артық табыстарын қорға жинай береді, ал бұл табыстар, тиімді орналастыруды іздестіріп, біртебірте ілгері ұмтыла беруге мәжбүр етеді. Бұл инвесторлардың және олардың финанстық дирижерлерінің мемлекеттік саясатқа ықпал жасауы *басқа материалдық мүдделердің ұлттық шеңберде бірлесуін* қамтамасыз етеді, ал бұл мүдделерге әлеуметтік реформалар жолындағы қозғалыстар тарапынан қауіп туып отырады. Сөйтіп, *империализмнің* ойнауы *екі жақты* мақсатқа қызмет етеді: ол *инвесторлар* мен көпестердің пұрсаттылығы бар таптарының жеке материалдық тиімділіктерін қоғамның есебінен қамтамасыз етеді және сонымен қатар қоғамның күш-жігері мен назарын ел ішіндегі үгіттен *аударып,* оларды елден тыс жаққа қарай бағыттай отырып, *консерватизмнің ортақ ісін* нығайтады».

Кунов және компания à la!!

383-бет. «*Империализмді ұлттық* саясат деп атау—*арсыздық өтірік; ұлттың* мүдделері *экспансияның* бұл саясатының әрбір қадамына қарама-қарсы. Великобританияны тропиктерде кеңейтудің қандайы болса да *нағыз британ ұлтшылдығын* сөзсіз әлсірету болып табылады. Кейбір топтар ұлттықтың тар шеңберін ыдыратып, интернационализмнің дамуын жеңілдетеді және оған көмектеседі деп империализмді тіпті мақтайды да. *Неғұрлым ірі ұлттардың ұсақ ұлттарды күшпен жаныштауын* империализмнің қысымымен *жақтайтындар немесе оны кешіретіндер* де бар; олар мұны бүкіл дүние жүзілік федерацияға, мәңгі бейбітшілікке өз-өзінен жақындаушылық деп ойлайды».

Империализмді қорғаушылар ұсақ ұлттарды жұтып қоюды жақтайды!!

384-бет. «Келешек интернационализмге үміт ету *тәуелсіз халықтардың* сақталуын және еркін дамуын бәрінен де артық талап етеді, өйткені мүнсыз интернационализмнің бірте-бірте дамуы мүмкін емес, тек *былыққан және тұрақсыз космополитизмге* қарай сан рет сәтсіз әрекет жасалуы ғана мүмкін. Ұлттық социализмнің әрбір жақсы формасы үшін дарашылдық қандай қажет болса, *интернационализм үшін ұлтшылдық та сондай қажет*; дүние жүзілік саясаттың ешқандай өзекті концепциясы басқа бір болжам негізінде құрылуы мүмкін емес». **ботқа**

384—385-беттер. Ат төбеліндей олигархтардың емес, халық мүдделерін көздейтін нағыз ұлттық үкіметтердің құрылуы қаншалық мүмкін десек, ұлттар арасындағы шайқастар **соншалық** жойылмақшы, сөйтіп ұлттар арасындағы мүдделердің ортақтығына негізделген бейбіт интернационализм **(почта конвенциялары, т. с.—дейді, осы жолмен)** барған сайын мықтап дами бермек. «Нәсілдік байланыстар дейтіннен гөрі» (пантевтондық, панславистік, панбритандық etc.) «немесе өкімет тепе-теңдігі жайындағы әлдененденей бір тайыз есепке негізделген саяси одақтан гөрі өсіп келе жатқан интернационализм базасы есебінде экономикалық байланыстар әлдеқайда күшті және сенімді».

385—386-беттер. «Батыс мемлекеттерінің негұрлым кең одағы, *ұлы державалардың европалық федерациясы* біздің алдымызда, міне осындай мүмкіндіктер ашып отыр: бұл бүкіл дүние жүзілік цивилизацияны *алға бастырмайтыны* былай тұрсын, *қайта батыс паразитизмінің: алдыңғы қатарлы өнеркәсіптік ұлттар* тобының іріктеліп шығуының орасан зор қауіп төндіріп отырғанын білдірер еді, бұл ұлттардың *жоғары* таптары *Азия мен Африкадан* орасан көп алым алып, сол алымның көмегімен әбден *дағдыланған* көптен-көп қызметшілер мен малай- ++++ ++++ ++++ ++++ **NB**

лар ұстап отырар еді, бұлар егіншілік пен өнеркәсіптің өнімдерін **көптеп** өндірумен шұғылданбай, біреуге қызмет етер еді немесе *жаңа финанс аристократиясының* бақылауымен екінші дәрежелі өнеркәсіп жұмысымен шұғылданар еді. *Мұндай теория** қарастыруга *лайық емес деп өте шыққысы* келетіндер осы күннің өзінде-ақ әлгіндей жагдайга жеткізілген қазіргі *оңтүстік Англия округтерінің* экономикалық және әлеуметтік жағдайларын ойлап қарасын. Егер *Қытай финансистердің, «капитал орналастырушылардың»* әлгіндей топтарының, олардың *осы пайдаларды Европада тұтыну* мақсатымен бұрын-соңды дүние жүзінде болып көрмеген *орасан мол* мүмкіндігі бар резервуардан пайдапы қотарып ала беретін саяси және сауда-өнеркәсіп қызметшілерінің экономикалық бақылауына *бағындырылса,* әлгіндей жүйенің қандай орасан кеңеюі мүмкін екендігі жөнінде олар ойланып көрсін. Әлбетте, келешекті тек бір бағытта дәл осылай немесе қандай болса да басқаша түсінуді *өте-мөте мүмкін* ете қоюға жағдай тым күрделі, дүние жүзілік күштердің құбылуын есепке алу тым қиын. *Бірақ* қазіргі уақытта Батыс Европаның **империализмін** билеп отырған ықпалдар *осы бағытпен жүріп келеді,* егер олар *қарсы* қимылдар кездестірмесе, егер олар басқа жаққа аударылып жіберілмесе, олар *процесті нақ әлгіндей етіп аяқтау бағытында* жұмыс істей береді»**.

дұрыс

Егер батыс елдердегі **билеп-төстеуші** таптар өздерінің мүдделерін әлгіндей айлалы әрекеттермен жүзеге асыра алатын болса (жылдан жылға капитализм ашықтан-ашық бірден-бірге неғұрлым халықаралық болып бара жатыр), егер Қытай қарсылық көрсетуге өзіне

---

* В. И. Ленин «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегінде «теория» деген сөзден кейін жақша ішінде: «перспектива деу керек еді» деп қосады (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 439-бет және Шығармалар, 23-том, 110—111-беттер). *Ред.*

** Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 439-бет. *Ред.*

жеткілікті күш жинауға қабілетті болмаса, онда *паразиттік империализмнің* мүмкіндігі *әбден-ақ сезілетін болады;* бұл империализм *кейінгі кездегі Рим империясының көптеген белгілерін* неғұрлым кең колемде қайта жаңғыртады».

389-бет. «*Жаңа* империализмнің өзінің ертедегі үлгісінен» (Рим империясы) «шын мәнісінде ешбір айырмасы жоқ». Бұл да нақ сондай *паразит*. Бірақ *паразиттерді* құрып кетуге ұшырататын табиғат заңдары тек индивидуумдарға ғана емес, ұлттарға да қатысты. Процестің күрделілігі және істің мәнін бүркемелеу *құрып кетуді баяулатуы* мүмкін, *бірақ оны жоя алмайды:* «*Империалистік* мемлекет басқа халықтарды және олардың жерлерін өзіне күшпен бағындырғанда, мұны бағынған халықтарға қызмет корсету үшін істейді және сол қызметіне тең қызмет талап етеді деушілік шылғи *өтірік:* ол тең бағалы қызмет көрсетуді ойламайды да және ондай қызмет корсетуге қабілеті де жоқ».

Соңы

ДӘПТЕР

«λ»

(«ЛАМБДА»)

Мазмұны

λ

М. Самба. «Егер бейбітшілікті қамтамасыз етпесеңіздер etc.» [1—17].
Шульце-Геверниц. «Британ империализмі» [18—34].

САМБА. «ЕГЕР БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТПЕСЕҢІЗДЕР, ОНДА СІЗДЕРДЕ КОРОЛЬ БОЛАДЫ»

Марсель *Самба. «Егер бейбітшілікті қамтамасыз етпесеңіздер, онда сіздерде король болады»*[41]. **Париж, 1913 (Евг. Фигьер). 5-басылуы ((278 бет)).**

(Баспадан 1913 жылғы 20 июльде шыққан.)

«Егер біз, мысалы, өзіміздің жанталаса қарулану арқылы турадан-тура соғысқа апарып киліктіретін одақтар системасына тартылғанымызды білген болсақ ше; ал оның бер жағында, бұл одақтар системасы бейбітшілікті қамтамасыз етуге әбден жеткілікті болатын негіздерге құрылғанын білген болсақ ше?» (XI бет).

«Қазіргі соғыс күн сапап өнеркәсіп орнына ұқсай түсіп отырғанын сіздер білмейсіздер ме? Мобилизация дегеннің орасан зор өнеркәсіп операциясы екенін білмейсіздер ме? Әрбір өнеркәсіп операциясы сияқты, бұл да техникалық білім мен қабілеттілікті талап ететінін білмейсіздер ме? (13-бет).

«Иә! Өмір мен қызметтен шамалы қол үзген республиканы көз алдыңа елестетіп көруге болады. Бұлай етудің әсіресе қажет екендігі сол — менің бұдан бұрынғы беттерде көрсетпекші болғанымдай, қазіргі республика соғыс жүргізуге қабілетсіз ғана емес, нақ сол сияқты бейбітшілікті қамтамасыз етуге де қабілетсіз» (25-бет).

«Мұнсыз да көп көруге болады гой, біз жаулап алушылықты тілемейміз, біз тек өзімізді өзіміз қорғауға ғана ұмтыламыз деп маган айтпай-ақ қойыңыз: бос мылжыңдау» (28-бет).

«Агадир дағдарысынан кейін депутаттар палатасында мен бір жолы жаңа орган құруға тырысып көру керек деген ұсыныс жасадым» (31-бет).

«Бұл ұсыныстың мәні: сыртқы саясатқа басшылық жасау үшін бұрынғы сыртқы істер министрлерінің бәрі енетін совет ұйымдастыру еді» (31-бет).

«Бұрынғы сыртқы істер министрлерінің бәрін жинау керек дейсіз бе? Бірақ, достым-ау, олар өздерінің мұрагерін әйтіп-бүйтіп аяқтан шалуды ғана ойлайтып болады гой! Сіз немене — аспаннан түстіңіз бе?» (33-бет).

«*Қазіргі Францияның финанс тарихы*, есбір бүкпесіз жазылатын болса, жеңіп алынған қаланы тонауды елестететін толып жатқан жеке-жеке тонаулардың тарихы болып шыгар еді! NB

Мұның өзі—алаяқ финансистердің мисыз халықты тонауының тарихы. Француз мемлекеті, өз азаматтарымен емес, шетел үкіметтерімен істес болуына тура келетін жагдайда не болатынын қарап көрейік» (41-бет). NB

«Оны* сендіру үшін Делькассе мырза біздің достық көмегіміз және согыс, финанс жәрдеміміз де болады деген уәде беріп, оган Мароккоиың үлкен бір бөлегін ұсынды. Өзара жәрдемдесу негізінде! Екі жүз мың таңдаулы испан солдаты біздің согыс күштеріміздің кемістігін тамаша толықтырады» (49-бет).

«Португалия республикасын танудан бұрын біз қанша айды босқа өткіздік?

Мен осыны жазып отырған кезде біз Қытай республикасын әлі де таныган жоқпыз-ды: Құрама Штаттар қазірдің өзінде-ақ оган маңызды біреу ретінде қарауда! Ал біз оны өзіміздің финансистерімізге құрбан еттік.

Норвегия қобалжыған кезде біз бірде-бір ишара жасадық па, бір ауыз да болса сөз айттық па? Ал ол солай болуын күтіп еді!» (65-бет).

* Испанияны. *Ред.*

«Егер жиырма жыл бойы біз испан революционерлеріне әдейілеп тежеу салып, есеңгіретіп отырмаған болсақ, онда тек жалғыз Португалия ғана республика болып қоймаған болар еді! Мароккоының бір бөлегін беріп, Испаниямен одақты сатып алуымыздың керегі болмас еді! Үш жылдық әскери қызмет туралы заңды қалпына келтіруді талқылауымыздың қажеті болмас еді» (68-бет).

«Ал оның бер жағында, менің досым Жорес маған талай рет былай деген болатын: «Сіз қауіпті асыра корсетіп отырсыз. Соғыс сөзсіз туып кетеді деп ойлаудың керегі жоқ. Әрбір өткен жыл бейбітшілікті нығайтып, соғыстың болу мүмкіндігін азайта түседі. Жанжал болады деп сәуегейлік айту,— керісінше, осы мүмкіндікті ұлғайта түсу деген сөз болмай ма?»

Егер осы сенімге қосылып, өзіміздің ортақ күш-жігер жұмсауымызбен қауіптің қара бұлтын әлі де ұзақ уақыт бойы ыдырата аламыз дегенге өз көзімді жеткізе алсам, мен бақытты болар едім. Бірақ мен бұлай емес, нақ керісінше болады-ау деп қорқатындығымнан, бірнеше жыл бойы осыны ойластыра жүріп, менде бұған қарама-қарсы пікір етек алып, нығайып бара жатқанын өзімнің сезетіндігімнен, нақ сондықтан мен осы кітапты жаздым да» (76—77-беттер).

«Ал сонан соң, сіздер қалай дейсіздер, кек алуды көрінеу көзге мейлінше жақтаушылар өздерін бейбітшілікті жақтаймыз деп жариялап отырғанда, немістер біздің бейбітшілдік сенім білдіруімізді шынға балайды деп ойлайсыздар ма?

Олар бұдан: Франция кек алуға ұмтылып отыр, бірақ тек парасаттылық қана біздің бұл туралы жұртқа естірте айтуымызға мүмкіндік бермей отыр деп қорытынды жасайды. Олар біздің сақ отырғанымызды, бізді жеңіске жеткізетін жағдайдың қандайын болса да пайдаланып қалуға біздің әзір отырғанымызды сезеді. Мен барлық адал француздардан: олардың ойы соншалық теріс пе?— деп сұраймын. Олардікі дұрыс емес деп шын жүректен айтуға сіздің батылыңыз бара ма? Егер әлсіреген Германияны біздің соққымызға душар ететін және біздің анық жеңіске жетуімізге мүмкіндік беретін ерекше, айқын жағдай шын мәнісінде бола қалса, онда біз Германияға шабуыл жасауға қобалжи қояр ма екенбіз? Бейбітшілік тілегі жеңіп шығады дегенге және соғысқұмар патриотизмнің асау толқы-

ны қандай да болсын қарсылық атаулыны күйретпейді дегенге біздің қайсымыз жауап бере алар екенбіз?» (88-бет).

«Алайда қорғаныс соғысы шабуыл соғысынан бір де кем түспейтін соғыс қой, сондықтан қорғаныс туралы ой шабуыл жасауға әкеліп соқтыруы мүмкін» (91-бет). NB

«Мұны шын жүректен көтермелеп отыру керек! Социалистер пацифистік әрекеттерді әжуалауды жақсы көреді! Олар бұл әрекеттерді қайдағы бір интернационалдық филантропия деп біледі; бұл филантропия басқаларды алдауға *ұмтылмаған күнде өзін өзі алдайды* және жеке адамның кемтарга қарасқанда қайыршылықты өз-өзінен тугызатын жагдайлармен есептеспейтіні сияқты, согыстың экономикалық себебіне көз жұмып қарайды. NB

Бірақ социалистердің әжуалауы дегенмен дұрыс емес! Бұл жағдай социалистік депутаттардың көпшілігінің «Арбитраж тобына» жазылуына және осы топтың барлық әрекеттерін қолдауына бөгет жасап отырган жоқ» (93-бет).

«Леон Буржуа Халықтар федерациясы мен Европа Құрама Штаттары концепциясының дәрежесіне дейін көтерілді! Па, шіркін! Біз Интернационалмен ең жақын көрші болып шықтық!» (95-бет).

...«Бүкіл пролетариат!.. согыстан көтеріліс жақсы... уландырушы баспасөз... капиталистердің заговоры... Крезо... зеңбірек фабриканттары... капиталистердің күштеріне біз жұмысшылардың котерілісін қарама-қарсы қоямыз...» (106-бет).

«Париж халқы неміс халқына өзінің туысқандық сәлемін жолдайды және соғысты бастаушылардың қылмысты істеріне қарсы өзінің барлық құралдары арқылы, ал қажет болған жағдайда жаппай ереуіл мен көтеріліс жасау арқылы қарсылық көрсетуге әзір екенін мәлімдейді...» (106—107-беттер).

«Мен шындығына келгенде бұл арада үрейленудің: ойындағысын өзі түгел мойындай алмайтын адамдардың үрейленуінің белгілі бір сезімі бар деп ойлаймын» (108-бет).

««Тек соғыс басталса болғаны, олар дереу көреді! Қала төңірегінде *дегенмен** бірдеңелер болады!»

* Курсив Самбанікі. *Ред.*

Дегенмен бе? Иә, мұның өзі біз қорқыныш туғызу үшін өте қатты даурықтық, бірақ өзіміз күркіреуіне еліктеп жүрген перундерге үстемдік етіп отырмыз дегенге біздің эсте көзіміз жетпейді деген сөз.

Жаппай ереуіл ме? Иә, кәсіподақтар оны жақтап шықты! Олар бой көрсетеді! Көтеріліс пе? Баррикадалар ма? Иә! Қала төңірегі қозғалады, әсіресе, егер халық бізді агрессорлар, соғысты бастаушылар деп есептейтін болса, осылай етеді.

Ал егер бізді шайқасқа шақырса ше? Егер Вильгельм бұдан әрі тұспалдамастан, бізге шабуыл жасаса ше?

«Бұл үшін неміс социалистері бар!» Бұл сөздер дұшпандарға немесе күдіктенуші адамдарға, сондай-ақ біздің әрқайсымыздың бойымызда бар скептикке арналған: бұл сөздерді үзілді-кесілді, батыл үнмен айтады. Бірақ осыдан кейін іштей бір үн: «Біздегі сияқты, неміс социалистерінде нақты күштерден гөрі ізгі ниеттер көп болса қайтеміз?.. Ал шекараның екі жағында да шовинистік баспасөз істі былықтыруға келгенде керемет епті ғой!» деп күбірлей бастайды» (108—109-беттер).

«Үндеу хаттар, мақалалар, жаңа қағаздар басып шығара бастайды! Бұларды бәрін айтуға батылы бармайтын адамдар жазатын болады, ал оларды өзі бәрін мойындауға батылы бармайтын адамдар оқитын болады!» (110-бет).

«Әскери министрлік тек бізге қарсы қара тізім жасап жатыр ғой. Соғыс бола қалған күнде күш көрсетуге барамыз деп үкіметті қорқытып отырған біз ғой» (112-бет).

«Егер біз өзіміздің шайқасқа шақырылып отырғанымызды сезінсек, онда жаппай ашу-ыза туады, ие берместей тасқын тасып, мұның өзі Италияда болғаны сияқты, арнасынан асып, өз жолындағының бәрін ағызып әкететін болады!» (114-бет).

«Көтеріліс жақсы!..

Мен келісемін!.. Сіздер орынды, жағдайды, көшені, жолдастардың бет-бейнесін, газеттің номерін көріп отырсыздар ма?» (115-бет).

«Соғыс бұрқ ете қалған кезде біз ештеңе істей алмаймыз-ау деп қорқамын» (117-бет).

«Біздің атақты досымыз Эдуард Вальян барлық қатерлі сәттерде өкімет билеушілеріне өзінің *«Соғыстан көтеріліс жақсы!»** деген әйгілі үндеуін тастап отырды — оның

* Курсив Самбанікі. *Ред.*

Францияға сан рет көрсеткен орасан зор қызметі, міне, осы.

Өкімет орындары былай деп түсінді: «Біздің абай болуымыз керек! Есуастық жасап, соғысқа тәуекел етпейік! Аңғалдық жасап, жеңіліске тәуекел етпейік! Мүмкін, мұның өзі тағы да Төртінші сентябрь болып жүрер!»» (119-бет).

«Тауға қарай өрлейтін көшелердің бойымен Интернационалдың процессиясы ескі соборға қарай ағылған кездегі Базельдегі тамаша күндер!» (120—121-беттер).

«Қорғаныссыз Германияны шовинистердің соққысына душар етуге Трептовтағы осы үш жүз мың интернационалистердің ішінен неше адам келісер еді?

Біреуі де келіспейді! бәрекелді! осы үшін мен оларды құттықтаймын! Францияны пангерманистерге беріп қоюға біз де келіспейміз!» (122-бет).

«Сонымен, өз үкіметтеріміздің соғысты бастауына кедергі жасау үшін біз әрбір елде өз үкіметтерімізге қарсы бас көтереміз және біз Интернационалды жеке алғандағы барлық отандардан жоғары қоямыз» (122-бет).

«Бұдан шығатыны: *Европадағы бейбітшілікті сақтап, қамтамасыз ету ісінде барлық жағдайларда және барлық қауіптерге қарсы бүгінгі таңда пацифистерден гөрі бізге көп үміт артуға болмайды**.

Күйінішті ақиқат? Сіз мұны кімге айтып отырсыз! Бірақ, солай бола тұрса да, бұл — ақиқат, мұны айту пайдалы» (123-бет).

«Қандай да болсын белгілі бір жанжалды қандай практикалық шаралар қолдану арқылы болғызбау мүмкін екенін күні бұрын біліп алмай тұрып: «Соғыс жойылсын!», «Соғысқа—соғыс!»—деп айғайлау қарғыс айтумен, сиқырлаумен, дуалаумен шұғылдану деген сөз екенін түсінсеңізші» (124-бет).

«Дуалау дегеніміз қанағаттанбаған тілек, бұл тілек өзі туралы айтып, өзінің қанағаттандырылу кезеңін ымдау арқылы тездетпек болып үміттенеді!» (125-бет).

«Көтеріліс болу мүмкіндігі, менің жоғарыда айтқанымдай, қысым жасаудың күшті құралы, тамаша қоқан-лоқы болып табылады. Ал егер қоқан-лоқы жасау уақыты өтіп кеткен болса ше? Егер соғыс жарияланып қойса ше? (126-бет).

---

* Курсив Самбанікі. *Ред.*

Не істеу керек? Әр қалада қызыл ту көтеріп, коммуна жариялау керек пе, сөйтіп, екі елдің де әскерлеріне жол бергеннен гөрі көтеріліс жасап, өлген артық па? Ал біздер, ғылыми социалистер, осы ақылға сыйымсыз әрекетті малданатын боламыз ба? Қазіргі заманғы соғыс — ірі өнеркәсіп орны ғой. Дұшпанның армиясына қарсы артиллериясыз, снарядсыз көтеріліс жасайтын қала — ірі заводқа қарсы бас көтеретін қолөнерші сияқты ғой. Қазіргі заманғы армия көтеріліс жасаған қалаларды жидек жұтқандай бірінен соң бірін қылғыта береді. Жиырмасыншы ғасырдағы соғыста бұл бір аптаның ішінде жасалады! Снарядтарды боратып, батареялардан түйдектете оқ жаудырады! Япырау, біздің қалаларымыз өзара бірігіп, жалпы қорғаныс ұйымдастыру үшін, яғни, егер қателеспесем, соққыға төтеп бере алатын ұлттық армияға тағы да қайтып оралу үшін уақытты қайдан табады екен?

...Бірақ қаһармандықпен құрбандық жасау — партия программасы емес, бір сәттік қана тамаша серпін! Бұл тактика емес! Және де мұның өзі елеулі соғыс операциясы да емес, стратегия да емес!» (127-бет).

««Соғыс жойылсын!» — деп жалпылама айғай салу және аспанға жұдырық сілтеп қорқыту, осылай етсек соғыстан аман қаламыз деп ойлау — барып тұрған балалық! Соғыстан аман қалу үшін соғыстан қорқу және соғыстан құтылу үшін оған қарғыс айту жеткіліксіз» (128—129-беттер).

«Ешқандай шарт бізге осылай ет деп міндеттемейді. Біз мұны өз еркімізбен істеп отырмыз; біз өзіміздің жинақ қаржымызбен өзгенің өнеркәсібін қолдап, француз өнеркәсібінің қоректік нәрін өзіміздің еркімізбен жыл сайын қағып алып келеміз. Мұны жұрттың бәрі де біледі, мұны жұрттың бәрі де мақұлдап отыр» (199-бет).

««Олар,— деді ол,— немістердің бағалы қағаздарының Париж биржасында таратылуына рұқсат беруді талап етеді деп сіздер ойламаңыздар!».

Жоқ, мен мұны жақсы білемін, ал де Валеф мырзаның айтқаны әбден дұрыс! Әрине, немістер мұны сөз жоқ талап етеді» (202-бет).

«Франция үшін француз-герман келісімінің бірден-бір нәтижесі Европада бейбітшілікті түпкілікті орнату және болашақта Францияның еркін дамуы үшін және нығайған Батыс Европадағы заңды ықпалы үшін керекті жағдайларды қамтамасыз ету болуға тиіс» (213-бет).

«Германдарды талқандау үшін немесе соңғыларды солардың өзгісіне бағындыру үшін, бұдан біз де ұзақ уақытқа құтыла алмаймыз, солармен» ((кіммен?)) «бірігу варварлықпен одақтасып, цивилизацияға қарсы әрекет етіп жатқан Францияны бүкіл дүние жүзіне көрсету деген сөз болар еді» (218-бет).

«Біз қарулануға шек қою туралы! «жедел және бір мезгілде» қарусыздану туралы жетерліктей естідік!

Мұның өзі менің ескі досым Дежанттың қайырымды, сүйкімді жігіт ретінде осыдан он бес — жиырма жыл бұрын жасаған ұсыныстарының дәл өзі!» (225-бет).

«Ал менің өз басымды алатын болсаңыз, маған француз-герман жақындасуы үлкен нәтижелері болатын және бүкіл дүние жүзі үшін жаңа заманның бетін ашатын орасан зор тарихи оқиға сияқты болып көрінетінін мен жасырмаймын. Бір жағынан, өзінің басталуы жөнінен бұл жақындасу позитивті, тар өрісті және өресіз жақындасу және ол біздің таяудағы соғысты болғызбауды көздеген ниетімізден ғана туған. Екінші жағынан, болашақ тұрғысынан қарасақ, менің ше, бұл жақындасу келешектегі Европа Құрама Штаттарының ұйтқысын жасайды» (230-бет).

«...мұның өзі бургундтардың немесе нормандардың шапқыншылығы тәрізді шапқыншылықтың беташары болады. Мұның өзі халықтардың қоныс аударуы болады» (244-бет).

«Мәселе мынада: соғыс инстинкті отан идеясымен тығыз және терең байланысты» (246-бет).

««Соғыс жойылсын!..» Сіз бір нәрсені байқадыңыз ба? Соғысқа қарсы өткізілген митингілерде жұрт: «Бейбітшілік жасасын!» деп ешқашан да айғайламайды.

Ешқашан да! немесе ешқашан да дерлік!..

Бейбітшілікті құттықтау ма? Біз мұнда келгенде кеселге, пасықтыққа, өзіміз жек көретін соғысқа және соғысты әзірлеуші жексұрындарға қарсы қарсылық білдіріп, соларға қарсы күресу үшін келдік.

«Ал егер сіз соғысты жек көреді екенсіз, онда сіз бейбітшілікті ардақтауға тиістісіз!»

Мұның өзі мүлде айқын, анық, теріске шығаруға болмайтын нәрсе сияқты, бірақ солай бола тұрса да, логикаға қарамастан, халықтың жан дүниесінің терең түкпірінен бір нәрсе: жоқ,— дейді, ал халықтың жан дүниесінікі дұрыс.

«Бейбітшілік жасасын!»— деп қана айғайлау керек. Бар болғаны осы ма? Демек, осы бейбітшілік бізді қанағаттандырғаны ғой? Сөйтіп біз осыған ризамыз ғой? Ешқашан да! Керек дейді екенсіздер, онда: «Әлеуметтік революция жасасын!»— деп айғайлайық, бірақ: «Бейбітшілік жасасын!»— деп айғайламайық. Соғыс жойылсып, бұл өте жақсы, өйткені бұл түсінікті және дұрыс. Иә, соғыс қандай болса да, біз соғыс атаулыны жек көреміз; бірақ біз бейбітшілік атаулыны ардақтаймыз деу дұрыс емес. Жұмысшы халық буржуазиялық бейбітшілікті, бейбітшілік болғанда, ешбір шайқас болмаса да, жұмысшы халыққа жеңілген халық деп қарайтын бейбітшілікті ардақтамайды. Жұмысшы халық мұндай бейбітшілікті құттықтаса, өзінің бірден-бір тілегі — үрейленушілікті жою, күнделікті ескі өмірге қайта оралып, тағы да ұйқылы-ояу күйде өз доңғалағын айналдыра беру болып табылады деген пікір туғызатынын ол көмескі түрде сезеді.

Бірақ бұл мүлде бұлай емес!» (249—250-беттер).

«Біздің активистеріміз тобырды сезіне біледі» (251-бет).

«Бірақ ол мынаны барынша терең сезінеді: өзінің даңқ туралы қиялында осы шаруаны билеп алған энтузиазмның өзі күшті жалын екені сонша лық — мұндай шаттыққа толы бір күн тұтас бір өмірден, толық топастанудан әлдеқайда артық және келесі аптада Чаталджи бекінісінде ажал табатын жас жігіт жетпіс бес жасқа келіп өз жерінде өлгенінен гөрі әлдеқайда ұзақ жасайтын болады.

Ол мұны тамаша түсінеді, ал егер ол осы жауынгер энтузиазмға жиіркене қарап отырған болса, мұның себебі — оған басқа бір энтузиазм мен басқа бір соғыс та таныс, бұлар оған анағұрлым асқақ болып көрінеді және ол солардың құзар шыңынан өзіне әлдеқашаннан таныс, өзі басынан кешкен осы ескі солдат энтузиазмына аянышпен және жирене қарайды» (252—253-беттер).

«Бейбіт кезде түгі жоқ жұмысшының соғыс кезінде де жоғалтатын ештеңесі жоқ. Ол тек қана өз өмірін тәуекел қылады, бірақ мұның есесіне ол мылтық алады. Бұл мылтықпен ол көп іс тындырған болар еді. Ол осыны арман етеді. Жоқ, жұмысшының соғысқа деген өшпенділігін туғызатын экономикалық мүдде емес екені сөзсіз» (255-бет).

«Франциямен болатын жаңа соғыста Германияның сөзсіз ұтып шығатынын сіз білесіз бе?

«Сіз Лотарингия рудасын алып қояды деп ойлайсыз ба?»

Жоқ, бұдан әлдеқайда көп нәрсені алады! Париждің дәл іргесінен ол Бельгия мен Голландияны әкетеді, болғаны сол ғана. Төменгі (inferior) Германия... және оның аса маңызды отарлық иеліктері» (257-бет).

«Қазіргі отандардың шекаралары біз үшін мәңгілік шекаралар және өтуге болмайтын бөгеттер емес... Сондықтан біз француз көкжиегінен Европа Құрама Штаттарының жаңа күні қалай шығып келе жатқанын көріп отырмыз» (268-бет).

«Егер біз дүние жүзі мен Европаны ұйымдастыра алсақ, онда, меніңше, Республика, Отан және Интернационал толық үйлесімде болады, сонда біз Республиканы үйдің шатыры астына жинап қоймайтын боламыз». (272-бет).

ШУЛЬЦЕ-ГЕВЕРНИЦТІҢ «БРИТАН ИМПЕРИАЛИЗМІ» ДЕГЕН КІТАБЫНАН КЕЛТІРІЛГЕН ЦИТАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ[42]

43 жұмысшылардың жоғарғы топтары және жұмысшы бұқарасы versus шіркеу
56 жоғарыдан
73 отарлық иеліктер *(екі есе көбейді)*
75 (екінші Ирландия)
87 19-ғасырдың аяғындағы империализм
104 Мультатули
119 гласис[43]
122 бүкіл халықтық шаруашылық
159 20-ғасырға дейінгі фунт стерлинг
174 Канада
217 (бұл да сол)

401 идеализм империализм қызметінде!
402 Германия адамзаттың алдыңғы сапында.
412 (Джебб)
415 (№ 53)
422 Голланд
423 (№ 104), idem № 111 Гобгауз, ibidem № 112 Маркс
426 № 116 және 118
№ 133
№ 136
№ 151
№ 155
№ 171
№ 342
№ 365

ШУЛЬЦЕ-ГЕВЕРНИЦ. «БРИТАН ИМПЕРИАЛИЗМІ»

Д-р Г. фон *Шульце-Геверниц.* «Британ империализмі және ағылшынның XX ғасырдың басындағы еркін саудасы». Лейпциг, 1906 (477 бет).

Асқан малғұн, сұмпайы, кантшыл, дінді жақтаушы, шовинист,— ағылшын империализмі туралы біраз өте қызғылықты фактілер жинап, кісіні жалықтырмайтын, ширақ кітап жазған. Англияны аралай жүріп, көп материал жинаған, көп нәрсені байқаған. Ағылшын мырзалар, тонаудай-ақ тонапсыңдар, енді біздің де тонауымызға ерік беріңдер, бұл тонауды Канттың, тәңірінің, патриотизмнің, ғылымның атымен «ардақтайық»=осынау «ғалымның» позициясының мәні, міне, осындай!!
(Орыпсыз мылжыңы да көп).

Кіріспесінде «Британияның дүние жүзілік күш-қуатының негіздері» қандай екендігі туралы — Голландиямен, Франциямен күрес... пуританизмнің, діншілдіктің ((өтемөте)), сексуальды тәртіптің etc. etc. ұлы рөлі айтылады.

NB (жұмысшылардың *жоғарғы топтары* және дін)

Англияда «секталар орта таптарға және ішінара **жұмысшылардың жоғарғы топтарына** сүйенеді, ал орташа жұмысшылардың қалың бұқарасы, әсіресе үлкен қалаларда, діннің ықпалына тегінде көп көңіл **қоймайды»**.

республика және империализм!!!!

56-бет: Республика мен Кромвель Англиядағы империализмді, *әсіресе* флот жасауды кереметтей ілгері бастырды: Карлдың тұсында жылына >*2* «линиялық кеме» жасалушы еді, республиканың тұсында бір жылда (1654) *22* кемеге дейін жасалды.

Ал манчестерлік пен сауда бостандығы шыңына жеткен кезде сыртқы саясат айрықша қызу түрде алға басты: *1840 — 42* апиын соғысы; флотқа жұмсалған шығындар (73-бет):

1837—халықтың 1 жанына 3 шилл, 3 пенс.
1890— » » » 10 »

1866 жылдан 1900 жылға дейін отарлық иеліктер *екі есе көбейді* (ibidem). «отарлар *екі есе көбейді*»

«Бұған дейін-ақ сэр Роберт Пиль былай деген болатын: «Біз өзіміздің әрбір отарымыздан екінші Ирландияны алып отырмыз»»... (75). NB

«Нақ 19-ғасырдың аяқ кезінде Британ империясының араны қомағайлана ашылды: ол Бирманы, Белуджистанды, Египетті, Суданды, Угандапы, Родезияны, оңтүстік африкалық республикаларды жұтып қойды»... (87)...

Айтпақшы, *Мультатулидің* аты аталып, оның отарларды европалық жолмен басқаруды қалай жазғаны айтылған (104). анықтау керек!!

...«лорд Керзон «Индия қамалының гласистері» деп атаған Азия мемлекеттері: Персия, Ауғанстан, Тибет және Сиам» (119).

«Англия бірте-бірте өнеркәсіпті мемлекеттен *кредитор-мемлекетке* айналып келеді. Өнеркәсіп өндірісінің және өнеркәсіп өнімінің шетке шығарылуының әбден көбеюіне қарамастан, бүкіл халық шаруашылығы үшін проценттер мен дивиденттерден, эмиссиялардан, комиссиялар мен жалдантықтан түсетін табыстардың относительді маңызы өсіп келеді. Менің ойымша, дәл осы факт империалистік өрлеудің экономикалық негізі болып табылады.

NB Сатушының сатып алушымен байланысынан гөрі кредитордың борышқормен байланысы әлдеқайда берік»* (122). дұрыс!!

«Ол (Пиль) сөйтіп» (алтын валютаны қамтамасыз етіп, ныгайтып) «фунт стерлингті дүние жүзілік ақшаның дәрежесіне көтерді — бұл жағдайды фунт 19-ғасыр- *N B:* 19-ғасырдың аяғына дейін «монополия»

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 436—437-беттер. *Ред.*

дың аяғына дейін өз монополиясына айналдырды» (159).

«Осы пайымдауларды негіздеу үшін» (отарлардың Англиямен жасаған таможнялық одағының пайдасына) «Канадаға шығарылатын герман экспортына империалистік таможня саясатының тигізіп отырған зиянын дәлел етеді. Канада болса Германияның сауда экспансиясы бұл ел жөнінде соңғы уақытта өзінің өсуі жағынан тоқтап қалған дүние жүзіндегі бірден бір ел болып табылады, мұның өзі британ саудасының күшті өрлеуіне қарама-қарсы, сондай-ақ Вест-Индия қант өндірушілерінің пайдасына қарай осылай болып отыр деседі» (174-бет).

	Канадаға шығарылғаны Британияніқі (млн. ф. ст.)	Германияніқі (млн. ф. ст.)	Германияның Канадаға шығарған қанты (млн. *марка*)
1898	5.8	1.2	—
1899	7.0	1.2	—
1900	7.6	1.0	4.3
1901	7.8	1.3	6.2
1902	10.3	1.9	9.2
1903	11.1	1.8	2.4
1904	10.6	1.2	0

қайта оралу керек!!

(NB)

(217-бет) Біріккен Корольдіктің шетке шығарғаны млн. фунт стерлинг есебімен:

	1866	1872	1882	1902
Британ иеліктеріне	53.7	60.6	84.8	109.0
Европаға	63.8	108.0	85.3	96.6
Британдық емес Азияға, Африка мен Оңтүстік Америкаға	42.9	47.0	40.3	54.1
Құрама Штаттарға	28.5	40.7	31.0	23.8

NB «Сонымен, империалистердің отарлардағы өткізу рыноктарына қаншалық зор маңыз беріп отырғанын әбден мойындауға болады. Алайда, финанс реформаларын жақтаушыларға қарамастан, мынаны атап көрсету керек: отарлардағы осы рыноктарда үстемдік

ету үшін Англия артықшылығы бар баж салығын осы уақытқа дейін керек етіп көрген емес. Англияның бұл тәрізді артықшылығы бар баж салықтарынан күтетіп ең жақсы нәрсесі — баяулап еніп келе жатқан шетел бәсекесін болашақта ығыстырып шығару». NB

...Бір есептен, «осынау» (бөтен) «протекционистік мемлекеттердің кейбіреулері барған сайын кең байтақ шикізат аудандарына ие болып, оларды жоғары баж салықтарымен қорғалған өз өнеркәсібі мен кеме қатынасы үшін монополиялап отырғандығы да империалистік пиғылды күшейте түсуде...

...Бұл жөнінде Құрама Штаттар ерекше арсыздық жасады. Вест-Индия мен Құрама Штаттар арасындағы кеме қатынасы бұрын тек қана британ жалауымен жасалатын. Пуэрто-Рико Құрама Штаттардың таможня одағына енгізілгеннен кейін және Американың жағалаудағы флоты басым болғаннан кейін Британияның жүк тасушы кеме қатынасы бір соққымен-ақ ығыстырылып шығарылды. Бағындырылып алынған аралдың сыртқы саудасының 97 проценті 1900 жылы америкам кемелері арқылы жасалды» (229). NB жақсы мысал!!

«Ағылшынның Көк кітабының көрсетуіне қарағанда, Германияның осы уақытқа дейін болып келген таможнялық тарифі ағылшынның басты-басты экспорт товарлары құнының 25 процентіне жуығын, ал Франция —34 процентін, Құрама Штаттар —73 процентін, Россия — 131 процентін алып отырған» (230). цифрлар *NB*

«Британияның халықтық табысы 1865 жылдан 1898 жылға дейін шамамен *екі есе* артқан болса, дәл осы уақыттың ішінде «шетелден түскен табыс», Гиффеннің айтуынша, *тоғыз есе* артқан»* (246-бет). NB (өте маңызды) *2* есе және *9* есе

Бұл арадағы цитаттар Роберт *Гиффендікі*. «Экономикалық зерттеулер мен очерктер», 1904, II том, 412-бет [және «Fabian Tract» № 7].

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 440-бет. *Ред.*

Шетелдерге орналастырылған капиталдан түскен табыс 98 жылы *9 0* млн. фунт стерлингтен (Гиффен)

және *1 1 8* млн. фунт стерлингке дейін болды. Кемінде *1 0 0* млн. фунт стерлинг (251-бет): халық табысы (баға), яғни 1 жан басына

NB 1861—28.9 млн. ... 311.8 млн. ф. ст. = 10.7 ф. ст. NB
1901—41.4 ... 866.9 = 20.9 ф. ст.

Британ өнімдерін шетке шығару (кемеден басқа) 1000 фунт стерлинг есебімен:

	(A) Қамқоршы баж салығы қорғайтын елдерге	(B) Бейтарап рыноктарға	(C) Британ иеліктеріне	Барлығы
1870	94 521	53 252	51 814	199 587
1880	97 743	50 063	75 254	223 060
1890	107 640	68 520	87 371	263 531
1900	115 147	73 910	93 547	282 604
1902	100 753	69 095	107 704	277 552

(A) = Европа мен Құрама Штаттар. (B) = Оңтүстік Америка, Азия және Африка = «Европадан тыс шикізат аудандары». (C) = Англияның отарлары.

((қайта-қайта оралу керек)) «Кәсіподақтарға ұйымдасқан жұмысшылар» (Англияда) «практикалық саясат жолына әлдеқашан түсті. Сайлау правосын кеңейту оларды демократияландырылған мемлекеттік системаның мырзаларына айналдырды — оның бер жағында сайлау правосы **«нағыз пролетарлық** төменгі топты *шығарып тастау* үшін әлі де болса жеткілікті дәрежеде *т е ж е у л і»** (298).

NB өте маңызды!!

«Жұмысшының мұндай ықпалды жағдайда болуы Англия үшін қауіпті емес, өйткені жарты ғасыр бойындағы кәсіби және саяси әдет жұмысшыны өз мүдделерін өз өнеркәсібінің мүдделерімен пара-пар қоюға үйретті. Рас, жалақы мөлшері, жұмыс уақыты, т. с. жөніндегі мәселелерде ол жұмыс берушіге қарсы шығады, ал сырттай алғанда ол өз өнеркәсібі саласының мүдделері туралы сөз болатын жерлердің

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 441-бет. *Ред.*

бәрінде кәсіпкермен бір жерден шығады. Күнделікті экономикалық мәселелер жөнінде кәсіпкерлер бірлестіктері мен жұмысшы одақтары бірлесіп әрекет жасайтын кездер жиі кездеседі. Мысалы, Ланкаширдің кәсіптік одақтары Индияда алтынмен есептеу валюта негізіне алынғанға дейін биметаллизмді қорғап келді; енді олар Африкада мақта дақылын енгізу мақсатын көздеген ниеттерге жәрдем етуде» (299). NB

Э. Бернштейннен цитат келтіріп отыр. «Британ жұмысшылары және таможнялық-саяси империализм» «Archiv für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik»-те. XIX том, 134-бет. NB

Қазір (1903) жұмысшылар Чемберленге қарсы (1903 жылғы тред-юнионистік конгресте 2 дауысқа қарсы 458 дауыс)... «*Жұмысшылардың бүкіл* **жоғарғы** *тобын* қамтитын *кооператив конгресі* де дәл осындай позиция ұстады» (300-бет). NB (кооперативтер туралы) NB

Жұмысшылардың жағдайының жақсарғандығы даусыз деседі. Жұмыссыздық онша күшті емес деседі: «Әңгіме» (жұмыссыздық туралы мәселеде) «көбінесе Лондонға және **пролетариаттың** ***саяси тұрғыдан аз санасатын*** **төменгі тобына** қатысты мәселе жайында болып отыр»* (301-бет) (автор мынадан цитат келтіріп отыр: «Сауда министрлігінің есебі», «Labour Gazette», декабрь, 1905, 355-бет. «1905 жылғы ноябрьде Лондонда 24 077 жұмыссыз болды, ал Англияның бүкіл қалған жері мен Уэльсте 12 354 жұмыссыз болды») (№ 400 ескерту). NB NB

«Осы фактілерді есепке ала отырып, ағылшын жұмысшыларының **жоғарғы** топтары қазіргі уақытта ағылшын таможня саясатын түбірінен өзгерту үшін ешқандай себеп жоқ деп отыр» (*301*-бет). =NB

«Манчестер биржасы бұрын қандай болса, қазір Лондонның қор жинау биржасы сондай,— британ халық шаруашылығының орталық пункті болып отыр.

---

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 442-бет. *Ред.*

Алайда, жалпы жұрттың мойындауынша, қазіргі уақытта алуан түрлі биржа дүниесінде экзотикалық елдердің байлықтары жетекші орын алады: отарлардың, Индияның, Египеттің, т. т. мемлекеттік және коммуналдық заемдары, Оңтүстік Американың, ең алдымен Аргентина мен Жапонияның заемдары, Америка мен Канаданың темір жол, мыс акциялары, бірақ ең алдымен Оңтүстік Африка мен Батыс Австралияның алтын приискілерінің акциялары, Африканың алмаз акциялары, Родезияның байлықтары, т. т....

«финанс капиталы»

...Сөйтіп жаңа типті адам алдыңғы қатарға шығып, британ халық шаруашылығының тұтқасын өз қолына алады. Өз елінде орнығып, үйлер мен машиналары молая түскен өнеркәсіп иесінің орнына байлықты жасағанда сол байлықты өз қолымен қайтадан мүмкіндігінше тез өткізу үшін жасайтын *финансист* келеді» (310).

NB

Тропиктік елдерде өсімдіктердің өсуі өлшеусіз күшті. Мысалы, *бананның* (оның ұны), оны өндірудің соншалық оңайлығы,—сорғоның, құрманың, күріштің және басқалардың «орасан зор болашағы» бар. «Іс жүзінде бұл өнімдердің мөлшері шексіз көп, сондықтан азық-түлік өнімдерінің тапшылығы жөніндегі ескі мальтусшілдік ұғымды осының өзі теріске шығарады және астықты жерлердің мүмкін болатын тозуы өзінің қатерлі сипатын жояды» (315—6).

империалист

(Бұл арада европалық адам еңбек етуге жарамайды,
ал негрді еріксіз күштемесең үйрете алмайсың деседі.)

NB!!

«Ең жаңа замандағы империализмді мәдени-тарихи жағынан ақтаудың мәні, міне, осында. Оның қауіптілігі мынада болмақ: саяси үстемдік қатынастары барынша шиеленіскен жағдайларда Европа дене еңбегін — алдымен ауыл шаруашылық және кен

NB (перспектива)

еңбегін, сонан соң неғұрлым тұрпайы өнеркәсіптік еңбекті — қара түсті адамзаттың мойнына аударады, ал өзі рантье ролінде қала береді, сөйтіп қоңыр және қара түсті нәсілдердің экономикалық, сонан соң саяси эмансипациясын даярлауы мүмкін»* (317).

NB
«Европа» = рантье (негрлерге мініп алған)

«Оңтүстік Американың, әсіресе *Аргентинаның* Лондонға финанс жағынан тәуелділігі соншалық, оны *ағылшынның сауда отары деуге* де болады»** (318).

(Тропиктер мен субтропиктердің көпшілік бөлегі Англияның қолында).

«Капиталдың шетелдерге орналастырылуының арасында саяси тәуелді немесе одақтас елдерге жататындары бірінші орында: Англия Египетке, Жапонияға, Қытайға, Оңтүстік Америкаға қарыз беріп отырады. Оның әскери флоты, аса керек бола қалған жағдайда, сот приставының ролін атқарады. *Англияның саяси күші оны борышқорлардың ашу-ызасынан қорғайды...**** (320). NB

«Кредитор-мемлекет ретінде ол (Англия) отар, саяси жағынан азды-көпті тәуелді аймақтарға, «Жаңа дүниеге» барған сайын көп сүйенуде» (автор бұл арада, № 422 ескертуді, 1902/3 жылдардағы табыстар туралы деректерді цитатқа келтіреді: отарлардағы қарыздардан 21.4 миллион фунт стерлинг, шетелдердегі қарыздардан 7.56 миллион фунт стерлинг, оның ішінде Европа тек қана 1.48 миллион фунт стерлинг!!!). *«Кредитор-мемлекет* ретінде Англия өнеркәсіпті мемлекет ретіндегі Англияның өзінің фритредерлік мүдделеріне тәуелді емес, керісінше, кейбір реттерде ол финанс реформалары арқылы отарлық дамуды тездетуге құштар. Кредитор ретіндегі Великобританияның қор биржасы мен империализмнің арасындағы, сыртқы саясаты мен мүдделері арасындағы ішкі байланыс, міне, осындай. NB !!! NB NB

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 441-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда, 419-бет. *Ред.*

*** Бұл да сонда, 436-бет. *Ред.*

Өнеркәсіпті мемлекетке қарама-қарсы кредитор-мемлекет бірте-бірте алдыңғы қатарға шығып келеді. NB Қалай болғанда да *кредитор ретіндегі Великобританияның табыстары қазірдің өзінде-ақ бүкіл сыртқы сауданың таза пайдасынан бірнеше есе асып түседі.* 1899 жылы импорт пен экспорт жөніндегі жалпы айналым 800 миллион фунт стерлинг болған кезде, Гиффен сыртқы саудадан түскен таза пайданы 18 миллион фунт стерлинг деп анықтаған, ал қарыздар жөніндегі проценттерді төлеу есебінде шетелдерден түскен қаржылар, абайлап есептегеннің өзінде, 90—100 миллион фунт стерлинг болған. Оның үстіне осы соңғы табыстың өзі шапшаң өсетін шама болып табылады, ал халықтың жан басына шаққанда сыртқы саудадан түсетін табыс азайып отырады. Бұған қоса, соғыстар мен соғыс контрибуциялары, шетелдегі аннексиялар мен концессиялар белгілі бір елдің биржаларының эмиссиялық белсенділігін арттыратындығын, империалистік пиғыл туғызу үшін финанс дүниесін басқарушылардың қолында баспасөздің көп бөлегі бар екендігін еске алсақ, онда империализмнің экономикалық негіздері жөнінде ешқандай күдік болмасқа тиіс» (321).

((алайда, әлбетте, тек экономика ғана емес: идеялар, дін және т. т., т. с. бар дейді.))

«Лондон биржасының аса маңызды, неғұрлым пәрменді финанс мүдделерінің саяси империализмге тәуелділігі мейлінше айқын: оңтүстік африкалықтар қытайлардың еңбегі түрінде бір жеңіс олжасын !!! алды, мұндай олжаны олар Крюгер қарттан да, реформаланған фольксраадтан[44] да еш уақытта ала алмаған болар еді. Олар үшін ең бір қолайсыз нәрсе — Джон Бернс сияқты салмақты дұшпан, ең жақсысы қытайларды үйлеріне қайтарып, Оңтүстік Африканы ақ адамдар кәсіптік одақтарының ұясына айналдыру керек деп санайтын дұшпан. Оңтүстік африкалықтар табынатын Сесиль !!! Родстың өзі-ақ қара адамдардың ұйымдаспаған еңбегін артық көрген, ал өздерінің кәсіподаққа де-

ген ниеті туралы өзіне мәлім болған ақ қызметшілерді ол ел ішіндегі шөлейт жерлерге ауыстырып жіберіпті-міс, олар сол жерлерде өздерінің ілімін бушмендер мен зұлыстарға қаннен-қаперсіз уағыздай алатын болған. Ақ жұмысшылардың австралиялық үлгідегі қозғалысынан үрейі ұшу Рандтың[45] кен өнеркәсібі шонжарларын саяси империализмнің күймесіне таңып отырған түйіндердің бірі болып табылады» (322). NB NB

((№ 424 ескертуде де тура мынадай мәлімдеме цитатқа келтірілген: жергілікті, оңтүстік африкалық «өнеркәсіп көсемдері» Австралияның өнегесінен *қорқады*...)) NB NB NB

«Великобританиядағы *рантьелер* санын мөлшерлеп алғанда бір миллион деп есептеуге болады» (323).

	Англия мен Уэльстің халқы	Өнеркәсіптің басты салаларындағы жұмысшылар саны	%
1851	17 928 000	4 074 000	23
1901	32 526 000	4 966 000	15

NB

= «халықтың жан басына шаққанда өндіріс жұмысшыларының үлес салмағының кемуі»* ((323-бет))...

Проф. д р Георг *Вегенер.* «Қазіргі Индия. Ағылшындардың Индиядағы билеп-төстеуінің негіздері мен проблемалары» («Отар мәселелері жөніндегі еңбектер». 61/63-кітап. 1 марка 20 пф.). Берлин, 1912 (52 бет).

Тіпті де жаман емес, анық, қысқа очерк.

Индия — 4 575 000 шаршы км.

315 миллион (1911) (1901—297)
(1801—100)

Россия тарапынан соғыс қаупі: енді ағылшындар мұнда «бақайшағына дейін» қаруланып алған.

Біртұтас ұлт жоқ, бір тіл жоқ.

«Бенгалдар» = 70 миллион. Ағылшындардың Бенгалияны 1905 жылғы бөлшектеуі (ұлттық қозғалысты әлсірету

үшін). 1911 жылы (*Делиде* таққа отыру кезінде) бұл шараны *бұзуға* уәде берілген.

Касталар системасы.

Ағылшындар «бөлшекте де, өктемдік ет» деген саясат арқылы үстемдік жүргізеді...

Географиялық жағдайларының тым әр алуандығы.

Басқа дүниеден бөлек жатқандыгы.

Орта ғасырлық (діні — сыртқы дүние ештеңе емес) — егіншілік — вассалдық қатынастар.

Елдің $^2/_3$ бөлігіне тікелей ағылшындар үстемдік жүргізеді, $^1/_3$ бөлігі — вассал мемлекеттер.

Жаздыгүні (егіншіліктің) түгелдей жаңбырға байланыстылығы (жазғы муссон=*пассат*). Әйтпесе — *ашаршылық*.

Армия — 75 000 ағылшын

— 150 000 жергілікті халық (әр түрлі тайпалардан). Ағылшындар мұсылмандардың (60 миллионға жуық) үнділермен араздығып *айрықша* пайдаланады.

Сипайлар көтерілісінің (1857) басты қаупі — жергілікті халық армиясының көтерілісшілерге қосылып кетуі. Түрлі ұлттардың араздығы мен бұқараның әлі оянбағандығы аман алып қалды.

Обадан 1905 — 1 069 140

1907 — 1 315 892 адам өлген, т. т.

Ағылшындардың басқаруы нағыз «диктаторлық» басқару (31), «автократия» (31).

«Индиядағы азаматтық ведомство» 1000-ға жуық адам, артықша ақы алатын артықша чиновниктердің штабы.

Англия өте көп (Британ дүниесін, темір жолдарды, почтаны, юстицияны etc. etc.) берді дейді.

Дүрбелеңнің себептері:

1) жат елдіктердің халыққа зорлық-зомбылығы...

2) халықтың тез өсуі. (Ашаршылық.)

3) «Индияны аграрландырудың үдеуі»: Англия елдің өнеркәсібін тұншықтырып отыр.

«Свадеши» қозғалысы (=өз елінде өндірілген өнімдерді қолдау) (ағылшын өнімдеріне бойкот жасау).

4) салықтар. Шаруалардан жеріне қарай алынатын алымдар.

5) интеллигенцияның құралуы. Мектеп «ой еңбегінің саяси жағынан жаман және ең ауыр сортты пролетариатын» туғызды (43), авторы — реакцияшыл малғұн.

6) үнді ұлтының құралуы. («Ұлттық конгрестер».)

7) ағылшындарға қарсы, азиялықтарды, өзіндік, азиялық ерекшеліктерді қолдаған діни қозғалыс... (терроризм etc.).

(артиллерия мен арсеналды ағылшындар, 48-бет, тек ақ нәсілді әскерлерге ғана береді. Тегінде ағылшындар барынша сақ.)

ЭНГЕЛЬС. «ЕВРОПА ҚАРУСЫЗДАНА АЛА МА?»

Фридрих Энгельс. «Европа қарусыздана ала ма?» *Нюрнберг,* 1893. «Vorwärts»-тен жеке оттиск (Вэрлейн мен К⁰)[49].

Бери Жұмысшы кітапханасындағы *жинақ* «Карл Маркс Кёльннің адвокаттар соты алдында» деген кітапшамен басталады.

Алғы сөз: — бұл мақалалар 1893 жылғы *мартта* Берлиннің «Vorwärts»-інде «рейхстагта әскери заң жобасы туралы айтыс кезінде» басылған (3-бет).

«Сонымен осы (қазіргі, heutigen) «жағдайға сүйеніп, мен бұл арада қазіргі әрбір үкіметтің әрқайсысы өз елінің қорғаныс қабілетіне нұқсан келтірмей қабылдай алатын шараларды ғана ұсынып отырмын. Мен мынаны ғана анықтамақпын: таза әскери тұрғыдан қарағанда тұрақты армияларды бірте-бірте жою үшін мүлде ешқандай кедергі жоқ», ал егер мұндай әскер сақталатын болса, ол «ішкі жауға қарсы» сақталмақ (3-бет). ||| NB ||| NB

«Әскери қызмет мерзімін халықаралық келісім бойынша бірте-бірте қысқарту керек», «менің пайымдауларымның негізгі түйіні», міне, осы (4-бет) — «тұрақты әскерден милицияға жаппай көшу» (4-бет, *idem,* 3-бет).

(Сонымен: Энгельс пікірінің *«мәнісі»* = милицияға көшу. Бұл NB.)

Алғы сөз: Лондон, 28 март, 1893 деп белгіленген.

§ I. Міне, 25 жыл бойы Европа «адам айтқысыз» қарулануда.... «Мұндайда қарусыздануды сөз қылу ессіздік емес пе?» (5-бет).

Бірақ халық бұқарасы... «барлық елдерде»... «қарусыздануға» шақырып отыр... Бұл тұйықтан шығу үшін қырғын соғыстан басқа жолдың болмағаны ма?

«Мен: қарусыздануға, осы арқылы бейбітшілікті баянды етуге болады деп кесіп айтамын» (5)... ал Германияның оған «күші де, қабілеті де» бар...

Онан әрі, § I жалпыға бірдей әскери міндеттілікке көшуді қысқаша баяндайды. Оның «революциялық» (6-бет) жағы — еркектердің бәрін «ұлтты қорғауға» тартатындығы...

«Түпкі мақсат ретінде милиция системалы» «әскери қызмет мерзімінің халықаралық максимумына» (7) көшу қажет.

әуелі maximum 2 жыл, онан кейін $1^1/_2$ жыл, т. с.! қаншаға дейін??

§ II. Әскери қызметтің қысқа мерзімінің мүмкіндігі (әскери-техникалық жағынан). Ұзақ мерзімнің керексіздігі. (адымдама (9), сақшылық (9), денщиктер (10), т. с. есуастық).

Ал атты әскерге ше? Бұрын атқа мініп үйренбеген болса ұзағырақ болғаны жөн. Бірақ бұл жөнінде де көп нәрсе істеуге болады, ал онан кейін «үш немесе төрт жылға өз еркімен келгендер» (10) болуы мүмкін.

Мен өз өмірімде мақтаулы әдет-ғұрыптардың, мекемелердің, ережелердің, әскери істердің талай рет күйрегенін көргенмін (10),———«сондықтан мен әрбір адамға нақ әскери *«маманның»* пікіріне өте-мөте сенімсіздікпен қарауға кеңес берер едім» (11-бет, II параграфтың соңы).

§ III. Техника мұнда өте-моте революциялық сипатта болып отырғанда, әскери істегі консерватизмнің сорақылығы.

	Жаяу әскердің атысы	
бұдан 40 жыл бұрын...	300 қадам	
1870/1 ————	600—1000 »	(артиллерия: 3—4000)
«жаңалары» ———	3000—4000 қадамға дейін (11-бет).	

Жастарды әскери іске баулудың, гимнастиканың etc. (13—14), марштардың (жаздыгүні), «түздегі жаттығулардың» (14) etc. etc. қажеттігі.

Ал мұғалімдер ше?— қызметін өтеп болған унтерлер. Егер оларды «мектеп қорасының, жалпы азаматтық қылмысты істер кодексінің жарығына» алып шықса,—«онда бәс тігуге бармын, біздің бүлікшіл (sic!!?) мектеп жастары ? солдаттың бұрынғы азаптаушыларының ең жауыздарының өзін ақылға келтірер еді» (15). NB NB ?

§ IV. Басқа елдер қабылдар ма екен? Австрия мен Италия — қабылдайды.

Франция ше?— «шешуші ел» (15). Франция алдап кете ме?

Бірақ Германия анағұрлым күшті: халқы көбірек; офицерлері көбірек, ал мұның өзі өте маңызды. («Осы кезге дейін барлық соғыстарда бірнеше ай соғыс қимылдарын жүргізгеннен кейін офицерлердің тапшылығы сезіле бастайтын» (17))...

Оның бер жағында өз еркімен келгендердің «демократиялық емес және саяси жарамсыз» (16) мекемесі Германияға әскери қызмет жағынан (офицерлерден гөрі>) пайдалы. Ал Францияда «қызмет мерзімі үш жылдық солдаттар бір жылға алынған пұрсаттыларды армияға сыйғызбай қойды. Мұның өзі қоғамдық-саяси сананың және осыған сәйкес рұқсат етілетін саяси ережелердің дәрежесі Германияда Франциядағыдан қаншалықты төмен екендігін көрсетеді» (16). NB

§ V. Россия ше? Қабылдау-қабылдамауында тұрған ештеңе жоқ. Жалпы онда тұрған өштеңе жоқ, офицерлері жоқ.

Орыс солдаты өте ер жүрек және топтың ішінде табанды келеді. Бірақ енді жеке-жеке қимылдау керек болып отыр, міне мұндайда ол түкке жарамайды, «Батыс солдаттарымен» салыстыруға келмейді (19).

Россиядағы қазына ұрлаушылық etc. (20).

«Россия екі-үш шайқаста жеңілсе болғаны, соғыс қимылдарының майданы Висладан Двинаға, Днепрге ауысады; герман армиясының тылында, оның қорғауымен, оның поляк одақтастарының әскері жасақталады; егер Пруссия өзін қауіпсіз ету үшін күшті Польшаны қалпына келтіруіне тура келсе, оның сазайын өзі тартады» (20).

§ VI. Россияның ішкі халі «мүшкіл дерлік»... «осынау европалық Қытай» (21)... 1861 жылдан кейін шаруалар күйзелуде... «*Бұл жол*» (Россиядағы «экономикалық және әлеуметтік революцияның» = капитализмнің жолы) «*әзірше көбінесе күйреу жолы*» (21).

NB

Россияда топырақ ысырап етіліп, орман құрып жатыр etc. Кредит құлдырап барады. «Францияға Россия қажет болып отырған жоқ, керісінше, алдымен Россияға Франция қажет болып отыр... Франция біраз ақылдырақ болса, онда не тілегенінің бәрін Россиядан сығып алар еді. Бірақ ресми Франция осылай істеудің орнына патшаның алдында құрдай жорғалайды» (23)...

Россия шетке,— көбінесе Германияға,— қара бидай шығарумен күн көріп отыр. «Германия қара нанның орнына ақ нан жей бастаса-ақ болғаны, патшалы-ірі буржуазиялы қазіргі ресми Россия сол сәтте банкрот болады» (23).

NB?!

| VI параграфтың соңы |

§ VII. Ал істің *біздегі* жайы қалай? «Солдаттарды қорлау» дегеннің ұшы-қиыры жоқ (24)... «паразит дворяндар», «буржуазияның есірік ұлдары»... Бұрын маневрлерде аңдаусызда атып жіберетіндер болатын (25) — «мен Кёльннің бір жігітін білуші едім, сол жігіт 1849 жылы өзінің бастығына атылған оқтан осылайша қаза тапқан-ды» (25),— енді кіші калибрлі магазинді мылтықпен «мұндайды оп-оңай, сездірмей істей алмайсың» (25)...

NB

Францияда солдаттарға бұлай қарау мүмкін емес... неміс солдаттарын казармаларда қорлап ұстайтыны жайында оқыған француз солдаттары оларға жиренe қарауға тиіс...

§ VIII. Бұл ұсынысты қабылдар ма екен?

Германия бұл ұсынысты Австрияға, Италияға, Францияға жасап отыр. Егер Франция мұны қабылдаса, өз жағдайын нашарлатпайды, ал қабылдамаса,— нашарлатады.

«Армия біткеннің бәрі *үлкен жеңілістерден* кейін үйренуге ерекше қабілетті келеді» (27).

«Бисмарктің 27 жыл билеп-төстеуі Германияны шетелдердің бәріне жек көрініштi еткенін — мұның өзі орынды да екенін ұмытпауымыз керек. Солтүстік

NB

Шлезвиг датчандарын аннексиялау да, Прага шартының олар жөніндегі пунктін орындамай, ақыр-аяғында оны алаяқтықпен жоққа шығарғаны да, Эльзас-Лотарингияны аннексиялауы да, Пруссия поляктарына қарсы қолданған жиреніішті шаралары да «ұлт бірлігін» құрумен ешбір қатысы жоқ еді» (27)... Бисмарк Германияны еріксіз жек көрінішті етті... NB

«Қайда барсаңыз да, сіз сол жерлердің бәрінде Францияға деген тілектестікті, Германияға деген сенімсіздікті көресіз» (28)... NB

«Таяудағы соғыстың тағдырын Англия шешетінін ұмытпайық» (28) — теңізде сол үстем, «тура титықтатып құртады» (Францияны немесе Германияны).

Германия осындай ұсыныс жасаса, ерекше ұтар еді (29-бет)...

Соңы

МАРКС. «КЁЛЬНДЕ КОММУНИСТЕРГЕ БОЛҒАН ПРОЦЕСС ТУРАЛЫ ӘШКЕРЕЛЕУЛЕР», КІРІСПЕСІН ЭНГЕЛЬС ЖАЗҒАН

«Кёльнде коммунистерге болған процесс туралы әшкерелеулер» (Цюрих 1885) ——— атты кітапшадағы «Коммунистер одағының тарихы жөнінде» дейтін мақаласының (1885 жылғы 8 октябрь деп белгіленген) соңында Энгельс:

...Маркс «өз замандастары бәрінен де жек көрген және бәрінен де көп жала жапқан адам»[50] (17-бет)...

Маркстің сол кітапшаның өзіне жазған соңғы сөзі (8. I. 1875):...[51]

...«1848 жылғы революция күйрегеннен кейін неміс жұмысшы қозғалысы әлі теориялық формада, оның үстіне өрісі тар насихаттап әрі аса алмайтын формада ғана өмір сүрді; бұл форманың практикалық қауіпсіздігі жөнінде Пруссия үкіметі бір минут та алданған емес» (73). NB

ЭНГЕЛЬС. ««ФОЛЬКСШТААТ» ГАЗЕТІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАҒЫ МАҚАЛАЛАР»

Фридрих Энгельс. ««Volksstaat» газетіндегі халықаралық тақырыптағы мақалалар» (1871—1875). Берлин, 1894.

АЛҒЫ СӨЗ 1894[52]

коммунистер ме, әлде социал-демократтар ма?

Алғы сөзде (3. I. 1894) Энгельс, оның бер жағында, осы мақалалардың бәрінде (1871—5 жж.) ол өзін социал-демократ демей, коммунист деп атайтынын, өйткені *ол кезде* Франциядағы прудонистер мен Германиядағы лассальшылдар да өздерін социал-демократ деп атағанын айтады (6-бет).

NB «Сондықтан Маркс пен маған әдейі өзіміздің көзқарасымызды білдіру үшін сонша екіұшты сөзді қолдану мүлде мүмкін болмады. Қазіргі уақытта жағдай басқаша, сондықтан бұл сөз* қолдануға NB жарай тұрар, бірақ бұл сөз, экономикалық программасы жалпы алғанда тек социалистік программа ғана емес, тура коммунистік программа болып табылатын партия үшін,— түпкі саяси мақсаты бүкіл NB мемлекетті, ал солай болғаннан кейін, демократияны да жеңу болып табылатын партия үшін сол дәл емес күйінде қалып отыр. Алайда *нағыз»* (курсив Энгельстікі) «саяси партиялардың аттары еш уақытта өздеріне толық сай келмейді; партия дами береді, аты сол күйінде қала береді» (7-бет).

«БАКУНИНШІЛДЕРДІҢ ӘРЕКЕТІ»[53]

NB «Бакуниншілдердің әрекеті» (1873). Соңы... «Испанияда бакуниншілдер революцияны қалай жасауға *болмайтындығының* (курсив Энгельстікі) «теңдесі жоқ мысалын бізге көрсетіп берді» (33-бет).

«ПОЛЯК ПРОКЛАМАЦИЯСЫ»[54]

Ibidem «Поляк прокламациясы» (11. VI. 1874). NB «Бүкіл европалық милитаризмнің түпкі негізі—орыс милитаризмі. 1859 жылғы соғыс кезінде резервте

* «социал-демократ». *Ред.*

Франция жағында, ал 1866 және 1870 жылдары Пруссия жағында тұрған орыс армиясы әр ретінде аса ірі әскери державаның өз дұшпандарын жекелеп талқандауына мүмкіндік беріп отырды. Пруссияны Европаның бірінші әскери державасы еткен нақ Россия болғанымен, кейіннен Пруссия өзінің қолдаушысынан тым ұнамсыз асып кетті» (35-бет). NB

...«Наполеон соғыстарынан кейін Россия оның үстіне Пруссияның, Австрия мен Польшаның бұрынғы провинцияларының орасан зор бөлегін алып қойып, енді Европаның ашықтан-ашық төрешісі болып шыққан еді; бұл рольді ол 1853 жылға дейін үздіксіз атқарып келді. ...Париждегі июнь шайқасы Батыс үшін қандай шешуші оқиға болса, революция жылдарында орыс әскерлерінің Венгрияны басып-жаншуы Шығыс және Орта Европа үшін нақ сондай шешуші оқиға болды... Европада Россияның үстемдігімен бірге реакция үстемдігі де орнады. Қырым соғысы Батыс пен Австрияны патшаның арсыздық дәмесінен құтқарды... Орыс армиясының бүкіл Европа милитаризміне сылтау мен негіз болып отырғанын біз жоғарыда көрдік.... Орыс армиясы 1870 жылы Австрияның Франция жағына шығуына бөгет жасағандығынан ғана Пруссия француздарды жеңіп, Пруссия-Германия әскери монархиясын құруды аяқтап шығуға мүмкіндік алды» (38)...

Поляк қозғалысы «асылында аристократтық қозғалыс еді» дейтін мылжыңдау «қисынсыз».

«Польша, Франциядан анағұрлым көп дәрежеде, өзінің бүкіл тарихи дамуы мен қазіргі жағдайына орай, екінің бірін таңдауға — не революцияшыл болуға, не құрып бітуге — тиісті болып отыр» (39)... NB

1871 жылы поляктардың (эмиграңттардың) көпшілігі Коммуна жағына шықты... «бұл аристократтардың істейтін ісі ме екен?» (39). NB

«Поляк аристократиясы тым болмаса Россияның қол астында Польшаны қайта біріктіру үшін сол Россиямен барған сайын көбірек жақындаса түсуде; ал революцияшыл бұқара бұған жауап ретінде герман жұмысшы партиясына одақтасуды ұсынып, Интернационалдың қатарында күресуде» (39).

«*Басқа халықтарды езуші халықтың еркті болуы мүмкін емес.* Оған басқа халықты басып-жаншу үшін керекті қарулы

күш сайып келгенде қашан да оның өзіне қарсы жұмсалады» (40) — Россия жөнінде: Польшаны қалпына
NB‖ келтіру «...**орыстардың өздері** үшін қажет» (NB) (40).

«РОССИЯДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ ТУРАЛЫ»

«Россиядағы әлеуметтік мәселе туралы» (1875)

...«Петербургтің, Москваның, Одессаның соңғы он жылдың ішінде, әсіресе темір жол салудың арқасында, адам айтқысыз тез дамып келе жатқан ірі буржуазиясы... орыстың тек қорғаныш баж салықтарының... арқасында ғана өмір сүріп отырған бүкіл ірі өнеркәсібі,— халықтың осы ықпалды, тез дамып келе жатқан элементтерінің бәрі орыс мемлекетінің өмір сүруіне мүдделі емес пе екен?..[55] (52-бет) (Ткачевке қарсы).

Соңғы сөз (1894) — «Россиядағы әлеуметтік мәселе туралы»[56] деген мақала жөнінде — мынадай сөздермен аяқталады:

«Ол (Россиядағы революция) ұлттың басым көпшілігі, шаруалар тұратын, солардың «жарық дүниесі», солардың әлемі болып табылатын деревнялардың бытыраңқылығын жойып қана қоймайды, шаруаларды сыртқы дүниені, ал сонымен бірге өздерін де танып білерлік, өздерінің жағдайын, қазіргі мұқтаждықтан құтылудың жолдарын түсінерлік кең аренаға алып шығып қана қоймайды,— орыс революциясы сонымен қатар Батыстың жұмысшы қозғалысына жаңадан түрткі салады, оның күресіне жақсы жағдай туғызады, сөйтіп қазіргі өнеркәсіп пролетариатының жеңіске жетуін тездетеді, бұл жеңіссіз Россия қауым арқылы да, капитализм арқылы да қоғамды социалистік жолмен қайта құра алмайды» (72-бет).

ЛАУФЕНБЕРГ. «ҰЙЫМ, СОҒЫС ЖӘНЕ СЫН»

Лауфенберг ‖ «Ұйым, соғыс және сын». Гамбург партия айтыстары жөніндегі документтер

д-р Генрих *Лауфенбергтікі*,
Фриц *Вольфгеймдікі* және д-р Карл *Герцтікі*.

«Тек партия мүшелеріне мүшелік билеттерін көрсеткенде үлестіру үшін ғана».

(Д-р Лауфенберг бастырып шығарған. Гамбург) (1—77-беттер)

Жылы???? (1915) ((күмәнсыз 1915)).

«Эхо»[57] үкімет паролінің соңынан ерді (8) — «Эходан» цитаттар (9—15) (жастарды милитарландыру үшін, 26 және келесі беттер) **өте қызғылықты.** Лауфенбергтің және басқалардың мәлімдемелері — қарсы.

Көсемдердің сөз тасу дерлік etc. тактикасы.

«Жүрт сенген адамдарды» жинау ұсынысы қабылданбайды (23 және басқа беттер).

...««Echo» саясатына бағыт алған көсемдер мен бұрынғы пролетарлық принциптерде қалып отырған, үйлестірудің жаңа ревизионистік саясатын қабылдамай отырған бұқара арасындағы қайшылықтың беті ашылуға тиісті еді» (34)... ‖‖ көсемдер мен бұқара

§ VIII: *«Көсемдердің сөз байласуы (Samtlung)»* (NB) (бұқараға қарсы).

Айтыс мынаны көрсетті:

«Төрт кеш бойына созылған жарыс сөздер Гамбургтің басшы топтары деп аталатындардың ой-ниетін ерекше танытатын сипатта болды. Көсемдердің бұл жоғарғы тобы Гамбург партия бұқарасының радикалдық көзқарастарынан әлдеқашан іштей қол үзгендігі жөніндегі Гамбургтің партиялық өміріне байыптап зер салушыларға көптен белгілі факт әбден айқын көрінді. ‖ !! !! NB Жиналыстарда олар радикалдық формулаларды әлі де қолдана алатын еді, шынына келгенде марксизм бұл топтар үшін партиялық ресми сөз сөйлегенде ғана киетін, денеге тар мундирге айналған» (38). ‖ NB

фон Эльм, - Август *Винниг,—Гильдебрандт* және басқалар империализмді қорғады etc. (36-бет). ‖ NB

(((Г. Томас Эльмді және басқаларды *жақтайды,* 47 және басқа беттер.)))

...«ұйымдарды басқармалар билейтін 1 және 2-округте соғыс жарияланғаннан кейінгі алғашқы 4 айда ешбір жиналыс шақырылмаған» (37)...

оппортунистер және Каутский

41-бет — оппортунистер Каутскийге сілтейді (ол да сынның үндемеуін жақтайдымыс) — және Каутский өзінің есімін бұлай «теріс пайдаланушылыққа» *қарсылық* білдірген деген авторлардың *ескертуі*.

Гамм округінде — соғыстан бұрын 6000 мүше болған —4 жиналыстан кейін басым көпшілік Лауфенбергті *жақтаған* (47-бет)....

§ XI: «Тоқаш пен қамшы» — оппортунистер, ұйымдардың «қожалары», *Эльм* (Адольф фон Эльм) мен Эмиль Краузе — баяу қалыпта қимылдасын деп «Халық қамқорлығы комитетіне» (48) жас жұмысшыны (Жұмысшы ағарту орталық комитетінен) «орналастырған»...

NB !!!

Лауфенбергтің кітапшасын «Карл *Гойм»* сатып тұрған (48) — ол *Ауэр және* K^0 баспаханасының (партиялық) жұмысшысы екен, сөйтіп оны «өзіңнің д-р Лауфенбергіңе» шағым айта бер деп қудалай бастаған (Treiberei) (48).

Полиция «Шейдеман мен Ленч жолдастардың сөйлейтін сөздері жөнінде істегенін істеп, шешендерге олардың сөйлейтін сөздерінің мазмұны жөнінде белгілі жарлық беріп, айтыстарға тыйым салды. *Буржуазиялық* қоғамдардың іс-әрекеті полицияның араласуынсыз еркін жүргізіліп отырғанда, партия, кәсіподақ ұйымдарының қоғамдық өмірі қазір полицияның бақылауында болып отыр. Сонымен, бізде қазір, социалистер туралы заң кезіндегідей, ерекше жағдай орын алып отыр» (52)...

!!

Пресс-комиссия (Г. Томас сопың атынан жазған) Лауфенбергтің шағымдарын қабылдамай тастаған... (Розаның, Мерингтің, Цеткинаның etc. ықпалы «бүкіл партияда тіпті болымсыз ғана деп», 53-бет etc.), Бременде-мыс, деп жазған нақ сол Г. Томас, «Паннекук жолдас Бременнен кеткеннен кейін» (54), жиналыстар тынышырақ («әлдеқайда тынышырақ») өтетін болды.

NB!!

Лауфенбергтің 22. I. 1915 ж. берген жауабынан (сол комиссияға):

...«Сіздің» (пресс-комиссияның) «арқаңызды партия оппозициясының соққысынан буржуазия жұрт-

шылығының қалың топтарының бүркейтініне сенуіңізге болады, «Echo»-ның саясатын «Hamburger Nachrichten»-ге дейінгі буржуазиялық топтардың мақұлдап қарсы алуы бұған кепіл, бұл саясат д-р Август Мюллер мен фон Эльм жолдастардың буржуазия қауымына әбден ұнап қалуына себеп болған көзқарастарымен іс жүзінде үйлесіп отыр» (55). ‖ NB ‖ NB

...««Echo»-ның ұлтшылдық-шовинистік позициясы» (56)...

Пресс-комиссияның 27. I. 1915 ж. қайтарған жауабы Лауфенберг пен К⁰-ны *«демагогия»* жөніпде айыптайды (59)... және бүкіл партияның басқармасы Сізді, Сіздің достарыңызды «партияның зиянкестері» деп жариялады деген мәлімдеме де бар (62)... ‖ NB

Лауфенбергтің 4. II. 1915 ж. қайтарған жауабынан:

...«жергілікті **«партиялық бюрократия»**» (63). ‖ NB

Томастың жауабынан (4. II. 1915) — соғыс империалистік соғыс екенін біз бекерге шығарған емеспіз, бірақ бұған *тек қана* неміс империализмі себеп болды дегенбіз. Бұған себеп болған — «халықаралық империализм» екенін бәріміз мойындаймыз дейді (65). ‖ NB: халықаралық және неміс империализмі!

...«партия мүшелерінің Гамбургтегі, Альтондағы, Оттензендегі жиналыстары айтыс болған жерлердің қай-қайсында болсын біздің» (Лауфенберг пен К⁰) «көзқарасымызды жақтап отырды» (65). ‖ NB

«Hamburger Echo» — «герман социал-демократиясының екінші бір ірі газеті» (67).

«New Yorker Volkszeitung»—«бүкіл дүние жүзілік соғыс кезінде дәйекті пролетарлық саясат жүргізген газет» (67).

[«Echo» бұған бұлан-талан болған, бұл үшін «біздің қарт Шлютерді» сөккен (68-бет), неміс социал-демократиясы «өзінің іс-әрекеті нәтижесінде пролетарлық партия сипатынан айрылып, өзінің принциптерінен безді» деген айыптауды қисынсыз деп атаған (68).] ‖ NB «Echo» Нью-Йорк Volkszeitung-тің көзқарасын баяндап отыр

...«Бірақ бұл шағын қанат» (оппортунистер) «партияға ұлттық реформизм тактикасын тануды місе тұтпайды. Ол қазірдің өзінде партияны екі лагерьге бөлмек болып отыр... Бұған қарама-қарсы радикализмнің өкілдері неміс жұмысшы қозғалысының бірлігі принципін қорғап отыр» (73)... (оның 50 жылдық тарихының ескі негіздерінде)...

NB

сонан кейін қорытынды XV (§) «Не істеу қажет?»

...«Капиталистік ұлттық мемлекеттер нығайған ұзақ кезең бойында пролетарлық ұйымдар өз дамуында таяу арада ірі саяси сілкіністер жасалады деп ойлауға болмайды, сондықтан күрестің негізгі салмағы әлі де көпке дейін тамырып терең жайған ескі күштермен парламенттік компромистер жасасуға жұмсалмақ деген алғы шартқа сүйенді...

...Бүкіл дүние жүзілік соғыс жағдайды бірден өзгертті. Бұл соғыс капиталистік шаруашылықтың үнемі өрлеу кезеңінен өз қызметінің шеңберін дүмпулер арқылы қауырт кеңейтетін заманға көшкенін көрсетті. Осыған байланысты пролетариаттың алдына өзінің таптық ұйымдарын келешектің революциялық талаптарына бейімдеу міндеті қойылып отыр.

Өткен жаздағы сұмдық оқиғалар пролетарлық ұйымдарға қаннен-қаперсіз жағдайда тап болды. Бүкіл дүние жүзілік-саяси оқиғалар жөнінде позицияны белгілеу, әңгіме мүшелік жарналар үшін сатылған маркаларды ай сайын кезекті тексеру туралы болып отырғандай-ақ, тек қана жергілікті бюрократияның қолына беріліп қойылды» (74)...

...«Біздің пікірімізше, қазіргі оппозиция үшін негізгі мәселе мыналар сияқты: неміс пролетариаты ұйымының формаларына қазіргі кезең талап етіп отырған өзгерістерді енгізу керек; себебі пролетариатқа ондаған жылдар бойында көбінесе *реформистік* тактика қолдандырған Германиядағы бұрынғы жалпы жағдайға сәйкес, пролетариат ұйымдық мәселелерде *көсемшілдік принциптеріне* сүйенді, ал практикалық жұмысында *тек қана парламенттік* қызметке сүйенді. Қазір біз бастан кешіп отырған тарихи

NB

бет бұрыстар пролетариатты *бұқаралық қимылдарға* көшуге мәжбүр етіп отыр; бұл қимылдар, өз тарапынан, өз ұйымында *еркін,* саналы, өз қимылдарының барысын дербес белгілейтін бұқара болуын көздейді» (75).

Сөйтіп авторлар тіпті *«устав»* та ұсынады! (76—77).

Соңы

ВИРТ. «ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ТАРИХЫ»

Альбрехт *Вирт.* «Қазіргі заманның бүкіл дүние жүзілік тарихы». 4-басылуы. Лейпциг, 1913 (тағы басқа деректемелер).

[Кіріспесі назар аударарлық: «1783—1870» (екі дата, бар болғаны сол ғана)]

а. = алады б. = бөліседі
с. = соғыс қ. = қарсы*
Ш. = шарт

Халықаралық дағдарыстар:

1779?	
1789—1871	
1877—78	Россия Түркияға қарсы
1885	Россия Англияға қарсы
1895	Россия + Германия + Франция Жапонияға қарсы
1898	Англия Францияға қарсы
1904/5	Россия Жапонияға қарсы
1905	Франция Германияға қарсы
1911	Франция (Франция + Англия) Германияға қарсы

1872— 79 («үш жақты» одақ)
1879—1891 (француз-орыс одағы)
1891—1898 (Фашодаға дейін)
1898—1904 (орыс-жапон соғысына дейін)
1904—1914 (бүкіл дүние жүзілік соғысқа дейін)
1914

* Бұл — В. И. Лениннің бұдан арғы жазбаларындағы қысқартуларды түсіндіргені. Осы томда бұл қысқартулар толық алынған. *Ред.*

ОТАРЛАР БАСЫП АЛУ МЕН СОҒЫСТАР КЕСТЕСІ

	Америка мен Батыс Европа (350)*	Шығыс Европа (Австрия+Балкан+Россия) (250)*	Қалған елдер (көбінесе Азия мен Африка) (1000)*
1873—1879	Англия Фиджи аралдарын алады (73).—Құрама Штаттар: Гаитиге көз салады (74).— *Англия* Кветтаны алады (76).—*Англия* Трансваальді алады (77).— *Англия* Ауғанстанмен соғысады (78). Шлезвиг-Гольштейн туралы шарттың (Вена, 11. X. 1878) жойылуы. Англия Зулуға соққы береді 1879.—1879: Англия Кипрді алады. *Үш жақты одақ* (Германия+ Австрия + Италия) (79) (8. X. 1879).	Россияның Түркстандағы жалпы қозғалуы: 1868—1876.—Россия Хиуаға қарсы (73).—Россия Сахалинді алады (75).—Россия Ферғананы алады (76).—Орыс-түрік соғысы (77). (Россия Бессарабия мен Кіші Азияның біразын алады.) 1878. Англия флоты Дарданеллы аузында. Қауіп· 1878: Берлиндегі конгресс.	1868: Жапонияның өзгеруі.—Хиуа Россияға қарсы (73). — Фиджи аралдары Англияға қарсы (73).— *Юньнань* (Қытай) мен *Ачиндегі* көтеріліс (73).—*Жапония* Формозаға қарсы (74).—Сацумадағы көтеріліс (77) (Жапонияда). — Трансвааль *Англияға* қарсы (77). Ауғанстан Англияға қарсы (78).—
1880—1891	Чили, Перу, Боливия соғысы (80).—Германия Самоаны алады (80).— Франция Туністі алады (81). Туністе қазір *де* 90 000 итальян, 35 000 француз бар.—Транс-	Россия Мервті алады (84). Серб-болгар соғысы (85). — Россияның Англиямен соғысып қала жаздауы (85: Пенджде Ауғанстан туралы келісім) (10. IX. 1885. Ауғанстан тура-	Германия Самоаны алады (80).— Трансвааль тәуелсіз (81).—Құлжа қайырып берілген (81).— Корeядағы «тәртіпсіздіктер» (84).— Конгоны бөліседі (85).—Уганданы бөліседі (90).— (17.VI. 1890

* Жақша ішіндегі цифрлар халық санын миллион адам есебімен көрсетеді. *Ред.*

ваальь Англияға соққы берді: 27. II. 1881 (1879—1880).— Италия Массауада (81). — Англия Египетті алады (82).—Италия *1881* жылы Германия мен Австрияның одағына қосылады (? 20. V. 1882 Италияның одаққа қосылуы). — Францияның Қытаймен соғысы 25. VIII. 1883 бітіммен аяқталды: Франция Тонкинді алады.—Германия Африкада отарлар алады (84). — Франция Қытайға қарсы (84)—Англия Египетке қарсы (84). — 26. II. 1884: Англияның Португалиямен шарт жасасуы: орталық Африканы бөліседі. — Англияның Трансваальмен келісімі (84).—Англия Бечуанды алады (84) — Конгоны бөлісу (85).—15. XI. 1884 (26. II. 1885 дейін) Конго туралы Берлиндегі конгресс: оны бөліседі.— Англия Бирманы алады (85)—1885 ж.: Трансваальда алтын табылады.— Англия Россиямен соғысып қала жаздайды (85).—	лы ағылшын-орыс келісіміне қол қойылған). Россияның Франциядан алғашқы алған заемы (500 миллион франк) XII. 1888.—Орыс-француз одағы (22 август. 1891?) (1891 жылы 22 августа қол қойылған). (Әскери келісім: 1892 жылғы июньнің аяғы).	Гельголандқа айырбастау) (Гельголанд үшін Занзибарды).

	Америка мен Батыс Европа	Шығыс Европа (Австрия+Балкан+Россия)	Қалған елдер (көбінесе Азия мен Африка)
	1885 ж. Францияның Қытаймен соғысы және француздардың сәтсіздікке ұшырауы (30. III. 1885: осының салдарынан Ферридің құлауы).— Бразилия республика (89).— Англия мен Германия Уганда туралы (90).—Англияның Португалияға ультиматумы (1890): Англия Африкада Португалияны тонап отыр. Англия мен Португалияның шарт жасасуы: 11. VI. 1891.— Орыс-француз одағы (1891).		
1892—1893	Чилидегі революция (92).— Памир туралы ағылшын келісімі (?) (92). Франция Сиамды алады (93), бір бөлегін.— Англияның Матабелемен соғысы (93).—Қытайдың бір бөлегін бөлісу (95: Симоносеки).	Памир туралы орыс келісімі (?) (92). Қытайдың бір бөлегін бөлісу (95).—Абиссинияға Россия экспедициясы (96).— Грек-түрік соғысы (97).	Сиам Францияға қарсы (93).— Матабеле Англияға қарсы (93). Жапон-қытай соғысы (94) және Симоносекидегі шарт (95). 17. IV. 1895 — Симоносекидегі шарт. 20. IV. 1895—Францияның+Германияның+Россияның араласуы. 21. VII. 1895—Пекиндегі шарт (Жапонияның Қытайды жеңуден

	Франция Мадагаскарға қарсы (95) (1894—1895).—Абиссиния Италияға қарсы (96). Англия Египетке қарсы (96).— Германия Киао-чаоны алады (97). Куба үшін испан-американ соғысы (98). Англияның Франциямен соғыса жаздауы (98). 4. XI. 98 Фашоданы эвакуациялау		бас тартуы...).—Мадагаскар Францияға қарсы (95).—Филиппины көтерілісі (96).—Абиссиния Италияға қарсы (96). 6. III. 1898—Киао-чаоны беру. 27. III. 1898—Порт-Артурды беру. 11. IV. 1898 — Куан-че-Уонды* Францияға беру. ? Вей-хай-вейді Англияға беру.
1899—1904	21. III. 1899: Англия мен Франция Африканы бөлiседі.—Англия бурлармен соғысады (99).—Құрама Штаттар Филиппинымен соғысады (99). Қытаймен соғыс (900) (1900 жылдың аяғы—IX. 1901).—Ағылшын-жапон шарты: 30. I. 1902. Ағыл-	Россияның протектораты туралы Россияның Тибетпен құпия шартын Қытай *1902* жылы мойындаған. Орыс-жапон соғысы (1904) (Кореяға, Қытайдың бір бөлегіне бола).	Бурлар Англияға қарсы (99).—Филиппинидағы Америкаға қарсы соғыс (99).—Қытай Европаға қарсы (900): боксер соғыстары. Ағылшын-бур соғысының аяқталуы (902).— Панама мен Құрама Штаттар (903).—Тибет Англияға қарсы (904).—Гереро Германияға қарсы (04).—*Жапон*-орыс соғысы (1904).

* Кvань-чжоу-ваньді. *Ред.*

	Америка мен Батыс Европа	Шығыс Европа (Австрия+Балкан+Россия)	Қалған елдер (көбінесе Азия мен Африка)
	шын-бур соғысының аяқталуы (1902).—1902: Сұлтанның Бағдат темір жолын салу туралы ирадесі* 1902.—Құрама Штаттар Панаманы алады (903). 1903: Германия + Англия + +Италия Венецуэланы қоршайды. (Германия бомбалайды.) Қарыздарын қағып-сілкіп алысады!! Англия Тибетке қарсы (904). Германия Герероға қарсы (04)—1904 жылғы 8 апрельдегі ағылшын-француз келісімі (Африканы бөліседі) (Египет үшін Марокко). — — —		
1905—1914	Франция Германиямен соғыса жаздайды (Марокко) (1905). — Алхесирастағы бөліс (1906).—Готтентоттардың Германияға қарсы соғысының аяқталуы (1907).—Австрия Босния мен Герцеговинаны аннексиялайды (1908). 1907—8: Франция мен Анг-	Портсмуттағы бітім (1905). Россиядағы революция (1905). Орыс-жапон шарты: 30. VII. 1907 («status quo»). 1907 жылғы 31 августағы ағылшын-орыс келісімі (Персияны бөліседі)... *1908:* Түркиядағы революция. Албания мен Арабиядағы көтеріліс (1909). Рос-	Мароккоыны бөліседі (Алхесирас) (1905). *Жапония* Кореяны алады т. б. (1905). Готтентоттардың Германиямен соғысы. Соңы (1907) (үш жылдық соғыс). Марокко Испанияға қарсы (909). Персиядағы революция (1909?) Жапонияның Россиямен шарты (1910).

* Указы. *Ред.*

лия Сиамды және көршілес мемлекеттерді бөлшектеп алады.
Англияның Россиямен шарты (1907?): Персияны бөліседі.—1907 жылғы 10 июньдегі француз-жапон шарты.—1907 жылғы 31 августағы ағылшын-орыс келісімі (Персияны бөліседі)...+Ревельдегі кездесу: VI. 1908. Май (июнь) 1908: ағылшын және орыс монархтарының Ревельдегі кездесуі (9. VI. 1908).
Испания Мароккоға қарсы (909)—1909—1910.
1909 жылғы күз: итальян және орыс монархтарының Раконидживдегі кездесуі (Италия мен Россияның Австрияға қарсы одағын әзірлеу). — Португалиядағы республика (1910) (X. 1910). Мароккоға бола соғыса жаздайды (1911) (Англия, Франция, Германия). 21. V. 1911: французлар Фецке басының Англиямен шарты (1907) ((Ревельдегі кездесу. VI. 1908)). Май (июнь) 1908: ағылшын және орыс монархтарының Ревельдегі кездесуі (9. VI. 1908).— 1909 жылғы күз: итальян және орыс монархтарының Раконидживдегі кездесуі (Италия мен Россияның Австрияға қарсы одағын әзірлеу.) Россия Персияға қарсы 1909.
Россияның Жапониямен шарты (1910).
1-Балқан соғысы 1912
2- » » 1913 (VI).

Россия Арменияға оқталады? (1913?) (Германияның ультиматумы? 1913?)

Кореядағы көтеріліс—*1907—9.*

Жапония Кореяны бағындырады (1907—1909) (1909: наместник Ито өлтірілген).
Мароккоиы бөліседі (1911).
Триполи Италияға қарсы (1911).
Қытайдағы революция (1911—1912). Россия Персияға қарсы (1909).

1909 жылдың басы: орыстар Азербайжанға барып кіреді.

Дипломатиялық тарихтың кезеңдері:
1879: Германия мен Австрия одағы (1881+Италия).
1891: француз-орыс одағы.
1898: Фашода.
1904: ағылшын-француз келісімі.
1907: ағылшын-орыс, орыс-жапон, француз-жапон келісімдері.

Құлдықты жою туралы, Европадағы осы мақсатпен өткізілген конгрестер туралы айта келіп, (—1890— бірнеше! 132-бет) автор былай деп атап көрсетеді: Құрама Штаттар құлдықты жойды, «бірақ оңтүстік штаттардың негрлері барған сайын қайтадан крепостнойлық күйге көбірек ұшыратылып отыр, сондықтан қазіргі уақытта олар көп жерлерде шынына келгенде сайлау правосынан айрылды» (132).

«Мен жұрттың бәрі, сірә, бостандықты бірдей дәрежеде пайдаланатын шығар деп түсінемін... Европа қазір құлдықты жойды, бірақ суахели тайпасынан шыққан бір құл Европа пароходының матросына оның адамды қажытарлық қорлық еңбегі үшін жиіркене қараған; ал үлкен қаланың көптеген жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері де өз қожасының айтқанынан қия баса алмайтын крепостнойлар емей немене?... Аристофанның батылдығы енді құлақ естімеген батылдық болар еді де, ал Лютер шіркеуді қорлағаны, тілдегені үшін, таптық өшпенділікті өршітіп, патшаны қорлағаны үшін біздің көзімізде күніне жүз қайтара жауапқа тартылатын болар еді. Құлдықтың жайы да осылай» (133). жаман емес!

Ирландия туралы тарауда автор былай дейді: «Езгі қарсы қимыл туғызады, ал жұмсақтық, икемге көнгіштік, әлсіздік деп түсініледі. Не істеу керек? Меніңше, бәрі де негұрлым әлсіз халықтың ерекшеліктеріне байланысты, оны өз жағыңа тарту керек. Албандарды еш уақытта күшпен бағындыра алмайсың. Эльзас-Лотарингияда да бітістіру саясаты дұрыс саясат болды... Ағылшындар Тасмания тұрғындарын бірін қалдырмай қырып тастады. Бірақ NB

|| ирландықтар тасманиялықтар емес! Олардың бәрін
|| қалай болса солай қырып салуға болмайды» (133).

1880-жылдар: ирланд көтерілісі;— соғыс жағдайы: Парнелль, т. т.

NB || «Симоносекиден кейін іле-шала жапон жазушылары Қытайға қарсы соғысты Пруссияның Австрияға қарсы соғысымен салыстырды» (187): сонан кейін Еуропаға қарсы одақ дейді. Бұл көзқарасты Жапонияның жоғарғы палатасының президенті принц *Конойе* өте-мөте қатты айтты.

1894—5 жылғы соғысқа баға беру жөнінде

NB ||| 299-бет: «империализм ғасыры» (қазір) — және басқа жерлерде де солай. ((Мысалы, кітаптың 5-бетіндегі бірінші сөйлемінде.))

«Герман империясының тоқырауы» (306 және келесі беттер). 1899—1911 ештеңе табылмады.

(309-бет) *Германия* 541 000 шаршы км. 1870 ж.
3 200 000 » » 1903
Франция —536 000 шаршы км. теңіздің ар жағында
6 600 000

Азияда темір жол салу:
Германия: 1 100 км. *(1884—1904)*
Россия: 13 900 км. (1886—1904). *!!* (311-бет).

Африка (оңтүстік) «мәселелерінің» бірі: негрлер ақ нәсілділерден гөрі анағұрлым тез көбейіп барады. «Кейбір

sic !!!! ||| колонистер кафр халқының бұл қауіпті өсуін тоқтату, олардың праволары мен жерге иелігін жою үшін турадан-тура көтеріліс жасалуын тілейді» (385).

«Африкадағы өзгерістер» деген тарауда.

396-бет: Еуропаның Африкадағы иеліктері (Генш. «Geographische Zeitschrift», 1912):

	1890		1912
Англия	$2._1$	млн. шаршы км.	$8._8$
Германия	$2._1$		$2._4$
Бельгия Конгосы	$2._1$		$2._4$
Франция	$1._8$		$9._2$
Португалия	$1._8$		$2._1$

«Карлейль 18-ғасырдың өзінде Англияның мүддесі үшін соғысу континенттегі мемлекеттердің «міндеті» болған (408) дейді. ||| жақсы айтылған!

«Қазір бүкіл дүние жүзі одақ системаларының біріне тартылған, дүние жүзін басып алуға дәмеленетін екі үлкен концерннің біріне: Румыниямен нығайтылған Үш жақты одаққа немесе Англия бастаған топқа қатысып отыр. Жалғыз Американың ғана әзірше қатысқысы келмейді. Мұның өзінде жағдайдың ғажап көрінетіні соншалық — бүкіл Ескі дүниеде біріне бірі мейлінше өш әлгі екі концерннің екеуі де Солтүстік Америкаға қарсы Оңтүстік Американы бірлесе қолдап отыр» (411). || *N B*

Персияның халқы ұлттық жағынан тіпті де бір текті емес: парсылар, курдтар (2 млн.), бахтиарлар; арабтар; белуджілер; армяндар; яһудилер; түріктер ($1^1/_2$ млн.) **және басқа көптеген ұлттар** (416).

Түркияның халқы (1909): түріктер — 9 млн.; арабтар— 7 млн.; гректер—$2^1/_2$—3; албандар—$2^1/_2$; курдтар— $1^1/_2$; армяндар—$1^1/_4$; болгарлар —1 млн.; левантиндер —1; сербтер —$^3/_4$; еврейлер —$^2/_3$; валахтар —0.5; Триполидегі берберлер мен негрлер —0.7; басқалары — 1. Σ=29 млн. (422-бет)...

«Персияның ең жаңа дамуындағы барған сайын шатыса түсіп отырған ең маңызды бір оқиға, әрине, Англия мен Россия бірігіп шығарған ірі заем болды. Персияның тарихындағы ең ірі заем: 70 млн. марка. ***Бұл — осы замангы империализмнің дагдылы келісімі.*** Марокко да дәл осылай істелді. Әйтеуір бір ел осы заманғы құдіретті державаның құлқын құмарлық шабытын қоздырады. Ол ел,—мейлі Куба, немесе Либерия, немесе Иран болсын,—қысылшаң жағдайда болады, онда тәртіпсіздіктер болып тұрады, бірақ ешкім сырттан қол сұқпаса, ол тәртіпсіздіктерді реттеп отыруға болар еді. Шетелдік держава жараның бітуіне мүмкіндік бермейді, орын алып || NB

отырған тәртіпсіздіктерді күшейте түседі, арандатушылық жолмен бұрынғыға қоса жаңа тәртіпсіздіктер туғызады. Арандатушылардан біреу-міреуді,— айталық, Маракеште д-р Мошанды немесе Никарагуада Солтүстік Американың флибустьерлерін өлтіру, немесе дезертир болып жоғалып кеткен (ал бірнеше күннен кейін аулақтағы бір жүгері егісі ішінен табылған) орыс солдатыныңылаңы үшін Тавриздегі полицияны айыптау сияқты қылықтар болады, сол дезертирді іздеп жүріп, мейлі, бір жоғары дәрежелі дін басының гаремі болса да, сол үйге баса-көктей кіріп барады. Сөйтіп тәртіпсіздік туған елде осы тәртіпсіздікке итермелеген жат елдіктерге табиғи өшпенділік туады. Мәселе халық желігінің бұрқ етіп қозуына, қаталдыққа дейін барады. Шетелдік держава осының кегін алу үшін онда әскер жібереді, сонымен қабат басқыншылыққа ұшыраған сол елден өзінің баса-көктей кіргеніне ақы талап етеді. Ол ел оны төлей алмайды. Не істеу керек? Міне, сонда, баса-көктей кірген шетелдік держава жымиған жылы шыраймен, осы ардақты досының мына бір кішкене ғана қиыншылықтан құтылуы үшін өзінің көмектесуге әзір екендігін айтып, оған заем ұсынады. Әлбетте, проценттері онша төмен болмайды. Өйткені мұның есесінің қайтуы мүлде сенімді емес. Сонымен, бұл ел өсімқорлардың шеңгеліне ілінеді. Ол енді көретін көресіден құтыла алмайды—баса-көктей кірген дос держава оны цивилизациялауға кіріседі» (443-бет).

Мұны буржуазиялық жазушы жазып отыр! NB

«Итальян империализмі, жаулап алушылықты былай қойғанда, өсе түскен жаппай кепілдік сезімінен де, панитальянизмнен де көрінеді. 1908 жылдың октябрінде-ақ Римде, онан кейін 1912 жылы тағы да Форлиде жалпы итальяндық съезд болып өтті»... итальян-американдар etc. ...«шетелде 6 миллион итальян азаматы бар»... (476).

«Қазірдің өзінде де Албания Орталық Африканың көп жерлерінен гөрі мәлімсіздеу» (50). ||| мейлінше қызық екен!!

«Бұрын экспансия жасағанда әйтеуір біраз өріс болатын еді; Батыс халықтарының бәрі де өркендеуі үшін өздерінің «жаңа Европасында» жеткілікті орын таба беруші еді, сондықтан бақталастық тек жемісті бәсекеге ғана әкеп соқтырушы еді. Бірақ Солтүстік Америка енді иммигранттар жөнінде ештеңе естігісі келмейтін болды, Австралия өзіне ешкімді келтірмейтін болып отыр, Сибирь белгілі бір мемлекеттің азаматтарына ғана тиімді, ал Оңтүстік Африкада жан түршіктірерліктей бадырайып көрініп отырған бір ұнамсыз факт мынау: соншa тарылып кеткен дүниеден орын алу үшін бізге енді эмиграцияның осы уақытқа дейінгідей пайдасы тимейтін болды, сондықтан европалықтардың бірін-бірі тұншықтыруына тура келіп отыр. Жер қазір де көп, бірақ бұрынғы ұсақ мемлекеттер ұлы державаларға, ал бұрынғы ұлы державалар дүние жүзілік державаларға айналды, сөйтіп олар өздерінің болашақ халқына жердің жеткілікті болуының қамын қазірден-ақ ойлауға тиісті. Янкилер бізге Бразилияның егістік жерлерін бермейді, ал Триполидің итальяндар иеленіп алған шөл далалары француздардың көзін қызықтырып отыр. Тіршілік жолындағы негұрлым сұрапыл бола түскен күрес европалықтар арасында өшпенділікті өршітіп, оларды бірін-бірі құртып жіберуге әрекет жасауға әкеп соғып отыр. Ал мұның өзі Шығысқа пайдалы» (215). || NB || NB || NB |||| NB

«Куба үшін соғыс» деген тарауда:

«Янкилер барша жұрттың теңдігін уағыздаудан, бейбіт және шат-шадыман бақытқа толы мінсіз мемлекет орнатуға талпынудан бастады. Олар жұрттың түзеуге келмейтін теңсіздігіне ақыр-аяғында көзі жетіп, күш жұмсап жаулап алу саясатымен аяқтады. Олар барлығына да еркін болудан, сауда, қарым-қатынас еркіндігінен, басқа діндегілерге, нәсілдер мен мемлекеттерге төзімділік көрсетуден бастады. Олар мейлінше асқынған қамқоршы баж салығына дейін, католиктер жөнінде өрши түскен өшпенділікке

дейін, басқа нәсілдер мен мемлекеттер жөнінде батыл агрессияшылдыққа дейін барып жетті. Олар әуелі қытайлардың азаматтық правосын жойып, олардың келуіне тыйым салды, онан кейін олар ұлы азамат соғысы кезінде өздері

NB NB ха-ха!! # қара түстілерге бола сонша пайдасыз және есуастық соғыс жүргізсе де, нақ сол қара түстілердің праволарын заң жүзінде емес, іс жүзінде жоқ қылып жіберді, ақыр-аяғында, олар бұрын ақ эмигранттардың ағылып келуіне сонша ынтық болып тұратын болса, енді оған әр алуан уақ-түйек әдістермен тоқтау салды. Томағатұйықтанудың барған сайын шиеленісе түсіп отырған системасы Штаттардың дүние жүзілік саясатымен қоян-қолтық келе жатыр. Өршіп келе жатқан ерекшелік пен орталықтандыруды аяқтау үшін тек диктатура ғана жетпей отыр» (252)...

NB # Idem, 345-бет: «Шынында соғыста (азамат соғысында) ешбір мағына жоқ еді, өйткені соғыс негр үшін жүргізілгенімен, енді сол негр правосының бәрінен тағы айрылғалы келе жатыр».

Германия мен Құрама Штаттардың (Самоа (*)), Германия мен Англияның, Англия мен Францияның (Фашода) арасындағы егестің күшеюі, қаруланудың күшеюі... «Осынау жаппай жаугершілдік пиғылды бейнелейтін дағдылы сөз «империализм» болды» (253).

(*) Салыстырыңыз: 269-бет: «1899 жылғы марттан майға дейін Апияда немістер мен самоалықтар ағылшындар мен американдарға қарсы ашықтан-ашық соғыс жағдайында болды».

«Тынық мұхит және Австралия» деген тарауда:

«Англия Солтүстік Америкадағы өз иеліктерінің Канада доминионы болып бірігуіне ризалық беруді ұйғарғанда, мұндай қатерлі саясатты одан әрі жүргізу дегенді ағылшын халқының көпшілігі естігісі де келмеді. Бұл саясатқа әсіресе Австра-

лияда еліктеушілік қатты қауіптендірді. Канада сияқты одақтас отар мемлекеттер құру метрополиядан мүлде бөлініп шығудың бастамасы ғана болмақ деген пікірді екінің бірінде-ақ естуге болатын еді. Англияда қазір Австралия одағының жүзеге асырылғанын жұрт отаршылдық саясаттың асқан жеңісі деп бағалауда, ал Чемберленді империяны ұлғайтып, нығайтушы отар министрі ретінде көкке көтере дәріптеуде! Бұған Англияның Оңтүстік Африкадағы соғыс кезінде алған тәжірибесінен артық еш нәрсе де көмектескен жоқ. Отарлардың бәрі метрополияның қысылшаң жағдайын өз мүдделеріне пайдаланудың орнына, пессимистердің болжап айтқанындай, Англиямен байланысын нашарлатуды ойлаудың орнына түгелінен Англияның күресін қызу қолдап, патриотизмін көрсетіп қана қоймай, тіпті одан да бетер шовинизм көрсеткені соншалық, ондаған жылдар бойы жүргізіліп келе жатқан либералдық отаршылдық саясаттың дұрыстығына бұдан былай күмәндануға болмай қалды. Метрополияны өз әскерлерімен қолдаған отарларды Австралия бастады. Оның жасаған құрбандығын бағалаудың өте-мөте орынды болатын себебі, австралиялық отарлардың бәрінің финанс жағдайы өте ауыр еді. Олардың құрған одағын Англияның тез мақұлдағаны метрополияның олардың патриотизмін мойындап, олардың адалдығына сенгенін дәлелдейді» (271).

NB

?
Индия?

NB: Австралиядағы пұрсаттылардың, монополияға қатысушылардың одағы — «сарылар» мен «қаралларды», т. т. бірлесіп тонап-талау үшін ұлан-байтақ территорияны монополиялап иеленушілер.

А. фон Пэц. «Англия және континент». 1910.

Ролов. «Европалық тарихи календарь»... [яғни Шультестікі]. ?

Циммерман. «Бүкіл дүние жүзілік саясат туралы». 1901. ??

Қайта қауіпсіздендіру туралы шарт (қашанғы? *1884* жылы пайда болған; *1887* жылы *1890*

жылға дейін жаңғыртылған). Егер 3-держава шабуыл жасай қалса, Германия+Россия достық бейтараптық сақтауға міндеттенген. 3-держава кім? Англия немесе Австрия!! (Германияның Австрияға қарсы құпия әрекеті.)

Француз-орыс одағының тарихы жөнінде: 1886—1889 жылдардағы буланжизм: 7. I. 1886— Буланженің министрлікке кірісуі. 4. IV. 1889 — заговор туралы айыпталудан Буланженің Брюссельге қашуы (30. IX. 1891: Буланженің өзін өзі өлтіруі).

Сонымен қатар: *Вирт* цифрлар келтіреді: Пруссиядағы *поляк* саясатының қорытындылары: 1890—1910 Пруссияның неміс халқы+29.37%; поляк халқы+23.48% (101-бет). «Қоныстандыруға» жүздеген миллион марка!!

Әдебиет:

Шмитц. «Саясат өнері». 1912. Берлин.
Декан. «Жаңа Африка».

NB || Леопольд (Бельгия) пайдакүнем; финансист, аферист, Конгоны өзі үшін сатып алып, «дамытты». Жымысқы неме!![58]

Варнек. «Інжілдік миссиялар тарихы». (Миссиялардың отарларды тонаудағы ролі.)

Вирт, 85-бет: 1880—1900 жылдар миссиялардың жұмысын «екі есе дерлік ұлғайтты».

ЖАС ЕГИПЕТТІКТЕР КОНГРЕСІ

NB: Египеттегі ұлттық қозғалыс

Египеттегі ұлттық қозғалыстың тарихы жөнінде:
«Europäischer Geschichtskalender» (Шультестікі), 1909, *605* бет. (студенттер қозғалысы, ұлттық толқу etc. etc.).

13. IX. 1909. Женевадағы «Жас египеттіктер конгресі» (100-ге жуық адам). Кейр *Гарди* Қауымдар палатасында олардың ісін қорғауға уәде береді, «төменгі палатаның мүшесі ирландық *Кеттл* Египет пен Ирландия арасындағы туысқандық бірлікті еске салады». — NB Ирландиямен *бауырласу*

ТАРДЬЕ. «ФРАНЦИЯ ЖӘНЕ ОДАҚТАР»

Андре *Тардье* (елшіліктің құрметті бірінші секретары). «Франция және одақтар. Теңбе-теңдік үшін күрес». Париж, 1909. ((Өте пайдалы нәрсе!))

17-бетте автор былай деп ескертеді: ««француз-орыс шовинизміне қарсы қойылатын қажетті күш ретіндегі Үш жақты одақ» жайындағы күпірлік» (!!) «хатында Жорес мырза осы айқын ақиқатты» (француз-орыс одағының қажеттігін), «тарих пен географияға қарама-қарсы, мойындамаған бірден-бір адам болды». — қашан? NB қайда?

«Рас, содан бері өз пікірін өзгерткен» (қашан? қайда?) «Жорес мырзаның өзі 1903 жылғы 23 январьда Россиямен одақтасуға ешбір принципті қарсылығы жоқ екенін мәлімдеген» (29-бет)... — sic!

Үстемдік ету үшін Англияның Францияға қарсы соғыстары: 1688—1697; 1701—1711; 1742—1748; 1754—1763; 1778—1783; 1793—1815 (41-бет).

Германия Англиямен бірге:
1890 ж. 14 июньдегі шарт
1893 ж. 15 ноябрьдегі » } Африканы бөліседі

«Португалия отарларының келешегін, онша мәлім емес жағдайларда, күні бұрын кесіп-пішкен» 1898 жылғы құпия шарт (52). — !!

Италия көптен-ақ (Мадзини 1838 жылы-ақ! *95*-бет.) Солтүстік Африкадан дәмеленген. Бисмарк 1866 жылы Мадзиниге міне осы туралы жазған. Тунис үшін өшпенділік (1881) Италияны Германияға қарсы итермеледі.

Абиссиниядағы сәтсіздіктер мен финанс дағдарысы Германияға теріс қаратты. 1900 жылы француз банктері «Рим рыногын құтқарады» (101)[1]).

«Германиядағы экономикалық дағдарыс Италияның Франциямен саяси жақындасуын қажет етті» (102)[1]). «Италияға банкир болу міндетін өзіне алуға герман ақша рыногының дәрменсіздігі» (102)[1])...

XII. 1900: Франция мен Италия арасында достық ноталар алысу.

| NB уақыт 1882—1900: Италия Германияның одақтасы: 105-бет. |

«1905 жылғы Италия бізге 1889 жылғы Италиядай қараса, не болар еді?» (109)...

Испаниямен... «француз капиталдарының» «көмегі» (113)...

1904 жылғы 6 октябрьдегі Франция мен Испанияның келісімі (Мароккоцы бөліседі)...

Францияның Германиямен күресі (1870 жылдан кейінгі) «бір жағынан, теңбе-теңдік үшін күрес, екінші жағынан, супрематия үшін күрес» болды (344)...

| бір жерде? *Криспи* бұрын «қызыл» еді де, есідерті соны түзету болып еді!! |

Автор — Тардье — өзі дипломат, білгір! Финанстың ролі жөнінде айтқандары көп. Оқиғаларды шолуы толық, жақсы. *Француз* көзқарасы тұрғысынан қарағандағы дипломатия тарихы ретінде пайдалы және қажетті.

Әдебиет:
Руир. «Азиядағы ағылшын-орыс бақталастығы».
Де Кэ. «Фашода».

---

[1]) Ж. М. Фиаминго. «Француз-итальян достығы үшін финанс негіздері».

А. *Бийо* (Римдегі біздің бұрынғы француз елшіміз). «Франция мен Италия».

Луиджи Гиала (немесе Киала?). «Қазіргі тарих беттері».
Виктор Берар. «Марокко жанжалы».
Рене Пинон. «Жер орта теңізі империясы».

МЕВИЛЬ. «ФРАНКФУРТ БІТІМІНЕН АЛХЕСИРАС КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ДЕЙІН»

Андре *Мевиль*. «Франкфурт бітімінен Алхесирас конференциясына дейін». Париж, 1909. Қаралды; тек әлсіздеу, үзінділеу, фельетонға ұқсас, тақырыбы тар. Анау (Тардье) тарихшы, дипломат. Мевиль—памфлетші.

Анығында, 1905 *тұсындағы* оқиғалардың *очеркі* ғана [тақырыбы анағұрлым тар].

«САЯСИ АНЫҚТАУЫШ»

«Саяси анықтауыш»
Лабанд пен басқалардыкі.
I том. «Саясат негіздері». (Жалпы, парламентаризм etc.).
{ II том. «Саясат міндеттері», *1912*. Саяси мәселелерге шолу: партиялар, отарлар, **сыртқы саясат** (NB) etc. etc. }

Әдебиетті көрсетіп, мамандар жазған өте пайдалы қысқаша шолу. || NB

Германиядағы поляк мәселесі *барлық* елдердің сыртқы саясаты мектеп мәселесі социал-демократиядағы ревизионизм туралы Бернштейннің мақаласы etc.	*NB*: «Германия экспансиясы» «қазіргі державалардың саяси мақсаттары»

«ГЕРМАНИЯ ЖӘНЕ БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫС»

«Германия және бүкіл дүние жүзілік соғыс».

(Мақалалар жинағы: 686 бет) *Берлин, 1915.*

(О. Гинце, Фр. Мейнеке, т. б. бастырып шығарған)

Проф. д-р *Ганс Юберсбергер* (Вена). «Россия және панславизм» — бірқатар деректемелер көрсетілген, орыс дипломатиясы туралы пайдалы очерк.... || NB

Мартенс: «Шарттар жинағы», 15, 237-бет (Россия мен Францияның Германияға қарсы жақындасуы туралы канцлер Нессельроденің Париждегі кіші елші Киселевке *1848* жылы 30 августа жазған хаты).

Барсуков. Погодиннің өмірі, 5, 330 және келесі беттер; 9. 262-бет (Погодиннің Австрия славяндарын «азат ету» туралы *1840* жылғы жазбасы).

Тютчев. «Россия және революция» деген (II Александр үшін) жазбада — «Галиция орыстікі болғанда, Чехия азат болады» («Орыс архиві», 1873, 926 және келесі беттер).

Австрия славяндарының бостандықты Россиядан күтуге тиіс екендігі туралы, «Қазіргі саясат» деген (Горчаковтың тапсыруы бойынша жазылған) *1864 жылғы жазба:* «Deutsche Rundschau»-дағы (Экхардт) «Орыстың 1864 жылғы құпия меморандумы», VI, 11, 209 және келесі беттер.

Москвадағы славян игілік қоғамы. Оның саясаты.

Данилевский. «Россия мен Европа»: 1869—1870 жылғы «Зарядағы» мақалалар және кітап: 1871 жылғы 1-басылуы.

Данилевский Россияның үстем болуы *үшін* Франция мен Германияның араздасып, жауласуы мүддесінде Францияның талқандалғаны Россияға тиімді деп дәлелдеді (1871 жылғы январьдың өзінде «Заряда»; *Данилевскийдің* «Экономикалық және саяси мақалалар жинағында» қайта басылған. СПБ., 1890, 27 және 29-беттер).

Фадеев. «Шығыс мәселесі туралы пікір». СПБ., 1870.

П. А. Сабуровтың жазбасы. «Орыс архиві», 1912, 1, 470-бет. ((«Пруссия қаруының табысы, 1870, біз үшін де жеңіс». Sic!!!)).

Иван Сергеевич *Аксаков:* 1878 жылы 4 июльде сөйленген сөз (орыс дипломатиясына және жанамалай патшаға қарсы: Берлин конгресіне наразылық).

Покровский. «19-ғасырдағы Россия тарихындағы» «Россияның сыртқы саясаты», 9, 204 және келесі беттер (және 174-бет). (1877 жылғы Болгария, оның темір жолдары жөнінде Россияның пиеті).

1908 жылғы және сол мерзім шамасындағы «неославизм».

салыстырыңыз: *«Вестник Европы»*, 1909, № 1, *386*-бет.

1908 жылғы май: Россияға (СПБ.) бір чехтың (депутаттың), либерал словеннің, орысшыл русиннің сапар шегуі.

Дмовский. «Германия, Россия және поляк мәселесі» (украиндарды езу *жөнінде* поляктарды Россиямен «ымыраластыру» жоспары).

П. Струве. «Patriotica», *213*-бет (Славян күндері»), «Московский еженедельник», 1910, № *27*, 4-бағана.

Евгений Трубецкой поляктармен жақындасқаны үшін Меньшиковке қарсы.

Горянов (сыртқы істер министрлігі архивінің директоры): «Босфор мен Дарданеллы». *1907.*

Г. Трубецкой. «Ұлы держава ретіндегі Россия», 122-бет (Италия әзірге жаулар жағында пайдалырақ!!!).

Гр. Евреинов (сенатор). «Таяу Шығыс мәселесінің идеологиясы», СПБ., 1911.

«Славянские известия», 1913, № 8 (6/19. I. 1913); 1912, № 45 (10/23. XI. 1912).

«Новое звено», 1914, № 13, 407-бет (28. III. 1914) — Брянчанинов $1\frac{1}{2}$—2 айдан кейін европалық соғыс болатынын Сараеводан 3 ай бұрын болжап айтады. NB

ФРАНКЕ. «ҰЛЫ ДЕРЖАВАЛАР ШЫҒЫС АЗИЯДА»

Отто Франкенің мақаласы да сонда. «Ұлы державалар Шығыс Азияда».

Англия мен Францияның Қытайды (Францияның — Аннамды, Англияның — Бирманы, Англияның — Тибетті, Францияның — Сиамды және Англияның — Қытайдың бұрынғы бөлектерін, не тәуелді елдерін) қалай талап-тонағаны туралы (ішінара деректемелер көрсетілген) пайдалы фактілер жинағы.

442-бет: «Жапон елшісі граф Хаясидің заметкаларынан мәлім болғанындай,— бір өкініштісі, бұл заметкаларды одан әрі жариялауға Токио үкіметі ты-

NB 1898: Россияға қарсы ағылшын-жапон-герман одағы туралы келіс сөздер

йым салды,— 1898 жылы Лондонда Джозеф Чемберленнің инициативасы бойынша Жапониямен екі арада Россияның Шығыс Азияға онан әрі ене беруіне кедергі болуға тиісті үш жақты ағылшын-жапон-герман одағы туралы мәселе жөнінде келіс сөздер жүргізілді. Бұл оқиға ағылшын-герман одағын құру туралы Лондоннан Берлинге астыртын сұрау салынып жатқан кезде болған-ды. Бұл сұрау салу нәтижесіз қалды, ал мұның жай ғана бір себебі — Англия Россияға қарсы жорыққа аттану құрметінен басқа Германияға еш нәрсе бере де, ұсына да алмайтын еді. Ал Жапония іркілместен Германиямен осындай одақ жасасуға әзір тұрған болатын»... (442—3).

Саудалары піспеген!!

NB

1910 жылғы июльде (456-бет) Россия мен Жапонияның шарт жасасуы: Жапония Кореяда еркіншілік алады. [Бірнеше аптадан кейін Кореяны аннексиялайды.]

— Россия *Моңғолияда* (1911 жылғы көктемде Россияның Қытаймен шарт жасасуы).

NB

17. IX. 1914: Россияның «тәуелсіз» Моңғолиямен шарт жасасуы (іс жүзінде Моңғолияға Россияның протекторатын орнататын шарт).

1911: Англияның Жапониямен шарт жасасуы (бұрынғысының орнына)— Жапония Америкамен соғыса қалса, Англия бейтарап қалады. (Жапония, *сірә,* Германияға қарсы «еркіндік» алатын болар.)

ОНКЕН. «СОҒЫСТЫҢ АЛДЫНДАҒЫ ТАРИХ»

Ibidem Герман *Онкен.* «Соғыстың алдындағы тарих». *475—7-беттер:* 1898 жылы Англия Россияға қарсы одақ құру туралы Германиямен келіс сөз жүргізген («The Saturday Review» Германиямен одақтасатын болса, халық әулеттің сазайын береді деп қорқытқан!!), бірақ келісе алмаған: Англия «Германия тым көп сұрайды» (477) деген, бұл өтірік, Берлин ештеңе сұраған жоқ (?!!?) деген. Шартты *тек* 1898 жылғы ок-

тябрьде жасасқан, «бұл шартта: егер Португалия заемдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамайтын болса, келешекте Германия мен Англия португал отарларына экономикалық жағынан ене бастайды деп көрсетілген» (477). ‖ (NB сөз-ақ!)

Англия мен Германия 1898 жылғы октябрьде Португалияның отарларын *б ө л і с е д і.*

АДЛЕР. «ИМПЕРИАЛИСТІК ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ»

Георг Адлер. «*Империалистік әлеуметтік саясат.* — Дизраэли, III Наполеон, Бисмарк». Очерк. Тюбинген, 1897 (44 бет). (Алғы сөз: III. 1897 деп белгіленген.)

((«Die Zukunft» журналынан мақалалар көшіріп басылған)).

Ғибрат аларлық нәрсе! Чартизм туралы қысқаша кіріспеден кейін («хилиастикалық армандар» туралы (2), «жалған үміттер» туралы (2), олардың «бұқаралық қозғалыстардағы» ролі туралы жел сөздер etc.), Адлер бір тарауды Карлейльге және оның «социал-аристократиялық іліміне» арнайды (капитализмді сынау, демократияға өшпенділік, «қазіргі шаруашылық қызметті феодалдандыруға шақыру» (11), «әлеуметтік аристократия идеясы»). Онан кейін III тарау: «Дизраэлидің әлеуметтік саясаты». Еврей, авантюрист, радикал болып бастап, торилерге өтіп кеткен, борышқа белшесінен батқан, парламентте алғаш сөз сөйлегенде жұртқа мазақ болған (1838), Дизраэли торилердің көсемі, 1868 жылы премьер. Монархия + әлеуметтік аристократия идеяларын жүргізеді (асылында: буржуазияның пролетариатпен күресін пайдалану). 1867 жылғы сайлау реформасы (Карлейль оны «Ниагарадан төмен қарай—ал онан кейін?» деген памфлетінде өршелене балағаттайды), ИКСМГЕ көнгішсіну және революциялық сипатынан айрылған жұмысшы қозғалысына көлгірсу, 1874—1880 жылдардағы тамаша сыртқы саясат пен отаршылдық саясат. Жалпы қорытындысында = «импе- ‖

риал-социалист» (22-бет) — және *түрлі жерлерде* «империал-социалистік саясат» etc.

!! Мысалы: *«империал-социализм»,* т. б., 44-бет, 43-бет, 35-бет.

IV тарау III Наполеон туралы. Бұл да авантюрист, қиялшыл. Автор: «Пауперизмнің жоғалуы» (1844). Тамаша экономикалық даму,— тамаша сыртқы саясат,— жұмысшылардың саяси ұйымдарына қарсы құтырынған күрес, *экономикалық* ұйымдарын ((32-бет)) — көмек кассаларын *көтермелеу (барлық* таптарға көлгірсу). Лексис өзінің «француз кәсіподақтары» туралы кітабында француз жұмысшыларының жағдайы 1850—70 жылдары сөзсіз жақсарғанын және III Наполеон саясатының белгілі дәрежеде табысқа жеткенін мойындайды: «Бір жағынан, тәртіп және жұмысшылардың басқан ізін аңду, екінші жағынан, олардың материалдық жағдайын жақсарту: Луи-Наполеонның ішкі саясаты, міне, осы идеядан еш уақытта ауытқыған емес» (Лексис, цитат Адлерден, 34-бет).

V тарау. «Бисмарктің әлеуметтік саясаты».

Пруссия «мектептер мен казармалар» елі, осылай болғаннан кейін ол, әрине, «империалистік әлеуметтік саясаттың» үлгілі елі болды (36): Бисмарктің еркін ой-пікірге қарсы күресі, жұмысшыларға көлгірсуі, жалпыға бірдей сайлау правосы (буржуазия мен пролетариатты өшіктіру үшін), әлеуметтік заңдар... әлеуметтік қауіпсіздендіру дейді (Адлер мадақтайды).

Қорытындысында (43-бет) Адлер: мұны құлдырап бара жатқан Римнің цезаризмімен теңеуге «болмайды» дейді (!! ха-ха!!), өйткені арам тамақ-плебейлерді емес, жұмыс істейтіндерді қолдаймыз. Цезаризм (Римнің) бөтен ұлттарды тонаумен күн көрген, ал енді олай емес деп жазған *Прудон* дейді (қайда?) *(Прудоннан* цитат: «Біз шетелден бір пфенниг те алмаймыз», 43-бет). !!

...«Империал-социализмдегі берік нәрсе сол, оның өзі... пролетариатты осы заманғы қоғамға араластыру ісінде, қоғамның мәдениет жөніндегі міндеттерін жүзеге асыруға оның пайдалы көмектесуі

ісінде ... объективті түрде ілгері басқан ірі қадам болды» (44). ((Социал-шовинизмнің түп-тамырлары!!)) — сондықтан «империал-социализм» «бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар жалған үміт» болды, өйткені Дизраэлидің де, III Наполеонның да, Бисмарктің де жауы болған пролетариатты ымыраластырмаса да, пайдалы дейді.

((Адлер кітапшасының соңы)).

| Салыстырыңыз: Энгельс III Наполеон туралы versus Бисмарк |
| «бонапартизм» |

ЗИГФРИД. «ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯ»

Андрс Зигфрид. *«Жаңа Зеландия».* Берлин, 1909. (NB 28-тарау: «Империализм».)

Экономикалық, саяси ауқымы *кең* өте пайдалы очерк. «Империализмнің» ерекшелігі: томаға-тұйықтық.

«Сары нәсілділерді бұл ел мүлде келтірмейді. Жалпы алғанда иммиграцияға **қатты** тыйым салынған [мысалы: 100 фунт стерлинг!!! — 190-бет]. Бұл жердің түбінде (Австралияға *4* күндік!) жатқан ел. Бұл елдің көлемі Италияға таяу, ал халқы — 1 миллион адамнан < !!! *(900 000* — 189-бет; 1907 жылы 929 мың, 234-бет; $^1/_2$ Франция) ((тамаша климат etc.)). || NB

Халқының «снобизмі» (XXI тарау): шонжарларға («сэр» — құрметті атақ, ондайдың алдында құрдай жорғалайды), ағылшын монархиясы, сарай алдында құлдық ұрушылық etc. etc. Халықтың өсуі *өте нашар.*

Англиядан өзіне **«мәдениет»** алып келіп, шөп қорыған иттей, сол «мәдениеттің» үстінде жатқан бойкүйез, тоңмойын, топас, өзімшіл мещандардың елі. (Байырғы халықты — маорилерді — оқпен және семсермен қырып-жойып жіберген; талай соғыс болған).

Мысал: көшіп барған (1893, 1898 —) *Австрия* (NB) жұмысшыларын қудалау (191-бет): «жұмысшы партиясы» қудалаған.

Әйелдердің тең праволылығы.— Алкоголизмге қарсы күрес.— Попшылдық: аса діндарлық; сансыз көп секталар.

Австралиямен қосылуға қарсы: өзімізбен өзіміз боламыз дейді. Біз «жер жүзіндегі ең жақсы елміз» (293) (!!)...

NB «Жаңа Зеландия империализмі» (294-бет)... Оның «ерекше түрі» (ibidem)... «отаршылдық джингоизм» (295 idem 296), мұны «австралазиялық империализм» деп атауға болады (295).

Империализмнің екі ағымы (екеуі де әбден ымыраласқыш):

1) ұлы державалық империализм (империализмге Великобританияның қатысуы).

NB: *«жергілікті империализм»* 2) **«жергілікті империализм»** (295) — өз оқшаулығы... томаға-тұйықтығы. NB

Жаңа Каледонияда француздардың болуына қарсы наразылықтар — немістердің Самоаны алуына қарсы (297) т. б. Осының салдарынан «Ұлы Жаңа Зеландия» тұрғысынан ымыраға келмейтін дұшпандық...

1901 жылы июньде Жаңа Зеландия Кук архипелагын аннексиялады. ———

Жаңа Зеландия = Великобританияның ең «адал», шын берілген отары.

Мемлекеттік борыш: 51.2 миллион фунт стерлинг (66.5-нан) — ағылшын капиталдары Англиямен — 66 % сауда	Бур соғысында барынша патриоттар (307) ...(бурларға қарсы әскер жіберген)...

Премьер Седдон — австралазиялық империализмнің өкілі. «Барып тұрған империалист» (310)... (1906 жылы 10 июньде қайтыс болды. Премьер болған (1893—1906) (71-бет))

Оның Англияға 1-сапары — 1897
» » 2-сапары — 1902

NB әлеуметтік саясат + империализм!

«Оның (Седдонның) *әлеуметтік саясат* үшін алдыңғы қатарлы күрескерлігі екінші орынға шегініп, бірінші орынды *империалистік, протекционистік* мемлекет қайраткеріне босатты» (311). Ол реформатор (Жаңа Зеландиядағы реформаларды жақтады) болғанымен — Англияда *торилердің* төңірегінде жалбақтап жүрді. Консерваторлар «социалист Седдонды» мадақтады (311), *«The* NB

Times», 18. VI. 1902: радикал, демократ, империалист Седдонның даңқы арта берсін!! (цитат, 311-бет).

Преференциялық тарифтер идеясы мен практикасының ұлғаюы...

Олардың «социализмі»: «Жаңа зеландиялықтар арсыздыққа дейін баратын практикашылдар мен оппортунистер» (67) ——— жұмысшылары да сондай (67), олар мейлінше «кертартпа», олардың «қоргайтыны» бар (ibidem). || NB

(Седдон — «либералдық партияның жұмысшы фракциясының» өкілі (68)).

Еңбек қорғау туралы заңдар — фабрикалық инспекция—үйде істелетін жұмысқа да солай — еркектер үшін 48 сағаттық жұмыс аптасы (1901 жылғы заң); әйелдер үшін 45 сағаттық—минимум жалақы etc.

Күштеуші аралық соттар etc.

Осының бәрінің «кілті» — протекционизм (140) және өнеркәсіп жөнінен *өркендеу*... ((Еркін сауда тұсында төтеп бере алмас еді))... Қартайғандарға (65 жастағы) пенсия...

|| NB: || империалистік буржуазияның әлеуметтік реформалар арқылы жұмысшыларды сатып алуы

Ұсақ жер меншіктерін жасау; ірі имениелерді (маорилерден, т. т. асқан жауыздықпен тонап алған имениелерді, т. т. сатып алу) (ұсақтарына сатып жіберу)— бұл *«социализм* емес, *демократия»* (175). ((Дұрыс!))

«Ірі жер иелігін ұсақ жер иелігіне айналдыру! Мұны француз революциясы да істеген» (175)....

ГЁТЧ. «ОРЫС ТҮРКСТАНЫ»

Отто Гётч. «Орыс Түркстаны және орыстың қазіргі отаршылдық саясатының тенденциялары»... («Schmoller's Jahrbuch», шыға бастағанына 37-жыл. **1913**, *2-кітап).*

((Автор орысша біледі, өзі Түркстанда болған NB және әдебиетті жақсы зерттеген)).

Россия Түркстаннан (+Хиуа+Бұхара) 11 миллион пұтқа жуық (100 миллион сом), Америкадан 11—12 миллион пұтқа жуық мақта тұтынады. || NB

Түркстан = 1.5 млн. шаршы шақырым (1 ш. ш. = 1.13 ш. км).

Хиуа 0.05
Бұхара 0.2

Σ = 1.75 (Германиядан төрт есе дерлік үлкен). Халқы [Түркстанның] = 5.3 млн. (1897) және 6.7 млн. (1910).

Халқы — «үнді-иран», көбінесе «түркі-моңғол» аралас.

Жер-жердің бәрінде — орыстың ірі банктерінің бөлімдері...

...«барған сайын өркендей түскен отарлық-экономикалық қызу өмір»... (388-бет)...

Мұнда ислам діні жайлап алған. Дін бостандығы *толық*.
Панисламизм:

NB || Россиядағы *панисламизм* || 1880 және || 1910

...«Солтүстіктің, Волга бойының (ноғайлар), Батыс Сибирьдің мұсылман татарлары панисламизмнен тыпыш жатқан мұсылман сарттар мен қырғыздар арасына панисламизм үгітін таратуда. Осы татар интеллигенттері қазір әдебиет, саясат жөнінен ислам дінінің алдыңғы қатарлы элементтеріне, сол жолды қуушы ең жігерлі, ықпалды адамдарына жатады. Ислам діні ең алдымен осылардың арқасында іштей де, сырттай да күшейіп, мәдениет жағынан өсті. *1880* жылы Россияда 11 миллион мұсылман болған, олардың барлық баспа әдебиеті 7—8 кітап еді; олардың бір баспаханасы, 4 көсемі, жоғары білімді 12 адамы болған, оның біреуі Батыс Европада оқыған. *1910* жылы олар енді 20 миллион болған; олардың басылып шыққан 1000-нан астам кітабы, 14 баспаханасы, 16 мерзімді басылымы, жоғары білімді Россияда алған 200 адамы, Батыс Европада алған 20 адамы, 100-ге тарта әдебиетшілері, жоғары дәрежелі 6, төменгі дәрежелі 5000 мектебі, 37 қамқоршы мекемелері, шағын

3 банкі, селолық 3 банкі[1]) болған. Вотяк, черемис, чуваш сияқты тайпаларды да қамтыған, міне, осы «мұсылмандардың» ұлы қозғалысы әсіресе мектеп және ағарту ісі саласындағы бір еңбекте...[2]) зерттелген. Соңғы 10 жыл ішінде Россияның мұсылман халқы мәдениеті жағынан қатты өркендеді: Қазан татарларында қазір 150 адамға 1 мешіт, 1 молдадан келеді, сол маңның орыстары мен бұратаналарының 1500 жанына 1 священниктен ғана келеді; алғашқылардың *100 жанына* (еркек, әйелі бірге) *бір мектептен* келеді; православиеліктердің *1500—3000* адамына бір мектептен келеді. Мұсылман татарлар арасында кітап, газет әдебиетінің тарауы бұдан да біршама көп. Мәдениет жағынан бұл артықшылық және өміршеңдік бұратаналарды, соның ішінде христиандарды да, мәжусилерді де, мұсылман татарлармен неғұрлым оңай ассимиляциялануға әкеп соғатын болса, ал соңғылары қазір үкіметтің мектеп» (оқыту тілі!) «жөніндегі Дума қолдаған ұлтшылдық саясатынан қатты абыржып отыр, сөйтіп, оныша көне қоймауға, қазір бүкіл мұсылман дүниесін қамтыған наразылыққа қосылуға қарай беттеп отыр және *Қытай мен Индия мұсылман-*

1880 және *1910:*
12—200 жоғары білімді адамдар
1—14 баспахана
0—16 мерзімді басылым
8—1000 кітап
NB

!!!
1:100

1:2000

NB:

мұсылмандармен жақындасу. Индия мен Қытай

---

[1]) *Остроумов.* «Ислам дүниесі». Ташкент, *1912. Тағы сол.* «Сарттар». Ташкент, 1908. *Тағы сол.* «Құран және прогресс». Ташкент, 1903. NB

[2]) *Епископ Андрей мен Н. В. Никольский.* «Шығыс Россия бұратаналары туралы неғұрлым маңызды статистикалық мәліметтер». Қазан, 1912.

«солтүстіктен»... «лаң»

|| *дарынан тірек іздеуге* әзір. Түркстанның мұсылман халқымен байланыс сонымен қатар өзінен-өзі болып жатады; шынында да, *солтүстіктен* олардың арасына *панисламистік лаң* салыпып отыр. Орыс үкіметі ислам жолын қуған татарлардың осындай қатынасынан қорқады, сондықтан мүмкіндігінше оларды Түркстанға жібермейді. Рас, Россияның Түркстандағы мектеп саясаты тіпті де ұлтшылдық саясат емес»... дінге, ана тіліндегі мектепке бостандық. Сарттар орысша ықыластана оқиды: «сабақты орысша оқытатын» мектептерге «байырғы халық ықыласпен келеді»... «Орыс тілінің жалпы іс тілі және мемлекеттік тіл ретіндегі маңызы экономикалық өмірдің ықпалымен практикашыл сартқа күннен-күнге айқынырақ бола бастады». «Мәдениет жағынан орыстандыру» «өте бірте-бірте» жүріп жатыр (406—409)...

Сөз арасында, *суландыру* туралы айтылған, 3-кітаптың 362-беті: Закаспий облысында+Сырдария облысында+Самарқандта+Ферғанада —2¼ миллион десятина суармалы жер бар, соның ішінде 1.0 миллион десятинасына бидай, 0.379 десятинасына мақта егілген.

Ergo (363-бет) барлық 159 миллион десятина жердің 156¾ миллион десятинасы шөл, түк өспейді; 2¼ миллион десятинасы ғана қолдан суарылады дейді.

Әдебиет:

NB: Граф Иорк фон Вартенбург. «Россия державасының Азияға енуі». Берлин, 1900.

Г. Вамбери. «Россияның Азиядағы күш-қуаты». Лейпциг, 1871.

Керзон. «Россия Орталық Азияда». Лондон, 1889.

Абаза. «Түркстанды жаулап алу». СПБ., 1902.

ҚЫТАЙДАҒЫ СОЦИАЛИЗМ

«Die Neue Zeit», 1913—14, XXXII, 1, 711—2-беттер.

А. Джекстің (Шанхай) «The Socialist Review»-тегі (1913, №1) мақаласының қайталамасы.

Мақала *«Қытайдағы реакция»* деп аталған.

Автор Қытайдың социалистік партиялары мен ұйымдары статуттарының аудармасын береді. Олардың «бұлдырлығы», «игі тілектері» таңдандырады дейді. Қытай тілінде социализм мен қоғам екеуі бір сөз (Ши Гуи). Бірқатар социалистер өлім жазасына тартылған. Жұмысшы *Вен* (Шанхайдан) (өлім жазасына тартылған) Қытай республикасының жұмысшы партиясын» құрған. Бұл партия 1913 жылдың басында Шанхайда күміс зергерлерінің 3 күндік стачкасын ойдағыдай өткізген. Программасы тіпті анық емес.

Қытай-дағы социа-лизм

«Қытай социалистік партиясы» да — «таза (sic!) социалистік партия» да болған. Басшыларының көбі өлім жазасына тартылған. Партияларды Юань Ши кай қиратқан.

ПАХАС. «ЕГИПЕТ ФЕЛЛАХЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ»

Жозеф Ф. Пахас. *«Египет феллахының экономикалық және әлеуметтік жағдайы».*
(Диссертация.) Париж, 1901.

Шәкірттік нәрсе. *Әдебиеттен келтірген* цитаттары бар.

Феллахтардың шегіне жеткен қайыршылығының баяндалуы (тым қысқа), жер кепе лашықтарда, *малмен бірге* тұрады, мебель деген жоқ, таң атқаннан түнге дейін жұмыс істейді. Россиядағы сияқты — мешеулік, қараңғылық.

Египет *феллахтары*

Көзқарасы — өте-мөте назар аударарлық: нақ 1880—1900 жылдардағы Россиядағыдай, *либералдық-халықшылдық* көзқарас!!

38-бет, ескерту. Англия өнеркәсіпті тұншықтырып отыр!!!

«НЕЙЕ ЦЕЙТ», XXX, 1

КАУТСКИЙ. «БҰҚАРАНЫҢ ҚИМЫЛЫ»

«Die Neue Zeit» XXX, 1 (1912).

NB: 45-бет. (Карл Каутский). Бұқара=30 миллион. $^{1}/_{10}$ бөлігі ұйымдасқан. *N B.*

ЛИНК. «ЖИНАҚ КАССАЛАРЫ ҚАМҚОРШЫ МЕКЕМЕЛЕР БОЛЫП ТАБЫЛА МА?»

60-бет. Жинақ кассалары: жинақ кітапшаларының $^{1}/_{4}$ бөлігі=вкладтардың жалпы сомасының 87 проценті. (Пруссия 1909.) (Вкладтар>600 марка.)

МЕМЛЕКЕТТЕР ХАЛҚЫНЫҢ ЕСЕБІ

	Мемлекеттер саны	Халқы миллион (шамамен)	соның ішінде тәуелділер	соның ішінде саны	отарлар: (халқы) *млн.*
(α) Батыс Европа	15	220	(10–15)	2 —	$0._{2}$
Америка	23	145	(жоқ?)	7 —	$13._{5}$(?)
Σ	38	365	(10–15)	9.....	14(?)
(β) Шығыс Европа және *оның* Азия бөлегі	12	215	(90–100?)	5.....	25(?)
(γ) Қалған Азия, Африка мен Австралия	64(?)	870	жартылай тәуелділер 300-дей?	60.....	480(?)
Σ	114(?)	1450	100–115	74.....	519

	ш. км. млн.		халқы млн.
Жапония	0.4	....	46.5
Қытай	3.9	....	319.5
	+7.3	....	10.6
Ауғанстан	0.6	....	4.5
Персия	1.6	....	9.0
(4)			390.1
			+480
			870

	халқы млн.	тәуелділер	отарлар
α)	400	<5%	< 5%
β)	250	40–50%	10%
γ)	900		> 50%
	1550		

480 миллион шамасы
? 60–100 (?)

0.2	
7.9	
0.04	
0.4	отарлар
0.14	–498.5
8.6	17.3
17.3	481.2

халқы млн. есебімен

барлығы		соның ішінде тәуелділер		отарлар			
α 400	....	20	+	20	=	40	10%
β 250	....	100	+	25	=	125	50%
γ 900	....	—	+	500	=	500	60%
1550		120	+	545	=	665	

	ш. км. (миллион)	халқы (миллион)		соның ішінде тәуелділер	отарлар	халқы миллион
Россия	5.3	106.2		60-қа жуық		
+ { Хиуа	0.06	0.6	} 24.6	}	}	(5)
Бухара	0.2	1.5				
Кавказ	0.6	9.2				
Орта Азия	3.5	7.7				
Сибирь	12.5	5.7				
Россия	22.1	130.8			(60?)	(5)–24.6
Австро-Венгрия	0.6	45.3		(25-ке жуық)	—	—
Сербия	0.05	2.5		?	—	—
Румыния	0.1	5.9		?	—	—

	ш. км. (миллион)	халқы (миллион)	соның ішінде тәуелділер	отарлар	халқы миллион
Болгария	0.1	3.7	?	—	—
Греция	0.06	2.4	?	—	—
Түркия	0.1	5.9	} (?)		
+ Азия	1.8	17.2			
	1.9	23.1	(10?)		

Арабиясыз?+2.5 ш. км., 1.9 миллион халық

213.7	(90–100)	(5)	25 (?)

		Мемлекеттердің саны дербестері	тәуелділері
α	38	29	+ 7
β	12	7	+ 5
γ	64	2—4	—60—62

7 + 5 12

Батыс Европа мен Америка:

Шығыс Европа:

Австро-Венгрия

Россия, Балқан мен Түркия (Азияның бір бөлегі, демек соның ішінде):

Қалған Азия, Африка мен Австралия.

ДӘПТЕР

«ξ»

(«КСИ»)

Мазмұны

ξ

Соғыс және империализм

Бернгарди	[5—10]
Рюдорфер	[11—19]
Маккэй: Қытай	[20—22]
Люкас	[22—23]
Бельгер	[24—26]
Рорбах	[27]
Сарториус ф. Вальтерсхаузен	[28—30]
Кромер	[33]
Рюдорфер NB 16 бет	
Бельгер NB *26* бет	

Англия (1897—1911)—998.5 млн. фунт стерлинг
19.97 млрд. марка
Германия 5 490 млн. марка
5.5 млрд. марка

ГАЗЕТТЕРДЕН ҮЗІНДІЛЕР

«L'Echo de Paris», 13. X. 1914.

Жуоның Легинмен әңгімесі жөнінде «Юниустың мақаласы».

...«Жалпыға бірдей еңбек конфедерациясының секретары Жуо мырзаның герман социалист-депутаты Легин мырзамен — осы жылдың 24 июлінде және Брюссельде жасаған әңгімесі,— егер мұны біздің синдикалистер пайдаланғысы келсе,— қандай сабақ боларлық нәрсе десеңізші! Уақыты мен болған жері өте мәнді. «Соғысты болғыз-

бау үшін не істемек ойыңыз бар?»— деп сұрайды Жуо мырза. «Сіз қарсы шығуға бел байладыңыз ба? Өз тарапымыздан біз сіздің шақыруыңызға жауап беруге әзірміз». Сөйтіп ол былай деп қосады: «Ал осы сұрақтардың бірнеше рет қайталанғанына қарамастан, Легин... ешбір жауап бермеді. Біз герман ұйымдарының ізгі ниетіне деген сеніміміз құрып бітуге тиіс деген пікірмен Брюссельден жүріп кеттік». Ол өзінің сәтсіздікке ұшырауынан қандай қорытынды шығарады? Мен оның текстінен онан әрі цитат келтіремін: «Біз айыптау актісін жасаймыз; бұл акт халықаралық қатынастарды берік және баянды етудің бірден-бір құралы — барлық жерде бейбітшілік жолында және соғысқа қарсы нақ сол бір жұмысты жүргізу екендігін жұрттың бәрінің есіне салады». Мұндай бірлескен жұмыстың мүмкін еместігін оқиғалар оған жаңа ғана дәлелдеді. Ол бұл оқиғаларды кездейсоқ оқиғалар деп санап, утопияны опан әрі қолдауда; утопияның адасулары, осы адасулар туралы ойлағанда, зәреңді ұшырады. Егер Легин мырза адалдығы кем кісі болып, өзі әңгімелескен аңғал серігіне көмек көрсетуге уәде етіп, ол көмек кейіннен көрсетілмесе, не болып шығар еді?» Алайда, деседі, болмаған апаттар туралы ойламай-ақ қоялықшы. Ал онан әрі Жуо мырзаға былай деп ақыл айтады:

«Жуо мырза таптес адамдар таптық немесе, дұрысырағы, кәсіптік мүдделер бар екенін мойындайды және олар қателеспейді... Алайда олар бір нәрсені, атап айтқанда, ешқандай кәсіптің елден тыс өмір сүре алмайтынын байқамайды. Жұмысшы мен шаруа, сол сияқты буржуа да белгілі бір тапқа жатпастан бұрын, белгілі бір ұлттың құрамында болады... Демек, еңбекшілер белгілі бір тапқа жатпастан бұрын белгілі бір елге жататын болса, онда елдің мүддесі таптың мүддесінен жоғары тұрады. Халықаралық синдикализмнің барлық адасушылығы әр нәрсенің жаратылысының өзіндегі осы тәуелділікті түсінбеуінде. Әңгіме таптық мүддені жете бағаламаушылық жайында болып отырған жоқ. Әңгіме оның орнын анықтау жайында болып отыр... Интернационализмнің жалған догматтары ұлттық айқын қажеттіліктің алдында бір сағат та шыдап тұра алмады... Біз оларға» (оларға, синдикалистерге) «тек осы соғыстың сабағын жете түсінуді және олар өздерінің таптық мүдделері туралы ойлағанда, олар таптық мүдделер туралы ұлттық мүддемен байланысты ой-

лауды ұсынамыз. Сонда біз оңай келісе аламыз». *Юниус.* (Мақаланың соңы.)

«Volksrecht», № 241, 16. X. 1914.
В. «Соғысты жүргізу осы уақытқа дейін қаншаға түсті».

Соғыстың құны:

Соғыстың алғашқы 2 айында
барлық соғысушы мемлекеттер — *6 250* млн. франк
Германия — 1 800 млн. марка = 2 250 млн. франк

| соның ішінде финансы мүлде нашар Австрия үшін |

Англия —————————	2 150	
(мұның $^1/_3$ бөлігі өзіне болар)		
	4 400	млн. франк.
Франция	1 040	» »
Россия 300 млн. сом =	750	
$\Sigma =$	6 190	» »
Россия —	750	
Франция	1 040	
	1 790	

6 250—4 400 = 1 850—1 040 = 810

«Соғыстың келесі сегіз аптасы екі есе қымбатқа түседі»...

Леруа-Больё — қараңыз: *«L'Humanité»* —7 айда 5 үлкен мемлекеттің әрқайсысы айына 1 миллиардтан жұмсады деп есептейді. 5×7=35+15 кішкене мемлекеттер мен бейтарап мемлекеттер. Σ=50 миллиард.

Христиан поптары соғыс туралы:

Поп *Бабю* (француз) *декларация жобасын* ұсынды (және оны неміс поптарына жіберді):

«Германияның, Англияның, Австрияның, Францияның, Россияның, Бельгияның және Сербияның төменде қол қойып отырған христиандары Европаны ойрандап, қанға бояп жатқан жанжалға ашынған күйінішпен былай деп мәлімдейді:

1° Әрқайсымыз өз отанымызды қатты сүйетіндіктен, біздер өзімізді рухтандырып отырған шынайы және жалын-

ды патриотизмге сай келмейтін еш нәрсені жасағымыз немесе айтқымыз келмейді.

2° бірақ сонымен қатар біздер құдай барлық ұлттардың құдайы және барлық адамдардың әкесі екенін, Иисус Христос барлық жұртты сақтап қалушы екенін, ол өзінің үмбеттеріне біріңді бірің бауыр санаңдар деп және біріңді бірің бауыр ретінде жақсы көріңдер деп өсиет еткенін және, әулие Павелдің айтқанындай, інжіл діні үшін эллин де, яһуди де, варвар да, скиф те жоқ екенін — ал олай болса, мұнан былай неміс те, француз да, австриялық та, орыс та жоқ, бірақ қайткенде де барлық адамда Христос бар екенін ұмыта алмаймыз немесе бекерге шығара алмаймыз.

Осылай болғандықтан біздер қазіргі кезде өзіміздің жауларымыз деп атауға тиісті болып отырған адамдарға деген өшпенділік атаулыны құдайдың жәрдемімен жүрегімізден аластап, мүмкіндік болған жағдайда оларға жақсылық істеуге, соғыстың мүмкін қадеріншe адамгершілік тұрғысынан жүргізілуі үшін, жеңуші, ол кім болған күнде де, өзінің күшін пайдаланып, қиянат етпеуі үшін, адамның жеке басын және әлсіздердің праволарын қадірлеу үшін ықпал етудің өзімізде бар мүмкіндігінің бәрін пайдалануға құдай алдында міндеттенеміз; біздер өзіміздің дін жағынан бауырларымызды, олар қандай ұлттың адамдары болса да, бұрынғы туысқандық сүйіспеншілікпен жақсы көруге, соғыстың түгелдей барлық құрбандықтары үшін құдайға дұға оқуға, соғыс сұмдықтарының орнына құдай тезінен әділетті және түпкілікті бейбітшілік жақсылығын жіберуі үшін және өзіміз көріп отырған қырсық және қатал оқиғалар құдай рақымының түсуін тездетуі үшін құдайға жалбарынуға міндеттенеміз».

(«Journal de Genève», 17. X. 1914.)

Бұл хат 1914 жылы 4 августа жазылған. Нимнің құрметті пасторы *Бабю* мырза Берлиндегі сарай уағызшысы, неміс *Дриандер* мырзаға жіберген.

Бұл Дриандер өзі және екі поп (Лахузен мен Аксенфельд) қол қойып *(«Journal de Genève»,* 18. X. 1914), 1914 жылғы 15 сентябрьде ұзақ хатпен былай деп жауап берді:

...«біз 1 және 2-ұсынысқа өзіміздің келісетіндігімізді құлшына білдіреміз. Олар—барлық христиандардың жалпы игілігінің бір бөлегі. Патриотизм мен христиан діні

бірін-бірі жоққа шығармайды, қайта, мұның керісінше, өзара бірін-бірі керек етеді»——

ал қалғанын біз принцип жағынан қабылдаймыз, бірақ Германия соғысты адамгершілік принциптеріне сәйкес келмейтін etc. жолмен жүргізіп отыр екен деп ойлауға, *тіпті алыстан орағытып болса да,* желеу бергіміз келмегендіктен оған қол қоя алмаймыз. Біз соғысты тілеген жоқпыз, біз бейбіт халықпыз etc. etc. Шабуыл жасаған жақ — ағылшындар және басқалар etc. etc. т. т. дейді.

NB. «Volksrecht» (1914) № 239 («Мәңгі бейбітшілікке») және № 242 (Бернштейн)

«Frankfurter Zeitung» (1914) № 291 (II таңертеңгі шығуы) 20. X. (Шейдеман соғысты жақтайды).

БЕРНГАРДИ. «ГЕРМАНИЯ ЖӘНЕ ЕҢ ТАЯУДАҒЫ СОҒЫС»

Фридрих ф. Бернгарди. «Германия және ең таяудағы соғыс». Берлин, 1913 (6-басылуы) (345 бет). 6-басылуына арналған алғы сөз *1913 жылғы февраль* деп белгіленген.

Кәдімгі әскери кітап, немістердің бейбітшіл рухы туралы өкініш айтылған etc. etc. Автор өзінің қазіргі заманғы соғыс жөніндегі **екі томдық** еңбегінен цитатты жиі келтіреді.

Соғысты, оның қажеттігін дәріптеу («творчестволық және тазартушы күш»: 9-бет)... [I тарау. «Соғысуға праволылық»; II тарау. «Соғыстың міндеттілігі».]

Марокко жөніндегі жанжалда Германияның Францияға көніп, қорғалақтағанына қайғыру (17 және басқа беттер).

«Христиандық мораль жеке адамның және қоғамның моралы болып табылады және өзінің мәні жағынан еш уақытта саяси мораль бола алмайды» (24—25).

Социал-демократтарға өшпенділік: олар партиялық күресте «принцип жағынан отірік пен жаланы жақтайды» дейді (32). Олар «революцияны жақтайды» дейді (73)... (idem, 75)

Гегель, Лютер соғысты жақтайды etc.

...«Мұның үстіне социал-демократиялық айдап салушылардың барлық мазмұнсыз сұңқылдағанына қарамастан, немістерде революциялық рух мүлде жоқ. Олардың бүкіл жаратылысы оларды қалыпты заңды даму жолына түсуге итермелейді»... (80)...

Англиядағыдай қамтамасыз етілген отарлар (рынок) Германияда жоқ (89)...

5-тарау. «Дүние жүзілік держава немесе мерт болу»...

Италия 1912 жылы тағы да «үш жақты одаққа» қосылды, *бірақ* соғыс бола қалған күнде оған сенуге *бола қояр ма екен* (96)... (idem, 180).

Біз Австрияның Балқан елдері жөніндегі саясатында оны қолдауға және Италия үшін Тунисті тартып алуға тырысуға тиіспіз (97).

Россияны революция шайқалтып отыр (100) — «армия сенімсіз» (100) etc., Россия Германияға қарсы шабуылды соғыстың болуын тілей қояр ма екен (102)...

Францияда халықтың тоқырауының (107) және Францияның кеңею талабының молдығы (107) etc. салдарынан Франция Англияға қауіпті емес.

Егер Италия сырт берсе... «онда Германия мен Австрияға қарсы өте елеулі басым күш жасау мүмкін болып шығады» (114)...

Бізге құрғақтан да, теңізден де қауіп төндіріп отыр (115) — біз көзге көрінбейтін, бірақ ұлы дағдарысты бастан кешіріп отырмыз (115). Мұны есте ұстау керек, бұл «дипломатияның астыртын алдамшы әзәзілдігімен және барлық мемлекеттердің *ресми бейбітшілдігімен* бүркемеленіп отыр...» (116).

NB!!

Қалай болғанда да Францияның сазайын тартқызу керек. «Франция біздің жолымызға мұнан былай еш уақытта көсе көлденең тұрмас үшін оны мейлінше батыл талқандау керек» (118).

Бельгия... бейтарап, бірақ Франция мен Англия онда өз күштерін біріктіруге тырысатын болады (123) — «ұзақ уақыт бейтарап болу ұғымы жалпы алғанда мемлекеттің мәніне қайшы келеді» (123)... «оның биік адамгершілік мақсаттарына қайшы келеді»... (123)...

ха-ха!!

...«30 сантиметрлік зеңбірек жасау үшін тұтас бір жыл керек болады» (141)...

әзірлеу уақыты...

7-тарау: «біздің ең таяудағы соғысымыздың сипаты».

Түрлі мемлекеттердің күштері... Цифрлар... Францияда «тамаша қара әскерлер» (150) болуы мүмкін... дейді. ||| ха-ха!!

Бізде (Австриямен бірге) әскер Франция + Россия әскерінен аз (?), сондықтан сапа жағына күш салу керек (156) дейді...

Теңіз күштері (1912 жылғы «Наутикус»* бойынша) — ағылшын флоты біздікінен екі еседен > күшті (170).

Россия өзінің көлемділігімен қорғалған (176) — оның өмір сүру жолында күресуі мүмкін емес... халықтың білімді бөлегі революцияны жақтайды (ibidem), орыс-жапон соғысындағыдай (177), «бірауызды ұлттық өрлеудің» болу мүмкіндігі екіталай (177).

Швейцария, Бельгия, Голландия (француздар мен ағылшындар соңғы екі ел арқылы жүреді)... «бейтараптық тек қағаз жүзіндегі тосқауыл болып табылады» (179).

Англия біздің флотымызды құртуға ұмтылады (184 және келесі беттер. 8-тарау; «Ең таяуда теңізде болатын соғыс»)... Ол біздің мұхиттың ар жағындағы саудамызды тоқтатуы мүмкін (186)... Гарвичті нығайтуда (189), Росайтта және Скапа Флоуда гавань салып жатыр (191)... Біздің әуе флотына күш салуымыз керек (195)... Біз француз флотына құрлықтан соққы беруге бар күшімізді салып тырысуға тиіспіз (196) — Францияға қарсы «қырғын соғыс ашу» (196)... «Францияны ұлы держава ретінде біржолата құрту керек» (196).

Құрлықтағы жеңіс қана біздің теңізде жеңіп шығуымызға мүмкіндік береді (199)... Россия + Франция = 180 миллион халық. Германия ∸65 миллион (201)... Армияны көбейту керек... енді солдатқа анағұрлым жоғары талап қойылады (205), линиялық әскерлер маңыздырақ... «Шабуыл жасау» керек (206).

(«Резервтер» емес, «кадрлар» керек, 210.) Сапа саннан гөрі маңыздырақ (213)... «тығыз» сап түзеп күресуге болмайды, жеке адамның маңызы артуда, бастықтардың маңызы кемуде (214)...

Көп әскердің бір жерден бір жерге ауысуын (және жаб-

---

* Теңіз анықтауышы. *Ред.*

дыгын) әзірлеудің ерекше маңыздылығы, осыдан келіп ерекше міндеттердің тууы (226 және келесі беттер). Бұл жөнінде әскери-техникалық жағынан толық айтылған...

Атты әскердің маңызы — барлау және «қалқалау» (235)...

Ұйымдастырудың «өзгеріп тұруы» (шапшаңдығы, икемділігі) қажет (237)...

Жаңаға дайындалу, ескіні қайталамау керек (247 және келесі беттер)...

Әскери академияларда әскери адамдарды неғұрлым жоғары дәрежеде жетілдіру керек etc.— «жалпы ғылыми сипаттағы лекциялар» керек (267).

Біз (Германия) дүние жүзілік саясат жүргізуге тиіспіз (268, 269) — ол үшін теңіз күші қажет (12-тарау: «Теңізде болатын соғысты әзірлеу»)...— біз теңізде шабуыл жүргізе алмаймыз,— жағалауларды қорғау керек etc.

24 сантиметрлік зеңбіректерді «қазіргі теңіз шайқасына мүлде жарамсыз деп табу қажет» (276)...

...Теңіз жөніндегі жаңа заң жаңадан 72 сүңгуір қайық жасауды көздейді (277),.. үшінші эскадра 1914 жылы ғана әзір болады (278)...

Циндаоны жақсылап нығайту керек (282)...

Тұтқиылдан шабуыл жасау:

Англия 2— 5. IX. 1807 Копенгагенге...
» 11—12. VII. 1882 Александрияға (Египет)...

Италия Триполиге және түрік кемелеріне...

NB ||| Бұрын Францияның «сазайын тартқызбағанымыз» қате болған — олай істеуге сылтау табылатын еді (287): «Мен біз үшін дүние жүзіндегі жағдай әбден қолайлы болған және табысқа жетуге кәміл сенуге болатын кезде неміс саясатының Францияның сазайын тартқызбағандығын оның әйтеуір бір кезде жасауы мүмкін қандай қатесінен болса да анағұрлым ауыр қате деп санаймын. Бұл үшін жағдайлардың жеткілікті болғандығы күмәнсыз» (287)...

Халықты тәрбиелеу *неғұрлым діншілдік* және *патриоттық* рухта, социал-демократтарға қарсы (олардың антипатриоттық сенімдерін қоса: 291) жүргізілуге тиіс... (13-тарау)...

«Қазірдің өзінде-ақ Германияда туған барлық әскери адамдардың 6.14% ғана ірі қалалардан, 7.37% — орташа қалалардан, 22.34% — ұсақ қалалар мен мекендерден және 64.15% — деревнялардан шыққан [1]), оның бер жағында халық санының қала мен деревня арасында бөлінісі мүлде басқаша» (292-бет)...

NB
әскердің
құрамы > деревнянікі
NB

1905:	деревня	. . . .	42.5%
	ұсақ	қалалар	25.5
	орташа	»	12.9
	ірі	»	19.1

...«Село халқы армиямен біте қайнасып кетті» (292)... қала халқы, оның үлкен топтары «армияға тұп-тура дұшпандықпен қарайды» (292)...

Әскери тәрбиенің ізгі әсері ((армия халықты пайдалы жұмыстардан *алаң* етпейді, қайта *тәрбиелейді* дейді [бұл жөрі 13-тарауда *емес*]))... фабрика жұмысы көп жағынан зиянды... қысқа жұмыс күні зиянды (294)...

Россияда (Жапонияға қарағанда) білімді таптар патриотизмді күні өткен ұғым деп санайды etc. etc.— жеңілуді жақтаушылар осыдан шығып отыр дейді (304)...

---

[1]) Граф Позадовский. «Тұрғын үй мәселесі». Мюнхен, 1910.

Көпшілікке арналған баспасөзді үкімет өз қолында ұстауға тиіс (305)...

«Газет оқушыларына қоғамдық қатынастарды партиялық баспасөздің баяндап жүргеніндей сыңар жақ баяндап бермеу үшін барлық газеттерді үкіметтің белгілі бір хабарларын ғана басып отыруға міндеттеу мүмкін болса, мен мұны игілікті іс деп санаған болар едім» (306)...

oho!!!!

«Соғысты финанс және саясат жағынан әзірлегенде» (14-тарау) «ұсақ буржуазиялық көзқарасты» басшылыққа алуға болмайды (311)... «дәуірдің иі жұмсақ филантропиясына» көнуге болмайды (312)...

	Халық мүлкі жан басына шаққанда марка есебімен	Әскер мен флотқа шығын жан басына шаққанда марка есебімен
Германияда	=5—6 мың	16
Францияның де осыған жуық		20
Англияникі	6—7 мың	29

(315-бет)

	Эмигранттар	Жұмысшылар одақтарының жұмыссыз мүшелері
Германиядан	20 000 (1908)	4.4%
Англиядан	336 000 (1908)	10 %
Франциядан		11.4%

(318-бет)

Германияның экономика жағынан өсуі шапшаңырақ (316—7)...

!! Халық темекіге, спиртті ішімдіктерге жылына 5 миллиардқа жуық жұмсағанда өзінің намысын, дербестігін және өзінің болашағын қорғау үшін «бірнеше жүз миллион» (320) жұмсай алған болар еді.

III Наполеон 1870 жылы Австриямен одақтасуға үміт артты (эрцгерцог Альбрехттің Парижге және француз генералының Венаға баруы... *326)*, бірақ ол есебінен жаңылды....

Соңғы сөз (1913 ж.) — жағдайымыз нашарлап кетті дейді. Балқан соғысы, Түркияға және «үш жақты одаққа» соққы... Англиямен бітім жасасуға үміттенудің сенімсіздігі... Англияның «жақындасу жөніндегі әрекетін» жақсылап әзірленуге пайдалану керек (343)...

((Кітаптың өзі 1911 жылы күзде жазылған: 338 бет)).

Соңы

РЮДОРФЕР. «ҚАЗІРГІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ»

И. И. Рюдорфер. «Қазіргі дүние жүзілік саясаттың негізгі белгілері». Берлин, 1914. (XIII+252 бет.)

(Алғы сөз *1913 ж. октябрь* деп белгіленген.)

Неміс буржуазиясының империалистік шабытын бос сөздермен бүркемелеуші дипломаттың лепірме кітапсымағы. Басты тақырыбы — ұлттық және космополиттік тенденциялардың күресі.

Социология мен философиядан дәмелену = жеке адам ретінде халық туралы неокантшылдық сарындағы барып тұрған ақымақтық былшыл, халықты орманмен салыстыру (ондаған рет қайталанған), құдайшылдық, т. с. туралы сандырақ.

Іс жүзінде бұл осы күнгі тақырып, бірақ ол Аристотельдің «энтелехиясы», т. с. жөніндегі сөздермен тұмшаланған.

Англия өзінің Африкадағы жоспарын (Кап — Каир темір жолы) аяқтау үшін «тек Германиямен және Бельгиямен арадағы даулы мәселелердің шешілуіне ғана мұқтаж болып отыр» дейді (94)...

...«Сонымен, Португалия, ал одан азғана кем дәрежеде Испания да шындығында ағылшынның дүние жүзілік империясына тәуелді елдер болып табылады. Жапония ағылшын ақша рыногының шеңгелінен шыға алмай отыр; Англияның өзіне Оңтүстік Америкада тірек пункттер жасауының ешбір қажеті жоқ, өйткені Лондон биржасы Оңтүстік Американың аса елеулі, болашағы зор мемлекетін — Аргентинаны қаржыландырып, осы арқылы оған үстемдік етіп отыр...

Англияның дүние жүзіне үстемдігі... теңіздегі үстемдігінен басқа, тағы екі тірекке: британ мәдениетінің ортақтығына және Лондон биржасына сүйенеді» (95)...

Кеңеюге мүмкіндігі жоқ (Азия Россия үшін, солтүстік Африка Франция мен Италия үшін) және екі жағынан бірдей түйықталған, кешігіп қалған (отарлар алынып қойған) Германия қиын жағдайға қойылған дейді ((2-тараудың 7 параграфы, 101 және келесі беттер)).

Марокко туралы мәселеде Францияға көнуге тиіс болды (105).

«Немістің дүние жүзілік саясатының тағдыры континентте шешіледі» (107)... «Немістің дүние жүзілік саясаты әлі де болса, бәлкім, теңіздегі үстемдіксіз болуы мүмкін деуге болар, бірақ ол саясат құрлықтағы үстемдік жағдайынсыз болады деп ешбір ойлауға болмайды (ibidem).

(Европа континентіндегі жеңіс — Германия үшін барлық мәселенің түйіні).

Марокко... «шегіну» (108): бізге біраз шегінуге тура келді...

«Немістің дүние жүзілік саясатының бұл тарауы империяның халықаралық жағдайының өзіндік ерекшелігін, оның экспансия жасау мүмкіндіктерінің шектеулілігін, дүние жүзілік саясаттың континенттегі саясатпен байланысын, Германияның дүние жүзілік саясатының санасуына тура келетін факторлардың күрделілігін бәрінен де айқын көрсетеді» (109)...

Неміс ұлтшылдығы әлі жас дейді, ...«мансапқордың тәсілі» (112).

Америкада *халық*, ұлт жаңа ғана қалыптаса бастады (әсіресе роман және славян эмиграциясы).

«Финанс жағынан алғанда Аргентинаны Лондон биржасы басқарып отырған отар деп санауға болады» (133)... Оңтүстік Америка мемлекеттері «қазіргі уақытта дүние жүзілік саясаттың субъектілері емес, объектілері болып табылады және, бәлкім болашақта да әлі ұзақ уақыт бойы осылай болар» (131)...

«Қазіргі Жапония өзінің табыстарынан азап шегуде» (137) — өз отарларын игере алмай отыр, ныңаймаған etc. ...(Жапонияға діни негіз жетіспейді: 138) ((міне нақұрыс!))...

Космополиттік тенденция — католицизм туралы... мәдени мұрат туралы мылжыңдау...

«Капитал» және оның күші...

NB || «Европаның ұлы державаларының соңғы ондаған жылдар бойындағы отарлау экспансиясының тарихын осы тұрғыдан алып қарасақ, онда Европаның ұлы державалары қатысқан соңғы кездегі соғыстардың бәрі турадан-тура капиталдың мүдделері үшін жасалмағанымен, сөз жоқ, капиталдың мүдделерінен туғанын көру оңай»* (157)...

«Цивилизациялы дүниенің материалдық мүдделерінің қым-қиғаш араласуы, бүкіл дүние жүзілік біртұтас шаруашылықтың пайда болуы қазіргі саясаттың негізгі фактілерінің бірі болып табылады» (159)...

«Акциялардың көп болуы»** жолындағы күрес (161)... «Тікелей саяси маңызы бар шаруашылық кәсіпорындар-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 265-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда. *Ред.*

дың бәрі, мысалы, темір жолдар, каналдар, т. т., олардың капиталы өзінің тегі жағынан немесе өзінің формасы жағынан халықаралық капитал болғанымен, қазір белгілі бір ұлттық сипат алып отыр» (161)...

Халықаралық право мен халықаралық аралық соттар ше? «Жалпы және тұтас алғанда аралық соттар тетігі ойламаған қақтығыстардан туатын және ұлттың өмірлік мүдделерін қозғамайтын керексіз соғыстардың ғана алдын алуға қызмет етеді; бірақ ұлттың өмірлік мәселелерін аралық соттардың реттеген кездері немесе басталса екен деген соғыстардың солардың көмегімен болмай қалған кездері ешқашан да және еш жерде де болған емес» (167)...

Халықаралық **социализм?** (3-тараудың 5-параграфы, I бөлім, 172 және келесі беттер).

«Егер халықаралық социализмнің жұмысшыны өз ұлтынан іштей мүлде бөліп алуына, сөйтіп оны тек қана таптың мүшесі етуіне сәті түссе, онда оның жеңгені; өйткені онда ұлттық мемлекеттің жұмысшыны өз ұясынан шығармауға әлі де болса тырысып, пайдаланатын жалаң зорлық құралдары онан әрі қолданылғанда өзінен-өзі сөзсіз жарамсыз құралдар болып шығады. Ал егер халықаралық социализмнің бұлай етуіне сәті түспей, жұмысшыны ұлт деп аталатын организммен байланыстыратын ішкі арқаулар санасыз түрде болса да сақталып қала берсе, онда халықаралық социализмнің жеңуі осы арқаулар сақталып отырғанда екі талай болады, сөйтіп сайып келгенде осы арқаулардың неғұрлым беріктігі анықталса, жеңіліске айналады»* (173—174)...

NB

NB

«Қайыршылану» жоқ және таптардың шиеленісуі жоқ дейді (174). Шиеленіскен ұлттық күрес пен ұлтшылдық жұмысшыларды тартады (175)... «Сонымен, былай деуге болады: социалистік қозғалыс сол кезден бері» (соңғы уақытта) «орасан зор қанат жайып, социалистік партиялар барлық елдерде өзінің күші мен ықпалын мейлінше ұлғайтып отырғанымен, алайда осы уақыттың ішінде қозғалыстағы интернационалдық нәрсе қосарласа өспегені былай тұрсын, тіпті маңызы мен тегеурін күші жағынан кеміді» (175).

NB

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 265-бет. *Ред.*

Соңғы жылдардағы сайлау күресі неміс социал-демократтарын өз интернационализмін «бүркемелеуге немесе бәсеңдетуге» мәжбүр етіп отыр (176)...

...«Ол» (неміс социал-демократиясы) «өз дұшпандарының: соғыс бола қалған күнде социал-демократия өзінің ықпалындағы жұмысшы бұқараны қаруды оз командирлеріне қарсы кезеуге, сөйтіп француз социалистерімен одақтасып, соғысқа кедергі жасауға әрекет істеуге итермелейді деген пікірлерін ашу-ызамен теріске шығарды; тіпті патриотизмді жеткіліксіз деп таққан кінәны ол қорлау деп санайды...

Мәселе («ұлттық» тенденция туралы мәселе) бүкіл дискуссияның негізгі мәселесі болып отыр, ол социализмнің түйініне айналып келеді»* (176).

NB

...«Мәселе осы манифестациялардың» (жұмысшы және социалистік партиялардың интернационализм жолындағы etc.) «саяси оқиғалар үшін, халықтар мен олардың көсемдерінің саяси шешімдері үшін қандай көкейтесті маңызы бар екенінде ғана болып отыр. Ұлттық сезімі күшті мемлекеттердің бәрінде ол маңыз өте аз. Жалпы алғанда былай деуге болады: үкіметтер халықтың ұлттық сезіміне жүгіне алатын барлық мәселелерде оларға өздерінің социалистік партияларының интернационализмін есепке алуға мүлде тура келмейді, сондықтан осы уақытқа дейін бірде-бір ұлттық соғыс социалистер оған дұшпандықпен қарайды деп қауіптенгендіктен болмай қалған емес, болашақта да мұндай себептер бірде-бір соғысқа кедергі болмайды. Мүмкін, үкіметтер социализмнің пацифистік теориялары себепті өзінің бастамаларын ұлттық сезімдермен мұқият бүркемелеуге тырысар, бірақ бұдан істің мәні мүлде өзгермейді, тек қазіргі саясат қолданып отырған саяси формалар мен техникада кейбір өзгерістер ғана жасалады» ** (177—178).

! NB !

!!

оцай алдаймыз дейді!!

Салыстырыңыз: *103*-бет: «Сондай-ақ социал-демократия да өзінің парламентте сөйлеген сөздерінде және

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 265-бет, *Ред.*

** Бұл да сонда. *Ред.*

халық арасындағы өзінің үгітінде ұлттық дәлелмен санасуға жылдан-жылға, барған сайын мәжбүр бола түсіп отыр» (idem, 110-бет).

Англия отарлары метрополия үшін артықшылық баж салықтарын енгізіп отыр (206) — Канада, Австралия, Оңтүстік Африка = «іс жүзінде ағылшындарға қарамайтын өндіруші елдерге қарсы баж салығының көбеюі» (206)... NB

«Гегемонияға бола (Жер орта теңізінде және Африкада) француз-итальян қайшылығы біліне келе жатқан сияқты» (211)...

...«Әзірге Россия аздаған еңбек жұмсап, Монғолия мен Персияда қанат жая алып отырғанда, оның ұлғаюға ұмтылуы Австро-Венгрияға, Балқан мен Константинопольге қарсы бағытталмайды» (211)...

Россия «ұлттық апаттан» өзінің географиялық жағдайымен қорғалған (216) — «жеңіліп қалған күнде оған әрі кеткенде революцияның жеңіп шығуынан және өзінің дамуының баяулап қалуынан (?) қауіптенуге тура келеді» (216)... NB

Жалпы алғанда қазір соғысты «қажет» болған жағдайлардан басқа реттерде жүргізуге болмайды (218), ал бұл не деген сөз?

«Қорғану мен шабуыл жасауды сөз жүзінде айыра білу өте оңай, бірақ кімнің шабуыл жасаушы, кімнің қорғанушы екенін дау туғызбайтындай етіп практика жүзінде анықтау өте-мөте қиын» (218).

NB
қорғану ма,
әлде
шабуыл ма?

«Қазіргі ұлы державалар қаруланып жатқанымен, бірақ өздерінің қару-жарақтарын пайдаланбайды деу дұрыс емес» (219).— Бұл қару-жарақтар «калькуляцияланады», дипломатиялық келіс сөздер кезінде, «қысым жасалған» кезде etc. etc. олар ескеріледі.

«Европалық одақтар екі ірі қайшылықтың — герман-француз және австрия-орыс қайшылықтарының төңірегінде қалыптасып отыр» (224)... NB NB

«Бірақ саяси жағынан алғанда ол (Англия) әбден жоспарлы әрекет етіп отыр. Оның Оңтүстік Америкада, әсіресе Аргентинада, күшті ықпал етуі Лондон биржасы-

ның эмиссиялық қызметіне негізделген; Португалияның вассалдық тәуелділігі де, Англияның Испаниядағы ықпалының басым болуы да ішінара осындай (235)...

NB «Финанс империализмінің әдісін қазіргі Франция өте-мөте таза күйінде көрсетіп отыр. Франция өзінің үлкен байлығының арқасында емес, қайта өз капиталдарының үлкен өтімділігінің арқасында дүние жүзілік банкир болып алды. Германия, Англия, Құрама Штаттар қазіргі уақытта анағұрлым бай, бірақ осы неғұрлым бай елдердің бірде-бірінде Франциядағыдай бос, орналастыратын жер іздеп отырған көп капитал жоқ» (235—236)...

Екі себеп бар, олар: Франциядағы зор «ұқыптылық» пен француз шаруашылық өмірінің ақшаға деген сұранымының аздығы дейді.

«Қолайлы жағдайдан» айрылмау — «Испанияны антифранцуздық позицияларда ұстау» үшін Мароккомен болған қақтығысты пайдалапбады деп, немістерді босқа кінәлады дейді (236)...

NB «Мұндай мүмкіндік еш уақытта болған емес, өйткені Испанияны Франциямен байланыстырып отырған финанс дәнекерлерін үзіп, ақшаға мұқтаж болып NB отырған елді қаржыландыруды өз міндетіне алу туралы Германия тіпті арман ете де алған жоқ. Австрия мен Венгрия мемлекеттерінің ақша жөніндегі қажетін қанағаттандырудың Париж биржасында қиыншылыққа ұшырап отыруының себебі бұл мемNB лекеттердің Германиямен достасуында және Үш жақты одақтың жасалуында ғана екендігін Франция Австрия мен Венгрияға әрқашан да азды-көпті ашық сездіріп келді» (236)...

...«Герман империясы заемдар беру жөніндегі өзінің халықаралық саяси ықпалын әзірге әлі аз дәрежеде ғана жүргізіп отырса, онда мұның себебі ең алдымен мынада: Германия Франциядан бай бола тұрса да, оның капиталы онша өтімді емес» (237)... Германия экономика жағынан неғұрлым тез дамуда, капитал оның өзіне керек...

...«Түркия Францияның заемдар жөнінде қойған қосымша саяси шарттарына қарсы герман банктерінен жиі қолдау тауып келді; Румыния, Венгрия жөнінде де



ξ («кси») дәптердің 20-беті

Кішірейтілген

және басқа жағдайларда да дәл осылай болды. Жалпы алғанда былай деуге болады: Франция жүргізіп отырған финанс империализміне тойтарыс беру неміс саясатын да нақ осы жолға түсуге мәжбүр етуге тиіс» (238). NB

Соңы

МАККЭЙ. «ҚЫТАЙ, АРАЛЫҚ РЕСПУБЛИКА. ОНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»

Б. Л. барон фон **Маккэй. «Қытай.** *Аралық республика. Оның проблемалары мен перспективалары».*

Берлин, 1914 ((264 бет+қосымшалар.))

Оңбаған, реакционер, топас және ондаған кітапсымақтан «радикал демократтарға» (Сун Ят-сен бастаған «куоминтанға»*) жала жапқан жексұрын. Ғылыми маңызы — ноль. *Беті??* **V қосымша.** *Куоминтандардың листовкасы*=аңғалдық, *демократиялық* республиканизм ((оңбаған автор оған басқа ұрысады)). [«Республиканың артықшылықтарын түсіндіру».] NB

Әдебиеттен:

Джеймс Кентли және Шеридан Джонс. «Сун Ят-сен және Қытайдың оянуы». Лондон, 1913.

Фосбері-Реков. «Қытайдағы революция». Берлин, 1912.

Иозеф Шёп. «Россияның Қытайдағы мақсаттары туралы». Вена, 1900.

М. ф. Брандт. «Шығыс Азия мәселелері». Берлин, 1897.

Вильгельм Шюлер. «Қытайдың ең жаңа тарихының очеркі». Берлин, 1913.

«Бүкіл дүние жүзілік-саяси абыржулар мен қақтығыстар» деген тарауда (13-тарау) Россияның (Монғолия) [1912 жылы Ургте жасалған жасырын протокол], Россияның+Жапонияның (Маньчжурия. Россияның+Жапония-

* «Гоминдан». *Ред.*

ның 1912 жылғы 8 июльдегі жасырын шарты), Англияның (Тибет), Германияның (Киао-чао) * Қытайды талаптонауы туралы қысқаша баяндайды, т. т.

* Қараңыз: осы том, 621-бет. *Ред.*

КАУТСКИЙ ДІН ТУРАЛЫ[64]

К. Каутский дін туралы. Айтпақшы, 353-бет: «біздің үгітші» дін туралы сұраққа «былай деп жауап беруге тиіс: бұл мәселе біздің партиямыздың жиналыстарында қойылмайды және шешілмейді, өйткені біз дінді әрбір адамның жеке басының ісі еткіміз келеді, *ал* мемлекеттен дінге оның да осылай қарауын талап етеміз»...
[оңбаған!]

!!?? Каутский *дін туралы*

АМЕРИКАДАҒЫ СОЦИАЛИСТЕР ЖӘНЕ НЕГРЛЕР[65]

Америкадағы *социалистік партия және негрлер: 382—3-беттер: «Дүние жүзінің индустриялық жұмысшылары»*[66] негрлерді *жақтайды*. Социалистік партияның көзқарасы *«толық бір пікірлі емес»*. 1901 жылы негрлерді жақтаған бір үндеу. Сол ғана!!!

Ibidem, 592-бет: Миссисипи штатында социалистер негрлерді «жергілікті ерекше топтарға» ұйымдастыруда!!

негрлерге көзқарас *NB:* социалистер және негрлер: *негрлер және социалистер!!*

ӘДЕБИЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

«Die Neue Zeit», 32, 1 (1913—14).

Энгельс. «Бедел туралы». *Маркс.* «Саяси индифферентизм»[67].

Рязанов Брупбахерге (және оның қорғаушысы Мерингке) қарсы

NB *«Шіркеуден шығу жолындағы қозғалыс»:* біркатар мақалалар.

«Die Neue Zeit», *30, 2,* (1912, IV.—IX.). Милиция және «қарусыздану» туралы Каутскийдің (және Ленчтің) мақалалары.

Ibidem *Гримм* Швейцария милициясы туралы.

28, 2 (К. Каутский *1910 жылғы Копенгаген* конгресі және «қарусыздану» туралы. Idem Ротштейн).

29, 1: Ротштейн Гайндманға қарсы.

29, 2: Квелч те сол туралы.

БЕЛЬФОРТ-БАКС ИМПЕРИАЛИЗМ ТУРАЛЫ (1900)

«Die Neue Zeit», XIX, 1 (1900—1) (21. XI. 1900), 247-бет.

NB: *1900* *Бельфорт-Бакс.* «Кең тараған қате қорытынды».

империализм

империализм туралы

«Империализм мен жаңа отаршылдық саясат туралы мәселелерді талқылағанда өте-мөте жиі кездесіп жүрген адасушылықтың бірі, сірә, кейбір социалистердің басына да еніп кетсе керек»... Ал сонан кейін капитализмнің прогрестігіне бола отаршылдық саясатты *жақтаушылардың* дәлелдері талданады. Бакс оларды теріске шығарады...

...*«Капиталистік-ұлттық империализм* — міне, бұл капитализмнің халықаралық социал-демократияға беретін жауабы... Бүкіл дүние жүзілік тарих қазір мынадай бет бұрыс кезеңде тұр — не *ұлттық-капиталистік* **империализм,** не интернационалдық-социалистік демократия!»...

...Қазіргі шаруашылық системасы... (ол іс-әрекеттің жаңа сфераларын меңгергендіктен)... «өз өмірін қолдан ұзартады»...

Бернштейннің Каутскиймен айтысын ескерте кетейік. Бернштейн: Бельфорт-Бакс 1896/7 жылдың өзінде-ақ Бернштейнге ұрысқанын, ал Каутский болса сол кезде Бернштейнді *жақтағанын* еске салады. Каутский былай деп жауап береді: Бакс онда «капитализмнен құлдық жақсы»— дәл осылай — дегенге дейін барған еді, ал мен сол кезде де, қазірде де Баксті *сондай* жақтағаным жоқ, өйткені оның айтқанын «сентименталдық утопизм» деп санаймын дейді. Бірақ мен әрқашан да отаршылдық саясатқа *қарсы* болып келдім дейді.

N. B. салыстырыңыз: «Die Neue Zeit», XIX, 1 (1901), 804-бет:

М. Бер Англияның іріп-шіруі туралы және *империализм* туралы. «Die Neue Zeit», XX, 1, 209-бет: «Әлеуметтік империализм» (фабийшілдер), 243-бет, «империалистік-әлеуметтік заман».

ДЕБС ТУРАЛЫ

«Die Neue Zeit», 1913—4, 32, 1, 1007—8-беттер. *Дебс «Халықаралық социалистік шолуда»* (1913, март) Американ еңбек федерациясына қарсы Социалистік партияның+Социалистік жұмысшы партиясының[68] (Дебс *«Дүние жүзінің индустриялық жұмысшылары»* одағын құрушы) және «Дүние жүзінің индустриялық жұмысшылары» одағының бірлігін *жақтады.* Дебске қарсы долданған «New Yorker *Volkszeitung»*, 7. III. 1913, Дебс өзінің «мағынасыз сөздер айту пұрсаттылығымен» орынсыз пайдаланып отыр (sic!), «Дүние жүзінің индустриялық жұмысшылары»=ноль, Американ еңбек федерациясы=«американ жұмысшы қозғалысы» және «радикалдық программалары бар революциялық ұйымдар дейтінді құру арқылы нақты бір елдің жұмысшы қозғалысын «прогрестік рухта тәрбиелеу» мүмкін емес» дейді (sic!)... (Айқын, онда да әдеттегі жағдай: «New Yorker Volkszeitung»=«ортодокстар», каутскийшілдер, ал *Дебс* — революционер, бірақ айқын теориясы жоқ, марксист емес.)

Дебс туралы

ШВЕЙЦАРИЯДАҒЫ ИТАЛЬЯН ЖӘНЕ ПОЛЯК ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Я. Лоренц. «Швейцариядағы итальяндар туралы мәселе жөнінде». *Цюрих?*
» «Швейцариядағы поляк жұмысшылары». Цюрих, 1910.

Әдебиет көрсеткіші. Цюрихте итальяндардың бүлігі болды 26—29. VII. 1896.

Олардың саны: 1860— 9 мың
1870—18
1900—117

Сұмдық қайыршылық. Мысал: 3 бөлмеде *50 адам!!* (16-бет). Босағада, нарларда жатады, түнеп шығу 10—20 сантим etc.

Салыстырыңыз: осының «Neues Leben»-дегісі, 1916, 1

1910 ж.— 400 адам. Сұмдық қайыршылық.
Тамақ қожайыннан болғанда күндік ақы 1.50 фр.—1.60 «ұрып» та қояды (11-бет).

КАНАДАДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Канададағы жұмысшы қозғалысы («буржуазияланды»)

Канададағы жұмысшы қозғалысы (буржуазияланды)

...«*Жұмысшы табының* маман бөлегі, әсіресе ағылшын тілінде сөйлейтіндері, *мүлде буржуазияланды.* Оның кәсіптік одақтарға көзқарасы ескі, өрісі тар ағылшын тред-юниондарының көзқарастарына әлі де түгелдей сай келеді. Оның үстіне олар рухани жағынан әлі де түгелдей шіркеудің билігінде. «Сілімтік» саналу— өте үлкен масқаралық, «байсалдылық»—асқан абырой». Мұның өзі басқаша бола бастады: наразылық рухы... қымбатшылық. «42 адам қазір іс жүзінде елдің барлық байлығының үштен бірінен көбін иелепіп отыр». ...Ұсақ буржуазия, әсіресе ауыл шаруашылығында, трестерге қарсы, («Die Neue Zeit», 1913—4, 32, 1, 382-бет, Густав Мейердің: «Канададағы аграрлық наразылық» деген мақаласын *«The New Review»*-тен, *1913,* сентябрь, қайта баяндау.)

42 адам... барлық байлықтың $^1/_3$ бөлігі

Оңтүстік Африка

Ibidem, *384*-бет, Оңтүстік Африка туралы («Ранд»). Қытайлардың, кафрлардың және (бур соғысынан күйзеліске ұшыраған) ақ нәсілділер-

дің арасынан шыққан жұмысшылар. Ағылшын капиталистерінің, рудниктер қожайындарының және үкіметтің тарапынан болған пасықтықта есеп жоқ. *Барлық* жалдама жұмысшылардың тап күресі аз-аздап дамуда, бірақ «әлі түгелдей ескі тред-юнионизмнің шырмауындағы жұмысшылар көсемдерінің жалтақтығынан, тар өрістілігі мен мейірімсіздігінен едәуір дәрежеде» баяу болып отыр («The International Socialist Review»-тен, 1913, октябрь, қайта баяндау).

«жұмысшылардың көсемдері» тар өрісті, мейірімсіз, ескі тред-юнионистер

ЛИССАГАРЕ. «1871 ЖЫЛҒЫ КОММУНА ТАРИХЫ»

Лиссагаре. «Коммуна тарихы». 1894, 193-бет (17-тарауға эпиграф): «Егер француз ұлты тек қана әйелдерден құралған болса, бұл бір сұмдық ұлт болар еді». «The Daily News», май, 1871. NB

Швейцарияның жаңа әскери заңының қабылданған уақыты: 3. XI. 1907: +329 953
—267 605

МОНОПОЛИЯЛАР ЖӘНЕ ТЕХНИКА

Трестер, *монополия және техника:* «*Монополиялардың* құрылуы экспорттық қабілеттіліктің дамуын тек бір өзі ғана қамтамасыз ететін техникалық жетілдіруді *тездетуден гөрі көбірек бөгейді*» («Die Neue Zeit», 32, 1, 1913—4, 383-бет, Луи К. Фрайнның мақаласын қайта баяндау. «Шоғырлану, монополия, бәсеке: халық шаруашылығындағы жаңа бағыт», «The New Review»-те (Нью-Йорк) (1913, сентябрь)). NB NB

ЛЕНЧ. «СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ, ОНЫҢ АҚЫРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАБЫСТАРЫ»

П. Ленч. «Социал-демократия, оның ақыры және оның табыстары». Лейпциг (Гирцель), 1916 (алғы сөз 22. V. 1916).

11—12-беттер. Маркс қарусыздану, «халықтардың өзін өзі билеу правосы»* etc. сияқты «ізгі ниетті түсініктер» жөнінде тек «сықақ етуді» білетін еді дейді. (41-бет: «ескі ұсақ буржуазиялық догматика»)

«секта» 15-бет——90-жылдардан бастап социал-демократия «өзінде болған сектанттықтың бәрін бірте-бірте өз бойынан аластап тастауда»... (1000 жылдық үстемдіктен үміттену, т. т. қалып қойды дейді etc.)...

Жұрттың бәрі герман социал-демократиясының «энтузиазмі дәуірін»... «үгітшілік» тұрғысынан бағалаған дейді (17)... (1. V. туралы 1889 ж. шешім тағы бар).

Англияда, Францияда және Германияда да — 19-ғасырдың аяғында — *империализмнің* өсуі (26—27)...

ха-ха!! Ревизионизмнің өсуі: екі бағыт та (ревизионизм де, радикализм де) қажет және пайдалы болды (31—5)...

Маркс пен Энгельс «ұсақ буржуазиялық қалыпта сентиментальды» болған емес: «Олар соғыста аз да болса атыс болатынын білген» (39)...

62—68. 4 августа кредитке қарсы дауыс беру керек еді (іс жүзінде бәрі де осылай болар еді), ал 2. XII. 1914— жақтап дауыс беру керек еді, өйткені интернационалдықты француздар мен ағылшындар бұзды. [Жүлік!!]

Мұның өзі немістерге деген интернационалдық өшпенділікті азайтқан болар еді, сөйтіп олардың *ұлттық* ісін күшейткен болар еді: 69—70.

Ой, жүлік-ай!!!

ха-ха!!! «Интернационалдың күйреуі» (3-тарау)— француздар мен ағылшындардың соғысты *жақтауында* болды (sic!!).

sic! Әрине, III Интернационал да болады, тек «утопиялылығы аз» (112) және өзінің «шаруашылық негізіне» неғұрлым саналы болады...

sic! «Белгілі бір пролетариат неғұрлым өсіп жетілген болса, ол соғыста соғұрлым белсенді болды» (113)—Реннердің бұл қағидасы «дұрыс емес», өйткені Англия мен Франциядағы іс-әрекеттің

* «Өзін өзі билеу» деген сөз қолжазбада ең соңғы жазылған қосымшаға «(41-бет: «ескі ұсақ буржуазиялық догматика»)» стрелкамен біріктірілген. *Ред.*

себебі «өсіп жетілгендік» емес, қайта Германияға қарсы дүние жүзілік үстемдік орнату үшін күресі дейді.

Ағылшын жұмысшылары өзінің (монополиялық) ерекше жағдайын және өзінің пұрсаттылықтарын қорғады (114—5)...

Ағылшын пролетариатының аристократиялық жоғарғы тобы (115).

Қанаушы-ұлттар болып отырғанда, «державалардың» «тепе-теңдігі» жоқта (116)... жұмысшы табының халықаралық ынтымағы туралы сөз қылу «тым ерте» (117). || ха-ха!

«инабатты тілектердің каталогы» да (өзін өзі билеу правосы (ұсақ буржуазиялық etc.), аннексияларға қарсы etc.) — абстрактілі, соғыстың нақты (121) міндетімен — Англияның «таптық үстемдігін» (114) (+122), оның монополиясын (122), «ерекше жағдайын жою міндетімен — сапаспайды (120)... .

— бұл *«революция»* (123 және алғы сөз), қазіргі соғыс дегеніміз, міне, осы!! *«осы»* (пролетарлық) *«таптың көтерілуі революциялық бүкіл дүние жүзілік соғыстың дауылды түсында болып отырса да, революциялық азамат соғысының нажағайынсыз болып отыр»*... (124) (курсив автордікі). || сайқымазақ!

«Ағылшынның дүние жүзілік үстемдігінің *шайқалуы»* = революция.

сүңгуір қайықтар мен цеппелиндер (125)... ағылшынның үстем жағдайының «құри бастауы» (126) (олардың ролі соңыра, соғыстан кейін бұрынғыдан да күшті болады).

131 — Англия 19-ғасырдың соңғы отыз-қырық жылында өзінің 15 миллион шаршы километр отарларына тағы да *15* миллион шаршы километр қосты

| менің цифрларымды салыстырыңыз |*

Германияны «weltpolitisch aushungern»** мақсатымен (132) Ан-

* Қараңыз: осы том, 237-бет. *Ред.*

** Аударылмайтын тіркес. Сөзбе сөз: «дүние жүзілік саясат жөнінде Германияны аштан қатыру», яғни Германияны қалжыратып, оның дүние жүзілік саясат жүргізу мүмкіндігін жою. *Ред.*

|| *ха-ха* сөз болғанына!! || глия + Франция + Россия = «дүние жүзін бөлісуге арналған синдикат» (132 және басқа жерлерде). ||| NB ||| NB

175: Англия жұмысшы табының жартысы дерлігінің сайлау правосы жоқ.

!!! «Ұйымдасу принципі» — Пруссия тарихының мәні, міне, осы. Германияның күші осында. Ол *«әлеуметтік революцияға»* бәрінен жақын (184), ол — «революциялық принцип», Англия — «реакцияшыл».

186: «Берлин кәсіподақтарының үйіне символикалық сапар»... (үкімет кәсіподақтардың ролін мойындады). (Кәсіподақ көсемдерін мақтау) (185—6.)

188— Мен мұны *«әскери социализм»* деп атадым, ал бұл сөз «азаматтыққа халықаралық право» алды дейді.

195: Соғыстан кейінгі жаңа шығындардың (жылына 4 миллиард) қоғамдасу мен монополияларға әкеп соғатыны сөзсіз.

198: «Армияны ұйымдастыруды демократияландыру» — ал осыдан... = «халықты қаруландыру» (204) = «біздің социал-демократиялық» программамыздың мағынасы.

209—210—— герман партиясының азшылығы тарихи ||| мағынада алғанда реакцияшыл, сондықтан оның тағдыры: «импоссибилизм және сектанттық мылжыңдау».

Социал-демократиялық партия бұдан былай онша тар шеңберлі болмайды; оған «интеллигенттер» де, тіпті офицерлер де қайтып келеді (212).

Мемлекет оның қажеттігін мойындайды да, социал-демократтарды офицерлер етуге жол береді (!!).

NB ||| Социал-демократия жұмысшыларды «көтеріп», оларды *ұлттық жағынан* көтерді (215 in fine) («ұлттық өрлеу»)

(= «социал-демократия — барлық партиялардың ішіндегі ең бір ұлттық партия») (216).

Диалектика емес, софистика | барлық жерде барынша пасықтық мағынада түсінілген «диалектика» деген сөзбен айла-шарғы жасау. Жан-жақтылықтың

ұшығы да жоқ. Бір сөзді: Англияның дүние жүзілік үстемдігін жою деген сөзді **с о ф и с т и к а л ы қ п е н** *жұлып* алған.

ПЕРРЕН ДЕ БУССАК. «ОТАРЛАУ АРМИЯСЫ ТУРАЛЫ» ЖӘНЕ «ЕҢБЕК БИБЛИОГРАФИЯСЫ»

Перрен де Буссак. «Отарлау армиясы туралы». Диссертация. Париж, 1901. Nil. Шәкірттік нәрсе. *д е Л а н е с с а н н а н* цитат келтіреді. «Отарлау принциптері» — отарлау армиясы солдатының колонист, егінші, жер иеленуші ретіндегі ролі etc. ((*NB*: отарлау армиясының солдатын отардағы помещикке айналдыру: *п е р с п е к т и в а л а р*!!))

«Е ң б е к б и б л и о г р а ф и я с ы». 1913. Бостон, 1914: өте *т о л ы қ* және тамаша библиографияның 150 беті. || NB *NB:* NB

ХЕМНИЦТІК «ХАЛЫҚ ҮНІ»

«ПАРТИЯҒА ОПАСЫЗДЫҚ ЖАСАУ — МЕМЛЕКЕТТІК ОПАСЫЗДЫҚ»

«Volksstimme» (Хемниц) № 156 (I қосымша), 8. VII. 1916, мақала: *«П а р т и я ғ а о п а с ы з д ы қ ж а с а у — м е м л е к е т т і к о п а с ы з д ы қ».* || NB: бағалы мойындаулар

«Міне бірнеше ай бойы *т о л ы п ж а т қ а н а н о н и м л и с т о в к а л а р д а* партия мен кәсіподақтардың сайланып қойылған, сыннан өткен көсемдеріне бүкіл дүние жүзілік тарихтың ұлы дағдарысының, партия саясаты үшін шарықтап шыққан шағы 1914 жылдың 4 августы болған дағдарыстың кезінде ол көсемдер пролетариатты сатып кетті және оған опасыздық жасады деп барлық сарында, тіпті *«и т т і к»* сарында да, қайталанып жүрген айыптар тағылуда. Алғашында, мұны оқыған кезде, күлген едік. Алайда, соғыс сұмдықтары неғұрлым көп сезілген сайын, құрбандықтардың саны неғұрлым көп бола түскен сайын, азық-түліктің жеткіліксіздігі неғұрлым көп сезілген сайын

«көбейе» — және өзінің қиратып талқандау жоспарларында жаудың қасарысуы салдарынан бітімге деген үміт неғұрлым азайған сайын осы пасықтық жалаға сенуге әзір адамдар соғұрлым көбейе бастады».

«Иттік» сарын — бір листоктың социал-империалистерді «итке жұмсайтын қамшымен» сабап алу керек еді деген сөзіне айқын ишара жасап отыр!

«Шейдеманның, Давидтің, Ландсбергтің пролетариатты не үшін, қандай ақыға сатпақшы болғанын бізге осы уақытқа дейін айтқан жоқ»... Партиядағы орындар үшін емес қой: «кредиттерді қабылдамау өмір үшін қауіпті емес»... Ал сатқындық *неде* екендігі онан да бетер түсініксіз, өйткені бұл олардың көзқарасы, фактілерді бағалауы... дейді. «Сондықтан сатқындық жөнінде кінәлаудың ешбір мағынасы жоқ».

«Ал партия үшін ол өте-мөте қауіпті. Партияшылдар бұқарасы не ойлайды, бұл жөнінде күмәндануға, таласуға болады. Бірақ пролетариат сіңірген еңбектері үшін бейбіт уақытта көсем етіп сайлаған адамдардың кемінде $^3/_4$ бөлігінің кредитті жақтап дауыс берушілікті қазірде де дұрыс және қажет деп санайтындығына *ешбір* күмәндануға болмайды. Демек, рейхстагтың 110 социал-демократ депутатының 90-нан астамы 4 августа сатқындық жасады-мыс және көсемдер мен партия қызметкерлерінің $^3/_4$ бөлігінен астамы қазірде де сатқындық жасап отырған болып шығады. Егер бұл рас болса, онда партияның өзін өзі өлтіруіне жол беріп, оны тезірек табытқа салып, жерлеу бәрінен де ақылдылық болар еді. Өйткені, 50 жылдық ұйымдастыру жұмысынан кейін, пролетариаттың көсемдері жаппай дерлік сатқындар болған болса, онда мұның өзі пролетариаттың саяси жағынан мүлде қабілетсіздігінің және әрдайым алданып қалатындығының мойын бұрғызбас, бұлтартпас дәлелі болар еді. Мұнан басқаша қап-

NB

дай қорытынды болуы мүмкін? Бұрынғы көсемдердің бәрін қуып жіберіп, олардың орнына түгелдей жаңа адамдарды сайлауға болар еді, бірақ келесі үлкен дағдарыс кезінде жаңа көсемдердің де сатқындық жасамауына кепіл болуға болмас еді»... Өйткені көптеген нағыз радикалдар (Пфаннкух, Эберт, т. т.) 4 августы жақтайды дейді... «Егер бұл адамдар сатқындар болса, демек, онда олардың орнына келгендердің әрқайсысы сатқындық жасамайды деп жұмысшыларға қандай кепілдік беруге болады?»

салыстырыңыз: Мартов!!

sic!!

Қазір аноним листоктар әскери өнеркәсіпте стачка жасауға тікелей шақыруға дейін барып отыр дейді. Мұның өзі=мемлекеттік опасыздық.

«Өйткені осы жаппай стачка идеясының фанатик-ұлтшыл французлардың арасында да, тәкаппар ағылшындардың арасында да титтей де нақты нәтиже бермейтіндігі туралы айтып жатудың қажеті де жоқ»...

Анығында, бұлар социал-демократтар емес-і айқын, не есалаңдар, не *ағылшын-орыс арандатушылары*... Мұның «арсыздық нәрсе және патриоттық емес нәрсе» екені сонша—мұндай адамдармен біздің еш уақытта ортақ ештеңеміз болуы мүмкін емес, т. с. дейді.

салыстырыңыз: Мартов *«Известияда»* etc.

«ЛЕЙПЦИГ ХАЛЫҚ ГАЗЕТІ»[69]

«Leipziger Volkszeitung», 10. VII. 1916.

ПАРТИЯЛЫҚ ІСТЕР

«Партияға опасыздық жасау — мемлекеттік опасыздық».

Хемництік «Volksstimme» мақаласын осылай атап отыр; ол мұнда «партия мен кәсіподақтардың сайланып қойылған, сыннан өткен көсемдеріне» партияға опасыздық жасады деп «толып жатқан аноним листовкаларда тағылған жәпе барлық сарында, тіпті «иттік» сарында да, қайталанып жүрген» айыптарға қатты шүйілді.

Осы қорғанудан кейін шабуыл басталады. Мақаланың екінші бөлегінде «мемлекеттік опасыздық» туралы сөз болады. Онда былай делінген:

«Оның бер жағында аноним листовкалық әдебиет мемлекетке ашықтан-ашық опасыздық жасауға әкеп соқтырды. Біз, әлбетте,

Карл Либкнехт туралы айтып отырғанымыз жоқ, оны әскери опасыздық жасауға оқталғаны үшін әскери сот қайдағы бір юридикалық дедукциялардың негізінде жазаламақшы, бірақ қалай болғанда да оның іс-әрекеті мемлекетке опасыздық жасаумен, халықтың түсінігіндегідей мемлекетке опасыздық жасаумен, ешбір қатысты емес,— біз ешбір бұлтарып кетуге болмайтын мемлекеттік опасыздық туралы айтып отырмыз. «Hamburger Echo»-ның хабарлағанына қарағанда, қазір жұмысшылар арасына *әскери өнеркәсіпте жаппай* стачка жасауға *шақырған** листовка жасырын жолмен таратылуда. Листовка «соғыс жойылсын!» деген ұранмен «қимылдардың жаңа түріне» шақырады және мұның өзі жаппай стачкаға шақыру екендігін мысалдар келтіре отырып өте айқын көрсетеді. Демек, жаулар майдандарда сұрапыл шабуыл жасап, герман әскерлеріне оқ жаудырып жатқанда, герман артиллериясын снарядсыз қалдыруға тырысады: артиллерия көмегінен айрылған герман жаяу әскерлері жаудың снарядтарынан қырыла берсін, әскер қатарына шақырылған герман пролетарлары қырыла берсін дейді. Өйткені осы жаппай стачка идеясының фанатикұлтшыл француздарға да, тәкаппар ағылшындарға да титтей де нақты әсер етпейтіндігі туралы айтып жатудың қажеті де жоқ.

Сөйтіп, бұл насихат әпіпейіп мемлекеттік опасыздық, армияда жүрген, тап жағынан өзіміздің жолдастарымызға опасыздық жасау болып табылады, сондықтан біз бұл сияқты есуастық жөнінде ондағы өз жолдастарымыздың не айтатынын білгіміз келер еді.

Өзіне осындай талаптар қойған адамдарға герман жұмысшы табының да тиісті жауап беретіндігіне біз кәміл сенеміз. Листовкалар, жоғарыда айтылғанындай, аноним листовкалар; оларды есуастар шығарып отыр ма, әлде ағылшын-орыс арандатушылары шығарып отыр ма, оны біз білмейміз. Олардың социал-демократтардан шығуы ешбір жағдайда да мүмкін емес. Бұл тәрізді насихатты тіпті енжар түрде болса да қолдаған адам герман социал-демократиясы үшін біржолата құрыған адам болар еді. Өйткені бұл насихат арсыздық нәрсе және патриоттық емес нәрсе, сондықтан ондай барынша азғындаған адаммен біздің, әрине, ешбір, мүлде ешбір ортақ ештеңеміз болуы мүмкін емес.

Ал осындай жағдайдың мүмкін болуының өзі ғана осы аноним листовкалық әдебиеттің қайда апарып соғатынын көрсетіп отыр. Ол өте масқара балағаттаулардап басталды, бұл балағаттаулардың авторлары өздерінің партиялас жолдастары алдында осы үшін жауапкершілікті өздеріне алуға батылы бармаған еді, ал қазір осындай арандатушылық жұмысқа дейін құлдырап кетіп отыр. Әуелі партияға опасыздық жасалғандығы туралы байбалам салды, ал енді келіп — мемлекетке ашық опасыздық жасау! Демек, біржола оның саудасын бітіретін уақыт жетті. Біздің заманымызда бірдеңе айтқысы келген адамның оны өзінің жауапкершілігіне алып айтарлықтай батылдығы болуға тиіс. Немесе, жүздеген мың адамдар өз істері үшін өмірлерін құрбан етіп жатқанда, бұл кісілер өздерін қуғындау қаупіне ұшыратуға тым қорқақтық жасайтын болу керек? Оның үстіне аноним листовка *таратушыларды* бұл анонимдік бәрібір сақтап қала алмайды; егер олар қолға түсе қалса, олар, әрине, аса ауыр жаза тартуға тиіс.

* Бұл арала және мұнан кейін курсив мақала авторынікі. *Ред.*

Бұл аноним насихаттың қауіптілігі енді әбден айқын болып отыр. Ол адал ниетті адасушылық пен отанға жасалған пасық опасыздықтың арасында қандай да болсын айырмашылық бар деуге мүмкіндік бермейді; сірә, бұл опасыздыққа шетел ақшасынан ақы төленіп отырса керек. Сондықтан біз партиялық жолдастарды ақырында осы аноним листовкаларды жоюға шақырамыз. Ол листовкалар герман халқын және ең алдымен герман пролетариатын бақытсыздыққа ұшыратқысы келген адамдарға бүркеніп болып отыр. Арандатушылардан сақ болыңыздар!»

«Hamburger Echo» мен хемництік «Volksstimme»-нің бүгінгі тандағы міндеттер деп нені есептейтіндігін өз оқушыларымызға көрсету үшін біз осы пікірлерді еске салуды қажет деп есептейміз. Бұл газеттердің екеуі де листовкаларды таратушыларға шын мәніне байланысты қарсы шыққан болса, онда бұл олардың заңды правосы болар еді, ал олар насихатты мемлекетке опасыздық жасау деп даурыға жариялап отырса, онда бұл *қаралау* болады, бұған жұмысшы табы лайықты бағасын беруге тиіс.

Оның бер жағында, бұл айыптау шындығында мүлде дәлелсіз, өйткені талқыланып отырған листовкалар, әйтеуір бұлар жөнінде біздің білетініміз бен қарағанда, стачканы бүгінгі күннің көкейтесті мәселелері жөнінде жұмысшы табының талаптарын айқын білдіру құралы ретінде ұсынады. «Hamburger Echo» мен хемництік «Volksstimme» жорамалдап отырғандай, бұларда *ондай* мақсат атымен жоқ.

МАРКС ФРАНЦИЯНЫҢ БОСТАНДЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ (I. 1871), ИРЛАНДИЯ ТУРАЛЫ, БОЛАШАҚ СОҒЫС ТУРАЛЫ (1874 жылғы)

Маркс 1870 жылғы соғыс туралы:

Маркс Интернационалдың 1-адресінде (23. VII. 1870) Хемництегі 50 000 жұмысшы атынан сенім білдірілген адамдардың соғысты «тек қана әулеттік соғыс» деп жариялайтын қарарынан цитат келтіреді (18-бет, «Азамат соғысының» 3-басылуы).

[*Ibidem, 17 — 18-беттер: соғыс немістер үшін қорғану соғысы.*]

2-адресте (9. IX. 1870) «қорғану соғысы... республиканың жариялануымен... бітті» делінген.

(19-бет) «француз жұмысшы табы аса қиын жағдайда қалып отыр»... «1792 жылдың ұлттық естеліктеріне еліктеу керек»... «жаңа үкіметті құлату әрекеті торығудан туған ақылсыздық болар еді»... «өз табын ұйымдастыру үшін республика бостандығын байсалды, батыл пайдалану керек»[70] (25-бет). NB

1870 жылы 13 декабрьде жазылған хат: «Соғыс қандай нәтижемен аяқталса да, ол француз пролетариатын қару

қолдануға үйретті» [дәптер: *«Марксизм мемлекет туралы»* 2-бет, шетіне жазылған[71]].

«The Daily News»-тегі мақала, 16. I. 1871: «Франция өзінің ұлттық тәуелсіздігі үшін де, Германия мен Европаның бостандығы үшін де күресіп жатыр»[72].

1871 жылы 12 апрельде жазылған хат: «Париж жұмысшыларының тарихи инициативасы» жөнінде масаттану etc. (дәптер: *«Марксизм мемлекет туралы»,* 12-бет)[73]. «Франциядағы азамат соғысы»: 30. V. 1871.

Маркс Кугельманға 1871 жылы 14 февральда жазған хатында («Die Neue Zeit», XX, 2, 608-бет) өзі *1871* жылы *16 январьда* «The Daily News»-те жариялаған хатты келтіреді, бұл хат былай аяқталады: «Франция қазір тек өзінің ұлттық тәуелсіздігі үшін ғана емес, сонымен қатар Германия мен Европаның бостандығы үшін де күресіп жатыр, ал оның ісіп, бақытымызға қарай, онша үмітсіз деп есептеуге болмайды»[74].

Франция 1871 ж. январьда өзінің ұлттық тәуелсіздігі үшін де, Германия мен Европаның бостандығы үшін де күрескен...

Бұл да сонда, 1870 жылғы 28 марттағы хатта, Маркс Бакунинге қарсы өзінің шағымын және Бас Советтің 1870 жылдың 1 январындағы шешімін келтіреді, ал онда Бас Советтің *Ирландия* мәселесі жөніндегі көзқарасы баяндалған:

Маркс Ирландия туралы (1870)

...«Бас Советтің ирланд амнистиясы туралы қарарлары басқа қарарларға кіріспе ғана болып табылады; ол қарарларда былай делінеді: халықаралық әділеттілікті айтпағанның өзінде, ағылшын жұмысшы табын азат етудің алғы шарты — қазіргі күштеумен жасалған унияны, яғни Ирландияны құлдануды, егер мүмкін болса, тең және еркін одаққа айналдыру немесе, қажет болса, өз алдына толық бөліп шығару»[75] (478-бет).——

(1874)

Бұл да сонда, 800-бет; 1874 жылы 18 майда жазылған хат[76]:.

...«Барлық дипломатиялық тәсілдерге қарамастан, жаңа соғыс — біраз ерте ме, біраз кеш пе — сөзсіз болады, ал ол біткенге дейін әйтеуір бір жерде істің күшті халық қозғалысына жете қоюы екіталай, немесе, мықтағанда, ол қозғалыс жергілікті, елеусіз сипатта ғана болады».

УЛЬБРИХТ. ҰЛТТАР ЖӘНЕ ИМПЕРИАЛИЗМ

Эдмунд Ульбрихт. «Дүние жүзілік держава және ұлттық мемлекет». (Саяси тарих **1500—1815.**) Густав *Розенгаген* өңдеп, бастырған. Лейпциг, 1910. (668 бет).

Тексте **«империалистік** жоспарлар туралы» талай рет айтылады etc.

1815 жылдан кейінгі дәуірге $2^1/_2$ бет қана арналған — 666—668: «Қорытындылар мен перспективалар».

«Азаттық соғыстар сонымен қатар теңізде және саудада үстем болу жолындағы бүкіл дүние жүзілік-тарихи күресті аяқтауға жеткізеді: нәтиже — Англияның теңізде үстем болуы. |

Бірақ революция дәуірі мен азаттық соғыстар да жаңа дамудың бастамасы болып табылады. Революция Францияның ескі феодалдық құрылысын талқандады, сөйтіп қоғамдық тәртіп пен мемлекетті қайта құруға түрткі болды, ал басқа европалық мемлекеттер халықтардың көмегімен ғана ақыр-аяғында өздерін Францияда революция көтерген күштерден қорған қала алды. Революцияның барлық идеяларының бірде-бірі алғашында ұлттық идеядан артық әсерлі болған емес. Жат елдіктердің қатал үстемдігінің езгісінде және оған қарсы қаһармандық күресте европалық басқа халықтар да мемлекет пен ұлт арасындағы ішкі байланысты түсіну дәрежесіне дейін көтерілді. Егер 18-ғасырда жеке державаның тым күшейген құдіреттілігінен Европаның тәуелсіздігі мен оның тепе-теңдігін қорғау үшін ірі мемлекеттер көтерілген болса, ал қазір халықтың терең қойнауынан жаңа күштердің қосылуы арқасында халықтардың өздері жасарып, ширады. Ұлттық идея 19-ғасырдағы барлық соғыстардың дерлік ұйтқысы мен мақсатына айналуда. ||| NB ||| NB

Халықтардың өз күшін түсінуінің осылайша өсуі олардың өз мемлекеттерінің ішінде де, әлбетте, әсер етуге тиіс еді. Бұқара мемлекеттік өмірге қатысуды талап ете бастады.

Француз революциясының, Наполеонның дүние жүзін билеуінің және азаттық соғыстардың нәтижесінде ұлттық сезім мен саяси бостандыққа ұмтылу ең жаңа тарихтың

жеңімпаз күшіне айналды. Ұлттық тенденциялар ағарту дәуірінде тамыр жайған либералдық, демократиялық идеялармен тоғысып, солармен бірге халықтық суверенитет теориясына қосылады; бұл теория бойынша мемлекет бөлінбейтін ұлтқа сүйенуге тиіс, атап айтқанда жоғарғы ерік пен жоғарғы өкімет ұлттыкі болатындай, мемлекет басшысының правосы ұлттың правосына ғана негізделетіндей жағдай жасалуға тиіс» (667).

Бұл теория монархияларға да, олардың ұлттық құрамына да қатер туғызды: бұл идеяларға қарсы реставрация...

Ал 19-ғасыр тұтас алғанда саяси бостандыққа және ұлттыққа ұмтылған қозғалыс болып табылады.

«Бірақ ақша шаруашылығы пайда болған және ұлы жаңалықтар ашылған дәуірден бастап халықтардың тарихын барған сайын көп белгілеп келген сауда-саяси күрес осыдан келіп 19-ғасырда екінші қатарға ығып қалған жоқ. Рас, әуелі сауда жөнінде Англия сөзсіз үстем болды, сондықтан ол өзінің осы құдіреттілігін пайдаланып, сауда еркіндігі туралы ілімнің көмегімен экономикалық күрестің меркантилизм туғызған дәуірін жойды. Саяси либерализм сияқты, ағарту ғасырында туған осы ілімнің көмегімен Англия дүние жүзін қаратып алды, ол сауда еркіндігін және халықтар өміріндегі қарым-қатынастарды жеңіспен жүзеге асырды. Экономика жағынан неғұрлым әлсіз мемлекеттер бұл системаға біраз уақыт бағынып келді; тіпті Европаның ұлттық ұлы державаларының неғұрлым жас державалары — Италия мен Германия да — бұл жаңа ілімге назар аудармай отыра алмады.

Ал енді Америка Құрама Штаттары, ішкі ауыр дағдарысты жойып, құдіретті жаңа бәсекелес ретінде сауда-саясат аренасына шықты. Экономикалық күрестің жаңа дәуірі, қамқоршы баж салықтары мен сауда шарттары арқылы, бірақ ескі меркантилизмге тән зорлық-зомбылықтың қатал саясатын жаңғыртпастан, ұлттық еңбекті қорғау саясатына қайтып оралумен сипатталатын дәуір басталып отыр. Құрама Штаттардан кейін Үшінші француз республикасы, ал 1880 жылдан бастап жаңа Герман империясы да осы жолға түсті. Ли-

бералдық және ұлттық мемлекеттік тәртіп жолындағы күрес аяқталғаннан кейін, конституциялық мемлекеттердің ішкі құрылысы аяқталғаннан кейін халықтың нығайған күшіне мүмкіндігінше неғұрлым кең өріс туғызуға тырысады. Отар үшін бәсекеде ұлы державалар өз товарларын өткізетін территориялар, өздеріне керекті шикізат алатын көздер алуға ұмтылады; олар тынбай жүргізген дипломатиялық жұмыс арқылы өздерінің еңбекші халықтарына сауда үшін жаңа аудандар табуға ұмтылады. Экспансияға ұмтылған осы ниеттерге, екінші жағынан, шаруашылық автаркияға өскелең бой ұрушылық сай келеді. Англия өзінің отарлық иеліктерімен бірлесіп біртұтас, томаға-тұйық сауда жүйесін, ұлы Британияны құрғысы келеді. Америка шаруашылық жөнінен өзімен-өзі болатын ел болуға ұмтылады, сауда мен өнеркәсіп жөнінен Ескі дүниеге тәуелсіз елге айналғысы келеді. Дүние жүзілік үстемдік пен дүние жүзілік сауда үшін күресте халықтардың жарысы сөздің шын мағынасында енді ғана басталды. Ол жарыс бір-бірімен қатар өмір сүретін *дүние жүзілік бірнеше державалардың* тууына әкеп соғады, ал **олардың саясаты,** егер олар өздерін қорғап қалғысы келсе, **империализм болуға тиіс.**

ха-ха!!

NB

NB
NB

«империализм»

Жаңа империализм өзінің аты мен ұғымын Рим империясынан да, орта ғасырлардың империясы мен папа өкіметінен де алған жоқ; енді әңгіме қандай да болсын бірден-бір жалғыз державаның дүние жүзілік үстемдігі туралы болып отырған жоқ. Отаршылдық экспансия, дүние жүзілік саудаға қатысу, күшті флоттардың көмегімен өзінің шетелдердегі мүдделерін қор-

«жаңа империализм»

«белгілері»

ғау — қазіргі дүние жүзілік державалардың ағылшын империясынан алған белгілері, міне, осындай. Мұндай державалар бір-бірімен әбден қатар өмір сүре алады және халықтардың бейбіт жарысында адамзаттың прогресіне жәрдемін тигізе алады» (667—668). (Кітаптың соңы.)

ха-ха!!

N.B. *Ескі және жаңа империализм:*

Кіріспеден, XXIII бет:

«*Ескі империализм* әулие Елена аралында оңаша жерленді; Бонаparттың өлуімен оның ақырғы өкілі де өледі; ал өзінің ерліктерімен даңқы шыққан осы адам бұрынғы императорлық сән-салтанаттың романтикалық нұрымен әлі де жігерленіп келген-ді. Ең жаңа тарих басталуда; оның негізінде ұлттық идея жатыр, ол идея Наполеон құлағаннан кейінгі алғашқы он жылдықтардағы патша ағзамдар мен мемлекет қайраткерлерінің реакциялық ниеттерінен анағұрлым күшті болып шықты. 16-ғасырда басталған нәрсені 19-ғасыр аяқтайды, аяқтағанда Орта Европаның екі халқы, ғасырлар бойы жат елдік державалардың қапау объектісі болып келген Италия мен Германия, ақырында, ұлттық бірігуге жетіп отырған жағдайда аяқтайды. Ал *осындай ұлттық негізде бүкіл дүние жүзілік жаңа саясаттың* мүмкіндігі жасалады. ***Империализм деген сөз жаңа мазмұн алып қайтадан тіріліп келеді.*** Наполеонның бірде-бір рет жеңілмеген жауы **Англия** мұхиттың ар жағынан отарлар алу, күшті соғыс флотын ұстау арқылы,

«ескі империализм өлді»

NB: «Бүкіл дүние жүзілік жаңа саясат» *NB* «жаңа империализм»

шынында саналы түрден гөрі, санасыз түрде, Европаның шегінен тыс жерде *дүние жүзілік жаңа империя құрып,* тіпті 18-ғасырдың өзінде-ақ жаңа империализмге негіз жасаған болатын. *Қазір дүние жүзінің қалған ұлы державалары одан үлгі алып отыр:* экономикалық қажеттілік *бүкіл жер шарындағы халықтардың* экономикалық жарысына бастап әкеледі».

Бүкіл шығарма 3 бөлімге бөлінген.

«I бөлім: Орта ғасырлық дүние жүзілік империяның ақыры және реформация мен контрреформация дәуірінде ұлттық мемлекеттердің пайда болуы, 1500—1648.

II бөлім: Монархиялық абсолютизм дәуірінде Европаның бес ұлы державасының құрылуы.

III. бөлім: Дүние жүзілік жаңа державаның, Францияның, пайда болуы мен ақыры және державалардың өзінің ұлттық дербестігі үшін күресі, 1789—1815».

Менің қосқаным:	(«кезеңдер») дәуірлер
Ergo,	1500—1789=289 жыл
	1789—1871=82 жыл
	1871—1914=43 жыл

Басты кезеңдер

I бөлім:

«Испан ұлттық мемлекетінің» пайда болуы (24 және келесі беттер), сонан кейін «испан-габсбург дүние жүзілік державасының құрылуы» (51 және келесі беттер).

V Карл дүние жүзілік үстемдік жолындағы күресте (неміс реформациясы) 1517—1555.

Дания мен Швециядағы ұлттық корольдік өкімет (148 және келесі беттер)... «Эстляндияны Швецияның бағындыруы» etc.

Польшаның ұлы державаға айналып дамуы (163 және келесі беттер)... поляк-швед одағы... Польша және Россия үшін күрес.

Испанияға қарсы күрестің басталуы. Голландияның «азаттық соғысы» және «Нидерландының Испаниядан бө-

лінуі». Армада 1588. Күрестің қорытындысы: «Францияның, Англияның және Нидерландының өрлеуі. Испанияның құлдырауы» (233 және келесі беттер).

30 жылдық соғыс, 1616—1659 жылдар дәуірі: «Испан-габсбург-католиктік дүние жүзілік саясат неміс протестантизміне, Дания мен Швецияға, Франция мен Англияға қарсы күресте» (273 және келесі беттер).

(соның ішінде Англияның, Голландияның және Данияның Австрияға қарсы одағы.

Шведтер Вена түбінде. Швеция Францияға қарсы соғыста etc.)

Англиядағы 17-ғасырдағы революция.

II бөлім:

«Француздың ұлттық мемлекетінің аяқталуы» (Ришелье) және «Францияның Европада үстем жағдайға ие болуы». 1661—1685.

Европаның тепе-теңдігінің қалпына келуі (испан мұрагерлігі үшін болған соғыс); Англияның, Австрияның, Россияның, Пруссияның өрлеуі.

Россия Швецияға (және Польшаға) қарсы күресте...

«Швеция Данияға, Польшаға, Бранденбургке, Австрияға және Нидерландыға қарсы соғыста» (1655—1660).

Австрия Түркияға қарсы күресте (17-ғасыр).

Ұлы державалардың күресі (1740—1789).

Жетіжылдық соғыс (1758—1762) (Англия мен Францияның «отаршылдық соғысы»).

Құрама Штаттардың (Франциямен, Испаниямен және Голландиямен одақ болып) тәуелсіздік жолындағы соғысы.

«II Иосиф пен II Екатеринаның империалистік жоспарлары. Польшаның күйреуі».

III бөлім:

Француз революциясына қарсы соғыстар.

1-коалициялық соғыс (1792—7).

2- » » (1799—1801/2)

Ағылшын-француз соғысы (1793—1799).

Наполеонның Пруссияға қарсы соғысы және «Наполеонның дүние жүзіне үстемдік ету жоспарлары». (1812 жылғы күйреу.)

«1813—1815 жылдардағы азаттық соғыстар».

Польша 1660 жылдың алдында (тарихи атлас бойынша):

Люблин одағы (Union) бойынша — 1569 ж.— *Польшада* Данцигті қоса Остзей теңізінің жағалауы, Курляндия, Риганы қоса (1660 жылғы *Оливадағы* бітім бойынша Швецияға берілген) Лифляндия, Киевті, Полтаваны, Черниговты қоса Малороссия, Подолия, Волынь etc., Смоленскіні қоса Белоруссия болды.

(Андрусовск бітімі бойынша, 1667, Россияға Смоленскіні, Киевті, Черниговты, Полтаваны және басқаларды берді.)	{Польшаны бөлісу: Бірінші 1772, Үшінші 1795}

Оңтүстік Америка енді үш Гвианадан басқасы түгелдей азат:

{испандық, португалдық және голландтық 16 — 17-ғасырларда}	британдық (1781)
	голландтық (1667)
	француздық (1674)

Солтүстік Америка 1783. 13 штаттың Англиядан тәуелсіздігі

Луизиана (қазіргі	испандық	1763	
бірқатар штаттар):	француздық	1802,	британдық 1763,
Миссисипи алабы	Қ. Штаттардыкі	1803,	Қ. Штаттардыкі 1783.

Мексика және орта Америка: испандық
(Мексика, 1810 жылдан республика)

Түркия: IV Мухамед (1648—1687) тұсындағы Османдар Империясы Венаға дейін дерлік Австрия
Румыния, Қырым, Кавказ
бүкіл Балқан түбегі және басқалар.

Сербия {венгриялық 1718 жылдан; түркиялық 1739 жылдан} 1817 жылдан корольдік

Швецияда 1719 ж. дейін (алдында) (17-ғасырдың ортасынан бастап) Финляндия және
Ингерманландия (С. Петербург) болды

(Норвегия 1815 жылдан бастап Швецияда) | Эстляндия Лифляндия Германияның бір бөлегі (батыс Померания (Штеттин) + Бремен) болды

Құрама Штаттар. Тәуелсіздік жолындағы соғыс 1775—1783

1778 ж. *Франциямен* достық шарты
1779 ж. *Испаниямен* достық шарты

Американ-француз әскерлері 1781 ж. ағылшындарды талқандайды

1763 ж. Франция Канаданы Англияға берді.

13 штаттың тәуелсіздігі 1776 жылғы 4 июльде жарияланды

Соғыстың аяғы: 3. IX. 1783: Версаль бітімі. Осы бітім бойынша Американың соғыс жөніндегі одақтасы Испания Флориданы қайтып алды.

Флорида тек 1819 жылы ғана Америка Құрама Штаттарына қосылды.

Португалия 1580—1640 жылдары Испанияныкі болды

Голландия: Испаниядан бөлініп шықты: 1581

1796 Бельгия Францияда болды
Голландия = Батав республикасы
1814—1831 Бельгия Голландияда болды

ЖАҢА ТАРИХ «ДӘУІРЛЕРІ»

NB: жаңа тарихтың тарихи «дәуірлері»

Жаңа тарихтың тарихи дәуірлері туралы мәселе жөнінде **П. Герренi** де салыстырыңыз: «Бүкіл дүние жүзілік тарих жөніндегі деректерді зерттеу», Лейпциг, *1910*, мұнда *әдебиетті көрсетумен* бірге тарих әдеттегіше дәуірлерге бөлінеді, былайша айтқанда, мынадай *«дәуірлер»* келтіріледі: «Дүние жүзілік үстемдіктің орта ғасырлық идеясының *дәуірі»* (800 шамасы—

1250 шамасына дейін) — «Ұлттық мемлекеттердің шығу дәуірі» (1250 шамасы—1500 шамасына дейін)... «Ұлттық конституциялық мемлекеттердің құрылып, өркендеу дәуірі» (1789 шамасы—1870 шамасына дейін)... *«Дүние жүзілік мемлекеттер мен дүние жүзілік шаруашылықтар дәуірі»* («1870 шамасы—1910 шамасына дейін»).

«КҮРЕС» ЖУРНАЛЫ

АДЛЕР МЕН РЕННЕР

«Der Kampf», 1916, № 2. Фр. Адлер «Соғыстың мақсаттары» деген мақаласында (аннексияға қарсы) «Süddeutsche Monatshefte»-ден *олардың* мәлімдемесін[77] цитатқа келтіреді:

«Қазір дүние жүзін құрап отырған мемлекеттер — күшке негізделген мемлекеттер. Ал олардың күші жерде, адамдарда және мүлікте»... «Олар (солдаттар) «нақты кепілдіктерді» күтуде: олар жерді, адамдарды және мүлікті күтуде»... — айқын!

және салыстыру үшін *1791* жылғы конституция, VI статья:

«Француз ұлты басқыншылық мақсаттағы соғыс атаулыны қолданудан бас тартады және өз күштерін қандай халықтың болса да бостандығына қарсы еш уақытта пайдаланбайды»...

және *1848* жылғы конституция: «Француз республикасы бөтен ұлттарды құрметтейді, сондай-ақ ол өз ұлтын басқалар да құрметтейді деп санайды. Республика басқыншылық мақсатта ешбір соғыс жүргізбейді және өз күштерін қандай халықтың болса да бостандығына қарсы еш уақытта пайдаланбайды»...

1791 жылғы француз конституциясы ұлттық *соғыстар* туралы

Менің қосқаным:

1791, 1793, т. б. жылдардағы француз конституцияларының текстері; қараңыз: **Ф. Эли.** «Францияның конституциялары».

Реннер Троцкий туралы

ха-ха!!

Ibidem, *№ 1: К. Реннер* «Өмір шындығы ма, әлде сандырақ идея ма?» деген мақалада, сөз арасында, 17-бетте Троцкийді «Гильфердингтің ең жақын досы» деп атайды.

ерекше нәрсе!!

Оның Германия мен Австро-Венгрияның одағын *жақтаған* дәлелдерінен: «Бізде дүние жүзінде ***тек*** екі үлкен шаруашылық системасы болса, бізге, социал-демократтарға, ақырғы ірі кедергіні бұзу оңай болар еді, өзіміз шатасқан шытырманда болып отырған, нақ сондықтан өз жолымызды сондай қиындықпен тауып отырған қазіргі кездегіден әлдеқайда оңай болар еді. Бүкіл дүние жүзі одақ жолына сабырлылықпен түсе берсін — ол біз үшін тіпті жақсы, біз түпкі мақсатқа соғұрлым жақындай түсеміз» (19—20).

NB: салыстырыңыз: Орталық Европа мен Европа Қ. Штаттары

(16-бет: «Орталық Европа дейтін үшін қозғалыс әзірге түгелдей буржуазиялық негізде өрістеуде, сондықтан да мен ең алдымен сол туралы айтамын».)

Біз және олар:

1) Реннер, «Sozialistische Monatshefte», «Die Glocke» және К°=империалистік буржуазияның малайлары
2) Каутский, Гильфердинг және К° (+ең жақын досы=Троцкий)=империалистік буржуазияны үгіттеушілер

{ империалистік буржуазияға ақыл айтушылар оның реформаторлары[78]
3) солшылдар=оған *қарсы* революцияшыл күрескерлер }

ГИЛЬФЕРДИНГ (КАУТСКИЙШІЛДІК КӨЗҚАРАСТАР)

«Der Kampf», 1916, № 2, 59—60-беттер.

Гильфердинг Каутскийдің дағдылы дәлелін: бүкіл дүние жүзілік шаруашылықтың байланыстары тұйықтала *қоймайтын* етеді, Англияның отарларында товар әкелу мен шетке товар шығарудың (1899—1913) көп өсуі Англиямен екі арада емес деген дәлелін келтіреді (57-бет): «Германия отарлар алуға және оларды басқаруға көп қаражат жұмсаған жоқ, ал оның капиталистік дамуы бұған мүмкіндік берісімен, Германия олардың өндірістік қабілетінен дәл Англияның түсіргеніндей пайда түсірді. Англия үшін отарлардың монополияландырылуы туралы әңгіме болуы да мүмкін емес»... (дәл Англия сияқты деу мүлде дұрыс емес: темір жолдар, концессиялар, шетке капитал шығару. Англияның отарларына *қарамастан* Германия оны басып озды. Отарлары жоқ болса, Англия бұдан да гөрі артта қалуы мүмкін еді. Бұл—1-ден. Ал, 2-ден, Англияда финанс капиталы *көбірек* «табысқа масаттанды». *Енді герман финанс капиталы да* «масаттанғысы» келеді).

финанс капиталының басқыншылық қулық-сұмдығы

бастысы:

«Империалистік саясаттың ерекше белгісі мынада: ол экономикалық бәсеке мәселелерін капиталистердің мемлекеттегі үстем тобының мүддесі үшін мемлекеттік зорлық құралдары арқылы шешуге ұмтылады. Ол ішкі рынокты отандық картельдердің пайдалануын қамқоршы баж салықтарының жәрде-

мімен қамтамасыз етуде; ол өзінің отаршылдық саясаты мен ықпал ету сферасындағы саясаты арқылы бүкіл дүние жүзілік рыноктың жеке бөлектерін өзінің капиталистеріне монополиялық түрде бекітіп беруге жәпе экономикалық, саяси қысым көрсету арқылы шағын елдерді өз капиталының пайдалану сферасына айналдыруға ұмтылуда. Сөйтіп ол басқа мемлекеттердің империалистік саясатымен барған сайын күшейе түсіп отырған қайшылыққа килігуде. Осыдан келіп мемлекеттік өкіметті күшейтуге ұмтылушылық, теңізде және құрлықта барған сайын жанталаса қаруланушылық туады. Аңатқа ұшыратқан да нақ осы саясат. Сондықтан халықтар қазір екінің бірін: олар (!!!) осы саясатты соғыстан кейін де жүргізе бере ме, әлде оны жойғысы келе ме дегеннің бірін таңдап алуға мәжбүр болып отыр. Бірінен-бірін ажыратуға болмайтын қамқоршы баж салықтары саясатын, отаршылдық саясат пен қарулану саясатын жүргізе беру немесе ұлы державалық саясаттан іргені аулақ салу» (59—60).——

NB

«олар»

NB

«Өкімет» туралы босқа айтпай, әуелі *өкіметті өзінің* алуы керек.

«Мәселе сауда қатынастарын әншейін реттеуде ғана емес, басқалардың есебінен өзінің капиталына монополистік жағдайды қамтамасыз етуге ұмтылатын ұлы державалық саясатта,— соғыс қаупін туғызған саясатта. Сөйтіп соғысқа дейін осылай болғандықтан біз осыған көніп отыра беруіміз керек пе, қайта бұл саясаттың бұрынғыдан да анағұрлым жоғары сатыда жүргізіле беруіне қолымыздан келгенін істеп қарсы тұруымыз керек емес пе? Біз керісінше деп ойлаймыз: мемлекеттердің монополистік ұлы державалық саясатының қайда апарып соғатынын

NB

NB

көріп отырғандықтан да біз оны жүргізе беруге және ұлғайтуға барынша қарсы күресуге тиістіміз» (61).

ЭНГЕЛЬС ПЕН МАРКС АҒЫЛШЫН ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

Энгельс. «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы». 2-басылуы. 1892[79].

XX бет. «Жұмысшы табының ішіндегі аристократия» — «жұмысшылардың қалың бұқарасына» қарама-қарсы «жұмысшылардың пұрсатты азшылығы» (1885 жылғы 1 марттағы мақаладан). NB

Басқа елдердің бәсекесі Англияның «өнеркәсіп монополиясын» талқандады (XXI). NB

(жұмысшы табының) «кішкентай, артықша жағдайдағы, қорғаудағы азшылығы» (XXII)—1848—68 жылдары тек сол ғана «ұзақ пайда» көрді, ал «қалың бұқара ең мықтағанда өз жағдайын қысқа мерзімді жақсартушылықпен ғана пайдаланды»*. S S

*(осы дәптердің 14-бетін*** қараңыз)*

XXIV бет: «жаңа юнионизмнің», *жаттықпаған* жұмысшылар одақтарының осуі:

«Олардың» (осы жаңа юнионистердің) «өлшеусіз бір басымдығы бар: олардың психикасы жақсырақ дәрежедегі «карт юнионистерді» есінен жаңылдыратын, мұра болып қалған «құрметті» буржуазиялық соқыр нанымдардан мүлдем сау, әлі кіршіксіз тың негіз болып табылады»***. NB

Ал 1892 жылғы сайлау жөнінде:

«Бұрынғы жұмысшы өкілдері дейтіндерден, яғни жұмысшы табына жататындығы кешірілетін, өйткені өздерінің бұл қасиетін олар өз либерализмінің мұхитына батыруға әзір отырған адамдардан,— Генри Броодхёрст, бұрынғы юнионизмнің ең көрнекті өкілі, оңбай құлады, өйткені өзін сегіз сағаттық жұмыс күніне қарсымын деп жариялады»****. NB

1847 жылдан кейін: «Осы екі себептің нәтижесінде [1) чартизмнің өлімі; 2) өнеркәсіптің гүлденуі] ағылшын жұмысшы табы саяси жағынан «ұлы либералдық

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 23-том, 115-бет. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 591-бет. *Ред.*
*** Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 23-том, 115-бет. *Ред.*
**** Бұл да сонда. *Ред.*

|| партияның»,— фабриканттар басшылық еткен партияның шылауына айналды» (XVII).

Зоргемен жазысқан хаттар.

Маркс ағылшын жұмысшыларының көсемдері туралы:

Фр. Энгельс Зоргеге (21. IX. 1872):... «Хейлз осында Федерациялық советте үлкен жанжал шығарып, Маркстің ағылшын жұмысшы көсемдері сатып алынған деп айтқаны үшін оған ескерту жасатты, бірақ осындағы бір ағылшын секциясы мен бір ирланд секциясы Маркстің пікірін дұрыс деп тауып, оған жасалған ескертуге қарсылық білдірді»...[80].

Энгельс Зоргеге 5. X. 1872: «Мұнда Хейлз Маркс пен маған қарсы нағыз жалақорлық науқан жүргізіп бақты, алайда ол науқан қазірдің өзінде-ақ оның өзіне қарсы бағыттала бастады... Бұған ағылшын жұмысшы көсемдерінің сатқындығы туралы Маркстің жасаған мәлімдемесі сылтау болды»...[81].

\# *Маркс* Зоргеге 4. IV. 1874[82]:... «Қалалық жұмысшыларға келетін болсақ» (Англияда),

NB || «көсемдердің бүкіл бандасының парламентке өтпегеніне өкінуге тура келеді. Мұның өзі ол оңбағандардан құтылудың ең дұрыс жолы болар еді»...*

| салыстырыңыз: осында 40—41** одан да күштірек |

жалғасын 36-беттен қараңыз***:

|| К. Маркс Кугельманға 18. V. 1874: «Англияда қазіргі уақытта село жұмысшыларының қозғалысы ғана ілгері басып келеді; өнеркәсіп жұмысшылары ең алдымен өздерінің осы күнгі көсемдерінен құтылуға тиіс. Мен Гаага конгресінде бұл мырзаларды әшкерелегенімде, мұның маған жақсы атақ әпермейтінін, маған жала жабылатынын мен білгенмін etc. Бірақ мен бұл сияқты жағдайларға әрқашан да немқұрай-

\#
NB

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 23-том, 113—114-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 629—630-беттер. *Ред.*

*** Энгельстің Зоргемен жазысқан хаттарынан алынған үзінділер дәптердің 36 және 37-беттеріне жазылған (қараңыз: осы том, 624—625-беттер). *Ред.*

ды қарап келдім. Осылай шабуыл жасау арқылы мен өзімнің борышымды ғана атқарғаныма кей жерлерде жұрттың көзі жете бастады»[83]. («Die Neue Zeit», XX, 2, 1901—2, 800-бет.)

Иекк. «Интернационал», 191-бет: Маркс Гаагада былай деді: «Егер Англияда кімде-кім жұрт таныған жұмысшы көсемі болып табылмаса, онда бұл оның абыройы ғана, өйткені Лондонда әрбір «жұрт таныған жұмысшы көсемін» Гладстон, Морли, Дилк және К⁰ асырап отыр»... (1872 сентябрьде Гаагада болған конгресс)

салыстырыңыз: нақ осы туралы *Иекк* «Die Neue Zeit»-те, XXIII, 2, 28-бет.

КАУТСКИЙ. «ПАТРИОТИЗМ. СОҒЫС ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ»

К. Каутский. «Патриотизм, соғыс және социал-демократия» («Die Neue Zeit», XXIII, 2; 1905).

Соғыс стачкасы = буржуазияшыл пацифистердің соғысты аралық соттар арқылы болғызбауға жасаған «әрекеттері» сияқты «қаһармандық *ақымақтық»* (370). Бұл екі ақымақтық та «соғысты оқшау факт ретінде караудың қателігінен туады».

Бірақ соғыс апат қаупін төндіреді: «Алайда ұшқалақтық соғыста жеңілу—аса терең күйреуге ұшырататын апат» (371).

Революция (ал соғыс стачкасы *дегеніміз* революция) арқылы соғысқа дейін-ақ соғысты болғызбау үшін пролетариаттың «қазір қай жерде болсын айтарлықтай күшті болуы әлі екіталай». «Бірақ пролетариаттың барлық капиталистік мемлекеттерде қазірдің өзінде-ақ күштілігі соншалық — үлкен шығындармен байланысты болатын нәтижесіз соғыс атаулының бәрі пролетарлық режим орнататын революцияның бастама пункті болуға тиіс» (371).

БАУЭР. «ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ»

Отто Бауэр. «Ұлт мәселесі және социал-демократия». СПБ., 1909.

30-параграфтан: «Социализм және ұлт принципі».

534-бет: ...«Тұтас бір ұлттарды өзінің құрамына күштеп қосып алуға социалистік қауымның өшқашан да шамасы келмейді. Ұлттық мәдениеттің барлық игіліктері бар, заң шығару мен басқару ісіне толық және белсенді түрде қатысатын, ақырында, қару-жарақпен жабдықталған халық бұқарасын көз алдыңызға елестетіп көріңізші — осындай ұлттарды жат қоғамдық организмнің үстемдігіне күштеп бағындыру мүмкін болар ма еді? Мемлекеттік өкіметтің қандайы болса да қарудың күшіне сүйенеді, Өткен заманның нақ рыцарьлық және жалдама әскері сияқты, осы күнгі халық армиясы, шебер механизмнің арқасында, әлі де болса белгілі бір адамның, әулеттің, таптың қолындағы құрал болып табылады. Ал социалистік қоғамның демократиялық қауымының армиясы дегеніміз қаруланған халықтан басқа ештеңе де емес, өйткені ол армия қоғамдық шеберханаларда ерікті түрде жұмыс істейтін, мемлекет өмірінің барлық салаларына толық қатысатын жоғары мәдениетті адамдардан құралады. Осындай жағдайларда бөтен ұлттың үстемдік ету мүмкіндігінің бәрі жойылады» (534).

NB осындай

Европа Құрама Штаттары «еріккеннің арманы емес», «ұлттардың әлдеқашан түскен жолының сөзсіз барып тірелетін жері» (542).

Егер социалистік Германия өз қызметкерлерінің бір бөлегін Украинаға жібергісі келсе, ол (Германия) «олардың өздерінің мәдени дербестігіне кепілдік жасамай» оларды жібермейді (543)... (бұл 30-параграфтың соңы).

29-параграфта: **«Империализм және ұлт принципі»** (орысша аударманың 512—529-беттері), автор *британ империализмі* туралы Шульце-Геверництен цитат келтіреді, Түркияның ыдырауын, Италияның Албанияны басып алуға ұмтылуын алады: «Триент пен Триестке ишара жасайды да, Албания туралы ойлайды» (519). «Осындай әдіспен итальян ұлтының бұқарасына жаулап алу мақсатындағы

империалистік соғысты ұлт азаттығы жолындағы соғыс деп көрсете алады» (519)...

Бағдат, Россия Персияда etc.—«осы болашақ жанжалдардың ұрықтары мен элементтері осындай» (518)...

Сондай-ақ «британ империализмі сайлаушылар бұқарасының алдына біртұтас британ ұлты үстемдік ететін 400 миллион халқы бар империяның қызықтырарлық көрінісін жайып салады да, оның бер жағында темір шонжарларының картельдік пайдалары туралы және Лондон биржасындағы жалдаптық туралы ойлайды»... «Петербург, Москва, Лодзь фабриканттарына жаңа рыноктар ашу үшін орыс империализмі бір кезде, сірә, Польша мен Украинаның бостандығы мен бірлігін жариялар»... «герман империализмі Тигр мен Евфратта капитал мүдделеріне бола неміс жұмысшылары мен шаруаларының өмірін құрбан етпек болғанда, ол да 1848 жылғы ұлы герман идеясының мұрагері ретінде шығуға тиіс болады, өзінің туына біртұтас ұлы неміс отанының жүзеге асырылғанын жазуға тиіс болады» (522—523)... NB

«Австрияны капиталистік қоғам ішінде күйрету тек империализмнің ісі болуы мүмкін» (528)...

«Австрияның ыдырауы Германияда, Россияда және Италияда империализмнің жеңіп шығуын қажет етеді. Ал империализмнің жеңуі бұл елдердегі жұмысшы табының жеңілуін қажет етеді» (527). Австрия жұмысшылары империализмнің жеңуіне үміт артпауға тиіс....

ГРУМБАХ. «ЦИММЕРВАЛЬД-КИНТАЛЬ ҚАТЕСІ»

С. **Грумбах.** *«Циммервальд-Кинталь қатесі».* Берн, 1916 (95 бет) (социал-шовинистің пасықтығы).

24-бет: ...«Бірақ ол (Каутский) 1914 жылғы 4 августағы жағдайды әбден түсінбесе де, ол дегенмен біз үшін (!!!) және барлық елдердің социалистері үшін Интернационалдың басшы теоретиктерінің бірі болып қала береді»... !

26-бет ...«Циммервальд пен Кинталь уағыздап отырған басты теңгермешілік»...

— *40*-бет:— Вальян — Кейр Гарди *ұсынысына* неміс социал-демократтары жауап бермеді және уәде еткеніне

қарамастан Хемницте (1913) ол ұсынысты талқыламады (Венадағы 1914 жылғы конгресс үшін) !!! (Бос сөз! Легиндер мен К° мұны орындай *алатын* сияқты!!). (Гюисманстың Швейцария партиясына жазған хатындағыны салыстырыңыз — idem.)

Француз азшылығы *да* отан қорғауды жақтайды!! (—54—). [Гримм 1914 жылғы август пен ноябрьде отан қорғауды жақтады дейді—68.]

77-бет: Ленин Марокко соғысын *жақтайды* etc.

(немісше кітапшаның 4-беті*). «Мұнда есуастық әдіске айнала бастады»! Марокко қорғана алады, ал Франция қорғана алмайды!! (Сайқымазақ!)

78-бет: Ленин («Vorbote»[84] № 1**) Германияның ашаршылық бүлігін «революциялық бұқаралық күрестің бастамасы» деп біледі!! Міне, саған *жалған үміт!!* Керісінше, «герман халқында революциялық қасиет мүлдем жоқ» дейді (78).

82: Мейер *Лондон* 1916 жылғы 18 январьда америкап палатасында: мен шабуыл бола қалған күнде өз отанымды қорғаған болар едім деді!!!

84—5: Ледебурдың Германияның интернационалдық социалистеріне қарсы және Борхардттың Ледебурға қарсы мәлімдемесі. Сіз «отан қорғаудан» бас тартуды «еш уақытта» өткізе алмайсыз!!! және Либкнехт те отан қорғауды *жақтайды* дейді!!

ЭНГЕЛЬС. ЗОРГЕГЕ ХАТТАР

Энгельс Зоргеге 3. VI. 1885... Пароход компанияларына қаржы беру жөнінде (ерекше заң жойылғаннан кейін); «жікке бөліну әбден мүмкін нәрсе және тек қана пайдалы болады. Мещандық тарихи праводан да гөрі көп мөлшерде «ежелден өмір сүріп келе жатқан» Германия сияқты елде ұсақ буржуазиялық-социалистік фракция болмай қоймайды»...[85]

29. IV. 1886: «Тыныштық уақытта Германияда баршасына филистерлік сіңіп болған; мұнда француз бәсекесі-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 334—335-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 127—141-беттер. *Ред.*

нің қысымы әбден қажет. Ал бұл жағынан қам жемеуге болады»...[86].

22. II. 1888: ...«Бір жерде басталса-ақ болғаны, сонда сыртқа жарып шығып, айқын болатын жасырын социализм буржуаларды естен тандырады» (291)...

7. XII. 1889: ...«Мұндағы» (Англиядағы) «ең жексұрын нәрсе — жұмысшылардың тәні мен қанына сіңген буржуазиялық «құрметтілік»... мен бәрінің ішіндегі ең жақсысы деп санап жүрген тіпті Том Манн таңертеңгі тамақты лорд-мэрмен бірге ішемін деп сүйсіне айтады. Мұнымен француздарды салыстырсаң,—революция дегеннің не екенін көресің»[87]...* NB

8. II. 1890. ...«Фабийшілдер — Маркстi теріске шығарып жүрген оқымысты буржуаның ізгі ниетті шайкасы... Олардың басты мақсаты... *буржуаны* социализм жағына тарту, сөйтіп социализмді бейбіт, конституциялық жолмен енгізу» (331)...

((фабийшілдер туралы 393 (18. III. 1893) —401-бет (11. XI. 1893)...—либерализмге социализмді сіңіргісі келеді; олардың өздеріне жұмысшылардың рухын сіңіру керек)).

19. IV. 1890... Англияда маман жұмысшылардың айтыс-таласы etc. үйреншікті әдеті, өсек-аяңы, соқыр нанымдары көп-ақ etc. etc.

...«Ал қозғалыс *жасырын* алға басып келеді, барған сайын қалың топтарды және соның өзінде көбінесе осы уақытқа дейін қозғалмай жатқан *ең төменгі»* (курсив Энгельстікі) «бұқараның арасында көп қамтуда, сөйтіп бұл бұқараның кенеттен *өзін өзі табатын»* (курсив Энгельстікі), «нақ оның өзі осы аса зор қозғалушы бұқара болып табылатындығы оған айқын болатын күн алыс емес»...** (336). NB NB

4. III. 1891... мұнда док және газ жұмысшылары мен олардың тред-юниондарының сәтсіздігі, олардың «жаңа тред-юниоиы қиратылған, ал *бай»* (курсив Энгельстікі) «және нақ сондықтан қорқақ ескі консерваторлық тред-юниондар ұрыс майданында жалғыз қалып қояды» дейді (359). NB

14. IX. 1891. Тред-юниондардың Ньюкасл конгресі де (халықаралық конгресс сияқты) жеңіске жет-

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 23-том, 114-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда. *Ред.*

NB кендік... «Тоқымашылар бастаған *ескі»* (курсив Энгельстікі) «тред-юниондар және бүкіл реакциялық партия жұмысшылар арасында сегіз сағаттық жұмыс күні туралы 1890 жылғы шешімді жоюға барлық күшін салды. Олардың дегені болмады... NB және буржуазиялық газеттер *буржуазиялық жұмысшы партиясының»* (курсив Энгельстікі) «толық масқара болып, айқай-шумен, тісін қайрап» жеңілгендігін мойындауда»* (368).

24. X. 1891... болуы ықтимал соғыс туралы... біздер, немістер, (бәлкім) «1793 жылды қайталауға» тиіспіз... егер соғыс болса және ол бізді «мезгілінен бұрын өкімет басына әкелсе», бұл бақытсыздық болады, «ол жағдайға әзір тұру керек» (371)...

Idem, 376: ондай соғыс кезінде «біз тәуекелге бел байлауға тиісті боламыз» (367).

...«бұқара (Германияда) тамаша және көпшілігі көсемдерден жақсы».... (399) (7. X. 1893).

2. XII. 1893... Америкада жұмысшы қозғалысы дамуының қиыншылығы: 1) «партиялық басқару» жүйесі (2 партия; үшінші партияға берілетін дауыстардың жойылуы); 2) иммиграция жұмысшыларды 2 топқа бөледі; иммигранттарды кіші топтарға бөледі; оның үстіне *негрлер* де бар; 3) қамқоршы баж салықтарының жұмысшыларға беретіні сол — «олар просперити ықпалына түседі», ал Европада бұл жоқ... (403)...

412 (12. V. 1894), Америкадағы социал-демократиялық федерация мен неміс-американ социалистерінің *сектанттығы* теорияны «қатып қалған ортодоксияға айналдырып отыр»... ((жұмысшылар жетілмей жатып бірден теорияны қылғытып қою үшін)).

«ҚОҢЫРАУ» ЖУРНАЛЫ

ЭРНСТ ГЕЙЛЬМАН. «ДАУДЫҢ МӘНІ»

«Die Glocke», 1916, № 20 (12. VIII. 1916).

Эрнст Гейльман. «Даудың мәні» (770—786).

Мақсат — «дауласушы үш топтың негізгі ой-пікірлерін» баяндап беру (770):...

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 23-том, 114-бет. *Ред.*

«Көпшілік, еңбек ынтымағы және интернационалистер (Либкнехт тобы)» (771)...

1—«Германияның жеңуін»

2—«соғыстың тең бітуін»

3—«Германияның жеңілуін» тілейді (771)...

«Алғашқы екі бағыт отан қорғау жолын ұстайды, дегенмен іскерлік ынтымақ тобы таза қорғаныстың шегінен шығып кетпеу қамын өте қатты ойлайды, ал «үшінші Интернационалды» жақтайтындар «отан қорғау» принципін есептен жаңылдыратын сөз ретінде теріске шығарады» (771)... NB

«Либкнехт тобы өз жолынан таймады... Енді бұл бағыт спартак программасы бар жаңа партияға бірікті. Өзінің теориялық көсемінің, орыс Лениннің, соңынан еріп, бұл бағыт барлық социал-демократиялық партияларға олардың интернационалдық борышы ретінде өз елінің жеңілуін барлық құралдар арқылы: заңға қарсы листовкалар, жасырын ұйымдар, бұқаралық стачкалар мен көтерілістер арқылы сөзсіз қамтамасыз ету міндетін таңбақшы» (771)... «Россияда бұл бағытты жақтаушылар өздерін шынымен және ешбір қысылмастан жеңілісті жақтаушылар деп атайды» (772).

Жаудың шапқыншылығы тіпті де әлі ең сұмдық нәрсе емес, ол шапқыншылық, керісінше, бостандықты жеңіп алуға жеткізуі мүмкін деп үйрететін спартак насихатын орыстың Швейцариядағы эмигрант теоретиктерінің басым көпшілігі жақтайтын сияқты; практикалық жағынан ол насихаттың тек Германия үшін ғана маңызы болуы мүмкін, сондықтан Германияның жеңілуін насихаттау болып табылады» (772)...

«Теоретигі Каутский, ал саяси көсемдері — Гаазе, Ледебур болып табылатын іскерлік ынтымақ тобы, яғни Циммервальд оңшылдары істің нақты жағдайынан қорытынды жасағанда бұл соғыс жеңушілер мен жеңілушілер болмай бітуге тиіс деп қана қоймай, сонымен қатар ұлы күрестің нақ солай аяқталуын тілейді». NB

«Осы жартыкеш позицияны сынау өте-мөте жеңіл және оңай. Германияны қорғау міндеті шешілді деген пікірдің фактілерге көрінеу қайшы келетіні соншалық—түсінігі бар адамдардың тек күлкісін ғана келтіреді» (773)...

«Ол (көпшілік) мүмкіндігінше тез бітім жасалуы
NB || бағытында әрекет жасауда, алайда ол бітімді тек қазіргі үкіметтер ғана жүзеге асыра алады» (778).

«Социалистік қоғам орнатудың құралы ретінде апат идеясын, яғни революция идеясын, нендей де болсын белгілі бір кезеңмен байланыстырмай, приН-
NB ||| ципті түрде, біз біржолата жоюға тиіспіз. **Социалист болу—принцип жағынан антиреволюционер болу деген сөз»** (қара әріп автордікі); «қарама-қарсы көзқарас — буржуазияның азаттық күресінің мұрасы
ха- || ғана, бұл мұрадан біз рухани жағынан әлі онша то-
ха!! || лық арылғанымыз жоқ» (780)...

782-бет: графтар мен генералдардың соғыстағы құрбандықтарының (олардың балалары офицерлер etc.) мысалдары ($^1/_2$ бет есімдер): дәлелі — «жау алдында біздің бәріміздің бірдей болғанымыз» (783) (!!!!).

«4 август саясатының дағдарысы дегеніміз, сонымен, сайып келгенде апаттар теориясы мен эволюциялық ілімнің арасындағы бұрынғы күресті жаңғыртудың дәл өзі, бұл күрес эволюциялық көзқарастардың жеңуіне байланысты қазір аяқталуға жақындап келеді. Сондықтан біз, екі жақтың да толып жатқан қашқындарын есептемейтін болсақ, нақ бұрынғы, біріне-бірі қарсы тұрған реформистер мен революционерлердің, немесе, керек болса, ревизионистер мен радикалдардың жауынгер саптарын көріп, ескі ұрандарды есітіп отырмыз» (784)...

«Жүздеген рет қарғыс айтылғанына қарамастан, эволюциялық-тарихи көзқарас партияда барған сайын нығая түсті, сондықтан ол тіпті қатты азап шеккен халықтардың ашынуы соғыстан кейін кейбір
NB || жерлерде революциялық дүмпулерге соқтырған жағдайда да жеңіп шығады. Сұрапыл және тіпті қан төгіс оқиғалар дамуды бөгеуі немесе тездетуі мүмкін, бірақ оның негізгі белгілерін ешбір өзгерте алмайды» (785—786).

| мұндағы түйін осы сөйлемнің 1-жартысында |

«Өзінің күн көруіне керекті қаржыны жеке ша-
!! ||| руашылық қызметпен таппайтын немесе еңбек ақы мен жалақыны жеке адамдардың қолдарынан алмайтын адамдар саны өсуінің фактісі арқылы со-

циализм күннен-күнге көбірек жүзеге асырылуда. Мемлекеттік, коммуналдық және кооперативтік кәсіпорынның жұмысшысы дәл аурухана кассасының дәрігері немесе кәсіподақ қызметшісі сияқты социализацияланған» (784). ||| соз-ақ

В. ЛИБКНЕХТ және МАРКС

(В. ЛИБКНЕХТКЕ 1878 ЖЫЛЫ ЖАЗЫЛҒАН ХАТ)

В. Либкнехт. «Шығыс мәселесі жөнінде немесе Европа казак-орыс Европасы болуға тиіс пе? Неміс халқын сақтандыратын сөз». **2-басылуы.** Лейпциг, 1878, *57* және *59*-беттер. || NB табу керек!!

Мынадан цитат келтіріледі: *«Sozialistische Monatshefte»*, 1916, 1095-бет (№ 21, 19. X. 1916), ондағы Шиппельдің мақаласында Либкнехттің осы кітапшасына бір «достың», анығында **Маркстің** екі хаты қоса берілген дейді. (В. Либкнехт кітапшасының 1-басылуында бұл қосымшалар *жоқ*[88].) Сол кезде Маркс былай деп жазыпты-мыс:

«1848 жылдан басталған *коррупция дәуірінің* арқасында *ағылшын жұмысшы табы* аз-аздап барған сайын неғұрлым терең *азғындауға* ұшырап, ақырында, ұлы либералдық партияның, яғни өзін құлданушылардың, капиталистердің партиясының жай *шылауына* айналды. Ағылшын жұмысшы табына басшылық ету *сатқын* тред-юниондық көсемдердің және үгітшілікпен айналысып жүргендердің қолына түгелдей көшті. Гладстондардың, Брайттардың, Мэнделлдердің, Морлейлердің, фабрикант оңбағандардың, т. т. ізінше бұл сабаздар патшаны — халықтардың азат етушісі деп — барлық сарында даурыға мадақтады, ал Оңтүстік Уэльстің шахта иелері *аштан өлуге душар* ||| (1848—1878) *Маркс* 1878 жылғы ағылшын жұмысшылары туралы

етіп отырған өз *бауырлары* үшін ешбір әрекет еткен жоқ. *Сорлы адамдар!* Осының бәрін лайықты түрде аяқтау үшін, қауымдар палатасында соңғы дауыс беру кезінде (7 және 8 февральда, ұлы либералдық партия қайраткерлерінің көпшілігі —Форстер, Лоу, Гаркорт, Гошен, Гартингтон және тіпті ұлы Джон Брайттың өзі,— өз армиясын далаға тастап, қайдағы бір вотуммен өзін тым масқаралап алмау үшін дауыс беру кезінде тайып отырғанда) қауымдар палатасындағы бірден-бір жұмысшы өкілдері, ал оның бер жағында, айтуға ұят, шахтерлердің тікелей өкілдері және өздері тегі жағынан айтулы шахтерлер, Бёрт пен түкке тұрғысыз Мак-Доннель, «ұлы либералдық партияның» патшаны мадақтап жүрген құйыршықтарымен бірге дауыс берді! Бірақ тез өрістеген орыс жоспарлары алдамшы елесті бірден сейілтіп, тетікті үгітті тыйды (бес фунттық казначейлік билет — тетіктің басты кілті, міне, осы); бұл сәтте жұмысшылардың белгілі бір ашық митингісінде үн шығару Моттерсхедтердің, Гоуэллдердің, Джон Гейлстердің, Шиптондардың, Осборндардың және барлық осы банданың «өміріне қауіп төндірген» болар еді; тіпті олардың жабық (кіру билетімен ғана енгізетін) жиналыстарын халық бұқарасы күшпен бұзып, таратып жіберуде».

NB: Маркстің 1878 жылы (Либкнехтке ме?) жазған хаты

ЖАПОНДАР ЖӘНЕ АМЕРИКАН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ШОВИНИЗМІ

«Die Neue Zeit», 1913 (31, 2), 410—412-беттер (1913 жылғы 20 июньдегі №)

NB жұмысшылардың шовинизмі

Эрвин Гудде. «Құрама Штаттардағы жапондарға қарсы жаңа ерекше заң». (Уақыты: Сан-Франциско, 21. V. 1913.)

Жапондардың жер сатып алуына тыйым салған (3 жылға ғана арендаға алуға болады) бұл заңға Вудро Вильсонның қарсылығына қарамастан губернатор 1913 жылғы 19 майда қол қойған.

Американ жұмысшылары және олардың *шовинизмі*

Бұл «ең сұмпайы түрдегі ерекше заң» (410) — «поляктар жөніндегі пруссиялық саясаттан да жаман саясат» дейді (412).

Америкадағы жұмысшылар да *«шовинизм»* жөнінде кінәлы (NB) (412). ««Американ еңбек федерациясындағы» мырзалар «сары түстілердің» барлық праволарын тартып алып қана қоймай, оларды елден мүлде қуып жібермекші» (411).

жапондар жөнінде

NB

Бұл ерекше заң «бізге Калифорния халқының, ең алдымен жұмысшы халқының, Жапонияға қарсы соғысты көптен-ақ дайындап жатқан американ *империалистерінің* күймесіне жегіліп отырғанын дәлелдейді. *Бұл мәселе жөнінде социалистік партия да тиісті дәрежеде болмай шықты»* (411).

Жұмысшылар империалистерді жақтайды...

«Соц. партия» да!!!

Бұл заң — «заңдардың ұзын тізбегінің бір буыны ғана» (412)...

ГРЕЙЛИХ ЖӘНЕ «ГРЮТЛИАНЕР»

ГРЕЙЛИХ. «ГОТТИНГЕН ГРЮТЛИ-ОДАҒЫНА[89] АШЫҚ ХАТ»

«Grütlianer» № 230. 1916 (2. X. 1916).

Герман Грейлих. «Готтинген Грютли-одағына ашық хат».

Жұмысшылардың азшылығы ғана жұмысшы қозғалысына қатысады. «Сондықтан тұрмыс дәрежесі аздап қана көтерілді, онда да жұмысшы табының *тек жоғарғы тобының ғана* тұрмыс дәрежесі көтерілді. Жұмысшы бұқара мұқтаждықтың, ауыртпалықтың, жоқшылықтың қыспағында қалып отыр. Сондықтан бұрынғы жол дұрыс па деген күдік оқтын-оқтын туып отырады. Сын жаңа жолдар іздеуде және көбінесе *неғұрлым қажырлы қимылдар* табысқа жеткізеді деп үміттенеді. Осы бағытта әрекеттер істеліп бағады, бұлар әдетте сәтсіз аяқталады, мұның өзі бұрынғы тактикаға қарай жаңа күшпен итермелейді. Жұмысшы қозғалысының азды-көпті ұзақ уақыт ішіндегі өткендегісіне көз жіберіп қараған адам осы толқымалы бағытты көреді... Міне енді бүкіл дүние жүзілік соғыс басталды... қалың бұқара үшін... қатты түңілу... тіпті бұған дейін біршама күнелтіп келген топтардың өзін мұқтаждыққа ұшырататын тұрмыс жағдайларының сұмдық нашарлап кетуі *революциялық ағымды күшейтіп отыр.* !!! Бұрынғының бәріне: принциптерге, тактикаға, ұйымға күмән келтірілуде. ...Кімде-кім күнделікті әбігерліктен жоғары ойлай алатын болса,... ол осы айтулы дауды» (революциялық принциптер мен тактика жөніндегі дауды) «түсінікті деп тауып, ол үшін торықпайтын болады. !! Әрине, ақымақтық жетерліктей болған—бірақ екі жақтан да болған...

Осы уақытқа дейін ымыраластыру әрекеттерін менің жалғыз дерлік жасауыма тура келді... ха-ха!! Партия басшылығы шынында өз міндетінің дәрежесінде болмады және қызба жандардың ықпалына тым беріліп кетті... Грютли-одақтың орталық комитеті *«практикалық ұлт саясатының»* жолына түсуге ұйғарды, ол бұл саясатты партиядан тыс жүргізбекші... Неліктен ол мұны партия ішінде істемеді? Неліктен

ол асқын радикалдарға қарсы күрес жүргізуді әрқашан дерлік жалғыз маған беріп қойды?.. ||

...Партия ішіндегі ашытқыдан, егер тек бөшкені ашуы жетпей тұрып тығындап қоймаса, ақырында келіп жақсы шарап шығатынына мен кәміл сенемін... !! Партияның тек пролетарлық партия ғана болуы мүмкін және ол іс-әрекеті пролетариатқа түсініксіз сектаға айналмауға тиіс... Егер ол (Грютли-одақ)... партиямен келісімді қабылдамаса, онда бұл одақта маған мұнан былай орын жоқ. Мен партияның болашағына сенемін, сондықтан да әрқашан онымен бірге келемін». (Соңы.) Берн. *26. IX. 1916.*

Нақ осы арада Грютли-одақ орталық комитетінің Грейлихқа жауабы. Асқын радикализм мен «делдалдық»— Грютли-одақтың өмір сүруіне қарсы. Нақ осы арада «Спартак деген кім?» деген фельетон (дәріптеу)!!!

«НАН ОРНЫНА ТАС!»

«Grütlianer» № 255, 31. X. Бас мақала: *«Нан орнына тас»*—бір *«кәсіподақ қызметкері» жазған:* атап айтқанда «радикалдық бағыт» «нан орнына тас» береді дейді. Кереғі... («марксистер» дейтіндерге қарсы)... «реформистік түсінік», «практикалық әлеуметтік реформа», «демократиялық-социалистік реформа»... | !

«БАҒА БЕРУДЕГІ ПРИНЦИПТІ ПІКІР АЛАЛЫҒЫ»

№ 253, 28. X. 1916. Бас мақала: «Баға берудегі принципті пікір алалығы». *«Leipziger Volkszeitung»*-тен келтірілген цитат, ол цитат «социалистік көзқарасты» қорғайды дейді. Цюрих пен Берн газеттері Пернерсторферді сөгеді дейді. Біз *Германиядағы көпшілікпен де,* Цюрих, Берн газеттерімен де *келіспейміз,* біз «жария» жолдарды *жақтаймыз* дейді. Біз Адлердің ісінен «есуастықты *ғана»* көріп отырмыз... || NB | олар «центрді» жақтайды

«БІЗДІҢ АРАМЫЗДА ЕШҚАНДАЙ ПРИНЦИПТІ АЛАУЫЗДЫҚ ЖОҚ!»

№ 249. 24. X. 1916. Бас мақала: «Біздің арамызда ешқандай принципті алауыздық жоқ!» (тырнақшада) — Грютли делегаттарының жиналысында *Губердің* (Роршах) сөйлеген сөзі, ал енді Адлерді *«Volksrecht»* мақтайды!! *Біз болсақ* оны *принцип жүзінде* мінейміз! дейді. NB

««ҰЛТШЫЛДЫҚ АРАМ ШӨПТЕР» «ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ СОЦИАЛИСТІК БИДАЙДАН» ЕКШЕЛІП ШЫҒАРЫЛУДА»

№ 248. 23. X. 1916. Бас мақала: ««Ұлтшылдық арам шөптер» «интернационалдық социалистік бидайдан» екшеліп шығарылуда» (Швейцария социал-демократиялық партиясының өкілі Швейцариядағы *итальян* социалистерінің съезі*нде* осылай деп мәлімдеді дейді).

«РЕФЕРАТҚА АРНАЛҒАН ТЕЗИСТЕР»

№ 235. 7. X. 1916. Грютли *программасының* тезалары.

«ШЕТЕЛДІКТЕРДІ ҚОЛ АСТЫНА АЛУ»

№ 243 (17. X. 1916) және оның алдында *бірқатар* номерлер (№№ 237 (10. X.)—243). *«Шетелдіктерді қол астына алу»* туралы мақалалар...

«Тоғыздың» комиссиясы (оның ішінде Грейлих пен Вульшлегер) 1912 жылы петиция енгізді.

!!!! 15 жылдан кейін күштеп қол астына алу. Қол астына алу үшін төленетін ақы 300 франктен аспайды!!

№ *242* және *243*.

«ПАРТИЯ МА, ӘЛДЕ ГРЮТЛИ-ОДАҚ ПА?»

«Grütlianer» *18. X. 1916*. Швейцария «Социал-патриоттық партиясы».

«КӘСІПОДАҚТАР ЖӘНЕ СОҒЫС МӘСЕЛЕСІ»

NB «Grütlianer» № 216 (15. IX. 1916): **«Кәсіподақтар және соғыс мәселесі»** деп аталған кішкене мақала.

«Schweizerische Metallarbeiter-Zeitung»-те (*) (1916, № 38, 16. IX. 1916) тілші [*И. Г.*, Базель] (**) жоғарыда айтылған мәселені талқылағанда мынадай қысқа әрі айқын қорытындыға келеді: «кәсіподақ мүшелерінің борышы — соғыс мәселесін партияның принципті түрде және айқын шешуін ойластыру. Милитаризмге және отан қорғауға қарсы ең қажырлы күрес — бүгін, ал социализммен бірге қарусыздану — ертең».

(*) Капелленштрассе, 6. Берн

(**) осы *И. Г.*, Базельдің мақаласы өте жақсы, таза жұмысшы және революциялық-интернационалистік мақала

Бұл жөнінде газет редакциясы («Редакцияның соңғы сөзі»), Шнеебергер жолдас, былай дейді: мұндай кәсіподақтар қару-жарақты азайту туралы мәселемен де, қарусыздану туралы мәселемен де шұғылданбауға тиіс. Адам өз кәсіподағының мүшесі болғанымен, ол әлі социал-демократ та, антимилитарис те болып табылмайды; оның саяси немесе діни көзқарастарын өзінше алғанда оның кәсіподаққа мүше екендігімен ешқандай қатысы жоқ. Рас, көп жағдайларда кәсіподақшы тез арада-ақ социалистік немесе социал-демократиялық көзқарастарды жақтаушыға айналады. Бірақ ол бұл көзқарастарды кәсіподақта көрсетуден гөрі осы мақсатқа арнайы қызмет ететін социал-демократиялық ұйымдарда көбірек көрсетеді. Мұндай тәртіп мейлінше дұрыс болып шықты, ал сондықтан, сондай-ақ кәсіподақтардың экономикалық саладағы міндеттерінің көлемі жеткілікті дәрежеде кең болғандықтан да, бұл тәртіп бұдан былай да сақталуға тиіс. ‖ !!

Оның үстіне кәсіподақтар немесе олардың органдары бұл салада нағыз ағарту жұмысын тіпті жүргізе де алмаған болар еді.

Жалпылама белгілі сөздермен, талданып отырған мақалада да мұндай жерлер көп, іске көмектесе алмайсың; соғыстың мәнін екі ауыз сөзбен түсіндірудің мүмкін еместігі сияқты немесе алдын ала теріс ұғымда емес және әділетті оқушыға жұмысшыларға қарсы ұрыстарда Швейцария әскери күштерінің ролі жөнінде көпірте сөз ету

арқылы әсер ету мүмкін еместігі сияқты, жалпылама белгілі сөздермен де, көп реттерде бола беретініндей, мүлдем басқа көзқарастарда тәрбиеленген адамды онша сендіре қоймайсың. Швейцария жағдайлары дегенмен Россия жағдайларынан жақсы екенін мойындау үшін Италиядағы, Испаниядағы, Франциядағы және Германиядағы немесе тіпті еркін Америкадағы жұмысшылардың күресін еске түсірудің өзі де жеткілікті.

NB ‖ Ал бүкіл Европа жұмысшыларының басым көпшілігі буржуазиямен қоян-қолтықтаса отырып міне екі жыл бойы өз отанының «жауларына» қарсы күресіп жатқан кезде, ал тылда қалғандар, мұқтаждық пен ауыртпалықтың бәріне қарамастан, «шыдағысы» келіп отырған кезде, «жұмысшының отаны жоқ» деген сөз мүлде пасық сөз болып табылады. Швейцарияда, егер оған сырттан шапқыншылық жасала қалса, біз сөз жоқ нақ осындай көріністің куәсы болған болар едік. Қазір барынша даурықпа сөз сөйлеп жүргендер мүмкін мұнда да өз позицияларын алдымен беріп қояр еді».

«Grütlianer» [шеті сызылған] ‖ жерлерді қара әріппен көшіріп басқан. Ал жалпы алғанда, редактордың есімін қосып, ол *бүкіл* соңғы сөзді көшіріп басқан. *«Metallarbeiter-Zeitung»*-те басылғаны: редакция: О. Шнееберґер және К. Дюрр ((NB)).

«ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ МЕТАЛЛИСТЕР ГАЗЕТІ»

Э. Т. «ШОЛУ»

«Schweizerische Metallarbeiter-Zeitung», 1916, № 40 (30. IX. 1916)... *Э. Т.* мақаласы «Шолу»: «Экономикалық (шаруашылық) сипаттағы» соғыс... «Интернационалдың күйреуі»... «Капиталистердің ұйымы «Германия»» нақ сондай ұйым «Англияға» қарсы... мамандықпен (слесарь және басқалар) қатар біз саясатшылар да болуға тиіспіз *және* «өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастыруға» ұмтылуға тиіспіз... «Кәсіподақ пен саясат ||| арасында алшақтық болуы мүмкін емес»; біз «өзі-

міздi өзіміз капитализмнің кұтушісі роліне түсіру» қатерін туғызудамыз... || өте жақсы!

«ШОЛУ. (БАСҚА КӨЗҚАРАС)»

41-номердегі (7. X. 1916) *қол қойылмаған* мақала: «Шолу. (Басқа көзқарас)» Э. Т. «Кәсіподақтар және соғыс мәселесі» деген мақаланың авторымен де, *редакцияның соңғы сөзімен де* келіспейді. Ол кәсіподақтарды «оқшаулауға», олардың «таза кәсіптік мәселелермен» «шектелуіне» қарсы дейді. || NB

Мақала авторы $3^1/_2$ жарты бағаналарда өзіп қорғап, біз үдесіне жете алмаймыз, жұмыс толып жатыр дейді (*реформистік* мәселелердің тізімі!!), «империализм» туралы да бізде 6 мақала болды, олар да социал-демократиялық тұрғыдан еді дейді, Металлистер одағы орталық комитетінің Люцерндегі өкілі ретінде *Шнееберегер* 1904 жылы «саяси орекеттерге (кәсіподақ ретінде) ұмтылуға» қарсы болып, Люцерн кәсіподақ конгресінде *18* дауысқа қарсы 56 дауыс алды дейді,— || !! «ең алдымен мүмкіндігінше кәсіподақтардың уставында баяндалған міндеттерді орындау мақсатымен жоспарлы түрде» (2-бет, 3-бағана) «нәтижелі жұмыс жүргізудің орнына біз алуан түрлі жобалар арқылы дүниені жетілдіре түсу жөнінде ұшы-қиырсыз желік туғызамыз; ол жобалар туралы барынша даурығатын боламыз, бірақ олардың бірде-бірі жүзеге асырылмайды. Жұмысшылардың көпшілігі фактілерге сүйенеді. Олар «өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастырудың» шындыққа айналуын қаншама тілесе де, бірақ олар дегенмен авантюраға ұрынбайды». || !! || !!

«ЖАҢА РЕЙН ГАЗЕТІ»

«*Neue Rheinische Zeitung*». К. Маркстің редакциялауымен шыққан саяси-экономикалық шолу. (I—V/VI кітаптар, бір томдық.) Лондон, 1850.

I кітап, январь, 1850.— *II* кітап, февраль, 1850. — *III*

кітап, март, 1850. —*IV* кітап, апрель, 1850. — *V/VI* кітап (мұқабасыз), 1850.

47-бет, соңында.

Бәрін (бәрін емес*) Меринг осыдан көшіріп, «Әдебиет мұрасында» бастырса керек (анықтау керек!). IV кітаптағы *«Түрлі мәселелер»* деген кішкене мақаланың көзге түсерлік жерін атап көрсету керек: *«Готфрид Кинкель»*[90] (әскери сот алдында сойлеген оның пасық монархистік сөзі үшін оны өршелене айыптау) (қол қойылмаған):

NB!

Рейннің сол жақ жағалауын француздарға беру

NB

...«Дәл сондай-ақ Кинкель мырза Рейннің сол жақ жағалауын Францияға қолдан беру жөніндегі қайдағы бір жоспарлар туралы көкіп жәпе осы қылмысты пиеттердеп өзін таза деп жариялап, оз партиясын да әскери сотқа ұстап береді. Рейн провинциясын Францияға қосу туралы айтылғанда революция мен контрреволюция арасында шешуші шайқас болған кезде бұл провинцияның революция жағына сөзсіз шығатындығы, бұл провинцияда кімдер болса да,—француздар немесе қытайлар болса да осылай ететіндігі мағынасында ғана айтылғанын Кинкель мырза өте жақсы біледі»... (71-бет).

397-бет, Меринг бастырған III томда

Меринг, 479—480-беттер (III том), былай деп жазады: мен бүкіл «апрель шолуын» қалдырып кеттім (демек IV кітаптағы шолу) және февраль шолуынан (II кітап) Калифорния туралы ғана etc. және қытай социализмі туралы ғана алдым.

---

* В. И. Ленин Мерингтің IV және II кітаптардан көшіріп баспаған жерлерін тауып, «бәрін» деген сөздің үстіне кейініректе «бәрін смес» деп жазған (осы томның 640 және 641-беттеріндегі В. И. Лениннің ескертпелерін қараңыз). *Ред.*

Революцияшыл ұлтпен — француздар ма әлде қытайлар ма, бәрібір! Энгельстің 1859 (?) жылы «По мен Рейнде»[91] жазғанын салыстырыңыз, онда ол «біздің таңдаулы провинцияларымызды» дипломатиялық айла-шарғының объектісіне айналдырушы III Наполеонға қарсы немістердің ұлттық өшпенділігін қоздырған болатын etc.

Ұлт мәселесі жөнінде өте есте боларлық нәрсе!

Бәрі де қазіргі кезде ұлт революцияшыл ма, әлде III Наполеон революцияшыл ма деген мәселеге байланысты!!!

Ibidem, IV кітап, *58*-бет. (438-бет, Меринг бастырған III том) (де *Жирарден*. «Социализм және салық»)[92]:

...«Салықты жоюдың тасасында мемлекетті жою жатыр. Мемлекетті жою дегенді коммунистер тек мына мағынада ғана түсінеді: мемлекеттің жойылуы таптардың жойылуының қажетті нәтижесі болып табылады, bұлардың жойылуымен бірге бір тапты бағыныпты етін ұстап отыру үшін екінші бір таптың ұйымдасқан күшті керек етуі өзінен-өзі қажетсіз болады»...

мемлекетті «жою»

Ibidem, 55-бет: «Революция кезінде салықты орасан зор мөлшерге жеткізіп, оны жеке меншікке шабуыл жасаудың формасы ретінде пайдалануға болады, бірақ соның өзінде де ол не жаңа революциялық шараларға қарай одан әрі итермелеуге тиіс, не сайып келгенде бұрынғы буржуазиялық қарым-қатынастарды қалпына келтіруге жеткізеді»...

436-бет, Меринг бастырған III том

5/6-кітап, 158-бет. («Шолудан. Май — октябрь»; уақыты: Лондон 1. XI. 1850. Қол қойылмаған)[93].

...«Осы уақытқа дейін өмір сүріп келген чартистік партия ұйымы да ыдырауда. Партияда әлі де болып отырған *ұсақ буржуа жұмысшы аристократиясы*-

NB: чартизмнің екі фракциясы: (1) ұсақ буржуазия + жұмысшы *арис-тократия-сы* (ұсақ буржуазияшыл реформистер) (2) нағыз пролетар **революционерлер** «бұқарасы»

мен байланысты және таза демократиялық *фракция* болып отыр; оның программасы Халықтық хартиямен және кейбір ұсақ буржуазиялық реформалармен шектеледі. *Нағыз пролетарлық* жағдайларда тұратын *жұмысшылар бұқарасы* чартистердің **революциялық** фракциясына жатады». (1-нің көсемі Фергюс О'Коннор; 2-нің көсемі — Джулиан Гарни және Эрнест Джонс) (468-бет, Меринг бастырған III том.)

Мерингте жоқ | NB

II кітап, 71—73-беттер («Шолуда»)[94] *Россияның* 1848 және 1849 жылдардан кейінгі контрреволюциялық ролі туралы, Россияға қарсы болуы ықтимал «европалық соғыс» туралы (Англия **шешеді** дейді). «Германияны тұншықтыра» алатын «Россияның варварлық әскери қолдары» туралы.

қызық!

Ibidem, 78-бет — (Лондон, 31. I. 1850) — Қытайдағы революция туралы (Қытай республикасы — «Европа реакционерлері» Қытайда, міне, осыны кездестіреді дейді).

445-бет, Меринг бастырған III том

× «біздің европалық реакционерлер алдағы таяу болашақта Азияға қашпақшы»: **ха-ха!!**

× Европа реакционерлері Европа революциясынан Азияға қашады, Қытай «қорғанына» дейін жетіп, олардан: «Қытай республикасы. Бостандық! Теңдік! Туысқандық!» деп жазылған сөздерді табады. Маркстің пайымдауы осындай.

Ibidem, 80-бет: «Қазіргі ұлы державалардың қоршауындағы шағын мем-

лекеттердің жалған «тәуелсіздігі» мен «дербестігі»» деген не екендігін Швейцарияның мысалы көрсетіп отыр дейді (не қасиетті одақ Швейцарияны жермен жексен етеді, не революция «Европаның жүрегінде мұндай сатқын және қорқақ үкіметтің болуына» *«төзбейді»*...) !!!

Мерингте жоқ

Швейцарияға жорық жасау (Германия + + Австрия + Россия + Франция) *жоспарының* жариялануына байланысты Швейцария жөнінде жазылған — Швейцария мен Түркияға қарсы диверсиямен бірге Францияға қарсы күрес жоспары. «Қасиетті одақ» революцияға қарсы.

Мерингте жоқ

«Бір нәрсе күмәнсыз: Қасиетті одақ осы жылдың өзінде не әуелі Швейцарияға немесе Түркияға қарсы, немесе тура Францияға қарсы шығады, ал осы екі жағдайда да Одақтық советтің шаруасы бітеді. Бернге қайсысы— Қасиетті одақ немесе революция — бұрын кірсе де, Одақтық совет өзінің апат болуын өзінің қорқақтық бейтараптығымен өзі күні бұрын шешіп қойды. Контрреволюция оның азды-көпті революциялық жаратылысынан келіп оның кеңшіліктеріне қанағаттана алмайды; революция Европаның жүрегінде, қозғалысқа барынша көп тартылған үш елдің қоршауында, мұндай сатқын және қорқақ үкіметтің болуына бір минут та төзбейді. *Швейцарияның Одақтық советінің іс-әрекеті* **қазіргі ұлы державалардың қоршауындағы** *шағын мемлекеттердің жалған «тәуелсіздігі» мен «дербестігі» деген не* екендігін көрсететін *ең көрнекті және, біздің сенуімізше, ең ақырғы мысал болып табылады»* (80-бет). (Соңы.)

NB: контрреволюцияның революцияға қарсы күресінің көрінісі!

Мерингте жоқ

және 72-бет — Швейцария «Қасиетті одақ жөнінде де, эмигранттар жөнінде де» қорқақ болды (NB)... «егер Швейцария Қасиетті одақты жәбірлеген болса, NB

онда, екінші жағынан, ол революцияға да сатқындық жасады» (73).

72-бет—европалық соғыс болғалы тұр деген сенім (оны Түркияға қарсы Россия бастайды). Парижде — «революцияның орталығында» (72) — және «Батыс Европада» (sic!! *7 1—2:* «Батыс Европа») революция өршіп келеді...

Францияда революция өршіп келеді (74), шаруалар қозғалысқа тартылады, осыдан келіп «революцияның тез арада жеңетіндігіне сенім туады» дейді (74) (sic!!)...

СЕН-СИМОННЫҢ НАҚЫЛ СӨЗІ

...«Франция өзінің таңдаулы мың жұмысшысы өлгенінен гөрі өзінің мың жоғарғы чиновниктерінің немесе король семьясы мүшелерінің кенеттен қаза тапқанынан олшеусіз аз зиян шеккен болар еді деген *Сен-Симонның* пікірі — осы үшін өзі айыпталған пікірі жұртқа мәлім» (Эмиль Калерде 11-бет. «Вильгельм Вейтлинг», Цюрих, 1887, «Социал-демократиялық кітапхананың» XI номері).

(((Брокгауздың Энциклопедиялық сөздігі бойынша, немісше, Сен-Симон мұны 1000 жөнінде емес, 10 000 жөнінде айтқан (NB) — «Ұйымдастырушының» бірінші кітабында, «Саяси нақлиятта» айтқан (1820).)))

«БРЕЙЛСФОРД» ДӘПТЕРІ

Мазмұны

Брейлсфорд I[95]
***164*-беттен алынған үзінділерді салыстырыңыз**
Брейлсфорд II

БРЕЙЛСФОРД. «БОЛАТ ПЕН АЛТЫННЫҢ СОҒЫСЫ»

Генри Ноэл Брейлсфорд. «Болат пен алтынның соғысы».

Қарулапған дүниені зерттеу. Лондон, 1914.
(Кітап 1914 ж. мартта шыққан деп белгіленген)
(317 бет)

«Балқанда Австрия Үш жақты одақтың басым ықпалына сүйеніп, өзіне Салоникиге жол салу үшін және ең болмағанда Македонияның бір бөлегін аннексиялау үшін жас түріктер революциясынан кейін болған дағдарыстардың бірін пайдалануы әбден ықтимал...

Франция империясы құлағаннан бастап француз-орыс одағы құрылғанға дейінгі екі аралықта өткен ширек ғасырдың ішінде Европа герман «гегемониясының» ұзақ тәжірибесін корді. Апатқа ұшыратарлық еш нәрсе болған жоқ. Ұсақ мемлекеттердің бірде-бірі шапқыншылыққа ұшырамады, бірде-бір көршілес шекара өзгертілген жоқ, бірде-бір тақ құлатылған жоқ, қандай болса да ұлттық және діни бостандықтарға қауіп-қатер төнген жоқ» (34-бет).

«Европада жаулап алу заманы бітті; ал егер Балқанды, бәлкім, Австрия мен Россия империяларының шет аймақтарын есептемесек, онда біздің қазіргі ұлттық мемлекеттеріміздің шекаралары біржолата орнықты деп, саясатта

барынша мүмкін болатын сеніммен айтуға болады. Менің өз басым ұлы алты держава арасында енді соғыс болмайды деп ойлаймын» (35-бет).

«Европаның қазіргі территориялық құрылысы, біразын қоспағанда, ұлттық шекаралардың бойымен өтеді» (35-бет).

«Германия Атлас баурайынан темір рудасын шығарып, оны болат рельстер түрінде Бағдатқа жіберуге тиісті ме? Бұл қазіргі дипломатияның дағдылы мәселесі, сондықтан, ақылға салып ойласақ, бұл мәселе ескі дүниенің Испанияның королі кім болуға тиіс—Бурбон ба, әлде Габсбург па—деген әдеттегі мәселесінен әлдеқайда маңыздырақ. Осы мәселені, сондай-ақ басқа да осы тәрізді мәселелерді шешу үшін Европа жастары әскери қатаң тәрбиеден өтуде, соғыс кемелері жасалып, салықтар босқа ысырап етілуде. Ең болмағанда Европаның бір акр жерінің тағдырына немесе оның иелігіне әсер етерліктей еш нәрсе тәуекелге тігілген жоқ. Бұл мәселелер басқаша шешілген күнде де, не болмаса мүлде шешілмеген күнде де европалық мемлекеттің қайсысының болсын саясатында, дінінде немесе қоғамдық өмірінде ештеңе де өзгермеген болар еді» (36-бет).

«Марокко темір рудасының Крезода француз зеңбіректерін құйып шығаруға жұмсалмай, Эссенде герман зеңбіректерін құйып шығаруға жұмсалатындығына Англияда кім назар аудармақ?» (36-бет).

«Германиямен арадағы қарым-қатынаста дүрдараздықтың басталуына себепші болған Англия мен Франция арасында шын жүректен жасалған келісім, дүние жүзі жұртшылығына мәлім болып отырғанындай, бір ғана документке—Египет пен Мароккода француз және ағылшын мүдделерін іс жүзінде реттеу болып табылған документке негізделген» (37-бет).

«Азамат соғыстары кезінде өте ауыр жағдайда қалған сұлтанға қарызға берген ақшасының орнына Мароккодағы барлық рудниктерді пайдалану жөнінде ерекше концессия алған германдық «Ағайынды Маннесман» фирмасының мақтануына әбден болады. Нақ осының өзі талас-тартыстың тақырыбы болғандығын Париж бен Берлин арасында жанжалды шешу мақсатымен жүргізілген келіс сөздерде талай рет талқыланған шарттар дәлелдеп отыр. Жанжалдың «шешілуі», немесе уақытша реттелуі, 1910 жылғы

келісіммен бітті; бұл келісімде порттар, темір жолдар, рудниктер салу және басқа да қоғамдық жұмыстар арқылы Мароккоды «игеруді» өзіне мақсат етіп отырған түрлі кәсіпорындар мен компанияларға Францияның финанс топтарымен қатар Германияның финанс топтары да қатысады деген бір ғана статья болды. Бұл келісім ешқандай да нақты нәтиже бермеді, сондықтан француз дипломатиясы мен француз финанс топтарының созбұйдаға салуы жөнінде Германияда арта түскен наразылық бұдан былайғы «келіс сөздердің» жаршысы ретінде Агадирға «Пантера» канонеркасын жіберуден айқын көрінді. Егер Кайо мырза өкімет басында қалған болса, бұл келіс сөздердің немен аяқталарын біз сенат комиссиясының кейінгі тексерулерінен біліп отырмыз. Ол Франция мен Германияның отарлау мүдделерін үйлестіріп қана коймай, сонымен қатар француз-герман қатынастарының бүкіл жиынтығын қамтитын жалпы келісімді де іске асырған болар еді. Оның жүргізе бастаған келіс сөздерінің барлық пункттері экономикалық сипатта болды, ал бұл пункттердің ең негізгісі француз финанс топтары тарапынан Бағдат темір жолына бойкот жасауға тыйым салу және герман бағалы қағаздарының Париж биржаларында қолданылуына жол беру жөніндегі ұсыныс болды. Француз патриоттарының арасында да, ағылшын империалистерінің арасында да Кайо мырзаның осы батыл қадамынан туған қауіп-қатер әлі де ұмыт болған жоқ, сондықтан оның кейбір жаңғырығы 1913 жылдың аяғында Кайо мырза үкіметке қайта оралған кезде Лондонда да, Парижде де естілді. Бұл ресми емес келіс сөздерде ол француз-герман қатынастарын қайта қараудың негізін салды; егер Кайо мырза тағы да бірнеше ай премьер болып қалған күнде, бұл қайта қарау Францияның ғана емес, сонымен қатар Европаның да саясатын өзгертуге тиіс болатын. Ол француз патриоттарының 1870 жыл үшін кек алмақ болған арманын іске асырмай тастамақшы деп қауіптенген француз патриоттары дабыл қақты. Егер Франция Германиямен арадағы тартысты бітістірсе, Англия оқшау қалады деп қорыққан ағылшын империалистері біздің консервативтік баспасөзде оған шабуыл жасады. Агадир дағдарысынан кейін болған жарыс сөздер кезінде (27 ноябрь, 1911) сэр Эдуард Грей өзінің бір сөзінде біздің дипломатия консервативтік

баспасөздің үрейленуіне қосылатынын көрсететін сөздерді қолданды. Оның айтуынша, Францияның герман дипломатиясы ықпалына түсіп кету қаупі болған. Нақ осы себепті,— бірақ Францияның Марокконы басып алғаны үшін Германияға оның Конгода берген компенсацияларының мөлшеріне біздің шындап көңіл бөлгендігімізден емес,— біз Кайо мырзаның мирасқорларының ымыраншылдығы кемірек дипломатиясын керек болған күнде тіпті қарудың күшімен де қолдауға әзір едік. Мұның өзі, сірә, Европа дипломатиясының ең жаңа тарихындағы өте-мөте өнеге боларлық жанжал болса керек» (38—40-беттер).

«Француздың Перье банкі жақында түрік үкіметіне миллион фунт қарыз берді; мұны түрік үкіметі Ньюкаслде жасалған крейсер-дредноутқа төленетін ақының есебіне берілген бірінші жарна ретінде пайдаланды. Бірнеше күн өткеннен кейін нақ сол банк, сірә, комиссиялық сыйлық ретінде болуы керек, Смирна — Дарданеллы темір жолына концессия алды деп жарияланды. Капитал экспорты кейбір товар айналысынсыз іске асырылмайды деп санай отырып, біз дегенмен, таптар социологиясы тұрғысынан, финанс операциясы мен жай товар айырбасының екі арасына айқын меже қоюымыз қажет. Экономикалық даму жағынан бірдей дәрежеде тұрған ұлттардың арасында болатын жай айырбастан гөрі дамыған кредит негізінде жүргізілетін сауда капитал жұмсаушы таптарға анағұрлым тиімді. Егер біз Уэльс көмірін Францияға жіберіп, оның орнына жасанды гүлдер алсақ, онда капитал екі есе пайда табады, ол—ағылшынның көмір кендерін иеленушілерінің пайдасы және француз тер сығып алушыларының пайдасы. Ал егер біз Аргентинаға қарызға ақша берсек, ол оған қарыз проценттін төлеу мақсатымен бізге сатуға ет әкелу үшін, бізден рельс сатып алатын болса, онда капитал үш есе пайда табады, ол—ағылшын болат өнеркәсібінің пайдасы, Аргентина ет саудасының пайдасы және ағылшын банкирлері мен инвесторларының пайдасы. Еңбек етпей алатын табыспен күнелтетін тап нақ осы үшінші пайданы көбірек бағалайды, сондықтан осы сияқты кредит базасын керек ететін сауданың түрін, ягни борышқор-әлсіздеу ұлттармен арадағы сауданы дамыту империализмнің мақсаты болып табылады» (73—74-беттер).

«Біздің шетелдерге және отарларға орналастырған капиталымыз 1882 жылдан 1893 жылға дейін таңданарлық-

тай шапшаң — жылына 74 проценттен өскенін Мэлхолл мырза *«Саяси экономия сөздігі»* үшін есептеп шығарыпты. Бірақ шешуші дәлелді сэр Роберт Гиффен келтірді. Ол 1899 жылы біздің шет мемлекеттермен және отарлармен товар сату арқылы жүргізген бүкіл сыртқы саудамыздан ғана 18 миллион стерлинг пайда түскенін есептеп шығарды. Ал шетелдерде және отарларда орналастырылған капиталдан нақ сол жылы түскен пайданы ол 90—100 миллион стерлинг деп анықтады» (77-бет).

«Осыдан он жыл өткеннен кейін, сэр Джордж Пэйш Корольдік статистика қоғамында жасаған баяндамасында айтқанындай, шетелдерде және отарларда орналастырылған капиталдан түскен біздің пайдамыз 140 миллион болған» (77—78-беттер).

«Олардың* сыртында елшіліктер, ал елшіліктердің сыртында бүкіл Европа флоттары тұр; егер европалық темір жол компанияларына немесе түрік облигацияларын ұстаушыларға беріледі деп кепілдік жасалған табыстарды төлеуде нендей бір кейінге қалдырушылық не қобалжушылық бола қалса, бұл флоттар бұйрық алған соң бірнеше сағат ішінде-ақ түрік суларына бағыт алған болар еді. Қысқасы, параның көмегімен барон Гирш және оған еліктеушілер мен ешбір адал адам қолын ұстап амандасуға арланатын түрік министрлері арасында жасалған арсыз, осімқорлық келісімдерді қолдау үшін дипломатия мен қару жұмсалады» (85-бет).

«Армия мен азаматтық қызмет орнының ұзақ уақыт бойы көп болғаны соншалық—бұған ауқатты буржуазияның балалары жете алатын болды. Мұндай адамдар үшін, ақырында, Индия мен Египеттің нақты маңызы болды,— бұлар — олардың балалары, аға-інілері немесе ең болмағанда немере аға-інілері «жақсы тұратын» жерлер» (86—87-беттер).

«Ғылым магистрі Дж. Т. Уолтон Ньюбольд *«Әшкереленген соғыс тресінде»* («Ұлттық жұмысшы баспасы», Манчестер, 1 пенс) негізінен ағылшын соғыс фирмаларының қарым-қатынастары жөнінде баяндайды. П. У. У.-дің *«Қарулану және патриотизмі»* («The Daily News», 1 пенс) түгелдей 1909 жылғы теңіз дүрбелеңін жасауға м-р Мюллнердің қатысуына арналған. Дж. Г. Перристің *«Соғыспен*

---

* түрік облигацияларын ұстаушылардың. *Ред.*

сауда жасаушыларында» («Ұлттық бейбітшілік советі», 167, С.-Стефенсхауз, Вестминстер, 2 пенс) басқа екі кітапшада келтірілген фактілердің көпшілігі кейбір қосымша материалдармен берілген. Бұлардың бәрі теріске шығаруға болмайтын ресми материалдарға негізделген» (89-бет, ескерту).

«Бұл гүлденген концерн. Үстіміздегі ғасырда Армстронг ешқашан да 10 проценттен кем төлеген емес және оның дивидендтері жиі-жиі 15 процентке жетіп отыратын. Францияның Крезодағы (Шнейдердің) ірі заводтары кейде тіпті 20 проценттен төлеп тұрды. Дредноут жасап, оны жабдықтау заказ алушы фирмаға кем дегенде *ширек миллион пайда* келтіруге NB тиіс. Мұндай мөлшер күш жұмсауға татиды, ал бұл фирмалардың саяси және қоғамдық қысым жасауына әбден мүмкіндігі бар. Тек бір ғана Армстронг заводы акционерлерінің тізімінде шонжарлардың немесе олардың әйелдерінің, ұлдары мен қыздарының 60 өкілінің, он бес баронеттің, рыцарьлар сословиесінің жиырма мүшесінің, сегіз парламент мүшесінің, бес епископ, жиырма әскери және теңіз офицерлері мен сегіз журналистің есімдері бар. Бұл фирмалардағы мүдделі адамдардың ішінде өткен жазда екі либерал министр, жоғары сот орнында істейтін бір адам және парламент оппозициясының екі лидері болды. Акционерлердің осы тізімдерінің және Теңіз лигасы мен Ұлттық әскери қызмет лигасы мүшелері реестрлерінің арасында қызықты сәйкестік бар» (90-бет).

«Шын фактілерді ол кезде рейхстагта адмирал фон Тирпиц, сондай-ақ Крупп фирмасының бастығы баяндап берген болатын. Парламент м-р Мюллинердің айтқанына сенуді дұрыс деп тапты. Осының нәтижесінде м-р Мак-Кенна «қауіпті кезеңде», яғни 1912 жылдың мартында Германияның он жеті дредноуты болады деп есептеп шығарды және осыған сәйкес өзінің программасын қайта қарады. М-р Бальфур тіпті Германияда 21 не 25 линиялық корабль болады деп жорамалдаған-ды. Адмирал фон Тирпицтің айтқаны шындық екенін кейінгі оқиғалар көрсетті: бұл кезең туған кезде Германияда тоғыз дредноут болды. Бұл қауіп-қатер бізге төрт «контингенттік» дредноутқа түсті — бұл шама оншама көп болмағанмен, Европадағы

кейістік пен сенімсіздікті ешқандай санмен есептеуге келмейтін мөлшерде шиеленістіре түсті» (91-бет).

«*Қару-жарақпен сауда жасайтын* фирмалардың *халықаралық қарым-қатынастары* сатира үшін тартымды тақырып болып табылады. Мұның түсіндірмесі фактілерден сөзсіз және айқын келіп шығады да, бұл жерде *әсірелеусіз-ақ* баяндалады. Капитал патриотизмнен жұрдай. Атақты герман фирмасы француз директорлардың басшылығында болып шығады. Герман фирмалары герман әскери флотының бақталасы болып отырған орыс әскери флотын қалпына келтіруде. Италияда британ фирмаларының бөлімшелері бар, олар біздің өз дредноуттарымыздың бақталасы болады деп жүрген нақ сол итальян дредноуттарын жасауда. Қару-жарақ шығаратын барлық басты фирмалар: ағылшын, француз, герман және американ фирмалары Нобель тресіне және, соңғы кезге дейін, Гарвей компаниясына кіретін-ді. Алжирдегі Уенц темір рудниктерін пайдалану үшін бір кезде француздың Шнейдер фирмасы мен германның Крупп фирмасы синдикат болып бірікті» (92-бет).

«Бүкіл дүние жүзінде осы батыл және бәріне жақсы қанық шоғырланған күштер қарусыздану мен бейбітшілікті жақтаушы неғұрлым бытыраңқы және бір орталықтан басшылық етуге онша көне қоймайтын күштерді үнемі басып-жаныштап отыр. Қарулану мен соғыс арқылы байып жатқан адамдар саны цивилизациялы дүниенің бүкіл халқымен салыстырғанда онша көп емес. Бірақ олардың жеке басының маңызы едәуір зор, олар империяны өз балаларының мансапқа жетуінің өрісі деп қарайтын «қоғаммен» және империяны капитал жұмсауға керекті сфера деп есептейтін финанс топтарымен одақтасып жұмыс істейді» (93-бет).

«Гладстон мырза өкімет басына Мидлотиан науқанынан кейін империализмге батыл қарсы қимыл жасау программасымен келді. Оның үкіметінің сыртқы саясаттағы басты әрекеті Египетті оккупациялау болды. Сол кезден бастап либерализмнің көкірегіне алдап-арбау ұялады» (103—104-беттер).

«Осындай әсермен либерализм империалистік партияға айналды; мұны сыртқы саясаттың бірден-бір ықтимал жетекшілері ретінде лорд Розбери, ал кейіннен сэр Эдуард Грей басқарды. Лорд Розбери неке жағынан Ротшильдтер

семьясымен байланысты еді, сондықтан нақ Ротшильдтің ықпалы Египетті оккупациялауға әкеліп соқтырды» (105-бет).

«Франциямен ажыраспағанымызда, *Шын жүректі келісім* бұдан жиырма жыл бұрын жасалуы мүмкін еді. Европалық қару-жарақ мұндайлық аса басым болмас еді, ал Бисмарк дипломатиясы азырақ салтанат құрған болар еді. Ал ең бастысы—орыс патшасының қазынасын француз алтынымен толтырған, сөйтіп Европадағы деспотиялардың ең мейірімсізін мәңгілік еткен одақ ешқашан да жасалмаған болар еді» (108-бет).

««1907 жылдың ішінде Кумассиде мынадай қоғамдық жұмыстар басталды немесе аяқталды: почта, әйелдер түрмесі, аурухана мен диспансер, европалық аурухана, европалықтардың киімін жуатын үйлер және Алтын жағалаудың полктарына арналған бірнеше үйлер».

Бір бетті ашып қарасаң, «13 шұңқырлық гольф ойнайтын алаң жасалғанын» білесің. Алтын рудниктері, түрмелер, казармалар, европалықтардың киімін жуу үшін қоғамдық ақшаға салған кір жуатын үй және гольф ойнайтын алаң—міне, біздің цивилизаторлық жұмысымыз осындай. Бірақ бір де мектеп жоқ» (127-бет).

«Басқаша айтқанда, өкімет басында қандай партия болса да, сыртқы істер министрі әрқашан да империалист болады, ол «The Times», Сити және консервативтік партия сөзсіз сенетін адам болады. Рим католигі лорд-канцлер бола алмайтыны сияқты, радикалдың да сыртқы істер министрі болу мүмкіндігі шамалы. «Мирасқорлық» доктринасының мәнісі — сыртқы істер іс жүзінде партиялық үкіметтің ықпалынан алынып, қазірде тек қана билеуші таптардың ықпалына, яғни сарай маңын төңіректеп, қоғамға араласып жүргендердің, армияны және азаматтық қызметті өздерінің семьяларына бекітіліп берілген іс деп қарайтын және британ аралдарынан басқа жердегі дүниені негізінен өздерінің басы артық байлықтарын орналастыру үшін керекті сфера деп санайтын адамдардың ой-пікіріне бағындырылған деген сөз» (132-бет).

«Қауымдар палатасының шарттар жөніндегі әлсіздігі бұдан да бетер маңызды. Егер оларда финанс статьялары болмаса, онда оларды парламенттің қарауына қою міндетті емес және оларға біржолата қол қойылып, бекітіліп, жарияланғанға дейін оларды ешқандай талқылау болмақ

емес. Ал оның бер жағында, құпия шарттың бізді матап тастайтын салдары жарияланған шарттағыдан кем емес. Бір британ үкіметі тиісінше қол қойып, бекіткен құпия шарт оның мұрагерлеріне қол байлау болады. Теория жүзінде—король мен оның сыртқы істер министрі өздерінің кабинет жөніндегі әріптестерінің келісімі бойынша қимыл жасай отырып, сайланып қойылатын өкілдерден сұрамай-ақ, осы аралдардың өздері басқарып отырған қырық миллион халқының атынан өздеріне ең маңызды және елеулі міндеттемелер алуына правосы бар» (137—138-беттер).

«Бұл хаттарда бүкіл кабинет және тіпті оның басшысы билік бермесе де, үнемі өте маңызды мәселелерді шешіп жүрген Пальмерстонға премьер-министр лорд Джон Россельдің мүлде бақылау жасай алмайтыны ашық мойындалған. Пальмерстонның тіпті асқақтап кеткені соншалық, ол қоғамдық пікірдің ғана емес, тіпті королеваның және өз әріптестерінің тілегіне де қарама-қарсы, тікелей өзінің жеке басының жауапкершілігімен Луи Наполеонды coup d'état* кейін таныды. Пальмерстонды орнынан алу керек деген кеңестерге лорд Джон Россель әрқашан былай деп жауап беретін: егер оны орнынан алсақ, онда ол оппозицияның қатарына кіріп, үкіметті құлату арқылы кек алады. Бұл қауіптің қаншалықты негізі болғанын төмендегі оқиғалар көрсетті. Ақыр соңында Пальмерстон 1851 жылғы декабрьдің аяғында орнынан түсуге мәжбүр болды. Бірақ 1852 жылдың февралында-ақ ол өзінің бұрынғы әріптестерін орнынан тайдырды. Министрді орнынан босата алмайтын кабинет оған қимыл бостандығын беруге әзір болуға тиіс» (143—144-беттер).

«Екінші жағынан, ол** араласқан дүние монархтар мен үкіметтердің дүниесі еді. Королева ұлттарды білмеді де, танымады да. 1848 және 1860 жылдар арасында болған, итальян ұлтын жасаған зор сілкіністерден ол Сардинияның Австрияға бірнеше рет жасаған шабуылдарынан басқа ештеңе көре алмады» (148—149-беттер).

«Пальмерстон мен Луи Наполеон Ломбардияның тағдырын шешу үшін плебисцит өткізу жөнінде 1848 жылы келіс сөздер жүргізген кезде, королева жалпыға бірдей дауыс беру арқылы халықтардың азаматтығын өзгертуге ерік

* — мемлекеттік төңкерістен. *Ред.*
** — королева. *Ред.*

берілетін болса, онда «тұтас ғасырлар бойына апат болады» деп мәлімдеді» (149-бет).

«Ұлттық дағдарыс кездерінде демократиялардың тиянақтылығына сенім арту мүмкін болардан бұрын тәрбиелік насихатты күшейту қажет, принциптерді орнықтыру үшін саналылықпен көп күш-жігер жұмсауымыз қажет» (160-бет).

«Ізгі ниетті абстракциялар мен қызба сөздерге инстинктілі түрде: «Сіз, шындығында, қандай заем, концессия және экономикалық мүдделер сферасы туралы айтып тұрсыз?» деген сұрақпен жауап беру үшін жалпыға бірдей және терең скептицизмді тарату қажет. Мұндай міндет бейбітшілікті жақтаушы біздің арнаулы насихатшыларымыздың қызмет шеңберінен, ал кейде түсінігінен де тыс жатады» (160-бет).

«Бүгін қарусыздану мен арбитраж туралы айта тұрып, ертеңгі күні ол дипломатия мен финанстың қазіргі байланысын қолдайтын ірі мердігерлер мен банкирлерге тәуелділігі жағынан өзінің бақталасынан ешбір кем түспейтін партияға қызмет ететін болады. Бейбітшілік мақсатындағы тәрбиелік және ұйымдастыру жұмысын тек социалистік партиялар ғана тиісті дәрежеде жүргізуде және тек солар ғана милитаризм мен империализмге әрқашан да бірауыздан қарсы шығатын күш болып табылады» (161-бет).

«...соғыс—анахронизм, ол жеке меншікті қастерлеуге негізделген және өз істерін космополиттік кредит жүйесінің негізінде жүргізіп дағдыланған қоғамда мүмкін емес дерлік құбылыс» (162-бет).

«Соғыс— ұлттық мүдделер тұрғысынан алып қарағанда есуастық делік, осыған қарамастан соғыс саны жағынан аз, бірақ құдіретті билеуші таптардың тұрғысынан алып қарағанда әбден орынды іс болуы мүмкін» (163-бет).

«*Қазіргі империалист* «күн аясындағы жерлерге» көзін тігіп отырған жоқ. Ол «қанау үшін» керекті жаңа елдерді, ешкімнің қолы тимеген рудниктері, өңделмеген жерлері, банксіз қалалары, рельссіз жолдары бар, үлкен үміт күттіретін аймақтарды іздеуде. Оның аңсаған мүмкіндіктері осылар. Ол бұл
NB мүмкіндіктерді жауласпай алуға риза, ол соғысты тілемейді. Оның мұраты — бұларды экономикалық мүдделер сферасы ретінде қоршап алу, сонда ол ұлт-

тық монополия негізінде осы сфераның ішінде өз капиталын орналастыра алады.

Егер қару-жарақтың өміршеңдігін түсінгіміз келсе, онда бұл біздің анық пайымдауымызды керек ететін процесс. Бірақ бұл процесс Норман Эйнджелл мырзаның доктринасында тым аз ескерілген (164-бет).

«Үш жақты келісім үстемдік етіп тұрғанда, ол Мароккоцы басып алады, Персияны бөліске салады. Үш жақты одақ басым болған кезде, ол Триполиді басып алады, Боснияға өз билігін жүргізуді қамтамасыз етеді, Азиялық Түркияға экономикалық жағынан енуді ойдағыдай жүзеге асырады» (167-бет).

«Сыпайыгерлік пен екіжүзділіктің аярлық кодексін бетке ұстап, дипломатияның, бір жағынан, қару-жарақпен және, екінші жағынан, финанспен байланысын бүркемелеу біздің цивилизацияға тән нәрсе болып отыр» (168-бет).

«Егер барлық ұлы державалар кенеттен жүйелі ақылға келіп, күні ертең өз қаруларының тең жартысын қысқарту туралы шешім қабылдайтын болса, мұның өзі бедел мен күш арасында тепе-теңдік орнатпақ болған әрекет кезінде туатын арылмас жанжалдың моральдық зардаптарынан бізді тыс қалдырмаған болар еді» (169-бет).

«Комитет құрамының жақсы болуы сыртқы істер министрлігі саясатының шын мәнісінде ұлттың еркін білдіретіндігінің біршама кепілі болар еді» (213-бет).

«Осы сияқты ұсыныстарға, әсіресе сыртқы саясат жөнінде тұрақты комитет құру ісіне өз назарын барынша аударған күнде ғана демократия бейбітшілік пен соғысты белгілейтін, қару-жарақтың өсуіне себепші болатын және біздің бүкіл әлемде адамгершілік ісіне қызмет ету мүмкіндігімізге шек қоятын факторларға шешуші әсер ете аламыз деп сенуіне болады» (217-бет).

«Сити 1854 жылдан *1906* жылға дейін *Россияға* бойкот жасады. *1906* жылғы заем сэр *Эдуард Грейдің* сөзінде айтылған емеуріннен кейін және «The Times»-тің сол кезде жүргізіліп жатқан келіссөздер нәтижесінде саяси келісім жасалады деп болжау айтқан көрінеу арандатушылық мақалаларынан кейін берілді. Финанс пен дипломатия бір-біріне өзара қызмет етеді, сөйтіп олар қазіргі дүниеде бір- NB

бiрiне қажет болып отыр. Іс жүзiнде өзiнiң артында бай елдiң экспорт капиталы тұрғанын, бұл капиталды оның қарызға берyi немесе бермей қоюы мүмкiн екенiн бiлетiндiгi борышқор мемлекетпен iстес дипломатия үшiн орасан зор көмек болып табылады. Егер қандай да болсын бiр держава немесе бiр топ державалар дүние жүзiлiк ақша рыногында монополияны ең болмағанда бiрнеше жыл ұстап тұрған болса және оны саяси мақсаттарға әдейi пайдаланған болса, онда олар сайып келгенде Россияға, Қытайға, Түркияға және Латын Америкасы республикаларына өз айтқанын iстеттiрген болар едi» (221-бет).

«Россия осал, өйткенi ол, Латын Америкасы республикаларының кез келгенi сияқты, өзiнiң батыс рыноктардағы атақ-абыройына тәуелдi. Ол өз заемдарының денiн шетелдерге орналастыруға тиiс. Өзiнiң iшкi ресурстарынан ол тiптi өз қалаларының муниципалдық кәсiпорындарын да қамтамасыз ете алмайды. Оның пайдаланылмай жатқан көмiр және темiр кендерi мен мұнай кәсiпшiлiктерi шетел капиталдарының ұрығы себiлуiн күтуде. Егер бiз үшiн Германияның пiкiрi қандай маңыз алатынын бiр сәт көзге елестетер болсақ, егер бiз өзiмiздiң консолидi «Дейче банк» арқылы шығаруға мәжбүр болсақ, егер Манчестердiң өз трамвайларын жасау үшiн Берлиннен ақша сұрауына тура келген болса, егер Оңтүстiк Уэльстегi көмiр шахтасының әйтеуiр бiр Гамбург финансисiнiң жақсы пiкiр беруiн көздеуiне тура келсе, онда бiз ағылшын халқының жақсы пiкiр айтуының орыс үкiметi үшiн неліктен және қаншалықты маңызы бар екенiн жалпы сарында болса да түсiнген болар едiк. Кредит—нәзiк нәрсе. Ағылшын инвесторлары Россияны не өзiмiз үшiн қауiптi жау империя деп, не революция қаупiне ұшырап отырған осал автократия деп есептеп келген кезде, орыс финансистерi Ситиге нәтижесiз ұсыныстар жасаумен болды. Сақтық, патриотизм және адамгершiлiк—бұлардың бәрi оларға қарсы болды. Консервативтiк баспасөз *жақындасуды* қорғап шыққан кезде, «The Times» самодержавиенiң беделiн түсiруге бағытталған хабарларға көрнектi жерден орын берудi тоқтатқан кезде және Персия жөнiндегi келiсiм жасалу процесiнде тұрғандығы белгiлi болған кезде, дәулеттi таптардың көзқарасы өзгере бастады. Позицияның бұл

өзгеруінің себебі құпия сыр емес-ті. Сэр Эдуард Грей Европада қайтадан тепе-теңдік орнату үшін Россияны ұлы держава есебінде қалпына келтіру қажет деп мәлімдеді. Қарапайым тілмен айтқанда, мұның өзі біздің дипломатия Германияға қарсы орыстардың көмегіне мұқтаж деген сөз еді, ал Франция татуласуды көздеп, соны ұйымдастырып жүрген-ді. 1906 жылдың алғашқы айлары орыс финансы үшін ауыр кезең болды және бұл оның конституциясының дамуындағы ауыр кезеңмен тұстас келді. Ол Батыс Европадан жүз миллион заем алуға тырысқан кезеңде бірінші думаның сайлауы өту керек еді. Конституция әлі де бір жапырақ қағаз жүзінде ғана болатын. Істің бәрі думаның қалыптасу қабілетіне, бюрократияны өзінің бақылауына бағындыруына, өзін Россиядағы жоғарғы өкімет етуіне байланысты болды. Бұл үшін онда тек бір ғана айқын әдіс бар-ды. Ол қазынаға бақылау жасауды өз қолына алуға тиіс еді, ал ол кезде мұның мәнісі осы шетелдік заемға бақылау жасау деген сөз еді. Егерде заем дума жиналғанға дейін жасалған болса, онда бюрократия оны толық әскери қазыпамен қарсы алған болар еді. Бірнеше айлар немесе апталар бойы Европадағы жұртшылық пікірі Россия тағдырының потенциалды қожайыны болды. Ол өзінің конституциялық қозғалысты ұнататынын ашық мәлімдеді және соны ұнататынын пәрменді етуге мүмкіндігі болды. Орыс либералдары (кадеттер) социалистермен бірлесе отырып, заемның берілуіне думаның келісімі болуын талап етті. Мұның өзі заемды екі немесе үш айға кешеуілдететін еді, бірақ кеңшілік жасағанына енді өкіне бастаған патшаға парламенттік көпшіліктің дегенін істетуіне мүмкіндік берген болар еді. Жаңа ғана сайлауда мықтап жеңіске жеткен либералдар мен социалистер патша министрлеріне былай деген болар еді: «Россия біздің жағымызда, Европа біздің жағымызда. Сіздердің қазыналарыңыз қаңырап қалған, сіздердің кредиттеріңіз таусылып біткен. Егер сіздер бізде жауапты үкіметтің толық праволары бар деп білетін болсаңыздар, онда біз сіздердің салықтарыңызды бекітеміз және сіздердің заемдарыңызды мақұлдаймыз. Егер сіздер біздің бұл праволарымызды бермесеңіздер, онда сіздер өздеріңіздің қысымдарыңызды қаржыландыратын ақшаны Лондоннан да, Париждең де таба алмайсыздар, бұған біз кәміл сенеміз». Бірақ 1906 жылдың мартында-ақ Париж бен Лондонда үлкен заем

жүзеге асырылған болатын, сондықтан майда, дума жиналған кезде, ол Россия тарапынан қорқатын да ештеңесі жоқ, және Европа тарапынан енді күтетін де ештеңесі жоқ үкіметпен бетпе-бет кездесті. Европа бұл үкіметке өз казактарына ақы төлеуге мүмкіндік берді. Біз екі ұрпақтың өмірі ішінде патшалар үшін ақша рыногын жауып тастаған едік, енді оны тиісті мерзімінен үш ай бұрын ашып отырмыз. Егер біз, орыстың либералдық баспасөзі өтінгеніндей, осы үш ай бойы аялдай тұрған болсақ, онда, сірә, прогресшіл партиялардың мерейі үстем болып шығар еді. Егер өздерінің ту сыртында финансист тұрмаса, казактар пәлендей ештеңе істей алмайды. Бірақ егер шетелдік банктер деспоттың мұқтажын күні бұрын-ақ қанағаттандырып қойған болса, онда ешбір парламент дәстүрлі бюджет құралын тиімді пайдалана алмайды. Мәселенің шешімі бұл жолы Лондонға байланысты болды. Орыстардың тиянақсыз былығын қолдау жүгін ауырсынған Париж банктері бұл пайдалы ауыртпалыққа ағылшын банктерінің де қатысуын осы заемды қолдаудың шарты етіп қойды. Дума санкциясын алу үшін қажетті қысқаша мұрсат беруді талап ету ағылшын банктеріне байланысты еді. «Істің аты іс» деуге болады; заем орналастырғаны үшін банкирге үлкен комиссия ұсынылып отырған кезде ол өз әрекетінің бөтен халықтың бостандығына тигізетін барлық зардаптарын таразыға салады деп дәмеленуге болмайды ғой» (225—228-беттер).

«Біз өзіміздің айлақорлығымызды барынша жұмсап бақсақ та, орыстың адалдығын сатып ала алмадық және Россияның біздің герман бәсекелесімізге көлгірсуіне кедергі жасай алмадық. Ал істің бүкіл түйіні біздің қолымызда болды ғой. Германия Россия үшін көп нәрсе жасай алады, бірақ оған қарызға ақша бере алмайды. Егер біз заем бермес бұрын шарт қойған болсақ және тіпті алтынның ағылып баруын тоқтатсақ, біз орыс саясатына біраз бақылау жасай алған болар едік. Егер бізді Франция қолдаған болса (ал Марокко дағдарысы кезінде біздің сіңірген еңбегіміз оның қолдауына татиды), Россияға былай деуге болар еді: «Әзірге Персия эвакуацияланбай тұрғанда, ақша да болмайды». Сайып келгенде, Персия Россия үшін — сән-салтанат; ал ақша болса — қажеттілік» (229).

«Европа біраз күш жұмсады немесе күш жұмсап отырғандай түр көрсетті, бірақ Балқан соғыстарының бұрқ

ете түсуіне кедергі жасарлықтай мұның онша септігі болмады. Мұның сәтсіз болған себебі—бұл әрекет шын жүректен жасалмады. Россияның соғысты болғызбауға тырыспағаны былай тұрсын, қайта іс жүзінде оның Балқан лигасын құруға басшылық ете отырып, соғысты ұйымдастырғанын біз қазір білеміз. Ол одақтастардың ешқайсысына да жаулап алынған территорияны ұстап тұруға рұқсат етілмейді деп мәлімдеп, державалардың концертіне қосылып кетті де, нақ сол кезеңде ол бөліс жайындағы келісімге өзінің мөрін басып, территорияны бөлісу кезінде төрешілік қызметті өз міндетіне алды. Мұндай екіжүзділік державалардың қандай да болсын концертін жарамсыз етеді. Егер француз банктерінің соғысып жатқандарға қаржы беруіне тыйым салынған болса, бұл соғыстардың бәрін де болғызбауға болар еді. Бірақ оларға мұндай тыйым салынбады, өйткені Россия басқаша болуын қалаған еді» (230—231-беттер).

«Екінші жағынан, пеонаж деген атпен белгілі болған система бүкіл Латын Америкасына жайылған, ал бұл системаның іс-әрекетіне көмектесіп отырған капитал—көбінесе шетел капиталы, ал кейде ағылшын капиталы. Мұның өзі Мексика мен Бразилияда және, мүмкін, Оңтүстік Американың барлық неғұрлым артта қалған республикаларында ережеге айналған. Құрбандық, әдетте, байырғы адам, ал кейде ақ адам немесе мулат, плантаторға немесе көпеске борышқорлық кіріптарлыққа түседі, сөйтіп Латын Америкасының Truck Acts*-ті білмейтін борышқорлар мен кредиторлар туралы заңы бойынша олар қашан борышын өтеп болғанға дейін іс жүзінде оның құлы болады. Бірақ борыш ешқашан да өтеліп бітпейді; кітапты плантатор жүргізеді. Осы айдан айқын жалған борышқорлықтың бүркеуімен құлдарды сату, сатып алу ісі жүргізіледі, тұтас деревнялар құртылып жіберіледі, жер иесі-шаруалар крепостнойлардың дәрежесіне түсіріледі; тұтас тайпалар алыс аймақтарға жер аударылып, ол жерлерде қанауға түседі. Балаларды сатып алады және сатады, жас әйелдерді жез өкшелікті кәсіп етуге дейін жеткізеді. Осының бәрі—Латын Америкасын цивилизациялаудың дағдылы көрінісі. Алайда бұл елдерге өтіп отырған шетелдік капитал өзін қоршаған ортаға бейімделіп алып, өзін Мексикада да

* — жалақыны заттай төлеу туралы ережені. *Ред.*

өз еліндегідей ұстайды. Ол сылбыр испан помещигі қолданып отырған біршама енжар, тиімсіз қанауды қаталдығы мен көлемі жағынан осы елдің әдет-салтынан әлдеқайда асып түсетін кең құлашты пәрменді қанау жүйесіне айналдырады. Бұл көрініс европалық демократия қол қусырып, немқұрайды қарайтын көріністердей емес. Егер Мексиканың немесе Бразилияның халқы өзінің капиталистік системасын жасаған болса, онда ол системаның әкелетін күйзелтуі қандай болғанымен де, процесті өзінің табиғи ағысымен жіберу керектігі айқын. Таза мексикандық дертке мексикандардың өздері ем табуға тиіс. Бірақ европалық финансист біздің арсеналдан алынған ресурстармен қаруланған күйінде әрекет жасап, біздің жалауымыздың қорғауымен және біздің абыройымызды бетке ұстап, жаулап алу және қанау жолымен шеру тартып келеді» (236—237-беттер).

«Санкция[96] беруге болатын-болмайтыны дау туғызып отырған аудандар айта қаларлықтай болады және бұларға жататындар Россия, Түркия, Қытай, Персия, португал отарлары, Латын Америкасының үлкен бір бөлегі болмақ» (242—243-беттер).

«Егер Англия мен Германия XX ғасырда өздерінің қару-жарағын көбейту үшін жұмсаған соманы алсақ, онда өсімді шамамен былай деп долбарлап бөлуге болар еді: Марокконы кім қанауға тиіс деген мәселені шешу үшін 50% немесе бұдан сәл азырағы; Бағдатқа дейін және одан әрі темір жол салуға пұрсаттылық алу үшін 25% немесе бұдан көбірек; болашақтың әлі де болса шешілмей отырған мәселелерін—Африкадағы португал отарларының тағдыры туралы және Қытайдың тағдыры туралы мәселені шешу үшін 25% немесе бұдан көбірек. Екіншіден, ықпал ету сферасына шек қою бөліске түскен елдің ұлттық тіршілігіне сөзсіз дерлік қатер туғызады және империалистік держава міндеттемелерінің сұрапыл ауыртпалығын дәл сондай сөзсіз арттырады. Персия осындай жағдайды айқын көрсетіп отыр. Оқиғалардың барысында британ сферасын басқару жөнінде қандай да болсын тікелей жауапкершілікті сэр Эдуард Грейдің лажсыздан өз мойнына алғысы келмейтіні анық. Оның шешімі мақтауға тұрарлық, бірақ Россия бұл шешімді кез келген сәтте жоққа шығара алады» (246—247-беттер).

«Біздің өзіміздің аса зор үлеске, яғни Янцзы алқабын алуға ұмтылу ниетімізді басқа державалардың бірде-біреуі мойындамайды, ал бұл ниетті сыртқы істер министрлігінің қолдайтын-қолдамайтындығы да әлі екіталай» (248-бет).

«Бұл шетелге капитал шығаратын бүкіл таптың мүддесі үшін істеледі. Бірақ өнеркәсіптің тікелей мүдделі екенін елемеу немесе оны көміту ессіздік болар еді. Бұл—саяси топтардың арасында тамырын терең жайған мүдде және, мистер Мюллинердің ерлігі көрсетіп отырғанындай, бұл—өте өміршең және жігерлі мүдде. Егер саяси өмір алдағы уақытта да осы бағытпен дами беретін болса, онда либералдық партияның қорлары Марконидің кәсіпорындарына емес, Крупптың заводтарына орналастырылғандығының біліпіп қалуы ертеңгі күннің үлкен жанжалы болады» (267—268-беттер).

«Англия мен Россияның Персияда орасан зор материалдық—саяси, стратегиялық және сауда—мүдделері болып отырғандығы себепті ғана олар парсы халқының тағдырын билеп-төстеуге праволы деу неткен жан түршігерлік теория» (290-бет).

«Концерттің (ұлы державалардың) үстемдігі жөніндегі осы принципті қабылдау бірден үйлесімділік туғызып, қару-жарақты қысқартуға жеткізеді деп ойлау, әрине, ессіздік болар еді. Бірақ бұл принципті қабылдау дереу мынадай нәтижелерге жеткізер еді: ол цивилизациялы дүниенің сана-сезімі үшін моральдық норма жасаған болар еді; ол қандай да болсын саясаттың адалдығын сынақтан өткізу үшін объективті критерий берген болар еді, ал ең бастысы—бейбітшілікті қолдаушы барлық жақтардың келісуіне болатын жалпы негізді жасаған болар еді. Ол европалық шиеленісті бірте-бірте бәсеңдетуге, қазіргі бар одақтарды бірте-бірте әлсіретуге бастар еді де, күндердің күнінде қару-жарақты қысқарту туралы ұсыныс, ал мүмкін жалпы европалық мәселелерді шешу үшін еркін федерациялық совет құру жоспары да, тым болмағанда, талқылауға тұрарлық мәселелерге айнала алатын жағдай жасаған болар еді» (293-бет).

«Таптық эгоизм тұрғысынан алғанда капиталистер табы қарулануды әбден тиімді нәрсе деп түсінеді; қару-жарақты көбейтудегі бақталастық жеткілікті негізделген, сондықтан күштердің тепе-теңдігі үшін күрес қазіргі финанс

системасының фазасы мен көрінісі болып табылады» (310-бет).

«Мемлекеттерді жікке бөліп отырған мүдделер мәні жағынан пасықтық және пайдакүнемдік мүдделер дегенге жұрттың сенгісі келмейді. Біз ол мүдделерді керемет, дерексіз сөздермен әсірелейміз; біз өткендегі ерлік заманды еске түсіреміз. От басымыз қауіпті жағдайда және дініміз бен бостандығымызға қатер төніп тұр деп өзімізді қашан сендіргенге дейін, біз күштердің тепе-теңдігі жөніндегі аңыз болған мұраны малданып жүре береміз. Бірақ біздің кезімізде ескі дүниенің бұл қорқыныштары, Мальбороның немесе Веллингтонның елестері сияқты, шындыққа онша жанаса қоймайды. Қазір державалар әсте өмірлік маңызы бар нәрсе үшін, біздің от басымызға, біздің күнделікті тіршілігімізге қатысты нәрсе үшін күресіп отырған жоқ. Бұқараның романтикалық сентиментальдылігі билеуші таптың жәдігөйлік реализмінің сойылын соғушы болып отыр» (315—316-беттер).

«МАРКСИЗМ ЖӘНЕ ИМПЕРИАЛИЗМ ТУРАЛЫ» ДӘПТЕР

Мазмұны

1) **Маркстің Энгельспен жазысқан хаттары**
2) ***Марксизм*** **және** ***империализм*** ***туралы*** **дәптерлер**[97].
1) «К. Маркс пен Фр. Энгельстің өмірбаяны жөніндегі жаңа материалдар». Фр. *Мерингтікі* 1—11
2) «Англияның экспансиясы». Дж. Р. *Силидікі* 15—26
3) «Германияның отаршылдық және дүние жүзілік саясаты туралы» Пауль *Дендікі* 27—46

МЕРИНГ. «МАРКС ПЕН ЭНГЕЛЬСТІҢ ӨМІРБАЯНЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖАҢА МАТЕРИАЛДАР»

Ф. Меринг. «К. Маркс пен Ф. Энгельстің өмірбаяны жөніндегі жаңа материалдар». «Die Neue Zeit», шыға бастағанына 25-жыл (1907).

«Мадзинидің саясатын мен мүлде жалған саясат деп санаймын. Италияны дереу Австриядан қол үзуге итермелеп, ол тек қана Австрия мүдделері үшін әрекет етіп отыр. Екінші жағынан, ол өзінің шаруаларға, Италияның осы ғасырлар бойы қаналып отырған бөлегіне сөз салуы керек екенін ұмытып отыр, сойтіп, осыны ұмыта отырып, ол контрреволюция үшін жаңа тірек әзірлеп отыр. Мадзини мырза либерал дворяндары мен «оқыған азаматтары» бар қалаларды ғана біледі. Өзінің бүкіл қан-сөлі сығып алынған және ирланд шаруалары сияқты үнемі әбден титығына жеткізіліп, топастанылған итальян село халқының материалдық қажеттері Мадзинидің космополиттік-неокатоликтік-идеологиялық манифестерінің лепірмелі жел сөзде-

рі үшін, әлбетте, тым сүреңсіз. Алайда буржуазия мен дворяндарға: Италияның тәуелсіз болуына қарай жасалған бірінші адым шаруаларды толық азат ету және аренданың жарма-жаршы системасын ерікті буржуазиялық меншікке айналдыруда болып отыр деп мәлімдеу үшін көп ерлік керек екені күмәнсыз. Сірә, Мадзини *он миллиондаған адамды өз жағына тартқаннан гөрі*, он миллион франк заемның революциялық маңызы көбірек деп санайтын болу керек. Қысылшаң кезеңде Италиядағы жер иелену формасын Австрия үкіметінің өзі өзгертіп, реформаны «галициядағыша» жүргізе ме деп мен өте қауіптенемін» (58—59-беттер)[98].

«Ал енді маған келсеңіз, *қазіргі қоғамда таптар барлығын* табу да менің сіңірген еңбегім емес, олардың арасындағы *күресін табу да* менің сіңірген еңбегім емес. *Буржуазия* тарихшылары осы таптар күресінің тарихи дамуын, ал буржуазия экономистері таптардың экономикалық анатомиясын менен *көп бұрын* баяндап жазған-ды. *Менің істеген жаңалығым*— мыналарды дәлелдеп көрсеткендігім болды: 1) таптардың өмір сүруі өндіріс дамуының *белгілі бір* тарихи фазасына *ғана байланысты,* 2) тап күресі сөзсіз *пролетариат диктатурасына жеткізеді,* 3) бұл диктатураның *өзі* ТАП АТАУЛЫНЫ ҚҰРТЫП, таптар болмайтын қоғамға жетудегі ӨТКЕЛ *ғана* болады*. Гейнцен тәрізді, тек күресті ғана емес, сонымен қатар таптардың өмір сүруінің өзін де жоққа шығарып отырған падан нақұрыстар осынысы арқылы өздерінің қан құмар және бейне бір адам сүйгіштік даурықпаларының бәріне қарамастан, буржуазияның үстемдігі негізделіп отырған қоғамдық жағдайларды тарихтың соңғы жемісі, ең шегі деп есептейтіндігін ғана дәлелдеп отыр, *өздерінің буржуазияның малайлары ғана* екендігін дәлелдеп отыр. Ал бұл ақымақтар буржуазиялық құрылыстың өзінің ұлылығы мен өткінші қажеттігін де неғұрлым аз түсінген сайын, әлгі малайлық ету соғұрлым жиіркенішті бола түсуде» (164—165-беттер)[99].

«1870 жылы 1 январьда Бас Совет *Ирландияның ұлттық күресінің* жұмысшы табын азат етумен байланысты екені туралы, демек, *Ха-*

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 25-том, 426-бет. *Ред.*

лықаралық Серіктіктің ирланд мәселесі жөнінде ұстауға тиіс позициясы туралы француз тілінде *мен әзірлеген* (Англияға әсер ету үшін неміс газеттері емес, француз газеттері ғана қолайлы) құпия нұсқауды басып шығарды. Бұл арада сіздерге қысқаша түрде оның *басты* пункттерін хабарлайын.

Ирландия ағылшын жер аристократиясының тірегі болып отыр. Бұл елді қанау ағылшын жер аристократиясының материалдық байлықтарының басты көзі ғана болып табылмайды. Бұл қанау *оның аса зор моральдық күші* болып табылады. Ағылшын аристократиясы дегеніміз факт жүзінде Англияның Ирландияға үстемдігін жүргізушісі. Ирландия сондықтан ағылшын аристократиясының Англияның өзінде өз үстемдігін сақтап отырған *аса маңызды құралы* болып табылады.

Екінші жағынан, егер ағылшын армиясы мен полициясы ертеңгі күні Ирландиядан кететін болса, *сол бойда Ирландияда аграрлық революция басталады.* Ал ағылшын аристократиясының Ирландияда құлауы *оның Англияда да құлауының* шарты және оның қажетті нәтижесі болмақ. Бұлай болған күнде Англияда *пролетарлық революцияның* тууына алдын ала жағдайлар жасалған болар еді. Ирландияда жер мәселесі қазіргі уақытқа дейін әлеуметтік мәселенің ерекше формасы болып отырғандықтан, ол мәселе ирланд халқының орасан көпшілігінің өмір сүру мәселесі, өмір мен өлім мәселесі және *сонымен бірге ұлт мәселесінен бөлінбейтін* мәселе болып отырғандықтан, Ирландияда ағылшын жер аристократиясын жою ісі,— ағылшындармен салыстырғанда ирландтардың неғұрлым жалынды, *неғұрлым революцияшыл сипаты барлығын* айтпағанның өзінде,— Англияның өзінде жоюдан *анағұрлым оңай* жасалатын операция.

Ал ағылшын буржуазиясына келсек, ол да ең алдымен ағылшын аристократиясымен бірігіп, бүкіл Ирландияны ағылшын рыногына мүмкіндігінше арзан бағамен ет, жүн жеткізіп беріп отыратын біртұтас жайылымға айналдыруды көздейді. Оның тағы бір көздеген мүддесі арендаторларды поместьелерінен қуып, күштеп эмиграция жасап, ирланд халқын ағылшын капиталының (арендалық капиталдың) бұл елде «сенімді түрде» пайдаланылуына

мүмкіндік берерлік шамаға дейін әбден азайту болды. Ағылшын буржуазиясы Англия мен Шотландияның селолық аймақтарын тазартуға қандай мүдделі болған болса, ирланд поместьелерін «тазартуға» да сондай мүдделі болды. Оның үстіне, өз имениелерінде тұрмайтын жер иеленушілердің 6000—10 000 фунт стерлинг табыстарын және қазір жыл сайын Лондонға құйылып жататын басқа да ирланд табыстарын есепке алу керек болады.

Бірақ ағылшын буржуазиясының қазіргі ирланд шаруашылығында бұдан да анағұрлым елеулі мүдделері бар.

Арендалық учаскелердің барған сайын шоғырлана түсіп отырғандығынан Ирландия *өзінің артығын* [жұмыс қолы] үнемі *ағылшын жұмысшы рыногына* түсіріп отырады, *сөйтіп* АҒЫЛШЫН жұмысшы табының *жалақысына,* МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ МОРАЛЬДЫҚ ЖАҒДАЙЫНА *қысым жасайды.*

Ал, ақырында, ең маңыздысы! Англияның барлық өнеркәсіп және сауда орталықтарының бә-
NB рінде қазіргі уақытта бір-біріне *қас екі лагерьге: ағылшын* пролетариаты мен *ирланд* пролетариатына бөлінген жұмысшы табы бар. Қарапайым ағылшын жұмысшысы өзінің тұрмысының орта дәрежесін төмендететін бәсекеші ретінде ирланд жұ-
NB мысшысын *жек көреді.* Ол ирланд жұмысшысына қарағанда ***үстем ұлттың мүшесімін*** деп біледі, нақ *сондықтан да өз аристократтары мен капиталистерінің Ирландияға қарсы* жұмсайтын құралы болады, сөйтіп ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНА үстемдігін нығайтады. Ол ирланд жұмысшысының діні, әлеуметтік жағдайы және ұлты кем деп түсінеді. Американ Одағының бұрынғы *құл иеленуші* штаттарында *ақ түсті кедейлер* (poor whites) *негрлерге* қандай көзбен *қараса,* ол ирланд жұмысшысына сондай шамада қарайды. Ирланд оған өз істегенін өсімімен қайырады. Ол ағылшын *жұмысшысын* Ирландиядағы *ағылшын үстемдігінің әрі сыбайласы, әрі қолшоқпары деп біледі.*

Бұл антагонизмді баспасөз, *шіркеу уағызшылары, юмористік журналдар, қысқасы — үстем таптардың* қолындағы барлық құралдар әдейі қолдап, күшейтуде. *Ағылшын жұ-*

мысшы табының ұйымшылдығына қарамастан оның *дәрменсіздігінің* мәні осы антагонизмде. Капиталистік таптың сақталып отырған өкіметінің мәні де осында. Капиталистік тап мұны әбден түсінеді.

Ал қырсық мұнымен тынбайды. Ол мұхиттан әрі асып жатады. Ағылшындар мен ирландтар арасындағы *антагонизм Құрама Штаттар мен Англия арасындағы жанжалдың жасырын негізі* болып табылады. Ол бұл *екі елдің жұмысшы таптары арасындағы елеулі* және *шын ниетті ынтымақ* атаулының болуына *мүмкіндік бермейді.* Ол екі елдің үкіметтерінің тілеген кезінде екі елді бір-біріне айдап салып *және қажет болған ретте оларды соғыстырып,* әлеуметтік жанжалды шиеленістірмеуіне мүмкіндік береді.

Капитал метрополиясы болғандықтан, осы уақытқа дейін дүние жүзілік рынокта үстем держава болып отырғандықтан, Англия *жұмысшы революциясы үшін әзір ең маңызды ел болып табылады,* ал оның үстіне осы революцияның материалдық жағдайлары белгілі дәрежеде пісіп жетілген *бірден-бір* ел болып табылады. Сондықтан Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің аса маңызды мақсаты—Англияда әлеуметтік революцияны тездету болып табылады. Ал бұған жетудің бірден-бір құралы — ***Ирландияны тәуелсіз ел ету.*** NB

Сондықтан Англия мен Ирландия арасындағы жанжалды барлық жерде *бірінші орынға көтеруді,* *Ирландия жағын* барлық жерде *ашық қолдауды* Интернационал өзіне міндет етіп қоюға тиіс. Ирландияның *ұлттық азаттығы* ағылшын жұмысшы табы үшін *әділеттік пен адамгершіліктің абстракт* мәселесі емес, қайта *оның өзінің әлеуметтік азат болуының бірінші шарты* екенін ағылшын жұмысшы табына ұғындыру — Лондондағы Орталық Советтің арнаулы міндеті болып табылады» (226—228-беттер)[100].

«ЖАЛАҚЫНЫ ТӨМЕНДЕТІП ОТЫРҒАН ШЕТЕЛ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ»

«Жалақыны төмендетіп отырған шетел жұмысшылары туралы және оларға Интернационалдың көзқарасы туралы». «Die Neue Zeit», шыға бастағанына 25-жыл (1907).

«Ағылшын кәсіподақтарын *1868* жылғы Брюссель конгресіне қатысуға шақыра отырып, Бас Совет былай деп мәлімдейді:

«Серіктіктің негізгі принципі мынадай: еңбектің нәтижесі жұмысшынікі болуға тиіс, *еңбек туысқандығы* қоғамның негізі болуға тиіс, сондықтан барлық елдердің жұмысшылары капиталға қарсы бірлесіп күрес жүргізу үшін уақ-түйек бақталастықты және *ұлттық жек көрушілікті* аластауы керек. *Еңбектің отаны жоқ.* Жұмысшының барлық жерде де бір-ақ жауыздықпен күресуіне тура келеді. Капитал дегеніміз жинақталған еңбек қана. Жұмысшы не себепті өз өнімінің құлы болуға тиіс? Еңбек ұлдарының ұлттық бытыраңқылығынан капиталистер тым ұзақ уақыт пайда түсіріп келді. Шетелдің бәсекесі жалақыны төмендету үшін әрқашан қолайлы сылтау болып келеді»» (511—512-беттер).

«Континент жұмысшыларының жұмыс күнінің анағұрлым ұзақтығы және жалақысының аздығы жалақыны төмендетпей қоймайды дейтін ағылшын капиталистерінің дамылсыз байбаламына *бүкіл Европада жұмыс күні мен жалақыны бір дәрежеге жеткізуге** ұмтылушылықты ғана ойдағыдай қарсы қоюға болады. Мұның өзі Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі міндеттерінің бірі» (512-бет).

«Іс жүзінде мұның халықаралық пролетариаттың *неғұрлым қолайлы жағдайда болып отырған* бөлегінің *жетістіктерін* қамтамасыз етудің *бірден-бір тәсілі.* Бұл жетістіктерді әзірге азшылық қана пайдаланып отырғанда бұлар әрқашан қауіпке ұшырап

* Курсив «Die Neue Zeit»-тікі. *Ред.*

отыратын болады, сондықтан пролетар бұқара көпшілігінің дәрежесі әлгі азшылықтың дәрежесімен салыстырғанда неғұрлым төмен болса, қауіп соғұрлым көп болады. Бір ел ішіндегі бұқара жөнінде де, *бүкіл дүние жүзілік рынок шеңберіндегі* бұқара жөнінде де осыны айтуға болады. *Алдыңғы қатарлы пролетариат артта қалғандардан* бөлектенбей, іргені аулақ салмай, оларды жаныштамай, қайта олармен ынтымақтасып, оларды *қолдап отырғанда* ғана өзін қорғай алады. Пролетариат *өресіз цехшылдықтың* әсерімен әлгі соңғы әдісті ұстаған жерде ол әдіс күндердің күнінде *әйтеуір бір күйрейді де, пролетарлық азаттық күресін әлсірететін ең қауіпті құралдардың біріне* айналады» (512-бет). NB

СИЛИ, «АНГЛИЯНЫҢ ЭКСПАНСИЯСЫ»[101]

Ғылым магистрі Дж. Р. Силидің *«Англияның экспансиясы»*.

«Он сегізінші және он жетінші ғасырлардағы европалық мемлекеттердің көбіне ұмыт қалып жүрген ерекше бір негізгі белгісі — Европаның бес батыс державасының әрқайсысының Жаңа дүниеде өз империясы болғандығы. Он жетінші ғасырға дейін мұндай жағдай тек қалыптаса бастады, ал он сегізінші ғасырдан кейін ол жағдай өмір сүруден қалды. Колумб ашқан жаңалықтың өлшеусіз орасан зор нәтижелері тым баяу дамыды; Европаның бұл ұлттарының көпшілігі қозғалып, Жаңа дүниеден өз үлесіп талап етем дегенше он алтыншы ғасыр түгелімен өтіп кетті. Осы ғасырдың аяғына дейін тәуелсіз Голландия болған жоқ, сондықтан Ұлы Голландияның болуы да мүмкін емес еді. Англия мен Франция да бұл ғасырда әлі отар иесі болған жоқ-ты. Рас, Францияның Солтүстік Америкада отар құрмақ ойы болды, француз королі IX Карл есімінен шыққан Каролина деген ат осы кезге дейін жоғарыда айтылғанның айғағы болып отыр, алайда көрші Флоридадағы испандар бұған кедергі жасады. Әлгі жерге жақын сэр Вальтер Ралей құрған отар біраз уақыт өткеннен кейін ізін де қалдырмай, мүлде жоқ болып кетті.

Сөйтіп, Жаңа дүние бүкіл осы ғасыр бойы дерлік екі державаның, Жаңа дүниені ашу үшін басқалардың бәрінен көп нәрсе істеген державалардың, атап айтқанда — Испания мен Португалияның қоластында қала берді, оның бер жағында Испания көбінесе Америкаға көз тікті де, ал Португалия Азияға көз тікті; 1580 жылы бұл екі мемлекет алпыс жыл өмір сүрген одаққа қосылғанға дейін осылай еді. 1595 жылдан 1602 жылға дейінгі жеті жылда голландтар өз империясын құру үшін кең көлемді күрес бастады, ал олардан кейін Франция мен Англия он жетінші ғасырдың алғашқы жылдарында, яғни біздің король I Яков патшалық еткен кезде осылай етті.

Бұл бес державаның Жаңа дүниедегі бақталастығы он тоғызыншы ғасырда тыйылды. Ол екі түрлі себептен: Атлантиканың ар жағындағы отарлардың метрополиялардан бөлініп шығуына себеп болған, тәуелсіздік үшін жүргізілген бірқатар соғыстың нәтижесінде және Англияның отарлар жаулап алуының нәтижесінде тыйылды. Жүз жылдық соғысты, Ұлы Францияның иеліктерін Ұлы Британия жалмап қойған соғысты мен бұрын суреттеген едім. Ұлы Голландия да едәуір шығындарға ұшырап, Қайырлы Үміт мүйісі мен Демерарудан айрылды, оларды ағылшындар алып қойды. Алайда кем дегенде он тоғыз миллион халқы бар тамаша Ява отарын ескерсек, Ұлы Голландия өмір сүріп отыр деп қазір де айтуға болады. Ұлы Испания мен Ұлы Португалия, өз арамызда әлі өмір сүріп отырған адамдардың көз алдында, біздің ғасырымызда құлады. Егер оқиғаларды қазіргі кезеңде олардың туғызып отырған желігі бойынша емес, одан гөрі олардың күмәнсыз салдары бойынша бағалайтын болсақ, онда біз мұны жер шары тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі деп атауға тиіспіз, өйткені бұл оқиға Оңтүстік және Орталық Американың түгелімен дерлік тәуелсіз өмір сүре бастауының басы болды. Мұның өзі негізінен алғанда осы ғасырдың жиырмасыншы жылдарында және бірқатар көтерілістердің нәтижесінде болды; бұл көтерілістердің шығу себептеріне зер сала отырып, біз ол көтерілістер Наполеонның баса-көктеп кіруі арқылы Испания мен Португалияға берілген соққының салдары болды деп білеміз, сондықтан Ұлы Испания мен Ұлы Португалияның құлап, тәуелсіз Оңтүстік Американың орнауы іс жүзіне келгенде Напо-

леон әрекеттерінің ең басты нәтижесі болмағанымен де, басты нәтижелерінің бірі болды.

Меніңше, сіздердің азын-аулақтарыңызға ғана бірдеңелері белгілі әлгі барлық ұлы төңкерістердің нәтижесі, Англияны қоспағанда, негізінен алғанда Батыс Европа державаларының Жаңа дүниеден қол үзіп қалғандығы болды. Әрине, бұл тек шамамен алғанда ғана дұрыс. Испания Куба мен Пуэрто-Рикоға әлі де болса иелік етіп отыр, Португалияның Африкада ұлан-байтақ иеліктері бар, Франция Солтүстік Африкада жаңа империя құра бастады. Оның бер жағында бұл төрт державаның халықаралық жағдайы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бұл державалар Колумб Атлантика мұхитын жүзіп өткенге дейін қандай болса, тағы да сондай көбінесе таза европалық мемлекеттерге айналды» (62—64-беттер).

«Сонымен, біз он жетінші ғасыр, онан да бетер он сегізінші ғасыр Жаңа дүниенің европалық жүйесіндегі бес батыс мемлекетімен өзінше байланысты болған дәуірі екенін көріп отырмыз. Сол дәуірде болған соғыстар мен шарттардың бәрі, Европаның барлық халықаралық қатынастары осы байланысқа сәйкес және соның ықпалымен болып отырған. Өткен лекцияда мен тек Европаны ғана есепке алатын болсақ, бұл ғасырларда Англия мен Франция арасында болған күресті түсінуге болмайды деп көрсеткенмін де, өйткені соғысушы жақтар шынында тек дүние жүзілік екі держава — Ұлы Британия мен Ұлы Франция болды. Енді, сөйтіп, бұл дәуірдің тарихынан әрқашан Голландияның, Португалияның, Испанияның орнына Ұлы Голландия, Ұлы Португалия, Ұлы Испания деп оқуға тиіс екенімізді атап көрсетейін. Сондай-ақ қазір бұл жағдайдың жоғалғанын да атап айтамын: Испания империясына да, ал негізінен алғанда Португалия мен Голландия империяларына да Француз империясына туған күн туды. Бірақ Ұлы Британия әлі де болса қалып отыр. Сонымен, біз бұл империяның тарихи тегі мен сипатын түсіне бастап отырмыз» (64—65-беттер).

«Біз көбінесе өз отарларымызға бола екі үлкен соғысқа киліктік, ал біржолата қол үзісуімізге Англияның отарларға қысым жасауынан гөрі отарлардың Англияға қысым жасауы көбірек себеп болды. Егер біз оларға салықтар салған болсақ, онда бұл нақ осы отарлар үшін батқан

борыштарымызды төлеу үшін ғана істелді, сөйтіп біз отарлардың мүдделеріне бола француздардың Солтүстік Америкадағы үстемдігін жойып, отарларымыздың біздерсіз де тіршілік етуіне өзіміздің көмектескенімізге табиғи күйінішпен қарадық» (75-бет).

«Англия орта ғасырларда экономика тұрғысынан қарағанда алдыңғы қатарлы ел емес, қайта артта қалған ел еді. Ең басты сауда жүргізуші елдер, сірә, оған менсінбей қараған болса керек. Германия сияқты және тіпті Франция сияқты мемлекеттердің ағылшындардікімен салыстырғанда ескірген сауда және банк жүйелеріне Англия қазір қалай қарайтын болса, орта ғасырлардағы итальяндар Англияға солай қарауға тиіс еді. Қала өмірі, іскерлік кең байланыстар және коммерциялық істердегі ептілік жағдайларында итальяндар Англияны, сондай-ақ Францияны да, сол кездегі идеялардың басты тасқынынан тысқары жатқан, ескі дәстүрлі егіншілік және феодалдық елдердің қатарына жатқызуға тиіс болды» (96—97-беттер).

«Жаңа дүниеге бола Батыс Европаның теңізде басым бес державасының арасындағы *бақталастық* — он жетінші және он сегізінші ғасырлардағы тарихи жағдайлардың көбісін қорытындылайтын формула, міне, осы. Мұның өзі біз тек жеке мемлекеттердің ғана тарихын зерттеп жүргенімізде біздің назарымыздан қағыс қала беретін қорытындылардың бірі» (108-бет).

«Біз Индияны қайтіп жаулап алдық? Бұл жаулап алу біздің Индиямен сауда жасасуымыздың тікелей нәтижесі болған жоқ па? Бірақ мұның өзі он жетінші және он сегізінші ғасырлардағы ағылшын тарихында үстемдік етіп отырған заңды, соғыс пен сауданың арасындағы тығыз өзара тәуелділік заңын бейнелейтін бірқатар көрнекі мысалдардың бірі ғана; осының нәтижесінде бүкіл осы дәуір бойына сауда табиғи түрде соғысқа әкеп соқтырып, ал соғыс сауда жасауға мүмкіндік беріп отырады. Мен он сегізінші ғасырдағы соғыстардың орта ғасырлардағы соғыстардан өлшеусіз ірі және ауыр болғанын бұрын айтқан болатынмын. Мұндай дәрежеде болмағанмен, он жетінші ғасырдағы соғыстар да зор болды. Нақ осы дәуірде Англия барған сайын сауда жүргізуші елге айнала түсті. Ал бұл дәуірде, өз саудасының өркендеуіне қарай, Англия барған сайын соғыс құмар ел бола берді» (120-бет).

«Ал шынына келгенде, Ұлы Британияны құрғандардың әрекетін ақтау оңай емес» (145-бет).

«Бәлкім, сіздер: егер ол қылмыс негізінде пайда болған болса, оны гүлденер деп үміт етуге немесе соны тілеуге бола ма деп сұрарсыздар. Бірақ тарихта өзін аян еткен құдай әдетте бұлай жазғырмайды. Бір ұрпақтың заңсыз жеңіп алғандарын келесі ұрпақтың сөзсіз жоғалтқанын немесе тіпті шамалап болса да жоғалтқанын біз тарихтан көріп отырғанымыз жоқ» (146-бет).

«Он жетінші ғасырда біздің отарлы империямыздың өзі де, сондай-ақ құл саудасына қатысуымыз да біртебірте өсе түсті. Утрехт шарты бұл қатысуды бекіткендей болды, сондықтан ол қатысу «ағылшын саясатының басты объектісіне» айналды (бұл сөздер мистер Леккиден алынды. Қараңыз: «Англияның он сегізінші ғасырдағы тарихы», II, 13-бет). Осы уақыттан бастап біз құл саудасында басты орын алып, құл саудасының сұмдық және насық айуандықтарымен өзімізді басқа халықтардан гөрі анағұрлым масқаралай түстік пе деп қорқамын» (148-бет).

«Мен қазіргі дүниеде жердің алыс-жақыны өзінің маңызын едәуір дәрежеде жоғалтты және кейбір белгілер мемлекеттердің көлемі осы кезге дейінгісінен әлдеқайда кеңірек болатын дәуір туғанын көрсетеді деп айтып өткенмін де» (308-бет).

П. ДЕН. «ГЕРМАНИЯНЫҢ ОТАРШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК САЯСАТЫ ТУРАЛЫ»

Пауль Деннің *«Германияның отаршылдық және дүние жүзілік саясаты туралы»* еңбегі. (Екінші басылуы, Берлин, 1907.)

«Қазіргі уақытта теңіздерде, әскери кемелерді есептемегенде, шамамен 40 000 ірі сауда кемесі, пароходтар мен желкенді кемелер жүзіп жүр, олардың нетто-тоннажы 25 миллион регистрлік тонна және олар 1 000 килограмнан 61 миллион тонна жүк көтере алады» (37-бет).

«Ол* жыл сайын ағылшындарға 180 миллион маркадан астам, немістерге (220 балық аулау пароходы болғанда) —

* ашық теңізде балық аулау. *Ред.*

—25 миллион маркадай, ал француздарға 10 миллион марка береді» (39-бет).

«Германияның теңіз жағалауының ұзындығы тек қана 1270 километр және оның құрлықтағы шекарасының тек төрттен бірі ғана, ал Францияның үш жағы бірдей теңіз және жалпы алғанда 3 175 километр жағалау өңірі бар» (41-бет).

«Профессор Экерттің «Рейн облысы мен Вестфалияның теңіз жөніндегі мүдделері» (1906) деген кітабында жасаған есебі бойынша, бүкіл герман теңіз импортының үштен бірі және оның жалпы теңіз экспортының бестен бірінен едәуір көбі Голландия мен Бельгия порттары арқылы өтеді» (42-бет).

«1907 жылдың басында «Веритас» агенттігінің 18.9 миллион регистрлік тоннажды 14 656 пароходы болған. Бұлардың ішінен Англияның үлесі 9.8 миллион тоннажды 6249 пароход, Германияның үлесі 2.1 миллион тоннажды 1351 пароход, Солтүстік Америка Штаттарының үлесі 1.2 миллион тоннажды 885 пароход, Францияның үлесі 0.7 миллион тоннажды 586 пароход. 7.5 миллион регистрлік тоннажды 26 579 желкенді кеменің жалпы санының Англия үлесіне келетін басқалардың бәрінен көп, атап айтқанда, 1.8 миллион тоннажды 6338 кеме. Онан кейінгілер: Солтүстік Америка Штаттары — 1.5 миллион тоннажды 3695 кеме, Франция — 1356 және Германия — 991 кеме, бұлардың әрқайсысынікі 0.5 миллион тоннадан. 1882 жылдан 1905 жылға дейінгі дәуірде Суэц каналымен жүзген ағылшын кемелерінің тоннажы 103%, герман кемесінің тоннажы 1561% өскен!» (43-бет).

«Американ статистикасының деректеріне қарағанда, жер шарындағы көмір кенінің жалпы көлемі 1 500 000 шаршы километрге жуық болады. Бұлардың ішінен Қытайдікі 520 000, Солтүстік Америка Штаттарынікі — 500 000, Канаданікі — 169 000, Британ Индиясынікі — 91 000, Жаңа Оңтүстік Уэльстікі — 62 000, Россиянікі — 52 000, Англиянікі — 31 000, Испаниянікі — 14 000, Жапониянікі — 13 000, Францияники — 5400, Австриянікі, Венгриянікі, Германиянікі —4600-ден және Бельгиянікі — 1300. Олардың пайдаланылуы көмір кенінің тереңдігіне, сапасына және тұрған жеріне байланысты.

* *
*

«Ағылшын мәліметтеріне қарағанда, 1905 жылы не бары 840 миллион тоннаға жуық тас көмір шығарылған, оның құны шамамен 6 миллиард марка болған.

Дүние жүзінің 1905 ж. шығарған тас көмірі

	млн. тонна	жалпы санға шаққанда %	халықтың жан басына шаққанда
Солтүстік Америка Штаттары	350.8	41%	4¼ тонна
Великобритания	236.1	28	5½
Германия	119.3	14	2
Франция	34.8	4	1
Бельгия	21.5	2.7	3
Россия	19	2.3	
Жапония	10	1.2	
Британ Индиясы	8.4	3.5 (Британ Индиясы, Канада, Австралия, Британ Оңтүстік Африкасы бірге)	
Канада	7.8		
Австралия	9.8		
Британ Оңтүстік Африкасы	3.6		
Қалған елдер	19.1		
	840		

Жалпы өндірілген көмірдің 83 проценті көмірді ең көп шығаратын үш елдің үлесіне тиген» (46—47-беттер).

«1883 жылдан 1903 жылға дейінгі дәуірде көмір тұтыну Англияда — 24%, Германияда — 102%, Солтүстік Америка Штаттарында 129% артты» (47-бет).

«Ағылшын экспорт көмірінің төрттен үші дерлігі континенттік Европаға және Жерорта теңізі ауданына шығарылады» (55-бет).

«Дүние жүзінің барлық бөлігінде бар, саны 40-қа жуық әскери теңіз базаларында ағылшындар үлкен көмір қоймаларын жасады» (56—57-беттер).

«Бұларда жасалған қорлар миллиондаған тонна болып есептеледі. Нәц бірде бұл көмір қоймаларын ағылшындардың теңіздегі үстемдігінің белгілері деп атады» (57-бет).

«Егер түрлі елдерге шығарылатын ағылшын экспорт көмірінің кіре құнын бір тоннасына орта есеппен тек 5 марка деп есептесек, онда 1906 жылы жалпы 58 миллион тонна шығарылған жағдайда, мұның өзі ағылшын кемелеріне кіреден түсетін жылдық табыс шамамен 300 миллион марка болады» (57—58-беттер).

«Амал қанша, ағылшын көмірін Солтүстік және Балтық теңіздері аудандарынан ығыстырып шығарудың осы кезге дейін әлі реті келмей жүр. Тіпті Берлиннің өзі де керекті көмірдің алтыдан бірін (көпшілігі кокс) Англиядан алады» (62-бет).

«Неміс өнеркәсібін мақтамен жабдықтау ісіндегі ауыр жағдайды статс-секретарь Дернбург цифрлармен суреттеп көрсетті. Бағаның қадақ сайын 4 пфенниг көтерілуі дүние жүзінің тұтынатын мақтасын 320 миллион маркаға қымбаттатады. Ал 1899 жылдан бастап бағаның көтерілуі әлденеше миллиардқа кетеді! Германия 1905 жылы 1.6 миллион тай мақта тұтынып, бағаның көтерілуін көздейтін Нью-Йорк жалдаптарында бағаның ауытқуына байланысты, соңғы уақытта бұрынғыдан жыл сайын 150—200 миллион марка *артық** төледі, яғни отарларға жыл сайын өздері беретін қаржыларынан 5—7 есе артық төледі. Осы салықтан, шетелге төленетін осы алымнан, Германия құтылуға тиіс.

Биржа жалдаптығының ықпалынан құтылу үшін ағылшын саудагерлері мен фабриканттары оңтүстік штаттарды барған сайын жиі-жиі аралап, өздеріне керекті шикізатты жергілікті жерде сатып алып жатады. Ағылшын фабриканттары Техаста өздері мақта өсіру үшін немесе егістікті арендаға беру үшін онда үлкен жер учаскелерін сатып алды» (81-бет).

«Құрама Штаттарда ұршықтардың саны 1890 жылғы 14.6 миллионнан 1906 жылы 23.2 миллионға дейін артты» (82-бет).

«Құрама Штаттардың мақта тұтынуы 1906 жылы 4.8 миллион тай болды (ал Великобританияда тек 3.6 миллион тай, Германияда 1.6 миллион тай). 19-ғасырдың 60-жылдарының бас кезінде Құрама Штаттардың өз өнімінен тұтынғаны — 20%, 80-жылдарда — 32%, 90-жылдарда — 35%, ал 1900 жылдан бастап — 40 процентке дейін» (82-бет).

«Егер Құрама Штаттар өз мақтасының денін өткізетін жерді шетелден іздестіруге енді мәжбүр болмаса, онда дүние жүзілік рынокты мақтамен жабдықтау күш жұмсау мәселесіне айналады» (83-бет).

«Мақта рыногында қожайын болғандықтан, Құрама Штаттардың шетке шығару баж салықтарының жүйесін-

* Курсив Дендікі. *Ред.*

де Еуропаға қарсы ерекше күшті құралы бар. Европа мемлекеттері осы Дамокл семсерінен қалай болғанда да құтылуға тиіс. Бұл арада ешқандай құрбандықтармен санасуға болмайды. Сайып келгенде бұл жерде күш туралы мәселе қойылады, алайда бұл мәселе бейбіт жұмыс арқылы шешілуі мүмкін» (87—88-беттер).

«Отарлық шаруашылық комитетінің инициативасы бойынша европалық мақта-мата өнеркәсібінің өкілдері, Нью-Йорк мақта жалдаптығының 1903 жылғы эксцестерінен кейін, оған қарсы шаралар қолдану үшін 1904 жылдың орта шенінде Цюрихте, 1905 жылғы апрельде Брюссельде, 1906 жылғы июньде Манчестерде және 1907 жылғы майда Венада халықаралық конгрестерге жиналды» (88-бет).

«Германияның жалауымен жүргізілетін мақта шаруашылығын көтермелеу Германияның отарлық шаруашылығы мен отаршылдық саясатының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Мұны Бисмарк та түсінген-ді» (90-бет).

«Отарлардағы мақта шаруашылығын көтермелеу Германияны өте қажетті шикізатпен қамтамасыз етіп жабдықтаудың перспективаларын жасап қана коймайды, сонымен қатар өнеркәсіп бұйымдарын тұтынушылар ретінде дамытып отарлардың өздерінің үнемі гүлденіп отыруына жәрдемдеседі.

Герман отарларында мақта шаруашылығын құрудан социал-демократ Кальвер неміс жұмысшылары үшін де пайда түседі деп үміт етеді»... («Sozialistische Monatshefte». 1907, 3-кітап) (96—97-беттер).

«Африкада Англияның 18 369, Францияның — 5657, Германияның — 1398, Португалияның — 1173, Италияның — 115 және Конго мемлекетінің 642 километр темір жолы бар» (104-бет).

«Егер социал-демократиялық нигилистерді есептемесек, онда отарларға қарсылар, өздерінің айтып жүрген барлық дәлелдеріне қарамастан, дегенмен ақтық қорытындылардан жалтарып келді,— социалық үлкен қаржыны керек ететін иеліктердің ешқандай құндылығы жоқ деп айтуға олардың батылы бармады; олар осы иеліктерден бас тартуды талап етуден тартынды және олар осылай істеп, ақылдылық жасады, өйткені осы ақтық қорытынды олардың бүкіл позициясының теріс екенін көрсетіп отыр» (113—114-беттер).

«Социал-демократиялық үгітшілер мен баспасөз органдары 1907 жылғы сайлау қарсаңында герман отаршылдық саясатына қарсы айрықша жанталасқан науқанды үдетті; орталық орган бұл саясат «неміс пролетариатының дәулеті мен қаны есебінен құл иеленуші жаңа герман мемлекетін құруға ұмтылатын» саясат деді. Олардың пікірінше, бұл саясатқа «қирата соққы» берген жөн еді.

Осының бәріне қарамастан, социал-демократиялық лагерьде де отарларға пайдалы болатын пікірлер айтылып, герман отарларын ешқандай құны жоқ құм басқан құла дүз деп қорлаушылықтан әрі аса алмағандардың көзқарастары теріске шығарылды.

Бұрынғы социал-демократ депутат Кальвер 1907 жылдың басында «Sozialistische Monatshefte»-де немістің отаршылдық саясаты жөніндегі социал-демократтардың барынша теріс позициясына қарсы пікір айтты» (121-бет).

«Кальвер жолдас 1907 жылдың мартында «Sozialistische Monatshefte»-де социал-демократиялық партия басшылығының герман флотына дұшпандық көзқарасына қарсы шыққанда дүние жүзілік жағдайдың талаптарын өзінің түсінетіндігін көрсетті» (130-бет).

«Отарлардағы және дүние жүзілік рыноктағы өз позициялары туралы алдын ала ойланып алмай жатып, Германияда жалақыны ағылшын немесе Солтүстік Америка дәрежесіне дейін, көп ойланып жатпай-ақ, көтеруге болады деп есептейтін жолдастарды келеке етуге Кальвердің толық негізі бар» (132-бет).

«1905/6 жылдарда Персияға импорт шамамен 140 миллион марка болды. Мұның ішінде Россияның үлесі — 70, Англияның үлесі — 30, Британ Индиясының үлесі — 16, Францияның үлесі — 8, Австро-Венгрияның үлесі 5 миллион марка, ал Германияның үлесі 3 миллион маркаға жетер-жетпес болды» (148—149-беттер).

«Егер Бағдат жолы немістердің басшылығымен әйтеуір бір кезде шынымен салынып бітетін болса, ал ағылшындар өздерінің көздеген мақсаттарынан бас тартпайтын болса, онда осы кезге дейін оқшау болып келген Парсы шығанағы дүние жүзілік саяси дауылдардың ошағына айналуы мүмкін» (158-бет).

«Мүдделі мемлекеттер, ең алдымен Англия, сондай-ақ Франция да, Голландия мен Дания да, Монро доктринасы-

ның нәтижесінде таяу арада өз отарларынан айрылып қалу мүмкіндігімен санасуға тиіс» (196-бет).

«Жер меншігіне, өнеркәсіпке, темір жолдарға және саудаға орналастырылған неміс капиталы, жартылай ресми деректерге қарағанда, 1904 жылдың аяғында Америка бойынша 5 миллиард маркадан 6 миллиард маркаға дейін және тек бір ғана Орталық және Оңтүстік Америка бойынша 2.8 миллиард маркадан 3.4 миллиард маркаға дейін жеткен» (229-бет).

«Канада жерлері мен фабрикаларына Құрама Штаттардан 2 миллиард маркадан астам капитал орналастырылған деп жорамалданады.

Жартылай ресми есептерге қарағанда 1907 жылдың орта шенінен бастап Құрама Штаттардың Мексикадағы капиталы шамамен $3^1/_2$—4 миллиард маркаға жеткен» (232—233-беттер).

«Жасалған келісімге сәйкес Европа мен Американың аса ірі екі электр компаниясы—Берліндегі «Альгемейне электрицитетс гезельшафт» пен Нью-Йорктегі «Дженерал электрик компани»—дүние жүзілік рынокты мүдделердің екі сферасы етіп бөліскен. Оның бер жағында американ компаниясы өзі қожайындық ететін ерекше сфера ретінде Орталық және Оңтүстік Американы да өзіне берілетін еткен» (249-бет).

«Артықшылықтары бар баж салықтары енгізілген жерлерде олар шетел саудасын ығыстырып шығару үшін жеткіліксіз болып шықты. Мұндай артықшылықтары бар баж салықтары әрқашан өте шағын мөлшерде ғана енгізілетін болады, өйткені жергілікті мүдделер, әсіресе өнеркәсіптің дамып келе жатқан салаларының мүдделері, сондай-ақ құлдырап бара жатқан ауыл шаруашылығының мүдделері де белгілі бір қорғауды ғана емес, оның үстіне өзге монополиялардың бәрін жоюды да талап етеді. Бұл қарсы қимылдың зор екендігі сонша—ол британдық-империялық және панамерикандық таможняның өктем талаптарын жақтаушылардың түпкілікті мақсатына—мүлде томаға-тұйық таможнялық одақ жасауға жетуіне мүмкіндік бермейді.

Осы екі құрылымға жаңа заманның бүкіл дүние жүзілік шаруашылық дамуының бәрі, осы дамуға тән жасанды кедергілерді жою негізінде халықаралық айырбасты кеңейтуге ұмтылушылық, осы дамуға тән күшті мемлекет-

тердің шаруашылық жұмыс жүргізу үшін өз шекараларынан тысқары жерден, тіпті өз континентінен тысқары жерден бос арена алуды қажетсінуі қайшы келіп отырды. Өзіндік мәні бар үлкен таможнялық одақтар құруға ұмтылушылық іс жүзінде кейінгі қатарға шегінді» (254—255-беттер).

«Гегемония үшін күрес Европада жоқ. Егер ол күресті Англия туғызатын болса, онда оның соғысқа ұрындыруы тіпті де сөзсіз нәрсе емес. Либералдық министрлік өкімет басында отырғанда бейбітшілік бұзылмайды, өйткені оның ең сенімді жақтастары—Германияға тіпті де дұшпандығы жоқ, жалпыға бірдей бейбітшілікті сүйетін нақ сол ағылшындар» (329-бет).

«ИМПЕРИАЛИЗМ» ДӘПТЕРІ

Мазмұны

Империализм[102]

Ревентлов [1—4]
Каутский. «Социализм және отаршылдық саясат» [21—22]
Энгельс **(1882 ж. 12 сентябрьдегі хат)** — *23-25*-**беттер,**
Квадфлиг [27—40 және 17—20]

РЕВЕНТЛОВ. «ГЕРМАНИЯНЫҢ 1888—1913 ЖЫЛДАРДАҒЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ»

«Германияның 1888—1913 жылдардағы *сыртқы саясаты»,* граф Эрнст *Ревентловтікі.* Берлин, 1914. *Төртінші бөлім.*

«1903 жылдан бастап бұған Бағдат темір жолының Түркия қабылдаған герман жобасы қауіпті елес ретінде қосылды» (314-бет).

«Егер бұған Балқан комитетінің басты міндеті саналы саяси насихат болғанын қоссақ, онда қыруар ақша қаржысымен құралданып отырған осы комитеттің Англия ресми саясатының қандай қуатты және оның бер жағында қандай жауапсыз көмекшісі болғанын дәлелдеп жатудың керегі болмайды» (314-бет).

«Санджак темір жолы мен болашақ Бағдат темір жолының арасындағы идеялар байланысы айқын еді» (317-бет).

«Парижде шығатын «Revue Slave» 1906 жылы былай деп жазды: Орталық Европа мен Балқан славяндарының бәрі Россиямен, Венгриямен, Румыниямен және Грециямен үлкен таможнялық одақ ұйымдастыруға ұмтылуға

тиіс. «Бұл халықтардың бәрі Германиямен таможнялық одақ жасағаннан гөрі әлгіндей одақтан сөзсіз әлдеқайда көп ұтқан болар еді... Россияның моральдық қамқорлығымен біріккен барлық славян элементтері тұрпайы күш жұмсау саясаты атаулыға үзілді-кесілді қарсы шығатын болса, онда Россияның қайта жапданған қуаты мызғымас күшке айналады» (318-бет).

«Әуел бастан-ақ қозғалыстың күшті еврейлік белгісі болды да, мұның өзі оны европалық капитал орталықтарымен байланыстырды. Жас түрік қозғалысы әрқашан да Франция мен Англиядан, әсіресе Балқан комитеті арқылы қолдау тауып отырды» (319-бет).

«1908 жылғы 19 июльде король VII Эдуард орыс патшасына барып, онымен Ревель рейдінде кездесті. Бұл дидарласу ағылшын-орыс жақындасуының шыңы болды және Европаның саяси дүниесін дүрліктірді» (319-бет).

«Қайткен күнде де 1906—1908 жылдары жалпы алғанда Европада, әсіресе Германияда көңіл күйін қандай абыржу жайлап алғанын еске түсіру керек. Король Эдуардтың келісімпаздық саясаты арқылы Германияның «қоршалуы» жөніндегі дәл айтылған сөздің нақты саяси маңызы 1906—1907 жылдарда барған сайын қалай растала түскенін біз көріп отырдық. Жерорта теңізіндегі келісімдер және Россиямен жасалған келісім шеңберді тұйықтағандай болды» (320-бет).

«Әңгіме Түркияны бөлісудің көп нәрсе көзделген жоспары туралы болған еді» (322-бет).

«Нақ Париждегі сияқты, Лондонда да әбден абыр-сабыр қылды» (327-бет).

«Егер Германия екі бөліктен тұратын біртұтас монархияны тек шартты түрде жәпе ескертулермен қолдаса, онда мұның Антанта державаларының тарапынан аса күшті қысымға ұшырайтыны, яғни белгілі бір кезеңнен бастап Англия мен Россияның осындай қысым жасау арқылы, Австро-Венгрия үшін Үш жақты келісімге қосылу жақсы екенін, мұның өзі Австро-Венгрияның өзі үшін Герман империясымен одақ болудан гөрі тиімдірек екенін көрсету ниетімен мүлде басқаша мақсат көздейтіні ешбір күмәнсыз еді» (332-бет).

КАУТСКИЙ. «СОЦИАЛИЗМ ЖӘНЕ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТ»

Карл Каутский. «Социализм және отаршылдық саясат». Берлин, 1907.

«Алайда өндіргіш күштерді дамытудың аса күшті стимулының осы ролін капиталистік өндіріс әдісі әлдеқашан атқарған. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында-ақ капиталистік өндіріс әдісі өндіргіш күштердің одан әрі дамуына барған сайын өзі кедергі бола түсетін шекке жеткен-ді. Бұдан әлі өндіргіш күштердің қандай да болсын өсуіне енді мүмкіндік қалмайды деген мағына тумақшы емес; керісінше, мұндай өсу әлі де болып жатыр; бірақ енді мұның мағынасы мынадай: өнімділікті капиталистік өндіріс әдісі тұсындағыдан гөрі тезірек дамытатын өндіріс әдісі мүмкін болды, ал капиталистік өндіріс әдісі өзін өзі сақтап қалу үшін өнімділіктің дамуына барған сайын көбірек кедергі жасауға мәжбүр болуда» (35-бет).

«Социализм қазірдің өзінде-ақ экономикалық қажеттілікке айналды. Оның келу мерзімі тек күшке байланысты мәселе. Ұйымдастыру және тәрбие жұмысы арқылы пролетариат үшін бұл күшті жасау қазір социал-демократияның қай кездегіден болса да аса маңызды міндеті болып отыр. Капитализмнің күш-қуатын онан әрі дамыту туралы да қамқорлық жасауға тиіспіз деп ойлайтын социалистерден оған көрінетін ештеңе жоқ» (37-бет).

ЭНГЕЛЬС. 1882 ЖЫЛҒЫ 12 СЕНТЯБРЬДЕГІ ХАТ*

Фридрих Энгельстің хаты (12. IX. 1882)

[«Германияда отарлау жолындағы қозғалыс басталғанына міне ширек ғасыр (1907—1882=25) болды. Соны зерттеп жүргендіктен, мен бір жолы Фридрих Энгельстен ағылшын жұмысшыларының өз отарларына қалай қарайтынын сұрадым».]**

Бұл жөнінде *Энгельс маған 1882 жылғы 12 сентябрьде* былай деп жауап берді:

«Сіз менен: отаршылдық саясат туралы ағылшын жұмысшылары не ойлайды? деп сұрайсыз.

---

* Энгельстің хаты (алғы сөз бен соңғы сөзді Каутский жазған) Каутскийдің кітапшасының аяғында (жоғарыдан қараңыз) қосымша ретінде берілген. *Ред.*

** Энгельстің хатына Каутский жазған алғы сөз болып табылатын бұл абзацты В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

Олардың жалпы саясат туралы ойы қандай болса, бұл туралы ойы да сондай. Мұнда жұмысшы партиясы жоқ, мұнда тек консерваторлық және либералдық-радикалдық партиялар ғана бар, ал ЖҰМЫСШЫЛАР СОЛАРМЕН БІРГЕ АНГЛИЯНЫҢ ОТАРЛЫҚ МОНОПОЛИЯСЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК РЫНОКТАҒЫ МОНОПОЛИЯСЫН ҚАННЕН-ҚАПЕРСІЗ ПАЙДАЛАНЫП ОТЫР*. Менің ойымша, нақ отарлар, яғни европалық халықтар отырған жерлер, Канада, Кап, Австралия, *бәрі дербес болады;* мұның керісінше, байырғы халықтар отырған тек бағыныштьт жерлерді, Индия, Алжир, голландтар, португалдар, испандар иелігіндегі жерлерді пролетариаттың уақытша алуына, сөйтіп мүмкіндігінше тез *дербестікке жеткізуіне* тура келеді. Бұл процестің нақ қалай өрістейтіндігін айту қиын, ***Индия, мүмкін, революция жасар, бұл*** *әбден ықтимал нәрсе,* өйткені азаттық алушы пролетариат *отарлық соғыстарды* жүргізе алмайды, *сондықтан мұнымен келісуге тура келеді,* оның бер жағында, әлбетте, іс түрлі қиратусыз болмайды. Бірақ мұндай нәрселер — барлық революцияларда да болмай қоймайтын нәрселер. Тағы басқа жерлерде де, мысалы, Алжирде, Египетте нақ осылай болуы мүмкін, ал *біздер үшін*** мұның өзі, күмәнсыз, ең жақсысы болар еді. *Біздің өз үйімізде өзімізге жұмыс жетеді.* Европа мен *Солтүстік Америка* қайта құрылса-ақ болғаны, мұның өзі сондай орасан зор күш пен сондай *үлгі* беріп, жартылай цивилизациялы елдер біздің соңымыздан өзінен-өзі ереді; бұл жағын *бір ғана экономикалық қажеттердің өзі-ақ жайғастырады.* Өздері де социалистік ұйымға жеткенге дейін бұл елдердің қандай әлеуметтік және саяси кезеңдерді бастан өткеруіне тура келеді, бұл туралы біз тек тұрлаусыз болжам ғана айта аламыз деп ойлаймын. Бір ғана нәрсе күмәнсыз: *жеңімпаз пролетариат бөтен халықтың ешқайсысына ешқандай ба-*

NB

* Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 27-том, 443-бет. *Ред.*

** Каутскийдің кітапшасындағы курсив. *Ред.*

*қытты етуді таңбайды, таңған күнде өз жеңісіне нұқсан келтірмей қоймайды**. Әлбетте, мұның өзі *әралуан қорғаныс соғыстарын ешқандай да керексіз етпейді***. NB

Египеттегі оқиғаны орыс дипломатиясы бастады. Россияның Арменияға ие болуы үшін Гладстонның Египетті (ол әлі тіпті де оның қолында емес, ал егер де мұның оған сәті түскен күнде де, ол оны тіпті де сақтап қалады деген сөз емес) алуына мүмкіндік беріліп отыр,— Гладстонның пікірінше, мұндай басып алу тағы да христиан елін мұсылман езгісінен азат ету болып шығар еді. *Бұл істегі басқаның бәрі—сырт көрініс, фарс, сылтау****. Бұл әрекеттің сәті түсе ме, түспей ме, көп ұзамай көрерміз»[103].

«Хаттың аяғы Араби-пашаның басшылығымен болған Египет көтерілісінен кейін Египетті ағылшындардың алуы жайында. Бұл мәселе жөнінде Энгельстің 1882 жылғы 9 августағы жазған хаты жақында жарияланды, бұл хатта ол Египеттегі ұлттық қозғалысқа тек сезім жағынан ғана қараудан сақтандырады. Бұдан Энгельс ағылшындардың Египетті аннексиялауын ерекше ұнатып қарсы алдымыс деген қорытынды жасалды. Біз қазір мұның шындыққа онша сәйкес келмейтінін көріп отырмыз»**** (79—80-беттер).

КВАДФЛИГ. «ОРЫСТЫҢ 1774—1914 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЭКСПАНСИЯ САЯСАТЫ»

«Орыстың 1774—1914 жылдардағы экспансия саясаты», д-р Франц *Квадфлигтікі*. Берлин, 1914.

«Оның бер жағында Англия түрік мәселесі жөнінде Россия мен өзінің арасындағы қайшылықтарды Кувейт шарты арқылы Армения мен Кіші Азияға аударды, Россия Арменияда астыртын жұмыс жүргізуде, Франция Сирияны алуды көксеп отыр, ал Германия Евфраттағы аймаққа ие болғысы келеді. Сонымен, түрік мәселесі арасындағы шағын толастарымен, бәлкім, әлі де жүз жыл бойы Европаны мазасыздандыра беретін шығар, сондықтан орыс дипломатиясы Оңтүстік Азия мәселесіне көбірек көңіл бөлуге тиіс. Россияның Азиядағы зор экспансия саясаты оның да бола-

* Каутскийдің кітапшасындағы курсив. *Ред.*
** Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 22-том, 372-бет. *Ред.*
*** Каутскийдің кітапшасындағы курсив. *Ред.*
**** Бұл абзац—Энгельстің хатына Каутский жазған соңғы сөз. *Ред.*

шағы теңіздерде жатыр деген сөз болуға тиіс; еркін қимылдайтын күшті флот болмайынша, ешқандай орыс Азиясы болуы мүмкін емес; Россия Шығыс Азиядағы өзінің қолайлы позициясынан 1905 жылы тағы да айрылғандықтан, Мәрмәр теңізі арқылы өтудің орыс теңіз саясаты үшін онан бетер үлкен маңызы бар» (96-бет).

«Сондай-ақ 1907 жылғы 7 августағы бөлісу туралы шарттан кейін де жоғарыда көрсетілген жобалардың шартта белгіленген праволарды бұзбай-ақ жүзеге асырылуы мүмкін еді. 1907 жылғы бұл шарт Персияны үшке бөледі: орыс және ағылшын ықпалының сфералары және екі держава үшін ортақ аймақ. Англия мен Россия үкіметтері тиісті ықпал ету сфераларында саяси немесе сауда сипатындағы концессияларды алмауға және ол концессияларды алу жөнінде өз азаматтарына немесе үшінші бір мемлекеттердің азаматтарына көмектеспеуге өзара уәде береді. Персияның бүкіл солтүстігі, яғни Касре—Ширин—Исфахан — Йезд — Ках бойының солтүстігінен парсы-ауған-орыс шекаралары түйіскен жерге дейін, Россияға беріледі, ал шығыста, яғни Бендер-Аббас — Керман — Бирдженд — Газик бойының оңтүстік-шығыс жағына, Англия ықпал ететін болады» (134-бет).

«Хакки-пашаның Лондонда 1913 жылы жасасқан ағылшын-түрік келісімі ағылшын-орыс саясатының қорытынды актісі болып табылады, ал Кіші Азиядағы орыс саясатын алып қарағанда бұл келісімге тағы да қайта оралуға тура келеді. Бұл келісім бойынша Англия Бағдат темір жолының соңғы учаскесін, Басра — Бағдат учаскесін, яғни Кипр — Индия бойының тағы бір бөлегін алды. Сонан соң, Түркия Кувейт сұлтандығынан бас тартты, рас, ол сұлтандық Түркияға әрқашан да онша тәуелді болып келген жоқ еді, ал енді Англияның вассал мемлекетіне айналуға тиіс болды. Сөйтіп Парсы шығанағының бүкіл оңтүстік-батыс жағалауы Евфраттың сағасынан Ормуз бұғазына дейін ағылшындарға қарайтын болады» (135-бет).

«Орыс саясатының Персиядағы табыстары ағылшын саясатының табыстарынан артта қалып отыр, өйткені Англия Персияға теңіз жағынан қауіп төндіре алады» (136-бет).

«Соңғы уақытта Россия көтерілістер ұйымдастыру жөніндегі өзінің бұрынғы саясатына қайтып оралды, яғни ол түрік аймақтарында көтеріліс туғызу үшін агенттер

ретінде өз армяндарын тағы да пайдаланып отыр; ал бұл туралы, әрине, әзірге мандытып ештеңе айта алмайсың. Ал Англия, керісінше, Түркия ісіне Россияның қол сұғуына сылтау қалдырмауды көздеп, реформаларды бейбіт жолмен жүргізу үшін 1913 жылғы Балқан лаңдарын пайдаланды, ал Россия қол сұға қалған күнде, бұған Англия сақадай-сай тұрған болар еді, өйткені Түркия оған реформалар жүргізуге уәде берген болатын. Кувейт шарты бойынша Англия сұлтанға Түркияның азиялық иеліктері жөнінде 40 жылға кепілдік береді, яғни Россия жаулап алуға әрекет жасаған жағдайда Түркияны тағы да қорғаушы ретінде шығуға, сөйтіп орыстардың алып қоярлық жерлерін олардан тағы да тартып алуға праволы болады. Мұның есесіне Түркия Арменияда, Анатолияда, жалпы алғанда ішінара христиан халқы бар Кіші Азия аймақтарында реформалар жүргізуге міндеттенеді» (146—147-беттер).

««Жоғарыда келтірілген хабарларға сәйкес, Англия қазіргі Түркияның тұтастығын сақтауға 40 жылға кепілдік берді, ал мұның өзі Арменияда бүлдіру жұмысын жүргізіп отырған Россия жөнінде қазіргі уақытта өте маңызды»,— деп жазады Рорбах»* (147-бет).

«Мұндай темір жолдардан, су жолдарынан және әскери жолдардан құралатын қатынас жолдар торабын құруы Россияның Оңтүстік Азия мәселесі шешілді деп санамайтынын көрсетеді. Керісінше, бұл жоспарлы құрылыс Оңтүстік Азияның бірден-бір билеп-төстеушісі кім болатыны туралы мәселенің оңтайлы кезеңде қарумен шешілуге тиіс екенін көрсетеді» (171-бет).

«1903 жылдың өзінде князь Ито орыс-жапон одағын жақтаған пікір айтты, өйткені бірігу Қытай империясын бөлісуді едәуір жеңілдетуге тиіс болар еді және дегенмен ол бөліске қатысушылардың әрқайсысын қанағаттандыруға мүмкіндік берген болар еді» (173-бет).

«1907 жылғы 17/30 июльде Россия мен Жапония арасында жасалған шарт орыс саясатының да, жапон саясатының да жаңа бағытын көрсетеді. Сөйтіп, Англия оқшау қалған болып шықты да, ағылшын-жапон одағы өз құнын едәуір дәрежеде жоғалтты» (173—174-беттер).

---

* «Münchner Neueste Nachrichten» № 280, 4. IV. 1913. *Ред.*

«Жапон-орыс келісімінен кейін көп ұзамай Англия 1907 жылғы 7 августа Россиямен конвенция жасады; бұл конвенция бойынша Россия Ауғанстанда одан әрі жылжудан уақытша бас тартты» (174-бет).

«Орыс-жапон жақындасу саясатының жалғасы 1910 жылғы 4 июльдегі шарт болды; ол шарт қорғаныс одағына өте ұқсас» (219-бет).

«Бұл шарт 1911 жылғы 7 майдағы қосымша келісіммен кеңейтілді. Екі мемлекет Маньчжуриядағы тиісті мүдде сфераларын құрметтеуге және бөтен біреудің қол сұғуының қандайына болса да тойтарыс беруге міндеттенді. Жапония бұл үшін Россияның Монғолияда әрекет жасауына толық еркіндік берді» (220-бет).

«Бірақ Россия бұл кезде Монғолия мәселесін алға қоя бастады, бұған ол 1911 жылғы 7 майдағы шарт бойынша жапондардың келісімін алған болатын. Революцияларды және қытайдың қоныс аудару саясатын, ал бұл саясат тұсында қоныс аударушылардың соцынап әскери отрядтардың келіп жатқанын, мұның өзі маньчжурлар мен халхас тайпалары арасындағы шарттарды бұзғандық екенін негізге ала отырып, монғол князьдары өз аймағын тәуелсіз деп жариялады. Мұның жүзеге асырылуына ешқандай септігі тимесе де, Россия Монғолияның тәуелсіздігін тануға асықты» (220—221-беттер).

«Сөйтіп, Монғолия жөніндегі жоғарғы өкімет билігі Қытайдың өзінде сақталған сияқты көріне тұрса да, орыс газеттерінің Монғолияны Россия өз протекторатына бағындырды деуін онша теріс деуге болмас. Орыс дипломатиясы 1904 жылға дейін Кореяда жеткеніндей нәтижелерге мұнда да жетті. Жапония мақұлдағаннан кейінгі жерде, бұл жолы Россия, ол державаның қарсылығымен күресуіне тура келгендегісінен гөрі жақсырақ жағдайда болуы мүмкін» (221-бет).

«Мәселе Қытайдың қайта құрыла алатын-алмайтынында ғана. Қытай өз отанын сүйетін және өз еліне шетелдіктердің істеген қылығынан көп ызаланған 300 миллион адамы бар тұтас ел. 1911 жылы революция басталып, ол маньчжурларды қуып шығумен аяқталды. Сөйтіп, Қытай өзінің бірінші міндетін — жат жерліктердің өктемдігін құлату міндетін орындады, ол осылай істеуге соншалық жиі, бірақ нәтижесіз әрекет жасап келген-ді. Қытай реформаторы Юань Ши-кай бола ма, әлде басқа біреу бола

ма? Оянып алған Қытай орыстың экспансия саясатының Жапониядан гөрі неғұрлым қауіпті дұшпаны болмақ, сондықтан князь Ухтомскийдің: «Өз тарихының сан мыңдаған жылдары бойында бұрын да талай рет болғанындай, Қытай өз күштері арқылы қайта жанданады; бұл жандану Жапониядағыдан гөрі неғұрлым баяу, бірақ неғұрлым берік те болар, ал сонда проблема: Россия немесе Жапония емес, Россия немесе Қытай болады» деуі әбден дұрыс (222-бет).

«Түрік аймақтарының территорияларын орыс империясының құрамына мемлекеттік-праволық жағынан қосу жолымен болсын немесе Түркияның өзі жөнінде, не Балқан мемлекеттерінің Түркия империясынан құрылған федерациясы жөнінде халықаралық правоға негізделген доминиум алу жолымен болсын, түрік аймақтарын иеленуге күш салып ұмтылу 19-ғасырда орыстың Балқан жөніндегі саясатының басшы принципі болды. Әлгі доминиумды кейіннен мемлекеттік-праволық сипаттағы державаға айналдыруға болар еді.

Россияның Кіші Азияны да қоса алғанда Орта және Оңтүстік Азиядағы түпкі мақсаттары жеке дәуірлерде қаншалықты әр түрлі болса да, дегенмен бұларды бір формулаға әкеліп саюға болады. Мұнда орналасқан мемлекеттердің бәрін,— Түркиямен қоса Арменияны, Персияны, Ауғанстанды және олармен жапсарлас ұсақ мемлекеттерді,— әуелі орыс ықпалына бағындыру, сонан соң, сайып келгенде, оларды өз империясына қосу үшін оларға орыс протекторатын күштеп таңу түпкі мақсат болып табылады» (227—228-беттер).

«Олар Кореядан және Маньчжурияның бір бөлегінен уақытша бас тартты, бірақ Монғолия мен Солтүстік Маньчжурияны империяға түпкілікті қосып алу үшін жапондармен жақындасты. Қазіргі уақытта бұл саясат Монғолия мен үстемдік етуші мемлекет—Қытай арасында әрқашан болып келген ерекше саяси және әлеуметтік қатынастарды шебер пайдалану арқылы, жапон үкіметінің келісімімен, сірә, өз мақсатына жеткізетін болар. Бұдан шығатын қорытынды: жағдайларға байланысты түрі өзгеріп отыратын, бірақ елеулі жақтары өзгеріссіз қалатын, алдын ала ойластырылған жоспар бойынша Шығыс Азияда да қытай қорғанына дейінгі зор территорияларды тікелей иелену және Шығыс Азияда гегемонияға қол жеткізу

мақсатымен экспансия дәйекті түрде жүзеге асырылып келді.

Сондықтан 19-ғасырдағы орыс саясатының негізгі идеясы дүние жүзілік империя құру болды дегенді ақтық қорытынды ретінде қабылдау өте дұрыс болады, оның бер жағында дүние жүзілік империя деп өзінің ақтық шекараларын белгілегенде мемлекеттерді құру үшін әдетте өлшем болып табылатын нәрселердің бірде-бірі еске алынбайтын мемлекетті түсіну керек. Қол жеткізуге ұмтылып жүрген шекаралар ұлттық шекаралармен де, ортақ тілдің, нәсілдің шекараларымен де, оның бер жағында онша ескеріле бермейтін дін шекараларымен де сәйкес келмейді; бұл шекаралар жердің бедерімен белгіленбейді, демек, жаратылыста белгіленген табиғи шекаралармен барлық жерде сәйкес келе бермейді» (230—231-беттер).

««Дүние жүзілік державалар,— дейді Зеринг,— барлық материалдық байлықтардың көзі—жерді әрқашан өздерінің монополиясы етіп келді». Қазіргі дүние жүзілік державалар, Россия, Англия жәпе Америка, бұдан да асып түсіп отыр. Бұлар өз империяларын барлық аймақтарға қарай кеңейтті немесе кеңейтуге ұмтылып отыр, бұл дәл мағынасында емес, бірақ жердің бере алатынының бәрін өз империясының ішінде табуға болатындай мағынада кеңейтуге ұмтылып отыр. Англия қазірдің өзінде осындай жағдайға жетті. Ол ел мекендеген жер бетінің төрттен бірін алып отыр және, отарлардың премьер-министрлері конференциясында Чемберленнің менменсіп мәлімдеуіне қарағанда, ұлан-байтақ империяның әйтеуір бір бөлегінен тауып алуға болмайтын зат жоқ. Россия мен Американың дүние жүзілік империялар құру жөніндегі өз жоспарларын жүзеге асыруына сәті түссе, олар жер бетінің келесі төрттен екі бөлігін қамтып алады, сөйтіп Британ империясы сияқты қолайлы жағдайда болады» (234-бет).

«Германияға арнайы қатысты басқа жолды Шмоллер былайша сипаттайды: «Біз шовинистік дүние жүзілік саясатты жүргізгіміз келмейді және жүргізбейміз. Біз флот пен теңіздегі құдіреттілікті шексіз кеңейте беру жоспарларының жолымен жүрмейміз, бірақ өмір сүруге және барған сайын өсіп отырған халықтың өмір сүруін қолдап отыруға мүмкіндік алу үшін саудамыз бен өнеркәсібімізді соншалық кеңейткіміз келеді; біз отарларымызды қорғағымыз келеді және мүмкіндігі болғанынша бір жерде неміс

егіншілік отарын алғымыз келеді; барлық жерде біз шамадан тыс тонаушылық меркантилизмге қарсы және басқа мемлекеттердің бәрін шеттетіп, сонымен қатар олардың саудасын жойғысы келетін дүние жүзілік үш державаның—Англияның, Россияның, Солтүстік Американың арасында дүние жүзінің бұлайша бөлінуіне қарсы әрекет жасаймыз». Бірақ табысқа жетуді үміт етіп енді кейбір ұлы державалар ғана әлгі соңғы айтылған жолмен жүруі мүмкін» (237-бет).

«Неғұрлым күшті державаны Англия үшін енді қауіпті болмайтын дәрежеге түсіру үшін *Англия әрқашан да неғұрлым әлсіз державаның досы болып келді**. Англия әуелі испандардың құдіреттілігін жою үшін Голландиямен бірікті, сонан соң Нидерландының теңізде қосарласа үстемдік етуін жою үшін Франциямен бірікті, одан кейін ол Францияның отарлық империясын бөлшектеуге жақсы мүмкіндік алу үшін Ұлы Фридрихты қолдады; осылайша ол Шығыс Азия суларында орыстардың құдіреттілігі қауіпінің өсуіне қарсы тұру үшін Жапониямен байланыс жасады; осылайша ол Германияның теңіздердегі құдіретті жағдайын жою үшін қазір Францияның немесе Россияның досы болды; осылайша, герман флоты құртылғасын ба, әлде Германия бақталастықтан өз еркімен бас тартқасын ба, әйтеуір герман флотынан ешбір қорықпайтын болғаннан кейін-ақ ол Германияның одақтасына айналады. Ал сонда Англияның ендігі дұшпаны патшалық империя болып шығуы мүмкін» (246-бет).

Төмендегі кесте орыс темір жолдарының өсуін бейнелейді (239-бет):

	Жалпы ұзындығы	Орта Азия аймақтары	Сибирь мен Маньчжурия
1858	1 165 км.	..............км.	..............км.
1878	22 910 »	.... »	.... »
1890	32 390 »	1 433 »	.... »
1908	73 699 »	4 519 »	10 337 »
1909	76 284 »	6 544 »	10 337 »

«Европаның орталық мемлекеттері: Германия, Австро-Венгрия, Италия орыс және француз саясатының агрессиялық тенденцияларына қарсы одақ жасасты. Бұл одақ

* Курсив Квадфлигтікі. *Ред.*

ұзақ уақыт бойы өмір сүрді, өйткені оның үш мүшесі арасында тек болмашы ғана алауыздықтар болуы мүмкін; Австрияның Италиямен шекарасында итальянша сөйлейтін халқы әлі де болғандықтан, мұндай алауыздықтар тек Австрия мен Италия арасында ғана бар және бұл қайшылықты итальян ирредентистерінің Триестегі және итальян Тиролiндегі тіміскі әрекеттері күшейте түсіп отыр; сондықтан байланысы тым әлсіз осы халықаралық бірлестікті неғұрлым берік бірлестікке айналдыру мүмкіндігін сөзсіз теріске шығаруға болмайды. Сонымен, мұнда мемлекеттердің европалық ассоциациясының бастамасы бар. Европаның шабуыл ниеттері жоқ ұлы үш мемлекеті славяндардың шабуылына қарсы немесе, дәлірек айтқанда,— Россияның және орыс үкіметі басқарып отырған Балқан түбегіндегі шағын славян мемлекеттерінің экспансиясына қарсы қимыл жасау үшін топтасты» (248—249-беттер).

«Континенттегі Европа державаларының Англия мен Россия сияқты дүние жүзілік державалар алдында соншалық қажет бірлігінің осылайша шырқы бұзылып отыр,— ал Англия мен Россияға, үшінші держава ретінде, Монро депешасынан кейін едәуір ілгері басқан панамерикалық талаптары бар Солтүстік-Америка одағы да қосылып отыр. Европа мемлекеттері әзірге дара-дара қалып отырғанда, жоғарыда аталған үш мемлекет қалған дүние жүзін бөлісуде одан әрі баруы мүмкін. Азиядағы ағылшын-орыс күресі кезінде тек қана дерлік осы екі державаның маңызы болғаны, ал Европаның қалған мемлекеттері мейлінше екінші дәрежелі роль атқарғаны аңғарылды. Жоғарыда көрсетілгеніндей, Россия бүкіл жүз жыл бойына қысқа-қысқа үзілістерден кейін бірде ол жерде, бірде бұл жерде өз империясын ұлғайта берді; дәл сол сияқты Англияның да 1800 жылы Мальтаны алуынан бастап, 1900 жылы бур республикаларын жаулап алуымен қоса, өзінің зор империясын он жыл сайын кеңейтпеген кезі болған емес. Егер Россия мен Англия Европадан сырт дүниені бөлісіп жатса, солтүстік американдар, жаулап алу объектісі ретінде, бүкіл Америка континентін өзіне арнап алып қалды. Сөйтіп орыстың жаулап алу саясаты Британ империализмі мен Солтүстік Американың панамериканизмін қайталау ғана болып табылады; олардың жеке мақсаттары жағынан сырттай өзара айырмашылықтары болғанымен, бәрінің бір ғана түпкі мақсаты — сыртқы дүниеден

биік таможнялық дуалмен қоршалған дербес дүние жүзілік мемлекет құру. Он тоғызыншы ғасырда дүние жүзілік державалар құру жолында қозғалыс басталды, жиырмасыншы ғасырда ол қозғалыс мемлекеттік сыртқы саясатқа мейлінше тән белгіге айналады; бұл тенденция аса ірі державалардың экспансиясынан және неғұрлым ұсақ елдердің, сондай-ақ сахнаға тым кешігіп келетін державалардың ассоциациясынан, яғни Англия мен Россиядан басқа европалық мемлекеттердің ассоциациясынан көрінетін болады. Чемберленнің 1903 жылғы 17 январьда Иоганнесбургте сөйлеген сөзінде: «Ұсақ мемлекеттер мен ұсақ-түйек бақталастықтың уақыты өтті; болашақ ұлы державалардікі» деп мәлімдегені расталады» (254—255-беттер).

«ЭГЕЛЬГАФ» ДӘПТЕРІ

ЭГЕЛЬГАФ. «ЕҢ ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ»[104]

Готлоб Эгельгаф. «Франкфурт бітімінен бастап осы уақытқа дейінгі *ең жаңа заман тарихы*». 4-басылуы. Штутгарт, *1913*.

Алғы сөз, XI. 1912

Автор — оңбаған, бисмаркшіл. Бірақ кітап фактілер жиынтығы мен анықтауыш ретінде өте пайдалы. Қарапайым жинақ *дәуірдің* басты ерекше белгілері ретінде *империализм* мен *демократиялық қозғалыстардың* суретін береді. (NB. «Дәуір» ұғымына өте-мөте маңызды!!) Автордың топас реакцияшылдығы салдарынан социализм туралы мүлде аз.

NB NB

Автордың *бірқатар* тарихи еңбектері бар, олардың ішінде I Вильгельм туралы және *Бисмарк* туралы қалың том бар; сонан соң **«Тарих жөніндегі очерктер»**—үш бөлім, ерте заман, орта ғасырлар, жаңа заман, 1905—1909 (Лейпцигте шыққан) және «Жыл сайынғы саяси шолулар» 1908 ж., т. т. 1912 жылға дейін.

Аса бір ерекше нәрсе, әрбір патшасымақ туралы, патшасымақтардың туған-туысқандары туралы, нидерланд королевасының түсіктер тастағаны туралы (sic! 440-бет), т. с. туралы педанттық ұқыптылықпен уақытын және сондайларын келтіріп отыратын нақұрыс автор—Румыниядағы 1907 жылғы шаруалар көтерілісі жөнінде жұмған аузын ашпаған (*)!!

(*) Айтпақшы. 1907 жылғы *«Europäischer Geschichtskalender»*-де бұл көтеріліс туралы *тек* үкімет хабарлары ғана бар (340-бет); бұл хабарларда «Потемкиндегі» орыс матростары «толқудың қауіпті элементтері» болды деп көрсетілген (sic!!)...

Кітапқа берілген «Хронологиялық кесте» нақұрыстық түрде жасалған, тартымсыз, жалаң, *жүйеге түсірілмеген* тізбе.

Ең алдымен мынаны атап көрсету керек (жалпы жүйеден тыс):

5-бет: Немістердің француз контрибуциясының (1871) 5 миллиард франкін пайдалануы—120 миллионы «әскери қор»

12 млн.— «еңбегі сіңген 28 генералға және империялық канцлер кеңсесінің президенті Дельбрюкке ақшалай сыйлыққа (дотация) берілген».
350 млн.—қамалдар мен казармаларға...
17 млн.—«соғыс салдарынан зиян шеккен кеме иелеріне»
etc.

sic! *генералдарға* және сондайларға *ақшалай наградтар!*

цивилизациялы соғыс және *тонау*

7-бет... «1874 жылғы сайлауда рейхстагқа (Эльзас-Лотарингияда) 10 ультрамонтан және қосылуға қарсы 5 адам сайланды; бұлар 18 февральда халықтың Францияға немесе Германияға жататындығы туралы мәселені жұртшылық арасында дауысқа салу жөніндегі ұсынысты рейхстагта өтіп кеткен күнмен өткізуге тырысты; алайда бұл ұсыныс *23* дауысқа қарсы барлық дауыспен жарыс сөзсіз қабылданбай тасталды».

NB

!!

!!

өзін өзі билеу туралы мәселе жөнінде

((Білер ме еді, бұл *23* кімдер болды екен? 1874 жылы рейхстагта, 1874 жылғы 10 январьдағы сайлау бойынша, 15 «эльзастық-автономист»+9 социал-демократ болды. 15+9=24?? (датчан 1, поляк 14, вельф 4 болды).

Сірә, *жақтап* дауыс бергендер эльзастықтар+социал-демократтар болса керек. Анықтау керек! қайдан? Бебельден бе?))

о т а р ш ы л д ы қ с о ғ ы с т а р д ы ң қ о р ы т ы н д ы л а р ы т у р а л ы мәселе жөнінде:

Гереро көтерілісі (оңтүстік-батыс Африка)—1904—XII. 1905. Олардың әні: «Гереро жері кімдікі?» және қайырмасы: «Гереро жері біздікі». Неміс әскері 17 000 адамға дейін жетті (298—9-беттер). Герероның «көпшілік жері *ж о й ы л ғ а н»* (sic!)—«олар үшін де, біздер үшін де ауыр шығын» (299), өйткені «жұмыс қолы» жоқ дейді (!!)...

(жерді тонап, помещиктерге айналу!)

«Алайда елдің бағалы және тартымды ел болудан қалмағандығын мынадай фактінің өзі-ақ дәлелдейді: 1906 жылғы октябрьдегі ресми хабарларга қараганда, отарлау армиясының солдаттарынан *5 9 1 а д а м* Германияға қайтып оралмауға, шаруалар мен мал өсірушілер ретінде сол елде қалуға ұйғарған. Кейінгі айларда мұндайлардың саны онан сайын көбейе түсті, ал жаңа рейхстаг 1907 жылғы 10 майда фермерлердің соғыс уақытында шеккен шығынының орнын толтыруға фермерлер үшін *5 миллион* маркаға дауыс бергендіктен, қирап-бұзылған нәрселерді қалпына келтіру ісін бастау мүмкін болды» (299).

1908 жылы ағылшындар немістермен *б і р г е* отаршылдық соғыста!!

1904 жылғы сентябрьден бастап 1907 жылға дейін болған *готтентоттар* көтерілісі (бұл да оңтүстік-батыс Африкада болды). Бұлардың жеке бандалары 1908 жылғы декабрьдің аяғына дейін болды, бұл бандалар «неміс және ағылшын өкімет орындарының бірлескен жазалау шараларын қайта туғызды» (300).

Француз республикасының Италияға өшпенділігі (айтқандайын, папа үшін) (сондай-ақ мысалы): «*1 8 9 3* жылғы

августа итальян жұмысшыларын *Эг-Морте де* өздерінің француз бәсекелестері өлімші қылып сабады» (345). (түрлі елдердің жұмысшылары)

Сайлаушылар саны миллион есебімен: 0.4, 0.8, 1.5, 4, 6.5

Англиядағы сайлау реформалары:

..1-ші, *1832* («шірік мекендерді» жою. Ценз. Сайлаушылар санын 400 000 шамасынан 800 000 дейін арттыру). — Англиядағы сайлау реформалары

..2-ші, *1867* (сайлаушылар саны 1 056 000-нан $1^1/_2$ миллионға дейін. Үй иелері мен үй жалдаушылар).

..3-ші, *1884* (сайлаушылар саны 75% арттырылған). $1^1/_2$ миллионнан *4* миллионға дейін. Ценз — бір жыл отырықшылық. Үй қызметшілері, бөлме жалдаушылар және басқалар шығарылып тасталған. «Сонымен, Англияда шамамен 6 миллион ересек еркектердің 1912 жылға қарай әлі де 2 миллионға жуығының дауыс беру правосы жоқ еді» (368).

..4-ші, *1912* (барлық еркек жынысына >*21 ж.*—бұрынғы айырмашылықтар жоқ; ценз—*жарты жыл* отырықшылық (377-бет) (салыстырыңыз: Шультестің «Europäischer Geschichtskalender»-і))

(енгізілген уақыты 17. VI. 1912 қабылданған уақыты 12. VII. 1912 күшіне енер уақыты 1. VI. 1914)

((1832—1912, яғни 80 жыл!))

қылмысты-лық!!

«Уақ-түйек»: VII Эдуард (1841—1910) «жас кезінде көбінесе жазаланатын сипаты бар (sic!!) құмарпаздық пен спортқа тоймаған» (425).

сөз-ақ!!

«Цивилиза-циялы дүниенің Құрама Штат-тары» (!!!)

Қытайдағы *боксерлер* көтерілісіне қарсы әскери жорықты (1900—1901) *(Россияның, Жапонияның, Германияның, Францияның, Англияның, Құрама Штаттардың* одақтас әскерлерінің жорығын) француз генералы *Фрей* былай деп бағалады: бұл жорық *идеалист*-саясатшылардың *арманын — цивилизациялы дүниенің Құрама Штаттарын алғаш рет жүзеге асырды»* (469)... ((Социал-демократтардың хаттары — «гунн хаттары» жалған немесе бұрмалау болды дейді! (467) Е, әрине!))

Гаага конферен-циясы және Корея!!!!

Корей принці (Ю-Ионг) жапондарға шағым жасап, Кореяның тәуелсіздігі декларациясымен 2-ші Гаага конференциясына келгенде (1907 жылы 15 июньде ашылды), жапондар Корея императорын қуып жіберді де, таққа оның баласын отырғызып, онымен 1907 жылғы 24 июльде «шарт» жасасты, сөйтіп дипломатиялық қарым-қатынастардың бәрі Сеулдегі жапон елшісі арқылы жүргізіледі деді...

NB

буржуаның пікірі: ревизионис-тер «радикал

Нюрнбергтегі съезде (1908) ревизионистердің жеңілуі жөнінде (119-ға қарсы 258 дауыс бюджеттерді жақтап дауыс беруге *қарсы)* автор, Эгельгаф, былай деп ескертеді:

«Айтпақшы, *ревизионистердің* радикал социал-демократтардан айырмашылығы өздерінің түпкі мақсаты — барлық қатынастарды социализациялау жа-

гынан емес, буржуазиялық бұқараны үркітіп алмауды және әйтеуір мүмкіндігінше буржуазиялық солшылдармен бірге жүруді көздеген сақ тактикасы жағынан, ал өздерін баяу ұстайтындықтан, *олар шын мәнінде барып тұрған солшылдардың «тағылары-нан» қауіптірек»* (523).

социал-демократтардан гөрі қауіптірек»

NB

Бисмарк Францияны монархиялық Россиядан *бөліп алу* үшін (NB) Францияда республика болуын *жақтады* — ал монархияны қалпына келтіру *үшін* Парижде «әрекет жасаған» елші граф Гарри *Арним* 1874 жылы *қайта шақырып* алынды (III. 1874), сөйтіп құпия мемлекеттік документті жариялағаны үшін 1875 жылы 5 жыл каторгаға (!) кесілді (Ниццаға қашып кетті) (93-бет).

Бисмарк Францияда республика болуын *жақтаған*

Ирландия: 1796 жылы декабрьде генерал *Гош* 20 000 армиясымен арал маңынан келіп шықты, аралға түсуіне дауыл ғана кедергі болды (380-бет). (Француз революциясы Ирландияда қозғалыс туғызды).

NB!!

Құрама Штаттар: 1775—83 — «Францияның және Испанияның көмегімен» азаттық соғыс. 1819 жылы «Испания өзіне тиісті... Флорида түбегін 5 миллион долларға Құрама Штаттарға сатты» (453-бет).

жаман емес! («одақ» — және «сату»)

Мына әдебиеттен цитат келтіріліп отыр: *Жильбер.* «Оңтүстік Африка соғысы». Париж, 1902.

1870—1871 ЖЫЛДАРДАН КЕЙІН ҰЛЫ ДЕРЖАВАЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТЫНДА БОЛҒАН ЕҢ БАСТЫ ДАҒДАРЫСТАР

1870—1871 жылдардан кейін ұлы державалардың халықаралық саясатында болған (ең басты) дағдарыстар:

1914—6 жж. соғысты әзірлеу («кезеңдері»)

1879: Германияның Австриямен одағы	1877—1878:	(Балқандағы ұлт мемлекеттерін азат ету.) *Түркияны* тонайды («бөліседі») (*Россия*+Англия++Австрия).
1891: Россияның Франциямен одағы	1885:	Россия Англиямен соғыса жаздады. *Орта Азияны* тонайды («бөліседі») (*Россия* мен Англия).
	1895:	(Қытай-жапон соғысы.) *Қытайды* тонайды («бөліседі»). (Жапония+*Россия* + Англия + Германия+Франция.)
	1898:	Англия Франциямен соғыса жаздады (Фашода). *Африканы* тонайды («бөліседі»).
	1904/5:	(Орыс-жапон соғысы.) *Қытай мен Кореяны* тонайды («бөліседі»). (*Россия* мен Жапония).
1907: Россияның Англиямен одағы	1905:	Германия Франциямен, Англиямен соғыса жаздады: *Мароккоңы* тонайды («бөліседі»).
	1911:	Германия Франциямен, Англиямен соғыса жаздады. *Марокконы* тонайды («бөліседі»). Марокконы Конгоға *айырбастайды*.

NB: Россия мен Австрияның Түркияны «бөлісу» туралы 1877 жылғы 15 январьдағы құпия шарты...

NB: *1876:* Россия Австриямен соғысқанда Германия бейтарап бола ма деп II Александрдың Бисмаркке сұрау салуы [Эгельгаф, 128-бет]

10. I. 1891: Англияның Португалияға ультиматумы: Африканы тонайды («бөліседі»).

1889: Самоа аралдарын тонау (Англиямен, Германиямен және Құрама Штаттармен бірге).

1898: Испан-американ соғысы. (Куба мен Филиппиныды тонайды.)

1898: Англия Россияға қарсы одақ жасасу туралы Германиямен келіс сөздер жүргізеді. (Саудасын пісіре алмады!)
X. 1898: Англия мен Германияның шарт жасасуы: Португалияның отарларын бөліседі (оның финанс жағынан мүмкіндігі «болмаған жағдайда»)...
1899: Самоа үшін Германия, Англия мен Құрама Штаттар арасындағы «егес». Соғыс қаупі. Жанжал. Бұл аралдарды «бөлісу» туралы шарт: 14. XI. 1899.
1900: Барлығы: Германия+Россия+Құрама Штаттар+ +Жапония+Англия+Франция бірлесіп Қытайды тұншықтырады.
1903: Венесуэладан борыштарды күштеп алады (бомбылау арқылы): Германия+Англия+Италия.
1904: Англияның Франциямен шарт жасасуы (8. IV.) Африканы бөліседі (Германиямен соғысуға әзірленеді).
1907: Россияның Англиямен шарт жасасуы (31. VIII.): Персияны, Ауғанстанды, Тибетті бөліседі (Германиямен соғысуға әзірленеді).
1908: Екі державаның Тынық мұхиттағы «иеліктеріне» кепілдік беру туралы Жапонияның Құрама Штаттармен шарт жасасуы (28. XI.)
VII. 1910: Россия мен Жапония шарт жасасады: Кореяны Монғолияға «айырбастау»!
1911: Россияның Германиямен шарт жасасуы (19. VIII.): бұл да өзінше «сақтық» (Бағдатты Персия үшін).
1911: Англияның Жапониямен шарт жасасуы (Жапония Құрама Штаттармен соғыса қалған жағдайда Англия бейтарап)... (қараңыз: Франке «Германия және бүкіл дүние жүзілік соғыс» деген жинақта).
17. IX. 1914: Россияның «тәуелсіз» Монғолиямен «шарт» жасасуы (Монғолияны тонайды.)

1870 ЖЫЛДАН КЕЙІН БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ТАРИХТЫҢ
((ЭГЕЛЬГАФ ЖӘНЕ

	A	B	C	D	E
	Соғыстар	Дипломатия	Отаршылдық саясат	Экономикалық саясат (трестер және басқалар; таможнялық шарттар etc; ірі концессиялар...)	Жұмысшы қозғалысы және социалистік партиялар
1870	Француз-пруссак соғысы (70—71).	«3 императордың одағы» (71). 72: 3 императордың Берлинде жолығысуы.	(1866—7: Россия Қоқанды алады). 1868: Россия Бұхараны алады. 1873: Россия Хиуаны алады.	73: Германиядағы алтын валютасы. XI. 75: Англия Суэц акциясын сатып алады.	Париж Коммунасы (71). 71—75: Коммунарларға сот. 75: Готадағы социал-демократиялық съезд. Бірігу.
—1875		1875: Германия мен Францияның жанжалы. II Александрдың араласуы.			
1876		76: Россияның Австрияға қарсы соғысуы туралы Россияның Германиямен келіс сөздері.			

БАСТЫ ДЕРЕКТЕРІН ЖИНАҚТАУ ТӘЖІРИБЕСІ.
БАСҚА ДЕРЕКТЕМЕЛЕР))

F	G	H	I	K
Революциялық қозғалыстар (пролетарлық сипатты емес)	Ұлттық қозғалыстар және ұлт мәселесі	Демократиялық реформалар	Әлеуметтік реформалар	Түрлі нәрсе және ескертулер
1868—1871: Жапония. (Революция және өзгерістер.) 73: Испанияда республика. Немістің теңіз офицері Вернердің араласуы 1. VIII. 1873. 74: Испанияда XII Альфонс және 74—6: Карлист соғысы.	(1867: Венгрияның Австриямен келісімі). 75: Босния мен Герцеговинадағы көтеріліс.	61—72: Шаруалар реформасы және буржуазиялық-демократиялық реформалар. *Россия* 71: Германияда «культуркампф»-тің басталуы (71—78). 71—79: Францияда роялистер мен клерикалдарға қарсы күрес (75: республиканың жеңуі). 2. IV. 73: Австрияда сайлау реформасы (4 курия). 75: Германиядағы азаматтық неке		20. IX. 70: Италия Римді алады.
	76: Болгариядағы көтеріліс.	III. 76. Италияда солшылдардың кабинеті (Депретис) 91 ж. дейін.		

	A	B	C	D	E
	Соғыстар	Дипломатия	Отаршылдық саясат	Экономикалық саясат (трестер және басқалар; таможнялық шарттар etc; ірі концессиялар...)	Жұмысшы қозғалысы және социалистік партиялар
	77: Орыс-түрік соғысы.	15. I. 77: Россия мен Австрияның шарт жасасуы (Түркияны бөлісу туралы).	77: Англия Трансваальды алады.		
		78: Берлин конгресі (Түркияны тонайды). 11. X. 78: Австрия мен Пруссияның шарт жасасуы (Дания туралы Прага шарттарын бұзу туралы).	78: Англия Кипрді алады.		78: Германиядағы социалистер туралы заң (19. X).
	79: Англияның зулустармен соғысы.	79: Германияның Австриямен одағы (7. X. *79*).	79: «Африка одағы» (Оңтүстік Африкада голландтардың одағы).	79: Германиядағы протекционистік тариф (өнеркәсіпшілер мен ауыл шаруашылық аграрийлердің одағы).	
—1880			80: Гамбург көпесі Годефрой *Самоада* сауда компаниясын құрды. (Рейхстаг 27. IV. *80* субсидияны қабылдамай тастады).		

Жалғасы

F	G	H	I	K
Революциялық қозғалыстар (пролетарлық сипатты емес)	Ұлттық қозғалыстар және ұлт мәселесі	Демократиялық реформалар	Әлеуметтік реформалар	Түрлі нәрсе және ескертулер
	77: Орыс-түрік соғысы.	1877: Жалпыға бірдей мектеп оқуы туралы заң (Италия).		
		79: Фальктің орнынан түсуі («культуркампф»-тің ақыры. Қараңыз: 87).		30. I. 1879: Мак-Магонның орнынан түсуі.
		79: Германиядағы жаңа сот жұмысы.		79: Германиядағы антисемиттік қозғалыс (78: христиандық социалистік партияның құрылуы).

	A	B	C	D	E
	Соғыстар	Дипломатия	Отаршылдық саясат	Экономикалық саясат (трестер және басқалар; таможнялық шарттар etc.; ірі концессиялар...)	Жұмысшы қозғалысы және социалистік партиялар
1881	27. II. *81*: Бурлар ағылшындарға соққы береді (Маджуба тауы маңында).	81 (3. VIII): Англия Трансваальдің тәуелсіздігін таныды. 81: Россия түрікмендерді бағындырды. 82: Англия Египетті алады. 83: «Үш жақты одақ» (Германия + Австрия + Италия) (20. V. 1882). 84: 3 императордың Скерневицыда жолығысуы. 15. XI. *84*. Берлин. Конго туралы мәселе жөнінде конференция: Африканы бөліседі. Конгоның «тәуелсіздігі»!!	81: Франция Тунисті алады. 81: Италия *Ассабада*. ←81 84: Германия оңтүстік-батыс Африкадағы отарларды + Камерунды алады. 84: Россия *Мервті* алады.		
←1885	85: Францияның Қытаймен соғысы (Тонкин үшін).		85: Каролин аралдары үшін Германияның Испаниямен таласы.	85: Германияда пароход қоғамдарына жәрдем беру.	

Жалғасы

F	G	H	I	K
Революциялық қозғалыстар (пролетарлық сипатты емес)	Ұлттық қозғалыстар және ұлт мәселесі	Демократиялық реформалар	Әлеуметтік реформалар	Түрлі нәрсе және ескертулер
1. III. 81: II Александр өлтірілді.		81: Гладстонның ирландтық жер биллі.	81: I Вильгельмнің әлеуметтік реформалар туралы жолдаған хаты.	
	82: Прага университеті чех және неміс университеттері болып бөлінеді.	82: Францияда азаматтық мектептер.		
			83: Германияда аурулығы жағынан қауіпсіздендіру.	
		84: Гладстонның сайлау реформасы.	84: Германияда бақытсыздық жағдайдан қауіпсіздендіру.	

A		B	C	D	E
Соғыстар		Дипломатия	Отаршылдық саясат	Экономикалық саясат (трестер және басқалар; таможнялық шарттар etc.; ірі концессиялар...)	Жұмысшы қозғалысы және социалистік партиялар
			85: Англия Бечуанды (Оңтүстік Африка) алады. 85: Италия Массауада. 85: Франция Тонкинді алады. 85: Англия Бирманы алады:	1880—88: Самарқандқа темір жолдың салынуы.	
1885	87: «Сақтық туралы шарт» (Германия Россиямен).			88: «Панама» Францияда. 88 (4. X): «Дейче банк» Бағдат темір жолына (Ангораға дейін*) концессия алады. 89: Сесиль Родс «Чартерд компани оф Сауз Африканы» құрды.	

* Қазіргі аты—Анкара. *Ред.*

Жалғасы

F	G	H	I	K
Революциялық қозғалыстар (пролетарлық сипатты емес)	Ұлттық қозғалыстар және ұлт мәселесі	Демократиялық реформалар	Әлеуметтік реформалар	Түрлі нәрсе және ескертулер
	86: Поляктар туралы бірінші заң жобасы (Германия) (қоныс аудару комиссиясы).	86: Гладстонның гомруль туралы 1-биллі. 87: Германиядағы «культуркампф»-тің ақыры (23. V. 1887). 88: Англиядағы демократиялық жергілікті өзін өзі басқару.	89: Қартайғандығы жөнінде қауіпсіздендіру (Германияда).	86: Буланже—әскери министр.

	A	B	C	Д	E
	Соғыстар	Дипломатия	Отаршылдық саясат	Экономикалық саясат (трестер және басқалар; таможнялық шарттар etc.; ірі концессиялар...)	Жұмысшы қозғалысы және социалистік партиялар
—1890		90: Англия мен Германияның шарты (Гельголандты Африканың бір бөлегіне айырбастайды).			90: Германиядағы ерекше заңның ақыры.
1891		10. I. 91: Англияның португалдарға ультиматумы (Африканы тонайды). 91: Француз-орыс одағы.		91: Германияның Австриямен және басқа мемлекеттермен сауда шарттарын жасасуы (баж салықтарының азаюы). 92: Австриядағы валюта реформасы.	
			93: Франция *Дагомеяны* алады.	93: «Дейче банк» Бағдат темір жолына тағы да концессия алады.	1893: Голландиядағы темір жол стачкасы.
	94—5: Қытайдың Жапониямен соғысы.				

Жалғасы

F	G	H	I	K
Революциялық қозғалыстар (пролетарлық сипатты емес)	Ұлттық қозғалыстар және ұлт мәселесі	Демократиялық реформалар	Әлеуметтік реформалар	Түрлі нәрсе және ескертулер
				90: Б смарктің құлауы.
		1891: Германиядағы табыс салығы. 92: Англияда «ұсақ жер пайдалану туралы заң». 93: Гладстонның гомруль туралы 2-биллі. 93: Екі жылдық әскери қызмет (Германия). 1893: Бельгиядағы сайлау реформасы (толып жатқан вотум). 94: Дрейфус ісінің басталуы (Франция). 94: Венгриядағы азаматтық неке.		92: Франциядағы «қосылушылар» (республикаға). 93: «Село қожайындарының одағы» (Германия)

	A	B	C	Д	E
	Соғыстар	Дипломатия	Отаршылдық саясат	Экономикалық саясат	Жұмысшы қозғалысы және социалистік партиялар
—1895	1895: Францияның Мадагаскарға қарсы соғысы.	95: Симоносекидегі бітім. 95: Памир туралы шарт (Россия Ауғанстанмен).		95: Император II Вильгельм атындағы канал*.	
1896 —1900	96: Абиссиния Италияны жеңеді (I. III) (бітім 26. X. 1896). 97: Грек-түрік соғысы. 98: Испан-американ соғысы. 99—1902: Англияның бурлармен соғысы.	97: Балқан туралы Россияның Австриямен келісімі. 98: Фашода (Англия мен Франция Африканы бөліседі (21. III. 1899)).	96: Джемсонның рейді (Англия Оңтүстік Африкада). 96: Англия *Ашантиді* алады. 97: Франция Мадагаскарды алады. 97: Германия Киао-чаоны алады. 98: II Вильгельм Иерусалимде. 98 (?): Әндіжандағы көтеріліс. 99: Германия Каролин, Савайи және басқа аралдарды алады.		

* Киль каналы. *Ред.*

Жалғасы

F	G	H	I	K
Революциялық қозғалыстар (пролетарлық сипатты емес)	Ұлттық қозғалыстар және ұлт мәселесі	Демократиялық реформалар	Әлеуметтік реформалар	Түрлі нәрсе және ескертулер
	95: Кубадағы көтеріліс.	1888—1895: Ватиканның Квириналмен келіс сөздері. Сәтсіздік!		
		96: Бадени Австрия парламентінде 5-курияны құрады.		
				97: Люэгер — Вена мәрі.
	98: Поляктар туралы 2-заң жобасы (Германия).	98: Австрияда «Римнен тайып тұр» деген қозғалыс.		98: Флот туралы 1-заң (Германия) (30. IV. 1898 әскери-теңіз одағы құрылды).
	99: Финляндияны басып-жаншу.			
				900: Германияда флот туралы 2-заң.

	A	B	C	Д	E
	Соғыстар	Дипломатия	Отаршылдық саясат	Экономикалық саясат	Жұмысшы қозғалысы және социалистік партиялар
1901	1900—01: Қытаймен соғыс (боксер көтерілістері).			01: Сибирь темір жолының салынып болуы.	
		1902: Ағылшын-жапон келісімі.		22. 1. 02. «Неміс-француз қоғамы» Бағдат темір жолына + Месопотамия су жолына + рудниктерге концессия алады. 1902: Германияда таможнялық тариф. 1903: Чемберлен Британ империясының таможнялық одағын жақтайды.	
	1904—07: Гереромен соғыс.	1904: Ағылшын-француз келісімі. 1904: Лубэ Италияда.	04: Англия *Лхассада*.		

Жалғасы

F	G	H	I	K
Революциялық қозғалыстар (пролетарлық сипатты емес)	Ұлттық қозғалыстар және ұлт мәселесі	Демократиялық реформалар	Әлеуметтік реформалар	Түрлі нәрсе және ескертулер
		01: Австралияның «Штаттар федерациясы» («Commonwealth»). 01: Одақтар туралы (ордендерге қарсы) француз заңы.		
	1902: Поляктар туралы 3-заң жобасы (Германия).	1902: Эльзас-Лотарингиядағы «д ктатура туралы параграфты» жою.		
	1903: Венгр дағдарысы. (Армиядағы тіл жөнінде Австриямен жанжал.)	1903: Комб Францияда католик ордендерін жабады. 1903: *Ирландия* биллі (аграрлық).		

	A	B	C	Д	E
	Соғыстар	Дипломатия	Отаршылдық саясат	Экономикалық саясат	Жұмысшы қозғалысы және социалистік партиялар
—1905	1904—5: Орыс-жапон соғысы.	1905: 2-ағылшын-жапон келісімі.	05: II Вильгельм Танжерде (Марокко).	1905: Германияның жаңа сауда шарттары.	
1906	1907: Африкадағы (Гереромен және басқалармен) соғыстың тоқталуы.	1906: Алхесирастағы конференция. 1907: Франция мен Россияның Жапониямен келісімі. 1907: Россияның Англиямен келісімі. 1908: (9.VI. 08): VII Эдуард пен II Николайдың Ревельдегі жолығысуы. 1908: Тынық мұхит туралы Жапонияның Құрама Штаттармен келісімі.		1907 (VIII): Сот «Стандард ойл компаниге» 9 миллион доллар штраф салады.	

Жалғасы

F	G	H	I	K
Революциялық қозғалыстар (пролетарлық сипатты емес)	Ұлттық қозғалыстар және ұлт мәселесі	Демократиялық реформалар	Әлеуметтік реформалар	Түрлі нәрсе және ескертулер
қара бидай	бидай	сұлы	арпа
8.62	10.28	5.64	8.00
16.3	19.6	18.30	19.00
+90%	+90%	+227%	+137%

Әр гектардан қос центнерден жиналған (бидай)

1881/90	1901/10		
5.45	6.77	+1.32	+24%
8.27 (1876—85)	9.30 (1899—1901)	+1.03	+12%
12.0	13.9	+1.9	+16%
18.2	20.0	+1.8	+10%
14.8	19.6	+4.8	+32%

Тоқыма өнеркәсібіндегі жұмысшылар саны (1000 есебімен)

	Англия	*Германия*
1895	1 018	945
1907	1 015	1 057

Шетке машина шығару (миллион марка)

	Англия	*Германия*
190[illegible]	400	183
1913	674	678

Дүние жүзінде (көмір) шығарудан әрқайсысының үлесіне келгені

	Англияға	Германияға	Құрама Штаттарға
1860	60% (81 млн. тонна)	12.4% ($16^1/_2$ млн. тонна)	10.0%
1880	45	18	20
1900	30	20	32
1910	24	19	37
1913	21 (280 млн. тонна)	21	39

Темір өндіру (млн. тонна)

	Англия	Германия
1880	7.8	2.6
1900	9.1	8.5
1913	10.5	19.5

Германия, Франция және Англия флотының қуаты

	1870	1880	1890	1900	1910	1912
Германия 1000 тонна	1 146	1 614	2 835	4 569	7 698	8 454
%	100	141	247	399	672	739
Англия 1000 тонна	7 917	12 027	18 062	23 687	32 412	33 849
%	100	152	228	299	409	427
Франция 1000 тонна	1 528	1 767	2 444	2 622	3 082	3 139
%	100	116	160	172	202	206
неміс флоты	100	100	100	100	100	100
ағылшын »	691	745	637	518	421	400
француз »	133	109	86	57	40	37

Машина және кеме жасау өнеркәсібіндегі жұмысшылар саны (1000 есебімен)

	Англия	*Германия*
1881	217	206
1901	400	700

Темір жолдар (1000 км.)

Англия	*Германия*
29	34
38	63

Бүкіл дүние жүзілік саудада әрқайсысының үлесіне келгені %

		1886	1900	1910	1912
Германия	—	10.3	12.1	12.0	12.9
Франция	—	12.5	10.0	9.4	9.2
Англия	—	20.8	19.5	16.9	16.6

Сыртқы сауда (әкелгені+шығарғаны)

	Германия арнаулы сауда млн. марка	%	Великобритания бүкіл сауда	%	Франция арнаулы сауда	%	Германия	Англия	Франция
1880	5 712	100	14 232	100	6 896	100	100	249	121
1890	7 473	130	15 253	107	6 633	96	100	204	89
1900	10 377	181	17 900	126	10 776	155	100	172	69
1913	20 868	365	28 644	201	12 307	178	100	137	59

Э. РАППАР. «ҰЛТТЫҚ КЕЛІСІМ ЖӨНІНДЕ»

Д-р Виллиам *Э. Раппар:* «Ұлттық келісім жөнінде». Цюрих, 1915 («Schriften für schweizerische Art und Kunst», 26). (Ұлттық кітапхана.)

«1870 жылдың алдында *Германия* мен *Франция* халқының арақатынасы 9-дың 8-ге қатынасындай болды; қазір ол 13-тің 8-ге қатынасындай. Францияда көмір шығару соңғы 40 жылдың ішінде шамамен екі есе көбейді, Германияда шамамен төрт есе көбейді, сондықтан қазіргі уақытта Германияның көмір шығаруының Францияның көмір шығаруына қатынасы 6-ның 1-ге қатынасындай. *Шойын қорыту жөнінде* осыдан қырық жыл бұрын екі ел шамамен бір дәрежеде болатын. Қазір Германия Францияны шамамен үш есе басып озды» (15-бет). ((400 x : 200 y=6 : 1; 400 x=1200 y; 1 x= =3 y))

(В полях: 8 : 8; 13 : 8 — 3 : 1; 6 : 1 — 1 : 1; 3 : 1)

А. Б. ГАРТ. «МОНРО ДОКТРИНАСЫ»

А. Б. Гарт: «Монро доктринасы». Бостон, 1916.

Құрама Штаттардың сыртқы саясатының көңіл аударарлықтай тарихы сияқты.

Библиографиясы бар.

373-бет: «антиимпериалистер» жеңілді, 1898.

303—4: Американың 1823—1915 жылдардағы мемлекеттік дамуының кестесі (өте ғибрат аларлық). (Құрама Штаттар империализмінің өсуі және басқалар).

314: «Ұлттардың өміріндегі ең таңданарлық өзгеріс — ірі бірлестіктердің құрылуы. Банктерде, кәсіпорындар мен темір жолдарда ғана емес, сонымен қатар ұлы державалар арасында да бірігу болып жатыр». Келесі ғасыр бес ұлы державаны: Великобританияны, Германияны, Россияны, Қытайды және Құрама Штаттарды көретін болады (!!)...

Протекторат пен «ықпалдың» (және финанс мүдделерінің! 332) өсуі. Құрама Штаттар Орта Америкада!—332—

NB: «Протектораттардың *анық* саясаты» (335).

359: *Роланд Дж. Ашер.* «Панамериканизм. Құрама Штаттардың және Европа жеңімпазының арасында сөзсіз болатын жанжалды болжап айту». Нью-Йорк, 1915 (419 бет).

Автор оның жер-жебіріне жетеді, бірақ өзі «американ капиталын қорғау» үшін (369) «протекторат- тар»... (369) «доктринасын» қорғайды!! !!

ΣΣ (402) милитаризмді жақтайды!! (NB) (әсіресе § *5*) — әсіресе (!!!) Германия мен Жапонияға қарсы (403). NB

ЕВГ. ФИЛИППОВИЧ. «МОНОПОЛИЯЛАР»

Евг. ф. Филиппович «**Монополиялар**»...[111]

Құрама Штаттарда (1912) — *180* фирма иелері мен олардың директорлары (18 банктің) капиталының Σ *25 325* миллион доллар (=101 300 миллион марка) болатын *134* корпорацияда *746* директорлық орынға ие болды. «Мұның өзі, сірә, американ халық байлығының төрттен үші болса керек» (159-бет).

180 адам (семьялар?) **25 миллиард доллар**

АЭГ (Альгемейне электрицитетс гезельшафт). Капиталы (1912)=*378 миллион марка.* Оның бақылау советінде *32* мүшесі бар, олар түрлі кәсіпорындарда *500-ге* жуық *директорлық орындарға* ие.

«ЖЕНЕВА ГАЗЕТІ», 18 АПРЕЛЬ, 1916

«Journal de Genève», 18. IV. 1916.

Римнен хабарлағанындай, Халықаралық аграрлық институт астық дақылдарының дүние жүзілік өндірісі туралы статистикалық деректер жариялаған: NB NB

(миллион метрикалық центнер)	1915 және 1915/6	1914 және 14/15 %	соңғы бес жыл ішіндегі өнімге шаққанда орта есеппен %
бидай	1 161	119	116.4
қара бидай	462	106.6	103.5
сұлы	705	114	108.7
маис	995	105.2	109.3
күріш	638	167.2	113.7
арпа	323	105.9	99.2

ТҮРЛІ ЕЛДЕРДЕ КАЛИЙДІ ТҰТЫНУ

Венаның «Arbeiter-Zeitung»-і, 22. IV. 1916, 6-бет.

...Калий синдикатының деректеріне қарағанда, Австро-Венгрия мен Германияда жер тыңайту үшін калийді тұтыну соңғы жылдардың ішінде жарамды жердің 1 шаршы километріне шаққанда килограмм есебімен мынадай болған:

	1900	*1910*	*1913*
Австрия	12.4	64.3	114.2
Венгрия	0.5	6.1	19.8
Германия	334.4	1 025.1	1 529.2

«ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ АРХИВІ»

NB «Archiv für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik». 1916 (4 август, 1916) (42-том, 1-кітап).

Мақала: — ρ. «1915 жылғы кәсіподақ қозғалысы»...

Тарау: *«Кәсіптік одақтар идеологиясы»...*

Реформизммен және радикализммен *бүркемеленбеген* екі бағыт, *«Korrespondenzblatt»*-қа сәйкес *«Sozialistische Monatshefte»*.

«Мұның керісінше, басқаша, неғұрлым радикал көзқарастарды айқын білдіретін азын-аулақ қана кәсіподақ журналдары бар. Көп жағдайда мұның өзі мүшелері көбінесе маман емес жұмысшылар немесе әйелдер болып отырған одақтардың органдары» (325)...

...«Өйткені ескі ірі кәсіподақтардың органдары түгелдей көпшілік жағында болып отыр, ал қалғандары өздерін әлдеқайда байсалды ұстайды. Азшылықтың көзқарасы мен тактикасын *жақтап* айтылған анық пікірлер, біздің байқауымызша, болған жоқ» (327)...

Металлистер одағы жөнінде автор былай деп атап көрсетеді: басқарма көпшілікті жақтайды, бұл кәсіпте табыс жоғары (330), алынғандар* аз, мұның өзі «әрқашан да баяу көзқарастарға тірек болып келген» ескі және өте үлкен кәсіподақ, 1915 жылы 30 июньде болған жалпы жиналыста... басқарманың жұқалап бетіне басып былай делінген: «Осы ұсыныстың қабылдануы, қалай дегенде де, мынаны көрсетеді: кәсіподақ

* Әскери қызметке алынғандар жөнінде айтылып отыр. *Ред.*

бұқарасында басшылардың көзқарасы мен пиғылынан гөрі басқа көзқарастар мен пиғылдар басым болып отыр» (332)...

Жоғарғы топтарда «ұсақ буржуазиялық жік» қалыптасуда дейді (335)...

«Korrespondenzblatt» (17. IV. 1915) империализмге қарсы күресті машиналарды бүлдіру сияқты сорақылық деп жариялайды.

Дәл соның өзі Франция мен Англияның кәсіптік ұйымдарындағы (дәл соның өзі сияқты) *көпшілікті* кінәлайды, мұның өзі буржуазияшыл автордың зәрлі ескертпе жасауына себеп болады:

«Сонымен, Германиядағы оңшыл ағым жалпы алғанда радикал жұмысшы саясатын түсінуден мүлде қалды деуге болмайды» (338).

Шынына келгенде, деп мойындайды автор, көпшілік қазірдің өзінде-ақ социалистер емес (340-бет және *басқа да жерлерінде).*

ЛЕЙТНЕР. «ОРЫСТЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ИМПЕРИАЛИЗМІ»

«Die Neue Rundschau» ((май, 1915)) К. Лейтнер. *«Орыстың халықтық империализмі»*

590-бет: — Плеханов туралы, ол «әскери лагерь жағына шығып кетті» дейді.

...«Сол сияқты Россиядағы ең барып тұрған радикализм де ашық теңіздерге еркін шығудың өмірлік қажеттігін тануда түсінетін болады»...

«Тек орыс патшасы ғана емес... сонымен қатар орыс халқы да... жаулап алу және бағындыру деген дәстүрлі ниетпен біздің шекараларымызда тұр».

«Великоросс империяның шекарасында өз халқының тұрмысын емес, тәуелсіздігін емес, оған ешкімнің қол сұқпауын емес, қайта оның 40 миллион великоросс еместерге жасайтын үстемдігін қорғайды»...

«ГАЗЕТА РОБОТНИЧАНЫҢ»[112] «ИМПЕРИАЛИЗМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЕЗГІ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕРІНІҢ» КОНСПЕКТІСІ

I. (1) Империализмнің анықтамасы (экономикалық).
Шекаралардың өзгеруі.
«Ұлттық мемлекет». *Бірден-бір* форма емес (болған)

(белгілі бір жағдайларда+ұлттар мемлекеті) отарлар және контрибуциялар
аннексиялар — *ұлттық езгінің* күшеюі.

---

(2) (жұмысшы табының мүдделеріне қайшы келеді)...
(әсіресе *езілген* ұлттардың)
(кек алу)

---

(3) *аннексия* мен *ұлттық езгіге* қарсы (жігерлі түрде күресу керек (energisch bekämpfen))
(социализмге отарлардың керегі жоқ)
аннексиялы бітімге қарсы

---

(4) үстемдікті күшпен ұстап тұруға қарсы күрес мыналардан құралады
 (1) отан қорғаудан бас тарту...
 (2) ұлттық езгіні әшкерелеу (Denunzierung)
 (3) ұлттық қозғалысқа жасалатын моральдық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес

(5) империализмді жұмысшы табының мүдделеріне сәйкес өзгертуге болмайды
империализмді ұлттық езгіден арылтуға болмайды
тек қана социализм... күрес революциялық түрде болуға тиіс және социализмде өзін өзі билеу емес, *бірлесіп билеу* болуға тиіс
ешқандай кейінге қалдырушылық, ешқандай үміттендірушілік болмасын.

II. 1) Капитализм тұсында ұлттардың бостандығы болуы мүмкін емес
2) өзін өзі билеу тапсыз қоғам болуып көздейді
ұлттардың оқшаулануын көздейді
утопия
3) Программада утопия болуға тиіс емес
«капитализмнің бейімделу қабілеті жөнінде іске аспайтын үміттерді туғызады»
«*национал*-реформистік»
керегі...
айқын, еш нәрсемен бүркемеленбеген социализм.
4) Осы «право»-сымақтардың керегі жоқ...
ұсақ буржуазиялық демократиялық идеологияның қалдығы...

КАУТСКИЙШІЛДІК ТУРАЛЫ МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Каутскийшілдік туралы: { «Vorbote» № 1 / «Коммунист» }[113]

1. империализмнің анықтамасы. (*б* 9*)

3 bis. 1912 жылы оның маңызын жойғаны туралы. (*о* 15**)

5. соғыстың сипаты («Коммунист»)
2. сауда саясаты (еркін сауда) («Коммунист»)
4. империализмге қарсы күрес (және «капиталистердің бір бөлегі *жақтайды»).*
8. аннексиялар...

| 12 | { Реннер және К°, Кунов және К°... Ленч «Volkstribüne» }

7. бітім: «бәрі жақтайды» (реферат)...
3. әсіре империализм теориясы
9. Монитор мен Каутский
10. Каутский 26. XI. 1915 **көше демонстрацияларына** қарсы
11. Хемництік «Volksstimme» Каутскиймен & К°-мен **бірлік** туралы («Die Glocke»-дегі Эрнст *Гейльманмен* салыстырыңыз).
6. қазіргі дағдарыстың оппортунизммен байланысын бекерге шығару (К. Каутский 28. V. 1915) («Коммунист»)

Соғысқа көзқарас *бұрынғы:*

Әлеуметтік революция	*1902*	1902
Өкімет билігіне жеткізетін жол	1909	1905
1905 (*о* 33***)		1908
1910 (*о* 15)		1910
1912		1912

Рюлә versus «Vorwärts»

{Соғысқа байланысты революция.}

{Қарусыздану және *Европа Құрама Штаттары.*}

А. Экономика және таптардың негізгі арақатынасы (1—4)

Б. Саясат (5—8)

---

* Қараңыз: осы том, 250-бет. *Ред.*

** Бұл да сонда, 592-бет. *Ред.*

*** Бұл да сонда, 621-бет. *Ред.*

В. Партия ішіндегі қатынастағы «батпақ» (9—12)
Г. Орыс каутскийшілдері

- Аксельрод
- Мартов
- Чхеидзе мен Скобелев

Аудару үшін
1) Кеммерер
2) Джилбрет. «Қимылды зерттеу»
3) Гобсон. «Империализм»

МАҚАЛАДАН ҮЗІНДІ

Қазіргі неміс социал-демократтарының ішінен шыққан, марксизмді доктринерлікпен бұрмалаушы кейбір адамдарға тән нәрсе—қазіргі неміс аннексиясына немқұрайдылықпен караушылықтан Фр. Энгельстің мүлде аулақ болғаны оның 1893 жылы жасаған мына мәлімдемесінен айқын көрінеді:

«Бисмарктың 27 жыл билеп-төстеуі Германияны шетелдердің бәріне жек көрінішті еткенін—мұның өзі орынды да екенін ұмытпауымыз керек. Солтүстік Шлезвиг датчандарын аннексиялау да, Прага шартының олар жөніндегі пунктін орындамай, ақыр-аяғында оны алаяқтықпен жоққа шығарғаны да, Эльзас-Лотарингияны аннексиялауы да, Пруссия поляктарына қарсы қолданған жиренішті шаралары да «ұлт бірлігін» құрумен ешбір қатысы жоқ еді» («Европа қарусыздана ала ма?», Нюрнберг, 1893, 27-бет)[114]. 1866 жылғы 23 августағы Прага шарты бойынша, Шлезвигтің солтүстік округтерінің халқы еркін дауыс беру кезінде Даниямен одақ болуды жақтаса, ол Данияның қарамағына берілетін болсын деген шарт қойып, Австрия Шлезвиг-Голштиниядан бас тартты да, оны Пруссияға беруге келісті. 1878 жылғы 11 октябрьде Германияның Австриямен жасасқан Вена шарты бойынша бұл пункт алаяқтықпен жойылды. Тағы 15 жылдан кейін, 1893 жылы, Энгельс бұл алдауды ұмытпай, оны масқаралады, немістердің ұлттық бірлігін құру мен немістерге тәуелді халықтарға қарсы зорлықшы және алаяқтық біркатар езушілік шараларының арасындағы айырмашылықты атап көрсетті...*

* Осы арадан қолжазба үзіледі. *Ред.*

«ХАЛЫҚТЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ. ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ»

«Халықтық тамақтандыру. Қоғамдық тамақтандыру». Берлип, 1916.

(Еңбекшілердің әл-ауқаты жөніндегі қамқорлық орталық одағының еңбектері. 28 октябрь, 1915).

27-бет. (профессор *Рубнердің* «баяндамасынан»):

Англиядағы жеке таптар арасындағы бөлініс туралы мынадай деректер келтіріледі:

	бүкіл халыққа шаққанда %		ет қорын тұтыну %		менің есебім: халықтың 100 процент үлесіне ет үлесінің %%
Селолық және мамандығы жоқ жұмысшылар	23	73	16.5	61.3	71.7
маман жұмысшылар	50		44.8		89.6
төмен орташа топтар	15	15	15.3	15.3	102.0
орташа топтар	7	12	10.5	23.4	150.0
жоғары топтар	5		12.9		258.0
Барлығы	100	100	100.0	100.0	100.0

‖ Англиядағы таптар және *еттің* бөлінісі

«БАЗЕЛЬ АЛҒАСЫ»

«ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ ШЕТЕЛДЕГІ КАПИТАЛЫ»

«Basler Vorwärts» 26 январь, 1917:

«Швейцарияның шетелдегі капиталы».

Берн университетінің саяси экономия жөніндегі семинарында жасалған баяндамалар (профессор Рейхесбергтің жетекшілігімен).

Альфред Фишердің баяндамасы:

«Швейцария берешегінің оның шетелде орналастырылған капиталымен себепті байланысы бар. Берешегі 1½ миллиард франк болып отыр, ||| 1½ бұдан Францияның үлесіне келетіні 1 миллиард».

Шетелде орналастырылған Швейцария капиталының мөлшерін тек шамамен ғана анықтауға болады. Бұл мөлшер 2½ және 4½ миллиард франк аралығында ауытқып отырады. Бұдан шығатын қорытынды: Швейцарияның

кредитор ел екені анық, өйткені оның шетелде орналастырған капиталы оның шетелге берешегінен шамамен алғанда екі есе көп.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМДЕРІ

I

Л. Ф. Гофман. «Англия құлдырау үстінде». («La Patrie Egyptienne» газеті шығарған.) Женева, 1914. ((Штемпель: Египет патриоттарының клубы. 1914. 3, Версонне көшесі, 3. Женева.))
««La Patrie Egyptienne» газеті шығарған бұл кітапша тілеген адамдардың бәріне тегін жіберіледі. Әкімшілікке хабарлау керек, 3, Версонне көшесі, 3. Женева».

Мохамед Фахми. «Египет мәселесі жайындағы шындық». (Женева, 1913.) («1912 жылғы XIX бейбітшілік конгресіне баяндама хат».)

Д-р И. Гольдштейн. «Германияның құрылыс өнеркәсібіндегі жұмысшылар мен кәсіпкерлер», Лейпциг, 1913. («*Цюрих* халық шаруашылық зерттеулері», 5-кітап.)

Проф. д-р *В. Гюнерваделъ.* «Европа соғысының тарихи алғы шарттары». Винтертур, 1915 (кітапша—жарарлық очерк тәрізді, өте шағын, ат үсті жазылған очерк).

II

«Ислам прогресі» қоғамы.
Фюстери Үйі. Женева.
Олардың шығаратыны *«Bulletin de la société т. т.».* III жыл, № 1 және 2, июнь—июль. 1915.

«Ұмытпау керек».
Египеттегі ағылшындар тарихынан бір бет. Май. 1915. Қол қойған *д-р М. М. Рифат.*
Көгершіндерді атып, бір әйелді жаралаған ағылшын офицерлерін ұрғаны үшін 1906 жылғы 26 июньде египеттіктерді атып, асып, дүрелеу туралы әңгіме.

Кітапша: «Англияға шығарылған үкім». Берлин, 2. V. 1915. Алғы сөзін жазған *д-р М. М. Рифат.*
Англияның Египет туралы 1882 жылдан 1914 жылғы 7 декабрьде *қосып алғанға* (аннексия) дейін беріп келген уәделері мен мәлімдемелерінің жиынтығы.

III[115]

Белиус. «Ағылшындар мен француздардың қол астындағы түсті халықтар». Берлин, 1915.

Брандт. «Шығыс Азияда өткен 33 жыл. Дипломаттың естеліктері». 3 том. Лейпциг, 1901.

Корна. «Швейцариядағы темекі монополиясы». Лозанна, 1914.

Дейвис. «Британ және герман финанстары». Лондон, 1915.

Эль Хаджи Абдалла. «Француз армиясындағы ислам». Константинополь, 1915.

«Индияға адалдық» (үнді ұлттық партиясы шығарған). Idem французша.

Франке. «Мұз дәуіріндегі адамдардың болжалды тілі». Лейпциг, 1911.

Геринг. «Индия». 2 том. 1911.

«Грузия және қазіргі соғыс». 1915.

Килиани. «Герман-ағылшын экономикалық қайшылықтары».

Лейе. «Отарлық өмір суреттері». 1903.

Майрон. «Европалық соғыс кезіндегі біздің Қытайдағы мүмкіндіктеріміз». Чикаго, 1915.

Нихансс. «Халықтардың қазіргі кездегі қайта құрылысы және христиан діні дүние жүзіне үстемдік орнату жолындағы күресте». Берн, 191?.

Петер. «Француз романының дамуы». 1913.

Рифат. (Египеттің Англияға қарсы күресі туралы мәселе жөнінде.)

«Индиядағы британ *үстемдігі* айыпталуда». Лондон. 1915.

Шериф. «Тунистіктер және басқалар. Француз үстемдігіне қарсы наразылық». Sic! *Берлин,* 1916.

Руттман. «Қазіргі психологияның негізгі қорытындылары».

Зивекинг. «Ең жаңа экономика тарихының негіздері». 1915.

Виэтор. «Немістің фонетикалық сөздігі».
Цикурш. «Россияның Балқандағы саясаты». 1915.

IV

1) *М. Лэр.* «Герман империализмі». *Париж,* 1908 (?)*
3 фр. 50

---

2) *Берар.* «Франция және II Вильгельм». (3 фр. 50)?
» «Марокко жанжалы». (4 фр.)
» «Сұлтан, ислам...». Бағдат. (4 фр.)
Тағы сол. «Азия көтерілісі». Париж, 1904.

---

3) *Ж. Блондель.* «Герман халқының өнеркәсіп және сауда жөнінен өрлеуі». Париж, 1900.
» «Франция және бүкіл дүние жүзілік рынок». Париж, 1901.
Леруа-Больё. «Азияның жаңаруы». 1900.
» «Жаңа ағылшын-саксон қоғамдары».

V

С. А. Рив. «Бәсеке құны» (617 бет). Нью-Йорк,
NB || *1906* (2 долл.) (Мак-Клюр, Филиппс және К°). («Бәсеке процесі тудыратын шығындар туралы зерттеу және социалистік реформалар туралы ұсыныстар».)

«The Economist», 25. XII. 1915.

Ағылшындар *герман* химия өнеркәсібінің басымдығы туралы.

«Экономика және заң ғылымдарының библиографиясы». 1906 (1) және келесісі 1908 (3), 1909—1912 (4—8-том).

VI

NB. *Дж. А. Гобсон. NB*
«Программа-минимумның түрлі пункттері туралы баяндамалар жинағы». 2 том. («Баянды бейбітшілік орнату жөніндегі орталық ұйым».) Гаага, 1916.

---

* Кітап 1908 жылы емес, 1902 жылы шыққан. Қараңыз: осы том, 195-бет. *Ред.*

VII

Полер. «Әскери-тарихи кітапхана».
Виттиг. «Революциялар ғасыры». 2 бөлім. Цюрих, 1875.
д'Ар. «Соғыстардың жалпы тарихы». (2 том.) Париж, 1758.
Мурье. «Сауда соғыстары (1486—1850)». Париж, 1863.
фон Эрлах. «Шағын халықтардың үлкен армияларға қарсы азаттық соғыстары». Берн, 1868.
Штудниц және Рёдлих. «Хронологиялық-синхронистік шолу».
Голицын?
Зутер. «Рихард Авенариустың философиясы». 1910. (Диссертация.)

VIII

NB
Гейер { саяси шолулар және
Эгельгаф { тарихи календарь (бір жылғы)
Ролов. «Europäischer Geschichtskalender» ((?)).

ЦЮРИХТЕГІ КАНТОНДЫҚ КІТАПХАНАНЫҢ КІТАП СҰРАУ КАРТОЧКАЛАРЫ

Ашли, «Англияның экономикалық жағынан ұйымдасуы». 1914.
Белза. «Қан алқаптарында». Варшава, 1906.
Бирман. «Винкельблех (Марло)». 2 том.
Биттман. «Жұмысшының бюджеті және қымбатшылық». 1914.
Буассье. «Сен-Симон».
«Bolletino Storico della Svizzera Italiana». 1—23 жылдар (1879—1901).
Бресниц фон Зидаков. «II Николай империясындағы ішкі сырлар». 5 том.
«Зоргеге хаттар». Штутгарт, 1906.
Пауль Бушинг. «Англия мен оның отарлары арасындағы сауда-саяси қатынастардың 1860 жылға дейінгі дамуы». Қосымша: 1826—1900 жылдардағы отарлық сауданың кестесі. Штутгарт, 1902.
Карнеджи. «Халықаралық бейбітшілікті насихаттауға арналған қор». 1911 және 1912 жылғы әржылдық.
Доза. «Алған әсерлер мен көзбен көргендер». 1914.

Дель Веккио. «Соғыс феномені». Сассари, 1909.

Әм. Демаре. «Отарлар ұйымы мен федерация; Франция мен оның отарларының федерациясы». Диссертация. Париж, 1899.

«Швейцария демократиясы немесе интернационалдық социализм». Фрауенфельд, 1892.

«Швейцарияның одақтық банкінің баяндама хаты». 1863—1913.

Дето. «Социализм және француз палаталары». Диссертация. Париж, 1903.

Дитрих. «Кәсіпорынды ұйымдастыру». 1914.

«Құрама Штаттардағы кәсіптік білім». 1900.

Эгельгаф. «Ең жаңа заман тарихы». 1913. Вл. Ульянов, 4 август, 1916. *Октябрьдің аяғы.*

Эгельгаф. «Ең жаңа заман тарихы». 1908. 25 сентябрьде берілген. Кантондық кітапханада 18 сентябрьде берілген. Вл. Ульянов. 4 октябрь, 1916. Октябрьдің аяғы.

Эренберг. «Үлкен байлық (Фуггер—Ротшильд—Крупп)». 1905. *2 том.*

Энгельс. «Семьяның etc. шығуы»

Әрмельс. «Францияның отарлық сауда саясаты». Берлин, 1910.

«Швейцарияның фабрикалық статистикасы». 1911.

Фресс. «Конго алабындағы тәуелді елдердің халықаралық жағдайы». Диссертация. Каркассонн, 1904.

Фримэн. «Салыстырмалы саясат». Лондон, 1873.

Эрнст *Фридрих.* «Бүкіл дүние жүзілік сауда мен бүкіл дүние жүзілік қарым-қатынас географиясы» 1911.

Фробер. «Англиядағы, Германиядағы, Франциядағы депозит банктері қызметінің қазіргі бағыты туралы». (Диссертация.) 1903.

Гарр. «Қазіргі газет ісінің экономикалық негіздері». 1912.

Газо. «Ағылшын империализмі. Карлейль—Сили—Чемберлен». (Диссертация.) 1903.

«Deutscher Geschichtskalender», *1913* жылы шыққан.

Гибель. «Калий өнеркәсібін қаржыландыру». 1912.

Жиро. «Отарлау принциптері». 2-басылуы. Париж, 1904.

Гоэс. «Индияның үлкен қалалары». 1910.

«Орта және жаңа тарих анықтауышы» (Мейнеке etc.) 1903 және келесі жылдардағысы ((жеке монографиялар ғана, ештеңе жоқ сияқты))

Эрман. «1848 жылғы венгр революциясы: ұлттар, олардың күресі және олардың талаптары; орыс интервенциясы мен поляк интервенциясы». Диссертация. 1901.

В. Г. Герц. «Англияда шетелдіктерге табыс салығын салу». Штутгарт, 1910.

Геттнер. «Англияның дүние жүзіне үстемдігі және соғыс».

Гейде. «Германияның сигара және папирос өнеркәсібінің техникалық дамуының халық шаруашылығы үшін маңызы». Штутгарт, 1910.

Гирш. «Бөлшек саудадағы филиал кәсіпорындар». 1916.

Франк Гитчкок. Құрама Штаттардың сыртқы саудасы туралы бірқатар кітапшалар.

Гёнигер. «Герман әскери ісінің шаруашылық маңызы». Лейпциг, 1913.

Голличер. «Тарихи заң. Тарихты материалистік тұрғыдан түсінуді сынау жөнінде». Диссертация. 1901.

Голсти. «Мемлекеттердің пайда болуына соғыстың қатынасы». Диссертация. 1913.

Оноре. «Транссахара темір жолы және французлардың Африкаға енуі». Диссертация. 1901.

«Россияның бостандығы үшін күресте». 1906.

Эд. Якоб. «Кооперативтердің халық шаруашылық теориясы». 1913.

«Journal asiatique». 1) *10*-серияның мазмұны. 2) Он бірінші серия.

«Россиядағы еврей ойрандары». 2 том, 1910.

Массао Камбе. «Жапон халық шаруашылығының дамуы». 1914.

Каутский. «Парламентаризм». Штутгарт, 1893.

Кайзер. «Темір бетон құрылыстарының дамуы мен табыстары». (Сөз.) Дармштадт, 1911.

Киндерман. «Күштеу және бостандық. Халықтар өміріндегі жалпыға бірдей фактор». Иена, 1901.

Киносита. «Жапон саудасының бұрынғы және қазіргі жағдайы». Диссертация. 1902.

В. Клей. «Круппта болғанда. Әлеуметтік-саяси жол очеркі». 1899.

Г. Кох. «1794 жылғы якобиндік мемлекет». Берлин, 1904.

Ланге. «Ұлы соғыс туралы кітап». 1915.

Ланжевен. «Француз және шетелдік биржалық бағалы бұйымдарға герб салығын салу туралы». Диссертация. 1900.

Леман. «Армения бұрын және қазір». 1910.

Лудлоу. «Англияның еңбекші таптары», 1868.

Маркс. «Германиядағы революция және контрреволюция». 1896.

Нансен. «Сибирь». 1914.

Ностиц. «Англияда жұмысшы табының өрлеуі». Иена, 1900.

Остерридер. «Монополия немесе бәсеке». 1903.

«La Paix par le Droit». 21-жыл (1911).

Пэц және Ден. «Англияның гегемониясы. I. Континенттік блокада заманынан». Лейпциг, 1912.

Пэц. «Ең жаңа сауда саясаты туралы мәселе жөнінде». Вена, 1895.

Песл. «Ең аз жалақы мөлшері». 1914.

«Польша және швейцар халқы». Автор швейцариялық— поляк көтерілісін өз көзімен көрген адам. *1863*.

«Politisches Jahrbuch». *Соңғы екі* жыл.

Полли. «Орыс революциясы туралы».

Прадо. «Россияның ажал жолы». 1907.

В. Раппар. «Швейцарияда қазіргі демократияның пайда болуындағы экономикалық фактор».

«Трактаттар жинағы» (Мартен).

«Латыш революциясы».

Рид. «Қоғамдық кәсіпорындар ұйымдастыру және оларды басқару». 1914.

Скелтон. «Социализм. Сыни талдау». Диссертация. Кембридж, 1911.

«Ең жаңа заман мемлекеттерінің тарихы». ? (Том: 1—28). Лейпциг, 1858.

«Staatsarchiv». Көрсеткіш: 78—93. Соңғы жылы *1914*.

Штрассер. «Капитализм және соғыс правосы». (Қосымша шығарылуы № 11.)

Штро. «Германияның саяси әдебиетінің баяндауында Франция мен Англия арасындағы 1801—3 жылдардағы қарым-қатынас». (=Тарихи этюдтер. 121-кітап). 1914.

Штрупп. «Россия мен Қытай арасындағы жанжал». 1911.

Юберсбергер. «Россияның соңғы екі ғасырда Шығыс жөнінде жүргізген саясаты». I том. 1913.

Ульман. «Герман-орыс ағаш саудасы». Диссертация. 1913.

Юри. «Франциядағы стачкалар және олардың нәтижесі». Диссертация. 1902.

Теодор *Феттер.* «Джон Рэскин мен В. Моррис, техникаға қарсылар және жақтаушылар». Фрауенфельд, 1912.

(Вальц-Эйденбенц.) «Мемлекеттік төңкеріс немесе реформалар». 3 бөлім.

Уайт. «Менің дипломаттық өміріммен». 1906.

Янгмэн. «Мол байлықтың экономикалық себептері». Диссертация. 1909.

«Zeitschrift für schweizerische Statistik».

Силлиакус. «Революциялық Россия». 1905.

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *«Империализм—капитализмнің жоғары сатысы»* деген кітап 1916 жылғы январьда—июньде Цюрихте жазылған.

Ленин капитализмнің дамуындағы жаңа құбылыстарды бірінші дүние жүзілік соғыс басталмастан көп бұрын атап көрсеткен-ді. 1895—1913 жылдарда жазылған бірқатар еңбектерінде («Социал-демократиялық партия программасының жобасы және оны түсіндіру» (1895—1896), «Қытай соғысы» (1900), «Дағдарыстың сабақтары» (1901), «Ішкі жағдайға шолу» (1901), «Россияда өндірістің шоғырлануы» (1912), «Жұмысшы депутаттардың сөйлейтін кейбір сөздері туралы мәселе жөнінде» (1912), «Капиталистік байлықтың өсуі» (1913), «Артта қалған Европа және алдыңғы қатарлы Азия» (1913), «Карл Маркс ілімінің тарихи тағдырлары» (1913) және басқа еңбектер) Ленин империализм заманына тән кейбір белгілерді: өндірістің шоғырлануы мен монополиялардың өсуін, шетке капитал шығаруды, жаңа рыноктар мен ықпал өрісін басып алу жолындағы күресті, шаруашылық қатынастарының интернационалдануын, капитализмнің паразитизмі мен іріп-шіруін, еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтардың өсуін, тап күресінің шиеленісуін, революциялық жолмен социализмге өту үшін материалдық алғы шарттардың жасалуын ашып көрсетті және оларға талдау жасады. «Марксизм және ревизионизм» деген мақаласында (1908) Ленин былай деп жазды: «Картельдер мен трестер өндірісті біріктіріп, сонымен қатар барша жұрттың көз алдында өндіріс анархиясын, пролетариаттың мұқтаждығын және капитал езгісін күшейтті, сөйтіп тап қайшылықтарын бұған дейін болмаған дәрежеде шиеленістіре түсті. Жекелеген саяси және экономикалық дағдарыстар мағынасында да, бүкіл капиталистік құрылыстың толық апатқа ұшырауы мағынасында да капитализмнің күйреуге бет алғандығын нақ осы ең жаңа алып трестер ерекше көрнекі түрде әрі ерекше кең көлемде көрсетті» (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 22-бет). Ленин тонаушылық отаршылдық саясатты әшкерелеуге, дүние жүзін бөлісу және қайта бөлісу жолындағы күреске, империалистік, басқыншылық соғыстардың әзірленуіне ерекше көңіл бөлді.

Ленин капитализм туралы ең жаңа әдебиеттерді мұқият қадағалап, оларды зерттеп отырды. Мұны Д. А. Гобсонның «Қазіргі заманғы капитализмнің эволюциясы» деген кітабына жазған рецензиясы дәлелдейді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 163—166-беттер). Ленин 1904 жылы августа Гобсонның «Империализм» деген кітабын аудара бастады (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 304-бет); Лениннің бұл аудармасының қолжазбасы әлі табылған жоқ.

Капитализм дамуының монополистік сатысын жан-жақты зерттеумен Ленин бірінші дүние жүзілік соғыс басталған соң шұғылданды. Мұны Россияның және басқа капиталистік елдер жұмысшы табының революциялық күрес мүдделері талап етті. Революциялық қозғалысқа дұрыс басшылық жасау үшін, империалистік реакцияның идеологиясына, империалистермен келісімпаздықтың реформистік саясатына қарсы ойдағыдай күресу үшін «негізгі экономикалық мәселені түсініп алу» қажет болды, «бұл мәселені зерттеп білмейінше, қазіргі соғысты және қазіргі саясатты бағалауда, атап айтқанда: империализмнің экономикалық мәні туралы мәселеде еш нәрсе түсінуге болмайды» (Шығармалар толық жинағы, 27-том, 334-бет).

Ленин империализм проблемаларын зерттеуге, тегі 1915 жылдың орта шенінде, Бернде (Швейцарияда) болған кезінде біржолата кіріскен болу керек; ол сол кезде әдебиет көрсеткіштерін құрастырып, жоспарларды талдап жасап, көшірмелер, заметкалар әзірлеп, конспектілер жаза бастады.

1916 жылғы январьдың басында Ленин жария жағдайдағы «Парус» баспасына арнап империализм жөнінде кітап жазу туралы ұсынысты қабыл алды; бұл баспа Петроградта 1915 жылғы декабрьде құрылған болатын. 1915 жылы 29 декабрьде (1916 жылы 11 январьда) А. М. Горькийге хатында Ленин былай деп жазды: «Империализм туралы кітапша жазу жұмысына кірісе бастадым» (Шығармалар, 35-том, 186-бет). 1916 жылғы февральдың бірінші жартысында Ленин Берннен Цюрихке көшіп барады, мұнда ол империализм жөніндегі материалдарды жинастырып, өңдеу жұмысын одан әрі жүргізе береді. Цюрихтің кантондық кітапханасында «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегін жазу үстінде Ленин басқа қалалардан да кітаптар алғызып отырды.

В. И. Ленин бұл кітапты жазуға әзірленген кезде империализм жөнінде 15 дәптер жасады, бұларды ол грек әліппесінің «альфадан» «омикронға» дейінгі әріптерімен белгіледі, сондай-ақ «Брейлсфорд» дәптерін және басқа материалдар жазды. Қолжазбасын баспаға жібергеннен кейін де Ленин империализм мәселелері жөнінде материалдар жинап, көшірмелер жасып алумен болды. Бұған Лениннің 1916 жылғы октябрьде бастаған «Эгельгаф» дәптері (қараңыз: осы том, 692 және 771—772-беттер), «Персия туралы материалдар дәптері» (734-бет) және басқалар дәлел бола алады.

Францияда тұрған және бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңіндегі Батыс Европа мемлекеттері туралы «Парус» баспасы шығарған сериялы кітапшаларды редакциялаған М. Н. Покровскийге 1916 жылы 19 июньде (2 июльде) Ленин былай деп

жазды: «Бүгін Сізге заказной бандерольмен қолжазбамды жіберіп отырмын» (Шығармалар, 35-том, 201-бет). Хатпен бір мезгілде жіберілген қолжазба Покровскийге барып жетпеген, сөйтіп оны екінші рет жіберуге тура келген. Мұнымен қатар баспа дайын қолжазбаны бес баспа табақтан үш баспа табаққа дейін қысқартуды ұсынды; алайда Ленин еңбекті қысқартқан жоқ, өйткені, оның айтуынша, «оны тағы да 3 табаққа түсіре сығымдау мүлдем мүмкін емес» (бұл да сонда).

Кітап баспаға түскеннен кейін сол кезде, баспаға басшылық етіп отырған меньшевиктік элементтер Каутский мен Мартовтың атына айтылған қатты сынды кітаптан алып тастады, қолжазбаға Ленин стилінің ерекшеліктерін бұзатыны былай тұрсын, тіпті оның ойын бұрмалайтын түзетулер енгізді. Лениннің «ұласу» (капитализмнің империализмге ұласуы) деген сөзін «айналу» деген сөзбен, «реакциялық сипаты» («әсіре империализм» теориясының) деген сөздерін «артта қалғандық сипатын» деген сөздермен ауыстырды, т. т. 1917 жылдың ортасында кітап «Империализм — капитализмнің ең жаңа кезеңі (Көпшілікке арналған очерк)» деген атпен басылып шықты, бұған арнап Ленин жазған алғы сөз 1917 жылғы 26 апрель деп белгіленген. — *1.*

² «Батпаққа» қарсы күресу туралы мақала (каутскийшілдік туралы заметкалар), сірә, жазылмай қалса керек. — *4.*

³ Бұл арада К. Каутскийдің 1909 жылы Берлинде басылып шыққан «Der Weg zur Macht» («Өкімет билігіне жеткізетін жол») деген кітапшасы айтылып отыр. В. И. Ленин бұл еңбекті Каутскийдің оппортунистерге қарсы жазған «соңғы және жақсы туындысы» деп атады.

Базель манифесі—соғыс туралы манифест, мұны II Интернационалдың Базельде (Швейцария) 1912 жылғы 24—25 ноябрьде болып өткен Төтенше конгресі бірауыздан қабылдаған-ды. Манифест империалистер әзірлеп жатқан соғыстың тонаушылық мақсатын әшкереледі, сөйтіп барлық елдердің жұмысшыларын соғыс қаупіне қарсы, бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын қарсы қоюға» шақырды. Манифест социалистерге империалистік соғыс бастала қалған күнде соғыс тудыратын экономикалық және саяси дағдарысты социалистік революция жолындағы күреске пайдалануды ұсынды. (Манифест туралы қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 26-том, 229—235 және 342—343-беттер.) II Интернационалдың көсемдері (Каутский, Вандервельде және басқалар) конгресте соғысқа қарсы манифесті қабылдауды жақтап дауыс берді. Алайда дүние жүзілік империалистік соғыс басталысымен олар Базель манифесін естен шығарып, өздерінің империалистік үкіметтері жағына шықты.— *5.*

⁴ Бұл арада партияның II съезінде қабылданған РСДРП программасының 9-параграфы айтылып отыр, бұл параграфта

«Мемлекет құрамына кіретін барлық ұлттардың өзін өзі билеу правосы» жарияланған-ды. — *16.*

[5] Америка Құрама Штаттарындағы жұмысшылардың 1913 жылғы жылдық жалақылары туралы деректер мына мақаладан алынды: Scott Nearing. «The Adequacy of American Wages» (Скотт Ниринг. «Америка Құрама Штаттарындағы жалақының шамалас мөлшері»), бұл мақала «The Annals of the American Academy of Political and Social Science»-нің («Американ саяси жәпе әлеуметтік ғылымдар академиясы шежіресінің») LIX томында басылған. — *23.*

[6] Капиталистік қоғам дамуының объективті заңдылықтарын ғылыми жолмен талдауға негізделген *«қоғамдастырудың» маркстік ұғымы* өндіріс құрал-жабдықтарының капиталистердің жеке меншігінен қоғамдық меншікке өтуінің қажеттілігі мен сөзсіз екенін көрсетеді. Ленин былай деп көрсетті: империализм дәуірінде капиталистік өндірістік қатынастардың өндіргіш күштердің сипатына сай келмеушілігі, олардың арасындағы жанжал барынша шиеленісе түседі; капитализм дамуының осы соңғы сатысында өндірістің шоғырлануы мен қоғамдастырылуы ең жоғары дәрежеге жетеді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 353, 354—355, 465—466-беттер). Мұның өзі социалистік революция жеңіп шыққаннан кейін халық мүдделеріне сәйкес келетін жоспарлы өндірісті ұйымдастыру үшін негізгі өндіріс құрал-жабдықтарының жұмысшылар мен шаруалар мемлекетінің қолына өтуін оңайлатады.— *31.*

[7] Капитализмді мадақтау және монополиялардың үстемдігін бүркемелеу мақсатымен буржуазияшыл экономистер мен реформистер капитализмді әсірелеп көрсететін алуан түрлі теориялар ойлап шығаруда, капиталдың «демократиялануы» туралы, қазіргі капитализмнің «халықтық капитализмге» айналғаны туралы, т. т. туралы әңгіме етуде. Капиталдың «демократиялануы» жайындағы апологеттік жалған лақаптарды теріске шығара отырып, Ленин 1902 жылдың өзінде-ақ былай деп айқын көрсетіп берді: жеке еңбекшілер ұсақ акцияларды сатып алғанымен, мұндай вкладшылар әсте акционерлік кәсіпорындардың меншікшілері, «дәулетті» адамдар бола алмайды; ұсақ акцияларды шығарудан түсетін пайда өздерінің баюы үшін тіпті «халық» жинақтарының ұсақ тиын-тебеніне дейін пайдаланып кететін капиталистік монополиялардың, акционерлік компаниялардың билеп-төстеушілерінің қалтасына түседі (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 318-бет). Мұны қазіргі өмір шындығы толық растап отыр. Қазіргі империалистік елдерде ұсақ («халықтық») акциялардың жаппай таралуы туралы буржуазиялық насихаттың айтып жүргеніне қарамастан, шындығында бұл акцияларды аздаған маман жұмысшылар ғана — жұмысшы аристократия деп аталатындардың өкілдері ғана қолға түсіре алады. Мәселен, Америка Құрама Штаттарында 1958 жылы жарты миллиондай жұмысшы семьяларының қолында акциялар болды, ал бұлардың құны елдегі барлық акциялардың

жалпы құнының не бары 0,2 проценті ғана еді. Ал бір ғана Дюпондар әулетінің қолындағы акциялар барлық америкая жұмысшыларының қолындағы акциялардан 10 есе көп болатын. Қазіргі капитализм ірі монополиялардың халық шаруашылығындағы өктемдігімен, өндірістің одан әрі шоғырландырылып, капиталдың орталықтандырылуымен, қанаушылар мен еңбекшілер бұқарасы арасындағы тұңғиықтың тереңдей түсуімен сипатталады. Мәселен, 1960 жылы Америка Құрама Штаттарында өңдеуші және кен шығарушы өнеркәсіптегі компаниялардың жалпы санының 0,4 проценті болған аса ірі 500 компания барлық өнімнің 57 процентін өткізіп, барлық компаниялар пайдасының 72 процентін алды. Монополиялардың пақ осылайша үстемдік жүргізуі басқа капиталистік елдерге де тән.— *36.*

8 «Империализм жөніндегі дәптерлерде» және «Империализм— капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабында Ленин «ұйымдасқан капитализм» жөніндегі ғылымға жат теорияның буржуазиялық-апологеттік сипатын әшкерелейді; бұл теория империализмді айрықша, өзгерген капитализм түрінде суреттейді, мұнда бәсеке мен өндіріс анархиясы, экономикалық дағдарыстар жойылыпты-мыс, халық шаруашылығының жоспарлы дамуы жүзеге асырылып отырады-мыс. Монополистік капитализмнің идеологтары—Зомбарт, Лифман және басқалар ұсынған «ұйымдасқан капитализм» теориясын реформистер—Каутский, Гильфердинг және II Интернационалдың басқа да теоретиктері іліп әкетті. Ленин монополиялардың үстемдік етуі бәсеке мен өндіріс анархиясын жоймайды, қайта шиеленістіре түседі, капиталистік шаруашылықты дағдарыстардан құтқара алмайды деп көрсетті (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 357-бет). Қазіргі капитализмнің басты елінде, Америка Құрама Штаттарында, 1948 жылдан 1961 жылға дейінгі дәуірдің ішінде өндіріс төрт рет: 1948—1949, 1953—1954, 1957—1958 және 1960—1961 жылдары дағдарысқа ұшырап құлдырады. — *37.*

9 В. И. Ленин империализмді зерттей келіп, монополистік капитализмнің саяси қондырмасы ішкі және сыртқы саясаттың барлық бағытындағы саяси реакция болып табылады деп көрсетті; империализм, деп көрсетті Ленин, жалпы демократия атаулыны теріске шығару болып табылады (қараңыз: Шығармалар, 23-том, 35-бет). Монополистік капитализм тіпті формальды буржуазиялық демократияның нормаларын да шұнтитып, жоққа шығарады; ол өзінің тежеусіз диктатурасын орнатады. Бұл жағдай демократиялық ұйымдар қуғынға ұшыратылып, жұмысшы табы мен барлық прогресшіл күштерге қарсы террор, саяси және нәсілдік кемсітушілік қолданылып отырған Америка Құрама Штаттарының мысалынан өте-мөте айқын көрінеді.

Сыртқы саясатта империализмге тән нәрсе—агрессия жасау, әлсіз және тәуелді елдердің ұлттық суверенитетін бұзу, интервенция жасау, басқа елдерде ең ірі империалистік державаларға қолайлы болатын, халыққа қарсы реакциялық тәртіптер ор-

нату. Ең алдымен америкаи империализмі жөнінде осыны айтуға болады, өйткені «азаттық пен демократияның жалған туын бетке ұстап, америкаи империализмі реакцияшыл диктаторлық тәртіптерді, іріп-шіріген монархияларды қолдай отырып, демократиялық, революцияшыл қайта өзгерістерге қарсы шыға отырып, өздерінің тәуелсіздігі жолында күресіп жатқан халықтарға қарсы агрессия жасай отырып, іс жүзінде дүние жүзілік жандармның ролін атқаруда». (Совет Одағы Коммунистік партиясының программасы. (КПСС XXII съезі қабылдаған), Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1961, 30-бет). Коммунистік және жұмысшы партиялары бастаған еңбекшілердің фашизм мен соғысқа қарсы, бейбітшілік пен демократия жолындағы, социализм жолындағы белсенді күресі империалистік буржуазияның реакциялық ниеттеріне қарсы қойылып отыр. — *44.*

10 *«Нэшнел сити бэнк»* (1955 жылдан бастап «Ферст нэшнл сити бэнк оф Нью-Йорк»)—Америка Құрама Штаттарындағы көлемі жағынан үшінші банк. Бұл банктің төңірегінде Америка Құрама Штаттарының бірқатар ірі өнеркәсіп және финанс корпорацияларын қамтитын финанстық-монополистік топ қалыптасқан, олардың активтері 1960 жылға 13 миллиард доллардан астам болды. Аса ірі акционерлер—Моргандардың, Рокфеллерлердің, Стилмэндердің, Брэйдилердің, Уинтронтардың, Доджылардың әулеттері. Банк Латын Америкасы, Азия елдеріндегі және басқалардағы Америка Құрама Штаттарының экспансиясында үлкен роль атқарады; бірқатар аса ірі американ өнеркәсіп компанияларын бақылап отырады және Америка Құрама Штаттарының әскери өнеркәсібімен тығыз байланысты. — *55.*

11 Швейцарияны (1908 жыл), Венгрия мен Францияны (1909 жыл) қоспағанда, барлық деректер 1910 жылдікі. — *60.*

12 *Конкурстік статистика*—дәулетсіз борышқордың (нақты немесе юридикалық адамның) міндеттемелері бойынша борыштарын өтету статистикасы. Капиталистік елдерде ұсақ және орта буржуазияның күйзеліске ұшырауы, банктердің, акционерлік қоғамдардың, т. т. күйреуі сөзсіз болып отыратын нәрсе, Қарыз берушілердің талап етуі бойынша сот күйзеліске ұшыраған борышқордың дүние-мүлкін арнайы тағайындалған адамдарға (конкурстік басқармаға) өткізеді, бұлар борышқор адамның барлық мүлкі мен берешегін анықтайды, осыдан кейін бұл мүлік талаптардың заң жүзінде белгіленген кезектілігіне қарай, қарыз берушілердің арасында конкурс бойынша бөлінеді. — *61.*

13 *«Стандард ойл Компани»*—«Стандард ойл»— Рокфеллерлердің «мұнай империясын» құрастырып отырған мұнай трестерінің тобы. Осы монополистік топтың негізгі тресі—«Стандард ойл оф Нью-Джерси»— 1882 жылы Дж. Рокфеллер құрған мұнай компаниясынан өсіп шығып, XX ғасырдың бас кезінде американ мұнай өнеркәсібінің деніп өзінің қол астына жинап үлгерді. «Стандард ойл» көптеген қыз компаниялармен бірге капита-

листік дүниеде өндіріліп, өңделетін бүкіл мұнайдың үштен бір бөлігінен астамын бақылайды, бірсыпыра мұнай-химия өнімдерін өндіруде көрнекті орын алады. Мұнай компаниялары Америка Құрама Штаттарының бүкіл ішкі және сыртқы саясатына үлкен ықпал жасап отырады.— *65.*

[14] Ленин бұл деректерді «Империализм—капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегінде пайдаланған (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 392-бет). «Империализм жөніндегі дәптерлерде» Ленин дүние жүзіндегі бағалы қағаздардың 815 миллиард франк мөлшеріндегі жалпы сомасын 1911 жылға жатқызады, ал «Империализм—капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегінде мұны 1910 жылға жатқызған. «Дәптерлерде» келтірілген үзінділер Циммерманның «Бағалы қағаздардың және бағалы қағаздар шығарудың халықаралық статистикасы» деген еңбегінен алынған, ал Циммерман бұл деректерді Альфред Неймарктен алып пайдаланған, ол мұны 1911 жылдың 1 январына жатқызған. — *71.*

[15] *Прудонизм*—француз анархисі П.-Ж. Прудонның есімімен аталған, ғылымға жат, марксизмге қас ұсақ буржуазиялық социализмнің ағымы. Ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық тұрғыдан сынап, Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгі-бақи сақтауды арман етті, «халықтық» және «айырбас» банктерін ұйымдастыруды ұсынды, осылар арқылы жұмысшылар өздерінің меншікті өндіріс құрал-жабдықтары болатын халге жетіп, өздерінің өнімдерін «әділетті түрде» өткізуді қамтамасыз ете алады деп санады. Прудон пролетариаттың ролі мен маңызын түсінбеді, тап күресіне, социалистік революция мен пролетариат диктатурасына теріс көзқараста болды; мемлекеттің қажеттігін анархистік тұрғыдан теріске шығарды. Прудонистер ұсақ товар өндірісі мен айырбасты дәріптеді. «Капитализмді және оның негізі—товар өндірісін жоймау керек, қайта бұл негізді қиянаттардан, бітеу жаралардан, т. с. *тазарту керек*; айырбасты және айырбас құнын жоймау керек, қайта, керісінше, оны «заңдандыру» керек, оны жалпыға бірдей, абсолюттік, *«әділетті»* ету керек, ауытқуларға, дағдарыстарға, қиянаттарға ұшырамайтын ету керек—Прудонның идеясы міне осы» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 24-том, 146-бет).

Ленин каутскийшілдердің реформистік теорияларын *жаңа прудонизм* деп атады, бұлар монополиялар мен банктердің үстемдігін, финанс олигархиясының өктемдігін, отарларды талап, тонауды, аннексиялауды және империализмнің басқа да ажырамас тән белгілерін капитализмге кездейсоқ жабысқан бітеу жара деп сипаттады, капитализмді «сауықтырудың», монополиялардың «қиянаттығын» жоюдың және т. б. алуан түрлі жобаларын ойлап шығарды.

Бұл сияқты теориялардың реакциялық сипатын әшкерелей келіп, Ленин бұл теориялардың идеологтары ««кейін» қарай, кішкентай капитализмге қарай (социализмге қарай емес) жүргісі келеді» деп жазды.— Қараңыз: осы том, 68-бет.— *94.*

[16] *Әсіре империализмнің* (астам империализмнің) *каутскийшілдік теориясы*—империализмнің жаңа сатыға—«интернационалдық жолмен біріккен финанс капиталы» сатысына ұласу мүмкіндігі туралы оппортунистік теория; бұл теория бойынша түрлі елдердің капиталистері арасында келісім жасасу жолымен ұйымдасқан дүние жүзілік шаруашылық құрылады-мыс, империалистік қайшылықтар жойылды-мыс. «Әсіре империализм» теориясы империализмді асыра дәріптейді, оны мәңгілік етуге тырысады. Ленин былай деп көрсетті: бұл «теорияның» шын әлеуметтік мағынасы, оның нысанасы — «жұрттың назарын қазіргі кездегі шиеленіскен қайшылықтар мен шиеленіскен проблемалардан басқа жаққа, бейне бір жаңадан туатын келешектегі «әсіре империализм» деген бірдеңенің жалған перспективасына аудару арқылы капитализм тұсында баянды бейбітшілік болуы мүмкін деген үміттермен бұқараны мейлінше реакциялық түрде жұбату. Каутскийдің «маркстік» теориясында бұқараны алдаудан басқа мүлдем ештеңе жоқ» (Шығармалар толық жинағы, 27-том, 456-бет). Каутскийшілдіктің «әсіре империализм» теориясын империализмнің қазіргі кездегі апологеттері әр түрлі сарында қайталауда, бұл бірыңғай үкіметі бар дүние жүзілік капиталистік мемлекет құрудың, т. б. алуан түрлі буржуазиялық және реформистік жобаларынан айқын көрінуде. (Каутскийдің антимарксстік теориясына Лениннің сынын Шығармалар толық жинағының 27-томынан қараңыз, 449—460-беттер).

Қазіргі тарихи дәуірде, империализмнің дүние жүзілік системасымен қатар дүние жүзілік социалистік система пайда болып, барған сайын күшейіп келе жатқан кезде, орасан зор және барған сайын өсе түсіп отырған антиимпериалистік күштер, ең алдымен құдіретті социалистік достық одақ және барлық елдердегі бейбітшілікті жақтайтын қуатты қозғалыс агрессияшыл империалистік топтарды жаңа соғыстар бастау жоспарларынан бас тартуға мәжбүр ете алады. Бұл жағдайда, КПСС XXII съезі қабылдаған партия Программасында көрсетілгеніндей, бүкіл жер шарында социализм толық жеңіп шыққанға дейін, дүние жүзінің бір бөлігінде капитализм сақталып отырған кезде, дүние жүзілік соғысты адамзат қоғамының өмірінен аластап тастауға нақты мүмкіндік туып отыр. — *128.*

[17] Германияда темір өндіру туралы мәліметтерді В. И. Ленин қолжазбаның шетіне жазған; бұл мәліметтер «Die Bank» журналының (1911, I, 95-бет) «Қара металлургия жүз жыл ішінде» деген заметкада басылған кестеден алынған. В. И. Ленин бұл кестені ішінара «Темір өнеркәсібінің ең жаңа статистикасы» деген тақырыппен төменіректе келтіреді (қараңыз: осы том, 163-бет).— *162.*

[18] Финанс капиталы мен үкіметтің қарым-қатынастары туралы «Дәптерлердегі» материал мен лениндік ескертпелер Лениннің «Империализм—капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабында және басқа да еңбектерінде одан әрі дамытылған. В. И. Ленин былай деп көрсетті: монополиялар мен финанс капиталы-

ның дамуы ат төбеліндей өнеркәсіп және финанс шонжарларының—финанс олигархиясының капиталистік елдердің экономикасы мен саясатында шешуші роль атқаруына сөзсіз әкеліп соғады; буржуазиялық үкімет те соған бүтіндей бағынышты. Монополиялардың мемлекеттік аппаратты өздеріне бағындырып, пайдалануы үкімет өкілдерін монополистік бірлестіктердің басқармаларына, ал монополиялардың өкілдерін және капитал шонжарларының өздерін капиталистік елдер үкіметтерінің құрамына енгізу арқылы жүргізіледі, ал мұның өзі қазіргі жағдайларға тән құбылыс болып барады. Мәселен, Америка Құрама Штаттарында үкіметтегі негізгі қызмет орындарының бәріне Морганның, Рокфеллердің және басқалардың негізгі финанс топтарының өкілдері болып табылатын ірі монополистер қойылған. — *163*.

19 Милитаризмді қорғаушылардың, олардың әскери шығындар ел үшін пайдалы да тиімді дейтін жалған дәлелдерін Лениннің сынауы экономиканың милитарландырылуы дағдарыс пен жұмыссыздықтан сақтайтын құрал деп жүрген монополиялардың қазіргі идеологтарын әшкерелеуге көмектеседі. Империалистік елдерде, ең алдымен Америка Құрама Штаттарында, капиталистік монополиялар өздерінің байи түсуі үшін экономиканы милитарландыруды, жанталаса қарулануды кеңінен қолданады; мемлекеттік аппаратты бағындырып алып, олар тиімді шарттар негізінде өздеріне орасан зор әскери заказдар берілуін қамтамасыз етеді. Бұл ретте экономиканы милитарландыру мен жанталаса қарулануының бүкіл ауыртпалығын буржуазиялық мемлекеттер еңбекші бұқараның мойнына артады. Империалистік елдерде жұмысшы табын қанау күшейіп, салықтар өсуде. Мәселен, Америка Құрама Штаттарында табыс салығының жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысынан ұсталып қалынатын үлесі 1943/44 финанс жылында табыс салығы жалпы сомасының (корпорациялардан алынатын салықтан тысқары) 43 проценті болса, 1959/60 финанс жылында 71 процентке дейін өсті. Сонымен бірге ең алдымен еңбекшілер төлейтін жанама салықтардың жалпы сомасы 1945/46 финанс жылындағы 6,3 миллиард доллардан 1959/60 финанс жылында 13 миллиард долларға дейін өсті; сонымен қатар монополиялар есепсіз мол пайда табуда. Мәселен, кемітіліп көрсетілген ресми деректер бойынша, американ монополияларының пайдалары 1938 жылғы 3,3 миллиард доллардан 1961 жылы 44 миллиард долларға жеткен, яғни 13 еседен аса өскен.

Империалистік елдер шаруашылығының милитарландырылуы капиталистік системаның паразитизмі мен іріп-шіруі күшеюінің айқын көрсеткіші болып табылады. — *184*.

20 *Ницше, Фридрих* (1844—1900) — немістің реакцияшыл философы, помещиктік-буржуазиялық реакция идеологтарының бірі. Ол өзінің еңбектерінде демократияның, жұмысшы табының, марксизмнің барып тұрған қас жауы ретінде көрініп отырды. Ницше әлеуметтік-саяси проблемаларды субъективтік идеализм мен тұрпайы «әлеуметтік дарвинизм» тұрғысынан, «астам

адам» теориясы тұрғысынан алып қарады. Антидемократиялық реакциялық ниеттер ницшешілдікті фашизмнің кәнігі философиясына айналдырды. Буржуазияның идеологтары империализмді адамның жаратылысына сай келетін «табиғи» қоғамдық құрылыс ретінде дәріптеп көрсету үшін, агрессияны ақтап, басқыншылық соғыстарды мадақтау үшін ницшешілдікті кеңінен пайдалануда. — *186.*

21 *«Европа Құрама Штаттары»* ұраны әсіресе бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кең тарады, оның түрлі нұсқалары талай рет ұсынылған болатын. Буржуазияның саясатшыларымен бірге бұл ұранды каутскийшілдер, троцкистер және басқа оппортунистер барынша насихаттады. Ленин РСДРП Орталық Комитетінің 1914 жылы 1 ноябрьде «Социал-Демократ» газетінде жарияланған «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген саяси манифесінде «герман, австриялық және орыс монархияларын революциялық жолмен құлатпайынша» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 22-бет) «Европа Құрама Штаттары» ұраны жалған және мағынасыз ұран болатындығын атап көрсетті. Империализмнің экономикалық жағдайларына талдау жасай келіп, Ленин 1915 жылы 23 августа басылған «Европа Құрама Штаттарының ұраны туралы» деген белгілі мақаласында «капитализм тұсында Европа Құрама Штаттары не мүмкін емес, не реакцияшыл» деп көрсетті (бұл да сонда, 379-бет).

«Европа Құрама Штаттары» ұранына берілген лениндік сипаттаманың дұрыс екенін тарихи тәжірибе мен осы заманғы өмір шындығы толық дәлелдеп отыр.

Қазіргі уақытта империалистер мен олардың малайлары—оңшыл социалистер бұл ұранды күш сала алға тартып жүр. Олар монополиялардың алуан түрлі батыс европалық бірлестіктерін, капиталистік Европаның еңбекшілерін қанауды күшейту үшін, экономикалық жағынан нашар дамыған елдерді бірлесіп тонау үшін, социалистік елдерге қарсы агрессия әзірлеу үшін құрылған «Европалық экономикалық қоғамдастық» («Ортақ рынок») сияқтыларды «Европа Құрама Штаттары» деп көрсетпек болады. Европа мен басқа да континенттер елдерінің еріктілік, теңдік пен туысқандық негізінде бірігуі тек социализм тұсында ғана мүмкін болмақ. Дүние жүзілік социализм системасы—ерікті де суверенді халықтардың осындай достық одағының үлгісі. — *192.*

22 *Монро доктринасы*— Америка Құрама Штаттарының сыртқы саясаты принциптерінің декларациясы, мұны 1823 жылғы 2 декабрьде конгреске арнаған жолдамасында президент Джемс Монро тұжырымдаған болатын. Монро доктринасын («Америка американдар үшін») бетке ұстап, Америка Құрама Штаттары Латын Америкасында өзінің отаршылдық жоспарларын жүзеге асыруда, Латын Америкасы елдерінің ісіне үнемі қол сұғып, оларға кіріптарлық шарттарды тануда, Америка Құрама Штаттарының монополистеріне ұнамды, халыққа қарсы үкіметтерді орнатуда және қолдауда, халық-азаттық қозғалысына қарсы күресте өзінің қуыршақ үкіметтеріне көмектесуде. — *193.*

23 *«Империалистік экономистер»* — халықаралық социал-демократияда 1914—1918 жылдардағы дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде пайда болған оппортунистік бағыт. Бұл бағыт РСДРП ішінде 1915 жылдың көктемінде Бернде (Швейцария) болған шетелдік секциялардың конференциясында білінді, мұнда Н. И. Бухарин антимарксгік козқарастарды қорғаған тезистерімен шығып сөйледі, бұл тезистерді кейіннен Ленин «империалистік экономизм» бағыты деп сипаттады; кейін бұл тезистерге Г. Л. Пятаков пен Е. Б. Бош қосылды. Нақ осындай идеялар Голландияның «Революциялық-социалистік одағы мен Социал-демократиялық жұмысшы партиясы программасының жобасында» да, Американың Социалистік жұмысшы партиясында және басқа партияларда да байқалды. Ленин «империалистік экономизмді» интернационалдық кесел деп атап, оған қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізді. «Империалистік экономистер» ұлттардың өзін өзі билеуіне қарсы, РСДРП-ның демократиялық өзгерістер жолында күрес жүргізуді көздеген бүкіл программа-минимумына қарсы шықты. Ленин империализм заманында ұлттардың өзін өзі билеу ұранының орасан зор маңызы бар екендігін атап көрсетті; марксистер империализмді құлатуды әзірлеу мақсатымен барлық демократиялық мекемелерді пайдалануға тиіс және «буржуазия демократизмін пайдалану арқылы—пролетариаттың буржуазияға қарсы және оппортунизмге қарсы социалистік және дәйекті-демократиялық ұйымына» ұмтылуы керек деді ол (Шығармалар, 23-том, 17-бет).

«Империалистік экономизмді» В. И. Ленин ««Империалистік экономизмнің» туып келе жатқан бағыты туралы», «П. Киевскийге (Ю. Пятаковқа) жауап», «Марксизмге карикатура жасау туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген еңбектерінде және басқа шығармаларында сынады (қараңыз: Шығармалар, 23-том, 1—10, 11—17, 18—73-беттер). — *231.*

24 Энгельс «Анти-Дюрингте», «Зорлық теориясы (Жалғасы)» деген III тарауда капиталистік мемлекеттер туралы былай деп жазды: «Армия мемлекеттің басты мақсаты болды, ол өзіндік мақсатқа айналды; халықтар солдаттар беріп, оларды асырау үшін ғана өмір сүреді. Милитаризм Европаға үстемдік етіп, оны жалмауда. Бірақ бұл милитаризмнің өз ішінде оның өз басын жалмайтын ұрық бар». Жеке мемлекеттер арасындағы бақталастық, деп көрсетті Энгельс, оларды қару-жараққа барған сайын көп қаржы жұмсауға мәжбүр етеді, сөйтіп финанс апатын жақындата түседі; екінші жағынан, бұл бақталастық оларды жалпыға бірдей әскери міндеттілікті барған сайын кеңірек қолдануға, сөйтіп бүкіл халыққа қару меңгеруді үйретуге мәжбүр етеді; халықтың белгілі кезеңде қаруды үстем таптарға қарсы бұруына нақты мүмкіндік туады. «Осы сатыда монархтың әскері халықтық әскерге айналады, машина жұмыс істеуден қалады, сөйтіп өзінің диалектикалық дамуы нәтижесінде милитаризм құриды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 175-бет). — *232.*

25 *Манчестерлік* (фритредерлік) — буржуазияның экономикалық саясатындағы бағыт, бұл бағыт сауда еркіндігін және жеке шаруашылық қызметіне мемлекеттің араласпауын талап етті. XVIII ғасырдың аяқ кезінде Англияда пайда болған; XIX ғасырдың 30—40 жылдарында фритредерліктің тірегі Манчестердің өнеркәсіп буржуазиясы болды; сондықтан фритредерлерді «манчестерліктер» деп те атады. «Манчестерлік мектептің» басшылары Кобден мен Брайт болды. Монополистік капитализмге дейінгі заманда фритредерлік тенденциялар сонымен қатар Германияда, Францияда, Россияда және басқа капиталистік елдерде орын алды. Фритредерлік А. Смит пен Д. Рикардоның шығармаларында теориялық тұрғыдан негізделді. — *254.*

26 *Софистер* деп ертедегі Грецияда профессионал философтарды, философия мен шешендікті үйрететін мұғалімдерді атаған. Софистердің бір ерекшелігі—адам түсінігінің, этикалық нормалары мен бағаларының бәрі относительді нәрсе деп кәміл сенуі. Софистер жұртты адастыратын жалған, алдамшы дәлелдерді (софизмдерді), жалтарма сөздерді әдейі қолданып отырған. Софистика тез арада-ақ ұғымды сан құбылтып, орынсыз қолданушылыққа, сөйлегенде және талас үстінде қандай да болсын қағиданы қорғай білу және теріске шығару өнеріне айналып кетті.— *254.*

27 *Рабулист*—адвокат, ілікшіл, самыржақ. Империализмнің ең терең қайшылықтарын бүркемелеп, капитал апологеттерімен, нағыз социал-шовинистермен бірлігін ақтау үшін империализмнің шын жаратылысын бұрмалап көрсеткен, істің мәнінен жалтарып, софистика мен теориялық жалған сөзді қолданған Каутскийді В. И. Ленин софист және рабулист деп атайды. —*254.*

28 *«Коммунист»*—журнал; мұны Ленин ұйымдастырды, оны «Социал-Демократ» газетінің редакциясы журналды қаржыландырушылар Г. Л. Пятаковпен және Е. Б. Бошпен бірігіп шығарған. Журналдың редакциясына Н. И. Бухарин де кірді. 1915 жылы сентябрьде бір (қосарлас) номері ғана шықты. Онда В. И. Лениннің «II Интернационалдың күйреуі», «Француз социалисінің адал үні» және «Италиядағы империализм мен социализм» деген үш мақаласы басылды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 221—283-беттер; 27-том, 5—14, 15—25-беттер).

Журналды шығару жоспарын Ленин 1915 жылғы көктемде жасаған болатын. Ленин «Коммунисті» солшыл социал-демократтардың халықаралық органы етуді көздеді. Бірақ көп ұзамай «Социал-Демократ» редакциясының Бухаринмен, Пятаковпен және Бошпен елеулі алауыздықтары бар екені байқалды, ал журналдың 1—2-номері жарыққа шыққаннан кейін бұл алауыздықтар шиеленісе түсті. Осы топтың антипартиялық әрекетіне байланысты «Социал-Демократ» газетінің редакциясы, Лениннің ұсынысы бойынша, журналды бұдан әрі шығару мүмкін емес деп есептейтіндігін мәлімдеді (қараңыз: ««Коммунист» журналын шығаруды тоқтату туралы РСДРП Орталық

Комитеті қаулысының жобасы»—Шығармалар толық жинағы, 27-том, 309—311-беттер).— *254.*

29 *«The Economist»* — апта сайын шығатын буржуазиялық журнал; 1843 жылдан Лондонда шығарылып тұрады.— *258.*

30 *Тред-юниондар*—Англия мен британ доминиондарындағы кәсіподақтар. Тред-юниондардың мүшелері коллективтік мүшелік негізінде лейбористер партиясына кіреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында тред-юниондар көсемдерінің көпшілігі социал-шовинистік позицияда болды. Тред-юниондардың идеологтары іс жүзінде жұмысшы партиясының ролін тред-юниондардың парламенттік өкілдігіне сайып, пролетариаттың революциялық партиясын құру қажеттігін теріске шығарады. — *269.*

31 Қос сызықпен сызылған текст—«ϑ» дәптерінің бірінші беті, мұнда дәптердің мазмұны қысқаша жазылған: 1) Гильфердинг. «Финанс капиталы», 2) Электр тресі, 3) Эмиссиялар статистикасы, 4) Риссер. Дәптерге жазылған алғашқы үш жазбаның жалпы бет номері бар (1—10); Риссердің кітабы жөнінде жазылған заметкалардың беттері өз алдына жеке номерленген (1—16). Осыған сәйкес «Империализм» жөніндегі бүкіл еңбегінің жиынтық жоспарында да Ленин «ϑ» дәптерінде жиналған материалдарды пайдалану үшін беттерін көрсете отырып, «ϑ», «ϑR» (яғни «ϑ—Риссер» дәптері) деген шартты белгілер қолданады. — *320.*

32 Ленин «Империализм жөніндегі дәптерлерде» және «Империализм—капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегінде Р. Гильфердингтің «Финанс капиталы» деген кітабына талай рет сілтеме жасайды. Монополистік капитализмнің кейбір жақтарын сипаттау үшін осы кітаптың нақты материалдарын пайдалана отырып, Ленин сонымен қатар империализмнің аса маңызды мәселелері жөніндегі маркстік емес қағидалары мен қорытындылары үшін авторды сынайды. Ленин герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі Гильфердингті кантшыл және каутскийшіл, реформатор және «империалистік буржуазияны үгіттеуші» (осы том, 616-бет) деп сипаттайды. Саясатты экономикадан бөліп алып, Гильфердинг өз кітабында империализм мен финанс капиталына теріс анықтама береді; ол империализм тұсындағы монополиялардың шешуші ролін және империализмнің барлық қайшылықтарының шиеленісуін бүркемелейді, империализмнің дүние жүзін бөлісу және қайта бөлісу жолындағы күресі, капитализмнің паразитизмі мен іріпшіруі сияқты басты белгілерін ескермейді, сөйтіп *«ашық* пацифист және реформист ағымның Гобсонға қарағанда... бір адым кері» шегінеді (Шығармалар толық жинағы, 27-том, 340-бет). Алайда, елеулі қателіктеріне қарамастан, Гильфердингтің кітабы капитализм дамуының ең жаңа сатысын зерттеу ісінде белгілі дәрежеде пайдалы роль атқарды.— *320.*

33 *Кантшылдық* — XVIII ғасырдағы неміс философы Иммануил Канттың көзқарастар системасы, мұны ол өзінің «Таза парасат сыны» (1781), «Практикалық парасат сыны» (1788) және

«Пікір қабілетінің сыны» (1790) деген еңбектерінде дамытқан. «Кант философиясының негізгі белгісі,— деп корсетті Ленин,— материализмді идеализммен табыстыру, бұл екеуін бір-бірімен келістіру, философиядағы қарама-қарсы, әр текті бағыттарды бір системаға біріктіріп ұштастыру» (Шығармалар толық жинағы, 18-том, 220-бет). Кант діни сенім мен білімді, дін мен ғылымды «табыстырмақ» болды. Кантшылдық алуан түрлі оппортунистердің, соның ішінде каутскийшілдердің де сүйікті философиясы болып табылады. К. Маркс пен Ф. Энгельс кантшылдықтың мәнін ашып корсетті; В. И. Ленин озінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде оны жан-жақты сынады (Шығармалар толық жинағы, 18-том, 7—413-беттер).

Неокантшылдық — буржуазиялық философиядағы реакциялық бағыт, ол И. Канттың философиясын қайта жаңғырту деген ұранмен субъективтік идеализмді уағыздайды; XIX ғасырдың ортасында Германияда пайда болды. «Кантқа қарай кейін шегіну керек!» деген ұранмен неокантшылдар диалектикалық және тарихи материализмге қарсы күресті. Энгельс «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры» деген кітабында неокантшылдарды «теориялық реакцияшылдар», «жексұрып эклектиктер және қиқымбақайлар» деп сипаттады. Неокантшылдар ғылыми социализмге «этикалық социализмді» қарама-қарсы қойды. Неокантшылдар «теориясын» Э. Бернштейн бастаған ревизионистер іле котеріп әкетті.

В. И. Ленин неокантшылдықтың реакциялық мәнін ашты және оның буржуазиялық философияның басқа бағыттарымен (махизммен, прагматизммен және т. б.) байланысын корсетіп берді. — *321.*

84 В. И. Ленин К. Маркстің капиталистік ұдайы өндіріс пен дағдарыстар жөніндегі теориясының маңызын ашуда Туган-Барановскийдің сіңірген «еңбегі» туралы айтқан Гильфердингтің пікірлерінің теріс екендігін атап көрсетеді. Шындығында 90-жылдарда «жария марксизмнің» көрнекті өкілі болған бұл буржуазияшыл экономист өз еңбектерінде ұдайы өндіріс пен дағдарыстардың маркстік теориясын бұрмалап, теріске шығармақ болды. Капитализмнің негізгі қайшылығын және осыдан келіп туатын өндірісті үнемі ұлғайтуға ұмтылушылық пен халық бұқарасының пролетарлық жағдайы салдарынан тұтынудың шектеулі мүмкіндіктері арасында болып отыратын қайшылықты теріске шығарып, Туган-Барановский халық бұқарасының тұтынуы мен тұрмыс дәрежесіне қарамастан, өндірістің шексіз қор жинап, кедергісіз дамуы капитализм жағдайында мүмкін болады-мыс деп пайымдады. Осындай апологеттік теорияны буржуазияшыл экономистер қазіргі уақытта да таратып жүр. Капиталистік өмір шындығы осы тұрпайы ілімдерді теріске шығарып, капиталистік қор жинау мен дағдарыстар жөніндегі маркстік теорияның дұрыстығын бүтіндей дәлелдеп отыр. —*323.*

85 *АЭГ («Альгемейне электрицитетс гезельшафт»)* («Жалпы электр қоғамы)—герман электр-техникалық өнеркәсібінің аса

ірі тресі; 1883 жылы құрылған. АЭГ германның ірі банктерімен, Болат тресімен, Маннесманның труба концернімен, Круппың концернімен және басқа бірқатар монополиялармен жеке одақ арқылы байланысты еді; Сименстің герман тресімен бірге АЭГ Германияның электр-техникалық өнеркәсібінде монополиялық үстемдік жүргізді; екінші дүние жүзілік соғыс басталарда 34 елде қыз қоғамдары мен өкілдіктері болды.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Герман демократиялық республикасының территориясындағы АЭГ кәсіпорындары национализацияланды, Германия федерациялық республикасының территориясындағы концерн өзінің бұрынғы иелерінің қолында толық сақталып қалды.

ДЭК («Дженерал электрик компани») («Жалпы электр компаниясы»)—Америка Құрама Штаттарының аса ірі электр-техникалық тресі, капиталистік дүниедегі өте қуатты монополиялардың бірі; Морган финанс тобы бақылайды; 1892 ж. құрылған. 1960 жылы елдегі ауыр электр жабдығының 50 проценттен астамын шығарды; атом қаруын, реактивтік двигательдер, әскери кемелер мен самолеттерге арналған электрон және әскери жабдықтар мен турбиналар өндіруде көрнекті орын алады. «Дженерал электриктің» 200-ге жуық заводы бар, бұларда 250 мың жұмысшы мен қызметші істейді; электр жабдықтары жөніндегі американ картелін басқарады; капиталистік елдердің көпшілігінде қыз кәсіпорындары мен өнім өткізу конторлары бар.

АЭГ пен ДЭК арасында дүниені бөлісу туралы 1907 жылы жасалған шарт 1922 жылы жаңғыртылды. АЭГ акцияларының 30 процентке жуығын иемденген ДЭК оның аса ірі акционері болды. Герман империализмін қайта қаруландыруға көмектесе отырып, американ капиталы АЭГ-ті кеңінен қаржыландырып келді. 1960 жылы АЭГ акционерлік капиталының 30 процентке жуығы «Дженерал электриктікі» болатын. — *326.*

86 А. Тиссеннің 1871 жылы құрылған болат прокаттау компаниясы бірінші дүние жүзілік соғыстың қарсаңында Европадағы аса ірі кен-металлургия комбинатына айналған-ды; оған домна пештері, болат құю және прокат заводтары, темір рудниктері мен тас көмір шахталары, машина жасау заводтары, транспорт және сауда кәсіпорындары, әскери заводтар кіретін. 1926 жылы Германияның аса ірі әскери-өнеркәсіп комбинаты және өте-мөте қуатты монополияларының бірі—Болат тресін құруда Тиссендер жетекші роль атқарды; Германияда фашистік диктатура орнатуға белсене көмектесті. Тиссеннің Болат тресі фашистік Германияның бірқатар өнеркәсіп және банк монополияларымен, сондай-ақ халықаралық монополистік капиталмен тығыз байланысты болды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Болат тресі «Тиссен» және «Рейншталь» болып екі үлкен концернге бөлінді. Батыс Германияда шойын мен болат өндіруде «Тиссен» металлургия концерні жетекші орын алады.

Гуго Стиннес 1893 жылы кен өнеркәсіп орнын құрған болатын, бұл кәсіпорын бірінші дүние жүзілік соғыстан кейін өнеркәсіптің түрлі салаларындағы 1500-ден астам кәсіпорынды қам-

тыған ірі монополистік бірлестік болып өсті. Стиннес қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай (1924) ол құрған концерн банкрот болған-ды, алайда Стиннестің мұрагерлері американ банктерінің көмегімен монополияны жойылудан аман алып қалды. Стиннестің концернінен бөлініп шыққан «Рейн-Эльне унион» металлургия комбинаты Болат тресінің негізгі бөліктерінің біріне айналды. Стиннестің концернінде қалған кәсіпорындарды бақылау тізгіні Америка Құрама Штаттарында құрылған «Гуго Стиннес корпорейшн» компаниясының қолына көшті, ал бұған Стиннестің мұрагерлері және концернге көп кредит берген американ банкирлері қатысады.— *333.*

[37] Гобсон кітабының кейбір жерлерін көшіріп алып, баяндап жазған Н. К. Крупская болатын. Көшірмелердің текстерін қайта қараған кезде Ленин оның кей жерлерінің астын сызып, ескертпелер жазып, беттің шетіне белгілер соғып отырған. Дәптердің беттеріндегі номер сандарын Ленин қойған. Ленин астын сызып көрсеткен сөздер мынадай шрифтер арқылы көрсетілген: жалғыз сызықпен сызылғаны *курсивпен,* қос сызықпен сызылғаны *с е л д і р к у р с и в п е н;* үш сызықпен сызылғаны ***майда қара курсивпен*** терілген; жалғыз ирек сызықпен сызылған сөз КАПИТЕЛЬМЕН, екі ирек сызықпен сызылғаны С Е Л Д І Р К А П И Т Е Л Ь М Е Н терілген. Лениннің барлық қосымшалары **қара корпуспен** терілген, ал қосымшалары бар асты сызылған сөздер болса, олардың бір сызықпен сызылғаны ***қара курсивпен,*** екі сызықпен сызылғаны ***с е л д і р қ а р а к у р с и в п е н*** терілген.

Ленин өзінің «Империализм—капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегіне арнаған алғы сөзінде Дж. А. Гобсонның кітабын еңбектің ден қоярлық маңыздылығына орай байыптылықпен пайдаланғанын айтады. Джон Аткинсон Гобсон (1858—1940)—ағылшынның белгілі экономисі, өзінің көзқарасы жағынан буржуазияшыл реформист және пацифист. Гобсон жазған өте-мөте белгілі кітаптардың ішінде «Жарлылық проблемалары», «Қазіргі капитализмнің дамуы» және «Империализм» барды; Ленин «Империализм» деген кітапты империализм туралы ағылшынша жазылған ең басты еңбек деп атап, оны империализмді ұсақ буржуазиялық тұрғыдан сипаудың айтулы үлгісі деп есептеді. Ленин Гобсонның бұл еңбегі «империализмнің негізгі экономикалық және саяси ерекшеліктерін өте жақсы, өте толық суреттеп берген» (Шығармалар толық жинағы, 27-том, 342-бет) деп атап көрсетті. «Империализм жөніндегі дәптерлерде» Ленин былай деп жазады: Гобсонның империализм туралы кітабы «жалпы алғанда пайдалы, ал оның өте-мөте пайдалы жері—каутскийшілдіктің бұл мәселедегі негізгі жалғандығын әшкерелеуге көмектеседі» (осы том, 93-бет). Гобсон кітабындағы нақты мол материалды пайдалана отырып, Ленин мұнымен бірге оның реформистік қорытындыларын және империализмді жымысқылап қорғамақ болған әрекеттерін сынайды. — *395.*

38 *Этикалық социализм*—неміс неокантшылдарының—Г. Когеннің, П. Наторптың, Э. Кассирердің және басқалардың идеалистік ілімі, мұның өзі «ревизионизмнің атасы» Э. Бернштейннің, сондай-ақ Германияның оңшыл герман социал-демократтарының философиялық лидері К. Форлендердің көзқарастарындағы басты догмалардың бірі болып алды. Этикалық социализм қоғам дамуының объективті заңдары мен социализмнің объективті қажеттігін теріске шығарады, социалистік құрылысты адамгершілік мұраты деп, бұл мұратқа еңбекшілер мен қанаушыларды тек қана моральдық жағынан қайта тәрбиелеу арқылы алыстағы болашаққа тап күресінсіз-ақ және пролетариаттың диктатурасынсыз-ақ жетуге болады деп жариялайды. Қазіргі жағдайда этикалық социализмнің идеологиясын капиталистік елдерде оңшыл социалистер бұқараны революциялық күрестен бұрып әкету үшін кеңінен пайдалануда. — *412.*

39 Бұл арада ағылшын-бур соғысы (1899 жылғы октябрь—1902 жылғы май), Англияның Оңтүстік Африка республикаларына—Трансвааль мен Оранжеваяға қарсы жүргізген отаршылдық, басқыншылық соғысы айтылып отыр; бұл соғыстың нәтижесінде аталған республикалар дербестігінен айрылып, Великобританияның отарларына айналған болатын. — *413.*

40 Ленин қолжазбасының осы тұсына: «жоғарыдағы, осы дәптердің 7-бетіндегі қосымшаны қараңыз» деген белгі жасапты. Дәптердің 7-бетінің жоғарғы жағына Ленин:

«(осы дәптердің 41-бетін қараңыз)» деп жазған. Лениннің осы көрсетуі бойынша дәптердің 7-бетіндегі көшірме томға дәптердің бет номерлерінің ретімен емес, Гобсонның кітабынан жасалған көшірмелердің қалыпты ретімен енгізілген.— *423.*

41 Самбаның кітабынан алынған көшірмелерді Н. К. Крупская жасаған; соғылған белгілер, енгізілген қосымшалар (қара әріппен терілген сөздерді қараңыз), текстте асты сызылған цитаттар (асты бір сызықпен сызылғанда курсивпен, екі сызықпен сызылғанда селдір курсивпен терілген сөздерді қараңыз) және беттердің номерлері В. И. Лениндікі. — *430.*

42 *Шульце-Геверництің кітабынан алынған цитаттардың тізімін* Ленин осы кітапты оқыған кезде кейін тиісті көшірмелер жазып алу үшін жасаған (қараңыз: төменде, осы томның 440—456-беттері). Алғашқы 11 беттегі цитаттарды Ленин өзі көрсеткен тәртіппен дәптерге көшіріп алған. Дәптердің бұдан кейінгі жерлерінде тізімде көрсетілмеген (қолжазбаның бір бөлегі жоғалған болу керек), 229—375-беттерден алынған толып жатқан цитаттар жазылған. Тізімнің соңғы жағы, 401-беттен бастап, Лениннің дәптердегі жазбасына дәлме-дәл келеді. — *439.*

43 *Гласис*—әскери термин—бекіністің сыртқы орнының алдынан жасалған құлама жар, дуал, үйінді топырақ. — *439.*

44 *Фольксраад*— бур парламенті. — *448.*

45 *Ранд* (толық аты Витватерсранд) — Оңтүстік Африка Одағының Трансвааль провинциясындағы ең ірі алтын өнеркәсібі ауданы. Бүкіл капиталистік дүниедегі алтынның $^1/_3$ бөлігінен астамы осы ауданда өндіріледі. — *449.*

46 1911 жылы шығарылған көмір туралы деректерді В. И. Ленин «Statistisches Jahrbuch für das Deutsche Reich»-тегі («Герман империясының статистикалық әржылдығы») «Халықаралық шолулардан», 19-кесте, алған, 1915, 33-бет.* — *461.*

47 Шай мен спирт тұтыну жөніндегі деректер Австралазияға жатады. — *469.*

48 «Империализм—капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегінің французша және немісше басылуына арналған алғы сөзінде Ленин монополистік капитализмді сипаттау үшін бүкіл дүние жүзіндегі темір жолдар туралы деректердің зор маңызы бар екендігін ерекше атап көрсетеді: «Темір жолдар торабының бөлінісі, ол бөліністің бірдей болмауы, темір жолдардың әркелкі дамуы—қазіргі, бүкіл дүние жүзі көлеміндегі монополистік капитализмнің қорытындылары» (Шығармалар толық жинағы, 27-том, 336-бет). Осы томның 480—486, 488—491-беттерінде келтірілген темір жолдар статистикасының материалдары 1890 және 1913 жылдардың ішінде түрлі елдерде (аса ірі державаларда, дербес және жартылай дербес мемлекеттерде, отарларда) темір жолдар жүйесінің дамуы туралы орасан көп мәліметтерді Лениннің алуан түрлі деректемелерден қалай жинап, өңдегендігін көрсетеді. Осы деректерді темір мен көмір өндірісінің өсуімен салыстыра отырып, Ленин түрлі елдердің өндіргіш күштерінің дамуы мен темір жолдар салуының арасында пропорциялылық жоқтығын (отарларға монополия болуы зардабынан) ашып көрсетеді. Темір жолдар статистикасын зерттеудің қысқаша екі кестеде жинақталған қорытындыларын Ленин «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабының VII тарауында қарастырады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 431—434-беттер). — *480.*

49 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 335—360-беттер. — *495.*

50 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 21-том, 232-бет. — *499.*

51 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 550-бет. — *499.*

52 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 385—387-беттер, — *500.*

53 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 457—474-беттер. — *500.*

54 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 503—509-беттер. — *500.*

[55] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 540-бет. — *502.*

[56] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 388—401-беттер. — *502.*

[57] Бұл арада және бұдан әрі «Hamburger Echo» («Гамбург Жаңғырығы») — күнделікті газет — Герман социал-демократиялық партиясы Гамбург ұйымының органы айтылып отыр; 1875 жылы «Hamburg—Altonaer Volksblatt» («Гамбург-Альтон Халық Листогы») болып ұйымдастырылған, 1887 жылдан бастап осы кезге дейін «Hamburger Echo» деген атпен шығып келеді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позицияда болды. 1933 жылы мартта Гитлер үкіметі газетті жауып тастады. 1946 жылы апрельде қайтадан шыға бастады.— *503.*

[58] Бельгия королі II Леопольд (1835—1909) әр алуан айла-шарғы, зорлық-зомбылық және параға сатып алу арқылы 1879—1884 жылдары Конго өзенінің маңында ұлан-байтақ территорияны басып алды. 1884—1885 жылдардағы Берлин конференциясы басып алынған территорияның «Конго ерікті мемлекеті» деген атпен II Леопольдтің жеке меншігіне айналуын баянды етті. Елді жаулап алу африкалық тайпаларды қатаң жазалаумен қат-қабат жүргізіліп, оларға адам айтқысыз қайғы-қасірет келтірді. 1908 жылы II Леопольд оз басы мол пайдаға кенеліп, Конго жөніндегі правосын Бельгияға «қиып берді», сойтіп бұл ел Бельгияның отарына айналды. Капиталистік монополиялар—бельгиялық, ағылшын, француз монополиялары және басқалар елді емін-еркін билеп-төстеді. Конгоның аяусыз капиталистік қанауға ұшыраған халық бұқарасы империалистерге қарсы талай рет бас көтерді, бірақ отаршылдар бұларды қатаң жаныштап отырды. Ұлт-азаттық қозғалысының қысымымен 1960 жылы 30 июньде Конгоның тәуелсіздігі жарияланды. — *522.*

[59] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 518-бет.—*568.*

[60] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 151—156-беттер; цитат 152-бетте. — *578.*

[61] *II Интернационалдың Штутгарт конгресінің* (1907 жылғы август) В. И. Лениннің қатысуымен әзірленген «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» деген қарарында милитаризм— таптық езгінің басты құралы деп көрсетілген, социал-демократияның міндеті тек соғыстың туып кетуіне қарсы немесе қазірдің өзінде басталып отырған соғыстарды жедел тоқтату жолында ғана күресіп қою емес, сонымен бірге соғыс тудырып отырған дағдарысты буржуазияны құлатуды тездету үшін пайдалану деп атап айтылған. В. И. Лениннің «Штутгарттағы ха-

лықаралық социалистік конгресс» деген мақалаларын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 72—79 және 82—94-беттер). — *580.*

62 *«Германияның интернационалшыл социалистері»* («Internationale Sozialisten Deutschlands», I. S. D.) — дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында «Lichtstrahlen» («Жарық Сәулесі») журналының төңірегіне біріккен герман солшыл социал-демократтарының тобы; журнал 1913 жылдан 1921 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Топтың бұқарамен кең байланысы болған жоқ, сондықтан көп ұзамай тарап кетті.

«Интернационал» тобы — герман солшыл социал-демократтарының революциялық ұйымы; дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде К. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Ю. Мархлевский, Л. Иогихес (Тышка), З. Пик құрған. 1915 жылы апрельде Р. Люксембург пен Ф. Меринг «Die Internationale» журналын ұйымдастырды, Германияның солшыл социал-демократтарының негізгі тобы осы журналдың төңірегіне топтасты. 1916 жылы 1 январьда Берлинде солшыл социал-демократтардың жалпы германдық конференциясы болды, мұнда бұл топ ұйымдық жағынан қалыптасып, өзін «Интернационал» тобы деп атау жөнінде шешім қабылдады. 1916 жылдан бастап «Интернационал» тобы, 1915 жылы шығарылған саяси листовкалардан өзге, «Спартак» деп қол қойып, құпия «Саяси хаттар» басып шығарып, таратып отырды (жүйелі түрде 1918 жылғы октябрьге дейін шығып тұрды); осыған байланысты «Интернационал» тобы «Спартак» тобы деп те аталатын болды.

Спартакшылдар бұқара арасында революциялық насихат жүргізді, соғысқа қарсы бұқаралық бой көрсетулер ұйымдастырды, стачкаларға басшылық етті, дүние жүзілік соғыстың империалистік сипатын және социал-демократияның оппортунист лидерлерінің сатқындығын әшкереледі. Алайда спартакшылдар теория мен саясат мәселелерінде елеулі қателіктер жіберіп отырды.

1917 жылы апрельде спартакшылдар Германияның центристік Тәуелсіз социал-демократиялық партиясына кірді, бірақ мұнда өзінің ұйымдық дербестігін сақтап қалды. 1918 жылы ноябрьде Германиядағы революцияның барысында спартакшылдар «тәуелсізшілдерден» қол үзіп, «Спартак одағы» болып қалыптасты да, 1918 жылы 14 декабрьде өзінің программасын жариялады. Құрылтай съезінде (1918 жылғы 30 декабрь—1919 жылғы 1 январь) спартакшылдар Германия Коммунистік партиясын құрды. В. И. Ленин неміс солшыл социал-демократтарының қателіктерін талай рет сынға алды, олардың позициясындағы дәйексіздікті көрсетіп отырды. Сонымен қатар Ленин олардың революциялық қызметін жоғары бағалады. — *586.*

63 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 386—400-беттер; цитат 398-бетте. — *591.*

64 Ленин бұл көшірмені К. Каутскийдің «Дін» деген мақаласынан алған; бұл мақала «Die Neue Zeit»-те жарияланған, шыға бастағанына 32-жыл, 1913/1914 жж., I том, № 6, 7. XI. 1913 ж., 182—188-беттер (мақаланың басы) және № 10, 5. XII. 1913 ж., 352—360-беттер (мақаланың соңы). — *593.*

65 Ленин бұл көшірмені М. В. Овингтонның «Құрама Штаттардағы негрлердің жағдайы» деген мақаласы жөніндегі аннотациядан алған, аннотация «Die Neue Zeit»-те басылған, 1914, I том, 382—383-беттер және соның 592-бетінде И. М. Реймондтың «Негрлер мәселесі» деген мақаласы жөнінде басылған аннотациядан алған. — *593.*

66 *«Дүние жүзінің индустриялық жұмысшылары»* («I. W. W.», «Дүние жүзінің өнеркәсіп жұмысшылары»)—Америка Құрама Штаттары жұмысшыларының кәсіподақ ұйымы, 1905 жылы құрылған; негізінен әр алуан кәсіппен айналысатын мамандығы жоқ және төмен ақы төленетін жұмысшыларды біріктірді. Оны құруға американ жұмысшы қозғалысының қайраткерлері Д. де-Леон, Ю. Дебс және В. Хейвуд белсене ат салысты. «Дүние жүзінің индустриялық жұмысшылары» бірқатар бұқаралық стачкаларды ойдағыдай өткізді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында осы ұйымның қатысуымен американ жұмысшы табының соғысқа қарсы бірқатар бой көрсетулері өткізілді. «Дүние жүзінің индустриялық жұмысшыларының» кейбір басшылары—В. Хейвуд және басқалар Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап, Америка Құрама Штаттарының Коммунистік партиясына кірді. Сонымен қатар ұйымның қызметінде анархистік-синдикалистік белгілер де көрінді: ол пролетариаттың саяси күресін мойындамады, революцияшыл жұмысшы партиясының жетекшілік ролін, пролетариат диктатурасының қажеттігін теріске шығарды. Басшыларының оппортунистік саясаты салдарынан «Дүние жүзінің индустриялық жұмысшылары» сектанттық ұйымға айналып, көп ұзамай жұмысшы қозғалысында ықпалын жоғалтты.

Америка социалистік партиясы 1901 жылы июльде Индианополистегі съезде Америка Құрама Штаттары Социалистік жұмысшы партиясы мен Социал-демократиялық партиясынан бөлініп шыққан топтардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Америка Құрама Штаттары жұмысшы қозғалысының белгілі қайраткері Юджин Дебс Социал-демократиялық партияны ұйымдастырушылардың бірі болған еді, ол жаңа партияның негізін қалаушылардың да ішінде болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Социалистік партияда үш ағым қалыптасты, олар мыналар: социал-шовинистер—бұлар үкіметтің империалистік саясатын қолдады; центристер—бұлар империалистік соғысқа тек сөз жүзінде қарсы болды; революцияшыл азшылық—бұлар интернационалистік позицияда болды және соғысқа қарсы күресті.

Социалистік партияның Чарлз Рутенберг, Уильям Фостер, В. Хейвуд және басқалар бастаған сол қанаты пролетарлық

элементтерге сүйене отырып, партияның оппортунистік басшылығына қарсы, пролетариаттың дербес саяси әрекет жасауы жолында, таптық күрес принциптеріне негізделген өндірістік кәсіподақтар құру жолында күрес жүргізді. 1919 жылы Социалистік партия жікке бөлінді. Социалистік партиядан бөлініп шыққан сол қанат Америка Құрама Штаттары Коммунистік партиясын құрудың инициаторы және оның негізгі ұйтқысы болды.

Қазіргі уақытта Социалистік партия сан жағынан аз ғана сектанттық ұйым болып табылады. — *593.*

[67] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 296—301 және 302—305-беттер. — *593.*

[68] *Америка Социалистік жұмысшы партиясы* 1876 жылы Филадельфиядағы бірігу съезінде I Интернационалдың американ секциялары мен басқа социалистік ұйымдардың қосылуы нәтижесінде құрылды. Съезд Маркс пен Энгельстің серігі Ф.-А. Зоргенің басшылық етіп, қатысуымен өтті. Партияның басым көпшілігі Американың жергілікті жұмысшыларымен байланысы нашар иммигранттар еді. Алғашқы жылдары партияда лассальшылдар басшылық жағдайда болды, олар сектанттық-догмашылдық қателіктер жіберді. Маркс пен Энгельс американ социалистерінің сектанттық тактикасын қатты сынады. 90-жылдарға қарай Социалистік жұмысшы партиясының басшылығына Д. де-Леон бастаған сол қанат келді, алайда бұл топ анархистік-синдикалистік қателіктер жіберді. Социалистік жұмысшы партиясы жұмысшы табының ішінара талаптары жолында күресуден, реформистік кәсіподақтарда жұмыс істеуден бас тартты, сөйтіп бұқаралық жұмысшы қозғалысындағы онсыз да нашар байланыстарынан барған сайын айрыла берді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Социалистік жұмысшы партиясы интернационализмге қарай икемделді. Ұлы Октябрь социалистік революциясының ықпалымен партияның неғұрлым революцияшыл бөлегі Америка Коммунистік партиясын құруға белсене қатысты. Қазіргі уақытта Социалистік жұмысшы партиясы сан жағынан аз ғана ұйым, оның Америка Құрама Штаттарының жұмысшы қозғалысына ықпалы жоқ.

Американ еңбек федерациясы (АЕФ) — Америка Құрама Штаттарындағы кәсіподақ бірлестігі, 1881 жылы құрылған. Цехтық принцип бойынша құрылған Американ еңбек федерациясы көбінесе «жұмысшы аристократиясын» біріктірді. Американ еңбек федерациясының ресми органы—1894 жылдан бастап Вашингтонда шығып тұратын «American Federationist» («Америкен Федерейшенист») журналы. Американ еңбек федерациясының реформистік басшылығы «таптық ынтымақты» уағыздап, капиталистік тәртіптерді қорғауды негізге алады, халықаралық жұмысшы қозғалысын жікке бөлу саясатын жүргізіп, американ империализмінің агрессиялық сыртқы саясатын белсене қолдауда. 1955 жылы Американ еңбек федерациясы басқа бір кәсіподақ бірлестігімен—Өндірістік кәсіподақтар конгресімен бірікті. Жаңа бірлестік Американ еңбек федерация-

сы — Өндірістік кәсіподақтар конгресі (АЕФ—ӨКК) деп аталады. — *595.*

69 Бұл мақала «омикрон» дәптеріне 1916 жылғы 10 июльдегі «Leipziger Volkszeitung» газетінен алынған қиынды түрінде жапсырылыпты; мақаланың авторы көрсетілмегеп. — *603.*

70 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 1—6 және 277—281-беттер. — *605.*

71 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 272-бет. «Марксизм мемлекет туралы» деген дәптер — В. И. Лениннің «Мемлекет және революция» деген кітапқа арнаған дайындық материалдары; 1917 жылы январь—февральда Цюрихте жазылған (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 33-том). «Марксизм мемлекет туралы» деген дәптерге сілтеме, сірә, кейінірек, «Мемлекет және революция» деген кітапты жазу үстінде жасалса керек. — *606.*

72 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 275-бет. — *606.*

73 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 282-бет. — *606.*

74 К. Маркстің «Die Neue Zeit»-ке жіберген хатының жазылған күні қате көрсетілген, дұрысы: 4 февраль, 1871 ж. болуға тиіс (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 276-бет). 1871 ж. 16 январьда жазған хаттан алынған цитатты да содан қараңыз: 275-бет. — *606.*

75 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 438-бет. — *606.*

76 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVI том, 1935, 368-бет. — *606.*

77 Ф. Адлер өзінің «Соғыс мақсаттары» деген мақаласында Пруссия ландтагіндегі социал-демократиялық фракцияның 1916 жылғы 17 январьдағы мәлімдемесін келтіреді. — *615.*

78 Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Троцкий центристік саясат жүргізді, социал-империализмді қолдады. Ленин центризмді оппортунизмнің өте-мөте зиянды және қатерлі түрі, өйткені бүркемеленген оппортунистер «жұмысшы қозғалысы үшін жүз мәртебе зиянды да қатерлі келеді» деп санады. Ленинші-большевиктер центризмге және оның бір түрі—троцкизмге қарсы ымырасыз күрес жүргізді. «Жеңіс те, жеңіліс те болмасын» деген троцкистік ұранның шын мәнін әшкерелей келіп, Ленин: қазіргі соғыста бұл ұранды жақтайтын адам «біліп немесе білмей шовинист болған адам», «пролетарлық саясаттың *жауы*», буржуазияны жақтаушы адам деп көрсетті (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 310-бет). — *617.*

79 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 262—278-беттер.— *619.*

80 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVI том, 1935, 288-бет. — *620.*

81 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVI том, 1935, 292-бет. — *620.*

82 К. Маркстің «Die Neue Zeit»-ке жіберген хатының жазылған күні қате көрсетілген, дұрысы: 4 август, 1874 ж. болуға тиіс (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVI том, 1935, 369-бет). — *620.*

83 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVI том, 1935, 368-бет. — *621.*

84 *«Vorbote»*—журнал, Циммервальд солшылдарының теориялық органы; неміс тілінде Бернде шығып тұрды. Екі номері: 1-номері 1916 жылы январьда, 2-номері апрельде шықты. Журналдың ресми шығарушылары Г. Роланд-Гольст және А. Паннекук болды. Ленин журналды құруға қызу араласты, ал журналдың 1 номері шыққаннан кейін негүрлым көбірек тарату үшін оны француз тіліне аударуды ұйымдастыруға белсене қатысты. Журналда Лениннің «Оппортунизм және II Интернационалдың күйреуі», «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы (Тезистер)» деген мақалалары басылды. — *624.*

85 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 471-бет. — *624.*

86 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 555-бет. — *625.*

87 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қаз. мемл. баспасы, 1958, 443-бет. — *625.*

88 К. Маркстің бұл хаты алғаш рет 1878 жылы Либкнехт кітабының екінші басылуында жарияланды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 381—382-беттер). — *629.*

89 *Грютли-одақ* (Grütli-Verein) — буржуазиялық реформистік ұйым; Швейцарияда 1838 жылы—Швейцария социал-демократиялық партиясы ұйымдастырылғанға дейін құрылған. Грютли-одақ XVI ғасырдағы Габсбургтердің австриялық әулетінің езгісіне қарсы көтеріліс жасаған грютлишілдердің (заговоршылардың) аңызға айналған одағының құрметіне осылай аталған болатын. 1901 жылы Грютли-одақ өзінің ұйымдық дербестігін, баспасөз органы—«Grütlianer» газетін сақтай отырып, Швейцария социал-демократиялық партиясының құрамына кірді де, өзінің буржуазиялық-ұлтшылдық бағыттағы әрекетін жүргізе

берді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) нағыз шовинистік бағыт ұстап, оңшыл социал-шовинистердің тірегі болды. Швейцария социал-демократиялық партиясының Цюрихте болған съезі 1916 жылғы ноябрьде Грютли-одақтың социал-шовинистік іс-әрекеті социал-демократиялық партияда болумен сыйыспайды деп шешім қабылдады.—*632.*

90 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 315—317-беттер; цитат 316-бетте. — *638.*

91 Ф. Энгельстің «По мен Рейн» деген кітабы 1859 ж. Берлинде шықты. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 233—281-беттер. — *639.*

92 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 295—307-беттер; цитаттар 303 және 301-беттерде. — *639.*

93 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 446—490-беттер; цитат 471—472-беттерде. — *639.*

94 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 224—237-беттер. — *640.*

95 В. И. Ленин «II Интернационалдың күйреуі» деген мақаласында Брейлсфордтың «Болат пен алтынның соғысы» деген кітабына баға береді және автор келтірген фактілерді социал-шовинистік теорияларды әшкерелеу үшін пайдаланады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 236—237-беттер). Бұл дәптердегі тексті Н. К. Крупская жазған. (Бұлардың қандай шрифтермен терілгені туралы 37-ескертуді қараңыз.) — *643.*

96 Әңгіме ағылшын капиталының шетелдегі іс-әрекеттеріне берген үкімет келісімі туралы болып отыр. — *658.*

97 Бұл дәптердегі тексті Н. К. Крупская жазған. Кейбір сөздердің астын сызған және тұстарына сызықтар қойып, белгі соққан, 15-бетке дейін номер қойып, мұқабасына жазу жазған В. И. Ленин. (Бұлардың қандай шрифтермен терілгені туралы 37-ескертуді қараңыз.) Силидің кітабынан көшірмелер алына бастаған 15-беттен былай қарай (осы томның 667-беті) В. И. Ленин ешқандай белгі жасамаған. — *661.*

98 К. Маркстің 1851 ж. 11 сентябрьде И. Вейдемейерге жазған хатынан. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 53—54-беттер. — *662.*

99 К. Маркстің 1852 ж. 5 мартта И. Вейдемейерге жазған хатынан. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 68—69-беттер. — *662.*

100 К. Маркстің 1870 ж. 9 апрельде З. Мейер мен А. Фогтке жазған хатынан. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 253—255-беттер. — *665.*

101 В. И. Ленин бұл дәптердің бұдан былайғы беттерін номерлемеген және көшірмелердің текстінде оның қойған белгілері де жоқ. — *667.*

102 В. И. Ленин «Империализм» деп тақырып қойған дәптердегі негізгі тексті Н. К. Крупская жазған. Текст ішінде сөздердің астын сызған, тұстарына белгі қойған, мұқабаға жазу жазған және дәптердің беттерін номерлеген В. И. Ленин. (Бұлардың қандай шрифтермен терілгені туралы 37-ескертуді қараңыз.)— *679.*

103 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 238—239-беттер. — *683.*

104 Эгельгафтың кітабын В. И. Ленин Цюрихтің кантондық кітапханасынан алған. В. И. Лениннің кітап алдыратын екі карточкада жасаған белгілері оның осы кітаппен қай кез шамасында жұмыс істегенін анықтайды. Эгельгафтың кітабын В. И. Ленин 1916 ж. 4 августа сұратыпты; кітапхана «октябрьдің аяқ кезінде» бере аламыз деп жауап қайтарған. В. И. Ленин 4 октябрьде осы кітаптың басқа бір (1908 жылғы) басылымын сұратады, бұған да жоғарыдағыдай жауап алады. Осы кітаппен жұмыс істеген уақытын 1916 жылғы октябрь—ноябрь деп санауға болады.— *692.*

105 *«Пунти»* — Қытайдың оңтүстік провинцияларында тұратын байырғы тұрғындардың қытайша аты. В. И. Ленин көшірмелер алған Гюбнердің кестелерінде қытайлармен қатар «пунти» де айрықша ұлт ретінде бөлек қате көрсетілген.— *722.*

106 *Карафуто* — Сахалиннің оңтүстік бөлігінің жапонша аты. — *722.*

107 Осы дәптерге енген Деморньи мен Егер кітаптарының конспектілерін В. И. Ленин, сірә, 1916 жылдың аяқ кезінде немесе 1917 жылдың бас кезінде, «Империализм— капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегін жазып бітіргеннен кейін жасаған болу керек. — *734.*

108 Осы документ жоспары болған мақала, сірә, жазылмай қалса керек. Жоспар 1912 немесе 1913 жылға жатады, төмендегі документке қоса (қараңыз: осы том, 748—749-беттер) бір парақ қағазға жазылған. — *747.*

109 Август Бебельдің 1886 жылы «Die Neue Zeit» журналында (шыға бастағанына 4-жыл, № 11) басылған «Deutschland, Russland und die orientalische Frage» («Германия, Россия және шығыс мәселесі») деген мақаласын В. И. Ленин, сірә, бундшыл Косовскийдің (М. Я. Левинсонның) рефератына байланысты оқыса керек. Бұл реферат 1914 жылы октябрьдің оны кезінде болған (қараңыз: Лениннің XIV жинағы, 132-бет).—*749.*

110 В. И. Ленин бұл арада мына еңбектерді айтып отыр: G. Paish. «Great Britain's Capital Investments in Individual Colonial and

Foreign Countries» (Дж. Пэйш. «Великобритания капиталының кейбір отарлар мен ботен елдерде орналасуы») деген мақала «Journal of the Royal Statistical Society». Vol. LXXIV, Part 2, I. 1911, Pp. 167—187 («Корольдік Статистикалық Қоғамның Журналында». LXXIV том, 2-бөлім, январь, 1911 ж., 167—187-беттер) (қараңыз: Лениннің XXVII жинағы, 443—447-беттер және осы том, 377—380-беттер) және B. Garms. «Probleme der Weltwirtschaft». Jena, 1912 (Б. Гармс. «Бүкіл дүние жүзілік шаруашылық проблемалары». Иена, 1912) деген кітап. (Қараңыз: Лениннің XXVII жинағы, 203—219-беттер, XXVIII, 391-бет және осы том, 272—279-беттер). — *751.*

111 Е. Филипповичтің «Monopole und Monopolpolitik» («Монополиялар және монополиялық саясат») деген мақаласы Карл Грюнбергтің «Archiv für die Geschichte des Sozialismus und der Arbeiterbewegung» («Социализм мен жұмысшы қозғалысының архиві») деген еңбегінде басылды, VI том, 1916, 157—174-беттер. — *761.*

112 «Газета Роботнича» редакциясы қол қойған «Империализм туралы және ұлттық езгі туралы тезистер» «Vorbote» журналының 2-номерінде жарияланған болатын. Ленин конспектіні осы журналдың тексті бойынша жасаған.

«Газета Роботнича» («Gazeta Robotnicza»—«Жұмысшы Газеті»)—Польша мен Литва социал-демократиясы Варшава комитетінің құпия органы; 1906 жылы майда—октябрьде шығып тұрды; Г. Каменскийдің редакциясымен 14 номері шықты, бұдан кейін басылуы тоқтатылды. Жікке бөлінгеннен кейін 1912 жылы поляк социал-демократиясында екі бірдей Варшава комитеті пайда болып, «Жұмысшы Газеті» деген атпен екі орган шығып тұрды; бірін Варшавадағы Бас басқарманың жақтастары шығарды (июль, 1911—июль, 1913), екіншісін Краковтағы оппозициялық Варшава комитеті шығарды (июль, 1911—февраль, 1916). В. И. Ленин осы газетті айтып отыр.

